ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 364
Нурмуханбетова Г.К., Сулейменова Л.А.
ИНФОРМАТИКАДАН ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 367
Нурсеитова Л.О., Касимова Х.И.
БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА БІРЛЕСКЕН ОҚУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ 374
Онтуганова Ш.Ш., Жапбаров А.
ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ МЕҢГЕРТУ ЖӘНЕ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ 378
Оразбаева Э.Б., Бегалиева Р.Н.
КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ 383
Оразбаева Ұ.
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ 388
Орманова Г.К., Жулбекова З.Б.
«АТОМ ЖӘНЕ АТОМ ЯДРОСЫ» БӨЛІМІН ОҚЫТУДА КЕЗДЕСЕТІН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖИНАҚТАП ШЕШУДЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ 392
Ортаева А.С., Абишева Л.П.
КРИТЕРИИ И ПОКАЗАТЕЛИ ГРАЖДАНСКОЙ АКТИВНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ-ПОДРОСТКОВ 398
Ортаева А.С., Мамбетова А.Т.
ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ПОДРОСТКОВ К ГРАЖДАНСКОЙ АКТИВНОСТИ 402
Павлова Н.Ю., Шертаева Н.Т.
ЗАВИСИМОСТЬ S-ОБРАЗНОЙ И J- ОБРАЗНОЙ КРИВЫХ РОСТА ЗНАНИЙ ОТ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ СЛАБОУСПЕВАЮЩИХ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ХИМИИ 405
Полатұлы С., Атаханова Г.
ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КЕЙС-ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ 410
Раимбекова Г.С., Бекбосунов А. К.
ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕБНО-ТРЕНИРОВОЧНЫХ ЗАНЯТИЙ В ВОДНОЕ ПОЛО ДЛЯ МАЛЬЧИКОВ 10-12 ЛЕТ 416
Рысбекова А. Қ., Сайдуллаева Г.А.
БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАЗАСЫЗДАНУ ДЕҢГЕЙІН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ 420
Рысбекова А. Қ., Абдраим А.Ж.
ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫ ҚЫЗДАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ 424
Сансызбаева А.С.
МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕР ЖЕЛІСІН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 428
Сапарбек Ж.Ж., Шағраева Б.Б.
БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ОНЛАЙН ОҚУ КОНТЕНТТЕРІН ӘЗІРЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ 434
Сапарбекова Г.А.
САМООБРАЗОВАНИЕ КАК ОДНО ИЗ УСЛОВИЙ ГУМАНИТАРИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ 438

Сарыбаева Ә.Х., Расулов Ж.Б.
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ 442

Сотов В.В., Килибаев А.А.
ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ФИЗИЧЕСКИХ КАЧЕСТВ ДЕТЕЙ 10-12 ЛЕТ 447

Сыдықова Ж.І., Ибашова А.Б.
«SCRATCH ОРТАСЫНДА БАҒДАРЛАМАЛАУ» ТАҚЫРЫБЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ 451

Тасова А.Б., Абдикадыр Б.Н.
ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ШЕШУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМЫТУ 456

Таутаева Г.Б., Абилова М.А.
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ 460

Темирбекова Г.А., Стычева О.А.
ТРАНСФОРМАЦИЯ ТАКСОНОМИИ Б.БЛУМА В ПРАКТИКУ ВУЗОВСКОГО ОБУЧЕНИЯ 463

Тілеуова С.С., Балажанова Ж.Б.
АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҒЫЗДЫЛЫҒЫ 467

Тлеужанова Г.К., Баймахан А.С.
БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 471

Уалиханов Н.С., Испандиярова А.М.
ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ДЕНЕ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 477

Уалиханова Б.С., Изтилеуов Н.А.
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ 481

Шектибаев Н.А.
БОЛАШАҚ ФИЗИКА ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫ 484

Юсупов А.Ю., Райымжанова Н.
ПРИОРИТЕТНОСТЬ ГНОСЕОЛОГИЧЕСКОЙ ФУНКЦИИ ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ И УЧЁТ ВОЗРАСТНЫХ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ ПРИ ОБУЧЕНИИ И ВОСПИТАНИИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА 488

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Байымбетова Ж.А., Молдабеков Б.Қ.
СӨЗДЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ 498

Құрбанов А.Г., Асан Н.
КІСІ АТТАРЫНЫҢ ПРЕЦЕДЕНТТІК ЭТНОЛИНГВИСТИКАСЫ 504

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ – НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ– ART SCIENCE

Karazhigitova K.N., Nurmanova Zh.K.
ETERNAL COUNTRY IS THE SUPPORT OF THE COUNTRY OF INDEPENDENCE 507

Құрбанов А.Г., Үкібасова Қ.
ЖАРНАМА ІС-ӘРЕКЕТІ 511

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – БИОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – BIOLOGICAL SCIENCE

Сартаева Х.М., Халикова Г.С.
ТҮРЛІ-ТҮСТІ ҚАРА ШҰБАР ЖЫЛАННЫҢ – COLUBER RAVERGIERI MENETRIES, 1832 БИОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ БИОИНДИКАТОРЫ РЕТІНДЕ МАҢЫЗЫ ТАҚЫРЫБЫН ЗООЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЗЕРТТЕУ 514

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҒЫЛЫМЫ –
НАУКА ОБ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЯХ – IT TECHNOLOGY SCIENCE

Dossybekov S.K., Kambar B.S.
DELIVERY MANAGEMENT SERVICE FOR LOGISTICS COMPANY 519
Мамаев Қ.С., Ондыбаева К.С.
МОНТЕ-КАРЛО ӘДІСІМЕН ЕСЕПТІ ШЕШУДЕ КОМПЬЮТЕРДІ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....524

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ – СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ – INFORMATION ABOUT AUTHORS.....530

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ОҚМПУ 1937 SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы
тарих ғылымдарының кандидаты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры

Исабек Баршагүл Қашқынқызы
тарих ғылымдарының кандидаты
Оқу және оқу әдістемелік істер жөніндегі
проректор

Байғұтова Ақлима Мархабатқызы
филология ғылымдарының кандидаты
Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі
проректор

Бегалиева Рауан Нармаханқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты
Ғылыми-зерттеу жұмыстары және
студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары
жөніндегі бөлімнің басшысы

Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы
филология ғылымдарының кандидаты
Тарих және педагогика факультетінің
деканы

ТАРИХ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Масалиева Жанар Амалбаевна
филология ғылымдарының кандидаты, Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі

Таутаева Гүлдариға Батыршақызы
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі

Әліпбек Ардақ Зәуірбекқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты, Психология кафедрасының меңгерушісі

Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Педагогика кафедрасының меңгерушісі



Сыздықова Ғұлһар Мансұрқызы
философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі

«БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» КАФЕДРАСЫ

6В01301 -
БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ

*****

7М01301 –
БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУ

*****

8D01301 –
БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУ

Байдыбекова Ерке Ізбасарқызы
Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының доценті

МЕРЕЙЛІ
75
ЖАС

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов оқу ордамызда

ҚРБжҒ министрі Б.Жұмағұлов "Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл" мерекелік медалімен марапаттау сәті 2011 жыл

ҚРБжҒ министрі Е.Сағадиев Ы.Алтынсарин төсбелгісін тапсыруда 2017 жыл

Кафедра ұжымы 1988 жыл

«Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының ұжымы

Факультет іс-шараларынан 2020 жыл

Студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесін қорытындылау сәті 1985 жыл

О.Аяшев, Ү.Жарқымбеков, Ұ.Тәжібаева, Е.Байдыбекова студенттермен кездесу 1992 жыл

1978 жылғы мамыр айы. Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою

1985 жылы №7 Қ.Спатаев атындағы орта мектепте
студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесі кезінде

«Тәуелсіздік тірегі – білімді ұрпақ» дөңгелек үстел 2019 жыл

Практикалық сабақтардан көріністер

Мамандық түлектерін марапаттау сәті

Қашанда құрметке ие

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЖОЛЫ

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры т.ғ.к., доцент
Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы

Байдыбекова Ерке Ізбасарқызы 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында шаруа отбасында өмірге келген. 1964 жылы Шымкент қаласындағы №7 Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепті алтын медальмен бітірген. 1964-1968 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында Лениндік стипендиямен оқып, білім алған.

Еңбек жолын 1968 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында комсомол комитетінің хатшысы болып бастап, «Жоғары математика» кафедрасының оқытушысы қызметіне де қабылданған.

Институт қабырғасында жұмыс жасай жүріп ең таңдаулы кафедра меңгерушілерінің бірі Цай Алексей Григорьевичтің тәрбиесін көреді. «А.Г.Цай мен жүргізетін әр сабағымды қадағалайтын, кейбір есептерді қалай шештіңіз оны студенттерге қалай түсіндіресіз деп тәптіштеп сұрайтын. Мына есепті түсіндірудің тиімді жолы мынадай деп кеңес беретін. Осының бәрі менің маман ретінде қалыптасуыма игі әсерін тигізді», - деп ұстаздық жолының бастауын кафедрадағы жас мамандарға айтып, есіне түсіреді Ерке Ізбасарқызы.

Жас ұстазға өте білімді, ізденімпаз әрі талап қойғыш ұстаздар: Бектаев Қалдыбай Бектаевич, Мостовой Александр Иванович, Тілеуқабылов Сопбек Есенович, Абенова Малике Абеновна, Нұрбаев Өтелбай Нұрбаевич, Ерімбетов Мырзахмет Исмаилович, Қырғызбаев Жүзбай Қырғызбаевич, Досыбеков Қамбар Досыбекович, Мамаев Лес Исакович тағы да басқалармен бірге жұмыс істеу бақыты бұйырды. Қиналған тұста ұстаздық қамқорлық жасап, әрі қарай қандай әдебиеттер оқу керек, қандай материалдармен жұмыс жасап, білімді қалай толықтыру керектігін үйреткен ұстаздарын осы күндері аса құрметпен есіне алып отырады.

Еңбек жолын әрі қарай 1973 жылы аталмыш институттың «Жоғары математика» кафедрасының аға оқытушысы; 1975-1991 жылдарда "Педагогика және бастауыш кластарда жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі" кафедрасының аға оқытушысы, доценті; 1991-1996 жылдары "Жаратылыстану пәндерін бастауыш сыныптарда оқыту әдістемесі" кафедрасының меңгерушісі болып жалғастырған. 1997 жылдан "Информатика және есептеуіш математика" кафедрасының доценті, 2011 жылдан "Информатика" кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2012-2013 оқу жылында жаңадан "Бастауышта оқыту әдістемесі" кафедрасын құрып, оның меңгерушісі болды, 2015-2016 оқу жылынан аталған кафедраның доценті қызметін атқарады.

Е.І.Байдыбекова 1984 жылы «Оқытудағы дайындық жұмысы және оның оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендірудегі ролі» тақырыбы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға диссертация қорғады. 1988 жылы педагогика және жаратылыстану пәндерінің доценті ғылыми атағы, 2007 жылы А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің профессоры академиялық

атағы берілді.

Ерке Ізбасарқызының барлық ғылыми-әдістемелік еңбектерінің саны – 273. Оның ішінде оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар – 27, ғылыми мақалалар – 57. комитет тізбесіне енгізілген басылымдарда – 63, шет елдердің ғылыми басылымдарында – 24, интернет жарияланым – 17, т.б. жарияланымдары бар.

Негізгілерін атап айтсақ, «Математика», «Жоғары математика» сияқты оқулықтарымен бірге «Информатика», «Информатика. Зертханалық жұмыстар», «Математика негіздері», «Математика негіздерінен практикалық тапсырмалар», «Математика негіздерінен өзіндік жұмыс тапсырмалары» атты оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдары жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізіліп, студенттер пайдалануда.

Ұстаздық жолында дайындаған «Информатика. Зертханалық жұмыстар» атты электронды оқулығына ҚР Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті №12-2/10р-287 хаттамасымен, авторлық құқығын тіркеген (Куәлік №1724, 17.11.2010ж). Сонымен бірге, «Математика негіздері (практикалық жұмыстар)» (ЭЕМ-ге арналған бағдарлама-электрондық оқулық) атымен №1627, 28 мамыр, 2018ж. (ИС 2764) Авторлық куәлікке; «Информатика» (ЭЕМ-ге арналған бағдарлама-электрондық оқулық) атымен №1628, 28 мамыр, 2018ж. (ИС 2765) Авторлық куәлікке; «Математика негіздері (практикалық жұмыстар)» (ғылыми туынды – оқу-әдістемелік құралы) атымен №1912, 15 маусым, 2018ж. (ИС 3130) Авторлық куәлікке ҚР Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті меншік объектілерінің тіркелгенін осы куәліктермен растайды»,- деп шешім шығарған.

«Білім әлемінде» журналының 2013 жылғы №6 санында жариялаған «Концептуальные положения по совершенствованию системы подготовки педагогических кадров» атты мақаласында педагог мамандар даярлаудың жаңа оқу жоспарларын жасауға ұсыныстар берілген.

Қазақстанда және шет елдерде өтетін ғылыми конфереренцияларға қатысып, баяндамалар жасап, зерттеулерінің нәтижесін үзбей жариялап тұрады. Мысалы: «Педагогикалық құзырлықты қалыптастырудың кейбір жолдары» атты мақаласы Астана қаласында Назарбаев интеллектуалды мектебі 2013 жылы 13-15 қарашада өткізген «Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-тәжрибелік конференциясының Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері баяндамалар жинағында жарияланды. Ал «Бастауыш сыныптарда информатиканы оқытудың ерекшеліктері» атты зерттеуі 27.05.2014-05.06.2014 аралығында "Научный прогресс на рубеже тысячелетий-2014" тақырыбында өткен X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының 11 томы Педагогика бөлімінде, Прага Publishing Yjuse "Education and Science"s.r.o. материалдарында жарияланды. «Бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен іздену дағдыларын дамыту» атты зерттеуі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік «International Scientific and Practical Conference '"WOROLD SCIENTIFIC" 5 (21), Vol.3 May 2017 Proceeding of the III International Scientific and Practical Conference "Scientific Issues of the Modernity" (April 27, 2017, Dubai, UAE)» конференциясы материалдарында Біріккен Араб Эмираттарының Дубай қаласында жарияланып, сертификатқа ие болды.

Ұстаз ретінде Ерке Ізбасарқызының ерекшелігі өзі жүргізетін пәндерінің теориялық түсініктерін тереңдету үшін барлық уақытта практикамен ұштастыратындығы. ОҚМПУ қабырғасында қазіргі уақытта қызмет етіп жүрген ғалымдар, Ерке Ізбасарқызының шәкірттері: п.ғ.д., профессор Досымхан Рахымбеков, ф-м. ғ. д, профессор Мықтыбек Жұмабаев, п.ғ.д. Дәнебек Пошаев, п.ғ.к., доцент Шолпан Арзымбетова, п.ғ.к. Гүлдариға Таутаева, ф.ғ.к. Жанар Масалиева т.б. ұстазының осы қасиетін ерекше атап айтады.

Байдыбекова Ерке Ізбасарқызы – жоғары білікті маман, оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмыстарын ұштастыра отырып, аса жауапкершілікпен іске асырады, жас мамандарға тәлімгерлік жасап, кафедра ұжымы ізгілікті көзқараспен нәтижеге бағытталған жұмыс жасауына ықпал етеді.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін Ерке Ізбасарқызы оқу орынымызда, қаламызда, мемлекетімізде күнделікті өмірде болып жатқан жаңалықтарды білімгерлерге мән-мағынасына сәйкес жеткізуді де ерекше сезімталдықпен орындайды. Мысалы, ҚР білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, «Білімді дамыту және зерттеу Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Bilim-o`rkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы бірлесіп: Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арналған жолдауындағы білім саласына байланысты бағыттарын, білім беру ұйымдарының педагогтары мен білім алушылары арасында кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырған «Білім беру ісінің үздік педагогі - 2020» атты республикалық байқауына қатысып, оның жеңімпазы атанды.

Сонымен бірге бүкіл әлемді жайлаған пандемия басталған кезде «Біз бүкіл елмен біргеміз» атты мақала-үндеуін ОҚМПУ сайтында 08.05.2020 жариялады. Өзі қызмет ететін «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасында осындай сын сағаттарда оқу-тәрбие жұмыстары байыппен ұйымдастырылып жатқанына мысалдар келтіріп, ұрпақпен өмір жолы жалғанады, көңілді күндер тусын алдан әлі деген тілекпен мыңдаған ұстаздар өз еңбегін төтенше

жағдайға сәйкес жүргізуді бастап кетті. Университетіміздің профессор - оқытушылар құрамы күн сайын академиялық адалдық қағидаларын сақтап, қолжетімді электрондық ресурстарды пайдаланып, қажетіне байланысты оқыту-оқу контенттерін өздері де дайындап жұмыс жасауда.

Жастарымыз педагог болу – мәртебе деп ұғынса, ол бәсекеге және қоғамның кажеттілігі мен сұранымынан туындайтын проблемаларды шешуге қабілетті, білімді, болашақта еліміздің тірегі бола алатын, бабаларымыз армандағандай ұрпақ тәрбиелеу мақсаттарын орындауға негіз болады деп сенеміз. Шәкірті үшін барлық қиындыққа төзетін жаны жайсаң, жүрегі алтын, алақаны аялы ұстаздар пандемия кезінде де ерен еңбектеріңізбен бүкіл елімізге өнеге бола беріңіздер!-деп жазды сайтта Ерке Ізбасарқызы.

Ерке Ізбасарқызының тер төге еткен еңбектері еленіп, Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумы 1965 жылғы 26 октябрьдегі Указы бойынша Қазақ ССР Жоғары Советінің Грамотасымен, 1980 жылы "Материнство" медалімен, 1987 жылы Қазақ ССР ағарту және жоғары білім беру министірлігінің Құрмет Грамотасымен, 1997 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Грамотасымен, 2011 жылы "Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл" мерекелік медалімен, 2015 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, 2017 жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, 2018 жылы «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институына 80 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталған.

Университет ректорларының алғыс және құтықтау хаттарымен, бағалы сыйлықтарымен де марапатталған. Мысалы, 2018 жылы, «Құрметті Ерке Избасаровна! Наурыз мерекесі құтты болсын! Керемет көңіл күй, шабытты еңбек, рухани байлық тілейміз! Біз Сізбен мақтанамыз! Бірегеміз! Нәтижелі еңбек, мықты денсаулық өмірлік серік болсын!

Құрметпен, ректор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, п.ғ.д., профессор Оңалбай Аяшев.», - деп құтықтаса, 2020 жылы «Құрметті Ерке Избасаровна! Көктем мерекесі – 8 наурыз құтты болсын! Сізге сәттілік, табысты еңбек, керемет көңіл күй тілейміз! Біз Сізбен мақтанамыз!

Ізгі тілекпен басқарма төрайымы – ректор, Гүлжан Сүгірбаева»,–деп жазылған құтықтаулар Ерке Избасаровнаға көрсеткен құрмет болуымен қатар, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіндегі ардагер ұстаздарға деген игі тілектер деп тұжырымдаймыз.

Ерке Ізбасарқызының өмірі мен еңбек жолы 2004 жылы Оңтүстік Қазақстан әкімдігі шығарған «Аяулы, ардақты» жинағына, 2018 жылы «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы шығарған «Аяулы әжелер» кітабына енген.

Ерке Ізбасарқызы 1968 жылы Қамбар Досыбекұлымен отбасын құрған. Жоғары оқу орындарында 53 жыл үздіксіз қызмет жасаған ұлағатты ұстаз, космонавтика саласын зерттеуде елеулі еңбек етіп, 1975 жылы кандидаттық диссертация қорғаған, 1977 жылы доцент ғылыми атағын алған, 1987 жылы ҚР білім беру ісінің үздігі атанған. Қамбар Досыбекұлы бірнеше оқулық пен оқу-әдістемелік құралдарды баспадан шығарған ғалым – ұстаз. Ардақты жар, құрметті әке, қамқор ата Қамбар Досыбекұлы 2005 жылы өмірден озды.

Отбасында 3 ұлы мен 2 қызының, немерелерінің мейірім шуағына бөленген Байдыбекова Ерке Ізбасарқызы шәкірттерін білім тереңінен сусындатып, оларды шын басындағы ғылым күмбезіне жетелеуімен бірге, дана қазақ халқының озық дәстүрлері негізінде тәлім-тәрбие беруді мерей тұтқан Ұстаз, Ана, Ғалым.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGICAL SCIENCE

ӘОК 514.7

АБДРАХМАНОВ Қ.,
физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
E-mail: akurbanhozha@mail.ru
Шымкент, Казахстан

КАРАТАЕВ А.О.
магистр оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Казахстан
E-mail: abai.kaz.93@mail.ru

ЖАЙЫЛМА БЕТТЕРДІҢ МАЙЫСУЫ ТУРАЛЫ

Түйін. Бұл мақалада жайылма беттердің теңдеулерін зерттеу арқылы, олардың майысу шарттары зерттелді. Егерде осы беттердің шекаралық шарттарында олардың шекарасы бір нүкте бойынша бекітілген жағдайда қатты болатыны, яғни майыспайтыны дәлелденеді.

Кілттік сөздер: жайылма беттер; майысу;гомеоморфизм; деформациялар; беттн тендеуи.

Аннотация. В данной статье рассматривается вопросы изгибали развёртывающихся поверхности при определённых условиях. Доказало, что если развертывающиеся поверхности с двух границ прикрепить относительно неподвижной точки Р, то поверхность не будет подвергаться изгибанием, т.е. будет жёсткой относительно этой точки.

Ключевые слова: складные страницы; изгибание; гомеоморфизм; деформации; уравнение поверхности.

Annotation. This article deals with the issues of bending the unfolding surface under certain conditions. It was proved that if the unfolding surfaces from two boundaries are tried on relative to a fixed point P, then the surface will not be subjected to bending, i.e. it will be rigid relative to this point.

Keywords: folding pages; bending; homeomorphism; deformation; surface equation.

Кіріспе.

Жайылма беттер деп біз жазықтыққа гомеоморфты болатын сызықты беттерді айтамыз. Бұл цилиндрлік, конустық және кеңістіктегі сызықтық жанамалар топтамамен болатын беттер. Олар құрылыста және архитектурада кеңінен қолданылады. "Хан шатыры" түріндегі конструкциялар, әр түрлі жаппалар (навестер) т.б.. Сондықтан, жайылма беттердің майысуын зерттеудің практикалық маңызда өте үлкен екенін білеміз. Жайылма беттер деп майысуымен қаттылығын зерттеуде дифференциалдық геометрияның әдістерін қолданамыз.

Беттің ішкі геометриясы ден аталатын дифференциалдық геометрияның бөлімінде, беттің бірінші және екінші квадраттық формаларын қолданып зерттеу арқылы, оның майысқыштық, изометриялық гомеоморфтық және басқа да қасиеттері зерттеледі. Бұл жұмыстың мақсаты жайылма беттердің шекараларына қандай да шарттар қою арқылы олардың әртүрлі дефоромацияларға төзімділігін зерттеу болып табылады.

Жайылма беттің жалпы теңдеуін екі айнымалы векторлық функция ретінде қарастырамыз:

$$\bar{\tau}(u,\vartheta) = \bar{s}(u) + \vartheta\bar{\ell}(u) \qquad (1)$$

Бұдан беттің кез келген М нүктесінің радиус векторы u және ϑ параметрлеріне тәуелді функция болып табылады екен. Мұндағы $\bar{s}(u)$ қандайда бір бағыттаушы жазық сызықтың (шеңбер, эллипс, параболла т.с.с.) бағыттаушы радиус векторы, $\bar{\ell}(u)$ түзудің бағыттаушысы. Енді диффенренциялдық геометриядан қысқаша мәліметтер берейік.

Кеңістіктегі сызықтың Ф және Ф* беттері берілген. Олардың нүктелерінің арасында кез келген сәйкес доғаларының ұзындықтары сақталатындай өз-ара бір мәнді сәйкестік орнатылған болсын. Мұндай сәйкестікті изометриялық сәйкестік деп атаймыз. Сызықтық беттер үшін мұны майысу деп атаймыз. Бұл,мысалы парақты алып, оны цилиндр,параболалық цилиндр, конус түріне деформациялау арқылы келтіру болады. Кез келген бетті майыстыруға болады ең болмағанда локальды облысты. Бір бетті майыстыру арқылы, бірнеше беттердің классын жасауға болады. Мысалы, сфераны майыстыру арқылы жайылма бетке келтіру мүмкін емес.

Беттік майысу барысында негізінен доғаның ұзындығының сақталуы шарты болғандықтан, беттің бірінші квадраттық формасын қарастырсақ жеткілікті. Осыған байланысты кейбір жайылма беттердің майысуға қарсы яғни қатандық мәселелерін қарастырамыз.

Х беті қандайда бір байламды облысқа гомеорфтыболсын, бұл X_ε беттер топтамына енетін болсын ($\varepsilon \geq 0$)

Онда М є Х нүктесі $M_\varepsilon \in X_\varepsilon$ нүктесіне сәйкес келеді Х бетінің векторлық теңдеуі $\bar{x}_{(u,\vartheta)}$ функциясы арқылы берілсе, онда $[\bar{x}_u, \bar{x}_\vartheta]=0$ деп жорамалдаймыз.

Ал X_ε беті үшін $\bar{x}_{(u,\vartheta)}$ деп аламыз.

$\bar{x}_\varepsilon = \bar{x}_{(u,\vartheta)} + \bar{z}_{(u,\vartheta)}$ (2) деп алсақ,

$[\bar{x}_u \bar{z}_u] = 0,\ [x_u z_\vartheta] + [x_\vartheta z_u] = 0,\ [\bar{x}_\vartheta \bar{z}_\vartheta] = 0$ (3)

Теңдеулер жүйесін шешеміз. Бұл жағдайда біз $\bar{y}$ векторлар өрісі табылып

$\bar{Z}_u = [\bar{y},\ \bar{x}_u]$, $\bar{Z}_\vartheta = [\bar{y},\ \overline{x_\vartheta}]$ (4)

Орындалады деп қарастырамыз.

Шексіз аз майыстырулар теориясының негізгі теңдеулерін шығару үшін (4) формуласына сүйенеміз.

(4) Формуладан $\bar{Z}_{u\,\vartheta} = \bar{Z}_{\vartheta\,u}$ болғандықтан

$[\bar{y}_\vartheta\ \bar{x}_u] = [\bar{y}_u\ \bar{x}_\vartheta]$ (5)

Осыдан $\bar{y}_u = \alpha\bar{x}_u + \beta\bar{x}_\vartheta$ $\bar{y}_\vartheta = \lambda\bar{x}_u + \delta\bar{x}_\vartheta$ (6)

$\bar{y}_{u\,\vartheta} = \bar{y}_{\vartheta\,u}$ екенін пайдаланып,

$$\alpha_\vartheta\bar{x}_u + \alpha\bar{x}_{u\vartheta} - \beta_\vartheta\bar{x}_{\vartheta u} = \gamma\bar{x}_u + \gamma\bar{x}_{uu} - \alpha_u x_\vartheta - \alpha\bar{x}_\vartheta$$
$$(\alpha_\vartheta - \gamma_u)x_u + (\alpha_u - \beta_\vartheta)\bar{x}_\vartheta = \gamma\bar{x}_{uu} - 2\alpha\bar{x}_{u\vartheta} + \beta\bar{x}_{\vartheta\vartheta} \quad (7)$$

$\bar{x}_u$мен $\bar{x}_\vartheta$ алдындағы коэффициэнттерін салыстырып Гаусс формулаларын пайдалану арқылы келесідей үш дифференциалдың теңдеулер жүйесіне келеміз

$$\begin{cases} z\gamma - 2M\alpha + N\beta = 0 \\ \alpha_\vartheta - \gamma_u = \Gamma^1_{11}\gamma - \Gamma^1_{12}\alpha + \Gamma^1_{22}\beta \\ \alpha_u - \beta_\vartheta = \Gamma^2_{11} - 2\Gamma^2_{12} + \Gamma^2_{22}\beta \end{cases} \quad (8)$$

Мұндағы α, β, γ, Γ^i_{ij} – Христофель символдары.

Сызықтық беттер үшін векторлық теңдеуі

$\bar{x}_{(u\vartheta)} = s(u) + \vartheta\bar{\ell}(u)$ (1)

Екенін ескерсек $E_{(u,\vartheta)} = 1 + \vartheta^2 \cdot k^2(u)$ $F_{(u,\vartheta)} = 1, G_{(u,\vartheta)} = 1$

$L = k(u)x(u)\vartheta,\ M(u,\vartheta) = 0,\ N(u,\vartheta) = 0.$

$$\Gamma^1_{11}=-\left(\frac{1+k^2\vartheta^2}{\vartheta}-\frac{x(u)}{k(u\vartheta)}\right),\Gamma^2_{11}=\frac{1}{\vartheta}-\frac{x(u)}{k(u,\vartheta)}$$
$$\Gamma^1_{12}=\frac{1}{\vartheta},\Gamma^2_{12}=-\frac{1}{\vartheta},\Gamma^1_{22}=0,\Gamma^2_{22}=0 \quad (9)$$

(8) теңдеулер жүйесіне орнына келесідей теңдеулер жүйесіне келеміз. Жазықтыққа гомеоморф беттер үшін бұралым $x(u,\vartheta) = 0$ және $\gamma(u,\vartheta) =$

$u \in [u_1, u_2]$

$$\begin{cases} \gamma(u,\vartheta) = 0 \\ \frac{\partial\alpha}{\partial\vartheta} = -\frac{1}{\vartheta}\alpha \\ \frac{\partial\alpha}{\partial u} = \frac{\partial\beta}{\partial\vartheta} = \frac{2}{\vartheta}\alpha \end{cases} \quad (10)$$

Осы теңдеулер жүйесін шешеміз, сонда

$$\begin{cases} \alpha(u,\vartheta) = \frac{C_1 u}{\vartheta^2} \\ \beta(u,\vartheta) = \frac{C_1 u}{\vartheta^2} - \frac{C_2 u}{\vartheta} - C_3(u) \\ \gamma(u,\vartheta) = 0 \end{cases} \quad (11)$$

(6) теңдеулер жүйесіне орнына

$$\begin{cases} \frac{\partial \bar{y}}{\partial u} = \frac{C_1(u)}{\vartheta^2}(\bar{\tau} + \bar{\nu} k \vartheta) - \left(\frac{C_1(u)}{\vartheta^2} - \frac{C_2 u}{\vartheta} - C_3(u)\right)\bar{\vartheta} \\ \frac{\partial \bar{y}}{\partial s} = -\frac{C_1(u)}{\vartheta^2}\bar{\tau} \end{cases} \quad (12)$$

Екінші теңдеуден $\bar{y}(u,\vartheta) = \frac{C_1(u)}{\vartheta^2}\bar{\tau} + \bar{\nu}(s)$ (13)

$$\bar{z}(u,\vartheta) = [\dot{\bar{\alpha}}(u), \bar{x}(u,\vartheta)] + \bar{\beta}(s) \quad \text{болады} \quad (14)$$

Мұндағы $\bar{\alpha}(u) = \int_1^2 C_0(\delta)\cdot \bar{z}(\delta)\cdot d\delta + \bar{R}$

$$\bar{\beta}_{(4)} = \int_1^2 \left[-C_0(u)\bar{P}(u) + (C_1(u)\cdot \bar{k}_{(u)}\bar{\gamma}_{(u)}, \bar{z}_{(u)})\right] du + \bar{D} \quad (15)$$

Сонымен біз Φ_t бетінің майысулар өрісі $\bar{z}(u,\vartheta)$ мен айналу өрісі $\bar{y}(u,\vartheta)$ таптық.

Осылардың негізінде келесідей теореманы дәлелдеуге болады.

Теорема: Кеңістіктегі қисықтың жанамаларынан құралған біртегіс сызықты беттің Φ_t тегіс емес облыстары және түзу қырлары жоқ болсын. Ол g_1 және g_2 сызықтары Р нүктесі бойынша бекітілген болса, онда ол бет майыспайтын бет болады, яғни ол қатты болады.

Теореманы дәлелдеу үшін жоғарыдағы (10-13) формулаларды қолданып

$$\begin{cases} \bar{y}(u,\vartheta) = 0 \\ \bar{z}(u,\vartheta) = [\bar{R}, \bar{x}(u,\vartheta)] \end{cases} \quad (16)$$

Осыдан Φ_t бетінің дефермациялау классында беттің қатты бет болатынын көреміз.

Цилиндрлік және конустық беттер үшінде қарастырылған теореманы дәлелдеуге болады, яғни (16) теңдеулер жүйесіне келтіріп, бұл беттердің қарастырылған шарттар орындалғанда, майыспайтын беттер болатынын көрсетуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдрахманов Қ. Исследование жжёсткости некоторых линейчатых поверхностей. //Материалы Международной научной конференции //Вопросы прикладной математики. Шымкент, 2006.
2. Ефимов М.В. Качественные вопросы теории деформации поверхностей. УМН, т. 3 выпуск 2(24), 1948.
3. Милка А.Д. О относительной жёсткости и поверхностей. Укр. геом. сб. 1965.
4. Погорелов А.В. Внешняя геометрия выпуклых поверхностей. М: Наука, 1969.

ӘОЖ 371.134

АДЫЛБЕКОВА Э.Т.,
п.ғ.к., аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
E-mail: adylbekova_elvir@mail.ru

ТЕМІРХАН Б. Ә.
магистрант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
E-mail: bagdaulettemirhan65@gmail.com

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ПӘНДІК ОРТАНЫ ҚОЛДАНУ

Түйін. Мақалада болашақ мұғалімдердің ақпараттық және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары, қашықтан оқытуда ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортаны пайдаланудың ерекшеліктері келтірілген.

Тірек сөздер: қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта, ақпараттық ресурстар, құзыреттілік.

Резюме. В статье рассматриваются пути формирования информационных и профессиональных компетенций будущих учителей, использования информационно-коммуникационной предметной среды в обучении.

Ключевые слова: дистанционное обучение, информационно-коммуникационная предметная среда, информационный ресурс, компетенция.

Summary. The article discusses the ways of forming information and professional competencies of future teachers, using the information and communication subject environment in teaching.

Keywords: distance learning, information and communication subject environment, information resource, competence

Қазіргі кезде білім берудің ашық жүйесін жылдам дамыту қолға алынуда. Ақпараттық білім беру ортасы түрлі оқу орындарының ресурстарын интеграциялау жолымен толық біріктіруге арналған. Ақпараттық білім беру ортасы білім беру жүйесінің ресурстарын интеграциялайды және олардың негізінде оқу орнының орналасқан жеріне тәуелсіз пайдаланушыға қажетті білім беру қызметін өтеу принципін іске асырады. Ашық білім берудегі ақпараттық білім беру ортасы – инструментальды технологиялық орта болып табылады және ол халықаралық стандарттар мен корпоративті келісімдерге сүйенеді. Бұл оқу орындарын, сонымен қатар басқа да ақпараттық және білім беру жүйелерін интеграциялайды.

Дамыған шет елдерде типтік бағдарламалар жиынтығымен жабдықталған және өзара барлық ережелер жүйесімен әрекеттесетін бірыңғай көптеген серверлерден тұратын ашық оқыту жүйелері бар. Мысалы, ресейдің «Виртуалды университеті», ағылшынның «Ашық университеті», т.б. Әдетте бұл жүйелер инструментальды құралдардың және ішкі жүйелердің типтік жиынтығынан құралған білім беру қызметтерінің әртүрлі формаларын іске асыратын оқу орындарының виртуалды өкілділігін құрайды. Түрлі оқу орындарының біртипті ішкі жүйелері біріге отырып, ашық білім берудің ақпараттық білім беру ортасындағы мемлекет көлеміндегі бірыңғай жүйесін құрайды.

Қашықтан оқытуға қатысты мәселелер Д.Киган, Б.Холмберг, Р.Деллинги, Ф.Ведемеер, М.Мур, О.Петерс, Дж.Боат, Дж.Даниел, К.Смит, Е.Ы.Бидайбеков, Г.К.Нургалиева, Т.Балықбаев, Б.Бөрібаев, С.Көбентаева және басқа да ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Бұл еңбектерде қашықтан оқытудың теориялық және іс-тәжірибелік негіздері қарастырылған.

Елімізде қашықтықтан оқыту жүйесін дамыту үшін білім саласын басқару жүйесінің ақпараттық инфроқұрылымын жасау ұсынылған. Ол құрылымның телекоммуникациялық жүйесі республикалық білім беру саласының ақпараттық ғылыми-әдістемелік орталығының, облыстық және аймақтық, қалалық ақпарат орталықтарының ашылуына алып келді. Қашықтан оқыту орталықтарын жоғары оқу орындарында құру жаппай қолға алынған. Интернет ресурстарды Қазақстанның кез келген аймағында қолдануға толық мүмкіндік жасалғандығын ескерсек, кез келген жоғары оқу орындары үшін оны қашықтан оқыту жүйесі моделі ретінде таңдау тиімді. Және де қашықтан оқыту жүйесінің жұмысын ұйымдастыру немесе одан әрі жетілдіру үшін желілік оқыту моделін қолдануға күндізгі, кешкі және қашықтан оқыту түрлерінің әрбір жоғары оқу орындарындағы базалық әдістемелік плат-

формалары да жетерлік.

Қазақстанда білім беру түрлері бірнешеу болғанымен, олардың жасалу құрылымы, принциптері негізінен бір-біріне ұқсас. Бұл бағыттағы жұмыстарды зерттей келе, ақпараттық білім беру ортасының құрылымы мен мазмұнын жобалаудың теориялық принциптерін, оның негізгі компоненттерін Н.И.Пактың, Т.Л.Яковлеваның, Е.В.Ермоловичтің, Э.Д.Пактың және т.б. ғалымдардың еңбектерінен кездестіреміз.

Республикамызда университеттерді білім берудің бірыңғай ақпараттық кеңістігіне қосу мақсатында, білім беру үдерісінде студенттің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, білім сапасын көтеру мақсатында жариялылық, ашық архитектуралық, жүйелілік, үзіліссіздік, пара-парлық, эволюциялық принциптерге негізделген ақпараттық білім беру ортасының қашықтан оқыту моделі құрылып, қалыптасқан жүйеде жұмыс жасайды.

Білім беру модулінің құрылымдық компоненттерінің бірі - нақты пәннің ақпараттық-коммуникациялық ортасы болып табылады. Ақпараттық коммуникациялық пәндік орта ұғымын И.В.Роберт ендірген. Бұл ұғым Т.Степановаңың зерттеу жұмыстарында пәнді параллель оқытудың ақпараттық-коммуникациялық ортасын жобалауда қолданыс тапқан және ол тек оқытудың ашық жүйесіне арналған, ал Э.Т.Адылбековаңың зерттеу жұмыстарында пәнді оқытудың ақпараттық-коммуникациялық ортасын кредиттік жүйеде оқыту жолдары қарастырылған [1].

Ақпараттық-коммуникациялық ортада ашық білім беру жүйесінің кемшілігі ақпараттық ресуртардың мазмұнының шашыраңқылығы болып келуі. Өйткені оқып үйренушіге Интернет ақпараттық ресурсынан алынатын көптеген сайттардың адрестері беріледі және осы бағытта іске асыру үшін оқып үйренушіге үлкен көлемді дайындық қажет. Басқа жағдайда білім беру жүйесінің «ашықтығы» қажет ақпаратты ұзақ уақыт іздеуге, ал ақпараттық бірлескен әрекет – «сұрақ-жауап жүйесіне» алып келеді.

Қазіргі уақытта педагогикалық әдебиеттерде жазылып жүргеніндей, жаңа типті оқытушының негізгі қызметі оқушының өзін басқаруы емес, оның оқу іс-әрекетін басқаруы болып табылады. Ал оқушы мен оқытушының арасындағы байланыс басқару жөнінде емес, негізінен ақпарат алмасу болмақ. Бұл туралы Н.Н.Моисеев басқарылатын емес, бағытталатын даму жөнінде айтады. В.П.Беспалько «оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруды дидактикалық үдерістің қажетті құрамдас бөлігі» деп қарастырады. Бұл кез келген оқу іс-әрекетінің барлық уақытта басқарылатынын көрсетеді. Мұндай басқару оқытушының тікелей басқаруы немесе оқытушының әртүрлі техникалық құралдардың көмегімен жалпыланған басқаруы немесе оқушының өзін-өзі басқаруы мүмкін. Осы бағытта жүргізілген зерттеулер жаппай білім берудің даму тарихында оқытудың жаңа әдістері мен тиімді түрлерін жасау қажеттілігін уағыздайды, ол дамымалы педагогикалық теориялар мен технологиялардың, жаңа білім беру орталарының құрылуымен сипатталады. Аталған мәселе студенттердің өз бетінділік іс-әрекетіне негіздей отырып, оқытудың әдістемелік жүйесін қайта құруды, ақпараттық пәндік оқу орталарын құруды талап етеді. Ақпараттық пәндік оқу орталары: оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу басылымдарын қамтиды. Электрондық оқу басылымдарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының «Ақпараттық технологиялар. Электрондық басылым» туралы мемлекеттік стандартында толық қарастырылған. Стандартта келтірілген талаптарға сүйене отырып, студенттердің өзбетіндік танымдық іс-әрекетіне негізделіп құрылған электрондық оқу басылымы төмендегідей бөлімдерді қамтуы тиіс: теориялық және анықтамалық материалдар; тапсырмалар мен жаттығуларды орындауға нұсқаулар; практикалық және лабораториялық жұмыстардың мазмұны (оқу, зерттеу немесе эксперименттік мақсаттағы танымдық есептерді шығару) және оны орындауға нұсқаулар; білімді бақылау мен бағалауға арналған тапсырмалардан (тест тапсырмалары және жүйеде орындалатын есептер) тұрады.

Ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта – бұл нақты пәндік облыстың ақпараттық ресурстарымен ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың интерактивті құралдары көмегімен, сондай-ақ қолданушылар арасында ақпарат алмасу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялық құралдар мен ақпарат алмасу жүзеге асырылатын іс-әрекеттер орындалатын жағдайлар жиынтығы [2]. Ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортаның жұмыс жасауы, біріншіден, қолданушылардың өзара ақпарат алмасуы және зерттелетін объектілер, үдерістер немесе өзгерістердің экрандағы бейнелерімен жұмыс жасаумен анықталады; екіншіден берілген пәндік облысқа қатысты оның заңдылықтарын оқытуға бағытталған компьютерге кіріктірілген оқыту технологияларын қолдану арқылы жұмыс жасау мүмкіндігімен анықталады. Мұнда ақпарат алмасу барлық қолданушыларға жалпы, нақты заңдылықтармен немесе ақпараттық ресурстарды қолдану, жинақтау, өңдеу, тасымалдау, сақтау және т.б. берілген ережелермен заңдастырылады.

Арнайы жобаланған ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта пәнді оқытуда ақпараттық технологияны тиімді қолдану мәселелерін шешуге жағдай жасайды.

Қазіргі кезде елімізде қашықтан оқытуға байланысты сандық білім беру ресурстарын, электронды оқулықтарды құрастыру және оны тиімді қолдану мәселелерін шешу кеңінен қолға алынуда. Осыған байланысты оқыту барысында кө-

мекші құрал ретінде қолданылатын сандық білім беру ресурстарында, электронды оқулықтарда курстың бағдарламасы, лекция мәтіндері, пән практикумы, бақылау сұрақтары мен тапсырмалары қамтылады және ол білім берудің ақпараттық ортасын құрай отырып серверге орналастырылады. Сонда серверге тиелген электронды оқулықтардан студент қажет материалды алып, өзбетінше дайындалады. Бұл жағдай қашықтан оқыту жүйесіндегі өз бетінше оқуды әдістемелік қамтамасыз ету мәселесін, қашықтан оқытуға байланысты интерактивті режимде жұмыс істеу мүмкіндігін шешетін және оқыту сапасын арттыратын бағыттағы жұмыстардың бірі.

Қоғамның ақпараттандырылуы әртүрлі салаға есептеуіш техника құралдарының, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қарқынды енгізуімен тікелей байланысты. Бұл жағдай педагогтардың алдына ақпараттық қоғамның белсенді мүшесін тәрбиелеу мәселесін бірінші кезекке қояды. Болашақ математика, информатика мұғалімдерін дайындау техниканың, дербес компьютердің және оның бағдарламалық жабдықтарының үнемі жаңалануына сәйкес түрде ұйымдастырылуы тиіс. Бұл жағдай болашақ мұғалімдерді дайындау бағытында оқытылатын пәндердің мазмұндық тұжырымдамаларын, оқыту әдістемесін ұдайы жетілдіру қажеттілігімен анықталады.

Жоғары оқу орындарындағы болашақ математика, информатика мұғалімдері математиканың әдіснамалық базасын құрайтын фундаментальды, қолданбалы және әдістемелік пәндер жиынтығын оқып-үйрене отырып, олардың болашақ маман ретіндегі кәсіби іс-әрекеттеріне қажет компьютерді қолдану біліктілігі мен ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы қамтамасыз етіледі.

Ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортаны қолдану оқытудың іс-әрекеттік жүйесі, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, пәнаралық байланысты жүзеге асыру, жүйелі түрде оқыту үдерістерін толық қамтиды. Өйткені, компьютерлік технологияның дамуына сай, дайын математикалық пакеттер мен есептеу үдерісін автоматтандыратын электронды кестелерді қолдану арқылы оқыту жұмыстарында оқытудың іс-әрекеттік жүйесі, жеке компьютерде жеке тұлғаның жұмыс жасауы, өзіндік тапсырманы орындауы арқылы көрініс табатын жеке тұлғаға бағытталған оқыту, компьютердің бар мүмкіндіктерін қолдану, ақпараттық және математикалық мәдениетті қалыптастыра отырып, информатика және математика пәндерін ұштастыру нәтижесіндегі пәнаралық байланыс жүзеге асып, жүйелі түрде оқыту орын алады.

Сонымен, болашақ математика және болашақ информатика мұғалімдері алдымен, мектеп математикасын жақсы білуі (мазмұнын, әдісін, оқулықтар мен оқу құралдарын және т.б.) және өзі жүргізетін математика, информатика сабақтарын; одан соң, педагогика мен психологияның теорияларымен, математикалық ойлау үдерісін құрудағы психологиялық ерекшеліктерді түсіне отырып, оқыту құралы мен формасын тиімді қолдану, оқыту әдісіндегі дидактикалық сол сияқты психологиялық негіздерін қолдану; өзінің ғылыми-зерттеу потенциалын оқу үдерісінде қолдана алуы; оқушыларды ақпараттық және математикалық мәдениетке, математикалық ойлау тұрғысына тәрбиелеуі; мұғалім кәсібінің жоғары екендігіне үлгі көрсете білуі керек. Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын арттыруда пәнді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қашықтан оқыту әдістемесі жетілдірілгенде, оны қолданып интерактивті түрде оқытудан олардың білім сапасының артатыны, кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы, кәсіби біліктіліктері жоғарылайтыны, оқу-танымдық іс-әрекеттерінің белсендірілетіні, оқыту үдерісінің интенсивтендірілетіні, осылайша кәсіби дайындау үдерісі тиімді ұйымдастырылатыны анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Адылбекова Э.Т. Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдірудегі «Сандық әдістер» пәнін оқытудың дидактикалық негіздері (математика, информатика мамандықтары бойынша): Дис. ... пед.ғыл.канд. Түркістан, 2009. -124 б.

2. Роберт И.В. Информационное взаимодействие в информационно-коммуникационной предметной среде //Информационные и коммуникационные технологии в системе непрерывного образования. Ученые записки института информатизации образования. - М., 2001. - С.3-30.

ӘОЖ 371.134

АДЫЛБЕКОВА Э.Т.,
п.ғ.к., аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
E-mail: adylbekova_elvir@mail.ru

Қанай Б.Н.
магистрант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
E-mail: kanaeva_b@bk.ru

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Мақалада болашақ мұғалімдердің ақпараттық және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары, оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және сандық ресурстарды пайдаланудың ерекшеліктері келтірілген.

Тірек сөздер: оқыту технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, сандық ресурстар, құзыреттілік.

Резюме. В статье рассматриваются пути формирования информационных и профессиональных компетенций будущих учителей, использования информационно-коммуникационных технологий и цифровых ресурсов в обучении.

Ключевые слова: технология обучения, информационно-коммуникационная технология, цифровой ресурс, компетенция.

Summary. The article discusses the ways of forming information and professional competencies of future teachers, the use of information and communication technologies and digital resources in teaching.

Keywords: learning technology, information and communication technology, digital resource, competence.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдерді даярлауда, олардың бойына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, сандық және электрондық ресурстарды оқу үдерісіне пайдаланудағы кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру қажет деген мақсат қойып отыр. Сонымен қатар бүгінгі қоғамдағы мұғалім терең білімді, алдына жоспар қоя алатын, құзыреттілігі қалыптасқан кәсіби маман болған жағдайда ғана бүкіләлемдік білім беру жүйесінің шарттарына сай білім бере алады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – ақпаратты өңдеудің әртүрлі алгоритмдерін, әдістері мен механизмдерін, құрылғыларын сипаттайтын жалпы түсінік.

Сандық білім беру ресурстары – білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компонеттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың Сандық білім беру ресурстары белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1].

Сандық білім беру ресурстары оқу материалдарының сурет, дыбыстық және бейнежазба, виртуальды және графикалық, интербелсенді объектілер түрінде және т.б. ұсынылуын айтуға болады. Оқу үдерісіне қажетті сандық білім беру ресурстары оқу бағдарламасының мазмұнына сай болуы қажет. Оқыту жүйесі дәстүрлі емес, электронды түрде ұсынылады, яғни оқытушының, оқулықтың қызметі электронды нұсқада жүргізіледі. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісіне қолдану мүмкіндіктерін сурет 1 түрінде келтіруге болады.

Сурет 1. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісіне қолдану мүмкіндіктері.

Электронды оқулықтар нақты пәннің мазмұны бойынша оқытудың жан-жақты жүйесін қарастырады, ал сандық білім беру ресурстары мазмұны жаңартылған білім беру контентін жасақтайды.

Сонымен қатар, оқу үдерісінде интерактивті түрде оқытуды, әрбір пәннің мазмұнына сәйкес алынатын мәліметтерді айтуға болады. Мысалы, хроникалық ақпараттар, виртуалдық лабораториялар, анимациялық бейнелер, динамикалық-статистикалық модельдер, аудио-видео жазбалар және т.б. деректемелерді айтамыз.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мазмұнына автоматтандыру жүйесін, робототехниканы, бұлтты технологияларды, мәліметтер қорын, мультимедиялық және қолданбалы бағдарламаларды, сандық ресурстарды, электрондық оқулықтарды және т.б. жатқызуға болады. Бұл саланың жылдам дамуы, қоғамның барлық саласын қамтып, ел экономикасының да дамуына әсерін тигізіп отыр. Әрине бұл прогресс педагогтардың алдына зор талап пен нақты шарттарды қоятыны сөзсіз.

Еліміздің және алыс-жақын шетел ғалымдарының педагогикалық еңбектерін зерттей келе, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін сандық ресурстардың көмегімен білім берудің жаңа үлгісі бойынша оқытудың әдістемелік жүйесін дамытуға септігін тигізетін келесі міндеттерді орындау қажет:

- білім беруде болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен сандық ресурстарды ұтымды қолданып, әлемдік кеңістікте бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету;
- білім ошақтарына білім беру жүйесінің жаңа технологияларын енгізіп, педагогикалық, практикалық маңыздылығын айқындау;
- ғылым мен инновацияны сандық білім беру ресурстарын қолдану арқылы біріктіру;
- болашақ мамандар оқытатын пәндеріне сандық ресурстарды қолданып оқыту жолдарын және педагогикалық мақсатқа сәйкес жүзеге асырылуын зерттеу.

Бұдан шығатын қорытынды, педагогтардың, болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен сандық білім беру ресурстарын қолдану, яғни ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруды үнемі жетілдіріп отыру, олардың әдістемелік дайындығын арттыру, сондай-ақ білім беру мазмұнын жаңарту, оқытуда тиімді жаңаша жоба жасап, оны оқу объектілеріне қолдану, оқушының өздігінен білім алу дағдысын қалыстастыратын, интеллектуальдық әлеуетін дамытатын әдістемелік жүйе құру керек.

Құзыреттілік ұғымына ғалымдар әр түрлі анықтама береді.

Құзыреттілік – белгілі бір мәселені жан-жақты білу және оны ұтымды шешу қабілетінің болуы.

Кәсіби құзыреттілік – адамның кәсібилігінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Кәсіби құзыреттілікке арнайы, әлеуметтік, психологиялық, ақпараттық, коммуникативтік, экологиялық, валеологиялық құзыреттіліктер жатады. Әрбір болашақ мұғалімнің бойында құндылықтар осы аталған құзыреттіліктермен қалыптасуы қажет. Оның негізінде педагог өзін-өзі дамытады, шығармашылықпен айналысып туынды жасайды, дұрыс шешім қабылдап, қз ісіне деген жауапкершілігі нығаяды, алға қойған мақсатқа жетеді. Осылайша болашақ мұғалімнің кәсіби қызметімен ұштасады.

Ақпараттық құзыреттілік - бағдарлай білу, білім, ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу.

Мұғалімнің кәсіби, оның ішінде ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда жаңартылған оқыту үлгісіне сәйкес ақпараттық технологияларды және сандық ресурстарды қолданудың әдістемелік жүйесінің толық жетілдірілмегендігі, теория мен практиканың ақпараттық, бағдарламалық қамтамаға сай еместігі, оқытудағы педагогикалық, психологиялық, әдістемелік құралдардың жеткіліксіз болуы секілді мәселелер туындайды. Сондықтан әрбір мұғалім ақараттық құзыреттілігін қалыптастыру үшін кәсіби дайындығын үнемі жетілдіріп, үздіксіз ізденіп отыруы керек. Сонда ғана құзыреттілік мұғалімнің қызметінен көрініс табады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мұғалімнің жүргізетін пәнінің жаңартылған мазмұнына, оқыту әдістері, формалары мен құралдарына да тікелей байланысты. Сандық ресурстар көмегімен жаңартылған оқыту орталары оқушының білімге деген құштарлығы мен талпынысын, мотивациялық және құндылық қатынастарын ашуына ықпал етеді. Бұл әрекеттер мұғалімнің бойына кәсіби, яғни пәндік, әдістемелік, педагогикалық, психологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды екендігін негіздейді.

Мұғалімнің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігі оқушының оқу әрекетін кәсіби бағыттау, олардың танымдық қызығушылығын адамгершілік пен ізгіліктілік бағытында арттыруымен сипатталады. Сонымен қоса, оқытушының кәсіби құзіреттілігі оқушыларға теориялық білім беру жүйесін және оларды тәжірибелік қызметке даярлауымен сипатталады. Кәсіби құзіреттілік оқытушының пәнді жүргізу даярлығына, оның педагогикалық-психологиялық және ғылыми білімі мен біліктілігіне және осы қасиеттерін сандық білім беру ресурстарында пайдалана білуін қамтамасыз етіп отырады [2].

Бүгінгі таңда сандық білім беру ресурстарын орта мектептердің оқу үдерісіне енгізу кеңінен қарастырылуда. Оның көмегімен оқытуға байланысты мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалытастыру үшін жаңаша оқытуды әлемдік дең-

гейдегі білім беру жүйесіне қолданылатын тәжірибелерді енгізу қажеттілігі туындайды. Оған қол жеткізу үшін нарық сұранысына сай сандық білім беру ресурстарын енгізуге негізделген контенттің жасақтамасын даярлауға білікті мұғалімдермен қатар, отандық сандық білім беру ресурстарын дайындауға және оларды педагогикалық үдерісте пайдалануға педагог-мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру болып отыр.

Сонымен ақпараттық, кәсіби құзіреттілігі қалыптасқан мамандардың мүмкіндіктері келесідей болуы керек деп есептейміз: педагогика ғылыми саласында әлемдік тенденцияларға сәйкес сандық білім беру ресурстарын пайдалану бағыттарын анықтау; сандық білім беру ресурстарын пайдалануды іске асыру жобасы аясында мобильдік құралдар мен техникалық жабдықталуына бейімделу; барлық білім беру мекемелерінде Интернет желісімен жұмыс істей білу; мемлекеттік ұйымдар кепілімен эксперттің бағалауына негізделген сандық білім беру контентін пайдалана білу; оқыту контентінің, сандық білім беру ресурстарды пән ерекшеліктеріне сәйкес толықтыру; оқушылардың жеке, арнайы, ерекше білімдік қажеттіліктерін, контенттің оқу жоспарының вариативті бөліміне жасақталған даярламалары және оқытуға ынталылығы жоғары балалар есебінен қанағаттандыру; Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне арналған ашық білімдік қорлар даярламаларымен қамтамасыз ету.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар,–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

2. Жақыпбекова Г.Т., Алдешов С.Е., Сейсенбек М.Ә. «Цифрлық білім беру қорларын пайдалануға педагог-мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру»// Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Хабаршы» ғылыми журналы, Алматы, 2019ж.

ӘОЖ 371.134

АДЫЛБЕКОВА Э.Т.,
п.ғ.к., аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
E-mail: adylbekova_elvir@mail.ru

МЫРЗАХМЕТОВА Б.Ш.
т.ғ.к., аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
E-mail: turgan98@mail.ru

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақалада қашықтықтан оқыту әдістері мен құралдары, пандемия жағдайында қашықтықтан оқыту технологиясының ерекшеліктері қарастырылған.

Тірек сөздер: қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технология, сандық білім беру ресурстары.

Резюме. В статье рассматриваются методы и средства дистанционного обучения, особенности технология дистанционного обучения в условиях пандемии.

Ключевые слова: дистанционное обучение, информационно-коммуникационная технология, цифровой образовательный ресурс.

Summary. The article discusses methods and means of distance learning, features of distance learning technology in a pandemic.

Keywords: distance learning, information and communication technologies, digital educational resource.

XXI ғасырда, яғни телекоммуникациялық және ақпараттық технологиялар ғасырында дәстүрлі білім беру жүйесі адамзат өмірінің жаңа жағдайларына және уақыт талаптарына сәйкес келмейтіндігі айдан анық. Білім бұл болашаққа апаратын жол. Сондықтан, қазіргі қоғамның алдында біздің планетамыздың халқын өркениеттің жаңа жағдайларындағы өмірге дайындай алатын, өзгеше және ерекше, сонымен қатар жаңа перспективалы білім беру жүйесін құруға бағытталған маңызды міндеттердің бірі тұр.

Қазіргі қоғамда технологиялық парадигманың елеулі өзгерісі байқалуда. Осыған байланысты жиырмасыншы ғасырдың бейнесі мен мәнін анықтаған ақпараттық технологиялар Smart-технологиялармен, Smart-біліммен алмастырылып, Smart-қоғамның қалыптасуы мен дамуына жол ашуда десек те болады. Бір сөзбен айтқанда, ақпараттық қоғамды жаңа ғасырдың білімі мен дағдыларын дамыту есебінен бәсекеге қабілетті білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін креативті қоғам алмастырады. Ол ынтымақтастық, коммуникация, әлеуметтік жауапкершілік, сыни ойлау, проблемаларды жедел және сапалы шешу сынды қасиеттерден тұрады. Сондықтан қашықтықтан оқытуды білім беру жүйесіне жаһандық ауқымда енгізудің өзектілігі уақыт талабы мен бүгінгі күннің шындығына айналды. ЮНЕСКО-ның мәлімдеуі бойынша, XXI ғасырда орта мектеп оқушылары мектепте уақытының тек 30-40%-ын өткізетін болса, 40%-ы қашықтықтан оқытуға ал қалған уақыт өздігінен білім алуға бөлінеді. Демек, қашықтықтан оқытуға деген қызығушылықтардың университеттік, мектептегі және біліктілікті арттыру жүйесінде, яғни үздіксіз білім берудің барлық буындарында артуы айқын екенін байқаймыз.

Қашықтықтан оқытудың теориялық және практикалық мәселелеріне шетелдік, ресейлік және де отандық ғалымдар жұмыстарын арнаған.

Шетелдік ғалымдар Б.Холмберг, Дж.Баата, Д.Кигана, А.Борка, К.Смит, М.Мур, П.Деллинг, Ф.Ведемейер, О.Петер қашықтықтан оқытудың мәні мен ерекшеліктерін анықтаудағы тәжірибе туралы жазса, ал Ресей ғалымдары қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелерін зерттеп жатыр. Олардың қатарына А.М.Бершадский, В.Ф.Гуркин, А.Н.Тихонов, И.В.Роберт, А.В.Хуторской, В.И.Овсянниковтарды жатқызамыз. Қашықтықтан оқыту негізінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әртүрлі аспектілері жөнінде И.М.Ибрагимов, Е.К.Балафанов, Е.У.Жуматаева, В.А.Криваручко, Е.С.Полат, А.В.Хуторской зерттеген.

Қазақстанда қашықтықтан оқыту проблемалары жайлы, сонымен қатар, дидактикалық және әдістемелік мәселелермен қолдану, жаңа ақпараттық технологиялармен қолдану жайлы отандық ғалымдардан К.С.Ахметкаримоав, Д.М. Джусубалиева, В.В.Егоров, Ғ.М.Мұтанов, А.Б.Шакаримова, А.А.Завалко, Т.К.Нұрғалиев, Ж.А.Қараев, Г.Б.Ахметоваларды айтуға болады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, шетелдік, ре-

сейлік және отандық ғалымдар өз жұмыстарында қашықтықтан оқытудың әртүрлі салаларын зерттеп, бұл бағытта үлкен зерттеулер жүргізіліп, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Сонымен қатар, қазіргі таңда біздің мемлекетімізде бүкіл әлемде қашықтықтан оқытуды дамытудың түрлі тәжірибесін жинақтай алатын және де өзге елдердің қателіктерін саралай отырып, өз дамуында серпініс жасай алатын жағдай қалыптасты десек те болады. Алайда, дәл қазіргі даму сатысында, Қазақстанда қашықтықтан оқытуды уйымдастыру мен оны басқару мәселесі жеткілікті дәрежеде терең зерттелмеген. Осыған байланысты, бүгінгі таңда қашықтықтан оқытуды дамыту мен жетілдіру, оны ұйымдастырудың жаңа жолдарын іздеу өзекті мәселеге айналып отыр.

Қашықтықтан білім беру жүйесін дамытудың негізгі мақсаты – кез келген білім алушыға мектептен, жоғары оқу орнынан кейінгі сапалы білім беру мен алуға мүмкіндік беру, қашықтықтан оқыту жүйесін ұйымдастыру және жетілдіру бойынша ғылыми әдістемелік ұсынымдар даярлау.

Қашықтықтан оқыту – мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей байланыссыз қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін қазіргі таңдағы ақпараттық және телекомуникациалық технологияларды пайдалануға негізделген оқыту процесін ұйымдастыру тәсілі болып табылады. Қашықтықтан оқу тәсілі XX ғасырдың соңғы үштен бірінде ақпараттық революция нәтижесінде пайда болған жаңа технологиялық және ақпараттық мүмкіндіктер арқасында, сонымен қатар «ашық оқыту» идеясы негізінде пайда болды. Қашықтықтан оқыту технологиясын енгізу қажеттіліктері келесідей факторларға байланысты:

- мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс;
- науқас оқушылармен жұмыс;
- оқытушылар мен оқушылардың интерактивті өзара әрекеттестікке қажеттілігі;
- жобалар мен зерттеу жұмыстарын орындау;
- дарынды балалармен жұмыс және т.б.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған көптеген құралдар бар: электронды пошта, әлеуметтік желілер, бейнеконференция жүйелері, гипермәтіндік орта, мамандандырылған бағдарламалық жасақтама, олардың әрқайсысын бөлек немесе басқа құралдармен бірге пайдалануға болады.

Елімізде пандемияға қатысты орын алған жағдайға байланысты, «Қосымша білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінідегі қашықтықтан білім беру технологияларына арналған шаралар ҚР БҒМ 2020 жылғы 08 сәуірдегі №135 бұйрығы» бойынша қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын айқындап кеткен болатын [1].

Бұйрықта сандық білім беру ресурстары, желілік технология, кейс-технология секілді және т.б. терминдер қарастырылып, олардың анықтамалдары берілген [2]:

5-тармақтың 9)-тармақшасында «сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі - СБР) - бұл интербелсенді түрде оқытуды қамтамасыз ететін, оқу пәні және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен өзге де цифрлық оқу материалдары» деген редакцияда жазылса, осы тармақтың 13-14 тармақтары келесі анықтамаларымен толықтырылған:

13) желілік технология - оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивтік өзара іс-қимыл нысандарын, сондай-ақ Интернет желісін пайдалану негізінде оқу процесін әкімшілендіруді қамтитын технология;

14) кейс-технология - қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда оқу-әдістемелік материалдар жиынтығына (кейстерге) және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға жеткізуге негізделген технология.

Сонымен қатар қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру үшін білім беретін ұйымның ақпараттық жүйесі, интернет, сандық білім беру ресурстары және т.б. қамтамасыз ету және тиісті даярлықтан өткен педагогтердің болуы керектігі айтылған. Мұнда педагогтардың міндеттері: электрондық оқу-әдістемелік кешендер мен білімді бақылау құралдарын әзірлеп, студенттерге синхронды және асинхронды кеңестер жүргізіп, оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, оқу-әдістемелік ресурстарды тұрақты түрде жаңартып отыруы және бағалау критерийлеріне сәйкес студенттерді бағалау керектігі және т.б. айтылған. Ал білім алушылардың міндеттері келесі түрде анықталған: педагогтермен байланыста болады; қол жетімді байланыс құралдары арқылы сабақ кестесімен, тақырыптарымен, мазмұнымен танысады; білім беру ұйымы белгілеген қол жетімді байланыс құралдары арқылы тапсырмаларды өз бетінше уақытылы орындайды; орындалған тапсырмаларды педагогке қол жетімді байланыс құралдары арқылы уақытылы жібереді; қол жетімді электрондық ресурстарды пайдаланады.

Интернет желісін білім алушыларды оқу-әдістемелік материалмен қамтамасыз ету үшін де, оқытушы мен оқушы арасындағы интерактивті өзара әрекет үшін де қолдануға негізделген.

Жоғарыда айтылған міндеттер мен талаптарды орындау, ашық және қашықтықтан білім беруде желілік компьютерлік технологияларды қолдану жаңа мүмкіндіктер ашады, солардың ішінде: зерттеу жобаларын бірлесіп ұйымдастыру, ұсынылған оқу-әдістемелік ақпаратқа

қолжетімділікті кеңейту, көмек қажет болғанда жылдам кеңестер ұйымдастыру, шынайы уақыт режимінде виртуалды сабақтарды ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, сөйлеу мәдениеті мен коммуникативті дағдыларды қалыптастыру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның заманауи құралдарын қолдана отырып ашық білім берудегі нақты тиімді инновациялар жаңа білім беру бағдарламаларын, соның ішінде «Жобалар әдісін» қолданудың арқасында қол жеткізіле алады. Оны жүзеге асыру үрдісінде оқытуда оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың мынадай жаңа формалары іске асады:

– топтағы білім алушылардың желілік серіктестермен жұмысы;

– жалпымәдени білімдерді игеру, оқушылардың дүниетанымын олардың телекоммуникациялық арналар бойынша алған ақпараттары негізінде қалыптастыру;

– жаңа ақпараттық технологияларды қолдану;

– білім алушылардың коммуникативті жазбаша сөйлеуін дамыту.

Бұдан басқа, осы тектес педагогикалық технологияларды пайдалану бірнеше педагогтің бірлесе жұмыс атқаруына, жұмыстың оқу және оқудан тыс формаларының бірігуіне, білім алушылардың әлемдік ақпарат ресурстарына жаңадан сапалы жол ашылуымен байланысты білім беру мазмұнының өзгеруіне, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын аспап ретінде барлық оқу пәндерінде қолданылуына септігін тигізеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын кеңінен қолдануға негізделген өз бетімен оқытуды жүзеге асырудың анағұрлым кеңінен таралған амалдарының бірі кешенді кейс-технология болып табылады. Мұндай технологиялар білім алушыларға арнайы формада ұсынылатын баспа және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарын өз бетімен игеруге негізделген. Мұндайда сабақтың күндізгі формаларына елеулі рөл беріледі. Бұл сабақтар бекітілетін дәрістерден, ал бастысы – белсенді семинарлық, тренингтік, ойын формаларынан, сондай-ақ консультативті және бақылау-тексеру формаларынан құралады. Көп жағдайда білім алушылардың топ құрамында арнайы даярланған оқытушы-тьюторлармен белсенді жұмысына басымдық беріледі. Мұндай технологияларды консультациялар, конференциялар өткізу, хат алмасу және оқушыларды электронды кітапханалардан, мәліметтер базасынан және ашық оқу мекемелерінің электронды әкімшілік жүйелерінен алынған оқу және өзге де ақпараттармен қамтамасыз ету үшін компьютерлік желілер мен өзге теңдес ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдары қолданылады. Осы технологияның маңызды жетістігі білім алушылардың анағұрлым жедел басқару мүмкіндігі, оның оқытушымен және топпен қарым-қатынас үрдісінде тәрбиеленуі болып табылады.

Сонымен, қашықтықтан оқыту технологиясын ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде интерактивті түрде оқытудан білім сапасының артатыны, оқу-танымдық іс-әрекеттерінің белсендірілетіні, оқыту үдерісінің интенсивтендірілетіні, оқыту үдерісі тиімді ұйымдастырылатыны, сандық білім беру ресурстарының көмегімен жаңартылған оқыту орталары оқушының білімге деген құштарлығы мен талпынысын, мотивациялық және құндылық қатынастарын ашуына ықпал етеді. Бұл әрекеттер мұғалімнің бойына кәсіби, яғни пәндік, әдістемелік, педагогикалық, психологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды екендігін негіздейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «COVID-19 коронавирустық инфекция кезеңінде қашықтықтан білім беру технологияларына оқу процесін көшіру кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 135 бұйрығы

2. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 141 бұйрығы.

ӘОЖ:37.01

АҚЫНОВА Л.А.,
биология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ӘСІЛХАН Н.Ж.
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТА ОТЫРЫП ДАМЫТУ АСПЕКТІЛЕРІ

Түйін. Мақалада бастауыш сынып оқушыларын оқыту арқылы жан-жақты дамыту жолдары сипатталған. Дамыған оқушы - жинақтаған білім қорын тұжырымдап, жүйелеп алған білімдерін өмірде қолдана алады, түрлі жағдайларда шешім қабылдай алады.

Түйінді сөздер: даму, кіріктіре оқыту, ұғым, өздігінен білім алу.

Резюме. В статье описаны пути всестороннего развития младших школьников через обучение. Развитый ученик-способен формулировать и систематизировать накопленный запас знаний, применять полученные знания в жизни, принимать решения в различных ситуациях**.**

Ключевые слова: развитие, интегрированное обучение, понятие, самообразование.

Summary. The article describes the ways of comprehensive development of Primary School students through training. A developed student is a person who can formulate and systematize the accumulated knowledge, apply the acquired knowledge in life, and make decisions in various situations.

Keywords: development, integrated learning, concept, self-education.

Қоғамның дамуы, ғылым мен техниканың өркендеуі білім саласына өзгеріс әкелетіні белгілі. Әрбір мемлекеттің сауаттылық, парасаттылық, экономикалық, және мәдени жетілуі, дамуы білім саласының жағдайына және оның даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында адам шығармашылық пен мәдениет үлгілерін тарататын субъект ретінде көрінуімен құнды екені атап айтылған. Адам баласында шығармашылық әрекет туа пайда болмайды. Ол оқудың, білім алудың, алған білімін іс жүзінде қолданудың, яғни өзіндік даму нәтижесінде біртіндеп қалыптасатын біліктік дағды [1].

Бастауыш буын орта білімнің бастамасы ретінде білім беру жүйесінде ерекше орын алады. Бастауыш сыныптағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктері әр түрлі қасиеттермен айқындалады. Олар өте сенгіш, аққөңіл, еліктегіш, қызыққыш, сезімтал, таңсыққой келеді. Мұндай психологиялық ерекшеліктерге ие жекебастың берілген білімді қабылдауға ыңғайлы да икемді екені даусыз. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының осы тұстағы дамуы қарқынды және шапшаң да, қуатты жүреді. Осы ерекшеліктерді ескеріп, тұжырымдама оқушылардың танымдық тәжірибесін, жекебастың тұлғалық қасиеттерін және ақыл-ой қабілеттерін дамытуға негіз салатындай білім беру жүйесін қамтуды қарастырған[2].

Тұжырымдама нұсқаған қағидалардың бірі-оқушыға пәндік білім берумен ғана шектелмей, пәндерді кіріктіре оқыту арқылы жекебас тұлғасын қалыптастыру. Жекебас тәрбиесіне оқушылардың тілі, ақыл-ойы, мінез-құлқы, этикалық, эстетикалық, адамгершілік нормаларының бәрі де енетіні белгілі. Сондықтан да, пән мазмұны ғылыми білім берумен қатар жекебас дамуына керекті біліктер мен дағдыларды қалыптастыруды да қамтиды.

Оқушылардың бастауыш сыныптарда алатын білімдері олардың келешекте меңгеретін ғылыми білімдерінің бастамасы ретінде оны әрі қарай жалғастыруға дайындайтындай деңгейге көтеру қарастырылады. Мұндай деңгейге оқушыны дамыта оқыту мақсатын жүзеге асыру арқылы жетуге болады. Тұжырымдама берілетін білімнің ғылымилығын қамтамасыз ете отырып, объектілер мен құбылыстарды пассивті көріп бақылап қана қоймай, оның ішкі байланыстарын, тәуелділіктері мен заңдылықтарын танып біле алатындай оқу әрекеттеріне оқушыларды үйрету, төселту, жаттықтыру талабын қояды.

Д.Н.Богоявленский мен Н.А.Менчинскаяның редакциялық басшылығымен шыққан "Психология усвоения знаний в школе" деген еңбекте оқушылар ереже мен ұғымдар анықтамасын жай есте сақтап қоймай, мұғалімнің жаңа білімді түсіндіруін даяр күйінде енжар қабылдамай, бұл білімдерді шамасы келгенше өздігінен жұмыс істеп меңгере отырып, ақылға салуға тиіс екен-

дігі айтылады. Мұндай жолмен меңгерілген білімнің есте тиянақты сақталатыны дәлелденеді. Қай кезде де тәжірибелі ұстаздар оқушылардың ұғымды меңгеруін творчестволық іс-әрекеттер негізінде жүзеге асыруды көздейтіндігі белгілі. Бұл дамыта отырып оқытудың бір жолы[3].

Зерттеуші ғалым-психолог Л.В.Занков оқыту, білім беру әр уақытта дамудың алдында жүріп отыратынын және дамудың шегіне жетіп тоқталып қалмай, дамуды алға қарай жетелейтіндігін, әлі жетілмеген психологиялық әрекеттерді өрбітіп, қалыптастыратындығын айтады.[1] Ал, З.И.Калмыкова "Жекебасты дамыту, әсіресе интеллекті адамды дамыту тек іс-әрекет нәтижесінде жүзеге асады. Оқушылардың негізгі іс-әрекеті - оқу, білім алу. Сондықтан баланың дамуы оқу барысында болмақ" деген пікір тұжырымдайды. Мұндай пікір психологтар Г.Е.Ковалева, А.А.Степанов,С.П.Шабалина,, Л.И.Анциферова, Г.С.Костнек еңбектерінде де қолдау тапқан[4-5].

Жалпы білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы, ең маңызды ірге тасы бастауыш білім. Сондықтан, оқу үрдісіне қойылатын талаптарды оқушылар оқи отырып жан-жақты дамитындай жүзеге асыру осы сатыдан бастау алады.

Адам бойында қалыптасатын білім оқу нәтижесінде бірте - бірте жинақталып, қалыптасатыны белгілі. Даму негізі - оқу, білім алу. Басқа да белсенді іс-әрекеттердің дамуына оқу арқылы алған білім біртіндеп жол салатыны анық. Даму сонымен қатар психологиялық процесстердің де негізі. Дамудың психологиялық заңдылықтары бұрыннан да зерттеліп келді, қазіргі кезде де зерттеліп отыр. Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Л.В.Занков, Давыдов, П.Гольперин, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаевтар даму мәселесін жан-жақты зерттеген ғалымдар[6].

Ұғымдар жиынтығынан білім қалыптасады. Белгілі бір ұғымға жету жолдары бар, ол баланың күнделікті өмірден жинаған тәжіибесі және мектеп қабырғасында оқу пәндері арқылы жүйелі түрде берілетін ғылыми ұғымдар. Ғылыми ұғым қалыптасу үшін қарапайым ұғымдар біртіндеп күрделі ұғымға өтіп отырады, яғни қазіргі білім берудегі спиральді білім беру жүйесі арқылы. Сонымен қатар қалыптастырылатын әр ұғым жеке түрде түсіндірілмей, өзге осы ұғымға жақын ұғымдармен байланыста, сабақтастықта қаралғанда нәтижеге жетуге болады. Мұғалім мен оқушының әрекеттері ұғым беру кезінде үндестік тауып, бір мақсатты көздей бір-бірін толықтырып, алдарына қойған мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады. Осы үндестіктер сәйке болғанда ғана кез-келген ұғымды оқушыларға саналы, ұтижелі меңгерту қамтамасыз етіледі[7].

Оқушылардың оқыту барысында алған білімдері кеңейіп, қалыптасқан түсінігінің мазмұны артып, бірте-бірте тұжырымдалған, жүйеленген сипатқа ие болады. Оқушылар өмірде кездескен түрлі қиындықтар мен жағдайаттарда бұрын меңгерген білімін қолдана алады, бұл берілген білімнің өмірмен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Осылайша білім қоры жинақталып тұжырымдалып, жүйеленіп оқушының дамуына жағдай жасайды және ойлану деңгейін кеңейтеді.

Әрбір жеке пәннің оқыту мен білім беру мақсаттары өз саласына қарай әр түрлілігі және олардың қарастыратын мазмұны мен көлемі де бір-бірінен айырма жасайды. Алайда, барлық пәндер бойынша оқытуда алға қоылатын ортақ мақсат - ол оқушыларды білімдендіру, білім қорын кеңейту, тәрбиелеу, жан-жақты дамыту.

Бастауыш сынып оқушыларының жан - жақты дамуы тек жинаған өмір тәжірибесімен, арнайы бағдарламалық білім көлемін игеруімен ғана есептелмей, оның оқу және жазу іс-әрекеттерінің қалыптасуымен, білуге деген құштарлығының артуымен, өзіне-өзі сын көзбен қарауға дайын болуымен, көп білуге өзіндік талпыныс жасауымен, сана-сезімімен анықталады. Жалпылама айтқанда түрлі пәндерден жинақтаған білім мөлшеріне қарап, баланы дамыған деп айту қиын. Бүгінгі күнге дейін бастауыш сынып оқушыларын оқытып, білім берудің негізгі мақсаты оқу, жазу, есеп шығару, қоршаған ортадан білім беру, осылай оларды орта мектепте білім алуға дайындаумен шектелді[8].

Қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларын дамыту мәселесі жаңартылған бағдарлама мазмұнына сай қаралып, анық көрсетіліп отыр. Шындығында білім беруді оқулықтармен, оны оқытуды жұзеге асыратын әдістемелік құралдармен және қосымша материалдармен қамтамасыз етіліп, сонымен қоса оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушыларды дамыту мақсатына бағытталғанда, бағдарлама талабы шешімін толық таппақ. Бастауыш сыныпты аяқтаған оқушынының даму деңгейін анықтайтын жағдайларды атайық:

- бастауыш сынып оқушысының өздігінен білім алу, күнделікті өзгеріп отыратын ортада кездесетін жағдайларға сай іс-әрекет жасап, дұрыс шешім қабылдауы мен жан-жақтылығына қарап;
- бастауыш сынып оқушыларының оқу, білім алу, даму талаптарына сәйкес іскерлігі, өздігінен жұмыс істей білуі, өзін-өзі басқаруы, белсенділігі, жауапкершілігі, білімін жалғастыруға дайындығы сияқты негізгі оқу әрекеттеріне қарап.

Оқу мен даму арасында байланыс орнағанда ғана оқушыны дамыған деп есептеуге болады. Дамыған оқушының өз қатарластарынан біршама айырмасы байқалады. Ол айырмашылық оқушының жеке дара ерекшелігі- қызығушылығы, қабілеттілігі, бейімділігі, ықыластылығымен айқындалады. Мұндай оқушының жеке дара дамуын жетілдіру жиі айтылғанмен оны толық жүзеге асыру әлі өз шешімін таппай келеді. Сон-

1

дықтан да, жекедара қасиетті дамыту жөнінде түрлі деңгейде, түрлі мәселелер қарастырылғанымен де білім мазмұны да, оны оқытудың әдіс тәсілдері де, тек "орташа" оқушыға бағытталып, білім беру мен дамыту арасында қарама қайшылық туындайды.

Бастауыш сынып оқушыларының бәрін жауапкершілігі төмен, өз ісіне немқұрайлы қарайды деп ойлауға болмайды. Олардың өз іс-әрекетінің нәтижесіне баға беруге, үйренген білімнің маңыздылығын түсінуге, қарапайым тұжырымдар жасауға, мәселелерді шешуге қажетті жағдайларды қарастыруға, қол жеткізген жетістіктеріне шаттанып, сәтсіздіктерінің себебін анықтауға қабілеті жетеді. Алайда, мұндай деңгей тек білім алу әрекеті қалыптасқан, яғни өздігінен оқуға, ізденуге талпынатын, өзінің іс-әрекетіне баға беруге мүмкіндігі бар оқушыларда ғана болады[9].

Барлық оқушыларды осындай деңгейге жеткізу қазіргі кездегі бастауыш мектептің өзекті мәселелерінің бірі. Осы мәселені шешу жолдары:

- бастауыш мектепте білім беруде жетекшілік бағытты айқындау;

- бастауыш сынпта оқушыларды дамытудың мүмкіндіктерін, әдіс – тәсілдерін терең түсініп, оны жаңаша қолдану;

Бастауыш мектептегі оқушыларға білім берудегі жетекшілік бағыттар:

- жеке оқушының ерекшелігі мен мүмкіндігін ескеріп, оның қабілеті мен жан-жақтылығын қалыптастырып, өздігінен білім алуға, алған білімдерін басқа мәліметтермен салыстыруға, қортынды жасауға, және меңгерген ұғымын күнделікті іс-әрекет жағдайында тиісті жерде, тиімді қолдана алуға дайын болуын дамыту.

- оқушының әр сабақтың оқу мақсатын дұрыс түсінуі, түрлі тапсырмаларды орындауда тиімді жоларын анықтауы, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау т.б. оқу әрекеттерінің негізгі компоненттерін меңгеру мәдениетін көтеру.

- оқушының жекедара сапа көрсеткіштері: білім деңгейі, адамгершілік қасиеттері, айналасындағы адамдармен қарым –қатынас жасау мәдениеті, көпшілік ортада өзін-өзі ұстауы және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру.

- оқушының жан дүниесінің рухани байуына мүмкіндік жасау, бұл – этикалық, эстетикалық, патриоттық, экологиялық тәрбие негізінде қалыптасатын мәселе. Оқу, оқыту іс-әрекетінің осы мақсаттарды көздей жүзеге асуы - оқушылардың жан – дүниесінің рухани, ақыл – ойының психологиялық тұрғыдан сапалы, жан – жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Осыған орай жаңартылған білім беру бағдарламасында оқушыларды дамыту мәселесіне баса көңіл бөлінген. Яғни, білім мен тәрбие беру үрдісінде оқушыларды жан жақты дамыту мәселесі бірінші орынға қойылған.

Дамыту - қазіргі кездегі педагогикалық тұжырым анықтамалары бойынша былай қарастырылған:

Даму- оқушының өзі игерген білімін, білігін, өмірде кездесетін түрлі жағдайларда қолдана білуі. Сондай – ақ, оқу іс-әрекеттерінің қолайлысын өзі таңдап, қолдану кезінде дербестік пен ынталылық көрсетуі.

Даму-оқушының білім алу жолында мақсат қойып, оны өздігінен шешуге талпынысы, әр істі дәлелдеудегі белсенділігі, кез келген мәселені шешуді шығармашылықпен орындауға тырысуы.

Даму-өзінің білмейтінін мойындау, жіберген кемшіліктері мен қателерінің себебін табу, өз әрекетінің, ісінің нәтижесін өте жоғары нәтижелермен салыстыру, осы мәселелерді шешудегі оқушының дербестігі.

Жас ерекшелігін ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларының осындай даму деңгейіне жетуі - психологиялық дамудың ең жоғары деңгейі болады. Мұндай жетістіктерге қол жеткізу үшін педагог оқу әдістерінің тиімділігін арттырып қана қоймай, білім берудің негізгі талаптарын іске асыруды есте ұстап, аса назар аудару керек. Оқушының жан жақты дамуына негіз болатын оқытудың белсенді әдістерімен қатар оқулықтар және оқу құралдары.

Бастауыш сыныпқа арналған барлық пәннің мазмұны мына талаптарға сай болуы керек:

Түсінікті тілмен мазмұндалған жіне оқушының жас ерекшелігіне сай болуы.

Қазіргі мектепте алты жастан бастап, білім беруге байланысты - білім мазмұны тиянақты іріктеліп, кіші мектеп оқушыларының ұғымына, түсінігіне қиындықтар туғызатын мәліметтерден тазартылыу арқылы балалардың талабы мен талпынысын, қызығушылығын дамытатын мағлұматтар беру.

Балалардың алты жастан мектепке баруы оқушылардың психофизиологиялық, интелектуалдық дамуын, олардың күнделікті ақпарат көздерінен алатын мәліметтерін ескереуді қажет етеді.

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала мектепке ана тілінің дыбыстық ерекшеліктерін ажыратып, сөздік қоры біршама дамыған, соның нәтижесінде сөйлем құруға, әңгімелесуге, оқу барысында өз ойын айтуға дайындығы болуы керек. Алайда, кіші мектеп оқушыларының дене бітімі физиологиялық тұрғыдан әлде де болса, толық жетіліп болмағандығын, еркі, ықыласы тұрақсыз екенін естен шығаруға болмайды. Сондықтан, берілетін білім көлемі, білімнің нақтылығы және оның оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі ескерілумен қатар, оқыту және тәрбиелеу барысында ойын әдістерін кеңінен қолдану басымдық алуы өте тиімді болады.

Бастауыш буында оқытудың негізгі принципінің бірі кіріктіру және білімді кіріктіре отырып беру болып отыр. Дегенмен, әр пән өз дербес-

тігін сақтауы тиіс. Мұндай жағдай білім аймақтарының мазмұны жағынан жалпы кіріктіру түрінде қаралады, яғни ортақ тақырыптар арқылы жүзеге асады. Кіріктіре отырып, ортақ тақырыптар арқылы білім беру оқушылардың сол тақырыптар бойынша толық және жан-жақты білім алуына жағдай жасайды.

Кіріктіре оқыту арқылы қоршаған дүниенің біртұтастығын, оның бүкіл нысандары мен құбылыстарының байланыстылығы туралы түсініктері дамиды. Кіріктіру арқылы бірнеше білім аймағы: қоғам, жаратылыстану, тарих, география, экология ұғымдары байланыста таныстырылады. Атап айтқанда, "Дүниетану" "Жаратылыстану" пәні арқылы оқушыларда айнала қоршаған ортаның бір-бірімен тығыз ажырамастай байланыстылығы туралы, біреуіндегі өзгеріс бәріне әсер ететіні жөнінде білімнің дамуына жағдай туады. Кіріктіру негізінде оқушыларда барлық пәндерге ортақ шешуші оқу әрекеті қалыптасады. Кіріктіре оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының барлық пәндер бойынша игерген білімі мен сарамандық жұмыстарының арасындағы нақты байланыстарды түсінуіне мүмкіндік туады[10].

Саралап оқыту арқылы - оқушының жеке дара қабілетін дамытуға мүмкіндіктер мол. Жекедара қабілетін байқап, оны әрі қарай дамыту үшін, мұғалім әр оқушыны толық, жан - жақты зерттеуге тиіс. Сонда ғана саралап оқытуды жүзеге асыруға толық мүмкіндік болады. Мұғалім саралап оқыту барысында оқушымен бірігіп талдау, ойлану, ақылдасу, іздену іс-әрекеттері арқылы нәтижеге жете алады. Мұғалім мен оқушы арасындағы мұндай бірлескен қарым - қатынас оқушыны шығармашылыққа, ойлануға, ізденуге жетелейді. Саралап оқыту әдісі оқушылардың алған білімін жүйелеу, бақылау, бағалау, өзін-өзі бағалау, оқушылар бір – бірін бағалау кездерінде де қолданылады. Сонда ғана, оқушының білім алуға деген ынтасы, қызығушылығы артып, жекедара қабілеті ашылып, оқу әрекеттері жетіледі.

Саралап оқыту барысында түрлі жаттығулар мен тапсырмалар көлемі жағынан да, қиындығы жағынан да, әр түрлі деңгейде беріліп, оқушының дамуының "жақын аймағына" жетуіне көмектеседі. Бұл әр оқушының өз мүмкіндігіне қарай қиындықты жеңуіне мүмкіндік береді.

Осы тұста аса көңіл бөлетін жайт бастауыш сынып оқушыларының қабылдауы мен есте сақтауын дамыту. Балалардың қабылдауы мен есте сақтауы өмір бойы дамып, жетіліп отыратын үрдіс, ол мектепке дейінгі кезеңде басталып, мектепке келген соң жалғасын табады. Мұғалім оқушыға мәліметтерді дайын күйінде бергеннен гөрі, оқушылар өздері қажетті мәліметтерді іздеп тауып, оның дұрыстығын тексеріп, өз жетістіктері мен кемшіліктерін бағалауына, сол арқылы өз әрекеттерін, дайындаған мәліметтерін естерінде сақтап, өмірде қолдануға жағдай жасайды.

Бастауыш сыныпқа арналған бағдарламалар мен оқулықтар мазмұны білім беруге бағытталған мына мақсаттарды шешеді:

-кіші мектеп оқушыларын оқытуды олардың қабілетіне, жекедара, ақыл – ой ерекшеліктеріне және мүмкіндіктеріне негіздеу;

- бастауыш сыныптағы әрбір жеке пәнді оқытуды оқушының жалпы, жан-жақты дамуына, оқу әрекетінің қалыптасуына бағыттап, олардың рухани және эмоциялық мәдениетін жетілдіруді қамтамасыз ету;

- оқушылардың жекедара қабілетін ескеріп, оларды саралап, даралап оқыту арқылы кездесетін түрлі қиындықтарды жеңе отырып, өз мүмкіндігіне қарай әр оқушының дамуына жағдай жасау.

- оқушының жекедара сапаларын, атап айтқанда

физиологиялық яғни, көру, есту, сезіну, байқау;

интелектуалдық: ойлау, салыстыру, қортындылау, пікірінің жүйелілігі мен қисындылығы;

эмоциялық: қиялдау, көңіл күйдің көтеріңкі болуы, шығармашылық әрекет;

жекебастық**:** мейірімділік, адамгершілік, ынталылық, қайырымдылық, топпен, жұппен бірігіп жұмыс істеу, құрбы-құрдастарымен қарым-қатыс жасай білу. Бұл сапалар болашақта оқушылардың үйлесімді дамуының басы ретінде жалғасын таба бермек

Оқушылардың дамуы білім беру негізінде жүзеге асады. Жүйелі жүргізілген оқыту үрдісі нәтижесінде білім беріледі. Оқыту өте күрделі құрылым ретінде бір-бірімен байланысты көптеген элементтердің қосындысынан тұрады. Бұл: мақсат, оқу ақпараты, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы педагогикалық қарым-қатнас, оқушылардың оқу және басқа әрекеттерін педагогикалық тұрғыдан басқару сияқты процестердің жиынтығы. Егер оны талдап айтатын болсақ, оқыту үшін мұғалім міндетті түрде алдына мақсат қояды, сол мақсатқа байланысты оның іс-әрекеті түрленеді (түсіндіру, тапсырма беру, проблемалық жағдаяттар туғызу, оқушылардың ізденушілігін туғызу, өзіндік жұмыстарын күшейту т.б.), қолданылатын алуан түрлі оқыту әдісі, білім беру құралдарын іріктеу, сабақтың түрін өзгерту, осылардың бәріне байланысты оқушының оқу әрекеті де өзгереді, ең соңында осылардың бәрінің негізінде нәтижеге жетеді.

Білім алу барысында бала білмеуден білуге қадам басып отырады. Ал дамыта отырып оқыту бұл өзінше күрделі жүйе. Қазіргі таңда дидактеріміз бен психологтарымыз бала мүмкіндігінің молдығын, олардың даму зонасының барлығын, ол зонаны ескеріп, білімді тек баланың қазіргі мүмкіндігіне қарай шақтап, бөлшектеп беріп қана қоймай, оны күнделікті күрделендіріп, алға қарай жетелей, өркендете, кеңейте, тереңдете берудің керектігін көрсетіп отыр. Осындай

пікірдегі психологтардың бірі Л.С.Выготский - баланың кешегі күнгі дамуы емес, ертеңгі күнгі дамуына қарау керектігін айтып, ол дамуды екі аймаққа бөледі.

Бірінші аймақ, бұл баланың бүгінгі таңда қолы жеткен сатысы, ал мұғалім бұған қанағаттанып қалмауы керек, оқушыны болашақтағы, яғни екінші даму аймағына қарай жетелеуі керек дейді.

Екінші аймақ, ол өте жақын тұрған аймақы, оған жетуге баланың бұрын алған білімдері негіз бола алады, тек олардың оқу әрекеттерін күрделендіріп, түрлендіру қажет деп нұсқайды. Сондықтан да, тұжырымдамада бұл талаптардың қойылып, осыған сәйкес білім мазмұнының ұстамдарын айқындап берілуі орынды құбылыс.

Оқыту барысында мына мәселелер жүзеге асырылу жағы қамтамасыз етіледі:

-оқыту приципі;
-оқыту әдісі;
-білім беру формасы;
-сабақтың құрылысы;
-оқыту құралдары;
-білім тексеру әдістері. Осының бәрі мұғалімнің іс жүзінде жүзеге асыратын мәселелері болып саналады.

Қорыта келе, оқушының жекедара сапасы, ол баланың білімділгі, адамгершілгі, маңайымен қарым-қатнас жасау мәдениеті, өзін-өзі басқару дәрежесі арқылы көрініс табады.

Оқушының даму көрсеткіші, оның алған білімін кез келген жағдайда қолдана білу білігі. Әр сабақта беретін білімнің өмірмен байланыстылығына аса назар аудару оқушылардың дамуына нәтижелі ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
2. Баймуханов Б. Формирование функциональной грамотности подрастающего поколения - путь кардинальной модернизации всех уровней образования / Вопросы педагогики. – Алматы, 2013. - № 1. - С. 109-110.
3. Абылкасымова А.Е., Рыжаков М.В., Шишов С.Е. Современные тенденции развития непрерывного педагогического образования. - Алматы: Атамура, 2016. - 271с.
4. Сластенин В. А., Исаев И. Ф., Шиянов Е. Н.: Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Издательский центр "Академия", 2013. - 576 с
5. Холодная М.А. Психология понятийного мышления: От концептуальных структур к понятийным способностям. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2012. - 288 с.
6. Куралбаева А.А. Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру. Философия докторы (PhD) ... дисс. - Түркістан, 2014. - 195 б. 152 Л
7. Нұрғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностно - ориентированной личности: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. Алматы, 1994. - 379 с.
8. Жакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 308с
9. Беркимбаев К.М., Тасова А.Б., Ж.И.Исаева. Қарым-қатынас мәдениеті. Болашақ мұғалімдер үшін оқу құралы. – Шымкент, 2018. - 280 б.
10. Аймағамбетова Қ. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. – Алматы, 2003. – 33 б.

УДК 372.9

АЛМАХАНБЕТ Ж.А.,
магистрант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ. Қазақстан

РЫСБАЕВА Г.А.
биология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Биология кафедрасы,
E-mail: galiya732014@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖАҒДАЙЫНДА ТАНЫМДЫҚ ІС – ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Бүгінде қоғамдық формацияның ауысуы — білім беру жүйесіне айтулы өзгерістер мен реформалар енгізгені белгілі. Бұған жаңа білім стандартының жасалынуы, төл оқулықтарымыздың жазылуы, жаппай компьютерлендіру т. б. игі істер дәлел бола алады. Осының бәрі — XXI ғасыр табалдырығынан аттаған жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды, ұлттық мәдениетті танитын, оны өзгеге таныта алатын білімді, жан — жақты қалыптасқан, әлемдік өркениетке қол соза алатын, бәсекеге қабілетті дербес тұлға тәрбиелеу қажеттілігінен туындайды.

Кілттік сөздер: бастауыш сынып, пәнаралық байланыс, интеграция, танымдық іс-әрекет, білім беру.

Аннотация.Сегодня смена общественной формации - это знаменательные изменения и реформы в системе образования. Об этом свидетельствуют создание нового образовательного стандарта, написание собственных учебников, массовая компьютеризация и др. Все это вытекает из необходимости воспитания у молодого поколения, перешагнувшего порог XXI века, образованной, всесторонне сформированной, способной протянуть руку мировой цивилизации, конкурентоспособной личности, познающей национальные ценности, национальную культуру.

Ключевые слова: начальная школа, межпредметная связь, интеграция, познавательная деятельность, образование.

Summary. Today, it is known that the transition of the social formation has led to significant changes and reforms in the education system. This is evidenced by the creation of a new educational standard, the writing of our own textbooks, mass computerization, etc. All this is due to the need to educate the younger generation, who has crossed the threshold of the XXI century, an educated, well — formed, competitive individual who knows national values, national culture, can express it to others.

Keywords: primary school, interdisciplinary communication, integration, cognitive activity, education.

Кіріспе

Білім туралы Заңда «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін «Білім негізі – бастауышта» қағидасын басшылыққа ала отырып, бастауыш сыныптан бастап білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық үдемелі даму деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріс пен қоғамдық дамудың жаңару үдерісіне тікелей ықпал жасайды. Сондықтан қазіргі таңда мектептегі оқыту үдерісінде пәнаралық байланыс ерекше көкейтесті орын алып отыр және жалпы педагогикалық маңызға ие болуда.

Әлемдік өркениетке қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамуындағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызды. Жаңартылған бағдарлама Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсат-міндеттерімен үйлеседі, ал мемлекеттік бағдарламаның басымдықтары, өз кезегінде білім беру саласында көш бастап келетін Франция, Сингапур және Ұлыбритания секілді прогресшіл елдерге тән заманауи мақсаттармен және құндылықтар жүйесімен барабар.

Бүгінгі таңда алға қойылған мақсаттарды іске асырушы басты тұлға – мұғалім екені ақиқат. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулер нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары

мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр.

Негізгі бөлім

Бастауышта білім беру мазмұнын ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері – оқушылардың ақыл-ойын, дене күш-қуатын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке дайындауға негіз болатын білімдер мен іскерліктердің және дағдылардың көлемі мен бағытын айтамыз. Білім берудің мазмұны ең алдымен қоғамның, мектептің алдына қоятын мақсаттары мен міндеттерімен анықталады. Сонымен бірге оқудың мазмұнын анықтауда дидактиканың талаптары да ескеріледі, себебі соның негізінде ғана қай жаста, қандай көлемде, қандай пәндерді оқуға болатындығын дұрыс шешуге болады.

Бастауыш саты – оқушы да, оның интелектісі дамуының іргетасы – оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құрылады. Оқушы әртүрлі оқу тапсырмаларын өздігінен орындауының ортақ тәсілдерін, оқу әрекетін бақылап-бағалаудың нәтижесін эталонмен салыстыруды меңгереді.

Пәнаралық байланыс – түрлі пәндердің оқу материалдары арасындағы өзара байланыстылығында, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес берілетін білім мазмұнының жүйесін анықтау шарты және білім беру мен оқыту әрі оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың талабы болып табылады. Педагогикалық үдерісте бұндай құбылыстың орын алуы – оқушы үшін қоршаған ортаның немесе әлемнің біртұтастық бейнесі мен бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер арқылы дүниетанымдық жүйесінің қалыптасуының шарттары мен міндеттерін жүзеге асыру болып табылады. Оқу пәндерінің құрылымдық жүйесіне енетін оқу материалдарының топтамалық жүйесі табиғат, қоғам және адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас жөніндегі білімдер мазмұнының біртұтастығы. Яғни, пәнаралық байланыс оқушылардың танымдық үдерісінде әлемге, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарастық қызметінің қалыптасу мен дамуында маңызды және шешуші орынға ие болады.

Ғылымның пайда болуының өзі танымның дамуындағы интеграциялық процестермен тікелей байланыста, былайша айтқанда, ғылым – интеграцияның жемісі. Ал даму мен интеграцияның қозғаушы күші болып табылатын қоғамдық өзгерістер интеграцияны қажет ететін факторлар.

Интеграция – қандай да бір жекелеген элементтердің бір тұтас болып бірігуі, қандай да бір бірліктің қайта құрылуы [Коменский Я.А., 1989,125 с.].

Интеграция принципі білім берудегі интеграция ұғымымен беріледі. Интеграция ұғымы іс-әрекет принципін, шын мәніндегі білім беру процесін бейнелейді.

Сонымен, интеграция – бірігу, ортақ ойлау бағытын табу және оны мазмұны жағынан толықтыру. Интеграцияның нысанасы дүниені тануға тұтастық беретін дүниеге ортақ көзқарас. Оқу процесінің тұтастығы адамның дүниеге қарым-қатынасын анықтайды. Бұл мәселені жоғарғы оқу орнының оқыту процесінде есепке алу қажет екендігі белгілі. Ғылыми әдебиеттерде осы күнге дейін «интеграция» ұғымы туралы түсінік болмаған еді. Интеграция термині әдебиеттерде XIX ғ. бастап кездеседі және анықтамалық әдебиеттерде бірігу, қайта құрылу, толығу ретінде түсіндіріледі. Оның осылайша түсіндірілуі, бұл терминнің адамзат білімінің басқа да әртүрлі аймақтарында барынша кең қолданыс табуын кәздейді. Тек, 1993 ж. ЮНЕСКО сессиясында интеграция ұғымының жұмыстық анықтамасы берілді. Интеграция ұғымын «өзара органикалық байланыстағы білімдердің бір-бірімен кірігуі, білім алушының ғылымды біртұтас түсінуіне қол жеткізу», - деп көрсетеді.

Қазіргі интегративтік ғылымдарды жинақтау мен құрудың негізінде объектілердің материалдық табиғатының ұқсастығы ғана емес, олардың кейбір қасиеттерінің ұқсастығы бойынша анықталатын ішкі қызметі және сыртқы құрылымының ұқсастығы жатыр. Қазіргі барынша жалпы интегративтік ғылым – педагогика – ол қандай оқу орны екендігіне қарамастан тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, оқыту, дамыту, әлеуметтендіру процестеріне тән заңдылықтар жөніндегі ғылым.

Тұлға дарындылығының табиғаты, қабілеті, дамуының қайнар көзі шығармашылық мүмкіншіліктерінің психологиялық құрылымы болып табылады. Мұның барлығы арнайы ізденісті қажет етеді. Қазіргі психология, педагогика ғылымдарында осы мәселеге қатысты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мысалы: Я.А.Пономарев, Н.С.Лейтес, ал сонымен қатар білім беру мен оқыту теориясында пәнаралық байланыс жөнінде өзіндік пікірлерін ұсынған педагог-ғалымдар педагогика ғылымының даму тарихына өз үлестерін қосты. Я.А.Коменский, Д.Локк, И.Г.Пестолцци және қазақ ғалымдары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б. педагогтар оқытудағы пәндерді бір-біріне интеграциялау мәселесін өз еңбектерінде атап өткен.

Я.А.Коменский өз еңбектерінде оқушыларда тиянақты білімнің қалыптасуының кейбір себептерін ашып, көрсетеді. Мәселен, ол оқушылардың мазмұндас пәндерден алған білімдеріне сүйенбейтініне, оқушы әр пәннен алып отырған білімдерінің бір-бірімен байланысты екендігіне назар аударmайтынына арнайы тоқтала келіп, жалпы дидактикалық мынадай ереже шығарады: «Всегда и везде брать то, что связано одно с другим» [Мұханбетжанова Ә, 2000, 297 б.].

Мұнан әрі Я.А.Коменский оқушыларға берілетін білім міндетті түрде оларға бұрыннан таныс,

түсінікті материалдармен ұштастырыла жүргізілу қажеттігін, бұл талап тек бастауыштағы білімге ғана емес, жоғары сыныптағы оқушылардың алатын біліміне де қойылатындығын айта келе, грамматика мен философия, философия мен әдебиет бір-бірімен байланысты оқытылуы тиіс екендігін айтады. Сондай-ақ оқытудағы кейбір схоластикалық әдістердің ізімен қажетті, қажетсіз көптеген фактілерді, олардың арасындағы байланыстылықты түсінбей, бір жерге жинақтай берудің кері нәтиже беретіндігін ескертеді.

Ғалымының пайымдауы ғылыми білімнің басты тармақтарының бірлігін нығайту қоғамдық дамудың қажеттілігінен күн тәртібіне қойылып отырған проблемалардың кешендік сипатын айқындайды. Ғылымдардың үйлесімді дамуының өзара әсері нығаймайынша, қазіргі адамзат алдында тұрған әлеуметтік экономикалық міндеттерді шешу мүмкін емес деуге болады.

Бастауыш сыныптардың педагогикалық үдерістерін ұйымдастыруда оларға қажетті білімді беру арқылы оқушылардың қоршаған орта мен әлемді ғылыми тұрғыдан тану негізіндегі дүниетанымдарын дамыту – дидактикалық зерттеулердің өзекті және мақсатты бағытталған нысаны ретінде мәнге ие. Дидактика – педагогика ғылымының білім беру мен оқытудың жалпы теориялық саласы ретінде оқылатын пәндердің мазмұнына енетін оқу материалдарының білімділік деңгейі /сыныптар бойынша және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру заңдылықтарына сүйене отырып/ мен оны ұйымдастыру формалары, заңдылықтары мен принциптері, оқыту түрлері, білім мазмұнын оқыту әдістерін анықтап алғаннан кейін оқушы тұлғасының дамуына ықпал жасай алады.

Қазақтың ғалым-психологы Ж.Аймауытов бастауыш сынып оқушыларына білім беру мен оқытудың жолдарын қарастыру барысында педагогика ғылымының негізгі бөліктерінің бірі – дидактика мәселесіне ерекше көңіл бөліп, қарастырған болатын. Мәселен, «Баланы оқытудың ережелерін, заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін таңдап, білімді тез меңгеру жолдарын көрсететін педагогиканың саласы – дидактика», – деп, қазақ тілінде алғашқы болып анықтама берген ғалым болды. Ж.Аймауытов білім беру мен оқытуда пәнаралық байланысты басшылыққа алу қажет екендігін айтады. Бірақ, жеке пәндердің оқу материалдарындағы білім мазмұндарын қалай болса, солай араластыра беру болмайтындығына да мән беру керектігін ескертеді. Пәнаралық байланысты жүзеге асыруда ортақ тақырыптардың болуын және осы негізде іске асыру мен білім беру тиімді нәтиже беретіндігіне баса назар аударған [Аймауытұлы Ж., 1929,113б.].

Ғалым-психологтың негіздеуі бойынша, пәнаралық байланыстағы білім берудің негізгі пәні ретінде ана тілі басшылыққа алынады, себебі оқушының ғылыми дүниетанымын дамытуға ұсынылатын немесе оқылатын оқу материалдары бала-оқушының өмір табиғатына жақын болуы маңызды болатынын түсіндіре келе, «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл дүниеге, өзгенің және өзінің өміріне саналы көзімен қарай білсе, міне, білім берудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетіліп, толысуына берік негіз салуы керек. Адамның тәрбие әлемінде тілдің орны ерекше: адам ойы тіл арқылы бейнеленеді, демек, тілді үйрену, терең меңгеру арқылы кемелдендіреді, әр халықтың дүние тануы тілінен көрінеді. Жат жұрттың тілін үйренумен бірге адам сол жұрттың рухани дүниесімен таныс болады. Бөгде жұрттың дүниеге көзқарасын, өзге сыр-сипаттарын білу ақылды байытады. Жат пікірді білу – жат пікір, жат сезім, жат ым дариясына жүзумен тең. Оқылатын пәндердің бәрін бірдей керекті, бәрін қаусырып орап алатын пән – ана тілі екендігі даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай өзге пәндерді түсіну мүмкін емес...» – деуі, ана тілі арқылы меңгерген білімдері арқылы оқушы жеке ғылымдарда кездесетін ұғымдардың мәнін түсінеді, сырын ашады, түрлі ғылымнан білім беретін оқу пәндерінің материалдарына терең бойлай отырып ойланады, дамиды, өздігінен логикалық құрылым жасай алады, оларды толық меңгеруде ана тілі пәнінің өзек болатындығын дәлелдейді.

Қазақ педагогы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» деген еңбегінде балаларда сұлулық сезімдерін қалыптастыру жөнінде былай жазады: «Баланың маңайында сөйленетін сөздер әдепті, сұлу болуға тиісті. Баланы сұлу искусствомен терең таныстыру керек. Бала неше түрлі сұлу үндерді естісін, неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін, сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін. Ән салып, музыка құралдарында ойнап үйренсін. Міне, осыларды істесе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді» – деп, пәнаралық байланыстың бастауыш сынып оқушылары үшін қаншалықты керек екендігін негіздеп берген [Жұмабаев М., 1989,275б.].

Бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі – ғылымның, мәдениеттің, дүниені ақиқаттық пен шындық тұрғысынан танудағы ғылыми танымдық үдерісінің жаңа сапалық деңгейімен қатар, ғылыми техниканың қарқынды даму деңгейіне сәйкес келуін талап ететіні. Білім беру мазмұнының бағыты ғылымдардың өзара байланысқан жүйесін басшылыққа ала отырып, қоғамдық өндіріс пен әлеуметтік сана дамуының жаңаруына тікелей ықпал жасайды, ал бұндай құбылыстың бастау өзегі болатын саты – бастауыш білім беру жүйесі. Осы негізде қоғамдағы мәдени және әлеуметтік сана мен экономикалық дамудың негізінде білім беру жүйесінің жаңару сипатының орын алуы бастауыш білім беру кезеңіндегі оқыту үдерістерінде пәнаралық байла-

ныстың ерекше педагогикалық сипат пен мәнге ие болуына алып келді.

Уақыт өте келе, педагогика ғылымының бағытында пәнаралық байланысқа ерекше мән беріліп, көптеген зерттеуші ғалымдар интеграцияны дидактиканың принциптерінің бірі ретінде қарастырып, түсіндіруді де басшылыққа алған болатын. Ондағы ғылыми негіздегі ой-тұжырымдамалар: «Пәнаралық байланыс оқу үдерісінің нақты шындықтың байланысын көрсете отырып, объективті дүние заңдылығын көрсету және өзінің философиялық мазмұны, әдісі мен нысанын анықтайды... Сондықтан да пәнаралық байланысты кеңестік педагогика (дидактиканың) принциптерінің бірі деп есептеуге толық негіз бар»

Ғылымдардың интеграциялану мәселесінің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан шешу жолдарымен бірқатар отандық ғалымдар да айналысқан болатын. Мәселен, А.А.Бейсенбаева, А.Д.Болтаев, Н.А.Оразахынова – пәнаралық байланыс негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелерін, А.Р.Бектеньярова, Р.К.Аббасова, Н.Жапанбаева, О.К.Шайхеслямова – жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі интеграция мәселесінің педагогикалық негізін қарастырса, М.А.Абсатованың еңбектерінде интеграция идеясының қалыптасуы мен даму тарихы баяндалады, ал Ғ.К.Шолпанқұлова, Г.А.Меңдіғалиева жаңа үлгідегі мектептердің ғылым мен тәжірибе интеграциясының педагогикалық негізін, Ә.Мұханбетжанова бастауыш білім мазмұнын интеграциялау мәселесін зерттеу нысанына алған. Бұл еңбектер республикадағы қазіргі білім берудегі және педагогика ғылымындағы интеграция құбылысын ғылыми тәжірибелік тұрғыдан айқындауға бағытталған зерттеу жұмыстары болып табылады.

"Жүктеу" батырмасы сізді жүктеу бетіне апарады. Егер сіз Windows амалдық жүйесін қолдансаңыз, Windows — қа арналған нұсқа бар; Егер Linux болса, кейбір Linux дистрибутивтері үшін де бар; және Mac OS X үшін де бар, мен Mac OS-мен қалай екенін білмеймін, бірақ Windows-та бәрі қарапайым-Windows сілтемесін нұқыңыз, жүктеудің аяқталуын күтіп, файлды ашыңыз және ол кез-келген бос мұрағатшымен орауға болатын қаптаманың ең ыңғайлы нұсқасында. Немесе барлығы дерлік. Айырмашылығы басқа бағдарламалар, Arduino қалтамен бірге сіз бірден с дискісінің түбірлік каталогына ауыса аласыз және ыңғайлы болу үшін бағдарлама қалтасын ашып, arduino файлын таңдай аласыз.exe, оң жақ батырманы басып, ашылмалы мәзірден "төте жол жасау"тармағын таңдаңыз. Тіркесімді тінтуірмен жасағаннан кейін оны жұмыс үстеліне апарып, бағдарламаны әдеттегідей бастауға болады — тіркесімді екі рет нұқыңыз.

Осындай робот техникамен жұмыс істей отырып, болашақ робот техникасы мұғалімдері, университетте білім алумен қатар, ғылыми-зерттеушілік, ғылыми жоба жұмыстарымен де айналысқаны жөн. Өйткені, адам баласы табиғатында қабілетті болады. Біреудің қабілеті жоғары, екінші біреудің қабілеті орташа немесе төмен болады. Қабілетіне қарай адам баласы өмірде көздеген арман-мақсатына жетеді.

Талант – қабілеттіліктің жоғары деңгейі. Ол кез-келген жұмысты шығармашылықпен шешуді талап ететін басқашалығымен, ерекшелігімен өзгешеленетін еңбектерінің бар болуымен танылады.

Данышпандық – қоғамға тарихи маңызы бар, шығармашылықпен көрінетін дарындылықтың жоғары деңгейі деуге болады.

Қазіргі педагогика жеке тұлғаны, оқыту мен тәрбиелеудің тек объектісі ғана емес, субъектісі ретінде зерттейді. Философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге сүйене отырып, жеке тұлға туралы біз: жеке тұлға–«адам» ұғымына қарағанда кең ұғым; адам жеке тұлға болып тумайды, қоршаған ортамен қарым-қатынаста, іс-әрекет барысында қалыптасады; жеке тұлға – ол қоғамдық қатынастың тек өнімі емес,

оның субъектісі де; жеке тұлға – өзіндік ой-толғамы, көзқарасы, пікірі бар, саналы, еңбек және шығармашылық іс-әрекетке қабілетті дербес адам деп ой тұжырымдадық.

Білімгерлердің таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, мұғалімнің теориялық сауаттылығы мен педагогикалық шеберлігіне байланысты. Белгілі ғалым В.А.Энгельгардт «Шығармашылыққа қабілеттілік, табиғаттың шексіз ұзақ эволюциялық даму жолындағы аламға берген ең жоғарғы сыйы. Адам шығармашылық үшін жаратылған» – деп, ой түйіндейді.

Шығармашылық белсенділік – оқытушы мен білімгер арасындағы ізгілік байланыстың жоғары деңгейге көтерілуімен, мұғалімнің психологиялық-педагогикалық шеберлігімен білімгер ның танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде дамиды.

Робот техникамен жұмыс істеу арқылы білімгерлердің зерттеушілік-шығармашылық белсенділігін дамыту деп – білімгерлердің компьютерді пайдаланып, робот техниканы құрастыру барысында, өздігінен зерттеушілікпен айналыса отырып, жоспарлау, бағдарлау, тексеру, қорытынды жасау сияқты дағдыларын қалыптастыру нәтижесінде зерттеушілік-шығармашылық белсенділігінің элементтерін жетілдіруді айтамыз.

ЖОО-да " Arduino " бағдарламасын оқытуда студенттердің зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруда, оларды ізденушілікке баулу, оларға ғылыми зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды мәселесі болып табылады. Ғылыми зерттеу дегеніміз – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім келтіріп шығаратын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген жұмыстар. Студенттердің зерттеу әрекеті олардың өзіндік талабын қанағаттандыруға әсер етеді. Зерттеуге қызығушылықты тудырудың маңызды алғышарты ретінде іс-әрекеттің әлеуметтік мәселелеріне тәрбиелеу, оның мағынасын ұғыну, өз іс-әрекеті үшін зерттеп отырған үрдістерінің маңыздылығын түсіну керек [8].

Зерттеушілік білік пен дағды бүгін ғылыми жұмыспен байланысты адамдарға ғана қажет емес, әрбір адамға оның қызмет аясында да қажет. Шығармашылық зерттеу ізденісі бүгінде роботтехника мамандықтың ажырамас бөлігіне айналуда. Зерттеу әдісінің тамыры тым тереңге кетеді. Тарихи деректерге қарасақ, зерттеу әдісінің негізін Сократ қалаған (тіпті бұл әдіс «Сократтық әңгіме» деп аталады). Ежелгі дәуірде пайда болған аналогиялық әдіс – эвристикалық әңгіме (аңызға қарағанда Архимед есімімен байланысты, шешуі қиын есепті шешкен ғалым «Эврика» деп айғайлап жіберген), қазіргі кең тараған эвристика терминін (жаңалық ашуға байланысты) чех философы әрі математигі Бернард Больцано ұсынған [9].

Осыған байланысты Аристотельдің «Таң қалу арқылы адамдар философияға жақындай бастайды, олар алдындағы қиын мәселені шеше келе одан әрі, одан да қиындықтар мен қызықтарға куә болады», деген сөзі бар. Демек, қызығушылық зерттеу әрекетінің қозғаушы күші.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ловин Дж. Создаем робота-андроида своими руками.: Пер. с анг. Мельникова Г. — М.: Издательский дом ДМК-пресс, 2007 — 312 с.
2. В.Гололобов С чего начинается роботы. О пректе Arduino для школников. Москва, 2011 -190 с.
3. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Жалпы орта білім. –Алматы: РОНД, 2010.-368 б.
4. С.Е.Алдешов, Ә.Қ.Бүркіт. Робот техника негіздері. Лекциялар жинағы. Шымкент. 2013. 150-бет.
5. С.Е.Алдешов, Ә.Қ.Бүркіт. Робот техниканы оқыту. Лекциялар жинағы. Шымкент. 2014 ж.
6. Karpova T.N. Demonstrative education mathematician as efficient process of the shaping the mathematics knowledge of pupils. YAroslavil, 1993 pp.13-14.
7. Safronova N.V. The Theory and methods of teaching the information science. Moscow 'High school' 2004., pp. 99-100.
8. Burkit A. Using the new technologies in mathematics. Shymkent, Kazakhstan, 2002., pp 158-161.
9. Ш.Р.Ерматов. Білімгерлердің зерттеушілік және шығармашылық белсенділіктерін дамыту. Пед. және псих. ғыл. маг. дисс. ... Шымкент, 2013. -106 б.

ӘОЖ 371

АСКАРОВА А.Т.,
аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ,
«Білім беру процесін психологиялық- педагогикалық қолдау» кафедрасы,
Шымкент, Қазақстан

ДОСЫБЕКОВ А.К.
экономика ғылымдырының магистрі,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Инновацялық-технологиялық колледжі,
Шымкент, Қазақстан

ГУМАНИСТІК ПЕДАГОГИКА ИДЕЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Түйін. Мақалада Ш.А. Амонашвилидің гуманистік идеялары мен оны педагогикалық үдерісте қолдану ерекшеліктері туралы мазмұндалған. Руханилық, ізгілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, бейбітшілік, игілік ұғымдарының негізінде педагогикалық сананы өзгерту ғана білім берудегі кедергілерді – қоғамдағы рухсыздық пен өнегесіздікті жеңуге мүмкіндік беретіндігі туралы айтылады.

Түйін сөздер: гуманизм, рухани-адамгершілік, ізгілік педагогикасы, шабытты шығармашылық, жалпыадамзаттық құндылықтар.

Аннотация. В статье рассказывается о гуманистических идеях Ш. А. Амонашвили и особенностях его применения в педагогическом процессе. Отмечается, что только изменение педагогического сознания на основе понятий духовности, добра, любви, доброты, мира, блага позволяет преодолеть барьеры в образовании – бездуховность и безнравственность в обществе.

Ключевые слова: гуманизм, духовно-нравственная, гуманная педагогика, вдохновенное творчество, общечеловеческие ценности.

Annotation. The article describes the humanistic ideas of Sh. A. Amonashvili and the features of its application in the pedagogical process. It is noted that only a change in the pedagogical consciousness based on the concepts of spirituality, goodness, love, kindness, peace, good can overcome the barriers in education – lack of spirituality and immorality in society.

Keywords: humanism, spiritual and moral, humane pedagogy, inspired creativity, universal values.

Қазіргі кезде елімізде болып жатқан үздіксіз даму үстіндегі әлеуметтік, саяси, экономикалық тағы басқа да өзгерістер білім беру жүйесінің өзгеше құрылуын талап етуде. Жас ұрпаққа білім беруде ізгілендіру, демократияландыру үдерісінде болып жатқан өзгерістер, білім мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде құру, өскелең ұрпақты рухы биік, саналы да, салауатты, елжанды болу сезімі жоғары тұлға етіп тәрбиелеу қажеттігі туындап отыр. Сонымен қатар, негізгі мақсаттардың бірі – жеке тұлғаны тұлға ретінде қалыптастырмастан бұрын, оған қолдау көрсету, көмектесу және оның бойында өзіндік тұлғалық бейнесінің қалыптасуына, өз айналасындағылармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен тікелей және өзара еркін қарым-қатынасқа түсуде өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қорғау мен өзіндік тәрбие механизмдерінің негізін қалау қажет. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаның өзіне деген сенімділігін оятып, ізгілікті өркендеуге мүмкіндік жасау деп түсіндіреміз. Түсіндірме сөздіктерге сүйенетін болсақ, гуманизм (ізгілік) адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілікпен қарайтын адамгершілік қасиет ретінде қарастырылады. С.И. Ожеговтың сөздігінде гуманизм «адамзатқа, қоғамға, адамдарға қатысты адамгершілік қатынас» деп анықталған [1]. Гуманизм – бұл дүниетаным, оның негізгі қағидаттарына адамдарға деген сүйіспеншілік, адамның қадір-қасиетін құрметтеу, халықтың әл-ауқатын сақтау жатады. Гуманистік білім беру жүйесінің тарихы Грекия дәуірінде өмір сүрген грек ойшылдары Сократ пен Платонның шәкірттері арасындағы өзара сыйластық пен ынтымақтастық рухындағы қарым-қатынастан бастау алады.

Гуманды білімнің негізі – оқушыға көңіл бөлу, оның мүдделерін құрметтеу. Осыған сәйкес, ұлы ойшылдардың педагогикалық идеялары бүгінгі күнге дейін афоризм түрінде жетті, мысалы: Әрбір адамда күн бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріңіз.

Баланың жеке басын дамытудың алғы шарттары ежелгі уақыттан бастау алады. Бұл тұжырымдар ғасырлар бойы өз сәйкестігін тауып келеді [2]. Гуманитарлық педагогика идеясын қалыптастырудың алғы шарттары XIX және XX ғасырдың басында басталып, Н.И. Пирогов, Н.А.

Добролюбов, Н.Г. Чернышевский, Л.Н. Толстой, Я.А. Коменский, В.А. Сухомлинский және К.Д. Ушинский еңбектерінде жарыққа шықты. Олар жалпыға бірдей білім және тәрбие беруден, әрбір балаға ізгі қарым-қатынас орнатуды дамытты. Педагогтар «адамды – адам етуге», баланың жеке ерекшеліктерін ескеруді басты назарға алды. В. Безрукова атап өткендей, халықты гуманизм рухында қайта тәрбиелеудің негізгі құралы – ағарту болып табылады. Сол арқылы адамдар еркін және шығармашыл болып тәрбиеленеді. XX ғасырдың 80-ші жылдары бұл қағидаға сүйене отырып ынтымақтастық педагогикасы кеңінен өріс алып дамыды, ол гуманизм қағидаттарына, баланың дамуына шығармашылық көзқарасқа негізделген тәрбие мен оқыту әдістері болды. Мұнда шетелдік және кеңес педагогикасының ең үздік ойлары мен теорияларының авторлары, педагог-новаторлар: В.Ф. Шаталов, С.Н. Лысенкова, Ш.А. Амонашвили, И. Иванов және И.И.Волков т.б. атап өте аламыз.

Қазақтың ұлттық мәдениеті басқа ұлт өкілдерінің мәдениеті секілді мәңгілік жалпыадамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген. Қазақстанның ежелгі мәдениетінің маңызын ұғынып, оның игіліктерін қазіргі таңда пайдалану – әрбір қазақстандықтың басты борышы. Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз жырау, Шал ақын, Бұқар жырау, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, С.Торайғыров және т.б. шығармаларында сипатталған Қазақстанның бай мәдени мұрасы мен оның жоғары рухани идеялары уақыт сынына төзе білді. Еліміздің мәдениеті күнделікті өмірде құрмет сезімін тудыратын мінез-құлық нормаларын ұсынады.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы соңғы онжылдықта адамның руханилығы мәселесін әзірлеуде айтарлықтай өзгерістер енгізілді.

Постклассикалық емес рационализм идеясына негізделген философиялық бағыттағы М. Мамардашвилидің, А.Н. Нысанбаевтың, А.А.Радугиннің, А.Г.Косниченконың, Г.Г. Соловьеваның, А.А. Хамидованың еңбектерінде біртұтас рухани-материалдық әлемнің тұтастығы, көп деңгейлілігі, көп өлшемділігі кеңінен сипатталды.

Қазіргі таңдағы психологиялық-педагогикалық ғылымдарда жалпы рухани-адамгершілік тәрбие парадигмасы өзгерістерге ұшырады, адам тұлғасын жетілдіруге негізделген модельден биологиялық және әлеуметтік деңгейлерге, болмыстың рухани деңгейінің тіршілік етуін мойындайтын, адамды тұтастай түсіну моделіне көшу орын алды (Ш.А.Амонашвили, А.Джумсаи, В.И.Волынкин, В.П.Зинченко, Д.М.Маллаев, М.Щетинин, Е.В.Бондаревская, Т.И.Петракова және т.б.).

Ізгілік педагогикасы бойынша Мәскеу қаласында өткен (2012 ж.) «Мұғалім, мені шығармашылыққа шабыттандыр!» атты 11-ші Халықаралық педагогикалық оқулар кезіндегі өзінің баяндамасында Ш.А.Амонашвили «рухани ізгілік» ұғымын енгізудің маңыздылығына тоқталды: «Өз санамызға руханилықтың өлшемін қабылдап, соның негізінде ойлау өте маңызды. Материалистік философия ойлау негіздері ретінде үш өлшемді құптайды – уақыт, материя, кеңістік. Ұлғайған сана осы өлшемдердің алдына тағы бір өлшемді – руханилықты қояды, оның өзегі Жоғары Бастауға деген сенім болып табылады. Рухани өлшем педагогиканы даналықпен толықтырады және болашаққа бағыттайды. Педагогикадағы жаңа ұғым – бұл рухани ізгілік. Ол бүкіл білім беру жүйесі арқылы өтіп, оның негізі болуы тиіс. Руханилық, ізгілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, бейбітшілік, игілік ұғымдарының негізінде педагогикалық сананы өзгерту ғана білім берудегі кедергілерді – қоғамдағы рухсыздық пен өнегесіздікті жеңуге мүмкіндік береді» [3].

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы гуманистік педагогиканың идеясын жаппай уағыздау Ш.А. Амонашвилидің есімімен байланысты. Ол педагог, психология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Білім академиясының мүшесі, халықаралық гуманисттік педагогика орталығының президенті. Рухани-адамгершілік білім беру мен ізгілік педагогикасын ұштастыра келе ұстаздар мен ата-аналарға арналған оқыту семинарлары мен тренингтер өткізудегі шебер сыныптары көпшілік қауымға үлгі өнеге. Оның жеке авторлық еңбектерінен үнемі балаларға деген риясыз сүйіспеншілік пен баланың нәзік рухына деген сезімтал қарым-қатынасқа мән беру керектігін байқауға болады. Ш.А. Амонашвили бойынша гуманистік педагогиканың негізгі идеясы – баланың жеке мүмкіндіктерін аша отырып, жеке тұлға етіп тәрбиелеу.

Өз кезінде Г.С.Батишев педагогиканың үш типін атаған: қалыптастыру педагогикасы (авторитарлық), қабілеттіліктерін дамыту педагогикасы, кемелдендіру педагогикасы. Үш түрлі педагогиканың әрқайсысы оқушының тұлғалық табиғатын тануға бағытталып ұйымдастырылған және педагогикалық әрекеттің мақсаты мен құрылымына сәйкес ажыратылған болатын.

Осы орайда ерекше мән беретін кемелдендіру педагогикасының мақсаты оқушы мен мұғалімнің рухани-адамгершілік әлеуетін көтеру, педагогикалық қызметтің құрылымы үш өлшемді болатындығы: мұғалім ↔ оқушы ↔ рухани бастау. Г.С.Батишевтің сипаттаған кемелдендіру педагогикасы қазіргі таңда рухани-ізгілік педагогикасы деп аталынады (Ш.А.Амонашвили).

Рухани-ізгілік педагогикасының негізгі қағидалары дегеніміз бала-руханилық пен материалық деп аталатын екі табиғаттың тұтастығы, жетекшілікті Рухани табиғаты атқарады. Педагогиканың үш түріне мұғалімдердің үш түрі сәйкес келеді: авторитарлық, либералдық, ізгі.

Ізгілік педагогикасының манифесінен үзінді келтірсек (11 Педагогикалық оқулар, 2013ж).

Баланы философиялық қабылдау:

Баланың біртұтас мәні: екі табиғаттың толықтығы– рухани және материалдық, мұнда Рухани табиғат жетекші болып табылады.

1. Әрбір бала – бұл біздің өміріміздегі құбылыс. Ешбір бала кездейсоқ дүниеге келген жоқ.

2. Әрбір баланың өз міндеті, өз жолы бар.

3. Әрбір бала шексіз Рух энергиясын иеленген.

Руханилық (рухани шынайылық) **–** бұл адамшылық іс-әрекеттердің туындысы болмайтын объективті шынайылық, онтологиялық шындық, бұл барша Әлемнің және әрбір адамның бірдей, универсалды мәні. Барша Әлемде Рухани шынайылық өмір, қозғалыс, даму, реттілік, үйлесім ретінде көрініс береді және адамзаттың жиынтық санасында жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде көрінеді. Адамның өз болмысының рухани деңгейін түйсіну дәрежесі әртүрлі. Сондықтан адамшылыққа тән бірегейліктің мәні, тек адам ғана өз ақыл-ойын пайдаланып, өзінің рухани табиғатын және барша Әлеммен мәндік туыстығын түйсіне алады. Өзін рухани мән ретінде түйсініп, адам рухани-адамгершілік қайта өзгеру жолын бастайды. Басқаша айтқанда, руханилық **–** бұл тұлғаның ұмтылатын ең биігі, соңғысы, жоғарғысы болмақ.

Руханилық адамшылық ұмтылыстардың мәні, оның жанының бағыттылығы, таңдаған мақсатына ұмтылысы (құндылықтарға). Сосын «адам», орысша «человек» деген сөз екі түбірден тұрады «чело» және «век». Чело – бұл келбет, тұлға, ал век – бұл мәңгілік, яғни «адам» сөзінің мәнін мәңгілік көрінісі бейнеленетін тұлға деп түсінуіміз қажет. Егер ассоциативтік қатарды жалғастырсақ, онда адам – бұл шексіздік көрінісі бейнеленетін шек болып табылады.

Осы тұста Қазақстанның философиялық мектептерінің өкілдері А.Д.Нысанбаев, А.Г.Косиченко, Г.Г.Соловьева және басқалардың: «рухтылық адамның өмірлік іс-әрекеті формасынан туындамайды, ол адамның барлық іс-әрекетіне дейін бар; ...рухтылық әлемнен шығарылмайды, алайда пендешілік болмыс қандай да бір рухани роль атқарады; білім мен даналық руханилықты басшылыққа алады. ...Даналықты сүюші ретіндегі философтар адамның материалдық және рухани құрамдастарының ара жігінің ажырату фактісін белгілеу емес, алайда рух пен материяны, болмыс пен мағынаны, нағыз бен лайықтыны біріктіру ісін іске асыру; адамның барша болмысы рухтанған және адамның барлық өмірі рухтанған...» деген зерттеулерін атағанымыз жөн [4].

Егер руханилық жоғарғыны, тұлғаның ішкі ұмтылыстарын сипаттаса, онда адамгершілік оның сыртқы байланыстар сферасы: өз кезегінде *ізгілікпен* байланысты адамдар мен қоғамның қатынастарын сипаттайды.

Ізгілік – адамгершіліктің жалпыадамзаттық бірден бір маңызды нормасы. Оның қалыптасуынсыз неғұрлым күрделі адамгершіліктік, азаматтық қасиеттерінің жасалуы туралы сөз қозғау мүмкін емес. Ізгіліктің ішкі мазмұны, қайнар көзі, өз кезегінде аксиологиялық ғылымдардың негізгі объектісі болатын жалпыадамзаттық құндылықтармен және мәндермен байланысты руханилық болып табылады. Оқытудың ізгіліктік бағыттылығы негізгі компоненті жүйеленген білім, білік және дағдыларды иеленуге бағдарлау болатын тәрбиенің мақсаты туралы дәстүрлі түсінікті өзгертеді. Оқыту үдерісінің қазіргі жағдайында оқушы тұлғасына, оның рухани-адамгершілік білімімен қатар эстетикалық талғамдарын және физикалық жақтарын дамытуға бағдарлану маңызды екеніне тәжірибе барысында көз жеткіздік. Бұл оқытудың негізіне қалыптастыруды тіпті, тәрбиелеуді емес, адамның рухани-адамгершілік бастауын дамытуды қолдауды мақсат тұтатын тұлғалық-бағдарлық тұрғы жатуы тиіс екенін айқындап берді.

Тұжырымдай келе рухани-адамгершілік білім – бұл білім мазмұнына оқушылардың жоғарғы рухани-адамгершілік болмысын ашуға және толық адам болып қалыптасуына ықпал ететін жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы оларды белсенді оқу-танымдық әрекетке ынталандыруды және оны ұйымдастыруды, сол сияқты ойы, сөзі және ісі бір жерден шығатын кемел мінезді адам тәрбиелеуді мақсат ететін педагогикалық үдеріс.

Рухани-адамгершілік білім беру «оқушы-мұғалім» өзара қарым-қатынасына негізделген, онда тек оқушыда ғана емес, өзіндік рухани ізденіс субъектісі ретінде мұғалімнің өзінде де өзгеру жүруі керек. Мұғалім өзінің жеке басының оқушыларға үлгі көрсетуі арқылы және олардың рухани-адамгершілік дамуына жағдай жасай отырып, шабыттандырады, ынталандырады – бұл рухани-адамгершілік білім беретін өзін-өзі тануды оқыту әдістемесінің негізі болып табылады.

Руханилықты жаңғырту негізгі педагогикалық ұғымдарға өзінің киелі мазмұнын қайтаруға көмектеседі. Ізгілік педагогикасының манифесінде әр педагог үшін шабыттандырушы шоқжұлдыз болып табылатын қасиетті ұғымдар берілген болатын.

Педагогика және психологияның көптеген оқулықтарында шығармашылық бар. Алайда, шабыт жоқ! Шабыт, басқаша айтқанда – Жаңаны шығару. Шабыт – бұл не деген мистикалық көңіл-күй? Шабыт қайдан келеді? Материалдық өмірден шабыт келмейді. Егер жанды, жасаушы бастау болмаса, онда шабыт та жоқ. Адам шабыттанғанда неғұрлым жоғары әлемге көтеріледі. ол үшін ұсақ-түйектердің мәні жоқ. Ол сыйсияпат күтпестен жасап шығарады. Ол қағазбен емес, жүректен айтады. Егер адам асқақ ойласа,

онда оған міндетті түрде шабыт келеді. Кейде шабыт келеді және кетеді. Алайда, біз шабытпен өмір сүруге үйренеміз. Біз әрдайым шабытпен өмір сүреміз, және біз осыған үйренуіміз керек! Шабыт басқа жақтан емес, «Мен өзім қалаймын» сияқты іштен келеді. Балалар әрдайым шабытты. Олар шабыттана ішіп-жейді, шабыттана ойнайды, тіпті шабыттана төбелеседі, шынайы, бар жүрегімен.

Шабытты адам – бұл адамзат үшін бақыт. Шабыт ұшқыны субъективті, олар тек қана біз үшін. Әркімнің өз міндеті, өз парызы бар, - деп Ш.Амонашвили айтқан болатын. Яғни, шабыттану – жан дүниенің шаттығы деп тұжырымдасақ.

Міне, осындай шабытты шығармашылықпен дәріс берген п.ғ.к., доцент Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ұлағатты ұстазы Байдыбекова Ерке Ізбасаровна туралы зор мақтанышпен айта аламыз.

Елбасымыз Н. Назарбаев халқымыздың болашағы туралы тереңнен толғай келе, «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар - біздің ұлтымыздың болашақ айнасы» дегені мәлім. Олай болса, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз – баға жетпес биік тұлға. Ұстаз! Осынау сөзде қаншама мән – мағына жатыр десеңізші! Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз!

Ұстаздық ұлы қасиет. Бүгінде қазақ зиялы қауымының көрнекті және ардагер ұстазы, ғалым ана өз еңбек жолында халықтың қоғамдық өміріне белсене араласқан, аталған мекемеде ұзақ жылдар бойы жауапты қызметтер атқарған кемел тұлға ретінде әр шәкіртінің есінде зор құрметпен сыйлы Байдыбекова Ерке Ізбасаровна 75 жасқа толып отыр. Ардагер ұстазымызға ғылыми қызметі барысында бастауыш педагогикасы мен әдістемесі ғылымының – жас өскелең ұрпақты тәрбиелеу, білім беру және оқыту мәселесіндегі педагогика ғылымының өзекті мәселелерін шешумен тікелей байланысты болған ерен еңбегі үшін алғысымыз шексіз.

Қазақстанның білім беру саласын ізгілендіруде ұстаздар қатарының ұлғаюына қосқан жеке үлесіңіз ерекше. Әр шәкіртке баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату, танымдық күшін дамыту, білімін жетілдіруге жағдай жасауды үйрете отырып, гуманистік педагогиканың негізгі қағидаларын үйреттіңіз, өмірде сәулелі нұрлы жолды таңдауға бізге бағыт бердіңіз.

Сөз соңында Сіздің сол кездегі шәкірттеріңізге Шалва Александрович Амонашвили еңбектері және оның негізгі идеясы туралы берген дәрістеріңіз қазіргі таңда жалғасын тауып, тәжірибеде жүзеге асып отыр. Сонымен қатар заманауи үлкен классикалық педагогиканың негізі болып саналатынына да жол сілтеп, дәлелдеп бердіңіз.

Оның дәлелі педагог қауымның бүгінгі күнге дейін оның жаңашыл педагог ретіндегі идеялары педагогиканың фундаменталдық негізі екендігіне еш күмән жоқ. Қазіргі уақытта педагогикалық іс-тәжірибеде оқушыға эмпатиялық қатынас орнату, эмоционалдық интеллект, баланың психологиялық дара ерекшеліктері және тұлғалық дамыту идеялары кең қолданыс тауып келеді.

Педагогикадағы гуманизм қазіргі қоғамның сұранысына айналып отыр. Себебі, Ш.А. Амонашвили идеясымен түсіндірсек, бүгінгі қоғам оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін аша отырып, тәрбиелеу мен дамытуды, оның жүрегіне жол табуды, танымдық күшін дамыту мен қалыптастыруды, білім мен қабілетті тереңдететін және кеңейтетін жағдайлар жасауды, өзін-өзі тәрбиелеуді мақсат етеді.

Құрметті Ерке Ізбасаровна! Сізді 75 жасқа толған мерейлі тойыңызбен шын жүрекпен құттықтаймыз! Еліміз Сізді аса көрнекті ғалым, ойзердесі терең қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, ғылыми тәлімгер ретінде біледі және сыйлайды. Сіздің ғылым жолындағы ғибратты өміріңіз бүгінгі ұрпаққа өнеге. Алдағы уақытта да Елбасы ұсынған рухани жаңғыруға өз үлесіңізді қоса беруге тілектестігімізді білдіреміз!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка 80000 слов и физиологических выражений / Российская АН.; Российский фонд культуры. – М.: АЗЪ,1999. – 928 с.

2. Кожевников А.Ю., Линдберг Т. Б. Афоризмы античных мудрецов. – М. : ОЛМА Медиа групп, 2010. – 60 с.

3. Манифест гуманной педагогики. - Бушети, 2011.

4.Философия в духовном развитии человека на пороге третьего тысячелетия: нип / науч.рук. Косиченко А. Г., Институт философии и политологии МОН РК. – Алматы, 2002.

ӘОЖ 372.8
МРНТИ 14.07.07

АХАТАЕВА Ұ. Б.,
PhD докторант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан
E-mail: ulsana_a@mail.ru

РҮСТЕМБЕК Ә.
бастауыш сынып мұғалімі,
Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы,
Шымкент қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУҒА ДАЯРЛАУ

Түйін. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесінің теориялық және әдіснамалық негіздері баяндалады, зерттеушілік іс-әрекетінің мәні мен құрылымы ашылады. Әдебиеттерді талдау негізінде автор болашақ педагогтерді бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін, оның ішінде зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырудың мақсаттары, міндеттері, принциптері, педагогикалық технологиялары мен тұғырлары; болашақ педагогтерді бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру деңгейлері мен критерийлері әзірленді.

Түйін сөздер: зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру, педагогтерді даярлау, оқу процесі, педагогикалық принцип.

Резюме. В данной статье раскрываются теоретические и методологические основы подготовки начальных классов к развитию исследовательской деятельности, раскрывается сущность и структура исследовательской деятельности. На основе анализа литературы автор представляет структурно-содержательную модель подготовки будущих педагогов к формированию исследовательской деятельности начальных классов, в том числе цели, задачи, принципы организации исследовательской деятельности, педагогические технологии и принципы; разработаны критерии и уровни формирования исследовательской деятельности будущих педагогов начальных классов.

Ключевые слова: организация исследовательской деятельности, подготовка педагогов, учебный процесс, педагогический принцип.

Summary. This article reveals the theoretical and methodological foundations of preparing primary classes for the development of research activities, reveals the essence and structure of research activities. Based on the analysis of the literature, the author presents a structural and content model for preparing future teachers for the formation of research activities in primary classes, including goals, objectives, principles of organizing research activities, pedagogical technologies and principles.; criteria and levels of formation of research activity of future primary school teachers are developed.

Keywords: organization of research activities, training of teachers, educational process, pedagogical principle.

Қазіргі таңда қоғамдағы қарқынды өзгерістер бүгінгі заман тұлғасынан шығармашылықпен ойлауға қабілетті, өзіндік пікірі мен бастамашылдық сияқты жаңа сапалардың болуын талап етеді. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында маман даярлауда оларды дамыту ғана емес, сонымен бірге қазіргі қоғамның интеллектуалдық әлеуетін сақтап қалуға ықпалын тигізетінін түсіну қиын емес. Елімізде қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2025-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту, - деп көрсетілген [1, 46.]. Аталған мақсаттарды жүзеге асырудың көзі жоғары оқу орнында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау болып табылады.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруға даярлау мәселесі бүгінгі қоғам сұранысының қажеттігін өтеуден туындайды. Ол үшін болашақ мамандар зерттеу мәселелерін шешу деңгейлерін жетік меңгеруі тиіс. Олар: мәселені таңдау, оның мақсаты мен міндеттерін анықтау, оны шешу әдіс-тәсілдерін қарастыру, таңдап алынған әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру, тәжірибелік-эксперимент жүргізу, жаңа нәтижеге қол жеткізу.

Жоғары оқу орнында мамандар даярлауда оқытылатын пәндердің ішінен зерттеу тақырыбымызға тікелей жақын «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» мен «Дүниетануды оқыту әдістемесі» пәндеріне талдау жасауды жөн көрдік. Ондағы мақсат болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда аталған пәндердің алатын орны қандай екенін айқындау болды.

«Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» мен «Дүниетануды оқыту әдістемесі» студенттердің жаратылыстану мен дүниетану негіздерінен меңгерген теориялық білімдері оларға бастауыш сыныптардағы жаратылыстану мен дүниетануды оқыту барысында өсімдік пен жануарлардың тіршілік әрекеті мен олардың тіршілік қажеттіліктерін ұғындыру барысында оқушыларға дүниенің біртұтастығы туралы ғылыми ұғым берулеріне негіз болады. Сонымен қатар, аталған әдістемелерде оқытудың инновациялық технологияларын практикада қолдануымен, оқушылардың табиғатпен әсерлесуінің экологиялық, денсаулық сақтау тәсілдерін меңгеру дайындығымен сипатталатыны айқындалды.

Зерттеу тақырыбымыз бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетімен байланысты болғандықтан бастауыш білім берудің стандарты мен оқу бағдарламасын «жаратылыстану» пәні бойынша талдаймыз.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: жұмысымызда негізге алынатын пән туралы: «Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады [2]. «Жаратылыстану» пәнінің мазмұны «Адам – Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл оқу пәні білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған.

Пәннің мазмұны «қарапайымнан күрделіге қарай, таныстан таныс емеске қарай» принципі бойынша құрастырылған. Жанды және жансыз табиғаттың құбылыстары мен процестерінің өзара байланыстарының себебін ұғыну және түсіну, қоршаған ортаның көптүрлілігі мен күрделілігін саналы аңғару білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді. «Жаратылыстану» оқу пәні – білім берудің кейінгі деңгейлерінде дербес пән ретінде оқылатын «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерін оқып-меңгеруге жол бастайтын, сондай-ақ білімнің барлық салаларында маңызды орын алатын зерттеу дағдыларының іргетасын қалайтыны, - нақты көрсетілген.

Зерттеу мәселесіне байланысты әдебиеттер мен құжаттарды талдау болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми-зерттеу әрекетіне даярлау үдерісінде бірқатар кемшіліктердің барын анықтады:

– «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы тек бітіруші курс студенттерінің ғана зерттеушілік білігін дамытуға мүмкіндік береді;

– ЖОО-нда төменгі курс студенттерін ғылыми-зерттеу әрекетіне біртіндеп тарту жүйесінің жоқтығы;

– ғылыми-зерттеу әрекетіне дәстүрлі түрде тек жоғары курс студенттерін тарту олардың ғылыми-зерттеу әрекетіне берік біліктің қалыптасуына мүмкіндік бермейді, төменгі курс студенттерінің ғылыми-зерттеу әлеуетіне дұрыс баға берілмейтіні айқындалды.

Жоғары оқу орны мен бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің мазмұнын талдау бізге «Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» атты элективті курс бағдарламасын даярлауға негіз болды.

«Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» элективті курс бағдарламасы болашақ мамандарға ғылыми жаратылыстану негіздерінен теориялық және әдістемелік білімін тереңдетіп, олардың педагогикалық мәдениетін, әдістемелік шеберлігін дамытуды, бастауыш сыныптарда бұл пәндерді оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруды мақсат етіп қояды.

Курстың мақсаты:

- теориялық және әдістемелік тұрғыдан кәсіптік құзыреттіліктері қалыптасқан, бастауыш сыныпта «Бастауыш сыныптарда оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту әдістемесі» элективті курсын оқытуда қазіргі таңдағы білім беру саласына қойылып отырған талаптарды орындай алатын, сабақты жаңаша құруға дайын, зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыратын, жаңа типтегі маман дайындау.

Курсты оқыту міндеттері:

- студенттерді бастауыш сыныптарда жаратылыстану ғылымдарын оқыту мәселесіне теориялық және әдістемелік еңбектермен таныстыру;

- студенттерді жаратылыстану пәндерін оқытудың жолдары, формалары мен әдістерін меңгертіп, ол білімдері мен біліктерін бастауыш сынып оқушыларымен зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда қолдана білуге дайындау;

- студенттерді бастауыш сыныпытардың жаратылыстану пәндерінінің жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнымен таныстырып, білім беру барысында бағдарлама талаптарын орындаудың жолдарын меңгерту;

- студенттерді бастауыш сыныптардың жаратылыстану пәнінінің жаңартылған білім беру мазмұны бойынша дайындалған оқулықтарымен таныстырып, оқулықпен жұмыс жасау кезінде оның теориялық, эстетикалық, әдістемелік бөлімдерінің байланысын қамтамасыз етуге

жаттықтыру;

- студенттерге бастауыш сыныптардағы «Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» элективті курсының өзіндік ерекшеліктеріне сай сабақтарды жаңаша ұйымдастырудың жолдарын меңгертіп, сабақта инновациялық технологиялар қолданып, оқушыларда дүниенің біртұтастығы туралы ғылыми ұғым қалыптастырып, дағдыларын дамыту;

- «Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» элективті курсы бойынша бастауыш сыныпта берілетін білім негізінде оқушылардың шығармашылығын, зерттеушілігін қалыптастыру жолдарын меңгерту;

- жаратылыстану пәні бойынша мектеп үлескісіндегі және табиғат мүйісіндегі тәжірибелік сабақтар мен сыныптан тыс зерттеушілік жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерді меңгерту;

- мектеп үлескісін жоспарлау және табиғат мүйісін құру жолдарын меңгерту;

Студенттерге арналған арнайы курс бағдарламасы 2 кредитке сәйкес келеді. «Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» бойынша сабақты өткізу кезінде «Педагогика», «Педагогикалық зерттеу әдістемесі», «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі», «Дүниетануды оқыту әдістемесі», «Математиканы оқыту әдістемесі» т.б. пәндерді оқыту барысында меңгерген білімдеріне негізделеді.

Зерттеу жұмысымыз бойынша, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау жағдайында зерттеушілік іс-әрекеттер кезеңдер бойынша ұйымдастырылды.

Бірінші кезеңде зерттеушілік әрекеттің ерекшеліктерімен, мазмұнымен және құрылымымен алғашқы таныстыру жүзеге асырылады, оң мотивация дамиды, ақпараттармен жұмыс жасау білігі қалыптасады.

1 және 2-курс студенттерімен жұмыс жүйесі дәріс және семинар сабақтарында зерттеушілік біліктеріне үйретуден тұрады, осы сабақтарды олар төмендегідей тапсырма түрлерін орындайды:

– *ақпараттық:* әдеби түпдеректерден алынған ақпараттарды іріктеу, өңдеу және таныстыру; ақпараттарды жалпылау; ақпараттарды жүйелеу және жіктемелеу; ұғымдармен жұмыс; ақпаратты құрылымдау; әртүрлі түпдеректерден ақпараттарды іздестіру;

– *мәселелік:* қарама-қайшылықтарды анықтау және шешу; тапсырмаларды жіктемелеу және іріктеу; есептер құрастыру және оларды шешу;

– *эксперименталды:* сыныптағы ахуал, тұрмыс жағдайын, табиғатты бақылау; эксперименттік міндеттерді шешу; жаңа білім алу үшін эксперименталды сабақтар өткізу; алынған білімді тәжірибеде қолдануды көрсетіп беру үшін эксперимент жүргізу.

Семинар сабақтарына дайындалу барысында студенттер өздіктерінен оқу және қосымша әдебиеттермен жұмыс жасайды: библиографиялық тізім жасайды, зерттеу мәселесіне немесе реферат (баяндама) дайындау үшін әдебиеттерді іріктейді; зерттеу мәселесі бойынша айтылған ғалымдардың әр түрлі пікірлеріне талдаулар жасайды, мәселелік жағдаяттарды шешудің түрлі нұсқаларын іздестіреді.

Студенттер мәселелер бойынша пікірталастарға қатыстырылады, ғылыми мақалаларға конспект жасайды, сызбалар мен кестелер құрайды; өз беттерімен микрозерттеулерінің мақсатын, міндеттері мен барысын анықтайды және тұжырымдайды; бағалау критерийлерін дайындайды; ғылыми бақылау, сұрау, сауалнама жүргізуді жүзеге асырады; есеп түрінде зерттеу нәтижесін рәсімдейді.

Зерттеушілік әрекет пәнаралық және пәнішілік байланыстарды кең ауқымда қолданыла отырып, студенттердің өздік жұмыстарының барлық түрлерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, сонымен бірге, оқу материалының ақпараттық сыйымдылығы мен жүйелілігін қамтамасыз етеді, оқытуды дараландырады, студенттерде үздіксіз өздігінен оқуға деген қажеттіліктерін тәрбиелейді.

Екінші кезеңде студенттер микро зерттеулер жүргізеді, әр түрлі бағыттағы кішігірім жобалармен жұмыс жасайды, білім берудің нақты бір мәселесі айналасында теориялық және эмпирикалық әдістерді пайдалануға үйренеді, педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері жайлы білім қалыптасатын «Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау» элективті курсын оқып үйренеді. Олар ғылыми-зерттеу элементтерімен танысады, білім беру ұйымдарында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын өткізуге, зерттеудің негізгі компоненттерін сипаттауға, библиографиялық тізімді дұрыс жасауға үйренеді. Алынған білікті тәжірибеде қолданудың негізі курстық жұмыс пен зерттеушілік жобасын дайындау болып табылады. Бұл кезеңде зерттеушілік іс-әрекетінің қалыптасуы жүзеге асады.

Үшінші кезеңде студенттердің зерттеушілік іс--әрекеті бітіруші біліктілік жұмысын даярлау аясында яғни диплом жұмысын жазуда жалғасады. Бұл кезеңде студенттер білім беру ұйымдарында тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізу бағдарламасын дайындауды, диагностикалық әдістемені іріктеуді жүзеге асырады, дипломалды практика кезінде мектепте зерттеушілік жұмыс жүргізеді.

Студенттер тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүзеге асырудың нәтижесінде алынған мәліметтерді математикалық өңдеу мен түсінді-

руді жүзеге асырады, қорытынды жасайды және мұғалімдер мен ата-аналарға арналған нұсқаулықтар дайындайды, біліктілік жұмысының мәтінін жазады.

Сонымен бірге, студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың тиімді әдістерінің бірі олардың студенттердің ғылыми-зерттеу конференцияларына, педагогикалық оқуларға, оқу-практикалық семинарларға қатысу болып табылады, бұл өз кезегінде дара зерттеушілік әрекетіне өзіндік баға беруді және әлеуметтік серіктес (ЖОО оқытушылары, қала мектептерінің мұғалімдері мен әкімшілік мүшелері) тарапынан сараптамалық баға алуға мүмкіндік береді.

Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру үдерісінің аса маңызды құраушыларының бірі олардың тұрақты және уақытша құрылған шығармашылық ұжымға қатысуы болып табылады. Тұрақты және уақытша құрылған шығармашылық ұжымдар – өзара бірлескен шығармашылықпен айналысуға қызығушылықтары бар педагогтар мен студенттердің ерікті кәсіби бірлестігі.

Шығармашылық лаборатория (ШЛ) немесе уақытша шығармашылық ұжым (УШҰ) даму режимінде жұмыс жасайтын педагогикалық ұжым жұмысының аса маңызды формаларының бірі болып табылады. Шығармашылық лаборатория қандай да бір оқу міндетін шешу үшін құрылады. Студенттердің уақытша шығармашылық ұжымдар жұмысына қатысуы олардың әрекетін, оқытушылар мен студенттер арасындағы бірлескен жұмысты ұйымдастыруды, шығармашылық әлеуетін оңтайландыруды, өзін-өзі реттеуді белсендіреді. Уақытша шығармашылық ұжымы бір пәнді немесе ұқсас пәндерді жүргізетін мұғалімдерді біріктіреді, қойылған міндеттерге байланысты бір немесе бірнеше кафедралар ішінде бір немесе бірнеше жылға құрылады.

Студенттердің ғылыми қоғамы (СҒҚ) студенттердің ерікті бірлестігі болып табылады, мұнда олар оқытушының жетекшілігімен сабақтан тыс ғылыми-қолданбалы және зерттеушілік әрекетке белсенді түрде қатысады. СҒҚ ұйымының негізгі мақсаты мамандарды ғылыми даярлау деңгейін көтеру, ғылыми әрекетке икемі бар талантты студенттерді анықтау және ғылыми жұмысқа тарту болып табылады.

Конкурстарда, конференцияларда, пәндік олимпиадаларда, зерттеушілік жобаларына қатысу зерттеушілік сапаларын дамытуға алғышарт болып табылады. Студенттердің біртіндеп жинаған тәжірибесі, яғни реферат жазуға дайындалу кезеңінен бастап, өз бетімен тәжірибелік-эксперимент жұмыстарын жүргізуге дейінгі жинаған тәжірибесі кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің когнитивті және операционалдық-әрекеттік компоненттерін қалыптастырады.

Әр бітіруші түлектің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасқандық деңгейі қорытынды мемлекеттік аттестация кезінде көрінеді. Осылайша, студенттердің зерттеушілік білігі мен құзыреттілігі ЖОО-ындағы алғашқы күнінен бастап қалыптасып, болашақ маманның барлық іс-әрекетін қамти отырып, барлық оқу курстары бойында жалғасын табады. Осындай дайындықтан өткеннен кейін болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруға педагогикалық практикалар барысында іске асыруға мүмкіндік туғызылды.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Жаратылыстану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдау жасалып төмендегілер анықталды. Оқу бағдарламасында «Мен – зерттеушімін» деген бөлім беріліп, онда «Ғылым мен зерттеушілердің рөлі» және «Табиғатты тану әдістері» бөлімшелер қамтылған [3]. Аталған бөлімге 1 сыныпта – 5 сағат, 2 сыныпта – 4 сағат, 3 сыныпта – 9 сағат, 4 сыныпта – 8 сағат бөлінген. Оқу бағдарламасына жасаған талдау көрсеткендей біздің зерттеу жұмысымыз үшін бөлінген сағат саны: - 8 сағат, аз болғандықтан тақырыбымыз бойынша элективті курс бағдарламасын әзірледік. Бұл жерде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға арналған тақырыптары сәйкес пән ретінде «Жаратылыстану» саласы бойынша өзіміз арнайы дайындаған «Мені қоршаған орта» атты элективті курс ұйымдастырылды.

«Мені қоршаған орта» элективті курсы
4-сыныпқа арналған
Аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат
Түсініктеме пән мазмұны

Қай заманда болмасын бала тұлғасының қалыптауына аса зор мән берілетін ұлтымыз үшін қоршаған дүниеден білім беру ерекше орынға ие. Айналадағы қоршаған ортада объектілер мен табиғи құбылыстар туралы білімді дамыту; адам әсерінен қоршаған ортадағы өзгерістер; дүниетанымдық міндеттерді шешу үдерісінде интеллектуалдық және шығармашылық сипаттағы қабілеттерін, зерттеуге қызығушылығын дамыту; табиғатқа жағымды эмоционалдық және құндылық қатынасты орнату білім беру міндеті «Мені қоршаған орта» элективті курсына жүктеледі.

Пән бойынша ұсынылған бағдарламада өсімдіктер мен жануарлар, адам, заттар және олардың қасиеттері, жер және ғырыш, күш және қозғалыс, табиғат физикасы ақырыптарын қамти отырып заттар мен табиғи құбылыстар алуан түрлілігін түсіну, табиғатын зерттеу, белгілі бір әдістер, тірі жасушалардың құрылымы (негізгі бөлігі); табиғат патшалықтар (тізім, өкілдер мысалдар беруге); мекендейтін организмдердің ерекшелігін, жердің ең маңызды табиғи аумақтарын, салауатты өмір салтын және экологиялық проблемаларды факторларды терең меңгеру, ауданның ең таралған өсімдіктер мен жануарлар тану қабілеті; мекендейтін жағдайла-

рына физикалық құбылыстарды, заттарды құбылыстар трансформация, мал бейімдеу мысалдар беруге, табиғи тілде зерттей білім құзыреттілігін қалыптастыру.

Аталған курс бағдарламасында зерттеушілік іс-әрекет шығармашылықтың бір түрі болғандықтан, бастауыш білім беру стандартында көрсетілген еңбек пен шығармашылық құндылықтарын қалыптастыру көзделеді. Бастауыш сыныпта оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда болашақ мамандар оқушылардың алдына мәселелік деңгейі жоғары зерттеу тапсырмаларын береді. Оқушылар зерттеу тапсырмасы бойынша алғашқы мәліметтерді жинақтау, суреттеу, талдау, саралау сияқты практикалық жұмыстарын жүргізеді. Жиналған мәліметтердің арасындағы қарама-қайшылықтар туындаған соң, оны шешу барысында зерттеушілік іс-әрекеті туындайды.

Оқушылардың оқу-танымдық, ізденушілік дағдысының сипаты түрліше танымдық тапсырма шартымен және оның оқушылардың алдына қойылу әдісімен анықталады, ал ол дағдының қалыптасу деңгейі оқушылардың ұсынылған тапсырманы орындау барысында көрінеді. Оқыту үдерісінде оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруда зерттеушілік тапсырмалардың жүйесі ұсынылады. Ғылымдағы барлық нәтижелер зерттеушілік қызмет үдерісінде жарық көреді. Онсыз ешқандай да ғылыми жетістіктер - эмпирикалық немесе теориялық ашулар, заңдылықтарды оқып білу және қалыптастыру, теория мен болжамды құру т.б. болуы мүмкін емес.

Бағдарламада берілген тақырыптар бастауыш сыныптан бастап оқушыларды ізденушілікке баулыса, кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйретеді. «Мені қоршаған орта» курсы оқушылардың белсенділігі, зерттеу жұмысына деген қызығушылығы мен ізденушілігін арттыруға бағыттайды. Бастауыш сыныпта баланың зерттеушілік қабілетін дамытуда аталған элективті курстың білім мазмұны маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, зерттеу тақырыбымызға байланысты элективті курс бойынша тапсырмалар жүйесін дайындап ұсындық**.**

Тақырыбы: Өсімдік тамырлары

Тапсырма 1. Суретте гүлденген өсімдік бейнеленген. Өсімдіктің бөліктері сандармен белгіленген.



Төменде көрсетілген кестеге өсімдіктің әр бөлігін және олардың міндетін сипатта.

Нөмірі	Өсімдіктің бөлігінің атауы	Өсімдіктің бұл бөліктерінің міндеттері
1		
2		
3		
4		

Тапсырманың *мақсаты:*

- оқушының қиялын, ой-өрісін дамыту;
- қиялындағы нәрсені көзіне елестету арқылы, шығармашылық қабілетін дамыту;
- зерттеушілік іс-әрекетке баулу;
- қоршаған ортаның сурет өнерімен байланысын көрсету;
- есте сақтау қабілетін дамыту;

Тапсырманы орындау *нәтижесінде* оқушы:

- сабаққа ынтасы артты, сурет бойынша тірек сөздерді анықтап үйренді;
- сурет бойынша өсімдік бөліктерінің қызметін сипаттап үйренді;
- зерттеушілік іс-әрекеті дамыды.

Тақырыбы: Заттар және олардың қасиеттері

Тапсырма 1. Төменде көрсетілген заттың қайсысы электр қуатын өткізеді?

Әрбір заттың тұсында бір шеңберді белгіле.

		Электр қуатын өткізеді	
		Иә	Жоқ
	ағаш қасық	_____a	_____b
	пластик тарақ	_____a	_____b
	күміс алқа	_____a	_____b
	резеңке доп	_____a	_____b
	темір кілт	_____a	_____b

Тапсырманың *мақсаты:*
- оқушының ойлау қабілетін дамыту;
- зерттеушілік іс-әрекетке баулу;
- заттардың қасиеттерін анықтау;
- есте сақтау қабілетін дамыту;

Тапсырманы орындау *нәтижесінде* оқушы:
- сурет бойынша заттардың қасиеттерін анықтап үйренді;
- зерттеушілік іс-әрекеті дамыды.

Бұл бағдарламаны басшылыққа алудағы болашақ маманның басты міндеті оқушылардың қоршаған ортаны танып білудегі, табиғаттың тылсым сырларын ізденімпаздықпен зерттей білуге үйрету. Аталған курс бастауыш сыныпта оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту арқылы интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамытуды көздейді.

Зерттеудің міндетіне сәйкес әзірленіп, жоғары оқу орынында оқыту үдерісінде тәжірибеден өткен *«Болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау»* арнайы курсының мазмұны оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға арналған бастауыштың 4 сыныбына «Мені қоршаған орта» атты элективті пәннің бағдарламасын қосымша даярлап, практика барысында жүзеге асырды, Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруға даярлығы оқушылардың зерттеу жұмысының түрлерін орындауға деген қажеттілігін өтеуге мүмкіндік туғызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, №988 Жарлығы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988

2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

3. «Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2018. – 34 б.

УДК 378.147:37.012.2
П 71

АХМЕТОВ С.И.,
3 курс докторанты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қаласы

ПРИМКУЛОВА Г.Ж.
т.ғ.к., доцент,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қаласы

ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ГЕНЕЗИСІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Түйін. Бұл мақалада ұлттық білім беру кезеңдеріне шолу жасалып, білімнің генезисі, оның өткені мен бүгінгі жағдайы қарастырылады. Сонымен қатар, білім беру саласына енгізілген үлкен өзгерістер, қабылданған жаңа бағдарламалар, инновациялық білім берудің ерекшеліктері туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: білім беру саясаты, мұсылманша білім алу, жәдидшілдік, аккредиттеу, білім сапасы, модернизация.

Резюме. В данной статье дается обзор этапов национального образования, рассматривается генезис образования, его прошлое и настоящее. Также излагается о масштабных изменениях в сфере образования, принятых новых программах, особенностях инновационного образования.

Ключевые слова: образовательная политика, мусульманское образование, жадидизм, аккредитация, качество образования, модернизация.

Summary. This article provides an overview of the stages of national education, examines the genesis of education, its past and present. It also describes the large-scale changes in the field of education, the new programs adopted, and the features of innovative education.

Keywords: educational policy, muslim education, jadidism, accreditation, quality of education, modernization.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» халыққа Жолдауы, «Мәдени мұра» және «Рухан жаңғыру» бағдарламаларының негізінде жоғары білім беруде білікті маман даярлау үшін алдына қойған мақсаттары мен міндеттері терең талқыланды.

Білім беру саясатының қағидалары негізінде еліміздің білімін дамытуға шет елдердің білім беру саясатының маңыздылығын көрсету және бағалау дағдыларын қалыптастырады. Білім беру саясатының түрлері жайлы білімдерін кеңейту, әлеуметтік саясат пен білім беру саясатының өзара байланысын түсіндіру, білім беру саясатының теориялары мен модельдері жайлы ақпаратпен таныстырады.

Сонымен бірге, ұлттық тарихтың оқиғалары туралы ғылыми дәлелденген фактілер негізінде міндетті толық білім беруге, тарихи-мәдени дамудың үздіксіздігі мен сабақтастығы, рухани мұрагерліктің терең тамырларын, бұрынғы ұрпақтың қажырлы еңбегін көрсетуге бағытталады.

Қазіргі білім берудің қалыптасуының ұзақ тарихы бар екені сөзсіз. Сол тарихты тану, оның тарихи даму кезеңдерін білу заңды қажеттілік. Өз кезеңінде білімнің генезисіне, оның өткені мен бүгінгі болашағына, басқаша айтқанда, білім философиясына негіздемей ұлттық біліміміз де толық болмайды деген сөз.

XIX-XX ғасырлардың бас кезінде Қазақстанда халыққа білім беру ісі екі: діни және зайырлы бағытта жүргізілді. XIX ғасырдың орта кезіне дейін қазақ балалары мектептер мен медреселерде мұсылманша білім алды.

19 ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесін үшке бөліп қарайды:

1) қадым мектептері - мұсылмандық дәстүрге негізделген діни мектептер;

2) орыс-қазақ мектептері;

3) жәдит мектептері - әр түрлі ғылым салаларын оқытатын жаңашыл бағыттағы мұсылмандық мектептер.

Қазақ халқы ерте заманнан-ақ білімді де сауатты болуға ұмтылған, надандық пен топастықты әжуа етіп, күлкіге айналдырған. Әрбір ата-ана баласына әдептілікті үйреткен, сауатты да білімді болуға баулыған. Жаңа әдістемелік мектептерде білімді де білікті мұғалімдер сабақ берді, оларда қажетті оқу құралдары мен жабдықтары жеткілікті болды. Оның үстіне, оқыту әдістемесі де әлдеқайда тиімді еді Қазақстандағы ең алғашқы жаңа әдістемелік мектеп 1900 жылы Түркістан қаласында ашылды.

Ресей империясының қол астында отарлық тауқыметін тартып, білім беру жүйесі артта қалған түркі тілдес халықтардың өміріне ерекше серпіліс әкелген ағым жәдидшілдік еді. Оның бастау көзінде И.Гаспыралы тұрды.

Түркі тілдес мұсылман халықтарының арасында ағартушылық жұмысын жүргізуді көздеген И.Гаспыралы ендігі жерде ағартудың басты негізі болып табылатын оқу ісін де жолға қоюға ұйғарым жасады. Ол алдымен мұсылмандық білім беру орындарының не себепті артта қалғанына баса мән берді. Соның негізінде мұсылмандық оқу орындарының заман көшіне ілісе алмауының екі себебі бар, біріншісі, мұсылмандардың білім беру орындарының кертартпалығы, екіншісі, патша өкіметінің халық ағарту ісін орыстандыру арнасына бұруға талпынуында деген пікірге келді.

И.Гаспыралы Ресей империясындағы мұсылмандық оқу орындарының тек діни білім берумен шектелуі дұрыс емес, бұл оқу орындары еуропалық үлгідегі білім беру жүйесін басшылыққа алып, халықты озық өркениет жетістіктерімен табыстыруыға қызмет етуі тиіс деп есептеді. Бұрындары медреселер мен мешіттер жанынан ашылған мектептердің мұсылмандар арасынан ірі ғалымдарды шығарғанын үлгі етіп ұсынды.

Ресей империясында мұсылмандық оқу орындары мемлекет тарапынан қаржыландырылмады. Бұл оқу орындарды халықтан жиналған қаржы есебінен ғана қызмет жасады.

Мұндай жағдай олардың халық арасында кең ауқымда қызмет жасауын шектей түсетін. Осыған орай И.Гаспыралы мұсылмандар өз бетінше ғана өз оқу орындарын заман талабына сай қайта құра алады деген ұйғарымға келіп, өзінің бұл ойын «Тәржіман» газеті арқылы және өзі халық арасын аралай жүріп насихаттады. Осындай насихат жұмыстарының бірін ол Қазан қаласындағы мұсылмандар арасында насихаттаған еді. Қазанға барған кезде оның пікірі Ресейдегі әйгілі кәсіпкерлер, алтын өндіруші – ағайынды Шәкір және Закир Рамеевтер тарапынан және Ш.Маржани тарапынан қолдаушылыққа ие болды. Ш.Маржани И.Гаспыралының бастаған ісіне сәттілік тіледі [1, с.130].

Ресей империясындағы мұсылмандық білім беру орындарын реформалау жөніндегі И.Гаспыралының ұстанымы алдыңғы қатарлы педагогикалық ой-пікірдің ықпалы негізінде қалыптасты. Мұндай ықпал етушілер қатарында өзігің гуманды көзқарасымен әйгіленген чех педагог-ғалымы Ян Амос Каменский, педагогикалық теорияны дамытуға ерекше үлес қосқан швейцариялық ғалым Иоган Генрих Песталоцци, Ресейде ғылыми педагогиканың негізін қалаушы К.Д.Ушинский және Осман империясындағы халық ағарту ісі саласына жаңа серпін берген Селим Сәбит есімдерін ерекше атауға болады.

Балалардың ана тілінде сауатын ашуын жақтаған Я.А.Каменский «біреуді ана тілін меңгермей жатып, шет тіліне үйрету ақылға сыйымсыз» деп жазып, мектептерді ана тілінде білім беретін етіп құру керектігін талап етіп қойды. И.Гаспыралы да ескі «қадымшыл» мектептерде балалардың әліпбиді меңгерген бойда араб және парсы тілдеріндегі мәтіндерді оқуға кірісуін дұрыс емес, мұндай әдістің балаларға қыйын тиетіндігі ешкімді ойландырмайды деген пікірде болды [2, с.175]. Ол «қадымшыл» мектептерде балардың өздері білмейтін тілдердегі, діни мазмұндағы кітаптарды судыратып оқуын педагогикаға жат тәсіл деп санады.

Ана тілінде білім беретін метептердің мақсаты – алты жастан он екі жасқа дейінгі барлық балаларды бүкіл өмір бойында қолданысқа ие болатын «азықпен» қамтамасыз ету деп санаған Я.А.Каменскийдің пікірі И.Гаспыралының «Мұғалімдерге арналған басшылық немесе мұғалімдерге көмек» («Рахбари муалимин яки муалимларга юлдаш») атты оқу құралында негізге алынды. Ол бұл оқу құралында мұсылмандық білім беретін орындарда ана тілінде сауат ашудың маңыздылығын негізей отырып, мектептегі оқу үрдісін Я.А.Коменский секілді ұйымдастыруды ұсынды: 1)оқушылар мектепке бірдей мезгілде қабылдануы тиіс; 2) қабылданға оқушыларды сыныптарға бөлу керек; 3)қанша сынып болса, сонша сыныптық бөлме болуы тиіс; 4)оқушылар сыныптық сабақтарына күніне төрт сағат уақыт бөлу керек; 5)әрбір сыныптық сағат белгілі бір міндетті жүзеге асыратындай болуы керек; 6) әрбір сағаттан кейін демалуға мүмкіндік беретін үзіліс берілуі қажет [3, с.102].

И.Гаспыралы өзі ұсынған жаңа оқу әдісіндегі мектепті жүзеге асырғысы келді. Сөйтіп, мұндай мектепті И.Гаспыралының өзі 1884 жылы Бақшысарай қаласындағы Қайтмаз Аға деген жерінде ашты. Ол «Тәржіман» газеті арқылы бұл жөнінде жұртшылықты хабардар етті [4, с. 379]. Бұл мектеп ескі «қадымшыл» мектептерден айырмашылығы араб әліпбиін күнделікт сөйлеу тіліне икемдеуімен ерекшеленді.

Бұл мектептің оқу жоспары бойынша діни пәндерден бөлек, мынандай пәндер оқытылды 1)«ортақ түрік тілі» бойынша оқу және жазу; 2) дін туралы бастапқы білім; 3)арифметиканың төрттік амалы; 4)қысқаша тарих; 5)дұрыс жазу; 6) география; 7)орыс тілі; 8)гигена.

Жаңа оқу әдісіндегі мектептің оқу бағадрламасын И.Гаспыралы жетілдіре түсуді де көздеді және орыс мектптеріндегі бағдарламамен сәйкестендіргісі келді. Сол тұста орыс мектептерінде бағдарлама мынандай пәндерден тұрды: 1) Құдай заңы; 2)көркем оқу және жазу; 3)орыс тілі және шіркеулік оқу; 4)арифметика; 5)практикалық геометрия; 6)география және тарих; 7)физика және жаратылыстану тарихы; 8)сызу және бейнелеу; 9)ән салу; 10)гимнастика.

1898 жылы И.Гаспыралы жаңа оқу әдісіндегі мектептің мұғалімдеріне арнап «Мұғалімдер-

ге арналған басшылық немесе мұғалімдерге көмек» («Рахбари муалимин яки муалимларга юлдаш») атты оқу құралын әзірлеп, бастырып шығарды. Бұл оқу құралында автор жаңа оқу әдісіндегі мектептің ескі «қадымшыл» мектептен айырмашылығын және оқу үрдісін жан-жақты түсіндіреді.

Ол жаңа оқу әдісіндегі мектептің мұғалімдеріне мынандай бірнеше талап қояды: 1)мұғалімдер әрқашан өзінің білімін жетілдіруге мән беріп, жаңа оқу әдісін басқа мектептерге енгізуге талпынуы тиіс; 2)оқушылардан емтиханды көпшіліктің қатысуымен қабылдап, жаңа оқу әдісінің «қадымшылық» мектептеріне қарағанда жақсы білім беретінін көрсетуі тиіс; 3)мұғалімдер оқушыларға сабақтан тыс уақытында қолөнерді немесе басқа да пайдалы нәрсені үйретуге ден қойсын; 4)мұғалім жаңа оқу әдісінің артықшылықтарын насихаттасын; 5)жаңа оқу әдісіндегі мектептің мұғалімі өзін халық қызметшісімін деп есептесін.

Жаңа оқу әдісіндегі мектептің мұғаліміне И.Гаспыралы үлкен талап қойып, оның төзімді әрі шыдамды болуын шарт санайды. Ол өзінің аталған оқу құралында жаңа оқу әдісінде сабақ берудің ережелерін ұсынады:

1) оқу процесі үздіксіз жүргізу;

2) бір сыныпта оқушылардың саны 30-40 оқушыдан артпауы;

3) оқушыларды сыныпқа бөлгенде олардың білімін ескеру;

4) жаңа оқушылар мектепке жылына екі рет – жылдың басында және ортасында қабылдану;

5) жаңа оқушылар қабылданғанда олар үшін арнайы сынып ашылу;

6) оқушылар аптасына алты күн білім алып, күн сайынғы сабақ 4-5 сағатқа созылу;

7) әрбір сабаққа 45 минут уақыт бөлініп, сабақтан соң 10 минут үзіліс жасалу;

8) әрбір өткізілетін сабақ бір тақырыпқа арналып, осыған сай сабақ кестесін жасау.

Көрнекті шығыстанушы Вамбери Ресей мұсылмандары өміріндегі өзгерістер жайында жаза келіп, И.Гаспыралыны «білім беру саласында және патриотшылдықта өте қатты талпыныс жасаған» адам ретінде сипаттайды [5, с.179]. И.Гаспыралының ағартушылық пікірін алғаш болып Түркістан өлкесінде қолдау танытқан М.Бехбуди оны «ресейлік мұсылмандар ішінде жаңа оқу әдісін тұңғыш насихаттаушы» болды деп сипаттайды [6, 185-б.].

Бір ғасыр уақыт аралығында білім беру жүйесі түбегейлі өзгеріп, ережелері мен талаптары да күшейіді. Егеменді Қазақстанда білімнің дамуы бірнеше кезеңнен өтті. 1-кезең 1991-1994 жылдар - мемлекеттік білім беру жүйесін реттеу үшін жасалған шаралар. 2-кезең 1995-2000 жылдар - алға қойылған талаптар бекітілді. 3-кезең 2001-2005 жылдар ЖОО білім беру үшін қойылған талаптар күшейді.

2005 жылдан бастап аккредиттеу жүйесі іске қосылып, ҚР БҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығы құрылды. 2011-2015 жылдар аккредиттеу жүйесі бойынша 33 ЖОО өтті. 2016 жылы 2014 жылмен салыстырғанда ұлттық институционалдық аккредиттеу 45,4% артты. ЖОО-лардың мемлекеттік аттестациясы 2017 жылы жойылып, халықаралық аккредиттеу енгізілді. Аккредиттеуден өте алмаған университет мамандық бойынша түлектеріне диплом бере алмайды.

Қазақстанның 6 ЖОО-ны әлемнің үздік университтері қатарына 2016 жылы кірді. Бұл Qacquarelli Symonds(QS) халықаралық қоғамдастық рейтингтері арқылы анықталды [7, 339-342 бб.].

ЮНЕСКО «Білім 2030» баяндамасында «2030 жылға дейін барша халық үшін қымбат тұрмайтын және сапалы техникалық, жоғары білімді және кәсіптік, оның ішінде университеттік жоғары білімді тең қолжетімділігін қамтамасыз ету» міндетін көрсетті.

Қазақстан егемен елге айналғаннан кейін елдің экономикалық жүйесін, ішкі және сырқы саясатын және ғылым мен білімді жолға қоя бастады. Түрлі бағдарламалар мен ережелер қабылданды, өзгерістер енгізілді. Басқа мемлекеттердің даму үрдісне қарап бой түзей бастадық. Елдің бағытын өзгертіп, заманауилық бағытқа бет бұрды. Білім беру саласына енгізілген үлкен өзгеріс еуропалық кеңістікте білім беру болды. Заман талабына сай маман даярлау үшін Қазақстанға жаңа бағдарламалар қажет еді. Елді жалпы ұлттық стратегиялық бағыт бойынша дамыту көзделді.

2010 жылы наурызда білім беру жүйесіне енгізілген жаңа жүйе «Болон декларациясы» білім берудің 3 циклдік жүйесін енгізуге себеп болды. Білім беру саласында өзгерістер белең алды. Жаңа бағдарламалар қабылданды, инновациялық жүйесі бойынша білім берудің шарттары қаралды, информатика және ағылшын тілінің маңыздылығы артты және қазақстандық білім алушыларды Еуропаның үздік университеттеріне білім алуға жіберу көзделді.

Оқыту мен білім беру. Қазақстанның жоғар білімінің әлемдік білім деңгейіне ілесе бастауы елімізбен 1997 жылы Лиссабон конвенциясына қол қоюы әсер етті.

Білім беру сапасы жоғары интернационалдық деңгеймен сипатталды. Еліміздің білім беру сапасы соңғы 2001-2016жж. 1,7 есе артты, шетелде білім алып жатқан студенттердің саны 2,6 есе арты. 2015-2016 жылдар аралығында Украинада 48,1% студент, Ресейде 1,7 мың қазақстандық азамат білім алды. Тұңғыш рет қазақстандық азаматтарға Германия, Англия, АҚШ сияқты ірі мемлекеттердің ЖОО-да білім алуға мүмкіндік туды. Көптеген түлектер ағылшын тілін үйренуге ұмтылды. 2016 жылы ағылшын тілінде білім беретін орталықтар саны артты. 2009 жылмен

салыстырғанда көрсеткіш 1,7 контингентіне арты. Мемлекетіміздің 17 университетінде ағылшын тілін меңгерген білім алушылардың көрсеткіші 97% көрсетті [7, 318-324 бб.].

Білім беру жүйесінде енгізіліп жатқан ережелер халықаралық серіктестіктермен бірге дайындалады. Түрлі бағдарламалар мен ұсыныстар студеттердің білім алуын жақсарту және білім сапасын көтеру мақсатында жасалынды. Білім сапасын жоғарылату мақсатында бағдарламалық жүйеге практикалық-тәжірибе арқылы білім беру тиімді деп табылды. Білім беру жүйесін реформалауда ЖОО-да стратегиялық шеңбер бойынша алдына қойылған мақсаттар жүйесімен білім берудің моделі қызметін арттырды.

Білім жүйесінің реформалары. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін оқу-білім реформаларының себептері экономикалық және саяси қайта құрулардың алғышарттары принципті түрде өзгерді. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 қаңтарда қабылданған «Білім туралы» Заңы негізгі мақсаттардың декларациясына айналды. Ел жалпыазаматтық құндылықтарға ұлттық және әлемдік мәдениетке, оқу тілін және жеке адамды қалыптастыру мен дамытудың базалық принциптері ретінде оқу орнының тұрпатын таңдау бостандығына адалдықты жариялады. Білім мекемелері оқу бағдарламаларын, нысандары мен әдістерін таңдауда бұрынғыдан айтарлықтай көп дербестік алды.

2001 жылдан бастап мемлекеттік жоғары оқу орындарына оқуға түсу емтихандары мамандандырылған кешенді сынақтама орталықтарының бірыңғай технологиясы бойынша жүргізілетін болып белгіленді. Бұл ереже меншік нысандарына қарамастан барлық жоғары оқу орындарында қолданылды.

2004 жылға қарай республиканың жалпы білім беретін мектептерін жүз пайыз компьютерлендіру жетістегі бағдарламаны іске асырудың нәтижесіне айналды. Білім берудің мазмұнында ақпараттандырумен қатар жаңа оқу-білім стандарттарын енгізу және оқулықтардың жаңа буынын жасау жетекші бағыттарға айналды.

2004 жылы қабылданған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мекемелерін және мектепке дейінгі мемлекеттік емес мекемелерді ақпараттандыру мәселелері қаралды. Сонымен қатар, Елбасының 2006 жылы 1 наурызда халыққа арналған Жолдауында оқу-білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлау үшін атқарылуы тиіс жұмыстар туралы айтылды [8, 279-291 бб.].

Елдің бәсекеге қабілетті және индустриялық-инновациялық дамуы жағдайындағы білім мен ғылым. Қазақстан Республикасында Білімді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама білім сапасын одан әрі дамытуға, оны қолжетімділігін арттыруды қолға алынды. Бұл бағдарлама ғылым мен білімді ықпалдандару негізінде елдің индустриялық-инновациялық дамуы міндеттерін шешуге қабілетті жаңа формацияда кадрларды даярлаудың тиімді жүйесін құруды көздеді. Білікті мамандар даярлау мақсатында қазіргі таңда бакалаврлар мен магистрлер даярлауға біржолата көшті. Ірілендірілген мамандықтардан тұратын бакалавр мен магистратура мамандықтарының жаңа Классификаторы іске қосылды. Инновациялық қызметті дамыту үшін кадрлар даярлаудың қолданыстағы тетіктері жетілдіруде және жаңа тетіктері енгізілді.

Бүгінгі күннің негізгі талабы ғылымның басекелестікке қабілеттілігін арттыру, инновациялық білім берудің тиімді бағыттарын арттыру. Соңғы жылдарда Қазақсанда білім мен ғылымды одан әрі дамытуда жоспарлы түрде нысаналы саясат жүргізілді, солардың бірі - инновациялық принциптері енгізілді. Инновациялық білім беру - әлемдік деңгейде оқу-білім жүйесінің дамуындағы сапалы көрсеткіш алуға мүмкіндік беретін жол. Сонымен бірге, еліміз ұлттық инновациялық жүйенің қалыптасуы ғылымды қажетсінетін жаңа технологияларды, инновациялық өндірістерді жасауға байланысты.

2006 жылы Білім мен ғылым министрлігі Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2007-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жаңа жоспары мен түйінді іс-шараларын әзірлеу жұмысын бастады. 2006 жылы 2004/2005 жылдармен салыстырғанда жоғары кәсіптік білімі бар мамандар және білікті мамандар даярлайтын оқу-білім тапсырысының көлемі көбейді.

Мемлекеттік бағдарламаны екі кезеңге бөлу ұсынылды. 2007-2010 жылдар - бірінші кезең: бюджеттен қаражат бөле отырып дәйексөздер индексін, қызметті бағалау және өзара байланыстылық критерийлерін енгізу; ғылыми-техникалық жабдық аудиті және ұлттық алты зертхана құру ісімен шұғылдану; шетелдік сарапшыларды тарта отырып, ғылыми-техникалық сараптау реформасын енгізу; басым ғылыми бағыттар бойынша кадрлар даярлау; 30% ағылшын тілді жарияланымға көшу; халықаралық сапа стандартына көшу.

2010-2015 жылдар - екінші кезең: 50% ағылшын тілді жарияланымға көшу; іргелі ғылымды 5 жылдық қаржыландыруға көшу; ұлттық алты зертханалық толымды жұмыс істеуі; жоғары оқу орындары ғылымдарын реформалау, PhD-ге толық көшу; Ұлттық нобельдік бастамашылықты жариялау, 2030 жылға қарай ғылымдағы Нобель сыйлығына қол жеткізу.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеті, басымдылықтары индустриялы-инновациялық даму стратегиясы негізінде құрылды. Мемлекеттік инновациялық технологияларды

ғылымда тиімді пайдалану, инновацияларды тарату және іске асыру негізінде елдің экономикасын дамыту үшін институттық, ұйымдық, қаржылық, кадрлық және нормативтік құқықтық жағдайларды қамтамасыз ету бағдарламаның негізгі мақсаты болды.

Егеменді Қазақстанның тарихында бірінші рет әзірленген қазіргі кездегі ғылым басқарудың жаңа үлгісі Елбасының Жарлығымен Ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2007 жылы шілде айында бекітілді және онда ғылым саласында сапалық білім берудің жаңа деңгейіне көтерілудің алғышарттары қарастырылып, негізігі міндеттерді шешуге бағытталды. Қазақстан Республикасының жанындағы Жоғары ғылыми – техникалық комиссияның мәртебесі жоғарылады. ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия елдің ғылыми-техникалық әлеуетін талдау негізінде және республикалық ғылымы әлеуетін халықаралық сараптаудың нәтижелерін ескере отырып 2007 жылы 29 қаңтарда 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламаның бағыттарын бекітті: ядролық және жаратылатын энергетикалық технологиялар, биотехнологиялар, ақпараттық және ғарыштық технологиялар, еліміздің дамуының негізі ретінде ұлттық идеясы болып табылады.

Елдегі ғылым мен білім саласы ұлттық идея салтын қалыптастыруда және қазақстандық патриотизмге баулуда көш бастап тұрады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бастамасы бойынша әр жылы атқарылып жатқан бағдарламалар мемлекеттің балаларының патриотизмді бойына сіңіру бағытталған. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 5 мамырдағы № 416 қаулысымен мемлекетіміздің қазіргі заманғы тарихын жасап, теориялық жағынан негіздеу мақсатында «Мемлекет тарихы институты» мемлекеттік мекемесі құрылды. 2008 жылдың ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ғылыми ұйымдары 5 патент, 17 алғы патент алды, сақтау құжатын алуға 61 өтінім берілді, 19 монография, 1766 жарияланым, соның ішінде 271 мақала халықаралық басылымдарда жарық көрді, 31 кітап шықты.

Дүниежүзілік экономикалық форумның есебіне сәйкес 2007-2008 жылдардағы жаһандық бәсекеге қабілеттілік деңгейінде Қазақстан «Инновациялық даму» индексі бойынша 2007 жылмен (75-орын) салыстырғанда 2008 жылы (62-орын) бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші 13 айқындамаға жақсартты [8, 301-314 бб.].

Болашақ маман даярлауда қазіргі заман талабына сай, жаңа тәсілдермен жетілдіру, интеллектуалды білім беру кәсіби маман даярлаудың негізі. Кәсіби маман даярлаудың бастамасы білікті мұғалім даярлаудан басталады. Даму кезеңінде, технологияның қарқынды дамыған дәуірінде ЖОО білікті маман даярлауда интеллектуалды ерекшеліктерді меңгерген мұғалім даярлаудың жоспары нақтыланды [9, 47 б.].

Мемлекет басшысының білім беру мәселесіне тікелей назар аударуы қазіргі замманның талабына сай маман дайында үшін жаңа бағдарламалардың жасалынуы, мыңдаған мұғалімдердің инновациялық біліктілікті арттыруда білім алуына жағдай туғызуы, т.б. жұмыстар біздің 25 жыл бұрын армандаған жетістіктеріміздің орындалуы, атқарылып жатқан іс-шаралардың нәтижелі болуы бізді қуантады.

Жаңа стратегиялар бағдарламалардың тек білім беруде ғана емес, білім алушының шығармашылық, ізденімпаздық, қарым-қатынас жүйесі және қабілеттілігін арттыруды негізге ала отырып құрастырылғаны және оның кәсіби бағытта дұрыс қолданыла білуінің жолдары ашық және толық негізге алына отырып жасалады.

Бүгінгі күннің негізгі талабы ғылымның басекелестікке қабілеттілігін арттыру, инновациялық білім берудің тиімді бағыттарын арттыру болып табылады. Соңғы жылдарда ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев ғылым мен білім саласында Қазақсанның білім мен ғылымын одан әрі дамытуда жоспарлы түрде нысаналы саясат жүргізуде, солардың бірі - инновациялық принциптерді енгізу екені нық сеніммен айта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Очерки истории татарской общественной мысли. – Казань: Татарское кн. изд-во, 2000. – 191 с.
2. Абдирашидов З. Исмаил Гаспринский и Туркестан в начале XX века: связи – отношения – влияние. – Ташкент: «Akademnashr», 2011. – 384 с.
3. Гаспринский Исмаил: историко-документальный сборник / сост.: С. Рахимов. – Казань: «Жыен», 2006. – 502 с.
4. Ганкевич В. От исламского к светскому искусству (по страницам газеты «Терджиман / Переводчик» 1883 – 1918 годов) // Ислам в Евразии. – М.: Прогресс- Традиция, 2001. – 516 с. (С.385 – 400).
5. Нұртазина Н.Д. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002. – 208 б.
6. Бехбудий М. Танланган асарлар. – Тошкент: «Маънавият», 1999. – 280 б.
7. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы Ұлттық баяндама», 2016 жыл.-Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017-482 б.
8. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том.-Алматы: «Атамұра». 2010.-688 бет.
9. Қойшиева Т.Қ., Батырова Л.Т. «Болашақ мамандарды даярлау жүйесінде сараптаушы жүйелер теориясын оқытуды ұйымдастыру жолдары». Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті ХАБАРШЫСЫ. №1 (76) наурыз-сәуір 2012 ж. 447 б.

ӘОЖ 378.147:372.4

ӘБІЛДИНА С. Қ.,
п.ғ.д., профессоры,
«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасы,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

МЕДИЕВА С.Х.
«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасы,
докторанты Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Email: sara.orazbaeva.66@mail.ru

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Түйін. Қазір білім беру жүйесінің алдында ашық қарым-қатынас жасауға, ашық диалогқа дайын баланың ішкі әлемін түсінуге және қабылдауға қабілетті бірлескен іс-әрекет барысында болашақ мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің "құзыреттілік", "коммуникативтік құзыреттілік" ұғымдарының мәні қарастырылады.

Кілт сөздер: құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, бастауыш сынып мұғалімдері, білім беру.

Аннотация. Сейчас перед системой образования стоит задача формирования коммуникативных компетенций будущего педагога в процессе совместной деятельности, способного к открытому общению, понять и принять внутренний мир ребенка, готового к открытому диалогу. В статье раскрываются сущность понятия «компетентность», «коммуникативная компетентность» будущих учителей начальных классов.

Ключевые слова: компетентность ,коммуникативная компетентность, профессиональная компетентность, учитель начальных классов, образование.

Summary. Nowadays the educational system faced with the task of forming the communicative competence for the future teacher in the process of joint activities, able to understand and perceive the inner world of the child, ready for opening communication, opening dialogue. The article reveals the essence of the concepts of "competence", "communicative competence» of the future primary school teachers.

Keywords: competence, communication competence, professional competence, primary school teacher, education.

Кіріспе.

Қазіргі кезде қазақстандық білім беру жүйесін дамыту түбегейлі өзгерістерге ие болып отыр. Осыған орай жоғары білім беру жүйесінің алдына сапалы педагог мамандарды даярлауға жаңа талаптар қояды. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» - деп көрсетілген [1]. Сондықтан, болашақ маман жоғары деңгейде кәсіби құзыретті, ұтқыр және үнемі өз-өзінің қабілеттерін жетілдіріп отыруы керек.

Қазақстан Республикасның білім беру жүйесін реформалаудың басты мақсаты – оның тиімді және серпінді жұмыс істеу тетігін құру болып отыр. Осындай жаңғыртудың нәтижесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысына да өзіндік міндеттер қойып отыр.

Әлеуметтік-экономикалық өмір салтындағы түбегейлі өзгерістер білім берудің мазмұнының жаңа білім беру парадигмалары мен құндылықтарының пайда болуына әкелді. Мұның бәрі жоғары кәсіби деңгейде білім беру мәселелерін өз бетінше, шығармашылықпен және жауапкершілікпен шешуге қабілетті болашақ бастауыш сынып мұғалімддерін даярлау тәсілдерін сапалы жаңартуды талап етеді.

Негізгі бөлім.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінің алдында баланың ішкі әлемін түсінуге және қабылдауға қабілетті, диалог негізінде қарым-қатынас орнатуға тырысатын, ашық қарым-қатынас құруға қабілетті, онымен бірлескен іс-әрекет процесінде оқушымен педагогикалық қарым-қатынас жасауға, оқушының қабілеттерін барынша жүзеге асыруға, оның эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайын болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау міндеті тұр. Аталған мәселе-

лердің барлығы болашақ мұғалімнің құзыреттілігін құрайды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде жасалған талдау нәтижесі болашақ мұғалімдерін даярлаудың теориялық-әдістемелік негіздерін қарастырған В.П.Беспалько, Н.В.Кузьмина, М.А.Құдайқұлов, К.М.Кертаева т.б. Болашақ мамандардың кәсіби қасиеттерін қалыптастыру мәселелерін С.И.Архангельский, Б.Т.Кенжебеков, М.С.Мәлібекова, Л.А.Шкутина т.б. зерттеу жұмыстарында зерделеген.

Мұғалімнің сабақта немесе одан тыс ұйымдастырған кез-келген іс-әрекетінің тиімділігі пәндік технологиялардың ойластырылған таңдауымен ғана емес, сонымен бірге студенттермен эмоционалды байланыстарды басқару, педагогикалық тұрғыдан орынды қатынастар жүйесін шығармашылықпен құру, қайшылықтар мен қақтығыстарды сындарлы түрде шешуге байланысты.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың теориялық мазмұнын жетік меңгертіп, оны тәжірибеде қолдана алатын кәсіби құзыреттілігі болмаса, онда еңбегінің нәтижесін көре алмайды. Біздің түсінігімізше құзыретті мұғалімнің кәсібилігі психологиялық-педагогикалық заңдылықтарды негізге ала отырып, коммуникативтік міндеттерді саналы деңгейде шешетіндігінен көрінеді.

«Құзыреттілік» латын тілінен «competentis» - бейім сөзінен пайда болған, қандай да бір оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы. Сонымен қатар, қандай да бір іс-әрекетті жеке тұлғаның орындай алу қабілеттілігі, яғни бұл адамға берілген істі нәтижелі түрде орындауының көрсеткіші. Бұл адамның бойында өзіндік жауапкершілік, жаңалықтарды тиісті дәрежеде қабылдайтын, мәселені өзіндік шеше алатын, адамгершілігі мол, білімі жоғары, жаңа технологияларды меңгерген, ұйымдастыру қабілеті жоғары, жеке тұлғалық белсенділігі жоғары болу қабілеттерін айтады.

«Құзыреттілік» ұғымына тоқталар болсақ, педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» ұғымы кейінгі кезде кең таралған. Ол 1960 жылдарда батыста, ал 1980 жылдарда басқа да елдерде тәжірибеге енді. Педагогикалық ғылымның дамуының осы кезеңінде «құзыреттілік» және «құзыреттілік» ұғымдарына анықтама әртүрлі ғалымдар өздерінің пікірлерін ұсынады.

Қазақстандық ғалым Б.Т.Кенжебеков өзінің зерттеуінде педагогтардың кәсіби құзыреттілік моделін ұсынады. Онда педагогтің кәсіби құзыреттілік моделінің нысандық, әрекеттік компоненттерін модельдеудің бастау көзі болып табылатынын айтады.яғни, педагогша ойлау, мен әрекет ете білуден, немесе жасалған педагогикалық жүйесні іске қосып, оның одан әрі іс-әрекет етуін қамтамасыз ете білуден көрінеді [2].

Кәсіби құзіреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс–әрекетті жүзеге асыруға бағытталған теориялық және тәжірибелік әзірлігі мен қабілеттілігі деп айтуға болады.

Кәсіби құзіреттілік деп мұғалімнің жеке басының сапалық қасиеттері мен оның теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңарулар мұғалімнен кәсіби біліктілігін үнемі көтеруді қажетсінеді. Сондықтан да кәсіби біліктілігі, шығармашылық ойлауы жоғары мұғалімге деген сұраныс көп.

Басқа зерттеулерде «құзыреттілік» ұғымымен қатар «құзырлылық» ұғымы да қолданылады және ол әртүрлі дереккөздерде өзгеше сипатталады. Кейде оны «құзыреттілік» ұғымымен анықтайды, кей жағдайда оны тәуелсіз құрылым ретінде қарастырады.

Көптеген жылдар бойы жинақталған педагогикалық теория, оның ережелері, идеялары, білім беру қалай жүзеге асырылатындығы туралы, көбінесе күнделікті практиканың сұрақтарына нақты жауап бермейді. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдері әртүрлі педагогикалық жағдайларда өз бетінше шешім табуға, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға үйренуі керек [3,23б.].Мұғалімнің коммуникативті бағытының сипаты белгілі бір дәрежеде оның кәсіби өміршеңдігі мен құзіреттілігін, педагогикалық қарым-қатынас жүзеге асырылатын жалпы стиль мен деңгейді, қойылған мақсаттарға жету дәрежесі ретінде түсінілетін қарым-қатынас нәтижелерін анықтайды.

Кәсіби педагогикалық жұмыс мәселелерін көптеген зерттеушілер оның коммуникативті компонентіне ерекше назар аударады, ал педагогикалық қарым-қатынастың тәрбиелік тиімділігі мұғалімнің жеке басының белгілі бір қасиеттерімен, ұстанымдарымен және бағдарымен байланысты.

Арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің мазмұнында коммуникативті дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс ерекшеліктерін ескере отырып, дағдылардың жалпы құрылымына негіздеуді қажет етеді.

Дегенмен,жүргізілген зерттеулердің маңыздылығы мен әмбебаптығына қарамастан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік дағдылары қалыптастыру мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Талдау көрсеткендей, педагогикалық практика кезеңінде студенттердің едәуір бөлігі түсіндірме-репродуктивті, проблемалық, дамытушылық және оқытудың басқа түрлері режимінде оқушылардың оқу қызметін басқаруда және оқытудың осы түрлеріне сәйкес коммуникацияларды ұйымдастыруда айтарлықтай қиындықтарға тап болады.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімнің қарым-қатынас дағдылары мен дағдыла-

рын қалыптастыру үшін оның кәсіби бағытына баса назар аудара отырып, оқу процесін жетілдіру қажет.

Коммуникативтік құзыреттілік «адам-адам» мамандықтар шеңберіндегі мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби дайындығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігін оның келесі құрамдас бөліктері арқылы ашады:

•қарым-қатынас қажеттілігімен анықталатын оның қарым-қатынас бағыты;

•мақсаттылық;

•қарым-қатынасқа түсу икемділік;

•ынтымақтастық арқылы қол жеткізілетін коммуникативтік процестің өнімділігі;

•тәжірибе (білім, білік, дағды, әдеттер);

•қарым - қатынас дағдылары мен іскерліктері;

•мотивациялық - қажеттілік саласы;

•эмоционалды - ерік сипаттамалары; әлеуметтік қабілеттер;

•тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттері; қарым-қатынас және өзара іс-қимыл тәсілдері, іскерліктері, дағдылары;

• әлеуметтік-мәдени нормаларды орындау.

Зерттеуші В.Н. Введенский «Кәсіби құзыреттілік» ұғымын енгізудің орындылығы оның мазмұнының кеңдігімен, «кәсібилік», «біліктілік», «кәсіби қабілеттер» және т.б. сияқты кеңінен қолданылатын ұғымдарды біріктіретін интегративті сипаттамамен байланысты деген пікір айтады, алайда ол қарастырылып отырған тұжырымдаманы «құзыреттілік» ұғымымен сәйкестендіру жағдайлары жиі кездесетінін баса айтады. Оның пікірінше, құзыреттілік - бұл жеке тұлғалық сипаттама, ал құзыреттілік - нақты кәсіби немесе функционалдық сипаттамалардың жиынтығы екенін айтады. [3, 51 б.]

Коммуникативті құзыреттілік, әдетте, адамдармен қажетті байланыстарды орнату және сақтау қабілеті деп түсініледі. Коммуникативті құзіреттіліктің құрамына коммуникативтік процестің тиімді жүруін қамтамасыз ететін білім, іскерлік пен дағдылардың белгілі бір жиынтығы кіреді. Мұндай құзыреттілік қарым-қатынас шеңберін кеңейту және оның тереңдігін өзгерту, сенімділіктің әртүрлі деңгейлерінде қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, қарым-қатынас серіктестері түсіну және түсіну қабілетін қамтиды.

Коммуникативті құзыреттілік - бұл адамның тікелей өзара әрекеттесуі жағдайында қалыптасатын және белсендірілетін адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамып келе жатқан және саналы тәжірибесі. Ұжымдық түрде қалыптасып, жүзеге асырыла отырып, тұлғааралық тәжірибе жеке болып табылады.

Осы мәселенің дұрыс шешімін саралай келе түсінгеніміз, жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау барысында оқу бағдарламасының мазмұнына қажетті көлемде әр мамандық бойынша таңдау модульдерінің пәндерінде қарастырылуы қажет екендігі анықталды.

Жалпы бастауыш білім беру бағдарламасының мазмұнына енгізілген кейбір пәндерге кіріктіру қажет деп ұйғардық. Сонымен, егер мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігі жеткілікті деңгейіне ие болмаса, оқу мен тәрбие барысында өзара әрекеттесу процесін икемді басқаруға, коммуникативті технологияларды қолдануға, өзара түсіністікте ықпал етуге дайын болмаған жағдайда, заманауи тұлғаға бағытталған білім беру технологияларын жүзеге асыру мүмкін емес.

Сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда елеулі орын алатын оқу формасының түрі – оқу және педагогикалық практикалардың да маңызы зор. Практиканы өту барысында студенттер шынайы педагогикалық іс-әрекеттермен айналысып, құзыреттілік деңгейлері одан әрі арта түседі деп айтуға болады.

Қазіргі кездегі педагогикалық зерттеулерде әзірленген коммуникативті құзыреттілік құрылымдары екі топқа біріктірілуі мүмкін: коммуникативті құзыреттілік құрылымы және кәсіби емес құзыреттілік деп аталатын құрылым.Зерттеушілер коммуникативті құзыреттілік құрылымының инвариантты компонентіне келіседі - бұл кәсіби маңызды білім, дағдылар мен қасиеттер. Кәсіби қызмет пен кәсіби құндылықтарға мотивациямен тікелей байланысты кәсіби ұстаным сияқты құрылымның құрамдас бөлігіне назар аударуға лайық.

Кәсіби емес құзыреттілік деп аталатын құрылымдарда белгілі бір инвариантты бөліп көрсету өте қиын, өйткені модельдер әртүрлі негізде салынған.

Ғалым Т.М. Сорокинаның айтуы бойынша, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі деп оның педагогикалық қызметті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігі түсініледі. Құзыреттілік мұғалімнің педагогикалық қызметінің негізін құрайтын кәсібилік сатыларының бірі ретінде қарастырылады. Мұғалімнің құзыреттілігі жеке тұлғаның әртүрлі деңгейдегі педагогикалық мәселелерді шешу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Оны зерттеуде мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі ұғымы оның кәсіби дайындығының динамикалық, процедуралық қыры, кәсіби өсуінің сипаттамасы, мотивациялық және іс-әрекеттің кәсіби өзгерістері ретінде түсіндіріледі [4].

Г.М.Коджаспирова өз зерттеуінде «педагог білікті педагог болу үшін белгілі бір педагогикалық дағдыларды игеруі керек» деп санайды» [5].

Алайда, отандық педагогикалық зерттеулерде «құзыреттілік» терминін дәстүрлі қолдану маманның кәсіби құзыреттілігімен немесе бі-

ліктілігімен байланысты болды. Қазіргі заманғы зерттеулердің маңызды сипаттамасы қазіргі кезде «құзыреттілік» ұғымы тек маманның мамандығымен немесе біліктілігімен байланысты емес деп санауға болады, дегенмен құзыреттіліктің бұл түрін зерттеу жетекші орынға ие болса да, бүгінгі таңда әлеуметтік, коммуникативті және т.б., кәсіби емес құзыреттілік түрлері деп аталады. Тағы бір маңызды ерекшелігі – «құзыреттілік» термині маманды, кәсіпқойды, яғни ересек адамды сипаттау үшін ғана емес, сонымен қатар мектеп оқушыларын, университеттерді және тіпті мектеп жасына дейінгі балаларды сипаттау үшін де қолданылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығы барысында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда коммуникативтік аспект елеулі орын алады. Өйткені коммуникативтік құзыреттілік болашақ мұғалімнің білім беру барысында оқытудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Жоғарыда аталған саралау нәтижесінде «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деп, субъектінің тұлға аралық қатынастарын қамтамасыз ететін дағдылардың жиынтығы, нақты ақпарат алмасу, тұлғаның рефлексивті мінез-құлықарының сипаттамасы» деп тұжырымдауға болады.

Коммуникативтік құзыреттілік мұғалімнің кәсіби және жеке дара қабілеттерін құраушылар. Бұл оның қызметінің сапасын анықтайды, үнемі өзгеріп отыратын кәсіби жағдайда дербес және жауапкершілікпен әрекет ету қабілетінен байқауға болады, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі дамытуға дайындығын көрсетеді, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде көрінеді, бұл оны педагогикалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Қорытынды.

Сонымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жеке тұлғаның әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын, өзгерістерге дайын болуы және шығармашылық ізденіске ашықтықты, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі тану қабілетін, өз білімін жаңартуға дайындығын қамтамасыз ететуге мүмкіндік береді. Ол бір жағынан жеке басының қасиеттері, екінші қырынан қарағанда болашақ мұғалімнің алған білімі, іскерлігі, қабілеттілігі, біліктілік деңгейімен анықталады.

Бүгінгі таңда ғылыми-педагогикалық білімдегі «коммуникативтік құзыреттілік» ең алдымен, жеке басының сапалық қасиеттері, қалыптасқан кәсіби қабілеті, меңгерілген білім, білік және дағды кешеніне негізделген бір нәрсеге қабілеттілік пен дайындық сияқты құзыреттіліктің жүйелі жақтарын көрсетеді. Мысалы, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін немесе белгілі бір қызмет түрін мағыналы жүзеге асыруға дайын болуды қамтамасыз ететін дағдылар жиынтығы ретінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Оқу процесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті құзыреттілігін тиімді қалыптастыру тек осы жұмысқа қатысатын оқу пәндері белгілі бір түрде біріктіріліп, оларды біріктіретін мақсатқа сәйкес ұйымдастырылған жағдайда ғана мүмкін болады, яғни бұл пәндер жүйені құруы керек. Зерттеуіміздің мазмұндық компоненті келешектің мәселесі болмақ.

Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қарастырылған коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру талаптары қазіргі жағдайын анықтауға және осы дайындықты модернизациялау мүмкіндігін береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. [Электронды дереккөз] Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қолжетімдік режимі: http://http://https://primeminister.kz /kz/news/gosprogramma-razvitiya-obrazovaniya-do-2025-goda-obnovlenie-uchebnyh-programm.

2. Б.Т.Кенжебеков. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Пед.ғыл.докт. ғылыми дәрежесін алуға.Автореф. Қарағанды, 2005.- 40.6.

3. Введенский В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога // Педагогика. – 2003. – №10. – С. 51-55.

4. Сорокина Т.М. Развитие профессиональной компетенции будущих учителей начальной школы: Монография / Т.М. Сорокина; Нижегородский государственный педагогический университет. – Н. Новгород: НГПУ, 2002. – 168 с.

5. Коджаспирова Г.М. Педагогика: Учебник. – М.: Гардарики, 2004. – 528с.

ӘОЖ 378.018

ӘЛИЕВА А.О.,
п.ғ.к., аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ.
Email: akbaian1968@mail.ru

КУРМАНБАЕВА Ж.И.
магистр оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ДАЯРЛАУДА ISPRING SUITE ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСЫН ҚОЛДАНУ

Түйіндеме. Бұл мақалада қашықтықтан оқыту құралдары қарастырылады. Электрондық оқыту құралдарын құру кезінде iSpring Suite электрондық ресурстарын қолдану ерекшеліктері ашылады.
Түйінді сөздер: қашықтықтан оқыту, электронды мұғалім, онлайн, офлайн, Вебинар, iSpring Suite.
Резюме. В данной статье рассматриваются средства дистанционного обучения. Раскрываются особенности применения электронные ресурсы iSpring Suite при создания электронных средств обучения.
Ключевые слова: Дистанционное обучение, электронный учебник, онлайн, оффлайн, Вебинар, iSpring Suite.
Summary. In given clause means of remote training are considered. Features of application iSpring Suite electronic resources reveal at creation of electronic means of training.
Keywords: Distance learning, electronic textbook, online, offline, Webinar, iSpring Suite.

Қазақстан Республикасның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. 2020-2021 жылғы оқу жылында қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты еліміздің барлық ЖОО мен мектептерінде қашықтықтан оқыту форматта бастау жоспарланған, тек 1-курс пен бітіруші курс студенттеріне және бастауыш мектептердің «кезекші сыныптары» мен бітіруші сыныптарына барлық санитарлық нормаларды қатаң сақтаумен әдеттегідей оқытылатын болады [1].

Қашықтықтан оқыту – адамның білім алуына және өзіне қажетті ақпараттарды әртүрлі білім көздерінен іздестіруге, алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі. Қашықтықтан білім беру жүйесі адамның өндірістен қол үзбей жоғары білім алуына, Қазақстан азаматтарының шетелдерде, ал шет ел азаматтарының елімізде білім алуына, сондай-ақ, халықаралық білім беру кеңістігінде мойындалған ғылыми дәрежелерді алуына мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту ұйымдастырудың 3-түрлі формасы бар:

- Онлайн (синхрондық)
- Оффлайн (асинхрондық)
- Вебинар

Білім беру процесі бес элементтен: оқытудың мақсаты; мазмұны; оқыту әдістері; құралдары мен оқыту түрлерінен тұратын біртұтас педагогикалық жүйе түрінде қарастырылатыны белгілі [2]. Қашықтықтан оқыту жүйесінде келтірілген элементтерге оқу-материалдық, идентификациялық-бақылау, нормативті-құқықтық, қаржылық-экономикалық және маркетингтік түріндегі ішкіжүйелер қосылып, жалпы саны онға жеткізіледі.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде келесі оқыту құралдары қолданылады:

1. Кітаптар (дәстүрлі және электронды нұсқадағы);
2. Желілік оқу материалдары;
3. Компьютерлік оқыту жүйелерінің қарапайым және мультимедиялық нұсқалары;
4. Аудио оқу-ақпараттық материалдары;
5. Видео оқу-ақпараттық материалдары;
6. Қашықтағы лабораториялық практикумдар;
7. Тренажерлар;
8. Берілгендер және білім қорлары;
9. Электронды кітапханалар;
10. Эксперттік оқыту жүйелері негіздегі дидактикалық материалдар;
11. Геоақпараттық жүйелер негіздегі дидактикалық материалдар.

Қашықтықтан оқыту процесінің ақпараттық-техникалық жабдықталуы маңызды мәселенің бірі. Ол техникалық тұрғыда негізінен телекоммуникациялық технологиялар көмегімен шешілсе, бағдарламалық тұрғыда веб-сайттар мен электронды оқулықтардың болуын талап етеді[2]. Осыған байланысты Oracle, Sun Microsystems корпорациялары қашықтан оқытуды электрондық оқулықтармен, бағдарламалармен, ақпараттық жүйелермен қамтамасыз етуде әлемдік деңгейден көрінуде. Осы тұста Oracle - интернетте оқыту жүйесін қолданатын Ұлыбританиядағы Yeovil College, Франциядағы Stratx, АҚШ-тағы The Training Times, Голландиядағы GITR және т.б. оқу орындарын атап кетуге болады. Және де Ресейде Прометей жүйесі, ал Қазақстанда қазіргі кезде электрондық оқулықтарды, ақпараттық жүйелерді құрастырып, қашықтан оқытудың әдістемелік жабдығын ұйымдастыру мәселесімен интенсивті түрде 2002-жылы құрылған Tamos Development Ltd, Tamos Business Solutions компаниялары, т.б. ұжымдар айналысуда. Қазіргі кезде біздің елімізде де онлайн оқыту платформалары: Bilimland, Online mektep, Daryn, iMektep, Twig, itest, ZOOM, Cisco Webex Meetings, Teams және тағы басқалары бар.

Қашықтан оқытуға арналған негізгі пайдалы құралдар мен веб-сервистер туралы, онлайн-курстан [3] сіз скринкастинг, бағалау және интербелсенді тақта құралдарымен танысып, мәліметтер алуға болады.

Елімізде қашықтан оқыту мәселесіне қатысты тәжірибе алмасу бағытында соңғы жылдары бірнеше Халықаралық конференциялар, семинарлар ұйымдастырылды. ЖОО–да оқытылатын пәндердің электронды оқулықтары даярлануда, оқу-әдістемелік веб-арналары ашылуда.

Оқу-әдістемелік жұмыстардағы басты назар электронды оқулықта болса, оның бағдарламасына өзгерістер енгізуге, яғни оқу мазмұнына жаңа мәліметтер қосуға не жетілдіруге, жаттығуларды не тапсырмаларды өзгертуге, оқу материалдарын топтап беруге арналған интерфейс болуы шарт. Ол мүмкіндік бұл бағдарламаны ұсыныстар мен пікірлер арқылы қайта қараудан өткізіп, жыл сайын жаңалауға жол ашады. Өйткені, электронды құрал сапалы білім алуға көмектесетін, экономикалық тұрғыдан тиімді шешім беретін, оқытушының механикалық жұмысын жеңілдететін, шығармашылығын шындайтын, ал оқушылардың білімін үздіксіз қадағалауда таптырмайтын көмекші құрал.

Қашықтан оқытудың әдістемелік құралдарында қолданылатын оқу материалдары көрнекі, түсінікті болу үшін анимациялық қимыл-қозғалыс эффектілері және тест, блиц тест қосылады. Анимациялық әсерлер түрлі өзгермеліліктерді сипаттау, процесстердің өтуін демонстрациялау тәрізді маңызды мәселелерде қолданыс табады. Міне осы мәселелер компьютерлік технология мүмкіндіктерін қолданып орындалады. Мұндай жұмыстарды орындауда электрондық ресурстардың ішінде iSpring Suite бағдарламасының алатын орны ерекше.

Сондықтан да iSpring Suite электрондық ресурсына терең тоқталуды жөн көрдік[4].



3 Курстың құрылымын реттеңіз



- Слайд иерархиясын жасаңыз
- Тармақтау сценарийлерін қолданыңыз

3 Курстың құрылымын реттеңіз





- Слайд иерархиясын жасаңыз
- Тармақтау сценарийлерін қолданыңыз

4 Аудио және бейне сүйемелдеуді қосыңыз

Дайын аудио/бейнені компьютерден жазыңыз немесе жүктеңіз,оны слайдтар мен анимациялармен өңдеңіз және синхрондаңыз.





5 Бірегей дизайнмен тест немесе сауалнама жасаңыз





- 23 сұрақ түрі, соның ішінде drag-and-drop
- Сұрақ және жауап бойынша тармақтау сценарийлері
- Сұрақтарды редакциялау мен өңдеудің ыңғайлы режимі

9 Курсты медиа нысандармен толықтырыңыз



- Таңбалар
- YouTube тан видиолар
- Web-объекттер
- Flash-роликтер

9 Курсты медиа нысандармен толықтырыңыз



- Таңбалар
- YouTube тан видиолар
- Web-объекттер
- Flash-роликтер

11 Бейне дәрістер үшін ойнатқышты пайдаланыңыз



Ашылмалы тізімнен Video Lecture Player таңдаңыз.

11 Бейне дәрістер үшін ойнатқышты пайдаланыңыз



Ашылмалы тізімнен Video Lecture Player таңдаңыз.

12 Немесе Universal ойнатқышының дизайнын реттеңіз

- Шаблондар
- Панельдерді көрсету
- Плеер түсі
- Видео баяндамашы
- Компания логотипі
- Баяндамашы туралы мәліметтер
- Плеердің жазбалары

13 Әр түрлі құрылғыларда алдын-ала қарауды қолданыңыз

Алдын ала қарау опциясы курстың басқа құрылғыларда қалай көрінетінін бағалауға мүмкіндік береді:

- Компьютерлерде
- Планшеттерде
- Смартфондарда

Қорыта келгенде, iSpring Suite электрондық ресурсының жоғарыда келтірілген ерекшеліктері қашықтан оқыту құралдарын жасақтауда таптырмайтын құрал. Сондықтан да ол Web-арналардың жұмыстарын ұйымдастыруда, мультимедиялық курстарды программалауда, демонстрациялық және проблемалық лекцияларды әзірлеуде, оқыту құралдары мазмұнының анимациялық эффектілерді қосуды талап ететін тұстарында жиі қолданылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768
2. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
3. https://stepik.org/join-class/1ba6fe234dc5a7043923404a46c6f8edad953652
4. https://www.ispring.ru/ispring-suite

ӘОЖ 372.8

ӘЛМАХАН Г.А.,
магистрант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ. Қазақстан

РЫСБАЕВА Г.А.
биология ғылымдарының кандидаты,
Биология кафедрасының доценті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ. Қазақстан
E-mail: galiya732014@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАБИҒАТТЫ ЗЕРТТЕУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Бұл мақала бастауыш сынып оқушыларының табиғатты зерттеу процесінде іс-әрекеті баяндалады. Мақаланың тақырыбына сай оқушыларға табиғатты аялау, табиғатты қорғауға үйрету, оқу іс-әрекеті сипатталады. Мақалада қазіргі таңдағы бастауыш сынып оқушыларының табиғатты зерттеу процесіндегі мұғалімнің міндеттері қарастырылған.

Кілттік сөздер: бастауыш сынып, табиғат, зерттеу, іс-әрекет, зерттеу әдістері.

Резюме. В данной статье рассказывается деятельность младших школьников в процессе изучения природы. В соответствии с темой статьи учащимся описывается бережное отношение к природе, обучение охране природы, учебная деятельность. В статье рассмотрены задачи учителя в процессе изучения природы у младших школьников в настоящее время.

Ключевые слова: начальная школа, природа, исследования, деятельность, методы.

Summary. This article describes the activities of primary school students in the process of studying nature. In accordance with the topic of the article, students are described with a careful attitude to nature, training in nature conservation, and educational activities. The article deals with the tasks of the teacher in the process of studying nature in primary school students at the present time.

Keywords: primary school, nature, research, activity, research methods.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда оқу жүйесінде балаға білімнен бөлек, алған білімін өмір тәжірибесінде қолдана білу, жан-жақты қабілетті, ізденімпаз жеке тұлға қалыптастыру талабы қойылып отыр. Сонымен қатар мұғалімнің алдына қойған басты мақсаттарының бірі-баланы зерттеушілікке баулу. Бастауыш сынып оқушыларының айнала қоршаған ортаны зерттеуге қызығушылығы ерекше болады. Сондықтан оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы жоғары болатынын әрқайсымыз білеміз. Бастауыш сыныптан бастап ізденушілікке баулыса бала кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді.

1. К.Д.Ушинский табиғат құбылыстарын бақылау және оны қорыту білімнің негізгі қайнар көздері болу керек деп атап көрсетті. Ол: табиғат-адам өз мақсаттарына пайдалана отырып, өз іс-әрекетін өрістететін табиғи орта дейді. Адам табиғаттың заңдарын ашады да, оны өзіне қызмет еткізеді [Сарсекенова А.Ж., 2015,282 б.]. Ғалымның ойы бойынша табиғатты толық зерттеп, бұл білімді қалың халық арасына таратпайынша, бізге еліміздің табиғаты мен халқы беретін заттарын да пайдалана алмаймыз деген. Сол себепті, ерте жастан балалардың бойына табиғат туралы құндылықтарымызды, табиғи байлықтарымызды дәріптеп, оны қорғауға тәрбиелеуіміз керек.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Балаларға білім берудің алғашқы баспалдағы-бастауыш мектеп. Бастауыш сынып оқушыларының бойында ізденушілік, зерттеушілік қасиеттер болады. Балалар 1–сыныптың өзінде-ақ экскурсияларда айналадағы табиғат құбылыстарымен танысады, табиғаттың кейбір объектілерін бақылайды. Балалар мұғалімнің басшылығымен бақылау жүргізіп қана қоймайды, сонымен бірге оларды жинақтайды, табиғат құбылыстарының қарапайым байланыстарын және өзара тәуелділігін анықтайды, өлі табиғат пен тірі табиғаттың арасындағы өзара байланыстарды анықтайды.

Бірінші сынып оқушыларына табиғаттанудан берілетін білімді еңбекпен байланыстыру мін-

деттері де жүктеледі. Еңбек түрлерін балалар күнделікті өмірден байқап қана қоймай, өздері де еңбектің жеңіл түрлерімен айналысу барысында табиғи құбылыстарды түсінуге мүмкіндік алатын айта келіп (өсімдіктерге су құю, шаңын, сүрту, қураған жапырақтарды жинау, құстарға жем шашу), оқушылардың өздерін еңбекке қатыстыру талабы қойылды. Осы еңбектер нәтижесінде өсімдіктердің өсуіне қажетті жағдайларды, олардың тұқымнан өнетінін, бөліктерін оқулықтан оқып қана емес, нақты объектілер, образдар арқылы сезіне отырып қабылдау үрдісін дамыту ескертілді. Сонымен қатар табиғат қорғау мәселелерін жүзеге асыру да көзделді (өсімдікті жұлмауға, құстарды қорғауға, пайдалы жануарлар мен өсімдіктерді тани білуге дағдылану).

Алты жасар балаға қоршаған ортадан берілетін білім, негізінен, олардың топсаяхат кезінде табиғи материалдарды бақылауы не өндіріс, шаруашылық орталықтарында болып, керекті объектіні көріп танысу барысында сезімдік қабылдауы арқылы жүзеге асады. Ал мұндай әрекеттер кезінде алынған деректер мен ұғымдар мазмұнына қарай әр сабақтың қолайлы бөлімінде кіріктіре қолданылады. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту кезінде олар жыл мезгілдерінің өзгеретінін, ол өзгерістің адам еңбегіне, өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіне әсер ететінін аңғаруына, сезінуіне сол арқылы білім жүйесінің қалыптасуына жағдай жасалды. Олардың бұл ұғымдары кейінгі сыныптарда жыл мезгілдерінің ауысу себептерін түсінулеріне негіз салды. 2 сыныпта балалар күзде ауа температурасының төмендейтінің ағаш жапырақтарының түсі өзгереті жапырақ түсе бастайтынын көреді. Бұл фактілерді балалар өзара байланыста қабылдауы керек. 0лар табиғатта өздері бақылаған құбылыстардың себепті байланыстарын түсінетін болуы керек. Табиғатты материалистік түсінудің негіздері осылай қаланады, сонын, нәтижесінде балаларда атеистік сенімдердің бастамалары қалыптасады. Оқушылармен бірге айналадағы табиғатты зерттеу арқылы олардың табиғатқа сүйіспеншілігін және оны қорғауға ықыласын тудырады.

Оқушылармен бірге айналадағы табиғатты зерттеу арқылы олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін және оны бақылауға ықыласын тудыра отырып, мұғалім оқушыларын Отанын, өз өлкесін сүюге тәрбиелейді. Оқушылар өздері тұрған жердің табиғат ерекшеліктерімен, әр түрлі аудандарындағы табиғат айырмашылықтарымен таныса отырып, бұл айырмашылықтардың себептерін анықтайды. Мұғалім осылай балалардың кеңістік жайлы түсініктерін қалыптастырады да, оларды сұлба, карта және глобуспен жұмыс істеу арқылы тиянақтайды.

Адам мен табиғаттың қарым-қатынастарын, табиғатты халықтың шаруашылық әрекетіне пайдалануымен, ауыл халқы мен қала халқының маусымдық еңбегімен танысу оқушыларды еңбекті және еңбек адамдарын сыйлау рухында тәрбиелеуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде балаларды қоғамдық пайдалы еңбекке және болашақ іс-әрекетіне психологиялық дайындауға негіз болып табылады.

Бастауыш сыныптарда табиғатты зерттеу мұғалімге, балаларды эстетикалық тәрбие беру үшін мол мүмкіндік тудырады. Ол кез келген экскурсия кезінде орманның, даланың, шалғынның, күн батуының әсемдігіне, құстардың әніне, орманның шуылына, т.с.с. оқушылардың назарын аударып отыруы керек.

Бастауыш сыныптарда осымен бірге термометрді, компасты пайдалану, қарапайым тәжірибелер жасау жөнінен практикалық дағдылар қалыптастырылады. Бастауышта табиғат құбылыстарын түсінудің материалистік негіздерін қалап, балаларға айнала қоршаған әлемнің ең қарапайым нақты заттары мен құбылыстары туралы нақты деректер беруі, жекелеген табиғат құбылыстарының арасындағы қарапайым байланыстарды және табиғат құбылыстарының өзгерушілік себептерін қарапайым түрде түсіндіруі, адам табиғаттың күші мен байлығын қоғам мүддесіне қалай жұмыс жүргізетінін айқын мысалдармен көрсетуі тиіс [М.К.Естұрсынова, Ш.С.Набидоллина, 2007,377б.]. Табиғат туралы білім арнайы зерттеу әдістерін қолдану арқылы жинақталады. Табиғатты зерттеу әдістерінің ішінен кең тараған үш ғылыми әдісті атап өтуге болады. Олар: бақылау, эксперимент және теориялық зерттеу әдістері.

Табиғат құбылыстарының заңдылықтарын ашу үшін ғалымдар логикалық ой қорыту амалдарын рет - ретімен пайдаланады. Әуелі олар бақылау арқылы деректер жинайды. Жаңа деректерді бұрыннан белгілі деректермен салыстырып, олардың арасында себеп - салдарлық байланыстар бар ма? деген негізгі сұраққа жауап іздейді. Табиғатты тікелей бақылап оқып үйрену негізінде мектеп оқушыларында көптеген түсініктер қалыптасады. Бақылаудың негізінде: оқушылардың логикалық ойлау әрекетін, ауызша және жазбаша сөзін дамытуға мүмкіндік береді. Бақылау табиғи құбылыстардың үздіксіз өзгеруі мен дамуына табиғатта болып жатқан өқбылыстардың өзара байланысы мен заңдылығына, дүниенің материалдығына және табиғаттың біртұтастығына балалардың көзін жеткізеді. Зерттеушінің өзгерістерді бақылап, басқа өзгерістерге деген әсерін анықтау арқылы жасалатын зерттеудің бөлігін ***эксперимент*** деп атаймыз. **«Эксперимент»** деген сөздің өзі белгілі бір құбылыстың орындалуы мүмкін немесе мүмкін еместігін көрсеттеді. Эксперименттің басты мақсаты зерттеліп отырған объектінің қасиеттерін анықтай отырып, гипотезаның шындық немесе жалған екенін дәлелдеу болып саналады. Экспериментті ұйымдастыру мен орындау оның мағынасы арқылы анықталады.

Кіші мектеп жасындағылар көпшілік жағдайда құбылысты тек сыртқы, көбінесе мәнсіз белгілерін байқайды. Сондықтан бақылауларды ұйымдастыруда мұғалімнің алатын орны өте зор. Балаларды заттың немесе құбылыстың барынша маңызды мән белгілерін көре білуге үйрету керек. 0л үшін ең алдымен оқушылардың белгілі бір нақтылы табиғат құбылысын немесе объектіге бақылауларын ұйымдастыру керек. Балалар жүйелі жолы бір бағыттағы бақылаулар жүргізгенде объектінің немесе табиғи құбылысының жалпы және айқын белгілері ғана емес, сонымен бірге жеке егжей-тегжейлерін байқай бастайды. Бақылау жан жақтылы және мақсатты сипат алады. Балалар бірте-бірте объектілерді салыстыруға, бақылаулар негізінде қорытындылар жасауға үйренеді.· Баланың жаңа затты немесе құбылысты көруге, бақылауға табиғи, туа біткен талпынысы қабылдаудың бастапқы негізін құрайды.

Мұғалімнен бақылауға тапсырма алғаннан кейін балалар оны жүзеге асырады. Нәтижесінде олардың санасында объектінің немесе табиғат құбылысының сыртқы түрі туралы алғашқы түсінік туады. Түсінік балалардың санасында көрнекі бейнелер түрінде туады және нақтылы сипатта болады, бірақ бұл бейнелеу қарапайым қабылдауға қарағанда біршама жалпылама түрде болады.

Мұғалім түсінікті тереңдету және кеңіту үшін оқушылардың алдына заттың немесе құбылыстың негізгі қасиеттерін анықтайтын сұрақтар қояды. Мәселен, 2 сыныпта балалар күзде жапырақ түсуін бақылайды да, мынадай сұрақтарға жауап береді: Жапырақ түсу кезінде қандай өзгерістер болады? (Жапырактар сарғайып ағаштан түседі.), Жапырақтар қандай ағаштардан түседі? (Жапырақты ағаштардан түседі.), Мұғалім жапырақ арқылы оларға тамырдан діңді бойдағы келетін ылғал буланатынын түсіндіреді· Егер қыста ағаштардағы жапырақтар түспесе олар құрып кетеді, өйткені жапырақтардағы су құрғап қалады. Ағаштарға жапырақтардың қажеті не? (Жапырақты ағаштар құрып кетпеу үшін). Неліктен шырша мен қарағай қылқанын тастамайды? (Өйткені қылқан арқылы су аз буланады.) соңында оқушылар жапырақ күзде түседі деген қорытынды жасайды. Бұл жапырақты ағаштардың қысқы суықтарға дайындығы.

3 сыныпта балалар экскурсия кезінде ең алдымен төбе туралы нактылы түсінік алады, жер бұл формасының негізгі қасиеттерін анықтайды, оның етегімен тік және жатық беткегілерімен, ұшар басымен танысады. Онан кейін үшінші сынып оқушылары дәрісханада мұғалімнің нұсқауымен картиналардан төбелердің әлденеше түрлерін көреді, олардан табиғатта бақылаған бөліктерін табады, оқулықтағы мақаланы оқиды, соның нәтижесінде олардың жалпы төбе туралы және оның белгілері туралы түсініктері қалыптасады. Сонымен, мұғалім балаларды заттардан немесе құбылыстардан белгілері мен қасиеттерін ажыратуға, сонан қейін түсініктерін кеңейту үшін бірнеше заттың немесе құбылыстың белгілері мен қасиеттерін салыстырып, олардың ең маңызды ерекшеліктерін анықтауға үйретуі керек, өз кезінде К. Д. Ушинский «салыстыру кез келген ұғымның және кез келген ойлаудың негізі болып табылады» деген болатын.

Мысалы, оқушылар қылқан жапырақты және жапырақты ағаштарды салыстырғанда бірінші кезекте олардың жалпы белгілерін: тамыры, діні, бұтақтары, жапырақтары бар екенін атап етулері керек. Олар содан кейін, осы жалпы белгілерін салыстыра отырып, негізгі айырмасы жапырақтарында екендігі қылқан жапырақты ағаштардың жапырақтары қылқан түрінде болатындығы жайлы қорытындыға келеді.

Оқушыларға табиғатпен танысуға тірі табиғат бұрышы көмектеседі. Тірі табиғат бұрышы оқушылардың маусымдық өзгерістерге қарамастан үздіксіз жыл он екі ай тікелей тәжірибелер мен бақылаулар жүргізуіне мүмкіндігі жоғары маңызы үлкен орын. Кейінгі кездерде бастауыш мектепте тірі табиғат бұрышын жасауды онша тиімді емес деген пікір етек алуда. Бірақ әр сыныптың терезе алдында міндетті түрде түрлі бөлме өсімдіктері болатыны сөзсіз. Сонымен қатар, сыныпта аквариум да ұстай алады. Тірі табиғат бұрышын ұйымдастыру арқылы мұғалім оқушыларға жергілікті нысандарды нақты бақылауға жағдай жасайды [Сихимбаева С.М., 2019,1666.].

Табиғаттағы сабақтарда және топсеруендерде оқушылар өз беттерінше өсімдіктердің құрылысын барлық мүшелерін сипаттауға үйренеді. Өсімдіктердің көбейуін, тұқымының таралуын, жылу және жарық жүйесіне бейімдеушілік ерекшеліктерін анықтап, әр түрлі топырақтағы тамырдың даму түрлерімен тозаңдану түрлерін атап отырады. Табиғатпен таныса отырып, оның әр түрлі формаларын тіршілік үшін күресіне тереңірек үңілген сайын, оқушыларда өсімдік организмін жете зерттеуге, оларды зиянды сыртқы орта әсерлерінен қорғауға деген қажеттілік туындап отырады. Балаларға дүниетану пәні бойынша өте қызықты жобалар, тәжірибелер, бақылау жұмыстар ұсынуға болады. Зерттеу жұмыстарын топтасып, жұптасып немесе жалғыз да орындауға болады. Көрген, білген, естіген ақпараттарын суретке салып, өз ойларын қағаз бетіне жазып, кітапша жасауларына болады.

Мүмкіндіктері болса, бейнежазбалар жасап, суретке де түсірулеріне болады. Шағын болса да осындай жоба әдісін қолдану әрі қызық, әрі пайдалы, әрі көп еңбекті талап етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы бастауыш сыныпта зерттеу жумыстарымен айналысқан кезде ең бірінші тақырыпқа баса назар аударылады. Тақырыпты мұғалімнің жетекшілігімен таңдаған дұрыс.

Бастауыш сынып оқушыларына ұсынылатын зерттеу жұмысының тақырыбы :

• анық, мағыналы, қысқа, дәл болуы керек.

• Тақырып оқушыға қызықты, оларды тартатындай болуы керек.

• Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.

• Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өз жақсы білетін тақырып аясында таңдау керек.

Алдымен тақырып таңдалады. Оқушылар табиғатты бақылап, зерттеп материалдар мен әдебиеттер жинақтай бастайды. Бастауыш сынып оқушылары ғылыми терминдерді, қарапайым экологиялық ұғымдарды, жаңа сөздерді оқулықты оқу барысында меңгереді, оқығандарының мазмұнын айту үшін ой қорытып, төселеді. Бастауыш сынып оқушыларының таным деңгейлерін жоғарылату үшін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сарсекенова Ақзира Жұпқанқызы Қоршаған ортаны оқыту әдістемесі Шымкент, 2015 ж.-282 б.

2. М.К.Естұрсынова, Ш.С.Набидоллина Жаратылыстану негіздері және дүниетануды оқыту әдістемесі. Астана, 2007ж.-377 б.

3. Сихимбаева С.М. Дүниетанудан дидактикалық материалдар дауындау әдістемесі Қарағанды, 2019 ж.-166 б.

ӘСІЛХАН Н.Ж.,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

АКЫНОВА Л.А.
биология ғылымдарының кандидаты,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ДҮНИЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Түйін. Бұл мақалада дүниетану сабақтарында қашықтықтан оқыту бойынша Google Jamboard, Google-форм, Kahoot, wooclap, ahaslides бағдарламаларында жұмыс жасау және оның тиімді жақтары ашып көрсетілген.
Түйінді сөздер: мұғалім, оқушы, қашықтықтан оқыту, дүниетану, қолдану.
Резюме. В данной статье раскрываются преимущества работы в программах Google Jamboard, Google-Form, Kahoot, wooclap, ahaslides по дистанционному обучению на уроках познания мира.
Ключевые слова: учитель, ученик, дистанционное обучение, познание мира, применение
Summary. This article reveals the advantages of working in the Google Jamboard, Google-Form, Kahoot, wooclap, ahaslides programs for distance learning in the lessons of learning the world.
Keywords: teacher, schoolchild, distance learning, learning the world, application.

Қазіргі кезде дүние жүзінде орын алған қиын қыстау кезеңде білім беру жүйесінде алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы көптеген жұмыстар атқарылауда. Қазақстандық білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі – еуропалық және әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдасу жағдайына енуі. Осыған байланысты әлемде бірыңғай ашық білім беру кеңістігін қалыптастыру және ұлттық білім беру жүйелерін ашық білім берудің бірыңғай жүйесіне біртіндеп трансформациялау процестері жүріп жатыр.

XX ғасырдың екінші жартысындағы ақпараттық революцияның себебі болған жаңа ақпараттық технологиялар қашықтықтан оқыту әдістерінің (ҚОӘ) қарқынды дамуына және ашық білім беру тұжырымдамасының қалыптасуына серпін берді. Қашықтықтан оқыту технологиясы оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін оқу материалдары мен қызмет түрлерін, әдістер мен құралдарды әзірлеуді көздейтін оқу-әдістемелік материалдарды жасау технологиясына жаңа тәсілдерді талап етеді. Қашықтықтан білім беруді дамыту ЮНЕСКО-ның 1996-2001 жылдардағы "Баршаға арналған Білім", "өмір бойы білім беру", "Шекарасыз білім беру" және орта мерзімді стратегиясының негізгі бағыттарының бірі болып танылды. Дамуға ықпал ету Маастрихт шартының 126-бабында-Еуропалық одақтың құрылтай шартында басым міндет ретінде анықталған, ал беделді американдық, the chronicle of Higher Education апталығы соңғы үш жылдағы қашықтықтан білім беру саласындағы белсенділік деңгейін "таңқаларлық"деп атайды [1].

Қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалану арқылы оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) тиісті білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.[2]

Бастауыш сыныптардың педагогикалық үдерістерін ұйымдастыруда оларға қажетті білімді беру арқылы оқушылардың қоршаған орта мен әлемді ғылыми тұрғыдан тану негіздегі дүниетанымдарын дамыту – дидактикалық зерттеулердің өзекті және мақсатты бағытталған нысаны ретінде мәнге ие. Дүниетану сабақтарында да озық технологияларды пайдаланып, сабақты қызықты әрі түсінікті етіп ұсынуға болады.

Оқушылардың цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытудағы мұғалімнің рөлі контексте байланысты. Кейбір жағдайларда бұл белгілі бір оқу нәтижелері бар мұғалімдерге бағытталған міндеттер болуы мүмкін, ал басқа жағдайда оқушыларға, мысалы, сұрақтар, тақырыптар, уевсайттар немесе нәтижелерді ұсынуда көп таңдау берілуі мүмкін. [3, 286 б.]

Қазіргі кезде балақайлар үшін АКТ-ны мәтінді өңдеу тапсырмаларын орындау, көркем бағдарламалық жасақтама көмегімен сурет салу және сан мен формаға қатысты негізгі математикалық түсініктерді меңгеру үшін қолдану қалыпты жағдайға айналды.

Көптеген мұғалімдер емлені, сөз құрамын оқыту үшін оқиға сюжеттерімен таныстыру үшін әртүрлі тілдік бағдарламаларды қолданады. Цифрлық және бейнекамера технологиялар саласындағы үздік жетістіктер 3-4 жас аралы-

ғында балаларға мектепке дейінгі іс-шараларды, соның ішінде түрлі сапарларды жазып алуға мүмкіндік береді. Мұғалімдердің цифрлық кескіндерді ауызша сөйлеу дағдыларын, сондай-ақ пән бойынша білімді жетілдіру үшін қолдануын, осы бағыттағы үздік тәжірибе деуге болады.

Топтық жұмысты бірлесе орындауға арналған электронды тақта қызметін сізге – Google Jamboard бағдарламасы ұсынады. Бұл миға шабуыл жасауға және команданың жұмысын жақсартуға көмектеседі. Интернеттен суреттер мен мазмұнды жүктеп, оларды тікелей тақтаға апарады.

Бұл құрал жазбаларды жасауға және бірлесіп жұмыс істеуге, тақталарды араластыруға және нақты уақыт режимінде өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Google Jamboard бағдарласына кіру үшін сізде гуглдың арнайы электронды почтасы болуы қажет. 1. Әуелі электрондық адресті https://www.google.com/intl/ru/gmail/about/ басып, парақтың ішінен кіру батырмасын басамыз.

2. Өзіңіздің электрондық почтаңызды жазып, поштаға кіреміз.



3. Почтадағы сол жақтағы мәзірдің ішінен диск-ті таңдап аламыз. Диск – құжаттары, видео, сурет, сабақ материалдарын сақтау қызметін атқарады. Онда көптеген қосымшалармен тапсырмалар орындасақ болады.



4. Құру батырмасын басып, Google Jamboard-ты ашып аламыз.



Енді осы бағдарламада тапсырмала жасап көрейік. Мысалы: дүниетану пәнінен 3сыныпқа «Тірі табиғат» тақырыбында топтық жұмыс жасатып көрейік. «Мәселе туралы болжам» әдісімен өсімдіктер туралы топтық жұмыс жүргіземіз.



Бұл жұмыста жасау барысында оқушылар суретке қарап өсімдік атауын, таралу аймағын, қызметін және өсімдікті қорғау үшін не істейтіндіктерін айтады. Бұл бағдарламада онлайн оқушылар топпен жұмыс жүргізіп жатқандықтан, мұғалім оқушыларға дұрыс бағыт бағдар бере алады.

Мұғалім дүниетану пәнінде сабақты қоршаған ортамен байланыстырып, қызықты материалдар беру арқылы шығармалық қабілеттерін арттырады. Мысалы 2 сынып оқушылары әртүрлі жерлерде өсетін өсімдіктермен таныстыру мақсатында үйдің ауласындағы өсімдіктерді сандық камералармен суретке түсіріп, сабаққа түрлі материалдар дайындап әкелді. Олар Google Jamboard-та Венн-диаграммасы арқылы өсімдіктердің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын көрсетті. Мұғалім кейбір өсімдіктердің микроскоппен түсірілген видеоларын көрсеткен кезде балаларға мынандай сұрақтар туды: «Бұл не?», «Неліктен олар кейбір өсімдіктерде бар?», «Олар өсімдіктермен қоректене ме?» деген сұрақтар қойды. Әлбетте мұндай жұмыстар оқушылардың өсімдіктер туралы зерттеу қабілеттерін оятып, одан әрі ізденуіне апарады.

«Primary Science Review» журналының редакциялық алқасы ғылыми зерттеу жүргізуге «топ-20» іс-шараны жариялады, олар: бақбақ парашюттар, қабырғаға көгерген нан жабыстыру, «special K» үлпегінен темірді табу, қағаз арбайтын жылан.[4] Мұғалімдер балаларды жастайынан жауаптарын байыппен түсіндіруге және айтатын ойын дәлелдеуге үйрете алады.

Алайда неден бастау керек екенін білу мен ғылыми идеяларды қалай түсіндіру мұғалімге қиындық тудырып отыр. Жақсы тәжірибе дегеніміз – бұл алдын ала жоспарлау және сабаққа қажетті түсіндірмелер мен сұрақтарды ойластыру. Оқушылар күтпеген сұрақтар қойғанда (немесе қоймақ болса), оларды ғалым сияқты жұмыс істегені үшін қолпаштау керек. Кейде сұрақтар келесі сабақтарда жүргізетін зерттеулерге негіз болуы мүмкін немесе табан асты туындаған ойды бөлісуге, интернетте немесе басқа ақпарат көздерін пайдалануға жетелеуі ықтимал.

Кері байланыс жасау үшін wooclap, ahaslides бағдарламасын қолдансаңыз болады. Әрине бұл бағдарламалар ағылшын тілінде болса да оның мүміндігімен аудиторияңызда тікелей кері байланыс жасайсыз.

Мысалы, wooclap сайтында 20-дан көп аудиториямен байланыс орнатсаңыз, ahaslides-та ақылы бағдарлама болғаны үшін тегін қолданылым саны аз болып, 6 адам ғана өз ойын білдіре алады. Одан көп аудиторияны қамту үшін сіз ақылы түрде төлем жасайсыз.

Дүниетану сабағында бұл бағдарламаларды қолдану оқушының ақпараттық сауаттылығы мен тақырыпты қортындылау мақсатында тапсырмас бағдарлама дер едім.



Өткен сабақты, бөлім бойынша, тарау бойынша тақырыптарды тест түрінде пысықтауға quiz, Google-форм, Kahoot бағдарламаларын қолдансаңыз болады. Kahoot-ты формативты бағалауда қолдану, Google-форм суммативты бағалау кезінде қолдануға болады. Kahoot-білім

беру жобаларына арналған қосымша. Оның көмегімен сіз тест, сауалнама, оқу ойынын жасай аласыз немесе білім марафонын ұйымдастыра аласыз. Бағдарлама жұмыс үстелінде де, смартфондарда да жұмыс істейді.

Қорытындылай келе, қашықтықтан білім беру білім беру саласында туындайтын жаңа қажеттіліктер жүйенің икемділігін және оның әлемнің әртүрлі елдеріндегі рөлі мен маңыздылығын көрсетеді. Қашықтықтан білім беру жаңа технологиялардың пайда болуымен өзгереді. Жаңа мыңжылдықта адамзат ақпараттық қоғамға көшкен сайын қашықтықтан білім беру өзінің икемділігі мен формаларының алуан түрлілігін көрсете отырып, маңызды рөл атқара бастайды. Мұның бәрі оқу процесінің интерактивтілігінің артуына, құрылған сабақтардың көрнекі тартымдылығына, нәтижесінде оқытудың тиімділігін арттыруға әкеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Analytical survey Distance Education for the Information Society: Policies, Pedagogy and Professional Development. Moscow 2000, 86 pp., UNESCO Institute for Information Technologies in Education.

2. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 Бұйрыққа қосымша, http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768

3. Рассел Григг «Бастауыш мектеп мұғалімі» шеберлікті шыңдау. «Ұлттық аударма бюросы» Алматы, 2020ж.286 бет

4. Primary Science Review (PSR) (2007) «All change or small change?» 100. Nov\ Dec: 9-13, available at: www.ase.org.uk/journals/primary-science/2007/11/100

5. Б. Тұрмашева, С. Салиш, В. Пугач. Дүниетану.Оқулық. Атамұра 2018.

ӘОЖ 37. 015. 31

БАЙДЫБЕКОВА Е.И.,
п.ғ.к., доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ДОСЫБЕКОВА Ш.К.
информатика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі,
М.Мәметова атындағы №35 жалпы орта білім беретін мектеп директорының
оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары,
Шымкент, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫ ТҰЛҒАЛЫҚ БОЛМЫСҚА БАҒЫТТАУ

Түйін. Мақалада бастауыш сыныптардағы оқушыларды тұлғалық бағыттау мәселесі қарастырылады. Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудағы спиральді білім беру бағдарламасының басымдықтары баяндалады. Тұлғалық-бағдарлық білім берудің сипаты мен оған қатысушылардың өзара ынтымақтастығы арқылы оқытудың интерактивті әдістерін қолдану мүмкіндігі ашылады.

Тірек сөздер: тұлғалық-бағдарлық білім беру, оқу-танымдық іс-әрекет, интерактивті оқыту әдістері, білім мазмұнын спиральді құру.

Резюме. В статье рассматривается проблема личностного ориентирования учащихся начальных классов. Излагаются приоритеты спиральной образовательной программы в организации учебно-познавательной деятельности. Раскрывается характер личностно-ориентированного образования и возможность применения интерактивных методов обучения через взаимное сотрудничество его участников.

Ключевые слова: личностно-ориентированное образование, учебно-познавательная деятельность, интерактивные методы обучения, спиральное построение содержания образования.

Summary. The article deals with the problem of personal orientation of primary school students. The priorities of the spiral educational program in the organization of educational and cognitive activities are outlined. The author reveals the nature of personality-oriented education and the possibility of using interactive teaching methods through mutual cooperation of its participants.

Keywords: personality-oriented education, educational and cognitive activity, interactive teaching methods, spiral construction of the content of education.

Жаңа заман жаңа адамын талап ететін болса, ол адамның өмір сүру тәсілі өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыра білуінен бастау алады. Ол адамның жас кезеңдеріне сәйкес өзгеріп, қалыптасып, жаңарып тұрады. Сондықтан білімгерлердің өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыра білуі өзбетінше өмір сүруге, болашақ мамандығына сәйкес құзреттіліктерді меңгеріп, сапалы білім алып жаһандық бәсекеге қабілетті болуына дайындалуының алғы шарты.

Өзбетінше жұмыс оқу-танымдық іс-әрекеті формаларының бірі. Сондықтан бұл жұмыстардың тиімділігі осы іс-әрекетті дұрыс жоспарлау біліктілігіне байланысты болады. Белсенді оқу-танымдық іс-әрекеті ой еңбегі мен практикалық әрекетінің қызметін болжайды. Яғни білім мен білік тек белгілі бір оқу әрекеттерін орындаған кезде ғана, толық әрі саналы меңгеріледі және де бұл әрекеттерді білімгерлердің өзбетінше орындағаны дұрыс. Өзбетінше іздену білімгерлердің өздік жұмысын ұтымды ұйымдастыра алуы мен туындаған проблемалық жағдайларды өзбетінше шеше білуі арқылы оқу процесінде жақсы нәтижеге жеткізеді.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары «*білім алуды үйрету*» ұстанымын негізге алады, ол ұстаным бойынша өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол және зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру көзделеді.

Білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алуымен бірге, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы, күнделікті үй жұмыстарын орындауымен қатар шығармашылық тапсырмалар да орындау негізінде әр түрлі дағдылар да жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Бастауыштағы математика пәні әртүрлі мәселелерге қатысты қалай әрекет етіп, проблемаларды шешу жолдарын түсінуге көмектесе отырып, логикалық ойлау дағдыларын дамыту,

арифметикалық алгоритмдерді қолдану, геометриялық құрылымдарды орындау және математикалық зерттеу жүргізу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқу мақсаттарына негізделе отырып, оқушылар *сандар мен өлшемдер, алгебра, геометрия және математикалық модельдеу* туралы білу арқылы математиканы түсінетін болады. Математикалық талдауды орындау арқылы оқушылар өз сұрақтарына және басқа адамдардың сұрақтарына жауап беру үшін білімдерін, рәсімдерді, әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолданады.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілде пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді [1].

Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер *интерактивті* деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері және қиындықтары да бар.

Интерактив – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделіп, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталған» және қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен өзіндік ізденіс дербестігін қалыптастырады, оны әрі қарай дамытады.

Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, интерактивті оқытудың тиімділігінің сыртқы көрсеткіштері ретінде оқушылардың бірлескен әрекет ережелерін мойындай отырып, өзара әрекеттесуге ұмтылуын, топтық рефлексияның дамып, ұжымдық ынтымақтастықтың қалыптасуы айтылады.

Ал әсерлілігінің ішкі көрсеткіштері ретінде оқушылардың өз міндеттері мен құқықтарын түсіне отырып, өзара әрекет дағдыларын меңгеріп, топтық жұмысқа дайын болуын, оқу әрекетінің субъектісіне айнала отырып, өзіндік рефлексиясының дамуы көзделеді. Өзара әрекеттестіктің ерекшелігі – ол әрдайым ашу үрдісінде болу, оның мәні – оқушылардың білім алу дағдыларын өзара әрекеттестік арқылы меңгеруі.

Бастауыш сынып оқушысының танымдық қабілеті шартты түрде үш сатыдан тұрады:

- бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);
- таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу).
- белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);

Бастауыш сынып математикасының бағдарламасы мен оқулықтары аталған танымдық қабілеттерді қолдайтындай етіп жазылған. Сонымен бірге пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі және білім беру деңгейлері арасында пән бойынша сабақтастықтық ескеріліп, толық оқу курсы бойынша нақты мақсат қойылған.

Білім беру бағдарламасының спиральді құрылуында оқушы пәндегі тақырыпты бірнеше рет қайталап оқиды, әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың күрделілігі арта түседі және жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Демек, спиральді білім беру бағдарламасының бірнеше басымдықтары бар. Олар:

- оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;
- спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;
- оқушылардың соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізуі үшін бұрын алған білімдерін қолдану ұсынылады.

Оқушылар алға ілгерілеу шамасына қарай бір сыныптан келесі сыныпқа өткен сайын бұл тақырыптарды анағұрлым тереңірек түсінеді және онымен байланысты тұжырымдамаларды өзбетімен ізденіп қолдануға мүмкіндік алады.

Бастауыш сыныптарға арналған математика пәні бойынша спиральді білім беру бағдарламасындағы ілгерілеуді оңай көруге болады, айталық оқушылар қосу және алу тұжырымдамаларының негізінде өткенді қайталайды және жаңа білім қалыптастырады. Мысалы, арифметикалық амалдарды оқып-үйрену барысында 1-сыныпта қосу және алу элементтерін білу, 2-сыныпта оқыған және жазған кезде қосу және алу элементтерінің атауларын пайдалану, 3-сыныпта ондықтардан аттап көп таңбалы сандарды жазбаша қосу және алуды орындау, 4-сыныпта оқыған және жазған кезде қосу, алу, көбейту және бөлу элементтерінің атауларын пайдаланып жұмыс жасау іске асырылады.

Оқушылардың бойында өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында бастауыш сыныпқа арналған пәндердің аясында мұғалімдер әрбір оқу жылында нені оқыту керектігін және оқу сапасы қандай болу керектігін нақты білуі тиіс. Оқушылардың, сондай-ақ мұғалімдер мен мектептердің әралуандығын қамту үшін бастауыш сыныпқа арналған білім беру бағдарламасы айтарлықтай икемді. Туған тілі қазақ тілі болып табылатын оқушыларға арнап бай, құнарлы тілдік орта ұсына отырып, білім

беру бағдарламасы мұғалімдердің тіл саласында туындап қалуы мүмкін проблемалар туралы барынша хабардар болуын қамтамасыз етуге тиіс. Оқушылар әртүрлі пәндердің аясында қолдануға болатын білім алады, дағдылары мен мінез-құлқын қалыптастырады, бұл оқушыларға мектептен тыс өмірде қолдануға болатын дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Осындай дағдыларға сауаттылық, математикалық ойлау қабілеті, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау кіреді, бірақ бұл тізім бұлармен шектелмейді.

Психологтардың айтуынша оқушы білімді төрт түрлі жағдайда алады: дайын білімді қабылдап алу, зерттеу барысында жаңалық ашу, әр түрлі жағдайда әсерді сезіну және синтез арқылы бұйым құрастыру немесе өнім жасау. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Оқу үдерісін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдемелері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін оқушының шынайы шығармашылық үдерісіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

Нақты пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқушының белсенділігін арттырып, тұлғалық болмысқа ұмтылуға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға да болады.

Қазақстанның тәуелсіз кеңістігінде жаңаша білім берудің мақсаты – өзін-өзі тұлғалық болмысқа бағыттау үрдісі тек қоғамның кажеттілігі мен сұранымынан туатын қабілет пен іскерлікті ұштау, оның әлеуметтік сипаттағы белсенділігі мен құлшынысы – өздігінен жұмыс жүргізуге қозғаушы күш болып табылады. Ж. Аймауытов айтқандай, «Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аудармай, шектеліп қалуға болмайды. Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер...» [2].

Сондықтан қазіргі мұғалім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда креативтіліктің қандай маңызы барын жақсы түсінуі керек. Креативті ойлау оқушының өмір жағдайларына тың көзқараспен қарап, өзіне тиімді, қажетті болашаққа сенім артатын шешімдер қабылдай білуіне ықпал етеді. Мұндайда креативті ойлауды үйренуге, үйретуге болады ма? - деген пікір туындауы мүмкін. Болады деп ойлап, оқушының креативті ойлау қабілетін дамытуды математика пәнін оқыту мәселесімен байланыста қарастыруды айтар едік. Өйткені математиканы бастауыш сыныптарда қызыға меңгерген оқушылардың жоғары сыныптарға барғанда, қызығушылықтары төмендеп, селқостық пайда болатыны да бар. Сондықтан креативті оқыту әдістерін математиканы оқытуда пайдалану оқушылардың креативті ойлау дағдысын дамытумен қатар, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады, олардың жалпы оқу сауаттылығы мен білімін арттыруға көмектесіп, селқостықты болдырмайтын әдіс деп ойлаймыз.

Осыған сәйкес бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бакалаврының шешуші құзыреттілігіне:

- оқушылардың түйінді құзыреттілігін қалыптастыру;
- кіші мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен қабілеттерінің мониторингісін жасау;
- рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық және оқушылардың денсаулығын сақтайтын білім беру мен тәрбиені ұйымдастыруы, өткізуі жатады [3].

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығын, танымдық әрекет белсенділігін қалыптастыру тәсілдерінің бірі – өз бетінше танымдық әрекет жасауы. Оқу үдерісіндегі өз бетінше танымдық жұмысы – белгілі уақыт ішінде оқушының алдына қойған дидактикалық мақсатты орындауға бағытталған білімді іздеуі, оны ұғынуы, бекітуі, білік және дағдыны қалыптастыруы және дамытуы, білімді жүйелеуі және талдап қорытуы.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математикадан дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, цифрлық контенттер тізімі сияқты, тағы басқа оқу құралдар кешені жинастырылуы қажет.

Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балаларды өзбетінше жұмыс жасауға үйретуге сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы арқылы топтық жұмыс істеу өте тиімді. Бірінің білмегенін бірі толықтырады. Бір-біріне көмек беруге де үйренеді. Қызығушылығы төмен балалар топтық тапсырмаларды орындағанда өзінің қалай қосылып кеткенін байқамай да қалады, сондықтан осы әрекеттерді қолдай отырып, сабақ жүйесінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту керек.

Оқулықпен жұмыс істеуде, есептерді шығару, шығармашылық жұмыстармен іс-әрекет тапсырмаларын орындау кезінде өзбетінше жұмыс түрлері жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда: есепті өзбетінше дұрыс талдай алуы, есепке қойылған суретті есептің моделі ретінде түсінуі, өзбетінше шығаруы, өрнектерді түрлендіруі, теңдеулерді шешуі, т.с.с. Осындай іскерліктерді қалыптастыру, оқытуды бір мақсатқа бағытталған жаттығуларды өзбетінше жүйелі орындау арқылы іске асырылады. Өзбетінше жұмыс жүргізу үшін оқушылардың бәріне немесе әрқайсысына шамамен 5-10 минут уақыт аралығында орындалатын тапсырма беріледі. Мұғалім бұл уақыт аралығында оқушылардың өзіндік жұмыстарды қалай орындағандықтарын бақылап, тексеру жүргізіп, бағалау жасайды.

Нәтижесінде оқушылардың табиғи қабілеттері мен дарындылық қасиеттерінің ашылуына жағдай жасалады. Сондай-ақ:

1. Оқушылардың жаңа тақырыпты өз бетінше іс-әрекеті әдістемесімен меңгеруі ұйымдастырылады.

2. Жұмыс нәтижесін мұғаліммен бірігіп талқылау орын алады.

3. Жаңа тақырып бойынша алған теориялық білімді практика жүзінде пысықтау іс-әрекетке негізделген тәжірибе арқылы жүзеге асырылады.

Бастауыш сынып жасындағы оқушылармен өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастыру үшін төмендегідей біліктілік түрлері болу қажеттігі ескерілді:

1. Белсенділік біліктілігі (білім алу, сұрақ қоя білу, белгісізден белгіліні табу, басқа адамның көмегінсіз жұмысты орындау, өзін-өзі қадағалау);

2. Ұйымдастыру біліктілігі (жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білу, күн тәртібін құру және орындау, жұмыс орнының тазалығы, өзіне қажетті құралдарды қамтамасыз ету);

3. Саналы түрде әрекет ету біліктілігі (жұмысты дұрыс жоспарлау, оқу мәселелерін шешу, өзінің білімі мен біліктілігін жаңа арнада қолдана білу).

4. Ерік біліктілігі (оқу әрекетіндегі қиындықтарды жеңе білу, жұмысқа тез кірісе білу, ұзақ уақыт бойына белсенділік көрсетуге дағдылану).

Оқушы үшін өз бетінше жұмысының ең басты қажеттілігі – оны логикалық ойға жетелеуінде, ойлаудан сана өзгереді, демек ойланта отырып өзіндік қадам жасатуында. Өйткені оқушылардың өзіндік қадамы, өзіндік ойының қалыптасуы оны шығармашылықпен саналы жұмыс істеуге үйретеді, тұлғалық болмысқа бағыттайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Математика. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 80б.

2. Аймауытов Ж. Шығармалары. 6 т. шығармалар жинағы. Т.4. Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау / Жүсіпбек Аймауытов; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты.- Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 382

3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары//Білім берудегі менеджмент.-2012ж.,№3, 94-98 б.

4. Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода – Алматы 2005.

ӘОЖ 37. 015. 31

БАЙДЫБЕКОВА Е.И.,
п.ғ.к., доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ТАУТАЕВА Г.Б.
п.ғ.к., кафедра меңгерушісі,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Түйін. Мақалада баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологиялары қарастырылады. Қазіргі жағдайдағы бастауыш математикалық білімнің ерекшеліктері мен басымдықтары баяндалады. Білім алушылардың қажеттіліктеріне назар аудару арқылы белсенді оқу әдісін қолдану мүмкіндігі ашылады.

Тірек сөздер: баланың тұлғалық дамуы, оқыту технологиялары, коммуникативтік дағдылар.

Резюме. В статье рассматриваются технологии обучения, направленные на личностное развитие ребенка. Излагаются особенности и приоритеты начального математического образования в современных условиях. Раскрывается возможность использования активного метода обучения, ориентируясь на потребности обучающихся.

Ключевые слова: личностное развитие ребенка, технологии обучения, коммуникативные навыки.

Resume. The article deals with learning technologies aimed at the personal development of the child. The article describes the features and priorities of primary mathematical education in modern conditions. The possibility of using an active learning method, focusing on the needs of the learner, is revealed.

Keywords: child's personal development, new learning technologies, communication skills.

Қазақстандағы қазіргі білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер – тарихи объективті процесс. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат – білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда оқушының білім сапасын бұрынғыдай білім, білік және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы оқушының алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білумен өлшенеді деп тұжырымдалады.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз»,-деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырыстарды артып отыр[1]. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр оқушының табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау. Білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиялары өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен жүргізуге тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз етуге әсері бар жанды құрамдас бөлігі болғандықтан, ақырғы мақсатқа жетелейтін әрекеттер жүйесі ретінде баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор.

Педагогика ғылымының қазіргі бір ерекшілігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың, өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері. Мұнда әрбір құрамдасы басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Қазіргі жағдайда математикалық біліммен оның өзіндік әдіс- тәсілдерімен, арнайы тілімен қарулану қоғам мүшелерінің жалпы мәдениеттілігінің элементі, тіпті мамандықтың қандай да болсын саласы үшін қажетті дайындық болуда.

Бастауыш математика курсы оқушылардың белгілі бір білім көлемін игеруін көздейді. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту – күнделікті өмірде және тұрмыста кеңінен қолданылып, мектепте басқа да пәндерді табысты оқу және білімді жалғастыру үшін қажетті математикалық білімнің практикалық негіздерін қалайды. Осыларды игеру процесі – оқушыларды тәр-

биелеу және жан-жақты дамыту ісімен тығыз да берік, табиғи байланыста жүргізіледі. Сондықтан математика сабақтары балалардың ғылыми көзқарасының негіздерін қалыптастыруға, олардың танымдылық қабілетін дамытуға, ақыл-ойы, есі және тағы басқа қырларын шыңдай түсуге, оқуға және қоғамдық пайдалы еңбекке баулуға, жалпы алғанда адамзат қоғамдағы жоғарғы ізгі игіліктерді игеру және қорғау қасиеттерін тәрбиелеуге себін тигізеді.

«Математика» пәні бастауыш білім берудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. Математика бойынша бастапқы білім сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастырады. Математиканың бастапқы курсын оқып үйрене отырып, оқушылар талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, түрлі заттар мен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игереді, білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгереді, мұның барлығы жинақтала келе оқи білуге негіз болады.

Көп жағдайда бұл тілдік жазбалар сабақ кезінде іске асырылатын қарым-қатынасты қамтиды, сондай-ақ, математикалық тілді айқын жеткізуге мүмкіндік беретін қосымша жаттығуларды ұсынады.

Мысалы, Математика 1 оқулығының 54-55 беттеріндегі [2] *«Жазық фигуралар*: *дөңгелек, үшбұрыш, тік төртбұрыш, шаршы»* тақырыбын Венн диаграммасымен түсіндіру тиімді. Бұл сабақта тірек сөздер ретінде *дөңгелек, үшбұрыш, шаршы тік төртбұрыш терминдері берілген.* Мұғалімнің мақсаты осы тірек сөздерді математикалық термин ретінде оқушылардың лексикасына енгізу сол арқылы математикалық сөздік қорын кеңейту, байыту. Ол үшін фигураларды қос-қостан салыстыру ұсынылады. Айталық, дөңгелек пен шаршы қарастырылсын.

Венн диаграммасына дөңгелек пен шаршыны салайық (1-сурет).



1-сурет

Осы фигуралар үшін айырмашылық және ұқсастық кестесін жазайық.

1 - кесте

Фигуралардың айырмашылығы мен ұқсастығын салыстыру кестесі.

дөңгелек		шаршы
Айырмашылығы	Ұқсастығы	Айырмашылығы
Ешбір бұрышы жоқ. Қабырғасы жоқ. Дөңгелейді	Жазық фигура. Математикалық термин. Тұрмыста қолданылады.	Барлық қабырғалары тең. Барлық бұрышы тең. Барлық бұрыштары тік.

Байқасаңыздар, дөңгелек туралы сипаттамалар жазғанда: ешбір бұрышы жоқ, қабырғасы жоқ, дөңгелейді деген қасиеттер қолданылды. Расында солай, бірақ жазық фигуралардың ішінде оны басқаларынан ерекше бейнелейтіні қабырға термині орнына *тұйық қисық сызықпен шектелген* жазық фигура деп сипаттауға болады.

Венн диаграммасы стратегиясы сабақты бекіту үшін тиімді болып есептеледі, біз сабақтың қызығушылықты ояту сатысында пайдаландық. Егер Венн диаграммасы сабақтың басында қолданылса, сабақтың үшінші кезеңінде оған міндетті түрде қайта оралып, ақпаратты толықтыруға ұсыныс беруге болады. Сабақтың бірінші кезеңіндегі салыстырғалы отырған құбылыс туралы не білетіні қос шеңберде айқындалып, жинақталады. Сонда, сабақ соңында, бар білім жаңа ақпаратпен толықтырылып қана қоймайды, алдыңғы білім нақтыланады, мүмкін кей ақпарат өзгертіледі, диаграмманың дөңгелегіне немесе кестенің ұяшығына жаңа мәліметтер ауыстырылады.

Мысалы, дөңгелектің сипаттамасын ешбір бұрышы жоқ, қабырғасы жоқ, дөңгелейді және *тұйық қисық сызықпен шектелген* жазық фигура деп толықтыруға болады. Бұл сыни ойлау арқылы тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым арқылы математика терминдерін меңгеріп, оқушылардың тілін дамытуға игі әсер етеді. Зерттеу барысында сыни ойлау технологиясын бастауыш сынып оқушыларының математикалық тілін дамытуға қолдану үшін ұйымдастырылған сабақтардың біреуінің жоспары 2-кестеде берілді.

2-кесте

Пән:Математика 2А-тарау: Ондықтарды қосу және азайту Тақырыбы:Қосудың ауыстырғыш қасиеті.	Мектеп: А.Асқаров атындағы №77 мектеп лицейі.	
Күні: 12.01.2020ж		
Сынып: 1 ә сынып	**Қатысқаны:25**	**Қатыспағаны:3**
Оқу мақсаты:	1.1.2.3 – қосудың ауыстырғыш қабілетін қолдану	
Сабақ мақсаты:	Қосудың ауыстырымдылық қасиетін қолдану.	
Бағалау критерийі	Қосудын ауыстырымдылық қасиетін қолдана алады.	
Тілдік мақсат:	Пәнге қатысты лексика мен терминология: • қосу, қосынды, қосылғыш, қосындының мәні, азайту, айырма, кері амал, азайғыш, азайтқыш, айырманың мәні Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: Талқылау: • ... қосқанда (топтастырғанда), барлығы неше болады? • осы топтарды біріктіргенде не болады? • Біз сандарды біріктіру және алу туралы не айта аламыз? • егер біз жалпы саннан осы сандардың бірін алып тастасақ не болады? • алып тастаған кезде, қанша қалады? • ... қосқанда (топтастырғанда), барлығы неше болады? • Осы топтарды біріктіргенде не болады? • Біз сандарды біріктіру және алу туралы не айта аламыз? • егер біз жалпы саннан осы сандардың бірін алып тастасақ не болады? • Алып тастаған кезде, қанша қалады....?	
	Оқушылар қосу және азайту дағдыларын білді.	
	Қосудың ауыстырымдылық заңын қолдануын біледі.	
	Жоспарланған жаттығулар	
Алдыңғы сабақта:	Оқушылар өздерінің жұмыс істеу деңгейіне байланысты түсті таңдап алады да, неліктен бұл түсті алғанын айтады. Өз-өзін бағалау. «қосу, алу» әдісімен өздерін бағалайды.	

Жоспар

Белгіленген уақыт	Бағалау – оқушылардың оқуын қалай тексермексіз?	Дереккөздер
Сабақтың басы 5 мин	I. Ұйымдастыру. II. Шаттық шеңбері (оқушылар шеңбер бойынша тұрап, бір-біріне сәттілік тілейді) III. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру. Балалар, қазір математика сабағы, сабағымызды бастамас бұрын біз өткен сабақты қайталап алайық. Өткен сабақты қайталау «Теледидар дикторы»	

Сабақтың ортасы. 5 мин

мазмұн, идеялар, сұрақтар және қызығушылықтары бойынша өз түсінігінің құрылымын анықтай алады.

Математиканы оқыту процессінде белгілі бір пәнаралық байланыстар іске асырылады. Бұл-ғылымның әр түрлі салаларының арасында айқын шекара жоқ екендігі және олардың бірбірімен тығыз байланыста болатыны туралы түсініктерді, сондай ақ дүниеге ғылыми көзқарасты калыптастыруға табиғат құбылыстарының біртұтастығын, өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік туғызады. Сонда баланың бір сабақта алған білімі, әсері, ойы, қиялы, басқа пәндерге келгенде тежеліп қалмай, әрі қарай жалғастырып дами түсуі, яғни бір пәннен басқа пәндерге көшудің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі.

Әрбір пән оқушының тұлғасын дамыту арқылы, тұлғааралық және мәдениетаралық құзыреттерін жетілдіру арқылы түрлі мәдениеттер мен көзқарастарға құрметпен қарауға тәрбиелейді. Математика әлем туралы ғылыми түсініктің негізін қалыптастырады және қазіргі заманғы мәдениеттің маңызды бөлігін құрайды. Оқушыларға зерттеу және ақпаратты зерделеу мақсатында өз бетінше оқу және жұмыс істеу мүмкіндіктері беріліп, оның есептерді шешуде, шешім қабылдауда, нұсқауларды басшылыққа ала отырып, өз жұмысының сапасы үшін жауапкершілікті сезінуіне көмегі болады, ал ол тұлға дамуының бір баспалдағы.

Оқыту үшін бағалау – бұл оқушылар мен мұғалімдер оқыту үдерісінде оқушының қай жерде екенін, жетістікке жету үшін қай бағытқа бағдар алуы керек және жетістікке қалай қол жеткізуге болатыны туралы шешім қабылдау үшін қолданатын дәлелдемелерді іздестіру және түсіндіру үдерісі. Әрбір оқушы өзінің жағдайын, білімін ары қарай жетілдіру үшін не істеу керектігін білуі керек. Мұғалімнің араласуымен оқушылар уәжделуі және өз бетінше оқи алуы үшін қолдау ала алады.

Бағалау бойынша кеңестер оқушылардың жұмысына талдау жасау үшін, жеке ілгерілеуіне дәлелдер іздеу үшін және «оқу үшін бағалау» қағидатының бөлігі ретінде оқушылардың қажеттіліктерін бағалау бойынша беріледі. «Оқу үшін бағалау» қағидаты бойынша оқуға қолдау көрсету керек.

«Геометриялық фигуралар» бөліміндегі оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін қалай қолдануға болатынына мысал қарастырайық.

Бөлім- Геометриялық фигуралар

Оқу бағдарламасы бойынша бөлімшелер:

1) Жиындар және олармен орындалатын амалдар

2) Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі

3) Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу

Әр бөлім үшін оқу бағдарламасында тұжырымдаған оқу мақсаттарына сәйкес баяндайық:

1) Жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру және жіктеу.

Екінші бөлімше үшін екі мақсат көзделген. Соған сәйкес:

1) Геометриялық фигураларды нүкте, түзу, қисық, сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бірбірінен ажырату және атау.

1.1) Жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды шар, цилиндр, (куб, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру.

2) Жазық фигуралардың модельдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру.

Енді білім алушының ойлау дағдыларының деңгейлерін және соған сәйкес бағалау критерийлерін оқу бағдарламасындағы бөлімшелер бойынша көрсетейік:

1) Білім алушының ойлау дағдыларының деңгейін талдау. Яғни жиын элементтерін ортақ белгілерін анықтай отырып біріктіреді (топтастырады).

2) Білу және түсіну деңгейі. Геометриялық фигуралар: нүкте, түзу, қисық, сынық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтарды, кесінді, сәуле, бұрыштарды ажыратады және атайды. Жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида) таниды және атайды.

3) Қолдану деңгейі. Жазық және кеңістік фигураларды ажыратады. Фигураларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіреді. Геометриялық фигураларды композицияның бөлігі ретінде құрастырады және атайды.

Бұл белгілі бір материалды меңгеруді аяқтаған кезде оқу жетістігін бағалау ретінде сабақ үстінде 10-15 минут уақыт алатындай мерзімде ұйымдастырылады.

Бүкіл оқу үдерісінің барысында «Математика» сабағының түйінді стратегияларының бірі қалыптастырушы бағалауды қолданысқа енгізу, мұғалім мен оқушының алдағы жиынтық бағалауға сенімділігін орнату арқылы оқушының дамуына қолдау көрсету оқуды бағалау болып табылады.

Оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу, олардың бұған дейін алған білімі мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін оларды қолданудың маңыздылығын құптау арқылы белсенді оқуға қолдау көрсетіледі. Ол үшін оқушыларға түсінікті проблемаларды шешудің әдіс-тәсілдерін құру және көрсету қажет.

Белсенді оқу – оқушылардың қажеттіліктеріне назар аударатын білім беру әдісінің бірі. Оқулықта берілетін білімге (оқытылатын материал)

ғана емес, сонымен қатар тиімді оқуға да назар аударылған. Оқулықта оқушылардың оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу қабілетін дамыту, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулерді жүргізу бойынша өздерінің дағдыларын дамыту үдерісіне тартады.

Дәл осы тұрғыдан оқулықтың мазмұны келесі материалдардан тұрады:

Ойлануға арналған сұрақтар – оқушыларға талқылау арқылы түрлі фактілердің, идеялардың және үдерістердің арасындағы сәйкестікті анықтау ұсынылады. Талқылау барысында оқушыларға өздерінің болжамдарын және шығарған есептерін, орындаған амалдарын тұжырымдау (қайта тұжырымдау) қолданады.

Тәжірибелік тапсырмалардың бірқатары оқушылардың алған білімі мен түсінігін «Байқап көр» әдісі арқылы пайдалануға арналған. Проблемаларды шешуге арналған тапсырмалар «... шешімін тап» және «тереңірек ойлан» сияқты түрлі тапсырмалар арқылы іріктеледі, осындай әдісті қолдану оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытады және өзіне деген сенімділігін арттырады.

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту **–** фактілер мен оқиғаларды оқушылардың қызығушылығын ояту үшін «Сен білесің бе?» және алдыңғы білімін бекіту үшін «Есіңде сақта» сияқты жаттығулардың көмегімен іске асырылады.

Әрбір бөлімде пән аясында оқушының ана тілінде қолдануы үшін барлық төрт коммуникативтік дағдылар (оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым) бойынша жаттығулар ұсынылады.

Тірек сөздер оқулықтың әр сабағында беріледі және әрбір тараудағы алуан түрлі тапсырмалар мен жаттығулар төрт коммуникативтік дағдыны дамыту үшін қолданылады.

Оқушылар математиканы түсіну арқылы ережелерді тұжырымдауға болатын, ал қателіктер табысқа жетудегі қадамдар болып табылатын зерттеу ретінде қабылдауы керек. «Математика» пәні жаңалықтарға жол ашатын пән болуы тиіс.

«Математика**»** оқулығы мұғалімдерге ақпаратты іздеу және іріктеу барысында базалық технологияларды қолдана отырып, бастапқы дағдыларын енгізу туралы идеяларды ұсынып оқытуды, баланың тұлғалық дамуына бағытталған үрдісті қолдайтын және іске асыратын құрал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы. «Өмір сапасы» бөлімі.

2. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық:2 бөлімнен тұрады/ Г.Ш.Жақыпова, Н.В.Орехова, Н.В.Лебедева т.б.-1-бөлім.-Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016 54-55 бет.

ӘОЖ 371.302.002.1

БАЙДЫБЕКОВА Е. И.
п.ғ.к., доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІ ӨҢДЕУДІҢ СТАСИСТИКАЛЫҚ ӘДІСІ

Түйін. Мақалада білімді саналы меңгеруге оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы ой шақыру технологиясының рөлі қарастырылады. Педагогикалық эксперимент жүргізу әдістері баяндалады. Педагогикалық экспериментті өңдеудің статистикалық әдісі ретінде Стьюдент критерийі қолданылады.

Тірек сөздер: ой шақыру технологиясы, оқыту әдістері, педагогикалық эксперимент, статистикалық критерийлерді қолдану.

Резюме. В статье рассматривается роль технологии мозгового штурма в повышении познавательной активности учащихся на сознательное усвоение знаний. Излагаются методы проведения педагогического эксперимента. В качестве статистического метода обработки педагогического эксперимента используется критерий Стьюдента.

Ключевые слова: мозговой штурм, методы обучения, педагогический эксперимент, использование статистических критериев.

Summary. The article deals with the role of brainstorming technology in increasing the cognitive activity of students on the conscious assimilation of knowledge. The methods of conducting a pedagogical experiment are described. The Student's criterion is used as a statistical method for processing a pedagogical experiment.

Keywords: brainstorming, teaching methods, pedagogical experiment, use of statistical criteria.

Әр сабақта бірнеше дидактикалық мақсаттар іске асырылады. Олардың ең бастысы жаңа білімді саналы меңгеру, соның негізінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту. Өйткені оқушылардың танымдық іс-әрекеті қабылдау, есте сақтау, ойлану, қиялдау тағы солар сияқты психологиялық процестерді қамтып, оқушылардың жалпы дамуына себепші болады. Демек оқу үдерісін тиімді жүргізу ең алдымен оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру, оқуға белсенді қатынас жасау арқылы кезкелген еңбек операцияларын орындауды өмірлік қажеттілік ретінде қабылдауға үйрету. Тұлғада ерекше белсенділік қажеттілігін қалыптастыру – ең маңызды мәселе.

Белсенділік позиция оқушының адамгершілік мінез-құлқында, өмірдегі барлық қызмет саласындағы әрекеттерінде қалыпты қағидаға айналуын қалай қалыптастыруға болады? Оны қалыптастырудың бір технологиясы ретінде *ой шақыруды* қарастырайық. Бұл кезеңде оқу процесіне қатысушыны қызығушылыққа тарту ғана емес, сонымен қатар сабақта белсенді іс-әрекетке мотивациялық серпін беру, сонымен қатар оны зерттелетін мәселеге қатысты бұрыннан бар білімдерін пайдалана білуге ынталандыру қажет. Бұл әдіс бойынша жалпы күрделі оқу материалы құрастырушы бөліктерге жіктеледі, осы бөліктерді оқып-үйренуден алынған білімдерді тірек етіп ойлаудың синтез операциясы іске асырылады да, күрделі оқу материалын белсенді меңгеруге қолайлы жағдай мен ынта пайда болады.

«Педагогика ғылым саласы ретінде өте күрделі, құбылмалы, көпмүшелі шамалармен сипатталады. Педагогика – ғылым ретінде көп ғылымдардың тоғысқан жері» [2].

Өткені қандай да бір пәннің мұғалімі өзі оқытатын пәнінің ғылыми-теориялық негіздерімен қатар, білім алушының психологиясын, физиологиясын, жеке ерекшеліктерін ақпараттық – коммуникативті технологияны, информатика, т.б. пәндерді оқыту әдістерін жетік білуі қажет. Нобель сыйлығының иегері, салыстырмалы теориясының негізін қалаушы, алғашқы атом бомбасының авторы, кванттық механиканың теоретигі, атақты А.Эйнштейн педагогика ғылымын сипаттай келе: «Балалардың ойынмен салыстырғанда кванттық механика ойыншық болып келеді», – деген [3].

Шындығында педагогикалық фактілер жылдар бойы жинақталып, өңделіп, жүйеленіп, бағаланып, классификацияланады, содан кейін жалпыланып ғылыми түйіндерге, қорытындыларға, ережелерге айналады, бара-бара ғылыми заңдылықтарға, теорияға ұласады.

Ғылыми фактілер объективті, ғылыми деңгейі жоғары болу үшін субъективті көзқарастан таза, өмірден, педагогикалық құбылыстардан, оқу-тәрбие үдерісінен алынуы керек. Мұндай мәселелердің шешуі педагогикалық эксперимент арқылы іске асады. Біз оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға және жаңа білімді

саналы меңгеруге дайындау жұмыстарын ұйымдастыруда *ой шақыру* технологиясын мектептерде қолдану қандай деңгейде екенін анықтау үшін педагогикалық эксперимент жүргіздік.

Эксперименттің бірінші кезеңінде бастауыш буын сыныптарында кейбір пәндерді оқытуға ой шақыруды қолданудың жағдайы зерттелді. Ол сабақтарға тікелей қатысу және сауанама формасында жүргізілді.

Эксперименттің бірінші кезеңінің нәтижелері жаңа білімді саналы меңгеруге ой шақыру жұмысын ұйымдастыру әлі де жеткіліксіз екенін көрсетті. Бұл жағдай жаңа білімді саналы меңгеруге ой шақыру жұмысы тиімділігін зерттеу деп аталатын эксперименттің екінші кезеңіне өтуге негіз болды.

Біз бұл процесті оқушылардың әртүрлі үш тобында оқытудың үш әдісімен модельдедік: әңгіме әдісі, зерттеу әдісі, ой шақыру жұмысының элементтерін қамтитын проблемалық әдіс.

Бұл эксперименттің міндеті: оқытудың аталған әдістерін сандық сипаттамалары бойынша жұптап салыстыру арқылы, осы әдістердің айырмашылығына статистикалық баға беру және осы айырмашылықтарға әсер ететін психологиялық-педагогикалық факторларды зерттеу.

Зерттелетін материал ретінде ауызша есептеу әдістерін таңдадық, өйткені ол оқыту технологиясының тиімділігін анықтауға арналған біздің зерттеуіміздің мақсатына сәйкес келеді. Осы мақсатпен ауызша есептеудің оқушыларға бұрын белгілі болмаған және үлкен қызығушылықпен қабылдайтын әдістері таңдалды. Бұл тәсіл оқушыларды тең жағдайға қойып, содан кейін олардың білімін объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Әр сыныпта тоғыз сабақ ішінде ауызша есептеудің 4 тәсілі оқытылды, пысықталып, бекітілді (тәсілдерді түсіндіру және бекіту негізгі бағдарламалық материалды зерделеумен қатар жүрді).

Бірінші сабақта оқушылар екі таңбалы санды 99-ға ұтымды көбейту әдісімен танысты. Екінші және үшінші сабақтарда бұл әдіс бекітілді. Төртінші сабақ үш таңбалы санды 999 – ға көбейтуге, ал келесі сабақ бірінші және төртінші сабақтардың материалдарын бекітуге арналды.

Алтыншы сабақ ондықтарындағы цифры бірдей, ал бірліктегі цифрларының қосындысы 10 -ға тең екі таңбалы сандарды көбейтуге арналды.

Жетінші сабақта зерделенген әдіс бекітіліп, осы техниканың ерекше жағдайы ретінде, 5 цифрымен аяқталатын сандардың квадратын табу қарастырылды.

Сегізінші сабақта оқушылар екі таңбалы санның жазылуындағы ондықтағы цифрларының қосындысы онға тең, ал бірліктегі цифрлары бірдей екі таңбалы сандарды көбейту әдісімен танысты. Соңғы сабақ сегізінші сабақтың материалын бекітуге және алтыншы ондықтың сандарын тез квадраттау әдісін үйренуге арналды. Сонымен қатар оқушылар 37 санының ерекшеліктерімен таныстырылды:

37·3=111; 37·6=37·3·2=222; 37·9=37·3·3=333 т.с.с.

Эксперименттік жұмыс барысында жоғарыда айтылғандай, оқытудың үш әдісі салыстырылды.

I. А әдісі – әңгіме әдісі (мұғалімнің білімді баяндауы). Бұл әдіс кезінде мұғалім оқушыларға ауызша есептеудің тиісті әдістерін (алгоритмдерін) айтады, содан кейін әдістер бекітіледі.

Мысалы, мұғалім екі таңбалы сандарды 99-ға көбейтудің ұтымды әдісі бар, ол: «екі таңбалы санды 99-ға көбейту үшін көбейткішті бірге азайтып жазу керек, содан соң осы санға көбейткішті 100-ге дейін толықтыратын санды тіркеп жазу керек» дейді және бұл ережені жазып алуын және бұл көбейту тәсілін практикада пайдалану үшін ережені есте сақтау керектігін ескертеді. Әрі қарай, ол оқушыларға бірнеше екі таңбалы сандарды 99-ға көбейтуді тез есептеуді ұсынады.

2. Б әдісі – зерттеу әдісі. Бұл әдісте оқушылар, мұғалімнің басшылығымен, ұтымды есептеудің тиісті әдістерін өздері «ашатын» жағдайға қойылады, содан кейін олар алған білімдерін мысалдар орындау арқылы бекітеді. Мысалы, оқушыларға көбейтуге бірнеше тапсырмалар ұсынылады:

87· 99= ; 32· 99 = ; 25 ·99 = ; 23· 99 = ... т.с.с.

Мұғалім балалардың зейінін өзіне аудара отырып: «егер сіздер ауызша есептеудің кейбір әдістерін білсеңіздер, онда жоғарыда жазылған көбейту нәтижелерін тез табатын едіңіздер», – дейді де, тақтаға көбейту нәтижелерін тез-тез жазады. Егер сіздер мұқият болсаңыздар, онда көбейгіш пен көбейтінді цифрлары арасындағы заңды байланысты байқап, екі таңбалы санды 99-ға көбейту ережесін өздеріңіз «аша» аласыздар деп ескертеді. Осылайша, мұғалім ережелерді оқушылардың өз бетінше тұжырымдауына жол ашады.

Әдетте, оқушылар екі таңбалы сандарды 99-ға көбейту ережесін өздері келесідей тұжырымдай алатынын байқадық. Олар: «екі таңбалы санды 99-ға көбейту үшін көбейткішті бірге азайтып жазып, осы табылған санның ондығы мен бірлігінің цифрларын сәйкесінше 9-ға дейін толықтыратын цифрларды тіркеп жазу керек», - деп тұжырымдайды.

3. В әдісі – проблемалық әдіс. Бұл әдісте мұғалімнің басшылығымен, жеке мысалдарды есептеуге, геометриялық түрлендірулерді тікелей қолдану арқылы ауызша есептеу ережелерін оқушылардың өздері тұжырымдауы көзделеді. Іс жүзінде бұл келесідей жолмен жүргізіледі.

Мұғалім оқушыларға екі таңбалы санды 99-ға көбейтудің ұтымды әдісін табу мәселесін қояды. Сабақта проблемалық жағдай туындауы үшін мұғалім 99-ға екі таңбалы сандарды көбейтуге бірқатар мысалдар жазады да, оларды бірнеше секунд ішінде ауызша есептеуді ұсынады. Оқушылар бұған сенімсіздікпен қарайды, өйткені

олардың пікірінше, ауызша есептеуді бірнеше секунд ішінде ойша тез орындайтын кісі табыла бермейді. Дегенмен мұғалім бұл талапты бірнеше секунд ішінде өзі орындайды. Бұл жағдай оқушыларда ой шақыруымен бірге, бұл қалай орындалды? - деген сұрақты туындатады да, оларды жаңа, белгісіз, бірақ қызықты нәрсені ашу қажеттілігінің белгілі бір психикалық жағдайына алып келеді. Оқу проблемасының бар екенін біле тұра, оқушылар бұл мәселеде өз білімдерінің жетіспейтінін де сезеді.

Міне, осы кезде мұғалім көмекке келеді, ол тікелей геометриялық түрлендіруді қолдана отырып, оқушыларды ереже ашу жолына бағыттайды.

Мұғалім бұл жұмысты келесідей ұйымдастырады. Көбейтуге берілген төмендегі тапсырмаларды ауызша есептеу ережесін тұжырымдау қажет:

23·99=	77·99=	88·99=	72·99=	85·99=
79·99=	35·99=	89·99=	27·99=	87·99=

Олардың ішінен нақты бір мысалды, айталық 87·99 қарастырайық. Осы мысал арқылы қысқартылған көбейту ережесін тұжырымдап шығару мақсаты қойылады. Ол үшін қабырғалары 87 және 99 болатын ABCD тіктөртбұрышын сызамыз (1-сурет).



1-сурет

Бұл тіктөртбұрыштың ауданы 87·99 көбейтіндісіне тең екендігі белгілі. Осы тіктөртбұрыштың ауданын ауызша есептеуге болатындай және оны берілгенге теңшамалы болатын бөліктерге бөлу тапсырмасы беріледі.

Тіктөртбұрыштан MA жолағын кесіп алып, оны осы тіктөртбұрыштың ені бойымен орналастырғанда екі тіктөртбұрыштан тұратын сатылы фигура (2-сурет) пайда болады.



2-сурет

Олардың ауданын тез есептеу үшін MA жолағының ені қандай болуы керек? – сұрағы туындайды. Осы кезде ұзындығынан ені 1- ге тең жолақты кесіп алу тиімді екені байқалады.

Құрастырылған сатылы фигураның ауданы MBFL және NLEK екі тіктөртбұрыштың аудандарының қосындысы екенін көруге болады.

Бұдан ауд. ABCД = ауд. MBFL + ауд.NLEK = MB·BF+NL· LE=8613.

Содан кейін мұғалім 86 санын қалай алғанын сұрайды (күтілетін жауап: 87-ні 1-ге азайттық), осыған ұқсас I3-ті қалай таптық (күтілетін жауап:

І3, 86-ны 99-ға дейін толықтыратын сан, яғни. 87·99 = (87-1) ·100 + (99-86)=8613.

Сонымен, оқушылар келесі мазмұндағы ережені тұжырымдауға дайын:

«Екі таңбалы санды 99-ға көбейту үшін көбейткішті бірге азайтып жазу керек және оған бірге азайтылған көбейткішті 99-ға дейін толықтыратын санды тіркеп жазу керек».

Әрбір сыныпта барлық тәсілдер пысықталып, бекітілгеннен кейін оқушылар мазмұны бірдей, 10 минуттық (екі нұсқадағы) бақылау жұмысын орындайды 1-кесте.

1-кесте.

№	№1 нұсқа	№2 нұсқа
	27 * 99 =	37 * 99 =
	99 * 99 =	89 * 99 =
	476 * 999 =	576 * 999 =
	988 * 999 =	999 * 999 =
	24 * 26 =	37 * 33 =
	75 * 75 =	85 * 85 =
	42 * 62 =	32 * 72 =
	52 * 52 =	53 * 53 =
	99 * 91 =	99 * 93 =
	27 * 878 * 37 =	37 * 778 * 27 =

Соңғы қатардағы мысал қысқартылған көбейту әдістерін оқыту, әр сынып оқушыларының өзбетінше ойлау қабілетін дамытуға қаншалықты әсер еткенін байқауға берілген. Біз экспериментті 4 - сыныптарда жүргіздік, әр әдіс бойынша екі сыныптан қамтылды (әр сыныпта 30 оқушы), оның нәтижелері бақылау жұмысын орындау деңгейі ретінде 2- кестеде келтірілген.

2-кесте

	$4^{б}_{А}$		$4^{б}_{А}$		$4^{г}_{А}$		$4^{б}_{А}$		$4^{д}_{Б}$		$4^{д}_{Б}$	
xi	ni	xi ni	ni	xi ni	ni	xi ni	ni	xi ni	ni	xi ni	ni	xi ni
0	1	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0
1	4	4	1	1	1	1	1	1	0	0	0	0
2	2	4	1	2	1	2	0	0	1	2	1	2
3	2	6	2	6	3	9	2	6	0	0	2	6
4	8	32	5	20	0	0	1	4	1	4	2	8
5	4	20	6	30	2	10	2	10	0	0	3	15
6	3	18	8	48	0	0	8	48	3	18	3	18
7	0	0	2	14	8	56	5	35	4	28	4	28
8	5	40	3	24	3	24	5	40	8	64	5	40
9	1	9	1	9	7	63	3	27	10	90	8	72
10	0	0	0	0	5	50	3	30	3	30	2	20
	30	133	30	154	30	215	30	201	30	236	30	209

2-кестеде белгілеулер келесідей көрсетілген: $4^{б}_{А}, 4^{г}_{А}, 4^{д}_{Б}, 4^{в}_{Б}, 4^{а}_{В}, 4^{е}_{В}$, мұнда төменгі әріп әдісті, ал жоғарғы әріп сәйкес сыныпты көрсетеді: x_i – өзгеретін сипат (белгі), әр оқушының шешкен есептерінің саны, ал n_i – жиілік (есептердің тиісті санын шешкен оқушылар саны).

Осы кестені жәй ғана шолу жасау $4^{е}_{В}$ класының нәтижелеріне назар аударады. Басқа сыныптармен салыстырғанда мұнда 6-дан 10-ға дейін тапсырмаларды шешкен оқушылар саны көп. Осы сыныпта 10 оқушы 9 тапсырмадан шешкен, бұл басқалармен салыстырғанда әлдеқайда көп. Бұл жағдай, әрі қарай статистикалық баға беру кезінде де, осы сыныптың пайдасына шешім қабылдауға әсер етеді деп болжау керек.

Алайда, біздің осы пайымдаулар негізінде сенімді тұжырымдар жасауға құқығымыз жоқ. Ең тиімді әдіс-В, ал ең тиімсіз-А деген болжам айтуға болады.

Осы тәжірибелік болжамды растау немесе теріске шығару үшін статистикалық критерийлерді қолдану қажет. Осындай критерийлердің бірі ***Стьюдент критерийі***. Оның көмегімен орташа айырмашылықтың маңыздылығы анықталады, яғни біз таңдаған әдістер зерттеу нәтижелеріне (шешілетін есептердің орташа санына) қаншалықты әсер еткенін көрсетеді [4].

Сыныптарды жұп - жұппен салыстырып айырмашылықтың маңыздылық коэффициентін есептеу үшін келесі формулаларды:

$$S^2 = \frac{\sum(x_{1i} - \bar{x}_1)^2 + \sum(x_{2i} - \bar{x}_2)^2}{n_1 + n_2 - 2}$$

және

$$t = \frac{[\bar{x}_1 - \bar{x}_2]}{S} * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

қолдандық, мұндағы $\bar{x}$ арифметикалық орта ол мына

$$\bar{x} = \frac{1}{\sum n_i} * \sum x_i * n_i$$

формуламен есептеледі [1].

Содан кейін 1-кестеде көрініп тұрған, сынып бойынша қарастырылатын әдістердің арифметикалық мәні: $\bar{X}_А^б = \frac{133}{30} \approx 4{,}43$, $\bar{X}_А^г = \frac{154}{30} \approx 5{,}13$, $\bar{X}_Б^д \approx 5{,}13$, $\bar{X}_Б^в \approx 6{,}70$, $\bar{X}_В^а \approx 7{,}87$, $\bar{X}_В^е \approx 6{,}97$ болатыны шығады.

S^2 және t есептеу нәтижелерін 2 - кестеге жазайық. Әдетте, Стьюдент критерийі бойынша гипотезаларды тексеру үшін шекті ықтималдық (маңыздылық деңгейі) тағайындалады, содан кейін белгілі бір еркіндік дәрежесі ϑ және q – пайыздық маңыздылық деңгейі t_q арқылы анықталады. Егер есептелген мән $|t| < t_q$ болса, онда гипотеза жоққа шығарылмайды, яғни оған сенуге болады, ал $|t| \geq t_q$ болса гипотеза қабылданбайды.

Біз маңыздылықтың бес пайыздық деңгейін тағайындадық, яғни q = 5%. Содан кейін бес пайыздық маңыздылық деңгейіне және $n_1+n_2-2=58$ еркіндік дәрежелерінің санына сәйкес келетін t_q мәні 2,00-ге тең.

Енді есептелген t мәндерін t_0 = 2,00 мәнімен жұптасып салыстыра отырып, А және Б, А және В әдістерінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар, ал Б және В әдістерінің арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деген қорытындыға келдік (3-кестені қараңыз).

3-кесте

Әдістерді салыстыру	Бірінші және екінші әдістер / А және Б/				Бірінші мен үшінші әдістер / А және В/				Екінші мен үшінші әдістер / Б және В/			
Салыстырылатын сыныптар	$4_А^б$ мен $4_Б^д$	$4_А^б$ мен $4_Б^в$	$4_А^г$ мен $4_Б^д$	$4_А^г$ мен $4_Б^в$	$4_А^б$ мен $4_В^а$	$4_А^б$ мен $4_В^г$	$4_А^г$ мен $4_В^а$	$4_А^г$ мен $4_В^г$	$4_Б^д$ мен $4_В^а$	$4_Б^д$ мен $4_В^г$	$4_Б^в$ мен $4_В^а$	$4_Б^в$ мен $4_В^г$
S2	6,37	5,37	5,40	4,41	4,60	6,39	3,81	5,43	4,86	6,65	3,86	5,65
t	4,22	3,35	3,37	2,95	6,15	3,87	4,92	3,06	1,21	0,3	2,28	0,44
Айымашылықтар дәрежесі	Маңызды айырмашылық				Ең маңызды айырмашылық				Маңызды айырмашылық жоқ		Маңызды айырмашылық	

Байқасаңыз, біз Б және В әдістерінің екі класы ($4_Б^в$ және $4_В^а$) арасында да айтарлықтай айырмашылық таптық, бірақ бұл материалды түсіндіру және бекіту кезінде мұғалімнің шеберлігімен түсіндіріледі.

Әрі қарай кестені зерттей түсіп, А және В әдістерінің арасындағы ең маңызды айырмашылықты анықтадық. Сонымен қатар А әдісі ең аз мәнге ие, ал В әдісі ең үлкен мәнге ие болып табылды. Осы аталған айырмашылықтарды қалай түсіндіруге болады?

Естеріңізде болса, педагогикалық экспериментті жүргізу барысында біз А әдісімен оқыту кезінде оқушыларда білімді игеруге тек есте сақтауды, Б әдісімен оқыту кезінде – есте сақтау мен ойлауды, ал В әдісімен оқытқанда есте сақтау, ойлау және қиялдауы қамтыған болатынбыз, міне осы ұстанымдар алынған айырмашылық нәтижелерін түсіндіруге негіз болады. В әдісінің жоғары тиімділігі, оны жүзеге асыру кезінде арнайы ойластырылған *ой шақыру* жұмыстары жүргізілгендігімен де түсіндіріледі.

Айта кету керек, төртінші сынып оқушылары ауызша, рационалды есептеудің жаңа тәсілдерін қызығушылықпен қабылдады, Б және В әдістерімен оқытудағы қызығушылықтың эмоционалды бояуы (әдісті «ашу» кезінде) айтарлықтай жарқын көріністе болды. Бұл өз кезегінде олардың

шығармашылық белсенділігінің жандануына әсерін тигізді.

Қорыта келе, сипатталған педагогикалық эксперимент мәліметтері және оны зерттеу барысындағы өңдеудің стасистикалық әдісі арқылы анықталған басқа да нәтижелер, бізге сабақта *ой шақыру* жұмыстарын ұйымдастыру маңызды рөл атқарады, сондықтан оқу процесінде оны үнемі қолдану керек деген қорытынды жасауға құқық берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бектаев, Қ.Б. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика: Оқу құралы / Қ.Б. Бектаев.- Алматы: Эверо, 2014.- 432б.

2. Кенжеғалиев Қ. Педагогикалық зерттеулерде математикалық статистика әдістерін қолдану. Оқу құралы/ Қ. Кенжеғалиев. – Астана: Фолиант, 2015. – 168б.

3. Эйнштейн А. Обрести достоинство и свободу. – М, Иерусалим: Мосты культуры/ Гешарим, 2006. – 256 с.

4. http://dlib.rsl.ru Коллекция РГБ. Байдыбекова Е.И. Диссертация на соискание ученной степени кандидата педагогических наук.

БАЙЗАХОВА С.Ш.,
педагогикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
Шымкент қ., Қазақстан.
E-mail: saparkul-65@mail.ru

АШИКБАЕВА Г.Д.
педагогикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан қ., Қазақстан
E-mail: gumi69@list.ru

ИНТЕГРАТИВТІ ҰСТАНЫМ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПТЕ САБАҚ ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме. Бұл мақалада" Интеграция" ұғымының пайда болу тарихы қарастырылады, онда қазақстандық және шетелдік педагогтардың пікірлері қарастырылады.
Түйінді сөздер: интеграция, оқыту, сабақ, оқушы, процесс**.**
Резюме. В данной статье рассматривается история возникновения понятия» Интеграция", в которой рассматриваются мнения казахстанских и зарубежных педагогов.
Ключевые слова: интеграция, обучение, урок, ученик, процесс.
Summary. This article discusses the history of the concept of" Integration", which examines the opinions of Kazakh and foreign teachers
Keywords: integration, learning, lesson, student, process.

Бүгінгі күні білім беру мәселелерін ұтымды шешу үшін білімнің кез-келген көлемінің жеткіліксіздігі барлығына белгілі болғандықтан, бірінші орынға оқушы тұлғасы, оның «өзіндік анықталу және өзін-өзі шыңдауға», шешімдерді өздігінен қабылдау мен оларды орындауға дейін жеткізуге және өз әрекетін рефлексті талдауға деген қабілетті дамиды. Осы орайда пәнаралық интеграция арқылы жеке тұлғаның дамуына ықпал жасау маңызды мәселелердің бірі боып отыр. Бұл жағдайларда барлық әрекет түрлерін (өзіндік анықталу, шығармашылық және іске асыру), өз әрекетін рефлекстік талдауын қамтитын, сонымен қатар балаларда өзіндік дамуға деген дайындықты қалыптастыра отырып, қарым-қатынас жасай білу қабілеттерін жаттықтыратын жүйелі іс-әрекет барынша назар аудартады.

Жүйелі іс-әрекет тұлғаны дамытуға бағытталған. Оқыту жүйесін онда жақын даму аймағына, яғни оқушылардың ересектермен байланысқа түсіп, олардың жетекшілігімен қойылған міндеттерді біршама жоғары деңгейде шешулеріне мүмкіндік беретін әлеуеттік мүмкіндіктер саласына сүйенуімен ерекшеленеді. Жақын даму аймағына шығу оқу міндеттерін алға қоюмен іске асырылады.

Мектепте сабақтарда берілетін білімнің қазіргі кездегі теориясы мен практикасының сараптамасы бойынша интеграцияның көп тараған бағыты бейнелеу өнері мен еңбек. Білім мазмұнын интеграциялау мүмкіндіктерінің бірі - мектепте оқытылатын интеграцияланған пәндерді түзу және оны мектеп практикасына енгізу. Бұл мәселелердің жүзеге асырылуы шет ел ғалымдарының белсенді зерттеулерінен көрінуде. Мысалы, неміс ғалымдары интеграциялау мәселесінің әдіснамалық аспектілерін зерттесе, швед психологі баланың ойлау қабілетінің негізгі қасиеті-синкретизмді (баланың әлем туралы түсінігінің бөлшектенбейтіндігі біртұтастығы, кіріктірілгендігі) қарастырған.

Ғылымның тарихында бірнеше мыңжылдықтар бойы ғылымды дифференциялау кезеңі өтіп жатыр. Соның негізінде, қазіргі кезде оқу орындарында интегративті пәндер мәселесі өзекті болып отыр. Бұл бағыттың өзектілігі бір жағынан, білімді гуманизациялау үдерісімен, ал екінші жағынан, қазіргі қоғам талабына сәйкес ғылымның, техниканың және өндірістің интегративті сипатымен анықталады [1].

Заманауи мектеп оқулықтарындағы негізгі интеграция олардағы пәнаралық байланыс. Туыстас пәндердің оқу материалына кіріспе ретінде 1982 жылы жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасында көрсетілді. Зерттеушілердің ойы бойынша оқу үдерісінде пәнаралық байланыстың маңызы зор, ол байланыс білімді толықтырады, растайды, оқушылардың білімін «ішкі байланыстарды» реттеу арқылы білім мен іскерліктерін бекітеді және қоршаған орта туралы түсініктері қалыптастырады. Дегенімен пәнаралық байланыс толық интеграция емес, оқу үдерісіндегі интеграция оқу үрдісіндегі ерекше жүйе, яғни жақындастыру, біріктіру бір жүйеге келтіру. Н.Ф.Винокуров [2] интеграцияны былай қарастырады:

а) бір жүйеге келтіретін байланысты дамытушы.

б) байланыстырушының жүйелілік мәні.

в) жалпы философиялық түсініктің төменнен жоғарыға дамуы ретінде қарастырады

Интегративтік ұстаным мәселесі келесі ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген: А.Я. Данилюк [3] «Білім берудегі интеграцияның теориялық және әдіснамалық негіздері (теориялық дидактика тәжірибесі)»), В.Т.Фоменко («Оқу процесін интегративті негізде құру»), В.Г.Иванова («Білім беруді интеграциялау теориясы»), В.Безрукова («Педагогикалық интеграция: мәні, құрамы, іске асыру механизмі»), Харунжева А. («Білім берудегі интеграция: теория мен практика»), Л.Сарнакова («Гуманитарлық пәндерді оқытудың интеграцияланған формалары орта мектеп оқушыларының тұлғалық даму факторы ретінде») және басқалар. Оқу материалдарының көп мөлшері айтылған мәселенің өзектілігімен және қазіргі білім беру процесінде интеграцияны қолданудың практикалық қажеттілігімен түсіндіріледі.

«Интеграция» терминінің лексикалық мағынасына тоқталатын болсақ, қазіргі ғылымда бұл мәселе бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттердің көптігіне қарамастан терминнің педагогикаға қатысты нақты тұжырымдалған анықтамасы жоқ.

«Интеграция» XIX ғасырдың 60-шы жылдары ағылшын философы және әлеуметтанушысы Герберт Спенсер енгізген және оның мәні әдеттегі заманауи педагогикалық ғылымнан айрықша ерекшеленді.

«Интеграция» термині латынның integratio - қалпына келтіру, толықтыру, integer – бүтін, яғни «бұрын бөлек бөліктер мен элементтерді тұтастай біріктіруге байланысты даму процесі» дегенді білдіреді [4].

Интеграциялық процестер қолданыстағы жүйенің аясында да жүруі мүмкін - бұл жағдайда олар оның тұтастығын мен жоғары деңгейде ұйымдастырылуын алып келеді, бұл жағдайда бұрын байланыссыз элементтерден жаңа жүйе пайда болады. Бұл анықтамада білім беру процесінде интеграцияны қалыптастыру үшін әдіскерлер қабылдаған интегративті ұстанымның маңызды белгілері бар. Педагогикалық және әдістемелік ғылымдарға қатысты интеграция ұғымын алғашқылардың бірі болып В.Н.Максимова және И.Д.Зверев [5] зерттеген. Олардың көзқарасы бойынша интеграция дегеніміз - «ажырамас, біртұтас, бірегей, бүтіндей процесс мен нәтиже. Оқыту кезінде ол бір синтезделген курста ... әр түрлі білім беру пәндерінің элементтерін,...түсініктерді, әртүрлі пәндердің әдістерін жалпы ғылыми тұжырымдамалар мен таным әдістеріне біріктіру арқылы жүзеге асырылады. «Бұл анықтама интеграцияның әмбебап анықтамасына сәйкес келеді, ол оқу процесінің сапасын жақсарту мақсатында әртүрлі элементтерді біріктіруден тұрады.

О.Г.Гилязованың «Оқу пәндерінің мазмұнын интеграциялау университеттегі оқытушыларды даярлау сапасын арттырудың факторы ретінде» [6] еңбегінде интеграцияны «сыртқы әлеммен ұқсастық негізінде құрылған академиялық пәндердің жүйесі» ретінде анықтайды. О.Г.Гилязова академиялық пәндердің барлық элементтерінің және тұтастай алғанда өмірдің барлық компоненттерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін ерекше атап өтеді. Бұл болжамдарда зерттеуші Я.А.Коменский идеяларын жалғастырады.

А.Я.Данилюктің анықтамасы интеграция идеясының дамуындағы маңызды жаңалық болды: «Білім берудегі интеграция дегеніміз - тақырыптағы семиотикалық қарама-қарсылық қағидасы немесе бірнеше символдық облыстардың тұтас білім беру кеңістігі (объектаралық интеграция) және олардың арасында шартты түрде тиісті аудармаларды орындау».

А.А.Харунжев пен А.Я.Данилюк идеяларын дамыта отырып интеграциялық үдеріс туралы өзіндік тұжырым жасады: «Интеграция дегеніміз - дифференциация нәтижесінде ерекшеленетін және синтез негізінде тенденцияларды біріктіретін, жалпы бастауы бар жеке бөліктерді біріктіру, қайта қосу, қалпына келтіру процесі». Ғалым интеграцияның білім беру процесінің мақсатты сараланған элементтері арасындағы байланыстарды қалпына келтіруге бағытталғанын атап көрсеткен [7].

Интеграцияның өзі бір оқу пәнін бөлуді ғана емес, сонымен қатар басқа пәндер арасындағы айырмашылықты баса көрсететінін ескеріңіз.

Интеграцияны анықтауда бірыңғай көзқарастың болмауы интеграцияның негізгі формаларын, функцияларын, деңгейлерін анықтауда даулы мәселелердің болуымен түсіндіріледі.

Оқу процесінде қолданылатын интеграция ұғымын екі аспект бойынша түсіндіруге болады. Интеграцияны оқыту мақсаты ретінде қарастыруға болады, бұл жағдайда ол оқушының айналасындағы дүниеге тұтас көзқарас қалыптастыру ретінде анықталады. Сондай-ақ, интеграцияны оқыту құралы ретінде қабылдауға болады, бұл жағдайда интеграция дегеніміз – оқу білімдерін игерудің әмбебап базасын құру үшін жалпы пәнаралық білім, түсінік, элементтерді табу процесі.

Білім сапасын жақсарту тәсілі ретінде интеграцияның маңызды қызметі оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыруға, сондай-ақ оқушының жалпы білімін дамытуға бағытталған. Сонымен бірге, білім беру үдерісін интегративті ұстаным тұрғысынан ұйымдастыру классикалық оқу пәндерін жоққа шығармауы керек, тек оқу циклі пәндері бойынша барлық сәйкес емес білімдерді біртұтас тұтастыққа біріктіруі керек.

Л.И.Божович өз зерттеулерінде интеграция мәселесін оның оқу үдерісін ұйымдастыруда қолдану тұрғысынан қарастырды. Зерттеуші білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде кеңінен таралған интегративті ұстаным тұрғы-

сынан ұйымдастырылған сабақтар білімді жалпылау және жүйелеу мақсатына қызмет етеді деп санайды. Сонымен қатар, Л.И.Божович осы санатқа жататын барлық дәстүрлі емес сабақтардың (сабақ-жарыстар, сабақ-ойын, телекөпір, ертегі, «тірі газет», дебаттар, сот, спектакль, саяхат және т.б.) кіріктірілген сабақтарының тізімін береді. Интеграция қағидасына негізделген сабақты өткізуге бірнеше пән мұғалімдері немесе қажетті дағдылары бар бір мұғалім тартылуы мүмкін. Оқу пәндері өзіндік ерекшелігіне байланысты интегративті ұстанымды жүзеге асыруға ең қолайлы болып табылады. «Білімді игеру арқылы оқушы ұғымдарды қалыптастыру үдерісін үйренеді, яғни, жалпылауды ұқсас негізде емес, маңызды байланыстар негізінде құру қабілетіне ие болады», - деп жазады психолог [8].

Кез-келген әдіснамалық тәсіл сияқты, интегративті ұстаным бірнеше шарттар орындалған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Біріншіден, интеграцияны қолдана отырып, оқу үдерісі дәуірдің бүкіл мәдениетін жаңғыртуы керек, пән мәдени-тарихи процестің бөлігі ретінде қарастырылады. Екіншіден, оқу пәндерін біріктіруде маңызды байлаыстар мен қатынастарға біріктірілген кезде әрдайым саралау болады. Үшіншіден, интегративті ұстаным мұғалімдерден нәтижелі кәсіби ынтымақтастық туралы келісуді талап етеді. Төртіншіден, интеграция мұғалім-оқушы диалогын қамтамасыз етуі керек, ал коммуникативті актіге қатысушылардың әрқайсысы ұқсас білім беру мақсаттарын көздеуі керек.

Пәнаралық байланыс негізінде әлемдегі құбылыстарды, қоршаған орта өзгерістерін, сандық, сапалық өзгерістерді біртұтастықта түсініп, қабылдауға мүмкіндік жасау әдістемелерін қарастыра отырып, білім мазмұнын интеграциялаудың түрлі аспектілері жөнінде педагог ғалымдар Я.А.Коменский [9], Д. Локк, И.Г Песталоцци, А.А. Бейсенбаева, Ж.К. Жунусова, Т.К.Оспанов, А.М.Мухамбетжанова т.б еңбектерінде қарастырылған.

Интеграциялық оқытудың қағидалары жөнінде жүргізілген еңбектерде интеграциялық оқытудың дидактикалық негізі тереңірек қарастырылған. Әрі білім беру интеграциясын ұйымдастыру жолдарын үш басты қағидаға негізде қарастырады:

1. Интеграция мен дифференциацияның тұтастық қағидасы;

2. Антропологиялық орталықтандырылу интеграциясы;

3. Білімдегі интеграцияның мәдени үйлесімділігі.

Мұндағы, бірінші қағида бойынша философияның заңдылығындағы оң жақ тек теріс жақ болғанда ғана бар болатыны сияқты *интеграция мен дифференциация диалектикалық бірлікте қарастырады.*

Интеграция – бұл, біртұтастықтың үзіліссіз қалыптасу үдерісі мен оның нәтижесі. Оқу үдерісінде интеграция дифференциациялаудан мүлде бөлек жүзеге асырылады да нәтижесінде одан таралатын бірқатар синоним сөздермен (мысалы, біріктіру, қосу, кіріктіру сияқты) алмастырылып, өзіндік түпкі мазмұнын өзгертеді.

Интеграция ұғымын біржақты түсіну тек педагогикада ғана емес, білім беру тәжірибесінде де жиі кездеседі. Бұған мысал 90-жылдардағы инновациялық бағыт бойынша оқытылған интеграциялық курстар. Интеграциялық (В.Н.Максимованың түсініктемесі бойынша «синтездеу») курстардың басты міндеті – бір-біріне байланыссыз берілген оқу мазмұнын жаппай біріктіріп, оқушының өзіндік «дүние бейнесін» тұтастықта қалыптастыруда көздейді. Дегенімен бұл ойы мүлде басқаша болып шықты.Себебі оқу үдерісіне жаңадан оқу курстарын енгізу білім беруді одан әрі қиындатып жіберді.

Оқушыға әлем тұтастығы жөнінде түсінік он шақты пән арқылы қалыптастырылса, енді жиырма шақты үлкенді-кішілі пәндерге бөлініп, баланың басын одан әрі шатастырды. Мұндай интеграция сырт қарағанда білім беруді біріктіргенімен, шын мәнінде тұтастықты, пәндік орталықтандыруда келеңсіз жағдайларды күшейтіп жіберді. Интеграция дифференциациясыз болмайтыны байқалды. Осы заңдылықты ескермеу және білім беруде интеграцияны жәй ғана бірбіріне қосылу, бірігу деп қабылдау пәннің одан әрі бөлшектеліп кетуіне себеп болып, баланың әлемді тұтас қабылдауына кері әсер етеді.

Я.А.Коменскийдің ұстанған оқытудағы «табиғи әдіс» немесе табиғатқа сәйкестік, яғни, оқытудың әдістері мен табиғат заңдылықтарының арасындағы байланыс қағидасы қазіргі білім беру үдерісіндегі интеграция мен дифференциациялау біріктіру қағидасымен сай [9]. Ол құбылыстардың арасындағы байланыстарды оқушылардың түсінуінің қажеттігіне, оқу материалын біржүйелікпен дұрыс ұйымдастыруға, шәкірттерге хаос (жүйесіз) түрде білімнің берілмеуіне көп көңіл бөлген.

Ішкі және сыртқы байланыстардың болмауы белгілі бір кезеңде тұтастықтың бұзылуына, тіпті жүйенің өзінің құлдырауына себепші болады. Білім беру жаңа ортаның талабын қанағаттандыра алмай қалады, сонымен бірге оның құрылымы да білім беру міндетін тиімді шешуге қабілетсіз болып, бірқатар қиындық туғызады. Проблемалық жағдай, яғни білім берудегі дағдарыс білім берудің жаңа формаларын іздестіруді талап етеді және осындай жағдайда интеграциялық үдерістің қарқынды дамуына жол ашылады.

Жаңа жағдайда интеграциялық оқытуда оқушы оқулықтағы ақпаратты санасына сіңіру үшін өзіне қаншалықты керек болса, соншалықты жұмыс істейді. Оның үстіне мұғалім мен оқушының әрекеті білім, білік, дағдыны қалыптастырудың дидактикалық жүйесінен жаңа жүйеге ауысады.

Жаңа жүйе дидактикасы білім беруді ғана көздемейді, сонымен қатар теориялық (дамыта оқыту), жеке тұлғалық (тұлғаға бағытталған оқыту) оқытуға бағытталады. Мұндай қатынаста білім баланың өзіндік ойлауының, өзін-өзі тануының құралы ретінде қалыптасады.

Сонымен, оқушыларды оқыту үдерісінде қалыптасатын білім жүйесінде объективті түрде эмпирикалық білім үлесі біршама үлкен үлес салмағын құрайды. Оқу үдерісінде, теорияның практикамен оңтайлы байланысы оқушыларда таныммдық, зерттеушілік, шығармашылық, жобалау сипаттағы интеграциялық білімнің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Интеграцияланған сабақтар келесі жаңа сапалы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді:

- оқушылардың ойлауын дамыту, мұндай сабақтар кезінде олар белсенді түрде талқылап, салыстырып, қажетті қисындық (логикалық) байланыстарды өздігінен тұрғыза отырып, қорытынды жасайды;

- оқушылардың танымдық қызметінің белсенділенуі, оның дербестігі мен зерттеушілік сипатының жоғарылауы;

- сабақтың әрбір минутында танымдық қызметке іс жүзінде әрбір оқушының қатыстырылуы;

- оқушылардың оқу еңбегінің тиімді дағдыларын, соның ішінде екпіннің жоғарылауы есебінен атқарылатын жеке операцияларды құрастыру;

- өзіндік бірпәндік сабақ беруге дағдыланған, әдістемелік стереотиптер қатарынан бас тарту есебінен ұстаздың кәсіби шеберлігінің өсуі.

Оқу пәндері енгізілген мына қағидаттар негізінде интеграцияланады: интеграцияланатын оқу пәндері бірдей объектілерді зерттейді; интеграцияланатын оқу пәндерінде бірдей зерттеу әдістері қолданылады; интеграцияланатын оқу пәндері ортақ жалпы заңдылықтар, бірдей теориялық тұжырымдамалар негізінде құралады.

Қорыта айтқанда, пәнаралық интеграция арқылы жеке тұлғаның дамуына ықпал жасаудың мәні зор. Оқыту жүйесін онда жақын даму аймағына, яғни оқушылардың мұғалімдермен байланысқа түсіп, олардың жетекшілігімен қойылған міндеттерді шешудегі интеграциялық оқыту мен жүйелі іс-әрекет, тұлғаны дамытуға бағыттайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бейсенбаева А. Интегративті пәндер, олардың мазмұны мен қызметтері // Білім әлемінде. -2011. -№4. -7-8 бб

2. Винокурова Н.Ф., Соткина С.А., Ефимова О.Е. Интеграция современного научного знания как ценностно-содержательная основа становления культуры устойчивого развития у будущего учителя географии // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 6.

3. Данилюк А.Я. Метаморфозы и перспективы интеграции в образовании. / А.Я. Данилюк // Педагогика. –1998. – № 2.

4. Тайтелиева Л.Р., Турдиматова Т.А. Тіл дамыту ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін интеграциялық-дифференциалды сипатта ұйымдастыру мүмкіндіктері // Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. -2018. -№ 5. -7-12 бб.

5. Зверев И.Д., Максимова В.Н. Межпредметные связи в современной школе. – М.: Педагогика, 1981

6. Гилязова О.Г. Психолого-педагогические основы интегрированных уроков // Проблемы вузовской и школьной педагогики: «Третьи Есиповские чтения». - Глазов, 1998.

7. Харунжев А.А. Интеграция в образовании: теория и практика: учебное пособие / А.А. Харунжев. – Киров: Вятский государственный гуманитарный университет, 2003. – 96 с.

8. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М.: Просвещение, 1968.- 464 с.

9. Коменский Я.А. Избранные педагогические труды / Я.А. Коменский. – М.: Учпедгиз, 1955. – 279 с.

МРНТИ 14.07.09

БАЙСЕИТОВА Н.М.,
биология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

БЕКАЙДАР Т.
биология ғылымдарының магистрі, оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

БИОЛОГИЯ САБАҒЫН СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада, қазіргі оқу үрдісінде қолданылатын сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізінде ұйымдастырылуы мен әдістемені қолданудың артықшылықтары қарастырылған. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы ұғымының терминдік мәніне анықтама беріліп, білім беру саласында қолданудың өзектілігі көрсетілген. Биология пәні бойынша осы технология бойынша орындалатын тапсырмалардың үлгілері мен нәтижелері көрсетіледі.

Түйін сөздер: сын тұрғысынан ойлау, әдіс, хлоропласт, строма, фотосинтез.

Аннотация. В предлагаемой статье рассматриваются преимущества организации и использования методики, основанной на технологии критического мышления, применяемой в современном образовательном процессе. Дано определение понятия технологии критического мышления и показана его актуальность в сфере образования. Также будут показаны образцы и результаты заданий по этапам урока, организованого на основе технологии критического мышления по биологии.

Ключевые слова: критическое мышление, метод, хлоропласт, строма, фотосинтез.

Annotation. This article discusses the advantages of organizing and using a methodology based on the technology of critical thinking, used in the modern educational process. The definition of the concept of technology of critical thinking is given and its relevance in the field of education is shown. Samples and results of assignments for the stages of the lesson, organized on the basis of the technology of critical thinking in biology, will also be shown.

Keywords: critical thinking, method, chloroplast, stroma, photosynthesis.

Кіріспе.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің сапалы түрде қамтамасыз етілуі, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы, ең алдымен заман талабына сай әлемдік білім беру кеңістігін арттыру мәселелеріне үлкен мән беріліп отыр. Әсіресе оқушылардың таным белсенділігін қалыптастыруда жаңа технологиялар мен әдістер енгізілуде.

Білімнің сапалы да саналы түрде берілуі болашақ кемеңгерлі азаматтар қауымының қалыптасуына үлкен септігін тигізеді. Оқу үрдісінде жаңартылған бағдарлама бойынша ұсынылған жаңа технологиялардің әрбірі өзіндік әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді *[Аблайханова Н.Т., 2020, б. 146]*. Соның бірі, сын тұрғысынан ойлау технологиясы болып табылады. Бұл технологияның негізгі ерекшелігі мұғалім мен оқушы жұмысы арасында уақыттың тиімділігі және оқушының өздігімен жұмыс жасау нәтижесінде сыни ойлау қабілетінің артуы *[Тұрғынбаева Б.А., 2005, Б. 174-176]*.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл технология оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау – сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау *[Мирсеитова С., 2012, Б. 119-125]*.

Негізгі бөлім.

Білім беру саласында сын тұрғысынан ойлау технологиясы – белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеуді; жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білуді; салыстыра алуға; сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеп, оған сеніммен қарауды үйретеді. Яғни, оқушының кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға, өздеріне деген сенімділікті арттыратын әдістердің бірі екенін көріп отырмыз. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінен 3 фазадан тұрады: I Қызығушылықты ояту, II Мағынаны тану немесе ажырату, III Ойтолғаныс *[Загашев И.О., 2004, 23 б.]*.

1-кестеде көрсетілгендей сыни тұрғысынан ойлау технологиясының негізінде биология сабағының қысқа мерзімдік жоспары қарастырылды.

1 – кесте

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізіндегі сабақтың қысқа мерзімді жоспары

Қысқа мерзімді жоспар		
Сынып	11	
Сабақтың тақырыбы	Хлоропласттың құрылымдық компоненттері және олардың қызметтері	
Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары	11.1.2.1 - хлоропласттың құрылымы мен қызметі арасындағы өзара байланысты орнату	
Сабақтың мақсаты	Хлоропласттың құрылымдық компоненттерінің ерекшеліктерін негіздеу, маңызына баға беру; Хлоропласттың қызметтерін сипаттау.	
Бағалау критерийлері	Хлоропласттың құрылымдық компоненттерін сурет бойынша ажырата алады; Хлоропласттың қызметтерін түсіндіре алады; Өсімдіктер үшін хлорофилдің рөлін сипаттайды.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Хлоропласттың құрылымдық компоненттері және олардың қызметтеріне байланысты негізгі терминдерге ауызша, жазбаша анықтама береді. Хлоропласт органеллаларына тән құрылымдарды атап ауызша сипаттай алады; Хлоропласттың құрылымдық компоненттері және олардың қызметтеріне байланысты айырмашылықтарын сурет/сызбада белгілеп жаза алады; ауызша сұрақтар құрастырып, қоя алады. Пәнге қатысты лексика мен терминология: хлорофилл, хлоропласт, пластид, мембрана, строма, гомопластид, гетеропластид, фотосинтез. Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Хлоропласта фотосинтез процесі үшін жарық энергиясын сіңіретін жасыл пигмент .... .Хлоропалсты толтырып тұрған гель тәрізді зат ..... деп аталады. Хлоропласттың ішінде ішкі мембранадан қатпарлана өсіп шығатын күрделі ..... құрылым түзіледі. Тилакоидтің ішкі кеңістігі ..... деп аталады. Хлоропласттың құрылымы ..... процесін қамтамасыз етеді.	
Құндылықтарды дарыту	Жеке, жұпта, топта жұмыс істей білу. Сыныптастарының пікіріне, ойына құрмет көрсету. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.	
Пәнаралық байланыс	химия пәнімен байланысады.	
Сабақтың барысы:		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Оқыту көздері мен ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	1. "Гүлмен тілек" әдісі; Білімді жаңарту үшін материалды қайталау. «Миға шабуыл» стратегиясы арқылы оқушыларға сұрақтар беріп, оған ауызша жауап беруі қажет. 2. Сабақтың мақсаты оқушылармен бірге анықталады	Фигуралар салынған конверт.
Сабақтың ортасы 20 мин	1. Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқу және берілген тапсырманы орындайды, мысал, үлгі көрсетеді. 2. Оқулықта жаңа тақырып бойынша көрсетілген тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады.	Интернет ресурстарын пайдалана отырып тақырып бойынша видеоролик

Сабақтың соңы 10 мин	Рефлексия Оқушылар жеке жұмыс орындайды: - бүгінгі сабақта мен....түсіндім,...білдім,....көзімді жеткіздім. - бүгін сабақта қуантқаны..... - мен өзімді.....үшін мақтар едім. - маған ерекше ұнағаны..... - сабақтан соң маған.....келді - бүгін маған.....сәті түсті. - қызықты болғаны..... - .....қиындық тудырды. - менің түсінгенім..... - енді мен.....аламын. Осы сөйлемдерді жалғастыра отырып, жаңа сабақта не түйгендіктерін айтады.	«Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды.

Сабақтың кезеңдері бойынша орындалған тапсырмалардың нәтижесі:

Ұйымдастыру кезеңі: "Гүлмен тілек" әдісі арқылы оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. Бірінші топ ережесін еске түсіріп, топтастыру. Ұйымдастыру кезеңінің мақсаты оқушылар ойындағы идеясын немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. *Тиімділігі:* оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.

Алынған білімді жинақтау, қайталау. Сабақтың тақырыбымен таныстыру. Қызығушылықты ояту кезеңі: бұл кезеңде ең алдымен оқушылардың жаңа сабақтың тақырыбы бойынша бұрыннан қалыптасқан білімдерін қайта тексереміз, қайта еске түсіреміз. Осыған орай, «Миға шабуыл» стратегиясы арқылы оқушыларға сұрақ қою олардың бұрыннан қалыптасқан білімдері негізінде мәліметті қайта жаңартып, толықтыруға мүмкіндік береді. «Хлоропластың құрылымдық компо-ненттері және олардың қызметтері. Фотосинтездің пигменттері. Rf мәні» тақырыбы бойынша оқушыларға келесі сұрақтар қойылады:

1. Хлоропластың қызметін айтыңдар?
2. Хлоропластың құрылымына сипаттама беріңдер?
3. Хлоропластың жасушада қозғалу қабілетін дәлелдейді.
4. Фотосинтез процестеріне сипаттама беріңдер?
5. a және b хлорофилдерінің сіңіру спектрлерін сипаттаңдар. Берілген сұрақтардың негізінде сабақ тақырыбын сұрап, талдау жүргізу нәтижесінде таныстырамыз. «Миға шабуыл» стратегиясы оқушының сабаққа деген ынтасын ашып, қызығушылықты оятады. Сабақтың мақсаты жылдам әрі функционалды түрде жан-жақты сыни ойлануды дамыту.

Мағынаны ажырату кезеңі: бұл кезеңде оқушының жаңа ақпаратты тез қабылдауына, бұрынғы білімнің толықтырылуына көмектеседі. Заманауи білім беру жүйесіндегі «Венн» диаграмма» әдісі қолданылады (сурет 1). «Венн» диаграмма» әдісі – бұл стратегияның мақсаты салыстыру, пайымдау. Екі зат немесе мезгілдің (объектінің) айырмашылығы мен ұқсастығы жазылады. Бір біріне айқасқан екі немесе үш шеңбер.(тек шеңбер ғана болу керек деген қате түсінік) Екі жағына салыстырылады, ал айқасқан жеріне ортақ қасиеті жазылады. Оқушылардың ойлары аршылып, салыстыру сияқты күрделі операция жүзеге асады. Бұл әдіс нәтижесінде пластидтердің бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастықтарын салыстыра отырып жаза алады. Ол оқушының берілген тақырыпты жалпы және салыстыра алу қабілетінің дамуына көмектеседі.



1-сурет. Венн диаграммасы

Ойтолғаныс кезеңі: үйрену процесінің соңғы фазасы болады да, бұл кезеңде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізе бастайды. Бұл фазаның мақсаты – оқушылардың алған білімдері ұзағынан мазмұнды болып, шындыққа ұласуы үшін бұрынғы мәліметтері мен жаңа мәліметті өз деңгейінде қабылдай алуын қамтамасыз етуі. Осы орайда, оқушылармен оқулық соңындағы Блум таксономиясы бойынша берілген тапсырмалар, суреттер мен кестелер қолданылады.

Білім жүйесі бойынша:

1. Ең төменгі деңгей – білу, оқыту есте сақтауға, жаттауға, тануға еске түсіруге бағытталады.

2. Түсіну – таным мақсаты, яғни мазмұнын айту, ақпаратты бір күйден екінші күйге аудару, өз сөзімен жеткізіп айту.

3. Қолдану – мәселені шешу, нәтиже алу үшін ақпаратты қолдану мақсаты болып табылады.

4. Талдау – бөліктерге бөлу арқылы тұтас нәтиже көрсету

5. Синтез – ауызша пәнде өте керек.

6. Ең жоғарғы деңгей – бағалау.

Блум таксономиясы оқу мақсаттарына сәйкес келетін міндеттерді жіктеуді көздейді. Оның негізінде оқушылардың сыни ойлауына ықпал ететін тапсырмалар мен сұрақтар құрастыруға болады *[Горностаева Ж.В., 2007, б. 86-88]*. Сыныптағы оқушылар топтарға бөліну арқылы суретте берілген хлоропласттың құрылысын сызба бойынша белгілеп жазады (сурет 2).



2-сурет. Хлоропласт құрылысы

Хлоропласттың құрылымы мен қызметін көрсететін 2-кестені толтырады.

2-кесте

Хлоропласттың химиялық құрамы мен қызметі

Хлоропласт	
Химиялық құрамы	Қызметі

Сабақты бекіту кезеңінде оқушылар хлоропласттың химиялық құрамының ерекшелігін ажырата алуға, зерттеу нысанын басқа пигменттермен салыстыруға, негізгі материалды талдауға, түсініп білуге дағдыланады.

Сабақтың соңы. Рефлексия кезеңінде: Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.

Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.

Қорытынды.

Сыни тұрғыдан ойлаудың дағдыларын дамыту сыныпта тиісті орта жасауды талап етеді, яғни оқушыға алдын-ала тапсырма беріліп, оның қосымша материал іздеп табуына және өз бетімен жұмыс жасауға қалыптастырады. Мұндай ортада әртүрлі сұрақтар қойылады, оқушы барынша өз ойын жеткізе алатын болады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану нәтижесінде оқушы көбірек сөйлейді, ойлайды, ізденеді, мағлұмат жинайды Осы технологиямен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді *[Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В., 2004, – 175 с]*.

Қорытындылай келе, оқу үрдісінде заманауи сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінде ұйымдастырылған биология сабақтары оқушының жеке, жұптық және топтық жұмыс жасауда сыныптастарының пікірін тыңдай алып, еркін өз ойын жеткізе алады. Сабақ барысында оқушылардың пәндік құзыреттерін қалыптастыруға, білім сапасын арттыруға және кез-келген ортада өз бетімен іздену дағдысын дамыта алады. Жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде спиралды оқу жүйесін тез меңгеріп, оған өзіндік ойын толықтай сын тұрғысынан ойлап, жан жақты қалыптасатын тұлға болуына септігін тигізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005. – Б. 174-176.

2. Аблайханова Н.Т., Сайдахметова А., Мухитдинов А.М., Үсіпбек Б. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізінде биология сабағын ұйымдастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, 2020. №3/2. – Б. 146-154.

3. Мирсеитова С. Мұғалім философиясының қалыптасуы мен дамуы: гуманистік парадигма // Қарағанды. 2012. – Б. 119-125.

4. Загашев И.О. Учим детей мыслить критически // М.: Просвещение, 2004 г. – 23 с.

5. Горностаева Ж.В. Коучинг как метод повышения эффективности деятельности предприятия // Экономический вестник Ростовского государственного университета, 2007. №1/2. – С. 86-88.

6. Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке // М.: Просвещение, 2004г. – 175 с.

УДК 371.13:371.381.

БАКИРОВА Г.А.,
педагогика ғылымының кандидаты,
М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Шымкент, Казахстан
Email: gulmira-74_74@mail.ru

СЕРІКБАЙ Ж. Қ.
магистрант,
М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Шымкент, Казахстан

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аннотация. В статье рассматривается роль духовного мира и духовных ценностей в формировании личности, взгляды великих мыслителей на духовные ценности.

Ключевые слова: духовный мир, духовные ценности, личность, формировании личности, взгляды великих мыслителей.

Annotation. The article examines the role of the spiritual world and spiritual values in the formation of personality, the views of great thinkers on spiritual values.

Keywords: spiritual world, spiritual values, personality, personality formation, views of great thinkers.

Кіріспе

Қазақ халқының философиялық көзқарасы мен ұлттық ой-санасының өркендеуінде рухани құндылықтар ілімінің өзіндік орны бар. Өз кезегінде ұлттың рухани бағдары, негізгі өмірлік позициялары, дүниетанымы да осы құндылықтарға байланысты қалыптасты. Дәстүрлі танымдағы құндылықтар әлемі-адамның рухани әрекеті, рухани байлығы, оның адамгершілік санасының сипатын білдіреді. Бұл қоғам адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сиықсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұхсаттылық пен тиым салушылықты, мәнді мен мәнсіздікті ажыратуға негіз болды. Қазіргі қазақ қоғамындағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер мен жаңғырулардың үдерісі бұл мәселенің маңыздылығын арттыра түсуде. Осы орайда, рухани құндылықтардың ұлттық негіздерін жаңа қоғамдық қатынастар талабына бейімдеу, оны рухани өмірдің өзегіне айналдыру тек философиялық, дүниетанымдық мәселе ғана емес, сонымен қатар саяси мәселе. Түрлі жалған ұстанымдарды лаңкестік әрекеттермен ұштастырып, рухани құндылықтарды өз қажеттілігінде таныта білмеу қоғамда теріс көзқарас туындатуда. Рухани құндылықтарды өз деңгейінде бағаламау қоғамды аздырады. Ал, адамзат санасын дендеп келе жатқан рухани бостық жалған дүние кеңістігінде зұлымдық, менмендік әрекетінен туындайды.

Негізгі бөлім

Жоғарыда қарастырылған құндылықтар, рухани құндылықтар, құндылықтық сана адамның рухани өмірін, оның қалыптасуын білдіретіндігін атап өттік. Ал енді сол рухани дүние дегеніміз не, оның жеке тұлға қалыптасуындағы орнына тоқталайық. Адам өмір сүретін әлем салыстырмалы түрде екі үлкен әлемге жіктеледі. Оның алғашқысын материалдық болмыс құраса, екіншісі рухани қатынастар, құбылыстар әлемі. Адамның тұлға болып қалыптасуында шешуші роль атқаратын сала рухани әлем болып табылады. Әрине, адамның денесі, бітімі табиғаттың үйлесімді заңдылықтарына тәуелді болғандықтан, ол әрқашанда бұл табиғи заңдылықты бұзбауы тиіс. Бізді табиғат, заттар мен құбылыстар әлемі қоршап тұр. Материалды әлемнің әрбір заты мен құбылыстары өзара байланыс негізінде біздің санамыз бен ойлауымызда сөздік, тілдік көріністер арқылы бейнеленген. Ал, ойлау, сезім, эмоция, қайғыру, бағалау, пікір, көзқарас, қоршаған ортаны тану, өзін-өзі тану және әлемдегі орнын білу, әдемілік пен жақсылық пен жамандық идеалы, эгоизм түсінігі, Отанға деген сүйіспеншілік, ата-анаға, бауырларына, туысқандарына мейірімділік сияқты қасиеттер рухани дүниені құрайды. Адамды адам ететін басты қасиет-рухани дүниесінің дамуы. Бұл дамудың алғы шарттарын анықтау үшін тарихқа жүгініп көрелік. Адамзат тарихының бастауларына назар аударсақ-діннің пайда болуы өнерді туындатқан болатын, ал өнермен астарласа білім мен ғылымның негіздері қалана бастаған еді.

Кеңес дәуірінде рухани дүниені біздерге материалдық дүниеден кейінгі немесе оның дамуының жалғасы, жақсара түскен материалдық жағдайдың әрі қарай дамуының жемісі деп танытты. Философиялық және басқа да сөздіктерде бұл дүниенің бастаулары жан мен рух ұғымдарына теориялық негізделген анықтама берілмей кел-

ді. 1994 жылы шыққан «Философиялық сөздікте» тәнге, денелік мәдениетке арналған мақала жоқ, ал жан не психика терминінің синонимі, не діни идеалистік ұғым деп түсіндірілді.

Жан мен рух ұғымдары соңғы жылдары орыс және қазақ тілінде жарияланған мәдениеттанулық басылымдарда кеңінен зерделенген. Осы жерде айта кететін мәселе олардың біртекті екенін білуіміз керек. Ал адам болмысындағы рухани және тәндік бастаулардың арақатынасы туралы мәселе философия мен мәдениет тарихымызда шешімін таба алмай келеді. Бұл адамның күнделікті өмір тіршілігінде ешкім тәнін тастап кет алмайды деген түсінік қалыптасқан, бұл түсінікке адам рухы арқылы жетеді.

Тек фантастикалық, аңыздық, мифологиялық қиялдарда ғана жан денені уақытша қалдырып, әлемді аралап содан соң қайтадан ене алады. Дегенмен жанның мұндай күйге түсті дегенін күнделікті әңгімелерден естіп білмесек, дәлелденген аксиома жоқ.

Рухани дүниенің тәнмен қатынасы, оның қалыптасып дамуы туралы мәселе әрбір саналы адамды толғандырары анық. Мәселен, Аристотель адам өмірінің барлық игіліктерін үш топқа (сыртқы, жандық және тәндік) деп бөлген. Алайда олар өзара байланыста әрекет етеді. Бұл үшеуін дене, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиелері тәрбиелеп дамытады. Жан мен тәннің құндылық деңгейін тек олар арқылы анықтауға мүмкіндік жоқ. Осыған ұқсас мәселе қою тәсілін Абайдан да көре аламыз. Ол өзінің 43-ші қара сөзінде былай дейді: «Адам ұлылығы екі нәрсе: бірі - тән, бірі - жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы кәсіби оны білмек керек. Ішсем-жесем демектің басы жибили, ұйықтамақта соған ұқсайды. Аз ба, көп пе білсем екен, көрсем екен деген арзу (мақсат, арман) бұлардың да басы жибили. Ақыл, ғылым - бұлар кәсіби...». Тән мен жанның қызметін ажыратқан, Абай, ойын - күлкі, ішпек - жемек, ұйықтамақ, мақтан, мансапқорлық, дүниеқорлық - жанды аздыратын нәрселер деп есептейді. Бұл мәселе Фарабиде былай көрсетіледі: «сенің болмысың екі табиғаттан тұрады: бірінші түр, форма, сан мен сапалық қасиетке ие, қозғалатын немесе қозғалмайтын, жайылып бөлшектене алатын субстанция. Екіншісі біріншісінен табиғаты жағынан мүлде басқа, жоғарыдағы атрибуттардың ешқайсысына ие емес субстанция. Осы екіншісінің мәні тек сана арқылы танылады. Басқаша айтқанда сен екі әлемнің қосындысынан тұрасың: біріншісі - ғажайып әлем, екіншісі - жаратылыс әлемі. Өйткені рухың - Тәңірдің әмірімен, тәнің оның жаратылыс әлемінен жаратылған. Яғни ұлы ойшыл көзқарасынша тәннің кемелдігі рух, ал рухтың кемелдігін белсенді сана қамтамасыз етеді.

Араб тілінен алынған бұл терминдер адамның болмыста тәнінен басқа құрылымға меңзеп тұр. Олар бір текті, егер жан адамның адамгершілігінің, кісілігінің субьектілігінің ішкі иманненті бастауы болып есептелсе, онда рух көбінесе, адамнан тысқары трансцендентті бастаулармен байланыстырады. Ежелгі гректерде үш түрлі жан бар дейді: ақылды жан(баста), батыр жан(кеуде) және құмартушы жан (қарында). Ал қазақтар шыбын жан және рухи жан туралы айтады.

Бұған дейін жан мен рух көбінесе діни - мәдени дәстүрде талқыланып келді. Бұл дәстүрде жан дегеніміз адамның рухани мәні, оның тұлғалық қасиеттерін айқындайтын күш ретінде анықталады. Мәселен Виссарионның қазіргі діни ілімінде («Соңғы өсиет») жан деп адам туа сала оның тәніне енгізілетін мәңгі құдайлық табиғаттың рухани бастауын айтады. Осы арқылы адам өзіне құдайлық құндылықтарды (жақсылық, игілік, қайырымдылық, махаббат, әсемдік т.б.) қосып алады. Міне осы жерден руханилық келіп шығады. Себебі адамның адамдығы интеллект, ақыл, зердемен ғана шектелмейді. Тек ақылды болып, рухсыз болу жеткіліксіз. Бұл үшін адам өзін рухани жағынан дамытуы керек. Руханилықтың ең негізгі өлшемдерінің бірі- адамның жақсылыққа қарай талпынысы. Ал кез келген мақсатқа қарай ұмтылыс жақсылыққа қарай барар жол емес. Өйткені, «мақсат – оған жетуге тиісті құралды ақтайды» деген қағида адами өлшем тұрғысынан теріс түсінік болып табылады. Жақсылық жасай білу - адамды адам еткен іс - әрекеттердің бірі, ол руханилықтың құрылымын қалыптастырушы өнердің бірі. Қоғамдағы әділдікті ешқашанда күштеу, зорлау арқылы жүзеге асыруға болмайды.

Ал руханилық дегеніміз, ғалым І. Ерғалиевтің анықтамасы бойынша, барлық әлемге (макрокосмосқа) эквивалентті (тең деп айтуға болады) адамның микрокосмостық универсуммен (космоспен) жіктелмейтін үйлесімділік тұтастығы. Универсуммен бұл үйлесімділік тұтастығын адам ең жоғары ерекше формаларда сезініп, онымен айрықша бірігіп, ырғақты күйге бөленеді. Адамның өзінің космоспен (универсуммен) үйлесімділік тұтастығын сезінетін, соған реалды енетін осы күйін руханилық деп атауға болады. Бір айта кететін жай, адам рухы өзін қоршаған ортасында алғаш танысқан құндылықтар және дүниетанымды ұстанымдармен тұтастану арқылы өзіндік болмысына қайтып келеді. Осы ойды негізге алсақ, барлық адамдардың рухтық әрекет ету бастаулары бірдей, бұл оның бір жаратушыдан таралғандығын білдіреді. Жер шарының әр жерінде оқшаулықта пайда болған адамдардың рухани мәдениеттік ұстамдық түпнұсқалары ұқсас. Мысалы, адамзат қаумдастықтары жасаған көптеген мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін зерттеген АҚШ әлеуметтанушысы Дж.Мердон 60 - тан аса мекенде мәдениеттің барлық қауымдастықта кездесетін ортақ белгілерін көрсетті. Олар: тіл, дін, еңбек құралдарын жасау, сексуалдық ұстамдылық, спорт,

сыйлық тарту үрдісі, символдар т.б. Осы жөнінде С. Нұрмұратов өз зертеуінде: «Адамдар бірінің тілін түсінбесе де, дінін, саяси жүйесін қабылдамаса да, өзара жақындастырушы, біріктіруші күштің әрқайсымыздың ішімізде екенін сезеді» – дейді. Ол күш рухани құндылық. Рухани құндылық махаббаттың жемісі. Ал махаббат адамды жарқын болашаққа, мақсат, мұратқа жетелейді. Мұны біз Қ. А. Яссауидың:

Ия, достар, пәк махаббатты мақсат еттім,

Бұл дүниені дұшпан тұтып жүрдім міне, - деген хикметінен аңғарамыз. Ал А. Құнанбаев: «Адамшылықтың алды махаббат, ғадалет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ» - дей келе асыл сезімді жүректе мәңгі сақтап, өмірге арқау етуді өсиет етеді.

Жеке тұлға руханилығын дамытып ғана өз өмірін үйлесімдендіре түседі. Бұл өз жанының сыртқы көрінісі - рухының арқасында биікке көтеріле алады. Рухани дүние тұлғаның дүниетанымымен, іс - әрекетімен тікелей байланысты. Адамның өз бойындағы барлық жақсы қасиеттерін әлемге паш етуге дайындығы, яғни ақылын, дарынын, қабілетін, шеберлігін, ішкі нұрын, жүрек жылуын адамдарға, табиғатқа, ғаламға беруге ұмтылуы - рухани дүниенің бір келбеті.

Рухани дүниенің дамуы - ол күнделікті өмірлік асулардан асам деген атқа лайықты түрде өте білу. Сондықтан, үнемі, үздіксіз дамуда болу керек. Міне, осы мәселе жөнінде Индира Зарипованың ойлары көңіл аударарлық. Ол өз ойын былай тұжырымдайды: «Адам әрбір күннің әрекетімен қайта - қайта жаңғырып отырады деген ойға үйрену оңай емес. Біздің қалыптасуымыз - түкке тұрмаушылықтан ұлылыққа дейінгі жолды қайта - қайта өтуден тұрады. Қайта - қайта құлдырау мен асқақтау. Бұндай қалыптасусыз біз тірі емеспіз». Міне осы қалыптасудың негізгі өзегі - адамдардың өзінен басқа әлемге деген қарым - қатынасы. Дүниедегі кез келген адамды өз жақынындай қабылдай алған, оған өз бойындағы ыстық ықылас - махаббатын сыйлай алған адам нағыз рухани дамудың жолына түскен адам. Ал, болмысқа басқаша көзқараспен қарауышылық - программистік әр түрлі есеп көздеуден құрылған қадам болып табылады.

Адам рухани дүниесінің, яғни жеке тұлға қалыптасуының тағы бір көрінісі - оның шығармашылығы. Ол адамға тән еркіндіктің, әркімнің дарындылығының, шынайылықтың, еңбекқорлықтың әлеуметтік практикада жүзеге асуы болып табылады. Әрбір еңбектің нәтижесі шығамашылықтан туындап отырса, онда дүниедегі көптеген қайшылықтардың шешілгендігінің белгісі болар еді. Бірақ, тұлға ретінде қалыптасып келе жатқан жеке индивид көп жағдайда өз қалауына сәйкес келмейтін істерді атқару кезеңінен өтеді. Міне, осы сынақтардан сүрінбей өту, яғни қандай еңбекті болса да шынайылықпен атқаруға тырысу рухани даму жолына түскен азамат үшін міндетті асу болып табылады. Сынақтың үлкені мен кішісі жоқ, күнәнің де маңызды, маңызсызы болмайды. Адам барлығына да жауапкершілікпен қарағаны жөн. Сонда ғана ол өзінің «менін» биік деңгейге дейін жетілдіре алады.

Рухани дүниенің даму жолынан алыстаған адам өзімшілдіктің, менмендіктің қақпанына түседі. Оның ақылы, пайымы мен зердесі, толық өзіндік болмысы жеке бастың сұраныстарын күйттеуге көшеді. Ондай адам ар-ұяттың бақылауынан тыс өмір сүре бастайды, адамның бойындағы рухани қасиеттерден арыла бастағанын өзі сезбей қалады.

Руханилықты қалыптастырушы маңызды элементтің бірі- құндылықтар жүйесі дей аламыз. Құндылық - адамның тілегін, қажетін және мүддесін қанағаттандыратын зат пен құбылыс сипаты. Құндылық субьектінің өз қажетін қоршаған дүние заттарын өзіне сәйкес ұғыну салдарынан қалыптасады. Әлеуметтік ортада өмір сүретін субьектінің рахани құндылықтарына мыыналар жатады:

а) өмірлік мәнділіктер - ізгілік пен зұлымдық, бақыт пен мақсат және өмірдің мәні туралы ұғым.

б) кешенді құндылықтар: өмір, денсаулық, жеке бастың қауіпсіздігі, отбасы, тұрмыс күйі, туысқандар, білім, мамандық, құқықтық тәртіп т.б

в) қоғамдық тану (еңбек сүйгіштік, әлеуметтік күй т.б).

г) бір-бірімен қатынас (адалдық, мейірімділік).

д)демократиялық (сөз бен ар бостандығы, еркіндік) Аталған құндылықтар түсінігіне сәйкес адам ортасын өзгертуге, өзін де өзгертуге әрекет жасайды. Яғни жеке тұлға қалыптасуының сатылары жүреді. Сондықтан адамның мәні-рухани дамуда. Ол өз рухани деңгейін көтере отырып, адамдағы терең ақылдың қасиеттерін ашады, бойындағы дарынын тиімді пайдалана бастайды.

Ал, енді мұсылман дінінде, жалпы Шығыс халқының дәстүрлі мәдениетінде терең орын алған «қанағат», «тәубе» ұғымдары жеке тұлғаның рухани қалыптасуының үйлесімдендірушісі болып табылады. Бұл мәселелер жөнінде Ғ.Есім былай дейді: «Тәуба деген - адамның бұл дүниеде барлығына қанағат етуі. Тәуба басы - адамның тірі, бар болуы болса, одан кейін Алланың берген несібесіне разылық білдіру, одан әрі бұйрыққа жаратушының әміріне сәйкес ғұмыр кешу» Әрине, бұл жерде бұл құбылыстардың шын мәнінде адамға қызмет етуі үшін - Сабырлылық, Шыдамдылық, Рахымдылық пен Ізгілік сияқты қасиеттер адам болмысының негізін құрай бастауы керек. Олар өзінен өзі қалыптаса салмайды, оған әрбір адам өз өміріндегі құндылықты жеңе білу арқасында, өзін - өзі тәрбиелеу нәтижесінде жетуі тиіс. Міне, сол кезде халықтың педагогиканың да, оның даналығының да, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың прогессивтілерінің де рөлі зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тағы да айта кететін мәселе адамның рухани дүниесі қалыптасуы үшін этикалық құндылықтардың маңызы зор. Бұл туралы Д.Кенжетай «Адамның адамдық сипаты оның ахуалы - моральдық құндылықтармен сомдалуы» деп жазады. Ал жетілу жолына түскен адам өз болмысындағы жалған құндылықтардың жүйесінен арылып, батыл түрде жаңа рухани даму жолына түсуі қажет. Өйтпесе, рақаттану, «өмір қызығын көру», жалқаулану, пайда ойлау, даңқ пен атақ іздеу, өтірік айту, өзгелерге агресияңды көрсету, екіжүзділік таныту сияқты қасиеттерді бойға үйір етіп алады. Сондықтан адамгершілік деген рухани құндылықтың не екенін жан дүниесімен қабылдап ғана адами болмысымызды биіктете аламыз.

Әлемге деген құндылықтық қатынастар сонау балалық шақтан қалыптасып, адам ғұмырының түгел бойында даму, өзгеру үстінде болады. Құндылықтар жүйесінің тұлға үшін тұтасымен қайта қаралуы өте сирек кездесетін жағдай. Бірақ ондай мүмкіндіктерді де жоққа шығаруға болмайды. Адамның рухани дүниесінің қалыптасып, дамуы үшін қажетті рухани құндылықтарды әр заманның ақындары мен жазушылары, философ, ғалымдары көрсетіп беріп отырды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абайдың 45 қара сөздері.
2. Х.А.Яссауидың хикметі.
3. И.Шамшатұлы. Рухани мәдениет және өнегелі құндылықтар. Қазақстан жоғары мектебі. 8.2000ж. 73 б.
4. Нұрматов С. Рухани құндылықтар жүйесі әлеуметтікө философиялық талдау.-Алматы 2000.31б.
5. Касымжанов А. Духовные корни. Алматы. Атамура. 2000г .96 ст.

ӘОЖ 378.6.371.13

БЕГАЛИЕВА Р. Н.,
педогогика ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы,
ОҚМПУ,
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
Email: rauan_narmahankyzy@mail.ru

БАЙЫРБЕКОВА Л.М
аға оқытушы
ОҚМПУ,
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
Email: blazzat@okmpu.kz

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖАСАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада оқу үрдісінде кері байланыстың тиімділігі қарастырылған. Кері байланыс – нақты әрекеттер, ахуалдар, даулы мәселелер арқылы мақсатқа жетуге бағытталатын түсініктерді алу және мәлімет беру үрдісі. Ұтымды жүргізілген кері байланыс оқушының өз еңбегін бағалауына, күшіне сенуіне мүмкіндік береді, ал мұғалімнің сабақ нәтижесі бойынша нені жақсарту, өзгерту керектігіне негіз болады. Оқу-тәрбие қызметі барысында мұғалім оқушылардың білімін дамыту мақсатында психологогиялық-педагогикалық міндеттерді шешудің әдістері мен идеялар жүйесімен байыту (өз ойын жеткізе білу, зеректік, басқаларды түсіне білу, олардың жеке қабілеттілігін сыйлау және олармен жағымды қарым-қатынас).

Тірек сөздер: кері байланыс, бағалау, формативті бағалау, білім беру, тиімді сабақ, сараптама, бағалау реформасы, сұрақ қою, өзіндік оқу, комментарий, ғылыми ізденіс, өзін-өзі бағалау, нәтижелі әрекет.

Аннотация. В этой статье рассматривается эффективность обратной связи в процессе обучения. Обратная связь - это процесс получения и передачи информации, направленной на достижение целей посредством конкретных действий, ситуаций, спорных вопросов. Рациональная обратная связь позволяет ученику оценивать себя и оценивать свою работу, а учитель будет мотивирован тем, что ему нужно улучшить или изменить. Обогащение методов и идей системы психолого-педагогических задач с целью развития знаний учащихся в образовательной деятельности (умение выражать себя, быть умным, понимать других, уважать их индивидуальные способности и общаться с ними).

Ключевые слова: обратная связь, оценка, формативная оценка, образование, эффективное преподавание, экспертиза, оценка реформы, опрос, самокритика, комментарии, научные исследования, самооценка, продуктивное поведение.

Annotation. In this article, the effectiveness of feedback in the learning process is considered. Feedback is the process of obtaining and transmitting information aimed at achieving goals through concrete actions, situations, and contentious issues. Rational feedback allows the student to evaluate himself and evaluate his work, and the teacher will be motivated by what he needs to improve or change. Enrichment of methods and ideas of the system of psychological and pedagogical tasks with the purpose of developing students' knowledge in educational activities (the ability to express oneself, to be intelligent, to understand others, to respect their individual abilities and communicate with them).

Keywords: feedback, assessment, formative evaluation, education, effective teaching, examination, evaluation of reform, questioning, self-criticism, comments, scientific research, self-esteem, productive behavior.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауларында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында, «Білім» мемлекеттік бағдарламасында, мемлекеттік білім беру саясатының тұжырымдамасында және тағы да басқа стратегиялық құжаттарда мектеп ортасында жеке тұлғаның физиологиялық және рухани мүмкіндіктерін ашу, функционалдық сауаттылығын жетілдіру, қарапайым негізгі адами қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық күш-қуатын ашуға қолайлы жағдай туғызу – ең негізгі міндеттер екендігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының негізгі мақсаты: «Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды белгілеу» – деп атап көрсетілген [1].

Бұл – үлкен жауапкершілік артатын күрделі

мақсат болғандықтан, оны шешу үшін ең алдымен, оқыту мазмұны жаңартылып, ол әрбір оқушының жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, шығармашылығын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептен өз өмірін өзі реттей және басқара алатын, әлеуметтенген шығармашыл тұлға тәрбиеленіп шығады. Ал тұлғаның бойында осы қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыру көзі – өз ойын өрелі ойлап, орайлы жеткізер сөйлеу мәдениеті мен шешендік шеберлікке баулу.

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау – оқыту үрдісінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал болып табылады.

«Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл жорамал ресми тестілерден және емтихандардан бастап, мұғалімдер сыныптарында күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау спектріне қатысты. Бұған қарамастан, бағалау түрлі нысанда болуы мүмкін: бір тестілер қодағы қарындаш пен қағаздың көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді: бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар.

Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, яғни, балалардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырманы орындап отырған оқушыларды бақылау немесе олардың орындаған сынып және үй жұмыстарын тексеру бірталай ақпарат беруі мүмкін, бірақ кей жағдайларда дұрыс таңдалған ауызшы сұрақтың өзі тиімді болып шығуы мүмкін. Оқушының сұрақтарға берген әрбір жауаптарына мән беріп, мұқият бақылау керек. Бағалайтын тұлға алынған мәліметтерді талдап, оның мәнін анықтап, солардың негізінде қорытынды шығару керек:

Бағалау Реформасының Тобы оқыту үшін бағалауға мынадай анықтама береді:

Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және мұғалімдерді қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үрдісі.

Формативті бағалаудың мәселелерін зерттеушілер Брангерт Драунс, Кулик, Морган сонымен қатар Элдвар және Корнолар «Формативті бағалау – кері байланыстың оқушылармен үзіліссіз ағыны» , «оқушыға реттелген түсініктерді алу және өзінің кемшіліктерін сезінуге көмектесетін айқын, түсінікті ұсыныстар мен ары қарай ілгері ұмтылу үшін жеткілікті мәлімет жинайды» - деп өз жұмыстарында атап өтеді.

Кері байланыс – нақты әрекеттер, ахуалдар, даулы мәселелер арқылы мақсатқа жетуге бағытталатын түсініктерді алу және мәлімет беру үрдісі. Кері байланыс мұғалімге оқу үрдісі қалай жүретіндігі және оқушының табыстары мен кемшіліктері туралы мәлімет береді. Кері байланыс өзара сыйластық пен тілектестіктің атмосферсында өтуі қажет және оқушы үшін дұрыс жауап қайтаруға немес қателіктерді жөндеуге уақыт берілуі керек. Сонымен қатар қызмет бағыттарын ауыстыруға мүмкіндік береді. Кері байланыс позитивті болуы керек, бірақ бұл оқушылар істеген жұмыстың кемшіліктері туралы білу керек еместігін білдірмейді.

Зерттеушілер Блэк пен Уильямның пікірінше, оны пайдалану үшін оқушы кері байланыс деген не екенін түсіну керек. Нақты жетістікке жету үшін оқушы өзіне баға беруге үйренуі керек : «негізгі мақсатын түсініп, содан табысқа жетуге нені игеру керек екенін білу керек» . Сайып келгенде, оқушылармен кері байланыс оқушы қалай және нені түсінетіндігі немесе түсінбейтіндігі туралы мәлімет береді, сонымен қатар мұғалімге оқушының жетілуіне қажет стратегияны алуға көмектеседі. Сабақтың әр бөлімінде де кері байланыс орын алады. Кері байланыс бұрмалы, толық немесе шағын, бұрмаланусыз болады.Бұрмалы және толық түсініктемелер тек қана ұстаздың бағасын ғана («жақсы», «жарайсың», «нашар», «дұрыс емес») қамтып қана қоймай, сонымен қатар:

а) ненің дұрыс, ненің қате екендігін көрсетеді

б) қалайша қателерін түзеуге немесе толықтыруға болатындығын бағыт-бағдар береді. [2]

Жалпы білім беру үдерісінде кері байланыс ұсыну оқу жетістіктерін жақсарту мақсатында табысқа жету критерийлерінің бірі ретінде кеңінен қолданылуда. Қалыптастырушы бағалау оқушылардың жетістікке жетудегі тиімді құралдардың бірі ретінде қарастырылып отыр. Кері байланыс түрлерінің ішінде танымдық кері байланыс жан–жақты қарастырылған. Хэтти және Тимперли [3] зерттеулеріне сүйене отыра танымға бағытталған кері байланыстың оқушылар біліміне әсерін айқын көруге болады. Әдістемелік құрал кері байланыстың тиімді жолдарына жан-жақты тоқтала отыра, мұғалімге пайдалы кеңестер ұсынады. Төменде берілген сабақ жоспарында кері байланыс түрлері үлгі ретінде егжей –тегжейлі көрсетілген. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде құрылған сабақ үзінділерінен тиімді кері байланыс орнату жолдарын қарастырамыз. Кері байланыс беру барысында пайдалануға болатын тіркестер мен ұсыныстар мысал ретінде беріледі.

Оқушымен байланыс орнату кезінде мұғалімнің кері байланысына қойылатын талаптар және алгоритмдер ұсынылады.

Табысты мұғалімдер сабақтарында кері байланысты сәтті пайдалануда. Дегенмен, кері байланыс үдерісі оқушылардың қаншалықты білім алғанын өлшей алады? Қолданыстағы кері байланыс көбінесе эмоционалды тұрғыда қалыптасып бара жатқаны ешкім үшін құпия емес. Сабақта жетістікке жетелейтін, оқушылардың өзін-өзі реттеуге, метатанымына әсер ететін құралдардың бірі – танымдық кері байланыс. Кері байланыс арқылы оқушы өзінің қай деңгейде екенін, жұмысын қалай жақсартуға болатынын, өз даму жолын көре алады.

Мұғалім сабақтың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында оқушыларды үнемі кері байланыс үдерісіне тартады. Кері байланыс қаншалықты жұмысты дамыта алады? Сабақ жоспарлауда, тапсырмаларды саралау мен басымдықтарды айқындауда кері байланыстың төрт деңгейін белгілейді:

- жауапкершілік туралы кері байланыс;
- тапсырманы қорыту туралы кері байланыс;
- өзін-өзі реттеу туралы кері байланыс;
- тұлғаға бағытталған кері байланыс.

Хэтти зерттеулерінде кері байланыстың өзектілігі мен танымға әсерін көрсеткен. Берілген зерттеулердің негізінде оқушылардың танымына әсер ететін әдістерді саралай отыра, оларды қолдануға байланысты нұсқаулықтар берілген. Кері байланыс ұйымдастыру оқушы білімінің дамуымен қатар, сараптама жасау, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға машықтайды. Жасалған әрекет негізінде өзіне есеп бере отыра қалай білім алу керек екенін, өзінің қалай оқып жатқанын түсінеді. Сондықтан сабақтарда кері байланыстың орны ерекше маңызды.

Жалпы кері байланысты қалыптастырушы бағалаумен біртұтас, бөлінбейтін үдеріс. «Тиімді оқыту» бағдарламасында «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс метафорасы оқушының оқу сапасын жақсартуда кері байланыстың маңыздылығы көрсетілген.

Сабақта кері байланыс үдерісі жүйелі қолданылатын болса, оқу мақсатына жету өлшемі айқындала түседі. Мақсат пен кері байланысты үйлестіру алгоритімдерін пайдалану да маңызды. Алгоритмдер мұғалімнің кері байланыс берудегі дағдыларын шыңдай түседі. Сабақтың сапасы мақсат және оған жету жолдарының тиімді ұйымдастырылуына байланысты. Сабақта мақсатқа жетудің табысты өлшемдерінің бірі – кері байланыс.

«Кара жәшік» ішіндегі жұмыс



1-сурет

Берілген сурет бағалау арқылы оқуды жақсарту бойынша зерттеуден алынған. Зерттеу нәтижелері бір қарағанда қарапайым болып көрінетін бес басты фактордан тұрады.

a) Оқушыларды тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету.

b) Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.

c) Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

d) Бағалаудың оқушылардың өзін–өзі бағалауы мен қызығушылығына едәуір ықпал ететіндігін мойындау, бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі ықпал етеді.

e) Оқушылардың өзін-өзі бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсінудің қажеттілігі.[4]

Берілген факторларды қарастыра отыра оқушыларды тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету бірінші кезекке шығарылғанын көруге болады. Өйткені білім алуды 6 реттеу мен саралау мұғалімнің міндетінде. Сондықтан берілген білім қаншалықты меңгерілгенін, олқылықтарды қалай түзетуге болатыны жайында оқушылар жүйелі түрде кері байланыспен қамтамасыз етіліп отыруы керек. Кері байланыс белгілі деңгейде осы келтіріліп отырған бес факторға қатысы бар. Өзіндік оқуға белсенді қатысу үшін өзіне сенім-

ділік керек. Сенімділікті кері байланыс арқылы қамтамасыз етуге болады. Бағалау нәтижелерін ескеруде тиімді кері байланыстың орны ерекше. Өзін – өзі, өзге оқушыларды бағалау үшін өз танымына, біліміне рефлексия жасайды.

Әр оқушымен білім көрсеткішіне байланысты кері байланыс жүргізу өте маңызды. Себебі ұтымды жүргізілген кері байланыс оқушының өз еңбегін бағалауына, күшіне сенуіне мүмкіндік береді, ал мұғалімнің сабақ нәтижесі бойынша нені жақсарту, өзгерту керектігіне негіз болады. Жалпы, кері байланыс сабақ барысындағы түрлі жұмыстар арқылы оқушының дамуы, ізденісі, өз күшіне деген сенімі, ортаға деген көзқарасы деп тұжырым жасасақ, теориялық тұрғыда кері байланыстың 3 қарапайым ережесі қарастырылады.

1. Баға емес, комментарий беріңіз.

2. Үш мықты жақ және бір мақсат.

3. Міндеттерді бақылау.

Жоғарыда аталған ережелер кері байланыстың жүйелі, мақсатты жүргізілуіне бағыт беріп, күтілетін нәтиженің жүзеге асырылуына жұмыс жасайды.

Құралдағы кері байланыс ұйымдастыру әдістері жаңартылған білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға септігін тигізеді. Кері байланыс жасаудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау – оқыту үдерісіне оқушының тілдік тұлға ретінде қалыптасуы мен өміршең дағдыларын дамытатын, жинақтап, жүйеленген білім бағдары мен оқу құралдарын ұсыну – тіл білімін-дегі ғылыми-зерттеу ізденісі болумен қатар, материалдық және идеялық құндылықтар негізінде білім меңгертудегі мақсатты да нәтижелі әрекет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.7.12.2010ж.

2. Пол Блэк және Дилан Уильям «Қара жәшік ішінде: сыныпта бағалау арқылы оқыту стандарттарын арттыру», Фи Дельта Каппан, қазан, 1998, 139-148-беттер.

www.kel.ac.uk/education/research/Kal.html сайтынан көшіріп алуға болады.

3. Хэтти Дж. и Тимперли Х. Сила обратной связи. Обзор исследований в области образования,2007.77(1).81–112-беттер www.scientific-conference.com/h/sborniki/pedagogicheskie-nauki2/853-high-qualityfeedback.html

4. «Тиімді оқыту» Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы. Мұғалімге арналған бағдарлама. – Астана: ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. - 60 б.

ӘОЖ 378.6.371.13

БЕГАЛИЕВА Р.Н.,
педогогика ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы,
ОҚМПУ,
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
Email: rauan_narmahankyzy@mail.ru

МҰЗАППАР А.
магистрант,
ОҚМПУ,
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АКТ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Бұл мақалада ақпараттық технологияларды қазақ тілін оқыту үдерісінде пайдаланудың оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған оқушы иесі ретінде танылуына пайдасы туралы айтылады. Сонымен қатар, АКТ–ны енгізу барысында білім беруде оқу орындарында және оқу үрдісіндегі мұғалімнің ролінде мәдени өзгерістер болуы қазіргі оқушыларға ұсынылатын АКТ құралдары, көп мөлшердегі ғылыми және оқыту ақпараттар жағдайында негізгі және аралас оқу пәндері аумағында педагогтарды кәсіби дайындауға талаптарды арттырып, мұғалімдерге жеке тұлғалық, жалпы мәдени, қарымқатынас сапасына талаптар күшеюде.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушының жаңа ақпаратты меңгеріп, өз бетімен ізденуіне, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, мектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай қолдануға септігін тигізеді.

Тірек сөздер: дара тұлға, ақпараттық коммуникативті технологиялар, АКТ, интерактивті тақта, мультимедия, интернет кеңістігі, электронды оқулық, Ақпараттық технологиялар жүйесі, елтану, мақал-мәтелдер, тұлғаның дамуы

Аннотация. В этой статье рассматриваются преимущества использования информационных технологий в процессе обучения казахскому языку как средство получения всесторонних знаний о студентах и признания хорошим, хорошо развитым учеником нашей страны в соответствии с трехязычной языковой политикой. В то же время внедрение ИКТ в учебный процесс и роль учителя в учебном процессе должны заключаться в изменении инструментов ИКТ, предлагаемых нынешним ученикам, повышении требований к профессиональной подготовке учителей в области базовых и смешанных академических дисциплин в большом количестве научной и образовательной информации, культурного и коммуникационного качества.

Информационные и коммуникационные технологии на уроке казахского языка помогут учащемуся приобрести новые знания, самообучение, интерес к предмету и использовать знания, полученные в школе в повседневной жизни.

Ключевые слова: Личность, информационные и коммуникационные технологии, ИКТ, интерактивные доски, мультимедиа, интернет-пространство, электронные учебники, информационные технологии, страновые исследования, пословицы и поговорки, развитие личности.

Annotation. This article discusses the advantages of using information technologies in the process of teaching the Kazakh language as a means of obtaining comprehensive knowledge of students and recognizing a good, well-developed student of our country in accordance with the trilingual language policy. At the same time, the introduction of ICT into the educational process and the role of the teacher in the learning process should be to change the ICT tools offered to current students, increase the requirements for teacher training in basic and mixed academic disciplines in a large number of scientific and educational information, cultural and communication quality.

Information and communication technologies in the lesson of the Kazakh language will help the student to acquire new knowledge, self-study, interest in the subject and use the knowledge gained in school in everyday life.

Keywords: Personality, information and communication technologies, ICT, interactive whiteboards, multimedia, internet space, electronic textbooks, information technology systems, country studies, proverbs, personality development.

Қандай да бір алға қойған мақсатқа жету үшін түрлі жолдар қолданылады. Білім беру саласында белгілі бір формаға сүйеніп салынған,-жоспарланған жолмен жүру басты қағида. Қазақ балаларын оқытуда Ы.Алтынсарин мұғалімдерге өте жоғары талап қоя білген: «...әрбір затты ықы-

ласпен, қарапайым тілмен түсіндіру, өз оқулығында /"Қырғыз хрестоматиясы"/ тақырыптарға сәйкес суреттеу, сурет арқылы беру сияқты, көркем жазуды, әріптердің формасын дұрыс түсінуге, дағдыландыруды үйрету ...шәкірттердің барлық сезім мүшелерінің - көз, қол, есту қабілетін, тілді, зейінді дағдыландыру, баланың барлық қабілеттерін жаттықтыру арқылы және оған өз бетімен жұмыс істеу керек», - дейді. Ы.Алтынсарин оқыту принциптеріне: түсініктілік принципі, көрнекілік принципі, жаттығу принципі, өз бетінше оқыту, саналылық принципін ұсынған. Осы принциптерге сүйене келе, қазіргі заманға сай, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу»-делінгендей, балаға білімді игертсем, олардың сабаққа деген қызығуын қалай арттыра түсем деген мәселе қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі таңда сабақтың көптеген типі мен әр түрлі технологиялары біздерге белгілі. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті сабағында АКТ-ны қолдану өте маңызды, өйткені ол оқушылардың білім деңгейін, пәнге деген қызығушылығын арттырады.[1]

Ақпараттық технологияларды қазақ тілін оқыту үдерісінде пайдалану оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған оқушы иесі ретінде танылуларына негіз бола алады.Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде АКТ құралдары: интерактивті тақта; мультимедия; интернет кеңістігі, электронды оқулықты қолдану болып табылады. Ал оқушылар интербелсенді тақтаға назар аудара отырып, өткізіліп отырған сабақтарын ұтымды түсінуге мүмкіндік алады. АКТ — топтағы оқушылардың оқыту үшін құнды құрал. Бұл жаңа материалды өте қызықты түсіндіруге көмектеседі. Жаңа технология жәрдемімен үлкен жетістіктерге жетуге болады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

АКТ-ны қазақ тілі сабағына енгізгенде мынадай нәтижелерді көруге болады:

• Пәнге деген қызығушылық, сабақта оқушылардың өз бетімен жұмыстануының артуы.

• Оқушылардың сабақта өздерін еркін ұстауы.

• Оқу үрдісіне әр оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

• Оқушылардың танымдық шығармашылық деңгейін арттыру.

Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйтқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын, танымдылығын дамытады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағында ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушының жаңа ақпаратты меңгеріп, өз бетімен ізденуіне, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, мектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай қолдануға септігін тигізеді.

Ал оқушының білімін толық жетілдіріп, болашақтың ойы ұшқыр азаматтарын тәрбиелеп жеткіземіз десек, олардың санасына жаңа технологиялық ақпарат құралдарына негізделген білімді сіңіруіміз қажет. Мектептегі білім беруді ақпараттандыру – бұл заман талабы, ғасыр ағымы. Ұрпағымыздың кемеңгерлікке ұласқан ақыл-ойының, парасат-пайымының және жаңа арнада өріс алған мәдениетінің асқар шыңы болып табылады. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану қызметі дайындығынан келесіні көрсетеді:

✓ Педагогтардың компьютерлік техниканы пайдалануға қызығушылықтарының артқандығы.

✓ Оқыту құралдары ретіндегі компьютерлік техниканы пайдаланудың ең маңызды психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін сақтау. Мұндай ерекшеліктерге мыналар жатады:

а) осы оқыту құралын пайдаланудың педагогикалық тұрғыдан тиімділігі;

б) үйренушілердің оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері (компьютерлік техниканың жеке-маңызды қызмет құрылымына кіруі, үйренуші мен компьютерлік техниканың ұтымды диалогын орнату, өзіндік қызметті дамыту арқылы оқу-танымдық қызметті жандандыру, оқу үдерісін өз бетімен бақылауды ұйымдастыру, компьютерлік техникамен өзара іс-қимыл барысында үйренушілердің шығармашылық дағдыларын қалыптастыру;)

✓ Педагогтарды жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық, пәндік және кәсіби-педагогикалық даярлау үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кешенді пайдалану.[2]

Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің пайда болуы ақпараттардың мазмұнын адамның түрлі сезім мүшелері арқылы және аудиториямен интерактивті өзара әрекетке түсуі арқылы қабылдауды, түрлі техникалық құралдардың көмегімен іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгір болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс жасап, оқу мен тәрбие ісіне еніп,оқытыудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісінде жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды талап етеді. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, теле-конференция, видео-конференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда. XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет, ал бұл сауаттылықтың алғаш баспалдағы мектептен басталады. Осы модуль қысқаша теориялық кіріспеден, суреттермен анимациялық материялдардан, жұмысынан тұрады.

АКТ-ны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:

1. Мұғалім оқушыға сұрақ қойып, тез арада оқушы оған жауап береді;
2. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын тексереді;
3. Оқушының компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;
4. Кейбір амалдарды оқушы өз бетінше орындайды, компьютерді жұмыс істеуге үйренеді;
5. Сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін практикамен ұштастырады;
6. Білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді;

Жеке тұлғаның ақпараттық технология негіздерімен сауаттылығын арттыру арқылы қазақ тілі мен әдебиет пәнінен алған білімі не үшін керек?

1. Пәнге қызығушылығы артады, құлшыныс, жігерін оятады;
2. Шығармашылық қабілеттері артады;
3. Өз күш-жігеріне сенімділік, ширақтық пайда болады;
4. Жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады;
5.Оқушылар өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады;

Білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі – инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып, білім сапасын арттыру. Қазақ тілі ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудың ерекшелігі оқу материалдарының ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетін мұғалімнің көмегімен немесе компьютер арқылы меңгерілуі болып табылады екен.[4]

Қазақ тілі сабағында АКТ қолдану негізінде жаттығулар орындау (1-сурет)



1-сурет

Ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытуда көрсетілетін әдістердің барлығы өзара байланыста, араласа қолданылады. Ақпараттық жүйемен оқытуда түсіндіру әдісі кино, диафильмдер көрсету арқылы жүзеге асады. Мәтін, елтануға байланысты, мақал-мәтелдер, т.б. түсіндіру осы әдіс арқылы жүзеге асады. Оқу материалын толықтыру, қорытындылау, қайталау, ал ең бастысы оның практикалық қолдану дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруда бұл ең тиімді әдістердің қатарына жатқызылады.

Қазақ әдебиеті сабағында АКТ қолдану негізінде жаттығулар орындау (2-сурет)



2-сурет

Қазіргі кезде тілді коммуникативтік оқыту мәселесіне ерекше назар аударылуда. Қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясы тілдің коммуниктивтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді. Тіл үйрету үдерісіндегі ең белсенді заманауи әдістемелік тәсілдердің бірі – ақпаратты, инновациялық коммуникативті оқыту технологиясы. Қазақ тілі жүйесінің ішкі құрылымынан қажетті тілдік минимумды анықтап, оны қазақ тілінде сөйлесу, пікірлесу, жазу, сұхбаттасу т.б. қызметтерінде жүзеге асыра білуге керекті дағды, біліктерді ақпараттық коммуникативтік технологиялар жүйесімен оқыту арқылы қалыптастыру жолы мен ерекшеліктері айқындалды. Қазақ тілін ақпараттық-коммуникативтік технология жүйесімен оқыту жеке тұлғаның дамуына әсер етуші фактор ретінде танылып, әдістемелік- теориялық негіздерге сүйене отырып анықталды. Соның ішінде интерактивті, белсенді оқыту әдістерінің маңызды рөл атқаратынын байқадық. Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды (АКТ) қандай жағдайда нәтижелі болатынына мұғалімнің тигізер ықпалы зор және оқыту барысындағы білім сапасына да мұғалімнің үнемі көңіл бөліп отыруы аса маңызды.

Сонымен, күтілетін нәтиже:

✓ Жеке тұлға қалыптасып ақпараттық мәдениеті дамиды;

✓ Кең ауқымды ақпараттар мен пайдалы мәліметтер алады, өзінің жеке болашағына бағыт – бағдар жасайды, сауаттылығы артады;

✓ Жаңалықты меңгереді, жаңа шешімдер табуға дағдыланды;

✓ Дүниетанымы кеңейіп, өз бетімен білім алуға және ойлауға үйренді;

✓ Оқушының қабілеті дамып, өз бейімділігін таниды;

✓ Ұстаз бен дара тұлға арасындағы байланыс ынтымақтастығы артады.

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіндегі ақпараттық технология негіздері Абай айтқандай, жас баланың – «дара тұлғаның» әр нәрсені білсем, үйренсем деген ой-сезім, тілек, мүдделерді өсіру, қанағаттандыру, өрістету үшін қажет дүние – технология деп ойлаймын. Ол – жан-жақты білім, тәрбие беретін, өміртанытқыш қызмет атқаратын құрал. Ұлт болашағы, өркениетті ел-

дер қатарына жету үшін білім алу, жас тұлғаның ғылымды игеруге, имандылыққа, адамгершілікке, өнерлі болуға тәрбиелейді. Болашақта ақпараттық технологияны жекелеген пәндерді оқытуға білім технологияларын интеграциялау мұғалімнің қарқынды дамуына, өзара байланыста белсенді қолдануына өте қажет деп түсінемін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. https://sabaqtar.kz/kembrich/5884-aza-tl-sabaynda-aparatty-kommunikaciyaly-tehnologiyalardy-oldayluy.html
2. https://kk.wikipedia.org/wiki
3. Лихачев Б. Педагогика (курс лекция) Москва. 2006г.
4. http://www.zkoipk.kz/ru/2016smart1/2440-conf.html

УДК 37.022:681.3

БЕДЕБАЕВА М.Е.,
докторант,
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Email: bedebayeva@mail.ru

ТЕМИРБЕКОВА Ж.П.
магистрант,
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет

ВАЖНОСТЬ СКАФФОЛДИНГА НА УРОКАХ CLIL

Түйіндеме. Мақалада скаффолдингтің CLIL сабағындағы маңыздылығы қарастырылады. Скаффолдингтің міндеті жан-жақты талқыланады. Информатика пәнінің сабақ жоспары мысалында скаффолдингті қолдану әдісі көрсетіледі. Скаффолдингті қолдану бойынша кеңестер келтіріледі.

Түйінді сөздер: пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту, скаффолдинг, қолдау көрсету, сабақты жоспарлау.

Резюме. В статье рассматривается важность скаффолдинга на уроках CLIL. Разносторонне обсуждается назначение скаффолдинга. На примере плана урока по информатике демонстрируется способ применения скаффолдинга. Предоставляется советы по использованию скаффолдинга.

Ключевые слова: предметно-языковое интегрированное обучение, скаффолдинг, поддержка, планирование урока.

Summary. The article discusses the importance of scaffolding in CLIL lessons. The purpose of scaffolding is discussed extensively. The example of a computer science lesson plan demonstrates how to use scaffolding. Tips on using scaffolding are provided.

Keywords: content and language integrated learning, scaffolding, support, lesson planning.

ВВЕДЕНИЕ

Предметно-языковое интегрированное обучение применяется в билингвальной системе обучения. На сегодняшний день в нашей стране многие общеобразовательные организации с успехом реализуют в учебном процессе данную систему. В процессе изучения нового материала на втором языке своевременное оказание поддержки и правильно выбранные стратегии оказания поддержки очень важны. От этого зависит успехи обучения.

В переводе с англ. **scaffolding** — строительные леса. Метафора была предложена Дж. Брунером и его коллегами для описания процесса обучения ребенка в **зоне ближайшего развития (ЗБР)**. «Скаффолдинг — процесс, который дает возможность ребенку или новичку решить проблему, выполнить задание или достичь целей, которые находятся за пределами его индивидуальных усилий и возможностей» [1]. Согласно ей, учащиеся достигают наибольшего прогресса, выполняя сложные задания, которые они могут выполнять самостоятельно или с помощью сверстников или учителя. Количество оказываемой поддержки зависит от потребностей учащихся на каждом этапе урока.

Скаффолдинг – это метафора, используемая для описания интерактивной поддержки, предоставляемой учителями, для того чтобы провести ученика по зоне ближайшего развития и позволить ему выполнять задание, которое он не смог бы выполнить самостоятельно. Как и подразумевает метафора, *скаффолдинг* – временное средство, они могут быть установлены, укреплены, разобраны по частям или полностью приостановлены по мере развития у ученика знаний и умений и его способности действовать компетентно и самостоятельно [2].

Скаффолдинг - это поддержка, которую учитель оказывает ученику различными способами; она варьируется от направляющихся вопросов или обратной связи до выполнения задания для ученика в качестве демонстрации [3]. Он часто включает в себя сочетание контролируемой практики с работой по конкретному предмету на уровне навыков, доступном для учащегося. Ценность скаффолдинга заключается в том, что обучающийся учится овладевать задачей, стратегией и/или навыком, используя относительно легкий материал, а затем переходит к овладению содержанием более высокого уровня с большей уверенностью и лучшим пониманием.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Степень уровня оказываемой поддержки в скаффолдинге зависит от сложности задания и от способности учащегося. Степень оказываемой поддержки и сложности задания влияет на самочувствие учащегося. Учащийся может находиться в состоянии от безразличия до развития (Рисунок 1).



Рисунок 1.

В планировании CLIL урока существует большое количество разновидностей скаффолдинга, направленные на оказание поддержки как на контент, так и на развитие второго языка. Рассмотрим некоторые способы оказания поддержки.

Способы скаффолдинга, направленные на поддержку контента:

• Активизация предыдущих знаний и формирование интереса в начале урока. Это дает возможность учителю в начале урока определить зону ближайшего развития учащегося;

• Структурировать урок с плавно усложняющимися заданиями. Таким образом, учащиеся имеют возможность поэтапно переходить к выполнению заданий от легкого к сложному;

• Демонстрация заданий. Предварительная демонстрация одного примера очень важно для глубокого понимания учащимися того, что от них требуется в процессе выполнения заданий;

• Предоставление учащимся времени на размышление или подготовку перед заданием.

• Использование или поощрение учащихся к использованию реальных или визуальных элементов, например графических органайзеров. Использование таких объектов очень эффективно влияет на кинестетиков и визуалов.

Способы скаффолдинга, направленные на поддержку второго языка:

• Code switching. Переход между Я1 и Я2, то есть иногда можно предоставить некоторые термины или предложения на Я1;

• Предоставление конструктивной обратной связи. Обратная связь может исходить от учителя или от учащегося с более высокой мотивацией;

• Использование модели предложения, полезных фраз. Например:

o Отличительными особенностями SRAM от DRAM являются …

o Выгодным решением для данной задачи является использование …, так как…

• Использование банка слов, глоссарии или переводчика.

Рассмотрим применение скаффолдинга на примере плана урока по информатике.

Theme of the lesson	**Methods of system implementation**
Learning objectives that are achieved at this lesson (Subject Programme reference)	- List system implementation methods - Compare the advantages and disadvantages of system implementation methods

Lesson objectives	By the end of the lesson, students will: **Content** – know the methods of system implementation – understand difference between methods of system implementation – be able to choose the appropriate method of system implementation **Language** – list methods of implementing a new system – compare methods of implementing a new system – justify his choice of method for the implementation of the system
Assessment criteria	– know the specific characteristics of each method; – identify advantages and disadvantages of the methods of system implementation; – provide a suitable situation for the chosen method of implementation of the new system
Language objectives	**Learners can:** Discuss methods of implementing a new system **Subject-specific vocabulary & terminology:** Implementation of a new system, methods of implementation, direct method, parallel method, pilot method, phase method, implementation plan **Useful sets of phrases for dialogue and writing:** Direct implementation method is ..... Parallel implementation method has the following advantages: i..... ii..... Pilot changeover is used when.....
Values instilled at the lesson	Communication skills: through class discussions and collaboration, students will know that people need to work together to achieve a common goal School Values: Academic honesty. Students will work in pairs and only share/compare their answers when asked to. Critical thinking skills: students will solve questions requiring them to think critically in order to find the answer
Cross-curricular links	All areas
Previous learning	System Development Life Cycle (SDLC)

Course of the lesson

Planned stages of the lesson	**Planned activities at the lesson**	**Resources**
Beginning 10 min	Teacher welcomes learners to class Activating previous knowledge through activity “Mind Map” Divide the students into 3 groups. Students complete mind map with statements for each stage of System Development Life Cycle **Assessment:** teacher-student, student-student Share lesson objectives	Handout 1

10 min 15 min	**Implementation strategies** **introduction** Implementation is one of the crucial stages in SDLC. It focuses on delivering the complete system to the client. In this lesson we are going to look at the various approaches / strategies of implementing a new system. **Group work** Divide the students into 3 groups. Assign one task per group: Students to find information about their topic and create presentation. Tasks • Direct and Phased changeover • Parallel changeover • Pilot changeover For each of the strategies, give description, advantages and disadvantages as well as situations when they are best applicable. **Presentations** Students are present their work to the class. Teacher gives the listening group the task and at least one minute to go through the questions. During the presentations, the listening group does the task given to them based on the presentation points they gain from the presentation. **Assessment:** teacher-student, peer assessment	Criteria rubric AQA A2(p.268) https://www.ictlounge.com/html/implementation.htm https://computersciencewiki.org/index.php/Implementation_methods Listening group questions
End 5 min	To consolidate the new material and key words, students perform tasks via activities "Word search" or "Half-crossword" **Assessment:** self-assessment, peer assessment	Handout 2

Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?	**Assessment – how are you planning to check students' learning?**	**Health and safety regulations**
Support each other through work in a pair, in a group Different tasks	Teachers comments, students' comments, self-assessment	Observe the safety rules when working with a computer Exercises for the eyes

Handout 1



Analysis	The existing system is evaluated
	Interviewing users of the system
	system requirements are defined
Design	development of various prototypes
	creation of data flow diagrams, flowcharts and data diction for new system
Development	Creation of the new system
	The actual code is written here
Testing	Developing a test plan
	Conducting variety of tests
Implemen–tation	system deployment / installation
	system deployment plan
	the project is released to be used
Evaluation	supports the continuous improvement of the system
	The team continuously reviews what is working and what is in need of improvement
	In this stage the team can recommend additional training, procedures, or upgrades.

Criteria rubric

The students in this task	**Satisfactory**	**Strong**	**Excellent**
Relevance of presentation	Through the presentation, the students demonstrated a basic understanding of the implementation strategy. Their presentation was *difficult for the audience to understand.* The group presented *one advantage and or one disadvantage* of the implementation strategy. The group *briefly* explained the situations under which the strategy can be used.	Through the presentation, the students *demonstrated adequate* understanding of the implementation strategy. Their presentation was *understandable to the audience.* The group presented *some advantages and disadvantages* of the implementation strategy. The group *adequately* explained the situations under which the strategy can be used.	Through the presentation, the students *demonstrated a comprehensive* understanding of the implementation strategy. Their presentation was clear and *understandable to the audience.* The group presented the advantages *and disadvantages* of the implementation strategy. The group *comprehensively* explained the situations under which the strategy can be used.
Use of Language (listening and speaking)	Demonstrate basic use of functional language during presentation and when answering questions from fellow students	Demonstrate sufficient use of functional language during presentation and when answering questions from fellow students.	Demonstrate excellent use of functional language during presentation and when answering questions from fellow students.

Listening tasks

Activity for group 2 and 3 when group 1 is presenting

(1) (Name the implementation strategies being discussed

(a).....

(b) .....

(2) What are the advantages of strategy (a)? give one

.....

(3) what are the disadvantages of strategy (b)? give one

.....

(4) under what circumstances is strategy a suitable?

.....

Handout 2

"Half-crossword" activity



"Word search" activity

I	Q	W	B	O	N	G	I	S	E	D	L	B	P
D	M	W	Q	Z	L	D	K	N	X	J	W	E	Y
I	P	P	Z	T	M	D	E	D	L	J	V	Y	P
R	A	M	L	R	O	W	S	D	T	A	R	Y	V
E	R	J	V	E	S	L	E	Y	L	R	S	Z	T
C	A	M	Y	Y	M	S	I	U	S	E	G	E	V
T	L	J	S	B	A	E	A	P	S	T	S	N	D
T	L	T	J	H	W	T	N	Y	Z	T	E	Y	M
B	E	M	P	Y	I	P	L	T	I	T	M	M	D
M	L	M	P	O	Q	A	R	N	A	G	P	L	T
V	G	J	N	Z	N	W	G	T	L	T	W	T	V
M	J	K	M	A	V	N	P	Z	L	J	I	B	L
D	T	B	W	Z	Y	N	B	Q	Q	K	P	O	M
D	W	N	D	R	B	D	R	N	Q	D	M	Z	N



На первом этапе урока для активации знаний учащихся используется активити «Mind Map». Это поможет учащимся вспомнить необходимую информацию, а учителю определить ЗБР учащихся. Так же данное активити учащиеся выполняют в паре, где они могут оказать поддержку друг другу. А в начале выполнения данного задания учитель демонстрирует один пример. Это поможет учащимся понять конкретно что от них требуется. Здесь применена скаффолдинг на поддержку контента.

При изучении нового материала учащиеся предварительно ознакамливаются рубрикой. Это позволить учащимся более внятно понять критерии оценивания данного задания. А представленный лист «Listening task» является скаффолдингом, направленный на поддержку второго языка. Через данный лист учащиеся конкрет-

но понимают что им необходимо знать и понять при прослушивании презентации работ участниками других групп.

На данном уроке планируется закрепить материал через активити «Word search» и «Half-crossword». Данные активити направлены закрепление ключевых терминов урока. Здесь применен скаффолдинг на поддержку контента и языка. Через данный прием развиваются навыки слушания, чтение, говорение и письма.

Иногда мы видим скучающих учеников и усталых учителей. Как они утверждают, это результат низкого уровня предыдущего обучения или слишком сложных материалов на уроке. А применение скаффолдинга на уроке – является идеальным инструментом для удовлетворения их требований.

Советы по использованию скаффолдинга

• Постоянно определяйте ЗБР ваших учащийхся и выбирайте подходящие методы скаффолдинга.

• Ведите дневник эффективности скаффолдинга, используемых на ваших уроках.

• Будьте гибкими и используйте различные формы скаффолдинга.

• Помните об индивидуальных когнитивных и эмоциональных характеристиках ваших учащийхся.

• Установите увлекательный и сложный контекст для изучения второго языка, скаффолдинг поможет сделать его доступным.

• Используйте групповые и парные формы работы, чтобы улучшить отношения между учащимися и атмосферу во время уроков.

• Приостановите использование скаффолдинга на этапе самостоятельной работы.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. https://gxtkbywtdf1964.blogspot.com/2020/07/blog-post_22.html
2. https://lektsii.com/1-64556.html
3. Liz Dale, Wibo van der Es, Rosie Tanner. CLIL skills. Design: UFB/Grafi Media, Leiden. Printed and bound in Leiden. First published 2010
4. https://skyteach.ru/2019/01/10/scaffolding-in-the-zpd/
5. Салехова Л.Л., Григорьева К.С., Лукоянова М.А. Педагогическая технология двуязычного обучения CLIL: учебно-методическое пособие / Л.Л. Салехова, К.С. Григорьева, М.А. Лукоянова. – Казань: КФУ, 2020. – 101 с.
6. Yuen Yi Lo - Professional Development of CLIL Teachers-Springer Singapore_Springer (2020)

ӘӨЖ: 372.87

БЕРКИМБАЕВ К.М.,
педогогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

БАКИРОВА З.Ә.
докторант,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

Аннотация. «Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда шығармашылық мәдениет ұғымының мәні» тақырыбындағы мақаламызда XIX ғасырда мәдениет мәселесімен айналысқан ағылшын ғалымы Э.Б.Тэйлордың, ғылыми тұрғыда мәдениет ұғымына нақты түсінік берген Ю.Л.Ожеговтың, «шығармашылық» «мәдениет», «педагогикалық мәдениет», «мәдени шығармашылық» ұғымдарының тарихи философиялық, этимологиялық, теориялық-әдіснамалық мәні анықталып, бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық мәдениетінің басты компоненттері нақтыланды. Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық мәдениетінің бірқатар функцияларды орындайтындығы баяндалды.

Кілт сөздер: шығармашылық, мәдениет, педагогикалық мәдениет, педагогикалық шығармашылық, шығармашылық мәдениет.

Аннотация. В нашей статье на тему«сущность понятия творческой культуры при подготовке учителей начальных классов» были выявлены историко-философское, этимологическое, теоретико-методологическое значение понятий«творчество»,«культура»,«педагогическая культура», Ю.Л.Ожегова, который в XIX веке занимался проблемой культуры, дал четкое понимание понятия культуры в научном контексте, конкретизированы основные составляющие творческой культуры учителей начальных классов. Было отмечено, что творческая культура учителя начальных классов выполняет ряд функций.

Ключевые слова: творчество, культура, педагогическая культура, педагогическое творчество, творческая культура.

Abstract. Our article on the theme «The essence of the concept of creative culture in the training of primary school teachers» were identified in philosophical, etymological, theoretical and methodological significance of the terms «arts», «culture», «pedagogical culture», J.L.Ozhegov, which in the nineteenth century dealt with the issue of culture, gave a clear understanding of the concept of culture in a scientific context, fleshed out the main components of a creative culture of primary school teachers. It was noted that the creative culture of primary school teachers performs a number of functions.

Keywords: creativity, culture, pedagogical culture, pedagogical creativity, creative culture.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас байланысы, мәдениеті, ұжымдық мәдениет, өзін-өзі ұстау әдебі сияқты терминдерді күнделікті өмір барысында айтып, қолданып жүрміз. Дегенмен функционалдық мазмұнына мән бере бермейміз.

Ерте заманда «мәдениет» ұғымы жерді өңдеу, бау-бақша, егіншілік, жануарлар мен өсімдіктермен тығыз байланысты қарастырылған. Сонымен қатар мәдениеттің тәрбие мен біліммен байланыстылығы да ерте заманнан бастау алған.

Жаңа заманда (XVII-XIX) мәдениеттің жаңа теориялары пайда бола бастады. Бұл кезеңде мәдениет ұғымына ерекше мән беріп, мәдениеттің классикалық үлгісі, мәдениетті адамзат баласының саналы және адамгершілік қоғамдық қатынастарының бірлігі деп қарастырылған.

XIX ғасырда мәдениет мәселесімен айналысқан ағылшын ғалымы Э.Б.Тэйлор болды. Ол «мәдениет жөніндегі ғылым - реформалар жөніндегі ғылым» деп анықтама берді. Сондай-ақ үздіксіз даму үстіндегі үрдіс деп қарастырды. Ал, ұлы ойшыл Г.В.Гегель мәдениетті сұлулық тұрғысынан басты орынға қойып, оның басты мазмұны - адамдардың көркемдік қызметі деп анықтады.

Ал, ғылыми тұрғыда мәдениет ұғымына нақты түсінікті Ю.Л.Ожегов берді. Ол «мәдениет - әлеуметтік құндылықтарды игеру мен дамытудағы адамдардың шығармашылық қызметінің тәсілі мен нәтижесі, ол арқылы қоғам мен жеке адамның біркелкі дамуы қамтамасыз етіледі» деп анықтама берген.

Мәдениет ұғымына «қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығында теориялық-әдіснамалық тұрғыда жан-жақты анықтама берілген. Сонымен, мәдениет теориясы мен әдістемесінің зерттеу нәтижесіне сүйенсек «мәдениет» адамның үнемі даму үдерісі болатын, әртүрлі қо-

ғамдық-тарихи тәжірибе аймағындағы адамдар қызметінің жоғарғы жетістіктерінің сәйкестілігі.

Осыдан келе «тұлға мәдениеті» түсінігін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Адамның тұлғалық қасиеттерінің көрінісі ретінде мәдениеттілік - дәстүрлі әдеп жүйесіндегі әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен байланысып келеді. Адамның мәдениеттілік қасиеттері оның мәдени рухани әлемге лайықты қасиеттерімен ұштасады. Кез-келген ортада әдеп сақтау, әдеппен сөйлеу, көрегенділік таныту, жан мен тәннің тазалығы мәдениеттілікке жататыны анық. Адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық, эстетикалық, саяси талаптар мәдениеттіліктің орындалуын білдіреді [1].

Ғалым М.Х.Балтабаевтың зерттеулерінде мәдениет ұғымының этимологиялық түсінігінен бастап оның ғасырдан ғасырға қарай даму, қалыптасу тарихы, ғылыми мәні мен мазмұны терең де, толық зерттелген. Ол мәдениет төңірегінде О.Шпенглер, М.С.Каган, В.Е.Давидович, Ю.А.Жданов зертттеулерінің әрбір тариха даму кезеңіне сай мазмұнын салыстырмалы түрде талдаған. М.Х.Балтабаев еңбегінің құндылығы мәдениет аясынан туындайтын педагогикалық мәдениет әдіснамасының зерттелуі, мәдениет жүйесінің моделін жасауы.

Адам тұлғасының мәдениеті - материалдық және рухани құндылықтарды тұтынудағы шығармашылық қызметінде қолданылатын әдістің ең биік даму шегі. Яғни, адамның ең бірінші күш-қуаты тек еңбек нәтижесінде көрініс табады. Сонымен адам тек еңбек арқылы ғана қоғамға өзгеріс енгізе алады. Мұндай іс-әрекетті педагогикалық зерттеулерде «мәдени әрекет» деп түсіндіреді [2].

«Мәдени әрекет» деп - мәдени игіліктерін өндіруге, таратуға, танытуға бағытталған іс-әрекеттерді айтады. Осыдан адамның мынадай қажеттіліктері туындайды: шығармашылық талпыныс, альтуризм, гумандылық және т.б. Демек іс-әрекет белгілі бір мәдени ортада ғана жүзеге асырылады деген сөз.

Сонымен мәдениетке берілген анықтамалар өте көп және олардың мағыналары да әр түрлі. Мұның басты себебі мәдениетке мүдделік негізі мен дүниетанымдық көзқарастарының нақтылануында болып отыр. Бұл әлеуметті құбылыс ретінде жоғары сипатқа ие. Сонымен, біздің пікірімізше «мәдениет» - деп адамдардың іс-әрекетінде өзіндік ерекшелігімен дараланатын амалдардың, тәсілдердің бар болуы және осы амал-тәсілдер арқылы адамдардың өмірдегі белсенділігін жан-жақты жүзеге асыруда ынта-жігер туғызуға бағытталған адамдардың қызметі деп айтамыз [3].

Ағылшын этнографы Э.Тайлор мәдениет туралы түсінікті ең алғаш болып қалаған ғалым болса, ол оның осы ұғымын көптеген мәдениеттанушылар ары қарай жалғастырып, ғылыми тұрғыда қарастырып, дәлелдей білген. Мысалы, Э.С.Мапкарян жоғарыда аталған ғалымдардың мәдениет ұғымына берген анықтамасын зерделесек «мәдениет» дегеніміз саналы мақсатты қызмет нәтижесінде ғана пайда болатын еңбектің нәтижесі. Сонымен мәдениетке тек адам қолымен жасалған құбылыстар мен дүниелер ғана жататыны белгілі. Адамдар өздері жасаған дүниелері арқылы әлемге өзгеріс жасай алады [4].

Белгілі философ В.С.Библер мәдениеттің қалыптасуына ерекше мән берген. В.С.Библердің пікірінше: «мәдениет адамдардың қарым-қатынасы мен бір кезеңдегі болмысы, өмірдің, сананың, ойлаудың қалпы және қайта іске асыру жолдары» екенін ашып көрсетті.

В.С.Библердің зерттеулерінде мәдениет ұғымы төмендегідей жіктеледі:

- біріншіден, мәдениет әртүрлі (өткен, бүгін, болашақ) мәдениет адамдарының қарым-қатынасы мен бір кезеңдегі болмысы, мәдениетті туғызушы диалогиялық формасы;

- екіншіден, мәдениет – жеке адам шегінде индивидтің өзіндік детерминациясы, өмірінің, санасының, ойлауының формасы;

- үшіншіден, мәдениет – әлемдік «қайта жаратылу» жолдары.

Олай болса, мәдениет адамның құндылығы, оның қайталанбайтын белгісі [5].

Мәдениет- бұл шығармашылық өсетін негіз. Сонымен бірге мәдениет-бұл шығармашылық өнім. Мәдениеттің дамуы адамзат тарихында жасалған көптеген шығармашылық актілердің салдары болып табылады. Шығармашылық белсенділік-мәдениетте пайда болатын және оны өзгертетін барлық жаңалықтардың қайнар көзі. Бұл тұрғыда шығармашылық- мәдениетті дамытудың қозғаушы күші, оның динамикасының маңызды факторы.

Шығармашылық- бұл бізді қоршап тұрған орта. Ең алдымен, бұл үдеріс және шығармашылық қызметтің нәтижесі: мәдениет, өнер, білім, еңбек және сұлулық. Шығармашыл мұғалім – «бұл жаңалық ашатын, білетін және жігерлендіретін адам» (Н.Рерих). Осылайша, педагогикалық іс-әрекет-бұл үнемі жан-жақты шығармашылықтың көрінісі.

Шығармашылықтың мәдениеттегі рөлін баса көрсете отырып, репродуктивті белсенділіктің маңыздылығын елеусіз қалдыруға болмайды. Бұл адамзат қоғамының өмірін сақтау және жинақталған тәжірибені сақтау үшін қажет. Бұл мәдени мұраны уақыттың жойқын әсерінен сақтайды.

Алайда, шығармашылық қызмет болмаса, мәдениетті өзгерту ғана емес, сақтау да әрдайым мүмкін болмас еді. Қоғамда адамдардың шығармашылық белсенділігі тоқтаған кезде, оның қоршаған ортаның өзгеруіне бейімделу қабілеті төмендейді. Жаңа жағдайда мағынасын жоғалтқан дәстүрлер өмірді ауырлататын жүкке айналады

және біртіндеп жойылып кетеді, ал жаңа, тиімді мінез-құлық формалары оларды алмастырмайды. Бұл мәдениеттің деградациясына және өмір салтын примитивизациялауға әкеледі [6].

«Шығармашылық» және «мәдениет» ұғымдары даму тарихында педагогикалық мағынаға ие болды.

Шығармашылық мәдениет ұғымының мәнін анықтамас бұрын, «кәсіби мәдениет» және «педагогикалық мәдениет» секілді ұғымдарды өзектендіру қажет. Кәсіби мәдениетті адамдардың белгілі бір кәсіби тобының атрибутивтік қасиеті ретінде бөлу арнайы қызметтің кейбір түрлерін оқшаулауға себеп болған еңбек бөлінісінің нәтижесі болып табылады. Мамандық қалыптасқан әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде кәсіби қызметтің тақырыбын, құралдары мен нәтижелерін: мақсаттарын, құндылықтарын, нормаларын, әдістері мен әдістемелерін, үлгілері мен мұраттарын қамтитын күрделі құрылымға ие. Тарихи даму үдерісінде мамандықтар да өзгереді. Олардың кейбіреулері жаңа әлеуметтік-мәдени формаларға ие болады, басқалары аздап өзгереді, ал басқалары мүлдем жоғалады немесе айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі кәсіби мәселелерді шешудің дамыған қабілетімен, яғни дамыған кәсіби ойлауымен сипатталады. Алайда, дамыған кәсіби ойлау адамның басқа көріністерін сіңіріп, оның тұтастығы мен жан-жақтылығын бұзған кезде керісінше бола алады. Адам қызметінің қайшылықты, диалектикалық сипатын көрсете отырып, кәсіби мәдениет-бұл кәсіби топ мүшелерінің арнайы кәсіби мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдерін игеруінің белгілі бір деңгейі. Педагогикалық құндылықтар объективті, өйткені олар қоғамның, білімнің, жалпы білім беретін мектептің дамуы барысында тарихи түрде қалыптасады және педагогикалық ғылымда белгілі бір бейнелер мен идеялар түрінде қоғамдық сана түрінде қалыптасады. Педагогикалық іс-әрекетті дайындау және жүзеге асыру барысында мұғалім педагогикалық құндылықтарды игереді, оларды субъективті етеді. Педагогикалық құндылықтардың субъективтілік деңгейі мұғалімнің жеке және кәсіби дамуының көрсеткіші, оның педагогикалық мәдениеті идеалды құндылықты іске асыру дәрежесі ретінде, әлеуетті өзекті мәнге айналуы болып табылады.

«Педагогикалық мәдениет» -бұл мұғалімнің жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі, оның тұрақты дамуында педагогикалық теория білімін игерудің тереңдігі мен негізділік дәрежесін, осы білімді оқушылардың жеке типтік ерекшеліктерін, олардың мүдделерін ескере отырып, педагогикалық үдерісте дербес, әдістемелік негізделген және жоғары тиімділікпен қолдана білуді сипаттайды.

Мұғалімнің шығармашылық мәдениетін дамыту күрделі және жан-жақты міндет болып табылады, ол тек теориялық негіздемені ғана емес, сонымен қатар оқыту технологиясын дамытуда және оларды эксперименттік тексеруде жаңа әдістерді, тәсілдерді, оқыту формаларын, сындарлы идеяларды іздеуді қажет етеді. Егер шығармашылық адамның туа біткен қасиеті болмаса, онда адамның шығармашылық мәдениеті сапасының дамуын жанама нәтижеден тікелей нәтижеге айналдыру үшін оның қызметін модельдеуге болады. Шығармашылық-таңдағандардың сыйы емес. Бұл қасиет әр адамда болуы мүмкін, дегенмен оны иелену дәрежесінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Психологиялық-педагогикалық білімді игеру үдерісі табиғатта шығармашылық болып табылады, оның барысында мұғалімнің жеке басының сапалық өзгерістері байқалады, оның белсенділігі, тәуелсіздігі, тапқырлығы, қиялы, түйсігі біртіндеп дамиды, басқаша айтқанда, шығармашылық әлеуетті дамыту үдерісі жүреді [7].

Мұғалімнің шығармашылық мәдениетіқалыптасуы үшін іргелі негіз қажет, ең алдымен мұғалімнің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі, оның ішінде оқыту мен тәрбиелеу туралы қазіргі ғылыми түсініктерге ие болу, оқу үдерісінің заңдылықтарын және жеке даму заңдылықтарын түсіну қажет.

Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық мәдениетін қалыптастырудың бірінші кезеңі оның зияткерлік деңгейін арттыруға бағытталған, өйткені интеллект пен шығармашылық арасында тікелей байланыс бар. Осылайша, зерттеушілер мен практиктердің назарында интеллект мәселесі және оның жеке адамның шығармашылығымен байланысы, жеке шығармашылық қабілеттерін және шығармашылық ойлауды дамыту бар.

Екінші кезеңде қажетті педагогикалық дағдылар қалыптасады. Тәжірибелік іс-әрекет әдісі ретінде шеберлік кәсіби білімді игерудің белгілі бір сапалық сипаттамаларына сәйкес келеді. Мұғалімнің білімі мен дағдыларының арасындағы байланыс оның дағдыларының әр түрлі түрлерін психикалық және зияткерлік іс – әрекеттің ерекшеліктерімен байланыстыруға мүмкіндік береді-білімді көбейту, мұғалімнің іс-әрекеті, шығармашылық белсенділік.

Шығармашылық мәдениетін қалыптастырудың үшінші кезеңі мұғалімге мүлдем таныс емес жағдайда білімді шығармашылық қолдануға үйретеді. Бұл кезеңдегі негізгі бағыттар-кең көзқарас, әдіснамалық тәсілдің тереңдігі, оқыту жүйесін модельдеу, тәрбиелеу және өзіндік педагогикалық тәжірибені құру аясында өз пәнін білу. Бұл кезеңде мұғалім зерттеу сипатындағы тапсырмаларды құрастырады, авторлық бағдарламаларға қатысады, озық педагогикалық тәжірибені жинақтайды, оқу-тәрбие процесінің мәселелерін дербес зерттеумен айналысады, оқытудың өзіндік әдістері мен әдістерін әзірлейді. Мұғалімнің шығармашылық мәдениетін кезең-кезеңмен қалыптастырудың мұндай моделі біртіндеп педагогикалық жаңалықтарға әкеледі [8].

Мұғалімнің шығармашылық мәдениеті келесі компоненттерді құрайды. Олар:

Сурет 1. **Мұғалімнің шығармашылық мәдениетінің компоненттері**

Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық мәдениеті бірқатар функцияларды орындайды:

1. білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін олардың білімін, іскерлігін және дағдыларын беру;

2. интеллектуалдық мүмкіндіктер мен қабілеттерді, эмоционалды-еріктік және пәрменді-практикалық салалар мен психиканы дамыту;

3. білім алушылардың қоғамдағы адамгершілік қағидалары мен мінез-құлық дағдыларын саналы меңгеруін қамтамасыз ету;

4. шындыққа эстетикалық қатынасты қалыптастыру;

5. балалардың денсаулығын нығайту, олардың дене күші мен қабілеттерін дамыту [9].

Қорытындылай келе, тек шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім ғана шығармашылық мәдениеті қалыптасқан тұлғаны тәрбиелей алады. Әрине, педагогикалық жаңашылдық, мұғалімнің даралығы оның қызметін тартымды қызықты үдерісе айналдырады және оқу үдерісінің сапасын анықтайды. Ежелгі уақытта да шығармашылық мәдениет пен педагогикалық шеберлік педагогикалық істің жетекші критерийлері болды. Бүгінгі таңда мұғалімнің кәсіби категориясының негізі, оның жұмысының сапасын материалдық бағалау педагогикалық шығармашыл мәдениетпен оқу-тәрбие қызметінің маңызды сипаттамасы ретінде анықталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бондоравская Е.В. Педагогическая культура как общественная и личная ценность. Педагогика, -2005.

2. Библер В.С. От науко учения – к логике культуры. Два философских введния в двадцать первый век. – М., 2001.

3. Библер В.С. Цивилизация и культура. – М., 2003.

4. Ильенков Э. В. Философия и культура. – М., 2001.

5. Ильенков Э.В. Философия и культура. – М., 2001.

6. Культура: теории и проблемы. – М.,2005.

7. ЩербаковаТ.Н. Творчество в деятельности современного педагога / Актуальные вопросы современной педагогики: материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Уфа, ноябрь 2013 г.). - Т. - Уфа: Лето, 2013.

8. Мартишина Н.В. Творческий потенциал педагога, его становление и развитие: методологические подходы к исследованию / Н.В.Мартишина// Российский научный журнал. -2008.-№3.

9. Андреев В.И. Конкурентология. Учебный курс для творческого саморазвития конкуренто способности / В.И.Андреев. - Казань: Центр инновационных технологий, 2012.

БЕРКИМБАЕВ К.М.,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚожаАхмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан қ.,
E-mail:kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

АБДУЛЛАЕВА Х.С.
PhD докторант,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан қ.,
E-mail: hadisha_1609@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Бұл мақалада «Математика» пәні бойынша қолданбалы курстың атқаратын қызметі, оны жобалау жолдары мен қолданбалы курстың ерекшеліктері, бағдарламалық құрылымына қойылатын талаптар, сондай-ақ жоғары оқу орындарында математикадан қолданбалы бағыттағы таңдау курсын орта мектепте оқытуға мұғалімдерді даярлауды теориялық тұрғыда негіздеп, оны жүзеге асырудың әдістемелік ұсыныстары берілген.

Кілт сөздер: қолданбалы математика, болашақ мұғалімді даярлау, оқу үдерісі, әдістемелік қызмет.

Резюме. В данной статье представлены функции прикладного курса по предмету" Математика", пути его проектирования и особенности прикладного курса, требования к программной структуре, а также методические рекомендации по его реализации с теоретическим обоснованием подготовки учителей к преподаванию в средней школе курса прикладного направления по математике в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: прикладная математика, подготовка будущих учителей, учебный процесс, методическая деятельность.

Summary. This article presents the functions of the applied course in the discipline" mathematics", the ways of its design and features of the applied course, the requirements for the software structure, as well as the theoretical justification and methodological recommendations for its implementation in the preparation of teachers for teaching in secondary schools of the chosen course of Applied direction in mathematics in higher educational institutions.

Keywords: Applied mathematics, future teacher training, educational process, methodological activity.

Кіріспе

Қазақстанның рухани жаңғыру аясында білім саласындағы жаһандық бәсекелестікке неғұрлым бейімделген мамандардың кәсіби-шығармашылық деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және ақпараттық технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде. Бұған, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. Білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өздігінен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» - деген сөзі дәлел болады. Қазіргі қоғамдағы білім берудің мақсаты – білім алушылардың тұлғалық және кәсіби бағытта дамуы болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін болашақ мұғалімді кәсіби қызметке, даярлау қажет. Оларға берілетін білім мазмұнында оқыту жүйесінің стратегиялық бағыты айқын көрсетілуі тиіс. Оған білім беру процесінің икемділігі, яғни қоғамның дамуына сай болуы, берілетін сабақтардың жүйелілігі мен сапасы, білім бағдарламасының орынды іске асуы, берілетін білімнің нақтылығы, қолданбалы бағыттылығы, толықтығы, айқындығы, тереңдігі бүкіл оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жоспарлауға оң ықпал етері сөзсіз.

Негізгі бөлім

Жаратылыстану ғылымдарының ішінде қолданбалы математиканың негізгі орын алуы, тек қана ғылыми-техникалық прогрестің үздіксіз дамуына байланысты емес, табиғаттағы басқа да ғылымдардың дамуында алатын орны ерекше.

Математиканы оқыту жалпы үш бағытта жүзеге асырылады:

1. Білім беру.
2. Тәрбиелеу.
3. Өмірлік-практикалық білім-дағды дарыту.

Сондықтан мектептегі математиканы оқыту мақсаттары мен міндеттері,білім беру процесіндегі оқытудың негізгі міндеті оқушылардың білімін жүйелеу және ойлау қабілетін кең түрде

дамыту мен оның қолданылуын меңгеруді қамтамасыз ету. Мектеп математика мұғалімдеріне қолданбалы және практикалық бағытталған білім беруді ұйымдастыруда үлкен мүмкіндіктер бар.

Қазіргі мемлекеттік оқу стандарттарын, оқу жоспарларын, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын бірізділік бойынша үздіксіздікке, сабақтастық пен пәнішілік, пәнаралық байланыстарға негіздеу қажет. Себебі математиканы келешекте ойдағыдай игеру үшін оның мектеп курсындағы негіздерін жете түсіну керек екені белгілі. Тіпті, орта мектептің өзінде-ақ, төменгі сыныптарда алғашқы ұғымдарды оқушылар дұрыс және толық түсініп алмаса, келесі сыныптардағы оқу материалдарын толық игеріп кетуі қиын болатыны анық. Төменгі сыныптарда математиканы оқытудың қиыншылықтарының бірі – ол оқушылардың абстрактілі ой қорытуының жеткіліксіздігі, жүйеленген тұжырым жасаудың нашарлығы. Сондықтан математикалық ұғымдарды, үйретілген амалдарды түсіндіру барысында оқушылардың өздеріне таныс, өмірдегі белгілі практикалық бейнелерді, түсініктерді келтіруі керек.

Осыдан математиканы қолданбалы және практикалық бағытта оқытудың сұрақтары туады.

Алдымен математиканы қолданбалы бағытта оқытуда нені түсіну керек.

Біздің түсінуіміз бойынша, математиканы қолданбалы бағытта оқыту дегеніміз ол – бағыт-бағдар беру, түрлі кәсіптік бағытта, техникада және ғылымның түрлі салаларында математиканы пайдалануды оқытудың тәсілдері, яғни күнделікті өмірде қолдану деген сөз.

Математиканы қолданбалық бағытта оқыту оның политехникалық бағытын физика, химия, биология, география, сызу, еңбек және информатика пәндерінде кең ауқымда қолдануды және компьютерлік білімді, жаңа технологияларды меңгеруді қамтамасыз етуді, математикалық ойлауды қалыптастырады.

Математиканы оқытудағы практикалық бағыт дегеніміз – әр тақырыптың мазмұнының және тапсырмалар мен есептер шешу тәсілдерінің жүйесі және оқушылардың өз бетінше математикалық білімденуімен ізденістерін қалыптастыру.

Математиканы оқытудағы практикалық бағытта оқыту мына педагогикалық сұрақтарға жауап береді:

1. Есептеулерге, алгебралық түрлендірулерге, өлшеулерге, графиктермен жұмыс жасауға және т.б. математикалық ұғымдардан туындайтын іс-әрекеттерді түсіндіруге;

2. Есепті шығару барысында қажетті теориялық материалдарды оқып игеруге;

3. Болашақта математиканы жоғары деңгейде меңгеруге;

4. Пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға;

5. Өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға.

Қолданбалы және практикалық бағыттағы оқу үрдістері әдетте бірге қызмет атқарады. Қолданбалы және практикалық бағыттың негіздері оқу бағдарламасында айқындалып, оқулықтарда және әдістемелік көмекші құралдарда берілуі тиіс. Ол білім беру мақсатында, алған математикалық білімнің деңгейін талап ету жүйесінде, тапсырмалар мен есептердің мазмұнында анық түрде және нақты көрсетілуі тиіс. Бұл арнайы уақыт пен арнайы әдістемені талап етеді. Сондықтан мақсатымыз белсенді жұмыс атқару болуы керек.

Математика сабақтарында теория мен есептердің арасындағы байланыстарды қамтып, оқушыларды тақырып бойынша қажетті және қолданбалы есептерді шеше білуге үйрету керек.

Математиканы оқыту процесінде білімгерлер тақырыптың мазмұнының практикалық мәніне, оның алдағы уақытта қолданылуының маңызды екенін барынша терең түсінулері керек. Кез-келген теориялық материалды игеруде оның қолданылу аймағын атап өту керек. Негізінде теориялық білім тек есеп шығару барысында ғана пысықталатынын естен шығармаған жөн.

Есеп шығару барысында ғана білімгерлердің жан-жақтылығы:

Математикалық тұрғыда есептерді шешу жолдарын алдын-ала болжауы, жүйелі түрде еңбекке дағдылануы, білімге деген жауапкершілігі, алған білімді одан әрі шыңдауға ұмтылуы, өз бетінше жұмыс істеуі, ізденуі және шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін әрбір айтылған, түсіндірілген жаңа ұғым мүмкіндігінше практикалық сипаттағы есептерде көрсетілуінің маңызы зор. Мұндай есептер, біріншіден жаңа теориялық материалдың қажеттілігіне және практикалық маңызы бар екеніне оқушылардың көздерін жеткізеді, оқушыларға математикалық абстракциялау практикадан, күнделікті өмірдің өзінен туындайтынын көрсетеді.

Практикалық есептер оқушыларға берілген теориялық біліммен олардың шама-шарқына лайықты болғаны дұрыс.

Қарапайым амалдардан бастап математикалық анализ элементтерін оқып үйрену барысындағы әрбір қадам осы талапқа жауап беруі керек.

Есептердің қолданбалы бағытына қарай бірнеше түрге бөлуге болады. Олардың біріншісіне, яғни ең төменгі деңгейіне қажетті математикалық модельді құруға керекті мәселелер есептің шартында тікелей беріледі. Мұндай есептердің таза математикалық есептерден айырмашылығы ондағы шамаларға қандай да бір мазмұндық мағына беріледі. Мектеп курсында мұндай есептер қарапайым теңдеулер құруға берілген практикалық есептер болып табылады.

Екінші деңгейіне, оқушылар оларды шешу ба-

рысында есептің шартында айтылмаған, бірақта өте қарапайым, адамдардың күнделікті өмірінде кездесетін математикалық тәуелділіктерді (мысалы заттың құны, бағасы және саны арасындағы, дененің бірқалыпты қозғалысындағы жылдамдық, уақыт және жүрілген жол арасындағы тәуелділіктер т.б.) қолдану арқылы шығарылатын есептер.

Үшінші деңгейдегі түріне, оқушылар оларды шығару үшін басқа пәндерді (физика, химия, биология және т.б.) оқып, білу барысында меңгерген қандай да бір заңдылықты немесе оқулықтан, я болмаса анықтамадан белгілі бір материалды тауып қолдану арқылы шығарылатын есептерді жатқызамыз.

Төртінші деңгейдегі түріне, оқушылар есепті шығаруды жеңілдету үшін қандай да бір ұйғарымдар жасауға немесе есепті шығаруға онша маңызды емес мәселені ескермейді, я болмаса, артық берілген мәліметтерді қарастырмайды, ал жетіспейтін материалдар болса, оларды тауып есеп шартымен қосып қарастырады. Мұндай есептерді шығару барысында оқушылар күнделікті өмірде кездесетін қиыншылықтарды шешуге жақын жағдайда болады. Есеп шығару мұғалімнің басшылығымен жүзеге асуы қажет.

Ең жоғары дәрежедегі бесінші деңгейіне нақты бір физикалық объектіге немесе құбылысқа байланысты мәселелер жатады.

Математикалық білім беруде пайдаланылатын қолданбалы және практикалық есептер жүйелерін жетілдірудің басты ерекшеліктері:

- математикалық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған практикалық әрекет пен үздіксіз білім беруде пайдаланылатын қолданбалы сипаттағы есептер мазмұнының арасындағы бірлікті, осы есептердің мазмұнын жаңартуды экологиялық, республикалық, ұлттық-аймақтық материалдар пайдалану арқылы іске асыруда жүйелілік, үздіксіздік, пәнаралық принциптерді басшылыққа алу;
- математика сабағында экологиялық білім мен тәрбие беру көбінесе, табиғатты тиімді пайдалану идеясын және экологиялық мәселелердің әлемдік мәнін сипаттайтынын ескеру;
- қоғам талабына сай білім беруде математикалық білімнің адамдардың қоршаған ортада, мәдени құндылықтар айдынында еркін бағдарлай алуына әр түрлі ақпарлар ағынында өзіндік баға бере алуына мүмкіндік беретін маңызды құрал екендігінің ескерілуі.

Мұндай жетілдіру математикалық білімнің сапасы мен оның күнделікті өмірдегі қолданымын, сабақ тиімділігін арттыруға, табиғатты негізгі байлық деп түсінуге көмектесетін экологиялық, экономикалық білім мен тәрбие беруге, яғни математикалық білім беруді ізгілендіруге мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімді даярлау арнайы (әдістемелік, психологиялық, дидактикалық, математикалық) білім, кәсіби дағды және біліктілікті қалыптастыруды көздейді.

Жаратылыстану ғылымдарының ішінде қолданбалы математикаың маңызды орын алуы, тек қана ғылыми-техникалық прогрестің үздіксіз артып отыруына байланысты емес, табиғаттағы басқа да ғылымдардың дамуында алатын орнына да байланысты болып отыр. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерін даярлауда төмендегідей талаптар қойылады:

- кәсіптік іс-әрекеттің басқару механизмі мен ұйымдастыруын жетілдіру үшін ғылыми мәліметтердің автоматтандырылған қор жинағын, ақпараттық- әдістемелік материалдарын және коммуникативтік желілерін қолдануға икемділігі болуы;
– іргелі математикалық заңдылықтар және математикалық аппаратты білуі;
– математикалық модельдерді жасау, әртүрлі құбылыстар мен процестерді болжау және бейнелеу үшін қолдануды білуі;
– жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде әртүрлі оқыту қызметі түрлерін жүргізуге, оқушылармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға қабілетті болуы;
– ғылыми-зерттеулерді және орта оқу орындарында білім беру үдерісін ұйымдастыруға дағдыланған болуы;
– өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыруға икемді болуы;
– кәсіби қызмет саласында қолданылатын мәліметтерді жинаудың, сақтаудың және өндірудің компьютерлік әдістерін меңгеруі;
– жоғары кәсіптік білімнің келесі сатысында білімін жалғастыруға қабілетті болуы керек .

Қазіргі әлем түбегейлі өзгерген жүйе іспеттес, оның ішінде адамзат өмірінің барлық саласы түгелдей дерлік сапалық жағынан қайта түрленуде. Зерттеушілердің бағамдауы бойынша, XXI ғасырдың басындағы өркениетке тән ерекшелік постиндустриалды - «білім қоғамына» өту болып саналады, онда елдің дамуындағы жетекші бағыт ретінде ақпараттық және білімдік ресурстар алға шығады.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты – жоғары білім берудің және оқытудың мазмұнын айқындайды, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне және даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді. Жоғары оқу орындары жоғары кәсіби білім беру мамандықтары бойынша мемлекет бекіткен стандарт, оқыту бағдарламалары мен нормативтік құжаттарға сәйкес әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды іске асырады.

Қорытынды

Барлық білім беру мекемелері, студенттер, ұйымдар мен кәсіпорын басшылары, яғни кадрларды тұтынушылар мемлекет бекіткен мамандық бойынша жоғары білім берудің мемлекеттік

стандартын қолданады. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын оқу орындарында оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын жасауға, оқу процесін ұйымдастыруға, оларды кафедралар мен институттарда іске асыруды қадағалауға, сондай-ақ студенттердің сабақ үлгерімін бақылауға пайдаланады. Оқу орындарында маман даярлауды жүзеге асыру немесе оны тоқтату бойынша ұсыныстар жасау, білім сапасын сараптап бағалауды жүргізуде басты назарда ұсталатын және негіз болатын басты құжат білім беру стандарты болып табылады. Білім стандарты талаптарын сақтауға Қазақстан Республикасының барлық ЖОО-ы міндетті, яғни осы білім стандарты негізінде белгілі сала бойынша болашақ мұғалім мамандарын даярлау жүзеге асырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудыңжаңа мүмкіндіктері» 2018 жылғы 10 қаңтар.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

3. Баймуханов Б. Формирование функциональной грамотности подрастающего поколения - путь кардинальной модернизации всех уровней образования / Вопросы педагогики. – Алматы, 2013. - № 1. – С. 109-110.

4 . Абылкасымова А.Е., Рыжаков М.В., Шишов С.Е. Современные тенденции развития непрерывного педагогического образования. - Алматы: Атамура, 2016. - 271с.

5. Хан Н.Н., Жампеисова К.К., Колумбаева Ш.Ж. Профессиональный стандарт как условие эффективной деятельности современного учителя // Педагогический диалог. - Алматы, 2012. - № 1. - С.176-181 .

6. Жалпы білім беретін орта мектептердегі бағдарлы жәнқолданбалы элективті курстардың бағдарламалары: Жаратылыстану-математикалық бағыт. – 3-бөлім. – Алматы: Білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институты, 2007.

7. Капитонова Т.А. Методика и технология профильного обучения математике.- Саратов, 2012. – С.115.

8. Алпысов А.Қ. Математиканы оқыту әдістемесі. –Павлодар: Павлодар педагогикалық институты, 2012. –151 б.

МРНТИ 14.09.37

БЕСБАЕВ М.А.,
аға оқытушы,
ОҚМПУ

МЫНБАЕВА А.П.
PhD доктор,
ОҚМПУ

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ҰСТАНЫМ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме. Ұлтымыздың жанашыры болған қоғам қайраткеріміз, ағартушылық қызметпен де айналысқан ұлы тұлға Сұлтанбек Қожанов педагогтік қызметпен де айналысты. Қоғамдық-саяси жұмыстармен араласа жүріп, бала болашағы үшін алаңдап, ұстаздық қызметке де ден қойды. Осы орайда орта мектеп, кәсіптік оқу орындарында басшылық қызметте жүріп аянбай еткен аудармашы, публицист, ұстаз болды. Ұстаздық қызметінде ұйымдастырушылық қабілетпен көзге түскен жас ғалым, Қазақ-қырғыз институтының іргесін қалады.

Мақалада ұлт жанашыры, қоғам қайраткері С.Қожановтың елі үшін жасаған игі істері, еңбек жолы, шығармашылық қызметтері, ұстаздық еткен жылдары, педагогикалық көзқарастары қарастырылады. С.Қожанов ел болашағы үшін алаңдаған, жанын құрбан еткен ұлтымыздың мақтанышы.

Кілт сөздер: С.Қожанов, Алаш, қайраткері, ұстаз, тәрбие, ұлт жанашыры.

Аннотация. Педагогической деятельностью занимался и наш общественный деятель, великий человек Султанбек Кожанов, который был сторонником нации. Занимаясь общественно-политической работой, переживал за свое будущее, уделял большое внимание преподавательской деятельности. Работал переводчиком, публицистом, преподавателем в средних школах, профессиональных учебных заведениях. Молодой ученый, отличившийся организаторскими способностями в преподавательской деятельности, основал казахско-кыргызский институт.

В статье рассматриваются вопросы благосостояния, труда, творчества, годы преподавания, педагогические взгляды общенационального лидера, общественного деятеля С. Кожанова. С. Кожанов гордость нашей нацией, который заботился о будущем нашей страны.

Ключевые слова: С. Кожанов, Алаш, деятель, педагог, воспиание, патриот.

Annotation. Our public figure, the great man Sultanbek Kozhanov, who was a supporter of the nation, was also engaged in teaching activities. Engaged in social and political work, the child was worried about his future, paid great attention to teaching. He worked as a translator, publicist,and teacher in secondary schools and professional educational institutions. The young scientist, who distinguished himself by his organizational skills in teaching, founded the Kazakh-Kyrgyz Institute.

The article deals with issues of well-being, labor, creativity, years of teaching, pedagogical views of the national leader, public figure S. Kozhanov. S. Kozhanov is the pride of our nation, who cared about the future of our country.

Keywords: S. Kozhanov, Alash, activist, teacher, education, patriot.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист Қожанов Сұлтанбек 1894 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Ақсүмбе ауылында туған. Түркістандағы 4 сыныптық орыс-түзем бастауыш мектепті, 3 сыныптық қалалық мектепті, Ташкент мұғалімдер семинариясын тәмамдаған. Саяси қызметін Ташкент қаласында семинария оқушыларынан құрылған «Кеңес» атты астыртын жастар ұйымын құрудан бастаған. 1917 жылы көктемде Ташкентте Мұстафа Шоқай, Қ.Қожықов, Қ.Болғанбаев, С.Ақаевпен бірге «Бірлік туы» газетін шығарды. Түркістан автономиясына қызу қолдаушылық танытып, оны кеңес өкіметінің әскер күшімен құлатуын жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын аяқ асты етушілік деп бағалады. Өлкеде кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылыққа қарсы күресте белсенділік танытты. С.Қожанов жаңа заман амалына сай 1920 жылы коммунистік партия қатарына қабылданып, үлкен қызмет баспалдақтарынан өтеді. 1920-1924 жылдары Түркістан компартиясы ОК мүшесі, Түркістан орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Түркістан республикасының ішкі істер халық комиссары, Халық ағарту халық комиссары, «Ақжол» газетінің редакторы болады. «Ақжол» – Түркістанның іргелі елдік газеті болды. Ол «Жаңа өріс» газетінен бастау алды. Газет 1920 жылы 7 желтоқсанда жарық көрді. Алғашқы редакторы – С.Қожанов қайраткердің беделі мен елшілдігі арқасында аз жылда мұнда М. Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, А. Байтасұлы, Б.Сүлейұлы, Т.Шонанұлы, Х.Болған-

бай т.б. азаматтар топтасты. 1922 жылы Түркістан Алаш көшбасшыларының бірі, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын лайықты атап өтті. «Шолпан», «Сана» журналдары «Ақжол» бағытын ұстанды. Аталған басылымдарда С.Қожанов «Тоқпақ», «Тарпаң», «Замандас» деген бүркеншіктермен мақала жазып тұрды. «Ақжолда» шыққан Сұлтанбектің «Жақындық па, жалақорлық па?», «Қазақша сауық кеші», «Менің жауабым», «О литературном языке и терминологии» атты еңбектерінен қаламгерлік пен өткенді танудағы ұстаным, шығармашылдықты бағамдау, руханиятты қадірлеу айқын аңғарылады [1].

1921 жылы Халық ағарту комисары болып қызмет атқарған уақытында ұлттық мектептерді көбейтуді, ана тілінде білім беретін мекемелерді көбейтуді көздеді. Қазіргі таңда С.Қожановтың әлі де зерттелу үстіндегі шығармашылығы жайында біршама еңбектенуді қажет етеді. Ұстаздық жұмыстың алдында халық комиссарының орынбасары болып та қызмет атқарды. 1921-1922 жылдары мектептер ашты. Осы уақыттарда қоғам қайраткері мынадай мәселелерге көңіл бөлді: жер мәселесі, оқу-ағарту, ұлт мәселесі. Сол кездегі қоғамдық жұмыстармен айналысып жүрген Ғ.Мұратбаев, Е.Кенжебеков, С.Мұқанов, Ж.Арыстанов, З.Қоңыратбаев сынды жастарды демеп, қол ұшын созып, оқуға қабылдады.

С.Қожановтың өзіне тән басты қасиеттерінің үлгі боларлық жағы негізгі міндеттерін атқарумен қатар қоғамдық, ғылыми-шығармашылық жұмыстармен байланыстырып отырды. Сонымен қатар А.Байтұрсыновтың мерейлі тойын ұйымдастырды, М.Жұмабаевтың өлеңдер жинағын бастырып шығарды. Осындай сүбелі оқиғалардың куәгері болып көптеген жұмыстар атқарды. Осы уақыттарда игі істерін атасақ, бастауыш сыныпқа арналған «Есептану құралы» атты оқулығы (1924) мен «Түркістанның Кеңестік Автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеуі (1928) жеке кітап болып жарияланды. Қайраткердің еңбектері бүгінгі күнге дейін маңызын жоймай, педагог-ғалымдарға маңызды деректер ретінде де пайдаланып келеді.

Қазақ халқын ілім-білімге жетектеген Сұлтанбектің халық алдындағы абыройлы тірлігі шындықты шырылдап айта білуінде, шындықтың ащысы мен тұщысының біршамасы білім беру саласына байланысты айтылды. Осы ретте С.Қожановтың ойларына, тұжырымдарына тереңнен қарап көрелік.

Ол өзінің 1921 жылы «Ақ жол» газетінде жарияланған «Қармақшы мектебі» (№15.16.01. Тоқпақ) атты шағын ғана мақаласында ағарту саласындағы үлкен мәселелерді ортаға салады. Ашылғанына айдан астам уақыт өтсе де «...һешбір оқытылған оқу жоқ. Балалар келеді де тоңып-тоңып қайтып кетеді. Мұғалімдер болса, биылғы Шымкенттегі қысқа уақыттық курстан оқып шыққан «жігерлі» жастарымыз. Бұлардың қолдарындағы куәнамасы мен мұғалім деген аттары болмаса, бітірген істері, оқытқан оқулары шамалы» болып отырған мектептің, осы мектептің интернатындағы аянышты жағдайды аяусыз әшкерелейді. Мақалада аталған кемшіліктерге көз салынып, ол мектептердің де орыс мектептері секілді қатарға қосылуын талап етеді. Бұл кезеңде Халық ағарту комиссары қызметінде болған тұлғаның аталған мәселелерді жай көтермегені белгілі, тиісті шара қолданып, Қармақшы шәкірттерінің білім жолындағы кедергілері жойылды.

С.Қожанов ұлттық мектептер ашқан соң, бар күш-жігерін, осы мектептерде қалай білім берсек, алған білімдерін іс жүзінде қолданса дегендей, шаруа ғылымын үйрететін кәсіби еңбекке баулитын мектептерді ашуды да ойластырды. Оқуды ана тілінде жүргізуді міндеттеді. Біз бұдан қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнына XX ғасырдың басында-ақ ел азаматтары, ұлт жанашырлары идея тастағанын байқаймыз. Яғни, бүгінгі таңда білім беру реформасына өзгеріс енгізу бәсекеге педагог даярлауды мақсат етті және тұлғаны өмірлік жағдаятқа бейімдеуді қарастырады. С.Қожановтың да айтпағы осы мәселе еді. XX ғасырдағы көтерілген тақырып әлі де өзекті. Дәлелді сөздермен айту үшін мына пікірді келтіруімізге болады: «Жас буын оқи да алуы керек. Еңбектен қол үзбеу керек. Жұртқа жалпы еңбекке қатыса алатын, бәлкібасшы болып, бірге істесе алатын болып әзірлеуі керек. ...құрғақ білім, жатқа алған кітап, жатқа алған тілмен жұмыс бітпейді, жаңа дүние жасалмайды, мақсат орындалмайды, іс керек, істей білу керек». Айтпағы алған біліміңді іске жарат, нақты дағдыда ұлттық мүддесі үшін қолдана білуің керек дегенді [2,161]. Байқағанымыздай, қазіргі білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер болды. Жоғарыда атап өткеніміздей білім беру мазмұны өзгертіліп, теориялық білімді практикамен ұштастырса, өмірде қолданса, алған білімі текке кетпесе деген мақсатпен жасалған жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес келеді.

Енді келесі мақала атауларына назар аударсақ. «Келешектің иесі – жастар, керектінің үлкені – оқу», «Жас буын – жаңа жұрт жолға түсіңіздер?», «Міндет ауырлады, шығу керек», «Ұлт мәселесі – іс мәселесі». Автордың қай еңбегін алсақ та сол кезеңдегі стиль мен С.Қожанов қолтаңбасы айқын көрініп тұр, көзбояушылық орнатып жүрген кісілерге қарата отырып, мақалаларымен түйрей келе сөзбен соққы беріп отырды. Халық арасында жүрген шала сауатты, атқамінерлерге «Ақ жол» газетінде [3] «Тоқпақ» деген лақап атпен жарияланған мақаласы көлемді болып келген. «Келесіні сөз қылғанда, келешекке әзірленуді сөз қылғанда, кімнің болса да көзде тұтатыны – жас буын»,-деп түсінетін автордың айтпақ басты ойы бүгінгі күнді ғана емес келешекті ойлайтын қоғамның басты тірегі жас буын деп ойлайды. Алайда сол ел үмітін ақтайды деп білетін жас

өркеннің жағдайы қаламгердің баяндауынша: «басқалардан айырықша тұрмысы жайсыз, тәрбие ісі жөнсіз, барсыз, бассыз, оқусыз, білімсіз, һешкімді әзірліксіз қылып отырған қырғыз-қазақ еңбекші-кедейлерінің жас буыны» деп жас өркендердің тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын келтіреді. Одан әрі аштық апатын тартып жатқан, сандалып жұмыссыз жүрген, балалығын байлауда өткізіп жатқан жас буынның келешегіне қатты алаңдаушылық білдіреді. «Қырғыз-қазақ жастары оқу жайына келсек, мектеп жағына келсек: талапкер бар да - оқу жоқ, балалар бар да - кітап жоқ, шәкірттер бар да – молда жоқ» деп жастар жайын қозғағанда Сұлтанбек Қожановтың тағы бір назар аударған тұсы олардың білім алудағы бағытын да баяндап өтеді. Бұл жазылған ойлар тәуелсіз елімізде де әлі де айтылып келе жатқан сыни пікірлер деуге болады. Қаншама мықты қазақ жігіттер жұмыс таппай кезекте тұрғаны, босып жүргені, жастықпен бұзықтық жасап жүргені қаншама. Бұндай қорлықтан шығатын жолды автор былай деп көрсетеді: «...шет жұрттың зорлығынан тапқан құлдықтан құтылу үшін жастарды оқыту, тәрбиелеу керек». Құлдыққа түскен қазақтың жас өркеніне білім мен тәрбиені қатар беру арқылы бұл азаптан құтылуға болады деп білетін Қожановтың да, қазіргі қазақ қоғамының да ойы бір деп білеміз. Бір сөзбен айтқанда «Қырғыз-қазақтың сорына тышып келген надандық, білімсіздіктен» құтқаратын жол білім беру, бала оқыту екенін ертерек ұқты, жұртшылыққа да дер кезінде ескертті, бұл жайтты бүгін де нықтап айтсақ артық болмас.

А.Байтұрсыновтың «бастауыш сыныпта баланы ана тілімен оқыту керек» деген пікірін Алаш арысы қос қолын көтеріп қолдап, бала тек ана тілінде білім алу керектігін шегелеп айтты.

«– жеткіншек ұрпақтың ойын қалыптастыратын шеберхана, егер болашақты қолдан шығарып алғың келмесе, оны қолда берік ұстау керек»,-деген өсиеті еріксіз еске түсе береді. Болашақты терең ойлаған, жеткіншек тәрбиесіне, білім беру саласына бей-жай қарай алмаған оның жоғарыда айтылған ойларын одан әрі тереңдете түсетін жазбалары «Қырғыз-қазақ институты һәм мектеп мәселесі» деген тақырыппен жарияланған еңбегінде де жалғасын тапқан. «Европалықтар мектебінде тәрбиеленіп, мұғалімдікке әзірленгендер қала тұрмысына жаттығып, қазақ тұрмысына жуыса алмай, үйкүшік ботадай тамды айналақтап жүр», бұл да ақиқат шындық, алайда Сұлтанбек Қожанов үміті келесі бір шәкірттерде: «Осы кемшіліктің бас емі қырғыз-қазақ институтының ішінен табылмақ. ...Ақиреттің тозағы мен намазға айдаудың орнына дүние тұрмысы, шаруа талабы жұртшылыққа бас-көз болып, ел ішіне сіңіп, елмен бірге жасап, көсемдік қылатын – ұлт мұғалімдері». Ташкент қаласында тұңғыш ашылған қырғыз-қазақ институтының түлектері жайында айтылған үміт пен сенімге толы қайраткер Қожанов үміті ақталды. Ұлт мұғалімдері жайында айтқанда алты алаштың ардақтысы, көзі тірісінде ұлт ұстазы атанған, Сұлтекең сынды қайраткердің үлгі-өнеге алған адамы Ұлы педагог Ахмет Байтұрсыновтың «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек», - дейтін аманатына адал болған Қожанов еңбегін бағамдадық. Ол бала оқытуды бір күн де назардан тыс қалдырмады. Бала – біздің болашағамыз дегенді үнемі есте ұстады. Қазақ поэзиясының падишасы, алаш ұранды әдебиеттің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың мұғалім туралы берген бағасы, оның қоғамдағы рөлі туралы айтқан пікірі де бүгінгі уақытпен жалғасын тапқандай. Сол кездің өзінде «Педагогика» (оның ішінде психология да жан-жақты қамтылған) атты оқулық жазған ақын: «Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі» - деп қадап-ақ айтқан қағидасы бар екен. Бас ұстаз Ахаңның, ақын Мағжанның ұстаз жайлы айтқан қанатты ойын еске алып жатқан себебіміз, ұлт мектебінің жанашыры, жас ұрпаққа білім беруді бәрінен биік қойған Қожановтың еңбектері өлшеусіз.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті жыл сайынғы халыққа жасайтын Жолдауларында білім беру, мұғалім мәртебесі жайында да үнемі айтып, ескертіп отырады. Елбасының: «Бәрі де мектептен басталады. Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз» (2005) дейтін үндеуі өткен ғасыр басында С.Қожанов бар өмірін арнаған ұстаздық өнер мен білім беру мәселесінің дәстүр сабақтастығын айқын көрсетіп бергендей.

Қазақстан жаңадан мемлекет болып, ел қатарлы өмір сүре бастаған кездерде отаршылдықтың салдарынан бұрындары қолға алынбай келген қыруар жұмыстарды басынан бастауына тура келді. Сондай жұмыстардың бірі ұлттық оқу-ағарту саласы болатын. Қазақ халқының жұрт қатарлы ел болып, қатарынан қалмай, өзгеге құл болмай өмір сүруін қамтамасыз ететін саналы жастарды дайындау күн тәртібіне өткір қойылды. Міне, осы бір ұлттық ауқымдағы аса маңызды іске қазақ оқығандары түгелдей дерлік атсалысып, өздері атқарып жүрген жұмыстарын тоқтата тұрып, мектеп оқулықтарын жазуға кірісті. Ақын А.Байтұрсынов «Тіл құралын», «Әдебиеттанытқышты», ақын М.Жұмабаев «Педагогиканы», жазушы Ж.Аймауытов «Психологияны», ақын С.Сейфуллин «Қазақ әдебиетін», жазушы М.Әуезов «Әдебиет тарихын», теміржолшы М. Тынышбаев пен дәрігер С.Асфендияров «Қазақстан тарихын», т.б. жазуға мәжбүр болды. Міне осы кезде арифметика пәнінің қажеттілігін өтеу мақсатымен С.Қожанов орта мектепке арналған «Есептану құралы» (1924) атты оқулық жазды. С.Қожанов бұл саланы тереңнен игермесе де, зерттеуді қажет ететін нақты ғылым математика саласына да қалам тербеді. Көлемі 60 беттік оқу

құралында ауылда өскен қазақ балаларына түсінікті тілмен қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарынан бастап, бастапқы математикалық ережелер түсіндірілген. Тілі – қарпайым, 4 амалға кеңінен түсінік берген. Сұлтанбек Қожановтың орта мектепке арналған «Есептану құралы» (1924) атты оқулығының мазмұны жайында толығырақ түсінік бергенді жөн санадық. Қазақ білім комиссиясы мақұлдаған, Орта Азия мемлекеттік баспасөз тарау мекемесінің бақылау мекемесінің қолдауымен Ташкент қаласында жарық көрген оқулық. Бұл оқулық Кеңес дәуіріндегі ана тілімізде жарық көрген алғашқы еңбектердің біріне жатады. Осы күнгі жарыққа шығып жатқан кітаптардың бәрі, оның ішінде бұл 1 бөлім есеп құралы да мінсіз, ешбір сыны жоқ деп айта алмаймыз. Бұлардың кемшілігін кеңде отырып, толық ажыратып болмайды. Қай жері олқы, қай жері кем екені іс жүзінде сыналмақ, жақсы-жаманын ажыратушы – бұл құралдармен қолданушы мұғалім жолдастарымыз болмақ»,-деп атап көрсетеді. Кітаптың негізгі тақырыптары: Санақ. Түрлі цифрлар. Қосу амалы. Кеміту амалдары болып табылады. Есеп амалдарының белгілері һәм есептануда қолданылатын басқа белгілер деп көрсетеді. Саяси қаламгер ғылымның қай саласында болмасын қаламын тартқан, жастардың тәрбиесіне көп көңіл бөлген, қазақ ұлтының жанашары, ұлтының болашағы үшін басын қатерге тіккен Алаш арысы С.Қожанов дін мәселесіне де араласты. Қайраткер 1922 жылы қазы соттарын қалпына келтіру, тартып алынған вакуф жерлерді мұсылман жамағатына қайтару, жағымды дәстүрлерді қайта жолға қою сияқты діни мәселелерді қолға алып, халқының ыстық ықыласына бөленді.

Қорытындылай келек, ұлт болашағын ойлаған қоғам қайраткері, алты алаштың жанашыры С.Қожановтың елі үшін жасаған еңбектерін жас ұрпаққа айтып беру, ел алдындағы сол үшін жанын пида еткен ұзақ та мағыналы ұстаздық сапарын қазіргі тәуелсіздік таңымен бірге есейіп келе жатқан жас жеткіншектерге үлгі-өнеге етіп баяндау біздің міндетіміз саналады. Алаш арысы Сұлтанбек Қожанов «Қазақ ұлттық республикасын» құруды, деп атауды алға тартқан қазақ жерін жинаушылардың алғашқылардың бірі болды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. http://alash.semeylib.kz
2. Қойшыбаев Б. Сұлтанбек Қожанов. Алматы, «Қазақстан». 2007, 370 б.
3. Ақжол //№236, 2.11.1922 ж.

ӘОЖ 37.016

БИТЕМИРОВА А.Е.,
доцент, х.ғ. к.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан
E-mail: bitemirova1960@mail.ru

АБДИКАЮМОВА Н.А.
мұғалім,
№13 А.Навои атындағы ЖОМ
E-mail: nodira.086@mail.ru
Түркістан облысы Сайрам ауданы

ХИМИЯНЫҢ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша химияны үш тілде оқытудың тиімді әдістемесі қарастырылған. Өмірдің кез келген жағдайында қажет болған химия пәнін үш тілде оқытуда туындайтын мәселелерді жоюда әр тақырыпты білім алушыға жоғары дәрежеде меңгеру үшін көмектесетін озық педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақтарды ұйымдастыру талап етіледі. Біз мақалада сапалы сабақты ұйымдастырудың маңызды факторларына ерекше назар аудардық.

Кілт сөздер: сапалы сабақ, дифференциалдық білім, құрылымдық формула, изомер, көмірсутектер.

Аннотация. В статье рассмотрена эффективная методика преподавания химии на трех языках по обновленной образовательной программе. В устранении проблем, возникающих при преподавании химии на трех языках, необходимых в любой жизненной ситуации, требуется организация занятий с применением передовых педагогических технологий, которые помогут обучающемуся овладеть каждой темой на высоком уровне. Особое внимание в статье мы уделили важным факторам организации качественного урока.

Ключевые слова: качественный урок, дифференциальные знания, струк-турная формула, изомер, углеводороды.

Abstract. The article considers an effective method of teaching chemistry in three languages according to the updated educational program. In order to eliminate the problems that arise when teaching chemistry in three languages, which are necessary in any life situation, it is necessary to organize classes using advanced pedagogical technologies that will help the student to master each topic at a high level. In this article, we paid special attention to the important factors of organizing a quality lesson.

Keywords: quality lesson, differential knowledge, structural formula, isomer, hydrocarbons.

Білім беру жүйесінің бүгінгі таңдағы негізгі міндеті білім алушыларды функционалдық сауатты, Отанын сүйетін, өз біліміне сүйенетін және өздігінен заманауи ақпараттық- коммуникациялық технологияларын пайдалана отырып білім алатын, алған білімін өмірде тиімді қолдана алатын жеке тұлғаларды тәрбиелеу болып табылады. Осы міндеттер оң нәтижелі сабақтар арқылы жүзеге асырылады.

Тәлім – тәрбиенің бастапқы негізі сабақ болып есептелінеді. Дәрістің алғашқы көрінісі бұдан 400 жыл алдын пайда болған [1]. Тәлім- тәрбие берушілердің міндеттері мемлекет тарапынан бекітілген оқу бағдарламасы негізінде сабақты ұйымдастыру және күнтізбелік- тақырыптық жоспарда көрсетілген білімдерді оқушыға дидактиканың барлық бағыттарына сүйене отырып, бір қатар педагогикалық әдістерді және оқытудың техникалық құралдарын пайдалана отырып жеткізуден тұрады. Сабақтың мазмұны және сипатына қарап халқымыздың бай рухани мұрасын тиімді пайдалану орынды. Сабақты бүкіл сынып және әр оқушымен, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін назарға ала отырып алып барылуы жоғары нәтиже береді. Оқытушы бұл үдерісте тұлғаның дамуы, қалыптасуы, білім алуы және тәрбиеленуіне жағдай жасайды, сонымен қатар көшбастышылық, бағыттаушылық міндетін атқарады. Білім беру үдерісінде оқушы негізгі фигураға айналады [2-3].

Сабақ балаларға білім беру және берілген білімдерді олардың дағдыларына айналдыруда негізгі қызмет атқарады. Сондықтан да оқу жаттығуларында ажыратылған уақыттың негізгі бөлігі сабақ өту үшін жұмсалады.

Химия сабағына қойылатын заманауи талаптар:

Химиядан білім беру- күрделі және өте маңызды саты: жақсы (сапалы) сабақ беру- тәжірибелі мұғалім үшін де оңай жұмыс емес. Сондықтан да химия сабақтарына мынадай талаптар қойылады:

1. Сабақтың мақсатына қол жеткізу нақты бағытталған болуы керек.

2. Мазмұнның ғылымилығы, нақты оқушыларға химияның негізгі түсініктері, заңдары және дәлелдерін теориялық тұрғыдан дұрыс ашу

3. Сабақтың жоғары идеялық- әлеуметтік деңгейі оқушыларды ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға қызмет ету

4. Пәнаралық байланысты есепке ала отырып оқытуды қамтамасыз ету.

5. Білім алушылардың логикалық ойлауы, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың ең маңызды шарттарының бірі болған оқу үдерісінің проблемалық жүйесі үшін оқыту әдістерінің барлық мүмкіншіліктерін пайдалану.

6. Сабақтың мақсаты және оқу материалының мазмұнына сай жеткілікті қиыншылықтар дәрежесінде оқытудың білім алушыларға қолжетімді түрлі әдістерін тереңдету, химиялық эксперименттердің барлық түрлері және оқыту құралдары жинағынан пайдалану.

7. Сабақта оқушылардың өзіндік жұмыстарының салмағын арттыру, фронталдық, топтық және жеке орындалатын оқушылардың жұмыстарын тереңдету.

8. Сабақ кезеңдерінің өзара байланысты болуы, олардың негізгі оқу мақсатына жетуге бағытталуы және ажыратылған уақыттың дұрыс белгіленуі.

Сабақта мұғалім және оқушының өзара сенімі, шынайылыққа негізделген жылы ортаның болуы қажет. Сабақтың мақсаты және оның пәндік мазмұны мемлекеттік бағдарлама және оқулықпен анықталады. Сонымен қатар, оқытушы сабаққа дайындалу барысында қосымша ресурстарды пайдалану мүмкіншілігіне ие. Бірақ, маңыздысы, бұл таңдалған материалдардың білім алушының жас ерекшелігіне сай және бұл бағдарламада белгіленген түсініктерден басқа қосымша түсініктерден тұрмауы керек. Иллюстрациялық материалдар болса сабақта негізгі материалды меңгеруге кері әсер етпеуі қажет.

Дамыған мемлекеттерде танымал орта мектептерінің құрылуы білім беру дифференциясы мәселесін одан әрі жандандырды. Мұндай жағдай жалпы білім беру диверсификациясы (әр түрлілігі) сапасы басқаша жүйе қажеттігін туындатты. Білім алушылардың дарындылығы, қызығушылығы, меңгеруге сәйкес дифференциалдық дайындықты күшейту және күрделендіру- заманауи мектептің ғаламдық бағытына айналды [4]. Дифференциацияның негізгі формалары- оқу орындарын түрлі типтерге бөлу, бір мектеп ішіндегі сыныптар және бағыттарға, сыныптағы топтарға бөлу болып табылады.

Дифференциалдық білім беру мәселесі бірдей шешімге ие болмайды және қарама- қайшылықтарға ие. Қоғамдық жағынан дифференциация қоғамдық таңдау әдісіне айналады. Ақылы білім беру және емтихандар жүйесі мұнда таңдау құралы болып есептелінеді [5].

Әдетте саралау (дифференциация) бастауыш мектепті бітіргеннен кейін басталады. Ол түрлі типтегі білім беру мекемелерінде жүзеге асырылады. Мысалы, Англияда грамматикалық және заманауи мектептерде, Германияда реал білім мекемесі, гимназия және негізгі мектептерде, Францияда технологиялық, кәсіби және жалпы орта лицейлерде, Ресейде жалпы орта мектеп, лицей, колледж, гимназия және т.б. [6]. Бұл оқу мекемелерінде дифференциацияның негізгі өзіне тән белгісі- бағдарламалар. Кейбір білім беру мекемелерінде дифференциация кеңінен таралған. Мысалы, АҚШ және Жапония үлкен орта мектептерінде арнайы бағдарламалар бар. Олар түрлі белгілерде оқушылардың түрлі топтарын үйретеді.

Әрбір технология немесе бағыттың өзіне тән ерекшеліктері болады. Білім беруде олардың оң әсерінен пайдалану, тәжірибеде қолдану қажет. Химия пәнінде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша үш тілде оқытуда дифференциалдық тәсілге негізделген түрлі әдістерді пайдалануға болады. Сыныпта оқушылардың химияны білу дәрежесі, оны ағылшынша қабылдауы әрқашан бірдей болмайды [7-8]. Сондықтан да тапсырмалар білім алушылардың деңгейіне қарап құрастырылса, пәнге қатысты білім және компетенциялары көбірек пысықталады. Дифференциалдық білім беруде тапсырмалар 3 нұсқада - дәрежеде дайындалады. Жұмысты 1- дәрежелі тапсырмалардан бастау керек. Бұл дәрежедегі тапсырмалар білім алушылар өткен сабақта үйренген және алған білімдері негізінде дайындалады.

I **нұсқа (базалық стандартқа негізделген)**

1. Мына көмірсутектердің қайсысы қанықкан көмірсутек болып есептелінеді: C_7H_{14}, C_2H_2, C_8H_{18}, C_6H_6, $C_{10}H_{22}$?

2. Этен гомологтық қатарына тиесілі болған

а) 15 көміртек атомынан тұратын заттың молекулалық формуласын;

б) 20 көміртек атомынан тұратын заттың молекулалық формуласын жазыңыз .

3. Төменде пентан формуласы берілген:

Олардың арасында қандай айырмашылық бар? Пентанның қанша изомері бар?

а) $CH_3 - CH_2 - CH_2 - CH_3$

г) $CH_3 - CH_2 - CH(CH_3) - CH_3$

б) $CH_3 - CH(CH_3) - CH(CH_3) - CH_3$

в) $CH_3 - CH_2 - CH(CH_3) - CH_2 - CH_3$

д) $CH_2(CH_3) - CH(CH_3) - CH_3$

II **нұсқа (себептерін іздеу)**

$CH_3 - C(CH_3)_2 - CH_3$

1. Заттың электрондық формуласын табыңыз:
2. Қайсылары өзара изомер:
3. C_6H_{12} қосылыстың изомерлерін құрылымдық формулаларын жазыңыз.

III **Нұсқа (зерттеу)**

1. Төменде келтірілген формулаларда қанша зат көрсетілген:



2. C_4H_5Cl құрылымды заттың галогенді қосылыстарының құрылымдық формулаларын жазыңыз.

3. 1л. Метан толық жанғанда қанша ауа жұмсалады?

Органикалық химияны үш тілде оқытуды дамыту үшін мынадай дидактикалық ойындарды пайдалануға болады:

1-тапсырма. *Үшіншісін табу керек*.

Бұл ойында оқушылар қажет болған үшінші бөлігін жазады. Осы теңдеудан кейін екі мономердің қосылуынан алынған полимердің атауын жазу керек.

а) фенол +формалдегид = ... б) мономер+-температура=...

с) мочевина+формалдегид=...

Task 1. *We need to find a third one.*

In this game, students write the third part they need. After this equation, you need to write the name of the polymer obtained from the addition of two monomers.

a) phenol +formaldehyde=....

b) Monomer+temperature=...

c) urea+formaldehyde=...

2-тапсырма. *«Сандар сөйлейді» әдісі.* Бұнда доскада белгілі сандар жазылады. Білім алушылар сол сандарға байланысты химиялық түсініктер айтады.

1. *10-бұл олигомерлер құрамындағы аминоқышқылдар саны.*



2. *50-бұл пептидтер құрамындағы аминоқышқылдар саны.*
3. *5000-бұл жоғары молекулалы қосылыстардың молекулалық массасы.*
4. *3-бұл жоғары молекулалы қосылыстардың түрлерінің саны.*
5. *28-бұл этиленнің молекулалық массасы...*

Task 2. *The "numbers speak" method.* This is where certain numbers are written on the doska. Students express chemical concepts related to these numbers.

1. 10 is the number of aminocyslotes contained in oligomers.

2. 50 is the number of aminocyslotes in peptides.

3. 5000 is the molecular weight of high-molecular compounds.

4. 3 is the number of types of high-molecular compounds.

5. 28 is the molecular weight of ethylene...

Дәл осылайша бұл қатарды тағы жалғастыруымыз мүмкін. Әдістің артықшылығы білім алушының сандарды және оларға байланысты түсініктерді есте сақтауы, жалпы соңында сол сандармен байланысты түсініктерді табуы қажет болады.

Жоғарыда жалпы орта білім беру мектептерінде жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша органикалық химияны үш тілде оқытуда оқушылардың білім сапасының төмендеуіне әсер ететін проблемаларға тоқталып өттік. Әр проблеманы зерттеу барысында олардың шешімін табу және алдын алу үшін мұғалім педагогтарымыз белгілі, жүйелі тәсілдерді жасап шығуы және өз тәжірибесінде қолданулары қажет екендігін атап өтпесек болмас. Жасап шығарылған тәсілдер білім алушылардың жас ерекшеліктері, олар өмір сүретін орта, білу дәрежесі, қызығушылықтарын мақсатқа сай ескере отыру.

Қазіргі заман талабы заманауи білімге ие болған жас ұрпақты қажет етеді. Кез келген жағдайда химия пәнін үш тілде оқытуда туындайтын мәселелерді жоюда әр тақырыпты білім алушыға жоғары дәрежеде түсіндіру үшін көмектесетін озық педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақтарды ұйымдастыру талап етіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. (2007 жылғы 28 ақпан)

2. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы: нәтижеге бағытталған оқу жүйесі: http://kazmkpu.kz/kz/o-u-derisi-1/zho-ary-o-u-ornynan-kejingi-bilim-beru-b-limi/bolasha-ba-darlamasy (2013-2017)

3. Javier Garc´ıa-Mart´ınez and Elena Serrano-Torregrosa Chemistry Education c 2015 Wiley-VCH Verlag GmbH & Co.KGaA, Boschstr. 12, 69469 Weinheim,Germany 795 p

4. Coyle D., Hood P., Marsh D., CLIL Content and Language Integrated Learning. CUP, (2012.-173б)

5. Lasagabaster D., Huguet A. A Transitional Study in European Bilingual Contexts. David Lasagabaster (editor) Multilingualism in European Bilingual Contexts: language use and Attitude. Clevedon, GBR: Multilingual Matters Limited, (2006.-251б)

6. Учитель из НИШ рассказал, какие плюсы дети получат от трехъязычного формата обучения: https://pandaland.kz/articles/nashi-deti/shkolnoe-obuchenie/chto-nas-zhdet-s-novoj-shkolnoj-programmoj (2016 ж)

7. Қазақстанның білім жүйесіндегі көптілділік: http://group-global.org/kk/node/27376 (07.11.2015 ж)

8. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология.- Алматы: Білім, 2000- 343с

ӘОК 159.9.(07)

ДАНИЯРОВ Т. Ә.,
педагогика ғылымдарының профессор м.а.,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

АЛБЕК А.М.
1 курс магистранты,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Email: anelyamelsova@gmail.ru.com

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінезқұлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады. Заманауи мектеп өз қызметтерін іске асырудың түрлі жолдарын іздестіруде, олардың бірі - жаңашыл іс-әрекет болып табылады. Мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің мәнін, мазмұны мен ерекшеліктерін теориялық тұрғыда дәлелдеу оның студенттердің қазіргі білім беру мен тәрбиелеу үдерісін жетілдіру. Студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталған арнайы материалдарды ұлттық компонент енгізу арқылы тұлғаның зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін көтеру. Қазақстанда аксиологиялық зерттеулердің дені философия, мәдениеттану ғылымдары өкілдерінің зерттеу еңбектерінде қарастырылып келген. Сұлулықты тану нәтижесінде студенттер көркемдік талғамды, эстетикалық дүниетанымды қалыптастырады, эмоционалды сала мен шығармашылық дағдыларды дамытады.

Кілт сөздер: Ұлттық құндылықтар, этнос, құндылықтар, рухани тәрбие, болашақ жастар, ұлағат ғасырлар.

Резюме. Национальные ценности играют роль социальной и нормативно-культурной аксиомы поведения людей, принадлежащих к одной этнической группе. Современная школа ищет различные пути реализации своей деятельности, одной из которых является новаторская деятельность. Теоретическое обоснование сущности, содержания и особенностей педагогической культуры учителей, ее совершенствование в современном образовательном и воспитательном процессе студентов. Повышение интеллектуального и духовно-творческого потенциала личности через внедрение национального компонента специальных материалов, направленных на формирование национального самосознания студентов. Большинство аксиологических исследований в Казахстане рассматривались в исследовательских работах представителей философии, культурологии. В результате познания прекрасного у учащихся формируется художественный вкус, эстетическое мировоззрение, развивается эмоциональная сфера и творческие навыки.

Ключевые слова: Национальные ценности, этнос, ценности, духовное воспитание, будущая молодежь, улагат века.

Summary. National values play the role of a social and normative-cultural axiom of the behavior of people belonging to the same ethnic group. The modern school is looking for various ways to implement its activities, one of which is innovative activity. Theoretical substantiation of the essence, content and features of the pedagogical culture of teachers, its improvement in the modern educational and educational process of students. Increasing the intellectual and spiritual and creative potential of the individual through the introduction of the national component of special materials aimed at forming the national identity of students. Most of the axiological studies in Kazakhstan were considered in the research works of representatives of philosophy and cultural studies. As a result of the knowledge of the beautiful, students form an artistic taste, an aesthetic worldview, develop an emotional sphere and creative skills.

Keywords: National values, ethnos, values, spiritual education, future youth, ulagat of the century.

Кіріспе

Еліміздің білім беру жүйесі, әлеуметтік, өзгерулерге байланысты ұлттық мәдениет, ұлттық идеялар, ұлттық рухани құндылықтар, ақпараттық ақпараттық технологиялардың көптеп қолдануы жас ұрпақтың бойына елін сүюі, өз елінің ұлттық тілін, ділін, дінін, тарихын, мәдениетін қалыптастыру кезек күттірмейтін мәселеге айналуда.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар

және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір–салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін [1].

Осы ретте ойға оралар бір сауал: «Ұлттық тәрбие беру мәселесін болашақ жастардың бойына қалай сіңіру керек?» Ұлы жазушымыз М.Әуезов «Ұлт болам десең, бесігіңді түзе», – деп айтқандай, ең алдымен өркениетті елдің қатарына қосыламыз десек, тәрбиемізді реттеп алғанымыз өте орынды [2. 18. б].

Т.А.Ильинаның еңбегінде: «Патриотизм – өз Отанына деген сүйіспеншілік – адамның бойындағы өте терең де күшті сезім, ал Отан сезімі, өзін өз елінің азаматымын деп сезіне білу, өзінің елімен және халқымен тұтастығын сезу»,- деп айтқан [3. 125 б]. Мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің мәнін, мазмұны мен ерекшеліктерін теориялық тұрғыда дәлелдеу оның студенттердің қазіргі білім беру мен тәрбиелеу үдерісін жетілдірудегі потенциалды мүмкіндіктері туралы айтуға негіз болады.

Шынында, ағарту орындарының алтын діңгегі – мұғалім. Жас ұрпақ мұғалімге қарап бой түзейді. Нағыз ұстаз қай ғасырда да ұстаз болып қала бермек. Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол – білімділік, имандылық, парасаттылық барлық ғылым атауылының алғашқы әліппесі өркениет ұстазының тәлім сабағында күн сайын үйретіліп, үлкен «білім мұхитына» айналып, рухы мықты, интеллектуалды ұрпақ тәрбилеп шығару [2. 10. б].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны – түркі халықтарының рухани өзегі. Ол тәрбие мақсатын бір жүйеге түсіруге әрекеттенген.

Негізгі бөлім

Ғұламаның пайымдауынша, жақсы сөз, жақсы іс, жақсы тілек – адамды кемелдендіру, өзін-өзі тәрбиелеу, тұлғаны жетілдіруге негізгі ұйтқы. Қоғамдық белсенділік дегенде міндетті түрде саясат жолын таңдау керек деген ұғым емес. Қазір біздің қоғам үшін ең алдымен, интеллектуальды, яғни жағдайға объективті тұрғыдан қарап, баға бере алатын, сараптап талдай алатын тұлға керек. Ел басқарушының бойындағы әрбір қылық, айтылған сөзі, іс- әрекеті, мінезқұлқы қоғамда үлкен мәнге ие екенін баса айтады [4. 115. б].

Аксиология ғылымының көрнекті маманы Ш.Шварц құндылықтардың негізгі алты ерекшелігін атап өтеді.

Олар: «Құндылықтар – өзара тығыз қатынастағы сенімдер жүйесі. Өз күшіне енген кезде олар адам жанын ыстық сезімге бөлейді. Қандайда қауіп төнген жағдайда тәуелсіздік аса маңызды құндылық болып саналатын адамның ашуын туғызады. Оны қорғай алар қауқары болмаса, торығуға бет алады да, әйтпегенде өзін бақытты сезінеді. Құндылықтар белгілі бір әрекетке жігерлендіретін қалаулы мақсаттармен сабақтас болады. Әлеуметтік тәртіп, әділет, өзгелерге пайдалы болу құндылық болып саналатын адамдар аталмыш мақсаттарға жету жолында жан аямайды. Құндылықтар белгілі бір әрекеттер мен жағдайларға бағынышты болмайды. Мысалы, тіл алғыштық пен адалдық құндылықтары жұмыс орнында, мектепте, бизнес не саясатта, достар мен бөгде адамдар арасында да маңызды болуы мүмкін. Бұл ерекшелік құндылықтарды әдеттегі нақты әрекет, ситуация, объектілермен қатысы бар нормалар мен көзқарастар жүйесінен айырады. Құндылықтар стандарт немесе критерий ретінде қызмет етеді [3. 20. б].

Мектептің жаңаша түрленуінде ең басты міндет – педагогтардың, оқушылар мен ата-аналардың арасындағы өзара ізет, құрмет, ынтымақтастық принциптерінде оқу-тәрбие міндеттері кешенді шешілетін әлеуметтік-мәдени, пәндік білім беру ортасын құру. Бұл бағыттар Қазақстан Республикасының білім, ғылым және тәрбие саласындағы заңнамалық актілерінде көрініс тапқан. Заманауи мектеп өз қызметтерін іске асырудың түрлі жолдарын іздестіруде, олардың бірі - жаңашыл іс-әрекет. Жаңарту – жаңалық енгізу, жаңашылдық, өзгерту; түрлі бастамалар мен жаңашылдықтар негізінде туындайтын маңыздылығы өзекті жаңадан пайда болған туынды [5. 17. б].

ЖОО-дағы оқудың барлық жылдарында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үдерісінің тиімділігі келесі педагогикалық шарттарддың жүзеге асуын талап етеді [6. 26. б].

- пәндер мазмұнына студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталған арнайы материалдарды (ұлттық компонент) енгізу арқылы тұлғаның зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін мейлінше белсендіру мақсатында

ЖОО-ның әлеуметтік-гуманитарлық, психологиялықпедагогикалық пәндер циклының мүмкіндіктерін барынша пайдалану;

ЖОО-ның тұтас педагогикалық үдерісінің этнопедагогикалық, мәдениеттанушылық, аксиологиялық, акмеологиялық, этномәдени, көпмәдениеттік, денсаулық сақтау және құзіреттілік бағыттарын қамтамасыз ету;

- өз бойындағы ұлттық сапаларды түйсініп тануға бағытталатын ойлау үдерісі ретіндегі рефлексопрактиканы ұйымдастыру;

- педагогикалық өзара әрекеттестік субъектілерінің (оқытушы мен студент) ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталған білім беру ісәрекетін жүзеге асыруға деген әзірлігін ынталандыру;

- болашақ маман тұлғасын қазақ халқының ұлттық етене мәдениетіне араластыру, оны ұлттық және жалпыадамдық құндылықтарға баулу [6. 26. б].

Оқыту - оқу-тәрбие барысының нақты түрі. Оқытудың мақсат компоненті оның ұстанымдарымен тығыз байланысты. Оқыту ұстанымдарының жүйесін алғаш ұсынған Я.А.Коменский. Ол адам табиғаттың бір бөлігі болғандықтан, оқыту да табиғат пен адам тәуелді болатын заңдарға байланысты екенін дәлелдейді. Сондықтан оның ойынша, оқытудың ең басты принципі – табиғатқа сай болу принципі.

И.П.Песталоцци оқытудың көрнекілік ұстанымына басты көңіл бөліп, ерекше бағалады.

К.Д.Ушинский оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оқытудың ұстанымдарын психологиялық тұрғыдан қарастырған.

Ы.Алтынсарин оқыту ережелерін қазақ мектептеріндегі білім берудің ерекшеліктеріне байланысты қолдану керектігін айтқан [7. 152.б]. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінезқұлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады. Балалар мен жастарды әлеуметтендіру мәселелеріндегі қауіптер мен тәуекелдер ең алдымен ғаламданудың дәстүрлі құндылықтар жүйесіне тигізер қысымымен байланысты. Ашық әлем жағдайында бұқаралық мәдениетті үстемелей, орынсыз пайдалану жалпыадамзаттық, сол сияқты ұлттық құндылықтардың бұзылуына әкеледі [5. 11. б]. Қазақстанда аксиологиялық зерттеулердің дені философия, мәдениеттану ғылымдары өкілдерінің зерттеу еңбектерінде қарастырылып келгені мәлім. Сондықтан бұл еңбекте отандық ғалымдардың осы саладағы ғылыми еңбектері пайдаланылды. Ә.Нысанбаев, Ж.Молдабеков, А.Қасабек, Т.Ғабитов, С.Нұрмұратов, Б.Сатершинов, А.Құлсариева сынды зерттеушілер құндылықтар жүйесін мәдени-философиялық аспектіде қарастырады. «Қазақтану өрісі», «Ұлттық идея және қазақ философиясы», «Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздері», «Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін» деп аталатын ұжымдық еңбектер құндылықтар теориясын, жалпыадамдық құндылықтар табиғатын, қазақ руханиятындағы құндылықтар жүйесін терең түсінуге жол ашады. Әдебиеттану ғылымында аталған мәселелер көп зерттелмегенмен, А.Абдулина, А.Жақсылықов, С.Асылбекұлы, Б.Майтанов, С.Әбішева секілді ғалымдардың ғылыми мақалаларында арнайы сөз болады. Аталған тақырыпты кешенді түрде қарастыру 2014 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары шығарған «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» атты зерттеу еңбегіне [8.].

Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуінде әр халықтың және бүкіл адамзаттың рухани және материалдық өмір саласындағы байлығы – этникалық мәдениет сарқылмайтын мүмкіндіктерге ие. Н. Смельзердің анықтамасы бойынша мәдениет – белгілі бір тұрмыс қалпының ортақтығы байланыстыратын адамдар үшін ортақ құндылықтар, өмір туралы түсініктер жүйесі [5. 15. б].

Зерттеу жұмыстарында

Оқу процесінде студенттерді өткеннің көрнекті ойшылдары жасаған рухани-педагогикалық мұрамен, олардың идеалдарымен және кемелді тұлғаны тәрбиелеуге деген көзқарастарымен таныстыру қажет. Нәтижесінде студенттер өздерінің өмірлік іс-әрекеттерін және күнделікті өмір салтын жоспарлай алады. Олардың жоспарларында ата-бабалардың педагогикалық-тәрбиелік мұрасын игеруге деген ұмтылыс көрініс табуы керек, өйткені ұлттық рухани құндылықтарда жастардың дүниетанымын, ойлауын, мүдделері мен қажеттіліктерін қалыптастырудың жоғары мақсаттары бар. Сұлулықты тану нәтижесінде студенттер көркемдік талғамды, эстетикалық дүниетанымды қалыптастырады, эмоционалды сала мен шығармашылық дағдыларды дамытады. Олардың барлығы ұлттық-рухани және білім беру-тәрбиелік құндылықтармен байланысты. Мұнда "құндылықтар" ұғымын түсіндіру орынды [9].

Білім беруді жаңартудың қазіргі жағдайларында тәрбие проблемаларына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде назарды күшейту қажеттілігі бірқатар жағдайлармен анықталады:

- білім беру жүйесін, оқу-тәрбие процесі әдіснамасын және технологияларын жаңартумен;
- жастарды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу қажеттілігімен;
- білім беру процесінің патриоттық бағыттылығын күшейтумен;
- оқушылардың қоғамда, білім беру процесінде, адамның өзінде болып жатқан өзгерістерді түсіну қажеттілігімен;
- білім беру мазмұнын ізгілендірумен;
- оқу пәндері көлемінің және құрамының үнемі өзгеруімен;
- оқытуды ұйымдастырудың жаңа формаларын, инновациялық технологияларды үнемі іздестіруді талап ететін жаңа оқу пәндерінің енгізілуімен;
- мұғалімдердің педагогикалық жаңаруларды меңгеруі және қолдану фактілеріне өз қатынастары сипатының өзгеруімен;
- жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға түсуімен;
- жаңа оқу орындарының, соның ішінде мемлекеттік емес оқу орындары түрлерінің ашылуымен [5].

Қорытынды.

Болашақ маманның тұлғалық келбетін ұлттық құндылық негізінде қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің негізі мен білім берудегі этностық дәстүрлерді меңгеруі. Оқытуда жастарды ұлттық мәдениетті технологиялармен байланыстыра отырып қарастыруды үйрету. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінезқұлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.-11,15,38

2. Ұлттық тәрбие республикалық ғылыми – көпшілік журнал № 5 (13)2012-10-18 б.

3. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. №5 (32). 2015-125

4. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. №6 (33). 2015-115

5. Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік сұранысының негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру © e-history.kzhttps://e-history.kz/kz/news/show/456/-17,11,15,38 б.

7. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. №2 (29). 2015-152 б.

6. Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті . қазақстан жоо-ларында «мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы Алматы – 2015-26 б.

8. Худайбергенов.Н.Ж. Қазиргі қазқ прозасындағы жалпыадамзаттылық құндылықтар (1991–2016) жж диссертация Алматы 2020-6,20 б.

9. Жалилов З. Ж. Воспитание студентов в духе национальных ценностей file:///C:/Users/USER/Downloads/vospitanie-studentov-v-duhe-natsionalnyh-tsennostey.pdf-3.6.

ӘОЖ 159.99

ДАРИБАЕВА Р.Д.,
п ғ.к., доцент,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан,
Email: daribaeva_R57@mail.ru

САУХАМБАЕВА М.Ж.
магистр,оқытушы,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан,
Email: s.madina_1984@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ-ИНТЕГРАТИВТІ КЕҢІСТІКТЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРДЫ ӨЗГЕРТУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

Түйін. Мақалада мүгедектерді әлеуметтік қамту мәселесін жаңа контексте, яғни сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығынан туындаған процесс ретінде қарастыру ұсынылады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін оңтайландыруда, осы санаттағы азаматтардың әр түрлі әлеуметтік ортада өзін-өзі белсендірудің психоәлеуметтік жағдайлары тұрғысынан ғылыми зерттеу әдістемесі жасалуда. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтендіруде жеке мүдденің, әлеуметтік және жеке құндылықтардың тепе-теңдігін сақтауға өзін-өзі белсендіруге бағытталған әлеуметтік үрдістерге қосу механизмі ретінде түсіндіріледі. Бұл тәсіл мүгедектердің әлеуметтік мәселелеріне жағдаяттық шешуден олардың жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуы үшін жағдайлардың әлеуметтік құрылысына көшуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл олардың абилитациясы мен оңалту әлеуетін едәуір арттыра алады. Олардың қоғамдық өмірге ұдайы қатысу дәрежесін арттырады. Осылайша, авторлар ұсынған әдіснамалық негіздер жүйесі мүгедектердің мәселелерін жаңа ғылыми парадигма ретінде зерттеу үшін негіз бола алады, бұл қазіргі қоғамның инклюзивті – интегративті кеңістігінде тәуелсіздікке итермелейді және әлеуметтік инклюзияның маңызды аспектілерін өзектендіруді көздейді.

Кілт сөздер: әлеуметтік субъективтілік, әлеуметтік инклюзия, мүгедектер, психоәлеуметтік жағдайлар, әлеуметтік қамту стратегиялары, ғылыми зерттеулер, әдістеме деңгейі, әдіснамалық негіздер, ғылыми принциптер.

Аннотация. В статье предложено рассмотрение проблемы социальной инклюзии лиц с инвалидностью в новом контексте: как процесса, обусловленного совокупностью внешних и внутренних факторов. Разрабатывается методология научных исследований проблемы социальной инклюзии лиц с инвалидностью с точки зрения психосоциальных условий самоактуализации данной категории граждан в разных социальных средах. Самоактуализация трактуется как механизм включения лиц с инвалидностью в социальные процессы, направленные на поддержание баланса социальных и личных интересов, общественных и личных ценностей. Такой подход позволит обеспечить переход от ситуативного решения социальных проблем лиц с инвалидностью к социальному конструированию условий для их самораскрытия как личности и индивидуальности, что может значительно повысить их абилитационный и реабилитационный потенциал, а также степень их участия в общественном воспроизводстве. Тем самым предложенная автором система методологических оснований может составить базу исследований проблем лиц с инвалидностью в новой научной парадигме, предполагающей актуализацию таких значимых аспектов социальной инклюзии, как побуждение к независимой жизни и проявление социальной субъектности.

Ключевые слова: социальная субъективность, социальная инклюзия, инвалиды, психосоциальные ситуации, стратегии социального обеспечения, научные исследования, уровень методологии, методологические основы, научные принципы.

Abstract. The article describes a new context of problem's research of social inclusion of disabled people as a process conditioned by set internal and external determinants. The paper is devoted to the development problem of scientifi c researches methodology from the viewpoint of psychic and social conditions of these people self-actualization in different social spheres. Self-actualization is interpreted as a mechanism of disabled people's inclusion in social processes aimed at support of social and personal interests' balance, public and personal values. This approach allows transition from the problem's solution of social issues to social construction of conditions for their self-actualization as personality and individuality, and it can raise their habilitation and rehabilitation potential, and also their participation in

social reproduction. This way, the offered system of methodological basis can form a base for problems' research of disabled people in a new scientifi c paradigm, which suggests actualization of social inclusion's signifi cant aspects, as motive to independent life and manifestation of social subjectivity. Key words: social inclusion, persons with disabilities, and psycho-social conditions, strategy of social inclusion, scientifi c research, levels of methodology, methodological basis, scientifi c principles.

Keywords: social subjectivity, social inclusion, persons with disabilities, psychosocial situations, social security strategies, scientific research, level of methodology, methodological foundations, scientific principles.

Қазіргі таңда, қоғамның рухани жағынан толыққанды дамуы, қамқорлықты қажет ететін барлық мүшелерін қорғаудан басталатындығы белгілі. Соның ішінде, мүмкіндігі шектелген азаматтарды қорғау – уақытпен тексерілген көзқарас. Олардың толыққанды өмір сүруін ұйымдастыру қазіргі таңдағы өткір мәселелердің бірі деп айтуға болады.

Қазіргі қоғамда гуманистік тенденциялардың күшеюі, барлық санаттағы азаматтардың теңдігіне қол жеткізуге ұмтылу тән. Тұрақты қоғам құрудың маңызды аспектісі – қоғамда әлеуметтенуі үшін маңызы бар, байланыстар мен көзқарастарға, сонымен қатар қоғамға кіреге алмайтын, «әдеттегі емес» немесе «үйреншікті емес» субъектілер ретінде әрекет ететін халықтың осал топтарын әлеуметтік өмірге толық енуін айтуға болады [1, б.133-135]. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік қатынастарға қосуға, кіріктіруге бағытталған үрдісті интеграция деп танимыз.

Қазіргі заманғы жағдайларда ұлттық ғылымның алдында тұрған іргелі міндеттердің бірі – мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың өзін-өзі өзектендіруі, белсенуі, әлеуметтік өзін-өзі тануы қажеттілігінде көрінетін, олардың жеке басының ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін әлеуметтік қамту стратегияларын әзірлеу мен іске асыруды әдіснамалық жақтарынан қолдау. Мұның бәрі белгілі бір тұлғаның, оның әлеуметтік қызметі мен дамуын қамтамасыз ететін белгілі бір әлеуметтік ортаға кіретін қажеттіліктері мен мүдделеріне байланысты тек әлеуметтік емес, сонымен қатар адами өлшемнің өзіне енгізу мәселесін көтереді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамға интеграциялау, олардың жоғалтқан байланыстарын жолға қоюға, демек, оның еңбекке, тұрмыс-тіршілікке, бос уақытын ұйымдастыруын қалпына келтіруге бағыттала отырып, оны оқшауланууына жол бермеуді көздейді.

Әлеуметтік инклюзия қоғамнан белгілі бір қосымша шараларды, құралдар мен күш-жігерді, халықтың барлық санаттарын қабылдау және қатысу бағытында қоғамдық сана мен әлеуметтік институттардағы елеулі өзгерістерді талап етеді, өйткені қосу-алып тастау үдерістері көптеген жеке және әлеуметтік ықпалдардың өзара әрекеттесуінен туындайтын күрделі жағдайларға байланысты. Сондықтан, тек мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ғана санасын өзгертуді ғана көздемейді, бүкіл қоғам санасын өзгертуге бағытталған әлеуметтік шаралар кешенін ұйымдастыруды қажет ететіндігі белгілі болды.

Сонымен, өзіндік білімін көтеру жоспарын жасау үшін ең алдымен, қандай дағдыны жетілдіру керектігін ойлану қажет. Уақытты тиімді пайдалану үшін бұл қадам маңызды болып табылады. Кейде жеке тұлға өзіне қажет емес бағытта қадамдар жасап, текке уақытын, қаржысын жоғалтады. Сонымен бірге, ынта жоғалғандықтан нәтижеге жете алмайды. Сол себепті мұғалім өзіне мынадай сұрақ қоюы қажет: «Бұл дағды маған не үшін қажет?». Осы сұрақтың жауабына сәйкес келесі қадам жасалады. Бұл дайындық кезеңі болып табылады. Келесі кезеңде әрбір мұғалім өзі үшін әр қадамы айқындалған нұсқаулық ретінде құжат дайындайды. Сонда ғана басқа қосымша керек емес дүниелерге алаңдамай, алға қойылған мақсатқа жетеді.

Екінші кезекте мақсаттардың тізбесін жасайды. Неғұрлым мақсаттар көп жазылса, соғұрлым оларды салыстыра отырып, маңыздысын анықтау оңай болады. Барлық мақсаттардың ішінен, ең дұрысы, екі-үш мақсатты таңдау. Сонда барлық мақсаттардың ішінен алға жылжу, жетілу үшін қажеттілерін таңдау оңай болады. Бұның барлығы ынтаны жоғарылауына әсер етеді.

Келесі кезеңде, қажетті ресурстар тізімін жасау. Ол үшін ғаламторды пайдалануға да болады. Мұнда ашық онлайн курстар, кітап-журналдар, видеосабақтар, конференциялар, біліктілік арттыру курстары, т.б. бар. Барлығы уақытты талап ететін болғандықтан, 3-4 негізгі ресурстарды таңдау керек.

Өзіндік білімін көтеру ұзақ және бірден нәтижесі көріне бермейтін үдеріс болғандықтан, оның негізгі кезеңдері айқындалса, үдеріс нәтижелі болады. Әрине бұның барлығы тайм-менеджмент дағдыларын игермей іске аспайды. Өйткені уақытты тиімді пайдаланып, күн тәртібі

болғанда ғана мақсатқа жетуге болады.

Осылайша, мұғалімнің өзіндік білімін көтеру жоспары педагогтің жеке ерекшеліктерін ескеретін, оны жаңа кәсіби деңгейге көтеретін, кәсіби құзыреттілікті көтерудің кең таралған және тиімді формасы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда /Н.Ә. Назарбаев //Егемен Қазақстан.- 2004.- 13 қазан (№255).- 1, 2 б. Астанада өткен білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі (12 қазан 2004 жыл).

2. Жусупова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. Алматы, 2011.

3. Профессионально-педагогические понятия. Словарь. 2005. Под ред. Г.М. Романцева.

ЕДІЛБАЕВ Е.Н.,
докторант,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан.
E-mail: yerzhanyedilbayev@mail.ru

САРЫБАЕВА Ә. Х.
доценті, п.ғ.к.,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан.
E-mail: aliya_sar65@mail.ru

ФИЗИКАНЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МОДЕЛІ

Аңдатпа. Мақалада айтылған мәселенің өзектілігі қазіргі кезде ақпараттандыру процесі адам қызметінің барлық салаларына, соның ішінде білім беру саласына айтарлықтай әсер ететіндігімен байланысты. Үздіксіз оқытуды қамтамасыз ететін білім беруді ақпараттандырудың өзекті бағыттарының бірі жеке пәндер бойынша, атап айтқанда физиканы қашықтықтан оқыту болып табылады. Зерттеу жұмысының мақсаты физиканы қашықтықтан оқыту процесінде білімгерлердің ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесін теориялық негіздеу және әзірлеу болып табылады. Зерттеу барысында теориялық: оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру, физикадан қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру, модельдеу мәселелері бойынша ғылыми басылымдарды зерттеу және талдау; эмпирикалық: сауалнама-диагностикалық әдістер (әңгімелесу, сауалнама, тестілеу), бақылау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде физикадан қашықтықтан оқыту процессінде ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастыру әдістемесінің моделі құрылды, зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы физиканы оқытудың теориясы мен әдістерінің физикалық білім беруді ақпараттандыру және физиканы оқытудағы құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру сияқты салаларын дамытуға қосқан үлесімен анықталады.

Кілттік сөздер: білімгер, әдістемелік модель, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік, физиканы оқыту, қашықтықтан оқыту.

Аннотация. Актуальность озвученной в статье проблемы обусловлена тем, что в настоящее время процесс информатизации оказывает существенное влияние на все сферы человеческой деятельности, в том числе и на сферу образования. Одним из актуальных направлений информатизации образования, обеспечивающим непрерывное обучение, является дистанционное обучение по отдельным дисциплинам, в частности физике. Целью исследовательской работы является теоретическое обоснование и разработка методики формирования информационных и коммуникативных компетенций обучающихся в процессе дистанционного обучения физике. В ходе исследования были использованы теоретические: формирование ключевых компетенций учащихся, организация дистанционного обучения по физике, изучение и анализ научных публикаций по проблемам моделирования; эмпирические: опросно-диагностические методы (беседа, опрос, тестирование), методы контроля. В результате исследования создана модель методики формирования информационно-коммуникативных компетенций в процессе дистанционного обучения по физике, Теоретическая значимость результатов исследования определяется вкладом теории и методов обучения физике в развитие таких областей, как информатизация физического образования и реализация компетентностного подхода в обучении физике.

Ключевые слова: обучающийся, методическая модель, информационно-коммуникативная компетенция, преподавание физики, дистанционное обучение.

Annotation. The relevance of the problem voiced in the article is due to the fact that at present the process of informatization has a significant impact on all spheres of human activity, including the field of education. One of the most relevant areas of informatization of education, providing continuous learning, is distance learning in certain disciplines, in particular physics. The purpose of the research work is the theoretical justification and development of methods for the formation of information and communication competencies of students in the process of distance learning in physics. In the course of the study, theoretical methods were used: the formation of key competencies of students, the organization of distance learning in physics, the study and analysis of scientific publications on modeling problems; empirical: survey and diagnostic methods (conversation, survey, testing), control methods. The study created a model of a technique of formation of information and communicative competences in the learning process in physics,

the Theoretical significance of the research results is determined by the contribution of the theory and methods of teaching physics in the development of such areas as physical Informatization of education and the implementation of the competence approach in teaching physics.

Keywords: student, methodological model, information and communication competence, teaching physics, distance learning.

Кіріспе

Қашықтан оқыту үйде оқитын мектеп оқушылары үшін, сырттай және экстернатты оқыту формаларына қажет, сонымен қатар дәстүрлі түрде оқитын балаларға да пайдалы. Екінші жағдайда, ол оқу жылы кезінде пәнге қызығушылық танытқан, артта қалған және қалайтындардың барлығына қолданылады. Мүгедек балаларға білім берудің бұл түрінің маңыздылығы айқын. Бейіндік оқыту жүйесі үшін қашықтық формасы , сондай-ақ студенттердің жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін өте пайдалы.

Күндізгі бөлімде оқитын мектеп оқушыларына физиканы қашықтан оқыту қажеттілігінің себептерінің бірі - физиканы оқуға бөлінетін сағаттардың қысқаруы және соның салдарынан білім алушылардың оқу материалының қажетті көлемін өз бетімен игеру кезінде қиындықтардың туындауы.

Қашықтан оқыту саласындағы теоретикалық және тәжірибиелік зерттеулер А.Е.Куттыбаеваның [1], Divjak, B., & Redep, N. B [2], және Silva R.C.A. [3] еңбектерінде жүргізілді.Алайда,негізінен еңбектер қашықтан оқыту физиканы жоғарғы орындарында қарастырған,тек аз ғана бөлігі мектептегі физиканы қашықтан оқыту қарастырған.

Қашықтан оқыту физикасы, сондай-ақ дәстүрлі оқыту сияқты мәні нормативті түрде көрсетілген білімдерді, дағдылар мен дағдыларды игеру ғана емес, оларды адам қызметінің әр түрлі салаларында практикалық қолдану болып табылатын құзыреттілікке негізделген әдісті жүзеге асыруды қамтамасыз етуі керек.

«Құзыреттілік тәсілі» мәселесіне қатысты Khayrullaevna, S.M., Sadikovna, M.F. [4], Ovbiagbonhia, A.R. [5] және т.б. дың еңбектері арналған.

Осы және басқа жұмыстардың авторлары «құзыр» / «құзыреттілік» ұғымдарын әр түрлі анықтайды [6]. Зерттеудің негізіне «құзыр» / «құзыреттілік» А.В. Хуторскийдің анықтамалары алынған , онда «құзыреттілік» дегеніміз - білім, білік және дағдылардың жиынтығы, құндылықмағыналық бағдарлар және оларды практикада қолдану тәсілдері, «құзыреттілік» дегеніміз адамның тиісті құзыреттілікке ие болуы.

Көптеген құзыреттіліктер арасында бастысы адам қызметінің кез-келген саласында ең әмбебап және қолданылатын болып бөлінеді [7].

Қазіргі өмірде ақпараттық технологиялар қарқынды дамып келе жатқандықтан, біз ақпараттық құзыреттілікті негізгі құзыреттіліктердің (құндылық-мағыналық, жалпы мәдени, білім беру және танымдық, ақпараттық, коммуникативті, жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі) ішіндегі маңыздыларының бірі деп санаймыз. Алайда, оқу процесінде ынтымақтастық пен ақпарат алмасу өте маңызды [8]. Сондықтан, біз дамыған ауызша және жазбаша сөйлеуді, әртүрлі, соның ішінде қарама-қайшы көзқарастармен жұмыс жасау, сұрақ қою және пікірталас жүргізу қабілеттерін қамтитын коммуникативті құзыреттілікті қарастырамыз.

Қоғам студенттің әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып білімді өз бетінше игеруіне, осы ақпаратпен жұмыс істей алуына (тәжірибеде қолдана алуына),сонымен қатар танымдық іс әрекеттің әр түрлі әдістерін қолдана отырып өзіне ыңғайлы уақытта жұмыс істей алуына қызығушылық танытады [9].

Осылайша, оқу үдерісіне құзыреттілік тәсілін енгізу [10] және Қазақстандағы білім беруді ақпараттандыру бағдарламасын құру жаратылыстану пәндерін оқытудың жаңа тәсілдерін іздеуді қажет етті, олардың арасында физика жетекші орын алады. Алайда физиканы қашықтықтан оқытудағы құзыреттілік тәсілді іске асырудың мәселесі жеткілікті дәрежеде құрастырылмаған. Айтылғандар мыналардың арасындағы қарамақайшылықтардың бар екендігін тұжырымдауға мүмкіндік береді:

1) физиканы оқытуда студенттердің ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігі және физиканы оқуға арналған сағат санын қысқарту;

2) физиканы оқытуда студенттердің ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігі және қашықтан оқыту физикасының қолданыстағы әдістерін қолдана отырып, бұл мәселені шешудің мүмкін еместігі.

Негізгі бөлім

Қашықтықтан оқыту физикасында студенттердің ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру процесін жүзеге асыру үшін екі модель құрылды: қашықтықтан оқыту физикасы бойынша оқушылардың ақпараттықкоммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесінің моделі (сурет-1) және зерттелетін құзыреттіліктің қалыптасуына әсер ететін физиканың қашықтық курсын құру және пайдалану (сурет-2).

Қашықтықтан оқыту физикасында студенттердің ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесінің моделі сурет-1 де көрсетілген. Оған қашықтықтан оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникативті құзыреттілік-

терді қалыптастыру бойынша оқытушының іс-әрекетін ұйымдастыруды сипаттайтын төрт блок кіреді; мақсат, жету әдісі, мақсатқа жету құралдары және жоспарланған нәтиже.

Мақсаты студенттерде ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті дамыту.

Бұл мақсатқа жетудің жолы - құзыреттілікке негізделген және модульдік тәсілдерге негізделген қашықтықтан оқыту физикасын ұйымдастыру. Біздің жағдайда бұл тәсіл физикадағы білім беру процесін төмендегідей ұйымдастыруды болжайды, онда оқушылардың ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру оқыту мақсаты ретінде әрекет етеді, ал мақсатқа жетудің құралы ретінде физиканы қашықтықтан оқыту процесінің мазмұнының модульдік құрылымы жүреді.



Сурет 1 - Физиканы қашықтықтан оқыту жағдайында білімгерлердің ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесінің моделі

Мақсатқа жетудің құралдары құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды қолдануға негізделген физиканы қашықтықтан оқыту процесін қамтиды. Қашықтықтан оқыту ұйымдастырудың формасының бірі қашықтықтағы курс болуы мүмкін. *Қашықтықтан оқыту деп біз ресурстарды (статикалық курс материалдары: дәріс мәтіндері, иллюстрациялар, нұсқаулар және т.б.) және курстың интерактивті элементтерін қамтитын тақырыптық модульдер жиынтығын түсінеміз.* Қолданыстағы бар физикадан қашықтық курстарын алуға болады немесе өз бетінше жасауға болады.

Жоспарланған нәтиже бойынша студенттердің ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерін дамытады немесе олардың даму динамикасы байқалады.

Физиканы қашықтықтан оқыту енгізу үшін физикада қашықтықтан курсты құрудың және қолданудың моделі жасалды. Модельдің әрбір

компонентінде ақпараттық-коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру мақсатына жетуге арналған арнайы формалар, әдістер мен оқу құралдары анықталған. Осы зерттеулерге сәйкес біз жасаған модель келесі кезеңдерді қамтиды: теориялық (ұйымдастырушылық), әдістемелік және процедуралық (ақпараттық оқыту) (сурет-2).



Сурет 2 - Қашықтықтан оқыту курсын әзірлеу технологиясы

Алғашқы екі кезең қашықтықтағы курсты әзірлеу блогына, соңғысы - оқытуда қолдануға, яғни курсты қашықтықтан практикалық іске асыруға қатысты.

Бірінші (теориялық) кезеңде курстың мақсаты, міндеттері, технологияландыру объектісі», қашықтықтан оқыту іске асырудың құралдарының болуы және зерттелген құзыреттіліктің қалыптасуының бастапқы деңгейі анықталады.

Екінші (әдістемелік) кезеңде оқытудың әдістері, құралдары мен формалары таңдалады.

Үшінші (процедуралық) кезеңде қашықтықтан оқытудың кіріспе, негізгі және соңғы қадамдары жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту процесінде зерттелген құзыреттіліктерді қалыптастыру әдістемесі модельдің жоғарыда келтірілген барлық сипатталған элементтерін қамтуы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылардың ақпараттық-коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін (төмен, орта, жоғары) анықтауға бағытталып, желілік технологиялардың қолдану негізінде іске асыра отырып, қашықтықтан оқыту процессін және құзыреттілік-бағыттауды анықтайтын білім берудегі құзыреттілік және модульдік тәсілдерге сүйенетін, физиканы қашықтықтан оқыту кезіндегі студенттердің ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптастыру әдістемесінің моделі жасалды.

Әзірлеу блогын (теориялық, әдіснамалық кезеңдер) және қолдануды (процедуралық кезеңді) қамтитын физикадан қашықтықтан курсты құру мен қолданудың моделі құрылды, оның шеңберінде студенттердің ақпараттық және коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың арнайы әдістері, формалары мен оқу құралдары бар.

Физиканы қашықтықтан оқытудағы студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қосымша зерттеуді қажет етеді, себебі қазіргі заманғы оқушының ақпараттық-білім беру ортасы көптеген ақпарат көздерімен қанықкан, үнемі күрделеніп, жетілдіріліп отырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А.Е.Куттыбаева, Қашықтан оқыту жүйесінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялары. // Нанотехнологии в материаловедении - новый вектор индустриализации Казахстана: Тезисы Международной научно-практической конференции. - Алматы, 2014.
1. Divjak, B., & Ređep, N. B. (2015). Strategic Decision Making Cycle in Higher Eeducation: Case Study in E-learing. International Conference E-Learning 2015 STRATEGIC, (2), 19–26. Retrieved from https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED562492.pdf.
2. Silva, R. C. A., e Silva, V. L. de F. F., & Silva, A. P. (2019). Distance learning for teaching in physical education. Motriz. Revista de Educacao Fisica. Universidade Estadual Paulista - UNESP. https://doi.org/10.1590/s1980-6574201900010002
3. Khayrullaevna, S. M., Sadikovna, M. F., Setiaevna, R. I., & Akmalovna, F. R. (2020). Efficacy of using distance learning in teaching process. European Journal of Molecular and Clinical Medicine, 7(2), 797–801. https://doi.org/10.31838/jcr.07.11.216.
4. Ovbiagbonhia, A. R., Kollöffel, B., & Brok, P. den. (2019). Educating for innovation: students' perceptions of the learning environment and of their own innovation competence. Learning Environments Research, 22(3), 387–407. https://doi.org/10.1007/s10984-019-09280-3.
5. Bergsmann, E., Schultes, M. T., Winter, P., Schober, B., & Spiel, C. (2015). Evaluation of competence-based teaching in higher education: From theory to practice. Evaluation and Program Planning, 52, 1–9. https://doi.org/10.1016/j.evalprogplan.2015.03.001
6. Prokopenko, O., Osadchenko, I., Braslavska, O., Malyshevska, I., Pichkur, M., & Tyshchenko, V. (2020). Competence approach in future specialist skills development. International Journal of Management, 11(4), 645–656. https://doi.org/10.34218/IJM.11.4.2020.062
7. Kassenova, L. G., & Saduakassov, K. B. (2019). IMPLEMENTATION OF THE COMPETENCE APPROACH IN TEACHING PHYSICS IN THE HIGHER EDUCATIONAL ESTABLISHMENT. EurasianUnionScientists, 5(62), 26–29. https://doi.org/10.31618/esu.2413-9335.2019.5.62.120
8. Batyrbekova, A., Sarybayeva, A., Turmambekov, T., & Serikkyzy, A. (2020). Evaluation of the system of methodical training of a physics teacher in the conditions of modernization of education. European Journal of Contemporary Education, 9(1), 4–18. https://doi.org/10.13187/ejced.2020.1.4
9. Forkun, N. V. (2018). THE IMPLEMENTATION OF THE COMPETENCE APPROACH OF TEACHING PHYSICS IN HIGH SCHOOL. Collection of Scientific Papers of Kamianets-Podilskyi National Ivan Ohiienko University. Pedagogical Series, (24), 124–127. https://doi.org/10.32626/2307-4507.2018-24.124-127

УДК 378

ЕРАЛИЕВА Т.Е.
аға оқытушы, психология ғылымдарының кандидаты,
Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы

СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақала қазіргі қоғам және әрбір адам үшін өзекті коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне арналған. Коммуникативтік құзыреттілік-кәсіби құзыреттілік элементі. Қызмет саласына қарамастан, қазіргі заманғы мамандар ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларына ие болуы керек; коммуникативті ортаның ерекшеліктерін білу; өз іс-әрекеттерін жоспарлау және талдау кезінде іскерлік қарым-қатынас принциптерін қолдана білу; байланыстардың мақсаттары мен стратегияларын анықтау; серіктестердің ниеттері мен байланыс тәсілдерін ескеру; қажет болған жағдайда өзіңіздің сөйлеу тактикаңызды және стратегияңызды өзгертіңіз және т.б. университет түлегін кәсіби даярлауда еңбек нарығында маманның коммуникативті дағдылары мен дағдыларына қойылатын талаптарды ескеріп, оқу процесіне коммуникативті құзіреттілікті теориялық және практикалық тұрғыдан игеру мен дамытудың тиімді әдістерін кеңінен енгізу керек.

Авторлар тұлғааралық қарым-қатынастардағы қабылдау мен рефлексияның аспектілеріне тоқталады, қарым-қатынас түрлерін, әдістерін және оқытудың топтық әдістерін сипаттайды. Рөлдік ойындар, топтық пікірталастар, тренингтер сияқты тиімді ұжымдық оқыту формаларына баса назар аударылады. Сонымен қатар сабақта студенттердің өзін-өзі бағалауы айтарлықтай өсті, топтағы қарым-қатынас нығайды, әл-ауқат, белсенділік, көңіл-күй көрсеткіштері жақсарды, жанжал жағдайларында өзін-өзі ұстай білу қабілеті пайда болды және т. б.

Түйінді сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, қарым-қатынас процесі, топтық әдістер, технологиялар, әдістер, диалогтық оқыту, жеке тұлғаға бағытталған көзқарас, студенттер, қарым-қатынас, мотивация, коммуникативтік дағдылар, шығармашылық, белсенділік, даму, қалыптастыру.

Резюме. Статья посвящена проблеме формирования коммуникативной компетенции, актуальной для каждого современного человека и общества в целом. Коммуникативная компетентность – элемент профессиональной компетентности. Современным специалистам независимо от сферы деятельности необходимо обладать навыками работы с информацией; знать особенности коммуникативной среды; уметь использовать принципы делового общения при планировании и анализе своих действий; определять цели и стратегии контактов; учитывать намерения и способы коммуникации партнеров; менять по мере необходимости собственные речевые тактики и стратегии и т. д. В профессиональной подготовке выпускника вуза следует учитывать требования, которые предъявляются рынком труда к коммуникативным умениям и навыкам специалиста, и широко внедрять в образовательный процесс наиболее продуктивные методики теоретического и практического усвоения и развития коммуникативной компетенции.

Авторами обозначены аспекты восприятия и рефлексии при межличностных контактах, описаны групповые методы обучения видам, способам и приемам коммуникаций. Основное внимание уделяется таким эффективным коллективным формам обучения, как ролевые игры, групповые дискуссии, тренинги. Приведены фрагменты урока: у студентов заметно выросла самооценка, укрепились взаимоотношения в группе, улучшились показатели самочувствия, активности, настроения, появилось умение сохранять самообладание в конфликтых ситуациях и т. д.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, процесс коммуникации, групповые методы, технологии, методы, диалоговое обучение, личностно-отентированный подход, студенты, общение, мотивация, коммуникативные навыки, творчество, активность, развитие, формирование.

Summary. The article is devoted to the problem of the formation of communicative competence, which is relevant for every modern person and society as a whole. Communicative competence is an element of professional competence. Modern specialists, regardless of their field of activity, need to have the skills to work with information; know the features of the communication environment; be able to use the principles of business communication in planning and analyzing their actions; determine the goals and strategies of contacts; take into account the intentions and methods of communication of partners; change your own speech tactics and strategies as needed, and so on. In the professional training of a university graduate, it is necessary to take into account the requirements imposed by the labor market for the communicative skills of a specialist, and widely introduce the most productive methods of theoretical and practical assimilation and development of communicative competence into the educational process.

The authors identify aspects of perception and reflection in interpersonal contacts, describe group methods of teaching the types, methods and techniques of communication. The main focus is on such effective collective forms of learning as role-playing games, group discussions, and trainings. Fragments of the lesson are given: students ' self-esteem has significantly increased, relationships in the group have strengthened, indicators of well-being, activity, mood have improved, the ability to maintain self-control in conflict situations has appeared, etc.

Keywords: communicative competence, communication process, group methods, technologies, methods, dialog training, personality-oriented approach, students, communication, motivation, communication skills, creativity, activity, development, formation.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты, «халықты қоғамда сұранысқа ие дағдылар мен рухани-адамгершілік құндылықтары бар тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз ету», «педагог мамандығына сұранысты арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғырту» мақсаты болып табылады. Жоғары оқу орындарында жоғары білім беру жүйесін дамытудың көптеген аспектілеріне, оның ішінде болашақ педагогтарды кәсіби даярлауды қозғай отырып, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөледі [1].

Кәсіптік білім берудің басым бағыттарының бірі Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сұранысқа ие құзыретті педагог кадрларды даярлау болып табылады. Педагогтарды кәсіби даярлау процесінде белгілі бір тұлға қалыптасады, дамып жетіледі, өзін-өзі танып, кәсіби қалыптасады, бұл мәдени, экономикалық және саяси әлеуетті қамтамасыз ете отырып, тұтас бір елдің болашағын анықтайды.

Қоғам талаптарына сәйкес болашақта тек өз мамандығын игеріп қана қоймай, коммуникативті, жауапты, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерге ие болып, әлемдік еңбек нарығында мобильді, бәсекеге қабілетті мамандар болуы керек. Осыған байланысты педагогикалық білім алған құзіреттіліктерді нәтижелі игеруге бағытталуы қажет.

Қазіргі қоғамда тек кәсіби құзыреттілікке ие, практикалық іс-әрекетінде қажетті білім, білік және дағдыларды қолдана алатын ғана емес, сонымен қатар жеке қабілеттер мен мүмкіндіктерді қолдана отырып, өз қызметі мен уақытын ұтымды басқару дағдыларын дамытуға бағытталған өзінің кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруға және нақты жоспарлауға қабілетті мамандар сұранысқа ие. Сол себепті университеттің білім беру процесі студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін білім берудің әртүрлі формаларын белсенді енгізуге бағытталуы керек.

Осы орайда студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі қарастырылады. Зерттеушілер технологиялардың алты түрін белгілейді: білім берудің диалогты әдістері; ойын технологиялары; тренингті технологиялар; интеграцияланған тұлғалық-бағдарлы технологиялар; оқу-кеңістік ортасы; сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиялары [2. 243 б].

Осы аталған білім беру технологиялары әртүрлі болғанмен, олардың жалпы бір ұқсастығы бар: практикада олардың барлығы білім берудің сабақ жүйесінде негізделеді. Бірақ оларды практикада қолдану мынадай факторлармен қиылыспайды: ең жақын даму аймағында білім беру ұйымдастырумен шығармашылық оқыту әдістерімен; студенттердің психологиялық ерекшеліктеріне білім берудің бағытталуымен.

Дәл осы факторлар студент тұлғасына бағытталған білім берудің моделін жасауда ең негізгілер болып табылады.

Қазіргі уақытта сабақ жүйесінде де тұлғалық-бағдарлы білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқыту формалары бар. Олар бір топта түрлі деңгейлі оқу бағдарламаларының бірнеше нұсқасын қолдануға, оларды мтуденттердің таңдап, ең жақын даму аймағына сәйкес жеке жылдамдықпен ұйымдастырылуына, әрбір студенттің дер кезінде кәсіби көмек алуына, білім берудің шығармашылық сипатта болуына, материалды проблемді ұсынуға мүмкіндік береді. Ол мүмкіндікті қазіргі информатика мен телекоммуникация құралдарын қолдана отырып, жүзеге асырады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде студенттердің коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруды диалогтық және топтық қарым-қатынастарға негізделген интерактивті технологиялар арқылы жүзеге асырады. Олар: сократтық әдіс, еркін микрофон, миға шабуыл, ашық ойлар сәті**,** «үлкен шеңбер», «вертушка», «аквариум».

Әр студенттің еңбегі пайдалы болу керек. Өзінің ғана емес, өзгенің де еңбегі жауапкершілікпен қаралуы керек. Түсінген әр студент басқаға, серіктесі меңгергенше тексеру. Өзі оқи отырып, өзгені оқытуға үйрету. Мұндағы диалогтық білім берудің негізгі мақсаты: әр студенттің қабілетін дамыту, еңбек етуге баулу, коммуникативтік қабілетін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзін-өзі басқаруға, бақылауға, байқампаздыққа жетелеу. Бұл коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қарым-қатынасты дамыту негізінде білім беру студенттің жеке тұлға ретінде және ақыл-ой зердесін дамытуда үлкен роль атқарады [4. 36 б.].

Жоғарыда аталған жағдайды талдай келудегі ізденісте осы негізде біріктіруші құрал болып мәтінді технологиялық өңдеу жатыр.

Диалог пен топқа негізделген сабақты ұйымдастырудың тәжірибесін талдай отырып, мына ережелерді ұсынамыз:

Бірінші ереже. Сабаққа барлық қатысушылар қандай да бір деңгейде тартылуы қажет. Бұл мақсатта сабаққа қатысушыларды талқылау үрдісіне қатысуға мүмкіндік беретін технологияны қолдану пайдалы.

Екінші ереже. Студенттердің психологиялық даярлығына қамқор болу қажет. Мұнда сөз сабаққа келушілердің барлығы бірдей жұмыстың қандай да бір түріне тікелей қатысуға психологиялық даяр болмауы мүмкін. Осыған байланысты, сергіту, қатысушыларды жұмысқа белсенді қатысуымен мадақтап отыру, студенттің өзін жүзеге асыруына мүмкіндік беру пайдалы.

Үшінші ереже. Қатысушылардың саны мен білім беру сапасы тікелей бағыныштылықта болуы мүмкін. Тек осы жағдайда топтағы өнімді жұмыс мүмкін. Өйткені мәселе бойынша әрбіреуін тыңдау, әрбір топтың шығуы маңызды. Өзіміз жоғарыда айтып кеткендей, топтың құрамы – 5-7 адамнан тұруы тиімді болып табылатынын тәжірибе жұмысымыз көрсетті.

Төртінші ереже. Жұмысқа арналған орынды даярлауға көңіл бөлу керек. Бұл алғаш көрінгендегідей жай мәселе емес. Аудитория қатысушылардың үлкен және топтардағы жұмысқа ауысуы жеңіл болатындай есепте даярлануы қажет. Яғни студенттерге қолайлы жағдай тудырылуы қажет.

Әрине сабақ үстелді «шырша», «дөңгелек үстел» түрінде орналастырған тиімді, мұнда әр студент сабақты жүргізушіге қырынан, «бетпе-бет» отырады және топта жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

Бесінші ереже. Жүру барысы мен тәртібіне аса мән беру қажет. Топта жұмыс жасау ережелерін алдын ала келісіп алып, оны бұзбауға тырысу қажет. Мысалы, барлық қатысушылардың кез-келген көзқарасқа шыдамдылық танытуын, әр адамның сөз бостандығын, өзгенің пікірін тыңдау қажет.

Алтыншы ереже. Сабаққа қатысушылардың топқа бөлінуіне үлкен көңіл бөлу қажет. Алдымен оны еріктілік негізде жүргізген жақсы. Кейін кездейсоқтық таңдау принципін қолданған дұрыс [3. 27 б.].

Қорытындыда айта кетеріміз, топта жұмыс жасау бір мезгілде бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік береді. Бастысы - ол коммуникативтік білік пен дағдыны дамытады, студенттердің арасында эмоциональдық байланыс орнатуға көмектеседі, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді, өйткені топта жұмыс жасауға, жолдастарының пікірін ескеруді үйретеді. Сонымен қатар, сабақ барысында топты қолдану, практика көрсетіп отырғандай студенттердің жүйкесіне түсірер салмақты шешеді, олардың іс-әрекет түрін алмастыруға, сабақтың негізгі сұрақтарына зейін аударуға мүмкіндік береді.

Топтық жұмыстың мәні - адам арнайы жасалған ортасында алынған тәжірибесін сыртқы әлемге ауыстырып, оны сәтті қолдана алуы. Алайда топтық оқыту технологиясын ұйымдастырушылары үшін таза оқу мақсатынан басқа, топта жүріп жатқан өзара әрекет үрдісінде өзге адамдардың құндылығы есепке алынып, олармен қатынасқа, олардың қолдауына деген қажеттілік қалыптасуы маңызды. Сондықтан да білім беруде сәтті нәтижеге жету үшін қажетті екі негізгі қызмет жүзеге асуы қажет: бірлескен жұмыс барысында қойылған міндетті шешу (оқу, т.б.), топ мүшелеріне қолдау көрсету [5. 37 б].

Топтық оқытудың барысын бақылау мақсатында бірнеше сабақтар блогынан кейін (лексика, синтаксис және т.б.) студенттерге кері байланыс парақтары үлестіріліп отырды. Ондағы сұрақтардың мазмұны төмендегідей болды:

1) Топта жұмыс жасау жеңіл ме?

2) Кім қолайсыздық сезінді және неліктен?

3) Өзіне топтың басқарушысы рөлін алатын адам үнемі дұрыс па?

4) Үндемей қалатындардың позициясы қандай нәтижеге әкеледі?

5) Сөйлеуіне мүмкіндік ала алмаған адам нені сезінеді?

6) Жалпы жұмысқа не көмектеседі және не кедергі болады?

7) Оқытушының көмегі қандай болу қажет?

8) Бірлескен жұмыста өзіңе не аласың?

Топтық оқыту әдістерінің жоғары тиімділігі төмендегілерден көрінеді:

1) қарым-қатынасқа түсу, диалог құру, басқарудың практикалық дағдыларын, іс-әрекет барысында нақты мәселе мен тұлғааралық дау-жанжалды шешудің білігін тез және сәтті үйрену.

2) студенттердің оқу мотивациясының жоғарылауы, олардың сабақтағы қызығушылығы. Студенттердің эмоционалдық саласын зерттеу сауалнамасын қайта жүргізген кезде олардың 89% сабақ кезінде қуаныш, сабақ аяқталмаса екен, қанағаттану сезімдерін бастан кешіретіндерін сөз еткен.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Біздің зерттеу жұмысымызда топта қолданған әдістерге кеңірек тоқталып өтсек.

Сократтық әдіс. Тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған оқытудың белсенді және өнімді формасы. Негізі – студенттің өзі араласатын білім беру үрдісіне белсенді қатыстыруда ақыл-ойдың қозғалысы жайындағы Сократтың ілімі. «Сократтық сұрақтар» көмегімен студенттің іс-әрекетін ұйымдастыру - санасында «шындықтың өз бетімен туындауының» факторы болып табылады. Сократтық әдістің дидактикалық құрылымы білім беру мазмұнының

өткеннен келесіге, жақыннан қашықтағыға өту қағидасына негізделеді және «белгілі білім емес» принципі бойынша құрылады. Ерекшелігі – әдіс қарапайым өмірлік ситуациялар негізінде құрылады. Шындықты бірлесе іздеу – білім берудегі ең басты тәсіл. Сократтың студенттермен әңгімесі дәстүрлі тақырыптардан басталған. Диалогты өрістете отырып, оны құрамдас бөліктерге ажырата отырып, оның әрбір талқылау тармақшасынан жаңа сұрақтар тудырып, өзімен бірге ойлануға дайын адамдардың ойын шындықты іздестірудің қиын жолына апарған. Ойдың туындауына көмектесе отырып, Сократ бірде бір көзқарасты назарынан тыс қалдырмаған, алдын ала ешбір көзқарасқа жақтаспай, әңгімелесушілерді өзін-өзі жоққа шығаруға қатыстырған, осылайша, беделге емес, тек дәйектерге сенуге үйреткен. Сократтың пайымдауынша, педагог ештеңені қалыптастыру керек емес, ол басқа адамдарда даналықтың туындауына жағдай жасауы керек. Бұл сенім оның «майевтика» (повивальное искусство) деп аталатын еркін әңгімелесу әдісінің негізінде жатыр. Кейде майевтиканы әңгімелесушіге көрсетілетін құрметтің жеткіліксіз деңгейі үшін сынға алған, былайша айтқанда, сократтық мысқыл үшін: философ өтірік ештеңе білмейтін және ештеңе түсінбейтін болып көрініп, өзі әңгімелесіп отырған адамнан үйренген, олардың айтқан дәйектерін кенеттен «қарапайым» сұрақтармен, қорытындылармен, ой тұжырымдарымен оның білімін жоққа шығару. Бұндай әңгімеден кейін аса ақылды емес адам ренжісе, ақылды адам өзінің біліміне күдіктене қарап, ізденетін болған. Сократ мұғалім тұлғасына ерекше қараған: одан нақты білім де, идеяны студенттің бойына дарыту да емес, сұрақ қою шеберлігін, өзіндік талқылау, ой жүгіртуге итермелеу шеберлігін жоғары бағаланған [6. 240 с.].

Еркін микрофон. Бұл әдісті сабақтан тыс уақытта қолданған тиімді. Бұл белгілі бір мәселе бойынша ұжым алдында сөйлеу. Бір күннің проблемасы алдын ала ұсынылады. Бұл сабаққ даярлануға, өз сөзін белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл форманың уақыты аса шектелген. Еркін микрофонды бір адам жүргізу қажет. Ол сөйлеушілер ретін белгілейді, қорытындылайды, жұмысты ұйымдастырады.

Еркін микрофон әдісін пайдалану топта дәстүрге айналған. «Язык мой – друг мой» тақырыбы бойынша еркін микрофон әдісін пайдаланып семинар сабаға өткізілді. Студенттер өз бетімен іздене отырып, тілдің мәні жайында қысқаша әңгімелер, өлеңдер даярлап, оны жалпы талқылауға салды.

Миға шабуыл. Шығармашылық белсенділікті және жаңа идеяларды тез жасау іскерлігін дамытудың әдісі. Әдістің басты міндеті – танымдық іс-әрекетті белсендендіру және студенттердің өнімді білім беру үрдісіне қатыстыру. Технологиясы: сипаты бойынша әртүрлі сұрақтарды пайдалана отырып берілген сұрақ немесе зерттелетін проблема бойынша көп идеялар жинақтау. Идеялар сыналмайды және комментарий берілмейді [7. 244-257 б.].

Миға шабуылды ұйымдастыру ережелері:

1) Миға шабуыл уақытында сыныптың барлық оқушылары қатысады.

2) Ұсынылған идеяларларға комментарий берілмейді және сынға алынбайды.

3) Идеяны нақтылау және дамыту мақсатында сұрақ қоюға болады.

4) Миға шабуыл барысында аралық бағалар қойылмайды.

5) Мәселені талқылау деңгейінде ұсынылатын барлық идеялар қабылданады.

6) Ойлар нақты және қысқа болуы керек.

Ашық ойлар сәті. Алдын ала проблема жарияланады. Студенттер берілген мәселе бойынша өз дәйектерін құрады, өз көзқарасын білдіреді. Студенттердің жауаптары қысқа, нұсқа, логикалық құрылған болуы тиіс. Зерттеу процесі, ақпаратты, фактілерді өз бетімен іздеу ынтымақтастықта өтуі тиіс.

Іскерлік ойынның негізінде иммитациялық модель жатыр, ол психологиялық көзқарас тұрғысынан жасалып жатқан іс-әрекеттің бағдарланушы құрылымының арнайы материалдық формасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл модель ережелердің қатал жүйесін қоюға, оларды ескеру қатысушылардың ойынды біртұтас бейнелеуге, яғни жасалатын іс-әрекеттің бағдарланушы құрылымын игеруге мүмкіндік береді. Іскерлік ойын механизмі өмірдегі шындықпен беттесетіндей ерекше жағдайларды жаңғыртады. Бұдан өту «ортаның қарсы шығуы» адамның кәсіби және әлеуметтік қалыптасуы үшін үлкен мүмкіндіктер береді.

Рөлдік ойындар**.** Қатысушылар өздеріне белгілі бір рөлді, жобаның мазмұны мен сипатын алады. Бұл әдеби кейіпкерлер немесе ойдан шығарылған кейіпкерлер болуы мүмкін. Ал ол әлеуметтік немесе іскерлік қарым-қатынасқа, қатысушылардың ойлап шығарған жағдайына қарай күрделенеді. Бұл жобалардың нәтижесі оның басында белгіленеді немесе тек соңына қарай айқындалады. Мұнда шығармашылық деңгей өте жоғары, бірақ басым әрекет түрі рөлдік–ойын болып қала бермек.

Топтық өзара әрекеттің ең қарапайым түрі – «үлкен шеңбер». Жұмыс үш түрлі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең - ол үлкен шеңбер болып орындықтарға отырғызылады. Оқытушы мәселені қояды. Екінші кезең - белгілі бір уақыт ішінде (10 мин. шамасынды) әр студент жеке, өз парақтарында мәселені шешу жолдарын жазады. Үшінші кезең - шеңбер бойымен әр студент өзінің ұсынысын оқиды, топ тыныш тыңдайды (сынамайды) және әр бөлім бойынша дауысқа салынады. «Үлкен шеңбер» тәсілі сұрақты шешу жолдары мен оның шешімін құраушыларды тез

анықтау мүмкін жағдайда қолдану тиімді. Мұнымен жобаларды немесе нұсқауларды, бағдарламаларды жасауға болады.

«Аквариум» - диалог түрі, мұнда студенттерге «көпшілік алдында» мәселені талқылау ұсынылады. Топ мәселесі бойынша диалогты жүргізе алатын сенімді адамды таңдайды. Кейде бұл бірнеше адам болуы мүмкін. Қалған қатысушылар көрермен рөлінде болады. Аты да осыдан шығып тұр. Бұл ұйымдастыру түрі студенттерге не береді? Өзіндей адамдарды сырттан бақылауға мүмкіндік алады: яғни, олар қалай қатысады, өзгенің ойына қалай жауап береді, туындап келе жатқан дау-жанжалды қалай шешеді, өз ойын қалай дәлелдейді т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу үдерісінде жаңа технологияларды қолдану арқылы студенттердің таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі. Қорытындылай келе, әрбір оқытушы өз пәнінде түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана алса, студенттердің қызығушылық артып, білім сапалары жоғарылай түсетіні сөзсіз. Сондықтан оқытушы сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу – тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш – жігерін жұмсауы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2020 - http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988
2. Жусупова Р. Коммуникативные задания для работы с текстом по специальности // Ұлт тағылымы - №4, 2006. – 243 б.
3. «Инновациялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан, 2002 - №65.-22 б.
4. Төребаева К.Ж. «Болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас құзыреттілігі»// «Инновационная модель образования: тенденции и перспективы» - Актобе, 2007-36 б.
5. Кредиттік жүйе жағдайында оқытудың инновациялық технологиялары./ Ә.М.Муханбетжанова, С.М.Бахишева. М.Өтемісов атындағы БҚМУ. Орал, 2006.-37 б.
6. Гуревич Г.Ф., Бекишева Р.И., Шаймакова Р.К. Русская речь: Учебник для 6 класса общеоьразовательной школы с казахским языком обучения. 2-е издание, доработанное. – А., Атамұра, 2006. – 240 с.
7. Педагогические технологии: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей/ Под общей ред. В.С.Кукушина. – Серия «Педагогическое образование». – М., 2004. 3.16. Метод проектов. 244-257 б.

УДК: 378.(075)

ЕРАЛИНА А. Қ.,
доцент,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті,
Email: aika.erali@mail.ru

БАЙКЕНЖЕ Н. Қ.
магистр, аға-оқытушысы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРДЕ ТҰЖЫРЫМ ЖАСАУ

Түйін. Бұл мақалада болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілінін жетілдіруде ғылыми еңбектерге сүйене отырып талдау. Жоғары оқу орындарында дайындайтын студент педагог-психологтың оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру. Кәсіби құзыреттілікті анықтауда педагог, психолог, философтардың пікірлері мен жаңа ойларды қарастыру. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі, яғни, педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асыратындай оның теориялық және практикалық даярлығын қалыптастыру. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің әртүрлі аспектілерімен қарастыруы. Зерттеуші «біліктілік» және «құзыреттілік» ұғымдарын салыстыра отырып, «құзыреттілік» біліктілікті сипаттайтын кәсіби білім мен біліктен басқа, мынадай сапаларды, яғни бастамашылық, бірлестік, топта жұмыс істей алу қабілеті, коммуникативті қабілеттер, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты іріктеу және қолдану білігінен тұрады.

Кілт сөздер: Кәсіби білімі, жоғары оқу орны, заманауи білім, кәсіби құзыреттілік, құзыреттілік, болашақ педагог-психолог.

Резюме. В данной статье представлен анализ профессиональной компетентности будущего педагога-психолога на основе научных трудов. Организация учебно-воспитательного процесса педагога-психолога, обучающегося в высших учебных заведениях. Рассмотрение мнений и новых мыслей педагогов, психологов, философов в определении профессиональной компетентности. Профессиональная компетентность педагога. Формирование его теоретической и практической готовности к осуществлению педагогической деятельности. Рассмотрение будущими педагогами-психологами различных аспектов профессиональной компетентности. Исследователь, сравнивая понятия «квалификация « компетентность», помимо профессиональных знаний и умений, характеризующих квалификацию «компетентность», включает следующие качества: инициативность, сплоченность, умение работать в команде, коммуникативные способности, обучаемость, оценка, логическое мышление, умение подбирать и использовать информацию.

Ключевые слова: Профессиональное образование, высшее учебное заведение, современное образование, профессиональная компетентность, компетентность, будущий педагог-психолог.

Summary. This article presents an analysis of the professional competence of the future teacher-psychologist on the basis of scientific works. Organization of the educational process of a teacher-psychologist studying in higher educational institutions. Consideration of opinions and new thoughts of teachers, psychologists, philosophers in determining professional competence. Professional competence of the teacher. Formation of its theoretical and practical readiness for the implementation of pedagogical activities. Consideration by future teachers-psychologists of various aspects of professional competence. The researcher, comparing the concepts of "qualification " competence", in addition to professional knowledge and skills that characterize the qualification "competence", includes the following qualities: initiative, cohesion, ability to work in a team, communication skills, learning ability, evaluation, logical thinking, ability to select and use information.

Keywords: Professional education, higher education institution, modern education, professional competence, competence, future teacher-psychologist.

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Қазіргі білім беру жүйесінде, болашақ жас мамандардың білдімді ұрпақ, шығармашылық қабілетінің өсуі мен шебер болып қалыптасуында. Жоғары оқу орындарында алған білімдерімен өздерінің кәсіби білімдерінің ұштастырып өмірлік жолында қолдана білуінде.

Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары: конструктивтік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары

дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. [1]

Мұғалімнің кәсіби білімі – мұғалімнің әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, игерген білім, білікті тәжірибеде қолдана білуі және өзін-өзі, қоршаған ортаны жаңарту қабілетімен қатар басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады [2, б. 29].

Қазіргі мұғалімдердің ғылыми-педагогикалық деңгейін көтеру, педагог қызметкерлердің кадрлық әлеуетін дамыту, көпшілік жағдайда, жоғары білім беру жүйесінде заманауи білім беру технологияларын нәтижелі пайдалана білуге үйретуге байланысты болып отыр. Университеттерде білім беру саласы мамандарын даярлау [3, б. 169].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады. Мұғалім кадрларын кәсіби оқыту жүйесінде педагогикалық практика өте маңызды орын алады. Ол жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінің басты бір бөлігі болып табылады да, болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығы мен практикалық іс-әрекетін біріктіруін қамтамасыз етеді.Педагогикалық практика үрдісінде келесі міндеттер шешімін табады: [1]

Соңғы жылдары білім беру саласында болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. Кәсіби құзыреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, физиологтардың, арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Тұлғаның кәсіби үдерісін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады. Қазіргі кезде осы мәселені түбегейлі зерттеп жүрген ресейлік ғалымдар: В.А. Адольф, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Э.Ф. Зеер, В.А. Сластенин, Т.Ф. Лошакова т.б. педагогикалық зерттеулерінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады. Д.Дьюи, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, П.Сорокин, Ф.Знанецкий сынды философтар кәсіби құзыреттілікті адамның ортаға үйренуіне қажетті әрекеттер түрі ретінде қарастырады [4, б. 3]

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагогикалық әрекеттің жүйесінде оқытушылар мен студенттер тұжырымдамалар мен идеяларды меңгереді, білімдер мен дағдылар алады [5, б. 172]

Ғылыми әдебиеттерде әдіснамалық тұжырым жасауда белгілі бір педагогикалық психологиялық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы деп қарастыруға болады[6, б. 48]. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі, яғни, педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асыратындай оның теориялық және практикалық даярлығының бірлігі ретінде айқындалып, оның кәсіптілігін көрсетеді.

Осы анықтаманы профессор Н.Д.Хмель қолдаса, ғалымдар Г.М.Коджаспиров, А.Ю.Коджаспирова педагогтың кәсіби құзыреттілігі ол оның педагогикалық қарым-қатынасын және педагог тұлғасы ретінде арнайы құндылықтардың, педагогикалық сананың, педагогикалық іс-әрекеттің қалыптасқанын анықтайтын қажет білімді, іскерлік пен дағдыны меңгеруі болып табылады [6, б. 13].

Кәсіби құзыреттілікті зерттей келе, Г.А.Ларионова негізгі құзыретке «мәдениаралық және салаарлық білім, дағдылар, мүмкіндіктер табысты қызметке әр түрлі кәсіби қауымдастықтар үшін қажет», - деп атап көрсеткен болатын [6, б. 42].

Жоғары оқу орнының білім беру жүйесінде кәсіби құзыретті маман қалыптастыру мәселесінің зерттелуі XX ғасырдың 80-90 жылдары қарқынды дами бастады. Кәсіби құзыреттіліктің жекелеген түрлерінің жалпы феноменологиясы В.А.Адольфтың және т.б. сияқты білікті ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көрініс тапты. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің әртүрлі аспектілерімен К.А.Абульханова, Л.И.Мищенко, М.В.Прохорова, Е.И.Рогов, Д.С.Савельев, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина және т.б. ғалым-зерттеушілер айналысты [6, б. 51].

Ғылыми зерттеудің теориялық негіздерінде қарастырылғандай, болашақ педагог-психологтың құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі түрлі бағыттарда зерттеген шетелдік ғалымдар:

- дифференциалдық-психологиялық құзыреттілік мәселесі А.А.Реан, Е.С.Алешина және т.б.;
- басқарушылық құзыреттілік мәселесі – А.В. Прохорова және т.б.;
- дидактикалық-әдістемелік құзыреттілік мәселесі–Т.Б. Руденко және т.б.;
- педагог-психологтың кәсібилігінің бір бөлігі ретінде – құзыреттілік – Ю.В.Вардарян, Т.В.Новикова және т.б.;
- педагог-психологтың педагогикалық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті білім, іскерлік, дағды және қабілеттіліктің, психологиялық сапалардың жүйесі жайындағы мәселелер – А.К.Маркова және т.б.;
- педагог-психологтың тұлғалық қасиеттерінің негізінде педагогикалық қызметті орындау формасы түріндегі құзыреттілік мәселесі – Е.М.Павлютенков және т.б [6, б. 51]

Зерттеу барысында болашақ педагог-психолог сутденттердің диагностикалық Құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі күрделі және көп аспекті-

лі. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселені ғылыми еңбектерде жеткілікті терең негіздеме алған құзыреттілік тәсіл концепциясы контекстінде қарастыру қажет. Зерттеудің жеткілікті кең спектріне қарамастан, айта кету шарт, болашақ педагог-психологты кәсіби даярлауда диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі жеткілікті талданбаған. Бұл параграфта психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі «диагностикалық құзыреттілік» түсінігінің зерттелу деңгейін қарастырамыз.

Терминнің тарихына тоқталатын болса, онда XX ғасырдың 70 жылдарында-ақ "құзыреттілік" термині оқытуды жекешелендіру мәселесіне байланысты Еуропа елдері мен АҚШ-та кеңінен қолданылды. Ол кезде ой айтарлықтай қарапайым болатын: оқытуда ғылым негіздерімен және оқытудың сәйкес әдістерімен шектеліп қалуға болмайды, сыныптағы микроортаны, тұлғааралық қарым-қатынастың барлық деңгейлерін дамытуға тырысу қажет. Іс-әрекет мектептегі оқу-тәрбие үдерісі шеңберінен шықкан жоқ. Осы мәселе бойынша ұғымдық шегінің мазмұнына тоқталамыз.

Егер де С.И. Ожеговтың орысша түсіндірме сөздігінде «құзыретті» ұғымы бірнеше мағына білдірсе: білетін, хабардар, қандай да бір салада беделді, құзыреттіліктерге ие: онда «құзырет» ұғымы әлдекім жақсы білетін сұрақтар шеңбері немесе біреудің өкілеттілігі, құқығы шеңбері деп түсіндіріледі [7, б. 11].

А.И. Сурыгин пікірінше, құзырет – индивид жақсы білетін және сол бойынша білім мен тәжірибесі бар сұрақтар шеңбері, ал құзыреттілік бұл тұлғаның құзыреттіліктерге негізделген қасиеттері.

Құзырет–бұл қатысушылар болашақта меңгере отырып құзыреттіліктерін қалыптастыратын білім мазұны. Құзырет әмбебап және прагматикалық ұғым, қабілеттікті жүйелі талдауға қосады, қоршаған ортаның инновациялық өзгерістеріне адамның психологиялық және интеллектуалдық жоғары ашықтығы, мінезқұлық және қарым-қатынас, ойлау мәдениеті әлеуметтің өмір әрекетінің базалық шарты ретінде болатын, үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге үнемі талпыну деп қарастырады М.Х. Балтабаев. А.В.Хуторской ұсынған құзырет анықтамасына тоқталамыз, автордың пікірінше, құзырет – бұл белгілі бір пән немесе үдеріс аясына қатысты берілетін және оған қатысты сапалы және өнімді әрекет етуді қажет ететінөзара байланысты сапалар (білім, білік, дағды) жиынтығы. Н.Б. Лаврентьева, О.М. Кузеванова (2008) авторлардың пікірінше «білім», «білік» және «дағды» жүйесінен құзыреттілік ұғымының мәні кең, өйткені тек когнитивті (білім) және операционалды-технологиялық (білік) ғана емес, сонымен бірге мотивациялық, этикалық, технологиялық (құндылықтық бағдар), әлеуметтік және мінезқұлықтыққұраушылардан тұрады. Авторлардың ойынша, құзыреттілікті меңгеру менталды ұйымшылдықты, мәнді интеллектуалды дамуды талап етеді: абстрактілі ойлау, өзін-өзі тексеру, өзіндік жеке позициясын, өзін-өзі бағалауын анықтау, сыни ойлау. «Құзыреттілік» ұғымы когнитивтімен қатар, мотивациялық, «қатынастық» және реттеуші компоненттерден де құралған деп айтуға болады.

Тұжырымдама жасау негізінде Б.Т. Кенжебекова құзыреттілік түсінігінің мәнін тұлғаның теориялық білімі мен тәжірибелік білігін белгілі бір міндеттерді шешу үшін қолдануға даярлығы және қабілеттілігі деп ашады. Нақтылай кету керек, «даярлық» ұғымы жағдай мағынасын анықтау үшін, «...қандай да бір нәрсе үшін барлығы жасалған, бәрі дайын», ал қабілет – «..істей білу, сонымен қатар қандай да бір істі жасай алу мүмкіндігі» мағынасында қолданылған. Зерттеуші «біліктілік» және «құзыреттілік» ұғымдарын салыстыра отырып, «құзыреттілік» біліктілікті сипаттайтын кәсіби білім мен біліктен басқа, мынадай сапаларды, яғни бастамашылық, бірлестік, топта жұмыс істей алу қабілеті, коммуникативті қабілеттер, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты іріктеу және қолдану білігінен және т.б. тұрады. Құзыреттілік –қызмет субъектісінің жаңадан пайда болуы (иелену, оның тұлғалық қатынастарына және қызмет мәніне қосатын адамның сәйкес құзыреттіліктерді меңгеруі), ол кәсіби даярлау үдерісінде қалыптасады, кәсіби қызмет мәнін құрайтын функционалды міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін білімдер, біліктер, қабілеттер мен тұлғалық сапалардың жүйелік көрінісін ұсынады. Ш.Т. Таубаева, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова құзыретті мақсат ретінде, ал құзыреттілікті нәтиже ретінде сипаттайды, Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдасақ , құзыреттілік – бұл кәсіби міндеттердің орындалуын, мақсатқа жетуді, нәтиже алуды қамтамасыз ететін әрекетті сапамен жүзеге асыру мүмкін [7, б. 12].

Қорытындылай отырып болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негізінде тұжырымдама жасау арқылы педагог-психологтың мәртебесін арттыру. Ғалымдардың нақтылап кеткен ғылыми еңбектерімен келісе отырып, болашақ студент ізденпас жас ұрпақтың өзін-өзі жетілдіріп отыруымен қатар тәжірбиелермен бөлісіп, заман талабына сай жаңашылдыққа ендіре отырып пайдалана білуі.

Болашақ педагог-психолог мамандардың меңгеруі интеллектуалдығын қалыптастыру, ұйымдастырушылықты құра білуі, сыни ойлауы, өзін-өзі жетілдіруі, өзіндік жеке көзқарасының болуы, өзгелердің ойларымен талқылай білуді, мотивациялық қолдауды жасай отырып кәсіби деңгейге жете біледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бақытбекқызы Б., Дюсенбаева А.Т Вестник Казахстанско-Американского Свободного Университета(KZ) 2015 https://articlekz.com/kk/article/31500

2.Жусупова Ж.А. Педагогикалық шеберлік: Оқулық. Алматы, 2011.- 29 б.

3.Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. №5 (41). 2016-169 б.

4. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды мәселелері. бқму хабаршысы № 2 (66) – 2017-3

5. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. №4 (39). 2016-172 б.

6. Есимгалиева Т.М. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру. Диссертация Алматы, 2020-13,42,51. б.

7.Абдуллаева.П.Т. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ӘОЖ 378.06:7 (574) Қолжазба құқығында диссертация Алматы, 2018-11,12 б.

ӘОЖ 372.8

ЕСНАЗАР А.Ж.,
3 курс докторанты,
6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қ., Қазақстан
E-mail: asel.esnazar@mail.ru

КОШКАРОВА М.Г.
магистр, аға оқытушы,
Халықаралық Гуманитарлық Техникалық университеті
Шымкент қ., Қазақстан
E-mail: madinakoshkarova@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ДАМЫТУ

Түйін. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін дамыту және пәнаралық байланысты қолданудың мүмкіндігі көрсетілді. Пәнаралық байланысқа анықтама беру мақсатында ғылыми еңбектерге талдау жүргізілді. Білім алушының сөйлеу әрекетін дамытуда танымдық-қатысымдық жаттығулар ұсынылды. Әзірленген жаттығулар тілдік дағдыларды тиімді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: пәнаралық байланыс, сөйлеу әрекеті, тілдік дағды, ортақ тақырыптар, тілдік тұлға.

Резюме. В статье показана возможность развития речевой деятельности младших школьников и использования межпредметных связей. Проведен анализ научных трудов с целью определения межпредметных связей. Предложены познавательно-коммуникативные упражнения в развитии речевой деятельности обучающегося. Разработанные упражнения позволили эффективно формировать языковые навыки.

Ключевые слова: межпредметные связи, речевая деятельность, языковые навыки, сквозные темы, языковая личность

Summary. The article shows the possibility of developing the speech activity of primary school students and the use of intersubject connections. The analysis of scientific works is carried out in order to determine the intersubject relations. Cognitive and communicative exercises in the development of the student's speech activity are proposed. The developed exercises allowed to effectively form language skills.

Keywords: interdisciplinary communication, speech activity, language skills, general topic, language personality.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» атты мақсатты көздейді [1]. Қазіргі жағдайда білім мен ғылым деңгейі ұлттық сананың маңызды құрамдас бөлігіне айналды, ал адамның біліміділігі, пәнаралық құзыреттері, шығармашылыққа деген ұмтылысы елдің дамуының және тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің негізіне айналды.

Орта білім берудің басты мақсат: пәнаралық құзыреттері дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету.

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде "Тіл және әдебиет" білім беру саласына кіретін "Қазақ тілі" пәнін оқытудағы стратегиялық бағытты анықтауда маңызды өзгерістер орын алуда. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Пәннің мазмұны мәтін түрлері, көркем шығармалар мен аутентті материалдар арқылы білім алушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыруды, оқығаны бойынша пікір білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қамтиды [2, 56.].

Тілдік тұлғаны қалыптастыру тілді оқытудың негізгі мақсатына айналады, ол әр адам мен қоғамның өмірінде, қарым-қатынас пен әлемді танудың маңызды құралы болып табылады.

Тілді оқытудың негізі білім алушылардың әр оқу пәнінің құралдары – әртүрлі оқу жағдаяттарында біліммен және дағдылармен алмасу, тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесін дұрыс қолдану арқылы сөйлеу қызметін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылатын коммуникативтік тәсіл болып табылады [3, 46б.].

Мектептегі тілдік білім берудің маңызды мақсаты сөйлеу әрекетін қалыптастыру болып табылады, ал сөйлеу әрекеті төрт түрін көрсетеді: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым. Білім алушылардың сөйлеу әрекетін дамытуға ықпал ететін, оларға жақын табиғи жағдаяттар негізінде оқыту ортасын құру маңызды.

Сөйлеу әркетін дамыту мәселелерімен айналысатын қазіргі ғалымдар баланың санасы іс-әрекеттің нәтижесінде дамиды, практикалық іс-әрекет процесінде оның ойлауы мен сөйлеуі қалыптасады деп санайды.

Адамның сөйлеу әрекеті оның танымына, түсінігіне, ойлау дәрежесі мен сөздік қорына байланысты. Ал әр түрлі ғылым саласы өзіндік ұғым, пайым, ойлау амалдары арқылы білім, білік, дағдысын тіл арқылы жеткізеді. Егер оқушының әр ғылым саласындағы термин сөздер бойынша түсініп, пайымдау т.б. амалдары төмен болса, ғылымды меңгермейді, ол бойынша өз тұжырым түсінігін жеткізе де алмайды. Сондықтан білім алушылар ең алдымен, оқулықтағы мәтіндерді түсініп қабылдау және қабылдағаның есте сақтау амалына жаттықтырылады. Бұл пәнаралық байланыс негізінде іске асырылмақ.

Пәнаралық байланыс – «тәрбие мен оқытуға кешенді көзқарасты көрсетеді, олар білім беру мазмұнының негізгі элементтерін де, пәндер арасындағы қатынасты да ажыратуға мүмкіндік береді. Пәнаралық байланыс оқушыларды жалпы ғылыми сипаттағы танымдық әдістермен (абстракция, модельдеу, аналогия, жалпылау және т.б) жұмыс істеуге дағдыландырады». [4].

Оқу пәндерін байланыстырып оқыту мәселесімен Я.А.Коменский, М.М.Левин, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский және т.б. ғалымдар, отандық ғалымдардың А.А.Бейсенбаева, А.Ш.Доспенбетова, С.А.Фейзулдаева еңбектерінде зерттеліп келеді.

«Өзара байланыста болатындардың барлығы сондай байланыста оқытылуы тиіс» - деп атап өткен диадакт Я.А. Коменский. Ол білімді әр жақты жалпыламау идеясына олардың өзара байланысына бет бұрды, себебі онсыз нысанды әлемнің себептік-салдарлық байланыстарын және құбылыстардың қатынасын тану мүмкін емес. Автор оқушылардың білім беру жүйесін қалыптастыру және оқу үдерісінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін оқу пәндері арасында байланыс орнатудың қаншалықты маңызды екенін түсінді. Бұл идеяға кейінірек педагогтар да назар аударды, оны дамытты [5].

И.Г.Пестолоцци сыныптарда бір пәннің келесі пәнмен байланысының үзілуі қауіпті деп атап көрсеткен. [6, 7б.].

К.Д. Ушинскийдің теориясында пәнаралық байланыстардың идеясы жүйелік оқытудың жалпылама мәселесінің бөлігі ретінде қызмет атқарады. Ол, игерген білімді оқушылардың жинақтау шамасына қарай жүйеге келтірудің қаншама мәнді болатындығын атап көрсеткен болатын: «Байланыссыз, үзінді біліммен толған бас өзінде барлығы тәртіпсіз орналасқан және онда қожайынның өзі ешнәрсені іздеп таба алмайтын қойма сияқты болады; тек жүйе ғана болып білім болмайтын бас жазулары болатын жәшіктері бар, бірақ та ол жәшіктер - бос қойма сияқты болады», - деп есептеді [6, 8б.].

«Пәнаралық байланысты, яғни жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу процесін танытады», - деп А.А.Бейсенбаева анықтама берді [7]. Автордың пікірінше, оқу үдерісінде пәнаралық байланысты орнатуда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен пәндік білімінің қажеттілігін атап өтті.

А.Ш.Доспенбетованың пәнаралық байланыс дегеніміз – оқу тәрбиелік жүйенің мазмұнында, формалары мен әдістерінде қамтылған және шектелген бірлікте білімдік, дамытушылық және тәрбиеленушілік қызметтерін атқаратын нақты өмірдегі нысандары, құбылыстары және жүйелері арасындағы синтездік, кірігу қатынастарын белгілеуге арналған педагогикалық дәреже» деп анықтама берді [8, 177б.].

Ал С.А.Фейзулдаева «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау – жаңартылған білім беру жағдайында студенттерге кәсіби білім жүйесін, жеке, жалпы және кәсіби құзыреттілікті, тұлғаның өзін-өзі реттейтін интегративтік сапаларын меңгерту» деп өз анықтамасын береді [9, 57б]. Бұл анықтамадан біз, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы студенттердің оқуға деген мотивациясы, теориялық және практикалық дайындығы, студенттердің өзара жағымды қарым-қатынастары жақсаратынын байқадық.

Пәндерді оқыту сабақтарында тек лингвистикалық білім, білікті меңгертіп қана қоймай, оқушының танымын, ойлауын да дамытып, сөйлеу әрекетін жетілдіру қажет. Сондықтан біз білім алушының ойлау және сөйлеу тілін оқытуды ескеріп, ол туралы білім, білік, дағдыларын пәнаралық байланыста оқытуды қарастырдық.

Оқу тақырыбындағы пәнаралық байланыстардың дидактикалық моделін құру үшін оқу пәндерінің мазмұнына екі құрылымдық-логикалық талдау жүргізу қажет: ішкі және сыртқы. Ішкі-зерттелетін тақырыптың мазмұнын оның жетекші позициялары мен негізгі байланыстырушы элементтерін анықтау. Сыртқы-пәнаралық білім деңгейін анықтау мақсатында мектептің оқу жос-

парындағы басқа пәндер тақырыптарының мазмұнын талдау.

Пәнаралық байланыста оқыту білім мен дағды қалыптастыратын пәндердің мазмұнына да негізделеді. Білімділік ұғым, пайым, пікір т.б. логикалық амалдар мен тілдік қарым-қатынас арқылы жалпы түсінік, тәжірибесі қалыптасады. Өйткені оқушының дүниетанымы өзінің игерген білім, білік, дағдысына орай жалпыланады, иге-реді, түсінеді. Сондықтан пәнаралық байланыс-та оқыту әр пәннің өзіндік ерекшелігімен қоса оқушының ойлау түсінігінің, дүниетанымының тұжырым, қорытындысына сүйенеді.

Мұғалім оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде ортақ тақырыпты ескеріп пәнаралық байланыс-тарды іске асырады. Бастауыш сыныптың оқу пәндерінде сегіз ортақ тақырып берілген (1-кес-те).

1-кесте. Ортақ тақырыптар атауы

№	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1	Өзім туралы	Өзім туралы	Жанды табиғат	Менің Отаным – Қазақстан
2	Менің мектебім	Менің отбасым және достарым	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Құндылықтар
3	Менің отбасым және достарым	Менің мектебім	Уақыт	Мәдени мұра
4	Бізді қоршаған әлем	Менің туған елім	Сәулет өнері	Мамандықтар әлемі
5	Саяхат	Дені саудың жаны сау	Өнер	Табиғат құбылыстары
6	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Атақты тұлғалар	Қоршаған ортаны қорғау
7	Тағам мен сусын	Қоршаған орта	Су – тіршілік көзі	Ғарышқа саяхат
8	Дені саудың жаны сау	Саяхат	Демалыс әдениеті. Мерекелер	Болашаққа саяхат

Оқу мақсаттарын меңгертуде ортақ тақырып-тар бойынша оқулықта, қосымша ресурстарда ұсынылған әртүрлі жанрдағы мәтіндер қолдана-ды. Мәтінді ортақ тақырыптың негізінде дайын-дау қажет.

Сөйлеу әрекеті тілдік құралдарды қолдана білу негізінде жасалатыны белгілі. Ал сөйлеу нәтижесі – мәтін. Мәтін – қазақ тілін оқыту ба-рысында негізгі оқыту нысаны. Сонымен қатар "Дүниетану", "Жаратылыстану", "Әдебиеттік оқу" оқулықтарының мәтіндерін жаттығуларға тарту мүмкіндігі білім алушыға әр түрлі сөйлеу стилін-де бірдей тілдік бірліктің жұмыс істеу ерекшелік-тері туралы жан-жақты түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Ортақ тақырып негізінде таңдалған мәтін білім алушыға тілдік бірліктерін игерту, сол арқылы логикалық ойлау мен тілін дамытудың бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені, мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады. Біз бастауыш сынып оқушылары-ның сөйлеу әрекетін қалыптастыру жүйесіндегі мәтінді тіл мен сөйлеу бірлігі ретінде қарастыра-мыз, өйткені ол әртүрлі бірліктердің тілдік және сөйлеу қасиеттерін біріктіреді.

Білім алушылардың сөйлеуін дамытуда ком-муникативті-танымдық жаттығулар жүйесі мына-ларды қамтиды:

1. Білім алушыларға сөйлеу жағдайын жасау-ға арналған жаттығулар;

2. Білім алушылардың өз сөйлеуінің мотива-циясын анықтайтын жаттығулар;

3. Білім алушылардың жеткілікті лексикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымдарды, логикалық байланыстарды дұрыс меңгеруін қам-тамасыз ету, сөздерді қолдануды жандандыру, сөйлеуді дамыту саласында нақты дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз ететін жаттығулар.

4. Мәтін құру.

5. Бақылау жаттығулары [10,234б.].

Біз, қазақ тілі сабағында пәнаралық байла-ныста «Менің отбасым және достарым» атты ортақ тақырып негізінде жүзеге асырамыз және мәтін мен мәтіндегі негізгі ойды анықтауға ар-налған жаттығуларды ұсынамыз:

1. Тілдік тапсырма: Дауыссыз дыбыстарды ата? Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? Олар-дың айтылуын байқа.

2. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой [11, 45б.].

3. Мәтіннен п әрпіне аяқталған сөздерді кө-шіріп жазып, п әрпінің астын сыз. Бұл сөздерде п дыбысы қалай айтылып тұрғанына назар аудар.

4. Мақалды оқы. Айтысқан ауыл болмас, Бо-лыспаған бауыр болмас.. Сен оны қалай түсіне-сің?

5. Сөздікпен жұмыс (зоопарк).

6. Ауыл туралы басқа пәндерден алынған шы-ғармалармен байланыстырамыз: Әдебиеттік оқу пәнінен «Қартқожаның туған жері», «Туған же-рімнің тұрғындары», «Туған өлкем»; Дүниетану пәнінен «Менің ауылым» және т.б.

Қорытындылай келе, білім алушы білімнің әр түрлі пәндік жүйесіне қатысты болатын элемент-тер арасында байланыс жасайды. Бұл белсенді

саналық қызметті, оның зердесін, ойлану қасиетін, эмоционалдық-жігерлік үдерістерін күшейтуді, елестету қасиетін және тілін дамытуды талап етеді. Осылайша, бастауыш сыныпта қазақ тілі сабақтарында пәнаралық байланыстар негізінде құрылған коммуникативті-танымдық жаттығулар жүйесін қолдану білім алушылардың сөйлеу мен ойлау әрекетін қалыптастыруды қамтамасыз ететіні сөзсіз. Демек, білім алушылардың ойын, тілін дамыта оқытудың маңызды бөлімінің бірі пәнаралық байланыс негізінде оқыту, яғни тіл арқылы әр пәндегі білім, білік, дағдыларының жүйесін біріктіре отырып, жан-жақты қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін байқау нұсқасы). – Астана, 2015. – 27 б.

3. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 440 б.

4. Педагогический энциклопедический словарь / Гл. ред. Б.М. Бим-Бад; Редкол.: М.М. Безруких, В.А. Болотов, Л.С. Глебова и др. — М. : Большая Российская энциклопедия, 2003. — 528 с.

5. Коменский Я.А. Великая дидактика. – М.: Педагогика, 1982. – С.654.

6. Максимова В.Н. Межпредметные связи в учебе-воспитательном процессе современной школы. – М.: Просвещение, 1987 – С.35-62.

7. Бейсенбаева А.А. Проблемы интеграции науки и практики в аспекте повышения качества педагогического образования будущих учителей // Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития. Материалы Международной научно-практической конференции. - 2004. – С. 437-442.

8. Доспенбетова А.Ш. Пәнаралық байланыстар негізінде оқушылардың экономикалық мәдениетін қалыптастыру (Монография) – Шымкент:2017. – 192 бет.

9. Фейзулдаева С.А. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2019. – 163 б.

10. Квасных Г.С., Саржанова А.Н. Формирование речевой деятельности младшего школьника на уроках русского языка в условиях межпредметных связей// Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 3 (79), 2019.

11. Жұмабаева А.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 1 бөлім./Алматы: Атамұра, 2017.

УДК 37.54.04

ЖАНАЛИЕВА Р.Н.,
химия ғылымының кандидаты, профессор,
Халықаралық гуманитарлы-техникалық университет,
E-mail: rashida_zhanalie@mail.ru

УНГАРБАЕВА А.С.,
магистр, аға оқытушы,
Халықаралық гуманитарлы-техникалық университет

ДАТҚАБАЙ Н.М.
7М01501 -Химия мамандығының 2-ші курс магистранты,
Халықаралық гуманитарлы-техникалық университет

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ МЕТАЛДАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН БИОЛОГИЯЛЫҚ РОЛІН АШУ

Түйін. Мақалада білім беру процесінде кенінен қолданылатын модульдік оқыту технологиясы қарастырылған. Модульдік оқыту технологиясын қолданғанда студенттердің оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды қалыптастырады.

Түйінді сөздер: модульдік оқыту технологиясы, химияны оқыту, модуль, металл, қасиеттер, биологиялық рөл, студент.

Аннотация. В статье рассматривается модульная технология обучения, используемая в учебном процессе. Использование модульной технологии обучения формирует уровень воспроизводства обучающимися учебного материала, основных навыков и умений.

Ключевые слова: модульная технология обучения, обучение химии, модуль, металл, свойства, биологическая роль, студент.

Summary. The article considers the modular learning technology used in the educational process. Using modular learning technology forms the level of students' reproduction of educational material, basic skills and abilities.

Keywords: modular learning technology, teaching chemistry, module, metal, properties, biological role, student.

Кіріспе

Бүгінгі таңда пәнді оқытудың жаңа технологиясын қолдануда келесідей мәселелерді қайта қараудың мезгілі жетті деуге болады: алдымен пәннің мазмұны мен құрылымын ғылыми тұрғыда сұрыптау және сабақты оқытуды ұтымды ұйымдастыру.Әлемдік модульдік оқыту тәжірибесінде оқытудың алгоритмдік, оқытуда өзін-өзі басқару, аудиовизуальды, автоматталған басқару және бағдарламалықжүйелерін қолданылуда [1,2].

Ғалым – ағартушы А. Байтұрсынұлы 1928 жылы "Жаңа мектеп" журналының 8-санында жарияланған "Қай әдіс жақсы" деген мақаласында "Әдіс деген қатып семіп қалған догма емес" деген тұжырым айтады. Ғұлама ғалым одан әрі ойын былай сабақтайды: "Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу. Әдіс керектіктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай." Сөйтіп бұл ойын: "Әдістің де озығы бар, тозығы бар, әрбір ұлт тіліне лайықты- лайықсызы бар, қолайлысын таңдап алу да күрделі іс" - деп түйіндейді.

Негізгі бөлім

Модульдік оқыту технологиясын қолданғанда студенттердің оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды қалыптастырады. Студент өз білімін іс жүзінде қайта қолдануы сабақтың негізгі бөлімінде жүзеге асырады [1,2].

Модуль 1.Металдар атомы құрылысының ерекшелік қасиеттері.

Оқыту барысында оқушыларға металл атомдарының негізгі ерекшелігі - сыртқы қабатындағы электрондар саны аз, атом радиустары едәуір үлкен екенін түсіндіреді. Әр период s-деңгейшесін электрондармен толтыратын сілтілік металдардан басталады. Үлкен периодтардың ортасында орналасқан металдар атомдары (Sc-Zn, V-Cd) d-деңгейшесін, аса үлкен периодтарда орналасқан металдар f-деңгейшесін электрондармен толтырады.Металл атомдары сыртқы және оның астындағы электрондық қабаттарынан валенттік электрондарын беріп жіберіп, тотықсыздандырғыш қасиет көрсетуге бейім келеді. Бұған металдардың және оқушыларға таныс бейметалдардың иондану энергияларын салыстыру арқылы көз жеткізеді.Металдық химиялық байланыс

ковалентті және иондық байланыстармен,молекулалық, атомдық, иондық кристалл торлары металдық кристалл торымен салыстырылып, ұқсастығы мен айырмашылығы анықталады.

Металдардың иілімділігі – кристалдық торда иондар байланыспаған, олардың жеке бөліктері бір-біріне салыстырмалы бос қозғала алады. Ең иілімді металл – алтын.

Металдардың қаттылығы – металдық байланыстың беріктігіне себеп болатын қозғалғыш электрондар – бір-бірінің жеке бөліктерінің айырылуына кедергі жасайды. Ең қатты металл – хром, ең жұмсақ металл – литий.

Металдардың мортсынғыштығы – бұл элементтердің атомдарының 5-7-ге дейін бос электрондары болады. Бос электрондардың көп болуы иондардың жеке қабаттарының беріктігін ұлғайтып, электрондардың бос қозғалуына кедергі жасайды, ал металдардың иілімділігі төмендейді.

Металдардың тығыздығы – металл атомының радиусы мен металл атомының массасына байланысты. Металл көлемінің бірлігінде металл атомының саны көп болса, соншалықты оның тығыздығы жоғары болады.Металдардың балқу температурасына тоқталсақ - ең төмен балқу температура - сынапта, ал ең жоғары балқу температура- вольфрамда болады.

Модуль 2.Металдардың химиялық қасиеттері [3].

1.Металлдардың бейметалдармен реакциялары:

1) Оттекпен: $2Mg + O_2 \rightarrow 2MgO$

2) Күкіртпен:$Hg + S \rightarrow HgS$

3) Галогендермен :$Ni + Cl_2 \xrightarrow{-t°} NiCl_2$

4) Азотпен:$3Ca + N2 \xrightarrow{-t°} Ca_3N_2$

5) Фосформен:$3Ca + 2P \xrightarrow{-t°} Ca_3P_2$

6) Сутегімен (сілтілік және сілтілік жер металдары ғана әрекеттеседі):

$2Li + H_2 \rightarrow 2LiH$;$Ca + H_2 \rightarrow CaH_2$

2. Металдардың қышқылдармен реакциясы:

1) Сутекке дейінгі электрохимиялық кернеу қатарында орналасқан металдар тотықтырғыш емес қышқылдарды сутекке дейін тотықсыздандырады:

$Mg + 2HCl \rightarrow MgCl_2 + H_2$; $2Al + 6HCl \rightarrow 2AlCl_3 + 3H_2$

$6Na + 2H_3PO_4 \rightarrow 2Na_3PO4 + 3H_2$

2) Тотықтырғыш қышқылдармен:

Кез-келген концентрациядағы азот және концентрацияланған күкірт қышқылы металдармен әрекеттескенде сутегі ешқашан бөлінбейді!

$Zn + 2H_2SO_4(K) \rightarrow ZnSO_4 + SO_2 + 2H_2O$

$4Zn + 5H2SO4(K) \rightarrow 4ZnSO_4 + H2S + 4H_2O$

$3Zn + 4H2SO4(K) \rightarrow 3ZnSO4 + S + 4H_2O$

$2H2SO4(к) + Cu \rightarrow Cu\ SO4 + SO2 + 2H_2O$

$10HNO3 + 4Mg \rightarrow 4Mg(NO3)2 + NH4NO3 + 3H_2O$

$4HNO3(к) + Cu \rightarrow Cu\ (NO3)2 + 2NO2 + 2H2O$

3. Металдардыңсуменөзараәрекеттесуі:

1) Белсенді (сілтілікжәнесілтілікжерметалдары) ерігішнегізбенсутектітүзеді:

$2Na + 2H2O \rightarrow 2NaOH + H2$;;$Ca + 2H2O \rightarrow Ca(OH)2 + H2$

2) Орташабелсендіметалдарқыздырылғанкез десуменоксидкедейінтотықтырылады:

$Zn + H2O \xrightarrow{-t°} ZnO + H2\neg$

3) Белсендіемесметалдар (Au, Ag, Pt) суменәрекеттеспейді.

4. Белсендіметалдарбелсендіемесметалдарды олардыңтұздарынанығыстырады:

$Cu + HgCl2 \rightarrow Hg + CuCl2$; $Fe + CuSO4 \rightarrow Cu + FeSO4$

Модуль 3.Негізгі макро- және микрометалдардың биологиялық рөлі.

Бұл модульде макро- және микрометалдардың биологиялық рөлі келтірілген.Оқушыларға металдардың көпшілігінің маңызды биологиялық рөлі барған сайын расталып жатқанын көрсету. Көптеген зерттеулер металдардың әсері өте алуан түрлі екенін және қоршаған ортадағы құрамға және адам ағзасының оларға қажеттілік дәрежесіне байланысты екенін анықтау. Ең көп таралған макрометалдар - Ca-кальций, Mg-магний, Na-натрий.

Кальций-Ca. Кальцийдің едәуір мөлшері тірі организмдерде болады. Сонымен, гидроксилапатит Ca5(PO4)3 (OH) омыртқалы жануарлардың, соның ішінде адамның сүйек тінінің негізі болып табылады, ал көптеген омыртқасыздардың, жұмыртқа қабықшаларының және т.с.с қабаттары кальций карбонатынан CaCO3 тұрады. Кальций - бұл тіндерде және тіршілікте үнемі болатын биогенді элемент. Ол жануарлар мен адамдардың минералды алмасуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ca2+ иондары бұлшық еттің жиырылуына және жүйке жүйесінің жұмысына қатысады. Жасуша мембраналарының өткізгіштігі Ca2+ иондарының құрамына байланысты. Кальций сүйектер мен тістердің өсуіне, бала емізетін әйелдерде сүттің пайда болуына, жүректің жиырылуының қалыпты ырғағын реттеуге және қан ұю процесін жүзеге асыруға қажет элемент.

Магний-Mg. Магний - маңызды биогенді элемент. Mg2+ иондары жасушаларда нуклеин қышқылдары бар кешендер түзеді, жүйке импульсінің берілуіне, бұлшық еттің жиырылуына және көмірсулар алмасу процесіне қатысады. Магнийді энергетикалық процестердің орталық элементі деп атауға болады [2,3].

Сілтілік металдардың биологиялық рөлі орасан зор, бұны олардың организмдегі құрамы айқын дәлелдейді: калий мөлшері - 250 г, ал натрий - 70 г (дене салмағына 70 кг-ға).Натрий - бұл сұйықтықтың алмасуын және осмостық қысым мен судың алмасуын реттеуде шешуші рөл атқаратын металл. Натрий - жасушадан тыс негізгі ион, ал калий - жасушаішілік ион. Бұл иондардың организмдегі байланысы жасушалардың изотон-

дылығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Денедегі NaCl жетіспеушілігімен жүйке жүйесінің, қанайналым жүйесінің, тегіс бұлшықеттер мен қаңқа бұлшықеттерінің жұмысында бұзылулар байқалады.Медициналық практикада сілтілік металдардың келесі бейорганикалық қосылыстары кең қолданылады. Натрий хлоридіNaCl. 0,9% сулы ерітінді изотоникалық ерітінді деп аталады. Дене сұйықтықты көп жоғалтқан кезде қолданылады. Гипертониялық ерітінділер (3, 5 және 10%) әр түрлі қабыну процестері үшін қолданылады.

Натрий гидрокарбонаты NaHCO3 (ас содасы) ерітінділерде сілтілі реакция құра алатындығына байланысты медициналық практикада антисептик ретінде қолданылады. Бұл асқазан-ішек жолдарының ауруларын емдеуге арналған аралас дәрілік заттардың бөлігі болып табылады. Негізгі микроэлементтер қатарына Fe-темір, Zn-мырыш, Mn-марганец және т.б. металдар жатады .

Темір- Fe.Темір - табиғатта өте көп кездесетін металдардың бірі. Темір жасушаішілік метаболизм процестеріне қатысады. Бұл элемент қандағы гемоглобиннің бөлігі болып табылады, ол оттегі тасымалына жауап береді.Ересек адамның денесінде 4 г темір болады. Денедегі темірдің 55-60% -ы гемоглобин, шамамен 15% -24% -ы әр түрлі гемопротеидтердің құрамына кіретін белсенді темір және бұлшықеттердің (миоглобин) бояғышының түзілуіне қатысады. Темірдің қалған бөлігі (шамамен 21%) бауыр мен көкбауырда «резерв» ретінде сақталады.

Мырыш-Zn.Мырыш барлық мүшелерде, тіндерде, дене сұйықтықтарында болады. Барлық мырыштың 95% -дан астамы жасушаларда кездеседі. Мырыш негізінен теріде, шашта, сүйекте шоғырланған. Мырыш іс жүзінде жасушалардың өсуінің барлық кезеңдеріне қатысады. Мырыш өсімдіктер тіршілігіне қажетті микроэлемент болып табылады. Бірақта, мырыш концентрациясы өсімдіктерде көп жиналса кері әсер пайда болады.Қызыл емен және кәдімгі шырша мырышты өте жылдам сіңіреді, тіпті бұл процестің жылдамдығы мен қоректік ортадағы мырыш мөлшері арасында тікелей байланыс орнайды. Осының нәтижесінде өсімдіктерде некроз пайда болады, тамыр мен жер бетіндегімүшелерінің өсуі төмендейді, жапырақтар тез солатын болады.

Мыс Cu.Мыс- өсімдіктердің тіршілігіне қажетті микроэлемент. Мыс концентрациясы артық болатын болса, онда туындайтын әр түрлі өзгерістердің нәтижесінде өсімдіктердің өнімі төмендейді.Ересек адамның денесінде 70-120 мг мыс болады. Дененің мысқа деген тәуліктік қажеттілігі 0,7 - 5 мг; оның шамалы бөлігі ауамен, негізгі бөлігі тамақ пен сумен түседі.Қан ағымында мысты негізінен церулоплазмин ақуызы тасымалдайды. Мыс көптеген түрлі ферменттерде, мысалы цитохромоксидазада, және оттегі тасымалдайтын ақуыз гемоцианин кездеседі.

Модуль 4 Ауыр металдар және олардың биологиялық рөлі.

Ғылыми техникалық әдебиетте металдарды жеңіл және ауырдеп екі топқа бөлген. Сонан бастап ауыр металдар тірі организмдер үшін улы деген ұғым пайда болған. Салыстырмалы атомдық массасына 40-тан артық болатын металдардың барлығын осы ауыр металдар тобына жатқызуға болады.Ауыр металдар әртүрлі химиялық, физикалық-химиялық және биологиялық реакцияларға өте қабілетті. Олардың көпшілігі ауыспалы валенттілікке ие және тотығу-тотықсыздану процестеріне қатысады. Ауыр металдар және олардың қосылыстары, басқа химиялық қосылыстар сияқты, тіршілік ортасында қозғалуға және қайта бөлінуге қабілетті.Ауыр металдардың ішінде биологиялық маңызы үлкен элементтер бар, мысалы, мыс, мырыш, молибден, темір. Қорғасын және ауыр металдар біздің планетамыздағы антропогендік уыттардың негізгі көзі болып табылады. Кейбіреулері белгілі концентрацияда тірі организмге өте қажет болғандықтан олар микроэлементтер деп аталады. Демек, ауыр металдар мен микроэлементтер тең ұғымды білдіреді, бірақ олар әртүрлі концентрацияда өздерін түрліше көрсетеді. Кейбіреулерін өте аз мөлшерде өсімдіккетыңайтқыш немесе мал азығына қоспа ретінде қолданылады. Сондай-ақ, кейбір ауыр металдардың тірі организмдерді уландыратын қасиеттері бар, мысалы, сынап, кадмий, қорғасын. Сондықтан осы соңғылары қоршаған ортаны ластайтын ең қауіптілері болып саналады [3,4]. Осылардың ішінде өндірісте және автокөлікте көп қолданылатыны, соған орай айналаға көбірек таралатыны қорғасын. Адамның шаруашылық қызметін қорғасынды айнала ортаға шашыратып, тарататын көзі.Қоршаған ортаның жекелеген экотоптарын алатын болсақ, солардың ішінде ауыр металдардың ең көп түсетіні топырақ. Оған себепші болатын ең алдымен

атмосфера. Атмосфераға ауыр металдар көбіне жер бетінен көтерілетін шаң тозаңныңқұрамына енеді.Сондықтан атмосферадан қар мен жаңбыр жер бетіне түскенде олардың құрамында көбінесе қорғасын, кадмий, мышьяк т.б. элементтер болатыны содан.

Қорғасын және ауыр металдардың ішіндегі ең қауптісі – қорғасын, статистикалық ақпаратқа сүйенсек, оның қоршаған ортадағы құрамы әрбір 15 жылда екі еселеніп отырады екен.

Заттардың көп бөлігі азық-түлік арқылы ағзаға түседі (негізінен өсімдік тағамдары). Зиянды заттардың біраз мөлшері сүйек тінінде және ішкі органдарда шоғырланған. Ауыр металдармен өсімдіктер атмосфера арқылы да ластануы мүмкін. Өсімдіктердің құрамындағы кадмийден барлық атмосферадағы кадмиймен ластану 20-60% құрайды.

Атмосфера арқылы түскен кадмий өсімдіктің өн бойын ластауы мүмкін. Қорғасын негізінен өсімдіктерге тамыры арқылы немесе жапырағы арқылы да түседі. Атмосфералық қорғасынның автокөлік жолдары маңайындағы өсімдіктердің құрамындағыға қарағанда 40% жетуі мүмкін. Қорғасынның негізгі мөлшері вегетативтік мүшелеріне шоғырланады, ал репродуктивті мүшелерде өсімдік құрамынан 4-7% жиналады [5].



Ауыр металдар және олардың тұздары өндірістік ластаушылар болып табылады. Олар су қоймаларына табиғи көздерден, көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындардың ағынды суларымен және түтін шығарумен ластанған атмосфералық жауын-шашынменкеледі.Ауыр металдар микроэлементтер ретінде табиғи су қоймаларында және су организмдерінің мүшелерінде үнемі кездеседі (1-ші кестені қараңыз). Геохимиялық жағдайларға байланысты олардың деңгейінде кең ауытқулар болады.

Кесте 1. –Табиғи сулардағы металдардың табиғи деңгейі

Элемент	Металл құрамы (мкг/л)		Элемент	Металл құрамы (мкг/л)	
	теңізсуында	өзенсуларында		теңізсуында	өзенсуларында
Сынап	0,03	0,03 — 2,8	Қалайы	3,0	1,0 — 3,0
Кадмий	0,1	0,1 — 1,3	Темір	10,0	10,0 — 67,0
Мыс	3,0	1.0 — 20,0	Марганец	2,0	1,0 — 50,0
Мырыш	10,0	0,1 — 20,0	Күшән	10,0	30,0 — 64,0
Кобальт	0,5	0,1 — 1,0	Алюминий	10,0	1,0 — 50,0
Хром	0,02	1,0 — 10,0	Никель	2,0	0,8 — 5,6
Қорғасын	0,03	1,0 — 23,0	Күміс	0,04	0,1

ҚОРЫТЫНДЫ

Өте улы ауыр металдарға қорғасын, сынап, никель, мыс, кадмий, мырыш, қалайы, марганец, хром, мышьяк, алюминий, темір, селен, кремний және басқалары жатады. Бұл заттар өндірісте кеңінен қолданылады, нәтижесінде олар қоршаған ортаға өте көп мөлшерде жиналып, адам ағзасына тамақпен де, сумен де, ауаны жұту арқылы да оңай енеді.Денедегі ауыр металдардың мөлшері шекті рұқсат етілген концентрациядан асқанда, олардың адам ағзасына кері әсер береді. Ауыр металдардың әсер етуінің қаупі - адам ағзасында мәңгі қалуы. Олардыңулы әсерін сүт пен ақ саңырауқұлақтарда болатын ақуыздарды қабылдау арқылы ғанатөмендетуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нұрахметов Н.Н, Досанова Б.Б. Химияны модульдік оқыту әдістемесі // Ізденіс. №3, 2004, 187 - 190 бб.

2. Жаналиева Р.Н. Химияны оқыту әдістемесі //Әлем., 2017, 303 б.

3. Жаналиева Р.Н.Элементтер химиясы //Шымкент,2010, 298 б.

4. Жұмағұлов Т.Ж., Сакитжанов М.Ш., Кульсумакова А.И., Өндірістік кәсіпорындардың апаттық-технологиялық қоймалары мен мұнай жинау алаңдарындағы мұнай қалдықтарының құрамын анықтау // - Труды Международной научно технической конференции п-к 20летью Независимости Казахстана. Караганда 2011, 283 – 286 б.

5.Кульсумакова А.И., Ауыр металдардың Арал өңірінің Қызылорда бөлігі аймағында таралуы - Космос и человек, М-Н. н-п-к 50лет К.Эры. Киев-Кызылорда 2011 жыл.

ЖАПБАРОВ А.,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ОҚМПУ,
Email: azhapbarov@mail.ru

ЖАПБАРОВА Г.А.
педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
ОҚМПУ,
Email: gulmira-71-71@mail.ru

ТІЛДЕСІМ МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ

Түйіндеме. бұл мақалада жалпы білім беретін мектепте қазақ тілін оқытудың негізгі мазмұны: баланы сөйлеуге үйрету мен тілдесім мәдениетін танымдық негізде оқытудың философиялық негіздері сипатталған.

Кілттік сөздер: білім беру, жаңашыл педагог, кәсіби шеберлік, білім беру моделі, педагогикалық технология, құзырлылық.

Резюме. В данной статье описаны философские основы обучения ребенка речи и обучения культуре общения на познавательной основе.

Ключевые слова: образования, педагог-новатор, профессионализм, модель образования, педагогическая технология, компетентность.

Summary. This article describes the philosophical foundations of teaching a child speech and learning the culture of communication on a cognitive basis.

Keywords: education, teacher-innovator, professionalism, model of education, pedagogical technology, competency.

Философия әр заманның өзіне лайық өмірсалтына қарай түрлі бағыттарда өрістегенмен, оның ең басты мәселесі – адам, адам болмысының өмірлік мәнді мәселелері болып келгені аян. Сондықтан да адамның бүкіл өміртанымының өзегі, тіршілігінің тірегі саналатын сөйлеуге қатысты кез келген мәселенің негіздерін ашу үшін философияға жүгіну қажет деп саналады. Әсіресе, адамның тілдесім мәдениетін жетілдіру, сөйлеу өнеріне тәрбиелеу бағытындағы әрекеттерді дұрыс бағыттау үшін де оның философиялық негіздерін айқындап алу шарт. Көне дәуірден бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан философиялық ой-пікірлердің орталық тұлғасы – адамның ең басты қасиеті оның әлеуметтік мәнімен өлшенбек. Қазіргі философия адам туралы арнайы ғалымдардан іргесін бөліп алып, «субъект», «тұлға», «жеке адам» ұғымдарына баса назар аударуда.

Жалпыадамзаттық тұрғыдан келгенде, тілдесім мәдениеті ұғымы өзінің түп тамырын көне замандарадан басталатын этикалық ілімдерден алады. Мәселен, қытай философы Конфуций өз ілімінің түп қазығы етіп «адамсүйгіштік» (жэнь) мәселесін алады. Оның түсінуінше, тек адамсүйгіштік қана адамды басқалардан сыйлайтын, ешкімнің алдынан кесіп өтпейтін, шындықтан, басқаға мойын бұрмайтын, батыл да байсалды, ілтипатты, достыққа берік, сөзге ұстамды (біреуді өкпелетіп алмау үшін), көмекке (кімнің болса да адамгершілік жағын жетілдіре түсуге) дайын етіп қалыптастыра алады. Бұл қасиеттердің бәрін біріктіріп, әрқайсысын қамти алатын моральдық-философиялық ой түйінін Конфуций: «Өзің қаламайтын қылықтарды сен де басқаларға жасама,» – деп қорытады. Осы ойдың жалғасы ретінде Платонның мінсіз мемлекет жасаудың жолы – оқу, ал тәрбие ісінің басты міндеті – адамдарды ізгініетті, ержүрек, таза, өнерлі азаматқа айналдыру деген ойын алуға болады. Ал Аристотельдің пікірінше, ең жақсы адам – ұлылық дәрежесіне жеткен кеңпейілді, қайырымды адам, ол өзін мақтағанды, басқа біреулерді жамандағанды сүймейді. Ол өзінің күштілігін әлсіздердің арасында көрсетпеуге тырысады. Қайырымды, ақпейілді кісінің жүрісі жайлы, даусы төмен, сөзі мазмұнды болуға тиіс дейді. Осы айтылған талаптардың қайсысы да адамның ішкі мәдениетіне, адамгершілік сапаларына, сөйлеу әдебіне тікелей қатысты екені сөзсіз. Олай болса, мектеп пәндерінің ішінде баланың қарым-қатынас әдебін қалыптастыратын қазақ тілі пәнінің басты міндеттерінің бірі тілдесім мәдениетіне үйрету болуы әрі қажеттілік, әрі міндет болып шығады.

Философияның басты тақырыбы адам мәселесі болса, сол адамның адамдық қалпы, жеткен дәрежесі оның әлеуметтік сипатына келіп тіреледі.

Жүсіп Баласағұн тұлға мәдениетіне қатысты ой-тұжырымдарын жалпыадамзаттық құндылық деңгейінде төрт ұғымдардың ерекше сипатпен берілуінде деп есептеді (Әділет, Дәулет, Ақыл, Қанағат). Сондай-ақ Ж.Баласағұн еңбегінің оқу үдерісінде тілдесім әдебінің, ойды көркем әрі тұжырымды жеткізе білу шеберліктің қалыптасуы

туралы пікірлерінің маңызы үлкен. Ал Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде адамдарды білімге, әдептілікке шақырған, ақлихат, әдеп, ұйымшылдық мәселелерін қарастырып: «Әдеп басы – тіл, тәрбие басы – тіл» деген пікіріндегі философиялық-әдептік тұжырымдары; парасат, білімділік туралы ойлары қазіргі кезеңде жаңаша мәнге ие болып отыр.

А.Игүнекидің философиясы адам өмірінің мәні оның білімділігінде, жомарттығында, кішіпейілділігінде деген негізге құрылған. Ол осы арқылы әдепті сөйлеуге үндейді. Оның адамзаттық көзқарасы оқу-білім мен ғылымды адамдық қасиеттің тірегі дей келіп дүниенің, әлемнің сырын, құпиясын ашатын кілт – көкірегі ояу, көзі ашық, оқыған, білімді адамдардың қолында деп есептеп бар дүниені тек білім арқылы ғана тануға болады деп тұжырымдайды.

Сондай-ақ жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуындағы тілдің ролін Әл-Фраби, Қадырғали Жалайри, Ш.Уәлиханов, Абай, Шәкәрім, т.б. ғұлама ғалымдар философиялық тұрғыдан негіздеп берді. Олардың түйіндеуінше адамның тұлға болып қалыптасуына білімнің ролін айрықша атап көрсетілді. Сондықтан біз тілдесім мәдениетінің қалыптасуының философиялық негізін тіл мәдениеті мен әдеби тіл нормасы туралы білім берудің көлемінде қарастырайық.

Білім берудің мәнін ғалымдар үш қырынан қарастырады. Әлеуметтік жағынан қарастыру дегеніміз – білім алушының табиғат, қоғам, ойлау, іс-әрекет туралы білім мазмұнын игеру; педагогикалық қырынан қарастырылуы дегеніміз – білім алушының интеллектуалдық және тәжірибелік білік пен дағдыларды меңгеруі; психологиялық – білім алушының өзін қоршаған әлемге деген, басқа адамдарға деген, адамзаттың шығармашылық қызметі нәтижесінде пайда болған тәжірибелерге деген эмоциналдық-еріктік қарым-қатынасты меңгеруі.

Оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы қарқынды жүретін ерекше маңызды буын – негізгі саты екені белгілі. Сондықтан баланы интеллектуалдық, икемділік, қатысымдық жағынан айналадағы дүниемен (табиғатпен, басқа адамдармен, өзімен-өзі, т.б.) белсенді қарым-қатынасқа түсуге дайындау, оқу арқылы оның әрі қарай дамуына жол ашу, ақыл-ойының дамуына қол жеткізу – дамыта оқытудың философиялық қағидасы болып табылады.

П.П.Блонский дамуға индивидтің абстрактіден нақтыға және керісінше, нақтыдан абстрактіге қарай қозғалыс жасай алуын жатқызса [1], Д.И.Богоявлянская [2] мен Н.А.Менчинская [3 – оқи алуды, оған қысқа мерзімде жоғары үлгерімге жетуді, Н.Д.Левитов оқу материалын жылдам меңгеру, өз бетінше жаңа жобалар құрастыру, негізгі және көмекшіні анықтай білу, оқиғаға, құбылысқа дұрыс баға бере білу қабілеттерін жатқызады [4]. Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды нәтижелі етеді деп есептейді: байқампаздық, ойлау және тәжірибелік әрекеттер жасай алу [53]. В.В.Давыдов дамудың негізгі көрсеткіші ретінде тұлғаның жинақтай, қорытындылай алу дағдысын жатқызады [5].

Сонымен тұлға дамуының, сондай-ақ оны өзінің дамытуының негізгі тетігі қарама-қайшылықтарды шешу болып табылады. Даму барысында бұл әдетте спонтанды түрде жүретін ішкі келіспеушіліктерді шешуі, ал өзін-өзі дамыту – тұлғаның өз мәнділігін сезініп, өзі алға шығарған қарама-қайшылықтары болып табылады. Өзін-өзі дамыту үдерісі тұлғаның барлық аясын қамтиды және әр ретте жаңа деңгейге көтеріліп отырады. Сөйтіп, оның өзінің жетілуіне әкеледі. Өзін-өзі дамыту – субьект-субьект бағытындағы ерекше шығармашылық әрекет деген ғылыми тұжырым жасауға болады.

«Даму» білім алу барысындағы тұлғаның әрекеті арқылы орын алатындығы жөнінде Л.С.Выготский ойларынан соң, көптеген теориялық және тәжірибелік зерттеулерді оқыту мен даму арасындағы күрделі байланыстар айқындалды. Л.С.Выготскийдің идеясын ұстана отырып, дамыта оқытудың мәні – оқушылардың теориялық ойлауын дамытуда деп тұжырымдаған Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдов, Л.В.Занков өз зерттеу еңбектерінде негізгі орталық ұғым ретінде – ойлау және сонымен байланысты даму ұғымдарын мәселе етіп қойды.

Ойлау – таным теориясының негізгі философиялық категориясы. Дүниені танудың екі жолы бар. Оның бірі затты дерексіздендіру арқылы немесе абстрактылы ұғым арқылы ойлау болса, екіншісі ұқсату, елестету, сезім арқылы ойлау. Дамыта оқыту бұл екеуін бірлікте қарай отырып, оқушылардың теориялық білімі мен ойлау қабілеттерін арттыру арқылы дүниені танудың ғылыми-теориялық және логикалық әдістерімен қаруландыруды көздейді.

Философиялық сөздікте: «Ойлау – обьективтік дүниені ұғым, пікір, теория және т.б. формасында бейнелеудің белсенді процесі; бұл процесс белгілі бір мәселелерді шешумен, шындықты жанама бейнелендіру тәсілдерімен және оларды жалпылаумен байланысты жүзеге асады»[6].

Философияда адамның ойлауы обьективті шындықты тану әдісі ретінде қарастырылады. Бұнда философтар «обьектінің қай жағынан берілгеніне қарай, білімнің негізгі мазмұны қалай және қандай тәсілмен берілгенінен қарай» оның эмпирикалық және теориялық түрін белгілейді.

Эмпирикалық ойлау барысында танылатын нысан оның сыртқы байланыстары мен қасиеттері тұрғысында көрінеді. Бұл таным үдерісінде адамның нысанның өмір сүруіне кездейсоқ жағдайларға бағдарланатынының адамның қабылдауы мен бақылауына қолжетерлік екендігін біліреді. Эмпирикалық ойлаудың нәтижесі ретінде,

Л.К.Кнауменко атап көрсеткендей «шындықты тікелей тану білім» болып саналады [7]. Осындай білімді танылатын нысандардың сыртқы ұқсас белгілері көрінеді.

Ағылшын философы Дж.Локк құрастырған позицияға сәйкес эмпирикалық ойлаудың нәтижесін келесі үлгіде алуға болады: «Адам» және «жылқы» сөздерімен белгіленетін күрделі идеялардан олар айрықшаланатын ерекшеліктерді алып тастасақ, олардың ұқсас белгілерінен жаңа, күрделі идеяны құрып, оған «жануар» деген атау берсек, онда адамды басқа тірі ағзалармен біріктіретін жалпы термин пайда болады» [8]. Диалектикалық дәстүрде осындай жалпы термин «бос жалпыға ортақ» ретінде қарастырылады (Гегель), себебі оның мазмұнына сүйене отырып, нысандардың өзіне тән ерекшелігі мол сипатын көрсетуге болмайды.

Осылайша, эмпирикалық ойлаудың негізгі белгілері ретінде оның танылатын нысандарға сезіммен қабылданатын қасиеттері мен байланыстарына бағыттылығы, осы нысандарды жалпылаудың формалдық сипатына бағыттылығы алынады. Бұл белгілер эмпирикалық ойлаудың басты міндетін шешуді ұйымдастырады, яғни танылатын нысандарды жіктеу және реттеуді қамтамасыз етеді. Мәселен, ғылымда танылатын нысанның алдымен сыртқы белгілері жеке-жеке анықталады. Мұны танымның нақты (эмпирикалық) кезеңі деп атаймыз.

Адам қарастырып отырған нәрсесінен сезімдік-нақтылық белгілерді мәнді етіп алған соң, сол сыртқа бар етіп тұрған ішкі бір ортақ заңдылықтарды іздеуге кірісетіні белгілі. Сол ішкі заңдылықтарды анықтау барысы абстракцияға (дерексізденуге) үйрену кезеңі болып табылады. Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушыларға білім беру ол логикалық амал тәсілдерімен аяқталмақ. Мәселен, тіл білімінде анықтама, ереженің жасалуымен алайық. Бана делгілі бір тіл заңдылықтарына сәйкем оның ерекшеліктері таниды. Соған орай өзінің түсінігін жасайды.

Бірақ тілдік табылған сыртқы белгілердің ішкі заңдылықтарын тану, соның негізінде грамматикалық ереже шығару оқушының білімін өмірлік қажетіне жаратуға дағдыландыруға тірек бола алмайды. Осы тұста оқушылардың танымдық теориялық ойлау қабілеттері дамытылып, қалыптастырыла бастайды. Өйткені нақты материал негізінде ереже шығарумен білім беру үдерісі аяқталмайды. Енді теория яғни абстракциялау барысында шығарылған ереже оқушыға нақты материалдарды дәл және айқын тануына негіз болуы керек. Бұл – теориялық ойлау кезеңі болып табылады.

Мәселен, қазақ тілінің ең негізгі категориясы «сөз» ұғымын алайық.Сөз лингвистикалық ұғым кең көлеміндегі жүйе ретінде үш бағытта анықталады. Бірінші бағыт – сөз тілдің негізгі құрылымдық бірлігі; Екінші бағыт – сөз танымдық атаулық ұғым; үшінші бағыт – сөз тіл білімдік категория.

Мәселен, сөз – тілдің негізі, яғни тілдегі ой пікір сөздің мән мағынасы арқылы жасалады. Тіпті дүние туралы білімдердің қалыптасуы мен қолданысқа енуі тек тіл арқылы жүзеге асады. Ал тілдің негізгі сөз яғни сөзде қоршаған ортаны танудың нәтижелері, құндылықтары, халықтың тұрмыс – салты халықтың ойлау ұғымдық жалпы орнығады. Адам сөзді ести отырып, оны ұғынуға тырысады, өзінің ішкі әлемі тұрғысынан зерделеуге күш салады. Адам үшін қоршаған дүниенің құбылыстары, нәрселері елеулі маңызға ие болып, тілден өзінің жақты көрініс табады ұғымдық, мағыналық сөз атауын жасайды.

Тұжырымдағанды, сөз жасаудың мынадай жүйесі бар: а) дүние туралы болмысты танудың таңбалық жиынтығы (сөзге атау беру); халықтың жинаған тәжірибесінің нәтижесі (сөзге ұғымдық, танымдық атау беру) ә) қатысым жасау (сөзді пайдалану); Бұл пікірді таратып айтсақ: адам белгілі затты, нәрсені таныған соң оған атау берген, мәселен, темір, оның сапасы туралы, қатты, шеге жасап пайдалануды және оны тұрмыс тіршілікте пайдалану туралы қатысымдық мән жасалған (майда шеге) көлемі, бұрандалы шеге - түрі, шеге қақты- әрекет т.б.

Дүниені танудың теориялық және эмпирикалық білім көздері бір-бірінен ұстанымдық тұрғыдағы ерекшеліктерімен ажыратылады. Дамыта оқытуда теориялық білім абстрактылықтаны нақтылыққа өту әдісі арқылы жинақталады. Ол – диалектикалық логиканың негізгі зерттеу әдісі болмақ. «Восхождение от абстрактного к конкретному – метод научного исследования, состоящии в движении теоретической мысли ко е более полному, всестороннему и целостному воспроизведению предмета» [9]. Яғни ойлаудың теориялық немесе эмпирикалық мазмұны анықталады. Ал ол теориялық ойдағы абстрактылықтан нақтылыққа өту үдерісінің сипатына байланысты болады. Мәселен, бұл анықтаудың философиялық тану жолдары мен бағдары төмендегіше анықталады.

«Восхождение от абстрактного к конкретнему – метод диалектической логики, постредством которого дейтсвительность, теоретический воспроизводится систематически и целостно. Поэтому такие логические методы и средства как анализ и синтез, обобщение, индукция и дедукция, эсперимент, моделирование в процессе теоретического познания вступает как моменты этого целостного метода» [9]. Сонда философия теориялық ойлауды абстрактылықтан нақтылыққа жүру жолы мен әдістері деп анықтайды. Яғни, теориялық ойлау–диалектикалық логиканың негізгі басқышы. Ол қалай болса, солай жүзеге аса бермейді. Сондай-ақ, кез келген ойлауды теориялық ойлауға жатқыза алмаймыз. Оның өзінің жүзеге асу логикасы, ұстанымы, жүйесі бар. Негізгі сүйенетін ұстанымы – абстрактылықтан

нақтылыққа өту болса, оның жүйесі теориялық ойлаудың әдістері арқылы басқарылады. Теориялық ойлау барысында білім әрі жүйе, әрі тұтастық ретінде танылады. Яки кез келген теориялық білім үшін таным нысанның жүйелік тұрғыдан тану маңызды болып есептеледі. Ол жүйе теориялық ойлаудың талдау және жинақтау, топтастыру, индукция және дедукция, эксперимент, модельдеу секілді әдістері арқылы танылады. Ал бұл әдіс – тәсілдерді пайдаланып оқыту әдістеме болып табылады.

Тіл – ойды жарыққа шығаратын негізігі құрал. Тіл мен ой – біртұтас ұғымдар. Әрқайсысы тіл білімі мен логика сияқты өз алдында жеке ғылым салаларының нысаны бола тұрса да, бірінің қызметін екіншісі толықтырып тұратын, бірі екіншісін қажет ететін, бірінің қызметі екіншісіне тәуелді категориялар болып табылады. Осы тілдің ойды жарыққа шығарып жеткізу қызметі сол ойдың қабылдаушы тарапынан түйсіну механизмдері арқылы жүзеге асады. Мұның негізінде тіл де өзінің қоғамдағы қарым-қатынас құралы ретіндегі негізгі қызметін атқара алады. Тіл білімінде тіл мен ойлаудың біртұтастығы жөніндегі бұл сияқты тұжырым бірнеше кезеңде уақыттар үлесінде өз дәлелдемелерін тауып көптеген ғылыми еңбектерде талданып, тіл білімінде қазіргі таңда нақтыланған, орныққан тілдік заңдылыққа айналған.

Тіл мен ойлау бірлігінің арнасында қарастырылатын сондай жекелеп өзекті мәселелердің бірі – тіл мен оның дүниетанымдық қызметі. Осымен байланысты жеке ұлт тілі ретінде қазақ тілінің дүниетанымдық қызметін қазақ тілінің негізінде қарастырылуының маңызы оның ұлт мүддесі үшін қызметі, керісінше, ұлт дүниетанымындағы қасиеттердің, арнау ұғымдардың ана тіліміздегі көрініс табуы да өз дәлелдері мен соның негізін кейбір ерекшеліктерін, тілдік айналымдағы орнын көрсетіп беруді, сол сияқты мәселе ауқымын жан-жақты аша түсуді қажет етіп отырғандығы ақиқат. Мұндай дүниетанымдық сипатта қолданылатын тіліміздің тарихи даму барысында қалыптасқан лексикалық, лексика-фразеологиялық тіл бірліктері. Бұл жағынан алғанда ұлттық дүниетанымына қатысты тілдік уәждердің ұлт тілінің бойынан молынан табылатындығы барысынды дәлелдеу, қай-қай болмасын ұлт тілінің негізінде сол ұлт дүниетанымына, әдет-ғұрпы мен салт дәстүріне қатысты лексикалық қолданыстардың, фразеологиялық бірліктердің қалыптасатыны туралы белгілі тұжырымға сүйендік. Осы мақсатта жұмысымызда мынадай тілдік дәлелдерді қолдануды жөн көрдік. Сол арқылы тілдесім мәдениеті әрбір ұлттың қатысым негізінде дамитынын ескердік.

«Дүниетаным дегеніміз – адамның дүниеге (әлемге) деген рухани қатынас-тарының негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитынын, адам мен әлемнің сан алуан ара қатынасын білдіретін ұғым» [6]. Адаммен бірге адамзат мәдениеті қалай пайда болса, дүниетаным да солай пайда болады. Яғни, дүниетаным – саналы адам баласы бар жерде міндетті түрде пайда болатын идеалдық жүйе. Сондықтан дүниетаным пайда болу үшін сана-сезім иесі, белгілі бір іс әрекет арқылы басқалармен, айналамен қатынаста болатын адам мен оның санасынан тыс өмір сүруші дүние болуы шарт. Философия тілімен айтсақ, субьект-обьект, субьект-субьект қарым-қатынасы жүйеленуі. Субьект дегеніміз – «белсенді іс қимыл жасайтын және танып білуге қабілетті, санасы мен еркі бар индивид немесе әлеуметтік топ» [6].

Дүниетанымның сан қырлылығы, әрбір нұсқаның қайталанбастығы осы субьектілікпен байланысты. Ұлттың үміт етер болашағы – қазіргі мектеп оқушылары десек, оларға өздерінің ана тілін ғылыми нысан ретінде таныту, меңгерту үдерісін ұлттық құндылықты меңгерту жүйесі ретінде ұйымдастырудың қажеттілігі де, маңыздылығы да айқындалады. Ондай деңгейде оқылатын білім мазмұнының міндетті түрде философиялық негізі нық болуы керектігі белгілі. Өйткені философиялық негіздің, оның ішінде, білім беру философиясының тілдесім мәдениетін мектеп оқушыларына жаңа білім мазмұны ретінде, теориялық ойлауға жетелейтін материал ретінде, ұлттық ойлауды қалыптастыруға беретін қуаты мол тірек ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін негіздері мол. Мектеп оқушыларына тілдесім мәдениетін дамыта оқыту осы тіл жүйесінен ғылыми білімді теориялық деңгейде оқыту. Ғылыми білімді меңгертудің жаңа түрлерін іздестіру – мектепте қазақ тілін оқыту үдерісінде сапалы жаңа жүйелер қалыптастырудың маңызды жолы болып табылады.

Жаңа оқыту технологиялары тұрғысынан алғандағы «білімді адам» дегеніміз – тек деректерді жатқа білетін адам ғана емес, қазіргі заманның күрделі тұстарынан шешім тауып өте алатын, қазіргі кезеңдегі мәдениеті пен ғылым жаңалықтарын өзінің өміріне дұрыс әрі ақылмен пайдалана алатын тұлға.

Қазақ тілін оқыту үдерісі де осындай талаптар үдерісінен шығуы керек. Қазақ тілін оқыту – оқушының еркін тұлға ретінде қалыптасуына, өзінің орнын мектеп сатысынан тани, бағалай, таңдай, дайындала алатын жүйеге; өзінен басқа адамдардың да өзіндей құндылығын түсіне, бағалай алатын, өмірлік мәселелерді түсіне алуына тәжірибелік тұрғыдан дағдыландыратын жүйеге айналуы керек. Мәселен, дүниетанымның жарқын танылар тұсы – ұлттық дүниетаным. «Адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады. Ол белгілері мен көріністері осы халықтың діліне тәуелді. Бұл – халықтың бейнелеу дүниесі, символдары (рәміздері) мен салт-жоралары, сезіну, ұғыну ерекшелікте-

рін игереді» [6]. Өйткені ұлттық дүниетанымның нәр алатын ортасы, әрі көрінер жері – ұлттық мәдениет. «Мәдениет халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтық даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады» [10]. Оқушы оны тіл арқылы игереді.

Әр мәдениетке дүние, қоршаған ортаға деген сан қилы көзқарас, түсінік қалыптасады. Себебі, әр мәдениет заманынан, діліне, моральдік нормаларына қарай адамға, өмір-өлімге, адамның іс-әрекетіне, сұлулыққа т.б. әр халықтың басында бар негізгі құндылықтарға байланысты өзінің көзқарас жүйесін қалыптастырады. Міне, осы көзқарастың көрінетін, таралатын, сақталатын құралы - тіл.

Дүние, болмыс жөніндегі халықтың философиялық пайымдаулары, ғасырлар бойы жиған өмірлік тәжірибелері, уақыттар мен ғасырлар ағымында қалыптасқан таным-түсінігінің негізі халықтың тілінде көрініс тауып, сол арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Демек, дүниені тану ой үдесінде, адамзаттың ойлау үдесінде жатқан құбылыс болғанымен оның өмірде ұғым, пікір, ой елегінің жиынтығы ретінде көрініс беруі, сөйтіп сол ұлттың күнделікті тіршілігі мен тұрмысындағы іс-әрекеттерден көрініс табуы пікір алысып, өзара қарым-қатынас жасайтын ұлттың тілімен тікелей байланысты. Тіл – дүниетаныммен, дүниетану – тілмен тығыз байланыстағы ұғымдар. Кез келген ұлт өзінің басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысын, дүние-әлемге, адам және оның сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасын қалыптастырады. Философтар мұны «бұл – дүниеге көзқарас, яғни адамның дүниені рухани игеруі» деп түсіндіреді [10]. Осы дүниеге көзқарастың бейнеленуінің, оны рухани игерудің әмбебап құралы – тіл.

Тілді дүниетанымның шеңберінде қарастырып, дүниетанымның халықтың салт-санасының үлесіндегі дүниелерді, тілді тани отырып зерттеу, анықтау мәселесі тіл білімінде қазіргі таңда маңызды бағыттардың бірі болып отыр.

Ә.Қайдаров «тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз, ең алдымен, содан іздеуіміз керек» [11], – деп көрсетсе, әдебиетші-ғалым Ә.Қоңыратбаев та өз еңбегінде бұл сияқты пікірлерді нақтылай түсіп, «... демек, тілде халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі, оның шын мәніндегі табиғи болмысы мен дүниетанымы сақталған»,- деп ұлт тілінің қасиетін ашып түсіндіріп өтеді. Демек, ұлт тілі мен ұлт ойы да өзара біртұтас, бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан тілдесім мәдениетінің дамуы ұлттық тіл ерекшеліктерін игерумен байланысты.

Ұлттық дүниетанымды берудің шығарма түріндегі нақты тілдік көздеріне әр түрлі кезеңдерде жазылған көркем шығармалар, олардың тілі жатады. Қазақ дүниетанымын көрсететін тілдік шығарма көздерінің бірі фольклор болып табылады. Онда қазақ дәстүрі мен салты, қазақ тарихындағы халықтың өмір сүру ерекшеліктері, бүкіл этнографиясы жатыр. Ал тілдік жағынан алғанда ұлттық сипатқа сай ескі, көне мағынадағы сөздер мен сөз байлығының көпшілігі осы фольклорлық шығармалар қатарына жататын ауыз әдебиеті үлгілерінде екендігі даусыз. Академик Ә.Қайдаров еңбегінде «Мақал-мәтелдер – этнолингвистика ең құнарлы бұлақтарына жатады. Әрбір мақал мен мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық мәдениетіне, дүниетанамына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, намым-сеніміне т.б. қатысты бар ақпарат жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор», – дейді [11].

Тұжырымдағанда, сөйлеу мен тілдесім арқылы адам тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан тілдік қатынас, тілдесім мәселесімен философия ғана емес, басқа ғылымдардың: когнитивтік лингвистика, психолингвистика, прагматика, сөйлеу мәдениеті т.б. ілімдердің зерттеу нысанынан айналады. Бұл ғылымдар негізінде тілдесім әрекеті белгілі бір ережеге, нормаға, ұстанымдарға негізделетіндігін көрсетеді.

Бұл мәселені сөйлеу актісі теориясының негізін жасаушылар Г. Граис пен Дж.Лич өз еңбектерінде тілдесімді ұйымдаструдың мынадай ұстанымдарды негізге алынатындығын ескертеді .

Біріншісі-бірізділік ұстанымы. Бұл ұстаным айтушы мен тыңдаушының тілдесім әрекетіндегі мағыналық сәйкестікке негізделеді, яғни мазмұнды болуын талап етеді.

Екінші ұстаным-белгілі тілдік құрылым бойынша тілдесім. Бұл ұстаным тілдесім әрекетіндегі тілдік құралдарды белгілі әдеби тілдік нормаға сәйкес қолдана білуді талап етеді.

Сондай-ақ Г.П.Грайстың айтуынша, тілдесімде ымыраласу ұстанымы басшылыққа, алынады. Мәселен, Г.П.Грайстың: «Твой комуникативный вклад на данном шаге диалога должен быть таким, какого требует совместно принятая цель (направление) этого диалога,» – дейді [10]. Бұл ұстанымдар жөнінде, Н.И.Формановская былай деп жазды: «... и Г.Грайс (Грайс, 1985) анализируя высказывания тексты, исходил из представления, что коммуниканты в процессе обмена информацией сотрудничают друг с другом, внося свой вклад в построение дискурса. Поэтому он назвал свод правил такого взаймодействия принципом кооперацин (сотрудничества) [10]. Бұларды ол төрт категорияға бөледі: сан, сапа, қатынас және тәсіл. Бұл категориялар тілдесім мәдениетіне де қатысты.

Сан категориясы берілген ақпараттың мөлшері, санымен байланысты. Мысалы:

- тілдесімде талап етілітін мәліметті толық қамтуы тиіс (бұл тілдесімнің мақсатын орындау).
- тілдесімде артық мәлімет болмауға тиіс.

Сапа категориясына Г.П.Грайс: «Жеткізбек

ойын барынша шын, шынайы болуына тырыс» дегенді ұсынады. Ал ғалым "қатынас" категориясына, тақырыптан ауытқымауды ұсынады.

Ал "тәсіл" категориясына не айтылғаны емес, қалай айтылғанды жатқызады. Оған: ойды анық жеткізу, көпсөзділіктен сақтан, қысқа, жинақты сөйлеуді жатқызады.

Дж.Лич тілдесім мәдениетінің маңызды ұстанымы деп "әдептілік ұстанымын" ұсынады. [10]. Оған тілдесім мәдениетінің талабы тұрғылынан мынадай әдеп нормаларын жатқызамыз: өзін тежей білу; еркін тілдесу; құнтау; қарапайымдылық; келісімдік; мейірімділік әдебі.

Қорыта келгенде, тілдесім "этикеті" ұғымы қазіргі кезде жалпы қоғамның мәдени деңгейінің көрсеткішіне айналып отыр. Яғни, «тілдік этикет – адамдардың өзара сөйлеуінің мәдени тұрғыдағы қалыптасқан ережелері, қарым-қатынастың сөйлесімдік формулаларының жүйесі» [68]. Сондықтан сөз әдебі – тілдесімнің, тілдік құралдарды жұмсаудың қоғам қабылдаған, жұртшылық ұйғарған, ұлттық сипатқа ие ережелерімен тәртібі. «Тіл қатудың жағдайы қарым-қатынас жағдаятына қарай жұмсалатын арнайы сөздер мен тұрақты сөз орамдарының жүйесі арқылы жүзеге асады».

Сөз этикасының да қалыптасқан жүйесі, өзіндік нормалары болады. Оған: а) моральдық ұстанымдарға, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген тілдесім нормалар мен ә) тілдесім этикетінің нормалары жатады.

Жалпы әдеп нормалары туралы айтқанда оның бір-бірінен әрі айрықша, әрі өзара ұқсас арнадан бастау алатыны ескерілуі қажет. Оның бірі – ұлттық этикалық ұстанымдар да, екіншісі – жалпыадамзаттық этикалық құндылықтар. Қазіргі таңдағы этикалық нормаларды құрайтын бұл компоненттерді айыра білу – адамның өз ортасында дұрыс әрекет етіп, көздеген мақсатына жетуінің басты шарты. Себебі, «этикалық нормалар – қарым-қатынастың әр түрлі жағдаятына (ситуациясына) тән тілдесу ережелерінің жиынтығы». Сөйлеу этикасы – дүниетанымдық компоненттерден, этикеттік компоненттерден және эстетикалық элементтерден тұратын күрделі құрылым болғандықтан, олардың арасындағы байланыстарды да білу қажет.

Әдеп адамдар арасындағы қарым-қатынастың жоғары мәдени деңгейде ұйымдастырылуының басты шарты болғандықтан, ол жеке субьектілердің адами құндылықтарды түсінуіне, оны өз бойынан өткізуіне, сөз жүзінде ғана емес, іс-әрекетінде де дәлелдей білуіне байланысты болады. Сондықтан тілдесімді оқыту мақсаты – оқушыда сөз әдебі туралы ұғым қалыптастыру ғана емес, алдымен, сол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан сөз әдебі нормаларын, қалыптасқан қағидаларды ұстануына қажетті алғышарттар жасау, сыпайы да әдепті сөйлеуге төселдіру. Әсіресе, бұл орайда қазақ тілі пәнінің білімдік әрі тәрбиелік міндетінің өзара ұштасуына басымдылық беріледі. Сөйлеушілердің ортақ тіл табысуының, өзара құрмет, ілтипат сезімдерінің көрініс табуының айғағы саналатын әдептік сөз орамдарын қажет жерінде орнымен қолдану оқушының қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуының көрсеткіші деп есептеледі. Сол себепті сөз мәдениеті сапаларының ішінде этикалық нормаларды игерту қарапайымнан күрделіге қарай сатылап жүргізуі қажет. Күнделікті тұрмыста, ресми жағдаяттардың қарапайым түрлерінде қолданылатын сөз орамдарын бірте-бірте дамытып, кеңейтіп оқушының сөз дағдысына сіңірудің қажеттігі даусыз. Мәселен, алғыс сезімін білдіруге, өтініш білдіруге қатысты сөз әдебін үйретуден бастау алған оқыту оқушыларды сөз этикасының дүниетанымдық компоненттерімен, халықтық танымдағы тіл субьектісінің тіліне, сөзіне қатысты мақал-мәтел түріндегі пайымдауларымен таныстыруға болады. Мәселен, ұлтымыздың ұлағатты тәрбие өзегіне алынған «өнер алды – қызыл тіл»; «тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» т.б. пайымдауларды сөз этикасына тірек таяныш еткені мәлім. Олай болса, мұндай сабақтастық сөз әдебі жөнінде оқушының дүниелік білімін кеңейтіп, ой-өрісін өсіреді, өз ана тілінің танымдық көкжиегін жақын білуге талпындарыды.

«Сөз этикасының этикеттік бөлігі байланыс орнату, байланысты жалғастыру, байланысты аяқтау тәрізді қарым-қатынас тәртібінің ережелерін білу, сол ережелерді коммуниканттың мәртебесіне сай, қарым-қатынастың ресми (бейресми) жағдаятында іс жүзінде қолдануға тірек-таяныш болады». Ғалымдар «этикет – қайырымды адамның кез келген жағдайда өзін-өзі ұстай білуі. Оның негізі сыпайыгершілік, салт-жоралар мен әр түрлі рәсімдерді егжей-тегжейлеріне шейін білу», – деп анықтама береді. Әрине, біз бұл жерде оқушыға бүкіл салт-жораны түбегейлі білдіру қажет дегеннен аулақпыз, бірақ тақырып пен тілдік жағдаяттардың ерекшелігіне орай ол өз мүмкіндігінше тілдесім мәдениеті әрекетін дұрыс жүргізе білуге дағдысын қалыптастыруға жағдай жасау.

Қорыта айтқанда, әлемдік және ұлттық философиядағы адамды дамытуға негізделген өмір қағидалары мен әдептілік, ізгілік нормалары қашанда жас ұрпақтың бойында тілдесім мәдениетін қалыптастырудың барысында оның дара тұлғалық қабілеттерін адамгершілік негізінде жетілдіруге болатынын бекіте түседі. Соның нәтижесінде қазақ тілін оқытудың негізгі мазмұны баланы сөйлеуге үйрету мен тілдесім мәдениетін танымдық негізде оқыту айрықша міндет болып қалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Блонский П.П. Курс педагогики. –М.: 2008, -48с.
2. Богоявленская Д.Б. Интелектуальная активноть как проблема творчества. Ростов: Изд. Ростовского университета. 2015, -176 с.
3. Менчинская Н.А. Вопросы умственного развития ребенка М., 2017. -815 с.
4. Левитов Н.Д. Сематика русского языка. –Москва, 2012.
5. Давыдов В.В. О понятии личности в современной психологий. //Вопросы психологии, 2014, №4, С. 22-24.
6. Философиялық сөздік. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1996, -625 б.
7. Диалектическая логика. Под.ред. Ж.Абильдина. –Алма Наука, 2017, -408 с
8. Дж. Локк. Избранные философские произведение. М., 1960,Т.1.-733 с.
9. Қайдаров Ә. Этнолингвистика . 2015, 18-22 б.
10. Грайс Г., Дж Лич. Лингвистические гештальты // Новые зарубежной лингвистике, -М.: 2011, -359 с.
11. Ғабитов Т., Мүтәліпов А., Құлсариева А. Мәдениеттану, -Алматы: Паритет, 2002, -408 84. . Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. –Алматы, 209, -272 б.

ЖАПБАРОВ А.,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ОҚМПУ,
Email: azhapbarov@mail.ru

ЖАПБАРОВА Г.А.
педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
ОҚМПУ,
Email: gulmira-71-71@mail.ru

ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйіндеме. Бұл мақалада жалпы білім беретін мектепте тіл мәдениетін қалыптастырудың психологиялық негіздері сипатталған.

Кілттік сөздер: білім беру, тіл мәдениеті, тілдесім әрекеті, ұғым, педагогикалық технология, құзырлылық.

Резюме. В данной статье описаны психологические основы формирования языковой культуры в общеобразовательной школе.

Ключевые слова: образования, культура речи, коммуникативная деятельность, понятие,, педагогическая технология, компетентность.

Summary. This article describes the psychological foundations of the formation of language culture in general education schools.

Keywords: education culture of speech, communicative activities, the concept of, pedagogical technology, competency.

Тілдесім мәдениетін қалыптастыра оқыту ең алдымен, психологиялық ілім мен әлеуметтік лингвистика шарттарын негізге алады. Ал әлеуметтік лингвистика пәнінің ең басты міндеттерінің бірі тілдің әлеуметтік жіктелуін зерттеу болып табылады. Әлеуметтік әсерлер тілдің өмір суруі мен дамуының көп қырлы қалыптарын туғызып, түрлі әлеуметтік топтардың тілдік қолданыстарындағы ерекшеліктерді қалыптастырады. Бейтаныс адамдармен сөйлескен алғашқы кезеңдеақ, тілдесім ерекшеліктеріне қарай, олардың қай жерден екенін, қандай әлеуметтік топқа жататынын, өзі және өзін қоршаған орта туралы қандай ойда екенін, білімі мен мәдениетінің деңгейін байқауға болады.

Тілдің әлеуметтік жіктелуін қоғамның тек топтық бөлінісіне ғана қатысты қарастыру оны толық қамти алмайды. Сөйлеушінің тілінде көрініс табатын басты әлеуметтік белгілер ретінде мыналарды атауға болады: жасы; білімі, әлеуметтік жағдайы, кәсібі, қоршаған ортасы мен аймағы, жынысы және т.б. Сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық жүйенің элементтері әлеуметтік нормалардың, қалыптың, ынталандырудың, уәждің, бағдардың әлеуметтік бақылау тетіктерінің тілге тигізер әсерін де ескеру қажет. Сөйлеушілерді осы белгілеріне қарай бірнеше топқа жіктеледі:

1. Жасына байланысты бөлінетін топтар: төменгі буындағы сөйлеушілер; орта буындағы сөйлеушілер, жоғары буындағы сөйлеушілер.

2. Біліміне байланысты топтар: толық орта білімі жоқ сөйлеушілер; орта білімі бар сөйлеушілер, кәсіби-орта немесе жоғары білімі бар сөйлеушілер.

3. Әлеуметтік жағдайы мен кәсібіне байланысты бөлінетін топтар: қызметкерлер мен жұмысшылар; қалалықтар, ауылдықтар, зиялылар.

4. Білім алған және отбасындағы қатынас тіліне байланысты бөлінетін топтар: қазақ тілінде білім алғандар және қазақ тілінде жасайтындар, басқа тілде білім алғандар және басқа тілде қатынас жасайтындар;

5. Аймақтық ерекшеліктеріне байланысты бөлінетін топтар: оңтүстік сөйленістер тобы; батыс сөйленістер тобы; шығыс сөйленістер тобы; орталық-солтүстік сөйленістер тобы [1].

6. Жынысына байланысты бөлінетін топтар: әйелдер, еркектер.

Осы аталған әлеуметтік топтардың сөйлеуіндегі тілдік ерекшеліктеріндегі әдеби нормалық сипатына қысқаша тоқталып көрелік. Өйткені бұл әлеуметтік топтарының әсері қарым – қатынас жасауда балаларға да ықпалын тигізеді:

1. Жас ерекшеліктеріне қарай сөйлеушілерді *жоғары, орта* және *төменгі* буын деп үш топқа жіктеп, жоғарғы буынға қырық бес-елу жастан асқан адамдарды жатқызуға болады. Олардың тілдік қолданыстары сөз байлығымен, түрлі фразеологизмдер мен бейнелі сөздерді, грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік құрылымдарды тиімді де жиі қолдана білу шеберлігімен және сөздердің дыбыс екпінін дұрыс айта білуімен ерекшеленеді. Олар жергілікті диалекті сөздерді жиі қолданады. Тағы бір басты өзгешелігі – «қазақ тіліне» кейінгі кезде аударылған сөздер мен

терминдердің орыс тіліндегі баламасын қолдануы. Алайда, бұл кемшілікті барлық буындағыларға қатысты десек те қателеспейміз.

Орта буын (жиырма мен елу жас аралығы) өздерінің сөйлеу ерекшелігі бойынша аталған екі топтың аралығындағы деңгейді қамтиды, дегенмен олардың сөйлеу ерекшеліктері жоғарғы буындағыларға жақындау тұрады.

Төменгі буынға жиырма-жиырма екіге дейінгі жастарды жатқызамыз. Бұл топты қала жастары мен ауыл жастары деп іштей де жіктеуге болады. Бұлар сөйлеу ерекшеліктеріне қарай жоғарғы буындыларға қарам-қарсы тұрады. Өйткені, бұл топтағылардың лексикалық сөз байлығы төмен және бейнелі сөздерді, мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді, диалектілерді, етістіктің рай, амалдың өту сипаты категорияларын, көсемшелі-есімшелі оралымдармен күрделі синтаксистік құрылымдарды сөйлеу барысында сирек қолданады. Тіпті сөз екпінін бұзып айту (әсіресе, қала жастарында) да кездеседі.

2. Сөйлеушілер біліміне байланысты үш топқа бөлінеді: толық орта білімі жоқ сөйлеушілер, орта білімі бар сөйлеушілер және кәсіби-орта немесе жоғары білімі бар сөйлеушілер.

Толық орта білімі жоқ сөйлеушілердің тілі, әсіресе, лексика мен синтаксистік құрылымға байланысты ерекшеленеді. Олардың тілінде қарапайым тұрмыстық сөздер, диалекті, жаргон, дөрекі сөздер мен толымсыз сөйлемдер жиі қолданылады. Айтпақ ойларын дұрыс жеткізе алмайды, сөйлемдерінде бастауыш пен баяндауыш кейде қиыспай жатады. Күрделі синтаксистік түрлі ғылыми терминдерді мүлдем қолданбайды десе де болады.

Орта білімі бар сөйлеушілер де тілдік ерекшеліктеріне қарай осы топқа жақындау. Дегенмен, олар өз ойларын дұрыс та толық жеткізе алады, өзіне қажетті кейбір синтаксистік құрылымдарды да пайдалана алады. Алайда, олардың тілінде ғылыми терминдер сирек ұшырасады.

Кәсіби-орта немесе жоғары білімі бар сөйлеушілердің сөз байлығы мен тілдік құралдары алғашқы топтағыларға қарағанда әлдеқайда басым. Тілдің мәнерлегіш құралдарын да жақсы меңгерген. Сондай-ақ өз мамандығына қатысты кәсіби терминдерді де жиі қолданады. Бұл жерде сөйлеушінің білімі неғұрлым жоғары болса, оның сөйлеу мәдениеті де соғұрлым тұрақты, бейнелі, біркелкі және көркем болады деген заңдылыққа сүйенген дұрыс.

3. Сөйлеушілердің әлеуметтік жағдайы мен кәсібі де олардың тілдік қолданыстарында айқын көрініс табады. Жұмысшылар тілінде кәсіби, диалекті және жаргон сөздер жиі ұшырасады, сөйлемдердің синтаксистік құрылымы қарапайым, кейбір морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолданбайды. Қызметкерлер тілі бұларға қарағанда әлдеқайда әдеби нормаға жақын, олар ресми тілге қатысты тұрақты сөйлемшелер мен шаблондарды жиі қолданады.

Ал ауылдықтар мен қалалықтардың сөйлеу әрекеттеріндегі айырмашылықтар айқын аңғарылады. Ауылдықтардың сөз байлығы терең, сөйлемдері күрделі, морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолданады және олардың сөзі (сөйлеуі) көркем, бейнелі, мәнерлі болып келеді, әлеуметтік жағдайларға байланысты жергілікті диалектілерді жиі қолданғанмен, шет тілдерінен енген кірме сөздерді өте сирек қолданады. Ал қалалықтар, керісінше, қазақша сөз байлығы орта, сөздері (сөйлеуі) қарапайым, кейде қисынсыз болып келсе, кейбір грамматикалық тұлғаларды (әсіресе, септік жалғаулары мен етіс, шақ категорияларын) дұрыс қолданбайды және шет тілдерінен енген кірме сөздерді жиі пайдалануға бейім тұрады. Сондай-ақ, ауылдықтар мен қалалықтардың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік жіктелісі, олардың сөйлеу тілінің лексикалық сараланауына да зор ықпал етеді. Мысалы, ауыл тіршілігінде қолданылатын сөздер қалалықтар тілінде қолданылмайды. Ал қаладағы экономика, бизнес, техника, ғылым және т.б. салалардағы терминдер мен атаулар, тіпті, қала тұрмысындағы кейбір қарапайым сөздер ауылдағылардың тілінде мүлдем кездеспейді немеее өте аз кездеседі.

Зиялы қауымның сөйлеу тілі бірқалыпты; әдеби нормаға сай болып келеді. Олар өз мамандықтарына қатысты терминдер мен атаулармен қатар қазақ тілінің сөйлеу нормаларын да жақсы меңгерген. Дегенмен жаратылыстану саласындағы мамандарға қарағанда қоғамдық пен гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандардың сөйлеу тілі біршама көркемдігімен, бейнелілігімен, мәнерлілігімен, қисындылығымен және синтаксистік күрделілігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ бұл саладағы филология (қазақ тілі мен әдебиеті) мен журналистика (қазақ) мамандары тілдің бүкіл болмысын толық меңгеруіне байланысты сөйлеу тілінің тазалығымен, байлығымен, көпқырлылығымен, көркемділігімен, мәнерлілігімен, әуезділігімен және өте күрделілігімен дараланады.

4. Сөйлеушінің тілінде оның білім алған тілі мен отбасындағы қарым қатынас тілі де ерекше роль атқарады. Қазақ тіліңде білім алып, қазақ тілінде қатынас жасайтын сөйлеушілер қазақ тілінің тілдік нормаларын өз білімінің деңгейіне сәйкес меңгерген.

Ал орысша немесе басқа тілдерде білім алғандардың басым көпшілігі қазақша негізінен ауызекі сөйлеу тілінде ғана қатынас жасай алады. Олардың сөз байлықтары өте аз, сөйлемдері толымсыз, сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібі, ретсіз болып келеді, морфологиялық тұлғаларды қолдануда көптеген қателіктер кездеседі, көбінесе сөз екпіні дұрыс сақталмайды және қазақ тілінде баламасы бола тұра орыс тіліндегі сөздерді қосып айту үдерісі мен кейбір сөздерді орыс тілінен калькамен аударып қолдануы («Сіз

білесіз, әр адамдарда жеке мәселелер бар», «мен ойлаймын», «кішкентай адам», «назарларыңызға рақмет» т.т.) жиі байқалады.

5. Сөйлеушілер тілінің аймақтық ерекшеліктері «Қазақ диалектологиясында» тілдің фонетика, грамматика және лексика салалары бойынша жан-жақты талданған [1].

Ал шетелдердегі қазақтардың тілі негізінен Қазакстандағы қазақ тілінің әдеби үлгісін негізге ала отырып дамығанмен, түрлі әлеуметтік-аймақтық себептерге байланысты кейбір ерекшеліктер де кездеседі. Ол ерекшелік шетелдердегі қазақтардың мәдениеті, әдебиеті, ғылым мен баспасөз салаларының дамуы мен сол мемлекеттің экономикалық-идеологиялық ұстанымына тікелей байланысты болады.

Сондай-ақ шетел қазақтары мен Қазақстан қазақтарының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданып жүрген сөздерінде де біраз өзгешеліктер байқалады. Мысалы, Қазақстан қазақтары орысша сөздерді араластырып сөйлесе, Қытай қазақтары қытайша, ұйғырша сөздерді, ал Монғолия қазақтары монғолша сөздерді, Орта Азия мен Түркиядағы қазақтар сол елдердің сөздерін араластырып сөйлейді. Осындай тарихи-мәдени, әлеуметтік және экономикалық-идеологиялық себептердің әсерінен Қазақстан мен шет елдердегі қазақтардың тіліндегі термин атауларының саралану деңгейі де жылдан-жылға ұлғайып келеді.

Бұл көріністер, әлеуметтік топтардағы сөйлеу ерекшеліктері қарым-қатынас жасайтын бала тіліне де әсер етеді. Әсіресе баланың сөздік қорына – яғни сөз байлығына тікелей байланысты. Өйткені сөздік қоры тапшы бала, сөйлеу әрекетін мәдениетті жүргізе алмайды. Соңдықтан баланың тіл мәдениетін жақсарту үшін ата-аналарының осы әлеуметтік топтарға негізделген тілдік ерекшелігін ескере отырып, оқытуда жеке жұмыстар да ұйымдастыру тиімді болып табылмақ.

Тілдесім әрекеті ойлау әрекетімен байланысты. Ал ой-пікір жеке ұғымдар негізінде жасалады. Сондықтан сөйлеу мәдениетінің психологиялық негізін қарастырайық.

Баланың таным үдерістері ұлғайған сайын оның сөйлеуге кажетсінетін сөздер саны да өсіп отырады. Мұның өзі баланың психикасы мен сөздік қорының арасындағы байланысты білдіреді. Баланың психикасы жетілген жағдайда ғана сөздік қоры дамып, одан күнделікті өмірде керекті сөздерді іріктей алады. Сондықтан баланың сөздік қорының дамуы үшін оның психикалық жүйесінің дамуы шарт.

Оқушылардың сөздік қорын молайту жұмыстарында сөздік қор мен психикалық қасиеттерінің арасындағы қатыстар анықталады. Мәселен, сөздік қор мынадай психикалық қасиеттермен тығыз байланысты: 1. Сөздік қор және ойлау; 2.Сөздік қор және сөйлеу; 3. Сөздік қор және ұғым.

Ойлау мен сөйлеу іс-әрекет негізінде бір-бірімен байланысты. Сондықтан сөздік қорды байыту, ойлау мен сөйлеуді дамыту оқушылардың оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруға тәуелді.

Тілді игеру, өз тәжірибесінде қолдана білу жеке адамның ойлау әрекетіне тәуелді екені белгілі. Ал ойлауды тәрбиелеу бала психологиясының жан-жақты дамытуымен тығыз ұштасып жатады. Әсіресе, ой әрекеті арқылы тіл дамыту белгілі амал, әдіс-тәсілдер арқылы жүргізіледі.

Жалпы іс-әрекет теориясының негізгі заңдылықтары жеке тіл жұмсау мен сөйлеу әрекетін дамытуды да қарастырады. Ол үшін іс-әрекет теориясының негізгі ұғымдарын сөйлеу іс-әрекеті ретінде анықтап алайық.

Адам әрекеті – күрделі үдеріс. Оның құрамына қозғалыстардың жүйесі де кіреді. Бала әрекеттер мен амалдар арқылы ғана сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, оны өз шамасында өзгертіп, дамытып отырады. Сондықтан адам психикасы іс-әрекет үстінде дамып қалыптасады. Ал адам әрекетінің әрқайсысы: ойын, оқу, еңбек және нұсқалары әр уақытта белгілі бір мақсат, міндеттерге бағытталып отырады. Бұлардың барлығына тең ортақ қасиет белгілі қажетке байланысты туындайды. Бұл теориялық пікірлер тіл дамыту мәселесінде сөздік қорды байыту мәселесінде де ерекше орын алмақ.

А.А.Леонтьев: "Әрекет деген ұғымның өзі ең алдымен мотив туралы ұғыммен байланысты. Әрекет – мотивсіз (себепсіз) болмақ емес", – деп жазады[2]. Жоғарыдағы айтылғандай "қандай да болмасын барлық әрекеттің қажетсінуі болады, ал қажеттілік өзінен өзі әрекетті белгілі бір мақсатқа бағыттай алмайды. Мысалы, қажеттілік танымдық болса, дәлірек айтқанда, заттың қасиеттері мен кітаптың мазмұнымен танысқысы келсе, онда бұл қажеттілік мотивке айналады", – дейді. С.Л.Рубинштейн: "Қандай болмасын әрбір әрекеттің мотиві болады, яғни, әрекет мотив арқылы жасалады", – деген болатын[3]. Мәселен, біз әр уақытта сөйлейміз, айтамыз, бір нәрсені хабарлаймыз, дәлелдейміз т.б., яғни әрекеттенеміз. Ал осы әрекетімізге түрткі болатын себеп-салдар, жағдай-ахуалдар бар. Олар қарым-қатынас жасау түрткісі деп аталады.

Барлық әрекеттің жүйесі болады. Оқушының сөздігін байыту деген -оның сөздігінің сандық өсуі ғана емес, танымдық ұғым көлемін кеңітетін сапалық өзгеруі, сөз мағыналарын нақтылай түсуі, белгілі сөздің жаңа мағыналарымен таныс болу, сонымен қатар сөзді орынды жатық қолдану.

Сөйлеу әрекетінің дұрыс жүргізілуі оқушыда психологиялық категориялардың: ұғым, дағды іскерліктің қалыптасуына негізделеді. Олай болса, баланың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту осы қатысымдық әрекет амалдарының кезеңдеріне байланысты сөйлеуге жеткілікті сөздік қор болғанда ғана нәтижелі болмақ. Ал сөз

ұғыммен байланысты.

Ұғым деген қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың қасиеттері мен маңызды белгілерінің жалпыланған логикалық сипаттамасыдеп түсінеміз.

Әрбір ұғым, сол ұғымға сәйкес келетін сөз, терминмен байланысты. Оқыту үдерісінде әртүрлі нысандарға бақылау жасауды ұйымдастыра отырып, оқушылардың назарын олардың мәнді және мәнсіз белгілеріне аударады. Соңында мәнді белгілерді қанағаттандыратын барлық нысандарға сәйкес келетін сөз – терминмен атайды, яғни ұғым оның материалдық қалыбы болып табылатын тілмен бейнеленеді. Мысалы, зат есім немесе сын есім деген термин сөздің анықтамасы арқылы сөздің ұғымын қалыптастырады. Нәтижеде қалыптасқан ұғым сол сөзді айтқан кезде мағыналық жолмен түсінікті болады да оқушы сөйлем құрауда сол сөздің қалыптасқан ұғымдық мәні бойынша тәжірибеде пайдаланады. Нәтижеде оқушы жаңа атау сөзерді игереді, мағынасын, мәнін түсінеді. Оны пайдалануға жаттыға бастайды.

Оқу материалдарын ұғынуда талдау мен жинақтау маңызды рөл атқарады. Өйткені ойлау әрқашан талдау мен жинақтау үдерістерінен басталады.

Талдау дегеніміз ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөлшектерге ажырату арқылы тану деп есептеледі. Мысалы, сөйлемге синтаксистік талдау жүргізгенде, алдымен сөйлемнің айтылу мақсатына, құрылысына, сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдері мен қалыптарына қарай ажыратылады, соңынан сөйлем мүшелеріне талданады. Бұлардың барлығы жеке сөздің мағына мәнін негізге алады, бөлшектерге бөлу арқылы оқушы сол бүтіннің мәнді жақтарын, қасиеттерін, ерекшеліктерін меңгереді. Ал жинақтауда ой арқылы зат пен құбылыстың барлық элементтерін біріктіреді. Мәселен, оқушы дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем, сөйлемнен мәтін құрап, тілдің күрделі бірлігін жасайды.

Оқушының танымының артуына салыстыру ой амалы шешуші роль атқарады. Салыстыруда заттар мен құбылыстардың ұқсастық, айырмашылық қасиеттері анықталады. Оқыту мазмұнында салыстыру ой амалдарының бірнеше түрлері кездеседі. Мысалы, бір зат пен құбылыс екінші бір зат пен құбылыспен салыстырылып қоймай, сол зат пен құбылыстың өзара ішкі қасиеттері де салыстырылады. Мысалы, сын есімнің қолданудағы ерекшелігін үйрету үшін зат есіммен салыстырылады немесе сын есімнің шырайларын бір-бірімен салыстыруға да болады. Бұл салыстырулар сөздің ұғымдық ерекшеліктеріне байланысты.

Топтау – салыстыру нәтижесінде көрінетін ой амалы. Мұнда басты және қосалқы ұқсас белгілері негізінде заттар мен құбылыстар класс, тек, түр, типтер сияқты топтарға бөлінеді. Бұл дағдыларды қалыптастыруда ұғымдардың қасиетін тану шешуші роль атқарады.

Ал адамға қоршаған ортадағы шындықты дұрыс тануға көмектесетін, әртүрлі заттар мен құбылыстардың бір-бірінен айырмашылықтары мен ұқсас белгілерін анықтайтын ұғымдар логикалық ойлау амалдары (операция) жүйесі негізінде жасалынады.

Тұжырымдағанда, 5-10-сыныптардағы оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда сөздік ұғымдарды игеру мен дамытудың мынадай кезеңдері бар:

Бірінші кезең, оқушылардың белгілі жағдайларға байланысты тілдік құралдарды қолданудың дұрыс-бұрыстығын сезінуі немесе байқауы. Бұл кезеңде оқушылардың тілдік құралдарды қолдана білу дағдылары әлі жетілмеген кезде оларға сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасы, ұғымы бойынша сөйлеуде қолдана білуге дағдыландырылады. Олардың дұрыс сөйлей білуіне лингвистикалық-теориялық жағынан білім, икемділік, дағды беріледі (сөз байлығы, грамматикасы т.б). Демек, тілдік құралдарды игеру үшін оның өз ойын жеткізуге басқалармен қарым-қатынас жасауға лайықты іскерлігі мен дағдысы қалыптастырылады. Бұл кезеңде ауыспалы мәнді сөздер, күрделі терминдер мен олардың қолданылуы стилистикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер берілмей, тек сөзден тіркес жасап, игерілген ұғым арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретіледі. Негізгі мақсат – сөз байлығын дамыту, жаңа сөз үйрету, осы сөздерді қолдануға дағдыландыру, синонимдермен т.б. жұмыс.

Екінші кезең – әдеби тіл нормасы туралы алғашқы теориялық ұғымдармен таныстыру. Бұл кезеңде оқушылардың ойлау жүйесінің күрделенуі мен тілдік құралдардың қолданылуына басты назар аудара бастайды. Атап айтқанда, сөз қолданудағы тілдік қателер туралы, олардың ойды жеткізуге сай еместігі немесе ойды жеткізудегі қарым-қатынас жасау түрлері, тілдік құралдардың оған сәйкестігі сияқты ұғымдар үйретіле бастайды. Әсіресе, мұнда диалект, қарапайым сөздер, жиі және сирек қолданатын сөздер және олардың қолдану ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейтіледі. Ол үшін стильдік реңдері айқын тілдік құралдар пайдаланған мәтіндермен жұмыс жүргізіледі.

Бұл кезеңде оқушы өз ойын дұрыс жеткізумен бірге, жаңа ахуалда стильдік ерекшіліктерін ескеріп сөйлей білуге дағдыландырылады. Сөз ұғымы мен мағынасын игеру арқылы ауызша сөйлеу стилі мен кітаби стиль ерекшеліктерін ажырата бастайды. Одан әрі көркемдеп сөйлеуге, тілдің кейбір көркемдегіш, бейнелегіш құралдарын қолдануға жаттығып, көркем әдебиет стиліне ауысады. Танымы артып, ойды екінші біреуге суреттеп, образды эмоциональды жеткізуге талпына бастайды. Мәтіннің тілдік құралдарын игереді.

Демек, бұл кезеңде сөйлеудің күрделі ойды жеткізу үшін сөздерді бір – бірімен байланыстырып, сөйлемдер құрастыруға жаттықтыру жұмыстары жүргізіледі. Сөйлеудің әртүрлі ахуалда тілдік құралдардың қолданылуы туралы түсінігі қалыптасады. Бұл іскерлік пен дағды мәтін түзе білуге ұластырылады.

Үшінші кезең – тілдің қатысымдық әрекет ретінде ұғымдары мен түсініктерін игеру. Бұл кезеңде оқушылар теориялық (мектепте оқыту) немесе өздігінен тәжірибелік (басқа адамдармен қарым-қатынас жасау, түрлі кітаптар оқу) жұмыстар арқылы сөздерді қарым-қатынасқа орай жұмсай білу дағдыларын меңгереді. Тіл стильдерінің тілдік құралдарының ерекшеліктерін бір-бірімен салыстырады, ой қорытындыларын жасауды игереді, өз ойын жеткізудің нұсқаларын меңгере бастайды. Мысалы мазмұндамалар, шығармалар, баяндамаларды белгілі бір тақырыптың төңірегінде топтастырып, сөздерді сұрыптайды. Ойын жүйелі бере білуге төселеді т.б. Яғни мәтінді қатысымдық, әрекеттік, қызметтік (функциональды) бағытта жүргізуге жаттығады [5] .

Тіл дамытуда бұл жоғарыдағы келтірілген қатысымдық әрекеттің өзіндік қалыптасатын іскерліктері мен дағдылары бар. Өйткені, психологиялық әдебиеттерде іскерліктің мынадай түрлері келтірілген. Мысалы: Іскерлігі жеткіліксіз әрекет, іскерлігі дамыған әрекет, іскерлік - шеберлік.

Сөйлеу әрекетіндегі дағды мен іскерлікті психологтар мен педагогтар шығармашылық (қолдану) қабілеттілігі немесе сөйлеу әрекетін игеру деп түсіндіреді.Ал қабілеттілікті: тілдік негізде ойды жеткізе алу қабілеті, әрекет ету бағдарламасына сай тілдік құралдарды пайдалана білу қабілеті, ойды қалыптастырып, оны тұжырымдап айту қабілеті деп білеміз.

Тұжырымдағанда, адам ой-әрекетімен ашылған заңдылық, байланыс, тәуелдік қатынастар тілдің сөздік және грамматикалық нұсқаларда өмір сүреді. Ойтанымының жоғарғы сапасы ретінде де, үдеріс ретінде де ойлау мен сөйлеудің бірлігінен туындайды. Ал бұл бірлік, тұтастық сайып келгенде, тіл дамыту ой дамыту болып табылады. Ал ойлау сөйлеу әрекетін туғызады.

Тілдесім әрекетінің жүйелі, мазмұнды, мәдениетті болуы ақыл-ой еңбегінің нәтижесімен бірге логикалық ой-амалдары туралы (талдау, жинақтау, нақтылау, абстракциялау, жалпылау, салыстыру, жіктеу, қорытындылау) дағдысына байланысты. Демек, тіл дамыту әрекет дәрежесінде жүргізіліп, қарым- қатынастың табиғи түріне пікір айту саналы оқытудың ахуалдары мен себептіліктері бойынша жүргізілсе нәтижелі болады.

Сонымен сөйлеуді іс-әрекет ретінде түсіндіру теориясы психология ғылымының ана тілін оқытуды жетілдірудің ғылыми негізі бола отырып, сөйлем мен ой-пікірлер мәдениетінің де дамуына жағдай туғызады.

Сөзді іс жүзінде пайдалану үшін оның мағынасын білу жеткіліксіз, айналадағы заттар мен құбылыстарды, олардың арасындағы байланыс пен қатынастарды дұрыс тану үшін адамның санасында ұғымдар пайда болуы тиіс. Ол ұғымдар арқылы ұғыну, түсіну үдерісі жүргізіледі.

Мұндай әрекеттер бірнеше сатылардан тұрады. Ұғыну үдерісін бұл бағытта зерттеушілер даму тұрғысынан түсіндіреді. Біріншіден, бір ұғымның негізгі белгілерінен кездейсоқ белгілерін ажыратып, өзіне тән мәнісін түсіну болып табылады. Мысалы, 5-сынып оқушылары (зоология 7-сыныпта оқытылады) кит пен дельфинді мекендеу ортасы су мен қозғалыс әрекет сипатына байланысты балықтар тобына жатқызады. Бұл-оқушының дельфиннің негізгі белгілерін ажыратып білмеуінен туындаған қате мағыналық ұғым. Бұл сияқты мағыналық ұғымды болдырмау үшін заттар мен құбылыстардың негізгі белгілері мен қосалқы белгілерін, сөздің мағынасын салыстыра ажыратып түсіну икемділігі қалыптасуы қажет.

Екіншіден, бір зат пен құбылыс туралы ұғым мен басқа зат пен құбылыстың негізгі белгілерімен салыстырылады. Бірақ салыстырылатын зат пен құбылыстың ұғымы бұрын игерілген болуы тиісті. Мысалы, сын есім мен етістікті салыстырғанда, біріншісі зат есімнің сын-сипатын білдіретін болса, екіншісі зат есімнің іс-әрекеті мен қимыл-қозғалысын көрсететіндігін, сын есім сөйлемде көбіне анықтауыш, етістік баяндауыш қызметін атқаратындығы сөз болумен бірге, балада зат пен құбылыстың өзі туралы және термин сөздің мәні туралы тиянақты ұғымы болуы тиіс.

Ұғымды меңгерудің үшінші жолы, яғни сол игерілген ұғымдарды іс- тәжірибеде пайдалану. Қазіргі реттеушілердің пікірінше, баланың оқытудағы жетістік – әрекеттенудің жемісі. Сондықтан баланың ой-өрісінің дамуының негізгі жолы оны әртүрлі әрекеттерге жегу болып табылады. Ал білімді тәжірибеде қолдана білу деген біріншіден, оқушының сабақ арқылы алған білімін келесі сабақтардағы тапсырмаларды шешуге қолдана алуы, екіншіден оқушының қалыптасқан ұғымдарды өз тәжірибелерінде пайдалана алу сөздерді тіркестіріп сөйлем құрау, әңгімелеу, мазмұндама, шығарма т.б. деп түсінуге болады. Демек, білімді тәжірибеде қолдану қатысымдық-әрекет ұғымдардың оқушы санасында қалыптасуының негізгі шарты болып табылады [4].

Бұл пікірлерді тұжырымдай келгенде, оқушылардың қатысымдық әрекетін арттыру мен сөздік ұғымдарды қалыптастырудың басты қағидалары мынадай деп есептейміз: 1) меңгерілетін ұғымды белгілейтін деректерді (сөздерді) бақылау мен іріктеу; 2) игерілуге тиісті әрбір жаңа зат пен құбылысты талдау, салыстыру арқылы басқа зат пен құбылыста болатын негізгі белгілерді айқындау; 3) белгілі ұғымның қосалқы белгілерін

дерексіздендіру (абстракциялау); 4) жаңа ұғымдарды бұрыннан таныс ұғымдармен салыстырып топтау, жалпылау.

Оқушының сөздік қорын термин сөздермен байытудың маңызды жолы да ұғыммен байланысты болмақ. Ал терминге мағына беру сол ғылым негізіне байланысты жүргізіледі. Мәселен, "тіркескен сөз" деген ұғым лингвистикалық күрделі сөздің жасалу тәсілінің бірі деген ұғымды қалыптастырса, күнделікті сөздердің тіркесіп келуі деп те ұғынылады. Сондықтан терминге мағына беру анықтама немесе түсініктеме арқылы жүзеге асырылады. Яғни әрбір сөздің ұғымын, мағынасын игеру белгілі бір жүйемен ойлау әрекеті арқылы іске асады. Демек, баланың жаңа сөзді игеруі сол сөздің ұғымын игере білуіне байланысты болмақ.

Оқушылар тілдік ұғымдар мен сөз мағынасын игеру үшін ойлау қызметінің логика-генетикалық құрылысын ашуды қажет етеді. Ж.Икрамов бұл үдерістің бірінен соң бірі келетін үш кезеңнен тұратынын көрсетеді. а/қабылдау, түсінік, ой елегінен өткізу, есте сақтау; ә/ жалпылау, жүйелеу; б/ қолдану.

Бұл кезеңдер мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1. Жаңадан енгізілген ұғымның бейнесі болатындай жеткілікті мөлшердегі нысандарды қарастыру және оларға бақылау жасау, оқушылардың өмірлік тәжірибе мен алған білімдерін пайдалану нәтижесінде қабылдау, алғашқы түсініктер пайда болады және енгізілген ұғым игеріледі;

2. Қарастырылып отырған ұғымның мәнді белгілері бөлініп алынады, нысанды байланыстар мен қатыстарды ұғынуға алып келеді. Бөліп алынған белгілер бір-бірінен тәуелсіз бола отырып, ұғымды қалыптастыру үшін ғана емес, оның дамуына және қолдануға да жеткілікті болуы қажет.

3. Қарастырылып отырған ұғымның белгілерін, жалпылама атаулық тұжырым жасау.

4. Ұғымды белгілейтін сөз және термин мағынасын ажырату.

5. Жалпылау және енгізілген ұғымды оқытылып отырған пән, курстың ұғымдар жүйесіне және сөйлем мақсатына қосу (бұл кезең пәндік байланысты жүзеге асыру болып табылады).

6. Енгізілген ұғымды мағыналық мәні бойынша қатысымда қолдану бұл жерде оқытылып отырған ұғымның нақты жағдайлардағы, аттас пәндерді қолданылуы туралы мәселе қойылады, ол пәнаралық байланысты жүзеге асырады.

Тұжырымдағанда, сөздік қор сөйлеудің құрамдас бөлігі болғандықтан, оның баланың ойлау қабілетіне де қатысы бар. Психолог ғалымдар сөздік қордың бірлігі сөздің ойлауға қатысы барлығын айта келіп, сөз ойлаудың "клеткасы" дейді.

Қорыта айтқанда, адам ой әрекетімен ашылған заңдылық байланыс, тәуелдік қатынастар сөздік және грамматикалық қалыптарында өмір сүреді. Ой танымының жоғарғы сапасы ретінде де, үдеріс ретінде де ойлау мен сөйлеудің бірлігінен туындайды. Тіл ойлаудың тұтастығы сайып келгенде, тіл мен ойды дамыту болып табылады. Ал логикалық заңдылыққа сүйенсек, үдерістің керісінше жүруі даусыз. Яғни, ой дамыту, тіл дамыту болмақ.

Ойлау мен сөйлеу әрекеттерінің бір-бірімен тығыз байланыстылығы ойлау-сөйлеу әрекетін тудырады. Сөйлеу әрекеті негізінде тіл біліміне емес, ойлау үдерісіне сүйенгендіктен, бала тілін дамытудың басты шарттардың бірі-ана тілінде ойлауды қалыптастыру, сол арқылы қарым-қатынас мәдениетін дамыту.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы, 2000 ж.
2. Леьонтев А.А. Деятельность, Сознание, Личность.–Москва: Знамя,2016,-304 с.
3. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Санк.П.: Питер, 2009, -721 с.
4. Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлаудың дамыту әдістемесінің негіздері монография. Ақтөбе, 2018. 198б.
5. Жапбаров А. Оқушылардың тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы: Арыс, 2011ж.

ЖАПБАРОВ А.,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ОҚМПУ,
Email: azhapbarov@mail.ru

ЖАПБАРОВА Г.А.
педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
ОҚМПУ,
Email: gulmira-71-71@mail.ru

ТІЛДЕСІМ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЛИНГВИСТИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ – ӘДЕБИ ТІЛДІК НОРМАЛАР

Түйіндеме. Бұл мақалада жалпы білім беретін мектепте тілдесім мәдениетін оқытудың лингвистикалық негіздері сипатталған.

Кілттік сөздер: Білім беру, тілдік норма, тілдесім мәдениеті, білім беру моделі, педагогикалық технология, құзырлылық.

Резюме. В данной статье в данной статье описаны лингвистические основы обучения культуре общения в общеобразовательной школе.

Ключевые слова: Образования, языковая норма, языковая культура, модель образования, педагогическая технология, компетентность.

Summary. This article describes the linguistic foundations of teaching communication culture in general education schools

Keywords: education, language norm, language culture, model of education, pedagogical technology, competency.

«Тілдесім мәдениеті» деген ұғым тілдік норма, этикалық норма, қатысымдық (коммуникативтік) норма деп аталатын норманың үш типін қамтиды. Тілдің қарым-қатынастық жағдаятына қарай, сөз саптау этикасын сақтай отырып, қатысымдық мақсатқа тиімді жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей тілдік құралдарды талғау, саралау, оларды байланыстырып әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормалары бойынша тілдесімге негіз болады.

Тілдік нормалар: орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, грамматикалық (сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) нормалар. Оның мәні екі немесе бірнеше нұсқалардың тілдесім жағдаятына сәйкес біреуін ғана талғап, таңдап қолдану қажеттігінен тілдесімнің нормалық сипаты дейміз. Мәселен, Н.Уәлиев: «Сөз мәдениеті дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көркіктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді», – деген пікір айтады [1].

Тұжырымдағанда, тілдесім мәдениеті ұғымының аясына енетін бір-бірімен тығыз сабақтасып жатқан мәселелердің өзара бірлігінен туындайтынын пайымдауға болады:

1) тілдесім мәдениеті әдеби тіл нормаларын қамтиды;

2) тілдесім шеберлігі деңгейіне қатысты сөйлеу мәселелеін де қарастырады.

Әдеби тілдің қалыптасуы тіл нормаларының ережесі мен ұғымдарға байланысты: яғни айту, сөзді меңгеру, сөз қолдану, сөздердің үйлесімділігі мен сөйлемдегі байланысы аймағына тәуелді болып табылады. Сондықтан тілдесім мәдениетінің тіл тану саласы ретінде үш деңгейі бар:

1. Тәжірибелік деңгей, сөйлеу үшін тілдің ауызша және жазбаша нұсқаларының нормасын меңгеру;

2. Әр түрлі жағдаяттарда тілдік құралдарды қолдана білу, стильдік, яғни сөйлеу жанрлық нормаларын игеру;

3. Тіл заңдарына сәйкес қатысымдық нормалық деңгейде болжам жасай болу.

Тіл мәдениеті мәселесінде теориялық негізді табудың, яғни тіл мәдениеті жөніндегі ғылымды лингвистиканың бір саласы ретінде қалыптастырудың қажет екендігін айта келіп, Т.Қордабаев «Сөйлеу мәдениетін сөз еткенде, бұл саладағы кемшілікті сынға алғанда сүйеніш етер негіз, бағыт тұтар құбыламыз тілдік норма, әдеби тіліміздің сөйлеу, жазу нормасы болмақ. Сондықтан сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы үшін күрес – қалыптасқан норманы сақтау үшін күрес болмақ. Олай болса, бұдан шығатын қорытынды – сөйлеу мәдениеті жөніндегі ілімнің негізгі міндеті – тілді норма дегеннің сырын ашу, оның құрамына нелердің енетінін айқындау болса керек», – деп анықтайды [2].

Тілдік норма да – тарихи құбылыс. Қоғамда-

ғы адамдардың бәрінің сөйлеу дағдысын, тіл жұмсау мәдениетін бір өлшеммен өлшеуге, бір үлгімен жасалмайды. Тілді қоғамдық құбылыс ретінде пайдаланушы қоғам мүшелерінің ақыл-ой парасаты, білімі, мәдениеті өнер-ғылымға қанықтығы, іс-әрекеті біркелкі емес. Оның үстіне олардың туып-өскен ортасы, тілдік дағдысы бірдей емес. Сол сияқты қоғам мүшелерінің сөйлеу, жазу мәнері де, мәдени дәрежесі де әр алуан. Жұрттың бәрін міндетті дейтін тілдік тәсілдер, нормалар бар. Тілдік нормалардың тәсілдері ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан сөздік қор, грамматикалық құрылыс, фонетикалық заңдылықтармен қатар ресми түрде қабылданған орфография ережелері, терминдер және оқулықтар мен оқу құралдарындағы нормативті ережеңұсқаулар.

Тілдік норма дегеніміз әдеби деген ұғыммен бірдей деңгейде айтылады. Әдеби тілге сіңіскен, орныққан тіл байлығы тілдік норма дегенге саяды. Әдеби тіл нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік танығаң, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары.

Сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдана білу әдеби тіл нормаын сақтау дегенді білдіреді. Оны Р.Сыздықова: «Тілдік норма құбылысын зерттеушілердің айтуына қарағанда, норма мәселесіне тек сөздердің грамматикалық амал-тәсілдердің, тілдік құрылымдардың жүйелі түрде, біршама орныққан, көпшілік дұрыс, әсем деп тапқан қолданыстары ғана емес, осындай қолданыстардың таңдалып алынуы мен қолданыс барысының үрдісі (тенденциясы), яғни бағыт-бағдары, өміршеңдігі, уәжділігі, әлеуеті (потенциалдығы) деген мәселелер де кіреді», – деп көрсетеді [3].

Тілдік норма алғаш сөз бола бастаған тұста ол алдымен, тілдік жүйемен салыстырыла қарастырылды. Мәселен, қазақ тілінде заттың тәуелденуі, септелуі және жіктелуінің т.б. белгілі бір жүйесі бар. Міне, осыған қарағанда, жүйеде ауытқымау дегеніміз нормадан ауытқымау сияқты болып көрінеді. Тілдік жүйе мен тілдік норма тепе-тең құбылыс емес. Бұл тек тілдік жүйе мен тілдік норманың бірлікте болуы ғана. Тілдік норманың арқауы – тілдік жүйе.

Р.Сыздықова тіл мәдениеті мен тілдік нормаңы өзара байланысын қарастырады: "Тіл мәдениетінің ең өзекті мәселесі – тілдік норма" –деп есептейді. Сонымен бірге, тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, анықтау, жетілдіру екенін айтады [3].Сондықтан тілдесім мынадай тілдік нормаларды басшылыққа алады.

Лексикалық норма. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі көркем әдебиетте жиі қолданылып жалпы халықтық нормаға айналады да, бір қатары қолданудан қалып қояды немесе өте сирек пайдаланылады. Ауызекі тілде бар біраз сөздер әдебиетте кездескенімен, әдеби нормаға жатпайды.Мысалы: шаһар, кент, әтеш, бойлай, жүдә сөздері кейбір сөз зергерлерінің туындыларында кездескенімен, бірақ олар әдеби тіл нормасынан тыс деп есептеледі. Олардың орнына қала және қораз, өте сөздері әдеби болып табылмақ.

Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер мыналар: диалект сөздер, кейбір кәсіптік сөздер, дөрекі, жаргон сөздер т.б.

Грамматикалық норма. Қазақ тілінің грамматикалық амал-тәсілдері, тұлғалары, құралу тәртібі белгілі қалыпқа түсіп, жұртқа әбден дағдылы болған сөз таптарының, сөз түлғаларының, сөйлем құрылысының алуан түрлі бөлшектері қиюын тауып қалыптасып кеткен. Грамматикалық құрылыстың сол қалпын грамматыкалық норма дейміз.

Грамматикалық нормалар грамматикалық ережелер, негізінде, әдеби тілдің қалыптасу барысында жасалады. Мысалы: ұлы ақын Абай заманында, Абай шығармаларында, ауыз әдебиетінде «бармаққа керек», «айтарға керек» деген сөз тіркестері кездеседі. Бұл тіркестерді бүгінде «бару керек», «айту керек» деп қолданамыз. Тілде сөйлеуге байланысты ***стилистикалық норма*** қалыптасқан.

Орфоэпиялық норма.*Сөздердің жалпыға бірдей қалыпты айтылу нормасын орфоэпия* дейміз. Сөздерді әдеби тілдегі жалпыға ортақ нормада айтып сөйлеу кісінің тіл мәдениеті жоғары екендігінің белгісі.

Қазақ тілі сөздерінің айтылуы мен жазылуы үнемі сай бола бермейді. Бірқатар сөздердің айтылуы мен жазылуының арасында айырмашылықтары көрсетілген. Бұл жағдай мектепте үндестік заңды оқытумен байланысты мәлімет беріледі. Мәселен:

Айтылуы Жазылуы
Құлұн құлын
Жүрөк жүрек

Орфографиялық норма. Орфография деп белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы туралы ережелердің жиынтығын айтамыз. Орфография тілдегі сөздердің, олардың грамматикалық форомаларының біркелкі жазылу нормасын белгілейді. Әдеби тілдің лексикалық, орфоэпиялық, грамматикалық нормасы әрбір сауатты адамға қандай міндетті болса, сөздердің жазылу нормасы да сондай міндетті. Тілдің орфоэпиясын үкіметтің бекітуі де оның жалпыхалыққа ортақ, міндетті екенін аңғартады. Үкімет қабылдаған, бекіткен сөздердің жазылу нормасын сақтай жазу әрбір азаматқа міндетті болып табылады.

Тілдесім мәдениетінің негізгі зерттеу нысаны –сөз, сөздің дұрыс айтылуы, сауатты жазылуы.

Нәтижеде айтайын деген ойдың айқын да анық, әсерлі де көркем жеткізілуі. Осыған орай тілдесім мәдениеті екі бағытта зерттеліп жүр.

1. Тілдесім мәдениеті;
2. Сөз қолдану мәдениеті.

Тілдесім мәдениеті ауызша сөйлеуде орфоэпиялық қағидаларды «сақтап, айту мәнерін қарастырса, ал сөз қолдану мәдениеті сөзді орфографиялық нормаға сай сауатты жазудан бастап, сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлігі т.б. талаптарды» жүзеге асыруды мақсат етеді. Осы орайда тілдесім мәдениетіндегі білімдік іскерлік пен дағдыны қарастырайық.

Әрбір тілдің сол тілде сөйлейтін қауымдар арасында қатынас құралдық қызмет атқарумен қатар, сол қауымның күресі мен жеңісінің құралы, мәдени өмірінің тұтқасы болып табылады. Әрбір қоғам сондықтан ана тілінің тағдырын немқұрайды қарай алмаған, оны қызғыштай қорып, халықтың мәдени дәрежесін көтеру жолында сол халықтың тілдік мәдениетін – жазу, сөйлеу мәдениетін жетілу, жақсарту талабынан басталып отырған. Сондықтан І.Кеңесбаев: «Халық тілінің байлығын игеру талғам, парасат тілейтін жұмыс. Халық сөзінің нарқын бағалап, салмақтай білсек (сонда ғана оларды әдеби тіліміздің) сап алтындай тазасын, ең асылын тұнығынан сүзіп ала білсек, сонда ғана оларды әдеби тіліміздің шын ырысы дей аламыз» деген пікір айтады [3].

Оқушылардың сөйлеу мәдениетінің іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқыту үдерісін мына төмендегіше ұйымдастыруға болады:

- жалпы тіл, сөйлеу туралы түсініктерін арттыру;
- тіл мәдениеті мен тілдесім мәдениетінің ерекшеліктеріән игерту;
- мәдениет пен тілдің байланыстылығы туралы білім беру;
- тілдесім мәдениетінің қоғамдық, ұлттық және халықтық сипатын түсіндіру;
- тілдесім мәдениетінің әлеуметтік мәні бойынша жаттықтыру;
- тілдесім мәдениетінің қатысымдық негізі, тілдік құралдарды меңгеру;
- тілдесім мәдениетінің тілдік нормалық және сапалық қасиеттері бойынша іскерлік пен дағдысын қалыптастыру.

Бұл іскерлік пен дағдыларды қазақ тілін оқыту үдерісінде қалыптастыру үшін 5-10-сыныптардағы бағдарламалық материалдар туралы білім, білік, дағдыларымен бірге әдеби тіл нормасын игеруіне негізделеді.

Р.Сыздықова: "Тіл білімінің бір тармағы болып саналатын «тіл мәдениеті» көптеген ғылыми практикалық мәселелерді қамтиды. Ол тек тілдің қолданысындағы ағаттықтары мен жазудағы қателерді тауып, көрсетіп отыруды ғана көздемейді. Тіл қолданысындағы қателерді көрсету үшін олардың дұрыс болуға тиісті базасын тану қажет, демек, тілдік жүйені, ол жүйеге сай қалыптасқан нормаларды айқындап алу шарт. Сондай-ақ тіл тіршілігінде тек сөздер ғана емес, дыбыстар, ол дыбыстардың айтылу сазы дегендердің мәні зор, бүгінгі тілдердің қызметі жазумен қоян-қолтық астарласып жатыр, бұл күнде тіл жазусыз қызмет ете алмайды, сондықтан емле мәселесі де «тіл мәдениетін» яғни жазуда да дұрыстықты, жүйелікті, қолайлылықты талап ету заңды," – деген болатын [3].

Ал Н.Уәлиев: «Тіл мәдениеті дегеннің ұғымы кең. Ол көбіне-көп қарым-қатынас құралы болып табылатын, тілді жетілдіре беру, ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әділеттілік тәрізділерді де қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты қарасақ, сөз мәдениеті дегеніміз қарым-қатынас құралын калай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әрқилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды», – дей келе, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, орфоэпиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым- катынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп колдана білу дегенді білдіретіндігін, тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті мәселелерін ажыратып көрсетеді [1]. Сондықтан біз зерттеуімізде әдеби тіл нормаларын тілдік материалдар негізінде көлемін белгілеу арқылы оқушылардың тілдесім мәдениетін дамыта оқыту бағытын ұстандық. Бұл бағытта, соңғы бағдарламаларды қысқаша талдайық.

Бағдарлама қазақ тілі пәнін оқытудың мақсатын үш бағытта анықталған.

«Теориялық мәселелердің практикалық дағдының базасы болатынын пайымдауға үйрететін білімдік қызметі. Бұл мақсат бойынша тіл білімінің салаларын оқытуды әрбір сынып бойынша белгіленген: 5-сыныпта: лексика, фонетика, сөзжасам, тіл мәдениеті беріліп, оның сағат мөлшері белгіленген. Ал әдеби тіл нормалары туралы түсінік беру, ең алдымен, сөздің емле ережесіне сай жазумен байланыстылығына» ғана назар аударады. Лексикалық норманың көлемі нақтыланбаған [4].

Ал тіл мәдениеті 5-сыныпта 7 сағат көлемінде оқыту көзделген, онда: ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеуге, олардың орфографиялық, орфоэпиялық ерекшеліктердің байланысты түсінікті талап еткен. Яғни тіл нормасында қолдана білу деген қағидаға сүйенсек, бұл сыныпта негізгі тақырып лексикалық білім беру болғандықтан, негізгі мәселе лексикалық норма туралы түсінігін нығайту болу керек еді. Бірақ, бұл мәселеге назар аударылмаған, соның нәтижесінде 5-сынып оқулығында да лексикалық норма туралы материалдар жеткіліксіз.

6-сыныпта: сөзжасам, морфология туралы білім беру көзделді. Ал тіл мәдениетін ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін бойынша ор-

фоэпиялық, орфографиялық норма бойынша міндеттейді [4]. Бұл бағдарлама бойынша морфологияның нормалық ерекшеліктері туралы білім жүйесі талап етілмейді, тек «сөз таптарын ретіне қарай айта білу», «сөздерді түрлендіріп қолдана алуы» деген талаптан басқа, морфологиялық норманы жүйелі түрде игерту қарастырылмаған.

7-сыныпта: өткен сыныптардағы білімдерін қайталау, сөз мәдениетінің нормалық талаптарын игерту жүйесі арқылы берілген: «Әдеби тіл нормалары бойынша: лексикалық нормаларды білуі; жалпы халыққа бірдей жиі қолданылатын сөздерді тануы; лексикалық нормаға жатпайтын сөздерді айыруы» – деп көрсетіледі [4]. Ал, морфология, синтаксистік нормалар жүйесі нақтыланбаған. Бірақ тілдік нормаға қатысты «тіл мәдениеті бойынша» мынадай талаптар қойылған. Мысалы: морфология бойынша: ойын жеткізуде сөз таптарын орынды қолдана білуі; Синтаксис бойынша: сөйлеу тілінде сөз тіркестерін дұрыс қолдана алуы тиіс» деп анықтайды [4].

8-сыныпта: Әдеби тілдің грамматикалық нормаларына 4 сағат берілген. Ал «тіл мәдениеті» бөлімінде: Дұрыс сөйлеу, дұрыс жаза білудің шарттары. Сөз қолданудың негізгі принциптері» деп, тілдік норманы қатысымдық сапамен байланысты игертуді талап етеді [4]. Ол үшін «сөз әдебін танытатын сөйлеу этикетіне сәйкес сөз орамдарын қолдана алуы; «сөйлем құрауда, ұлттық әдеп нормаларын сақтай білуін» мақсат тұтады деген ғана талап қойылған [4].

Ал 9-сыныпта «стильдік, пунктуациялық нормаларын білуі тиіс» деген мақсатпен әдеби тілдік норманы бұл сыныпта оқытылатын «пунктуация» мен «стилистика» материалдарына байланысты үйрету талап етіледі [4].

10-сыныпта тіл мәдениетінен арнаулы білім, білік, дағды беру қарастырылған. Тұжырымдағанда, тіл мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде әдеби тіл нормалары туралы білім, білік, дағдысын қалыптастыру тіл материалдар негізінде жүргізіледі. Бірақ, оның жүйесі нақты емес. Мысалы, бағдарламада орфографиялық, орфоэпиялық норманы игерту 5-сыныптан бастау талап етілген. Бірақ сөйлеу әрекетінің нәтижесі мәтін және анық ерекшеліктері келесі сыныптарда үйретіледі. Сондықтан алдымен тілдік құралдардың оның ішінде әдеби тілдің, лексикалық, грамматикалық нормаларын игермей тұрып, сөйлеудің немесе тілдік құралдардың қолданылуын игерту қиындық келтіреді.

Оқушылардың сөйлеу мәдениеті икемділігі мен дағдыларын қалыптастыру үшін әдеби тіл нормалары туралы білім, білік, дағды қалыптастыру маңызды болып табылады. Ол туралы Ж.Дәулетбекова: «сөз мәдениеті бірінші кезекте, әдеби тіл нормаларын қамтиды да, екінші кезекте, сөйлеу шеберлігі деңгейіне қатысты мәселерді қарастырады,» деп көрсетеді [5]

Ал мектепте қазақ тілінен білім беру стандартында: «Тіл мәдениеті бойынша:

- лексикалық нормалардың тіл мәдениетіне қатысын білу;
- фонетикалық нормалардың тіл мәдениетіне қатысын білу;
- морфологиялық нормалардың тіл мәдениетіне қатысын білу;
-сөздердің синтаксистік нормаларының тіл мәдениетіне қатысын білу,» – деген талаптар қойылған [4].

Стилистика және пунктуация бойынша: «сөздерді стильдік нормаларға сай қолдана алу; мәтіндерді стильдік сипатына қарай ажырата білу,» – деген міндеттер қояды [4].

Тілдік норма жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуынан да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, сөйлем құруда да, қысқасы, тілдің өн бойында болуға тиіс. Әрине, мынаны қолдан, мынаны қолданба деп барлығына бірдей рецепт беру мүмкін емес, сонда да жеке мәселелер жайында осы тұста қойылатын талаптардың нендей екенін дұрыс танып, көптесіп-көмектесіп, тілдік нормаларды баянды ете түсуге әбден болады. Сонымен қатар әрбір әдеби тілдің нормаларын жақсы біліп, соларды сақтап жазуға, сақтап сөйлеуге тиіс. Мысалы, сөйлеу тілінде «жиырма» сөзін «жігірма», «жерма» деп түрліше айтады. Ал, әдеби тілде сөйлеуші оны солай түрлендіріп айтуы да, түрлендіріп жазуды да мәдениетсіздік деп таниды. 1920 жылдарға шейін қала, кент, шаһар сөздері қатар жұмсалып келді де, кейін «қала» әдеби нормаға айналып кетті. Сол сияқты, 1930 жылдары, бір сөз жаңа, және, жане болып, қалық, халық болып, үйткені деген варианттарын қабылдап едік, сол әдеби норма болып сіңісіп кетті. «промышленность» деген терминді қазақша «өнерлі кәсіп», «өндіріс кәсібі», «өнеркәсібі» деп түрліше атайтынбыз. Ақыры олардың бәрі қалып «өнеркәсіп» ресми түрде қабылданып нормаға айналды. Тілде барды осылай нормаға түсіріп отыруға болады .

Тілдің нормалану үдерісі үздіксіз жүріп отырады. Бірақ ол үдерісті жеделдететін кез – әдеби тілдің еркін, жан-жақты даму жолына түскен кезі. Әдеби тіл пайда болғанда, халық тілінде бар анархияға, дөрекілікке, қара дүрсін ала-құлалыққа тыйым салына басталады да, таңдау күшейеді. Соның нәтижесінде әдеби тіл белгілі жүйеге түскен тіл болып табылады. Мысалы, XVIII ғасырда араб-парсы тілінен енген сөздердің айтылуында, жазылуында ешқандай тиянақ болмайтын. Соның өзінде сол кездегі әдеби тілде қазіргі "әдет" – "ғадет" болып, "өмір" – "ғұмыр" болып, "күна" – "гүна" болып, "кітап" – "китап болып жазылатын. Мұндай сөздердің бұрынғы нұсқасын сақтау діни зиялылар арасында күшті болғанымен, қарапайым қазақтар оларды халық тілінің заңына бағындырып, өзгертіп айтатын еді. Осы күні солар әдеби тілдің нормасына айналды. Керісінше,

орыс тілінен енген сөздердің көбі ол кезде қазақыланып айтылып, солай жазылатын. Бұл күнде орыс тілінен енген сөздердің көбінің орысша нұсқасын сақтап жазу, солай айту әдеби сипат алып отыр.

Қатынас құралы болып қалыптасқан тілге өзгеріс жасау мүмкін емес. Бірақ оны әдеби нормаға түсіріп байытуға, жақсартуға, икемді етуге болады. Тілдегі бірқатар сөздердің, сөз тіркестерінің құрылысы дәл осы күнгі логикалық ой тұрғысынан онша үйлесімді болмауы да мүмкін. Бірақ солар қазіргі тілдік санада орнықты орын алып, мақсатты ойымызды дұрыс айтуға жарап жатса, ондайды өзгертудің керегі болмайды. Мысалы, "жұмыс істеп жатыр", "қолын тістеп алды" дегендердің құрамын бөліп қарасақ, ондағы сөздер пәлендей логикалық байланыста тұрмағанын аңғаруға болады: жұмыс "істеу" мен "жатыр", "тістеу" мен "алды" етістіктерінің бөлек тұрғандағы мағыналары мүлде үйлесімсіз көрінеді. Сонда да халық тілінде олардың бірін екіншісіне көмекші етіп , ерекше қызметте, жаңа мағынада солай жұмсалу дәстүрге айналған. Ондайлар ойымызды дәл айтудың бірден-бір дұрыс амалы болып табылмақ. Тіпті, "күн күркіреді","шақпақ шақты", "қарным ашты", "жаным ашиды" сияқтылар ескі мифологиялық ұғымға лайық құралғанмен, оларды қазір басқаша түсініп, жаңаша жұмсап, керегімізді өтеп жүрміз. Сөйтіп, әдеби тілдің нормасы дегенді былай анықтауға болады: Тілдің тандамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы дейміз. Ол тілде барды қоғамның таңдау, талғау елегінен өткізу негізінде және тілге енген жаңалықтарды үйлесімді бір арнаға салу негізінде қалыптасады. Ал оқушыларға мұндай білім мен дағдысы тіл білімі негізінде игертуге болады.

Қазақтың әдеби тілін нормалаудың үш түрлі жолы бар:

1. Тілдің ілгері даму үдерісінде оның ішкі заңдарына негізделген жүйелілік. Оларды қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қағидаларынан анық көруге болады. Мысалы, әдеби тіл болмай тұрғанда, қазақ тілінің дыбыстар жүйісінде "үндестік заң " тиянақты орын алатын, морфологияда септеулер жүйесі негізінен бір ізге түскен болатын. Мұндайлар тілдің "табиғи" даму үдерісінің жемісі деп есептеледі.

2. Сондай тілдік дәстүрлерді әдеби тіл бекемдей түсті де, сөйлеу тілінде бар шашыраңқылықты, алауыздықты жою, тілдік нормаларды орнату үдерісі жүріп жатты. Ол үшін әдеби тілді пайдаланушылар арасында тілді нормалауға бейімделген жалпы бағыт, дұрыс бағдар болды, яғни теориялық негіз қаланды.

3. Халық тілдері мен ұлт тілдерін ілгері дамыту туралы еліміздің дұрыс саясаты негізінде әдеби тілде нормалауға бағытталған көптеген жұмыстар жүргізілді: графика, орфография, пунктуация, терминология мәселелері шешілді; түрлі-түрлі сөздіктер жасалды; баспа орындарында редакторлық жұмысы жақсарды. Бұлардың бәрі – тілді ресми түрде, арнайы нормалауға бағытталған әрекеттер еді. Ал осы білім мен тәжірибелік дағдыны «қазақ тілі» оқулығындағы жаттығулар мен тапсырмала жүйесіне қосылу крек.

Сөйлеу мәдениетінің нормалық сапасының сақталуы әр сөздің мағынасын ажыратып, орынды қолданумен тығыз байланысты. Сол үшін мектепте оқылатын тіл білімінің әр саласы оқушыға сол саладағы негізгі нормаларды сақтай білуге үйретуден басталады. Сөздерді өз мағына, мәніне сай қолдана білу оқушының тілдік талғамы мен ой дәлдігін қатар тәрбиелейді. Мәселен, сөз мағынасын дұрыс өз орында қолдана білуде орын алатын олқылықтарды саралай келе Р.Сыздықова оларды былайша топтастырады:

- сөз мағыналарын түсінбей, орынсыз жерде жұмсау (майталман сауыншы);
- ғасырлар бойы қалыптасқан тіркестің қосақтарын жөнсіз ажырату (асқар телемұнара)
- о баста бірер тіркесте сәтті шыққан кейбір сөздерді оңды-солды келтіріп, жауыр ету (торқалы той);
- қалың көпшілікке түсініксіз сөздерді қайта тықпалау (сүрек бастау);
- қажетсіз тұста жаңа сөз жасау немесе қажеті бар жерде жасалған жаңа сөздің сәтсіз болуы (деректі һикая);
- сөздің жалтырауықтығына үйірсектік» [3]

Сөз байлығы тек лексикамен шектеліп қоймайды, «тілдің морфологиялық, синткасистік амал-тәсілдері, лексикалық қазынасы бір-бірімен астаса, ынтымақтаса, тіл табыса келіп, тіл байлығын құрайды». Олай болса, оқушының сөзді ойына лайықты түрлендіріп қолдануда сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтардың, жалғаулардың рөлін білуі, сөздердің еркін және тұрақты тіркестеріндегі ойдың нақтылана, тереңдей түсетінін түсінуі, сөйлем құраудағы сөздердің орын тәртібі мен сол тәртіптен әдейі ауытқу арқылы ойды әсерлеп жеткізудің жолдарын қоса меңгеруі ғана шын мәніндегі сөйлеу мәдениетіне жетелейтін баспалдақтар болып табылады.

Тілдесім мәдениеті құзіреттіліктер негізінде анықталады. Мәселен, қатысымдық құзіреттілік бойынша: сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгереді; ауызша және жазбаша тілде сөзді құрау ережілерін, сөзді таңдау тәсілдерін және грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларды ұстанады; көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын игереді; ұсынылған тақырып пен тілдік жағдайларға сай сөздерді орынды жұмсай алады; ұлттық-мәдени ұғымдарды ажырата біледі, әдеби тіл нормаларын сақтайды; сөз дұрыстығы талаптарын кешенді меңгерді.

Мәдени-танымдық құзіреттілік бойынша: пікірталас мәдениетіне қатысты термин сөздің мәнін ұлттық ділмен байланыста аша алады; ұлт-

тық-мәдени ұғымды ажырата алады, этнопсихологиялық, этнопедагогикалық тұжырымдарды меңгереді, тілдің ұлттық құндылық ретіндегі мәнін деректер негізінде анықтайды, қарым-қатынасты ұлттық этикеттерге сай құрады, т.б.

Бұл меңгертілген білім мен біліктердің әрбірі оқушының дара тұлғалық қабілетін арттырып қана қоймай, олардың өзара сұхбаттасуына мүмкіндік береді де, нәтижесінде оқушының сұхбаттасуды өзінің өмір сүруінің шарты ретінде түсінуіне жол ашады. Өйткені "сұхбат – адамдардың өзара түсінуінің негізі, пікір алмасудың ең табиғи түрі" [5] және "адам қажеттілігінің айқындалатын тұсы". "Сұхбаттық тілдесімде ғана тіл өзінің мән-маңызын барынша толық көрсете алады" [5]. Ендеше, Сол тілді жұмсау арқылы ғана оқушы өзінің адамдық қабілетін ғана емес, ұлттық құндылық, сонымен бірге өзі өмір сүретін ортада қалыптасқан ережелер негізінде басқа адамдармен ауызша немесе жазбаша тілдік қарым-қатынас орната келе өзінің интерактивтік немесе дискурсивтік құзіретін қалыптастыратын қабілетін жетілдіреді .

Мәдени-танымдық құзіреттілік қазіргі ғаламтану үдерісінде ұлттық бет-бейнені сақтау үшін ұлтық құндылықтарға негізделген ұлттық ділді қалыптастыруды мақсат етеді. Ол ұлттық салт-дәстүрлерді, ана тілін құрметтеуге үйретеді.

Осы құзіреттілік негізінде оқушы бойында дамытылатын қабілеттер: ұлттық-мәдени ұғымдарды ажырата алу қабілетті, сөйлеуде тілдік код пен дүниелік кодты бірлікте қолдана алу қабілеті; өз ойын дүниелік білім негізінде жеткізе алу қабілетті, сөйлеуде ұлттық қағидаларды сақтай білу қабілеті, т.б.

Оқушылардың тілді оқу нәтижесінде қалыптасуы тиіс деп белгіленіп отырған мұндай құзіреттіліктерге қол жеткізу пәннің мақсатынан басталып, оның оқыту қалыптары (формалары) оқытудың ең тиімді әдістері арқылы меңгертілетін бірегей білім мазмұнында қамтылатын барлық білімдер жүйесі тілдесім мәдениетіне бағындырылып, сабақтастықта өрілген кезде мүмкін болады.

Қорыта келгенде, тілдесім мәдениетінің негізінің бірі тілдік норма болғандықтан оның барлық талаптарын білу, сол талаптарда сөйлеу, жазу әрекеттерінде берік ұстану, оқушылардың тіл туралы дүниетанымын кеңейтумен бірге сөйлеу дағдыларын жетілдіруде негізгі шарт болып табылады. Мектепте қазақ тілінен білім беруде бағдарламалық тіл білімі салаларының басты бағыты әдеби тіл нормаларын меңгерту болып есептеледі. Сондықтан 5-9-сыныптарда әдеби тіл нормаларын игертуді сол сыныптардағы тіл салалары туралы оқытылатын материалдармен байланыстыра оқытудың әдістемесі жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін жасаудың қажеттігі анықталмақ.

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдеби тіл нормалары негізінде жүргізіледі. Ал 5-10-сынып оқушыларына әдеби тіл нормалары сол сыныпта оқылатын тіл білімінің салалары туралы білім, білік және дағдысын қалыптастырумен байланысты игертіледі. Мәселен, 5-сыныпта – лексикалық норма; 7-8-сыныпта – синтаксистік норма, 9-10-сыныпта – стилистикалық нормалар, ал орфоэпиялық, орфографиялық нормалар 5-10-сыныпта – грамматикалық материалдардың көлемінде игертіледі.

Біз бұл жүйені сақтай отырып, оқушылардың тіл білімдерін әдеби тіл нормасында тілдесім мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін мына төмендегіше құрдық:

- лексикалық норма және оқушылардың сөзді сұрыптап, таңдап қолдануға жаттықтыру;
- грамматикалық норма оқушыларды жеткізетін ойына сай сөйлем құра білу дағдысын қалыптастыру;

Ал орфоэпиялық, орфографиялық және стилистикалық нормаларды ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетіне байланысты қарастырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті, -Алматы: Мектеп, 2014, 120-б.
2. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. –Алматы: Мектеп, 2015, -124 б.
3. Сыздықова Р. Сөз құдыреті. –Алматы: Жазушы, 2015.
4. 229. Қазақ тілі. Бағдарламалар.(5-11) –Алматы: 2019, -29 б.
5. Дәулетбекова М.Д. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері, Алматы, 2008.

УДК 374.

ЖАРҚЫНБЕКОВ М.А.
техника ғылымдарының кандидаты, доцент,
Silkway халықаралық университеті

АСТЫҚ ТҰҚЫМДАС ДАҚЫЛДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Мақалада астық тұқымдас дақылдың биологиялық ерекшеліктері қарастырылған.
Түйінді сөздер: астық, тұқымдас, дақыл, биология, ерекшеліктері.
Резюме. В статье рассмотрены биологические особенности злаковых культур.
Ключевые слова: зерно, род, урожай, биология, особенности.
Resume. The article deals with the biological features of cereals.
Keywords: grain, genus, crop, biology, features.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының климаты және экологиялық жағдайлары ауыл шаруашылығын дамытуға зор мүмкіндік береді. Халықты отандық көкөніс өнімдерін қамтамасыз ету ғалымдар мен өндірушілердің негізгі міндеті. Республикамызда көкөніс шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлініп, мемлекет тарапынан арнайы қолдаулар көрсетілуде.

Азық-түлік бағдарламасын шешудегі негізгі мүмкіндіктердің бірі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру болып табылады. Сондықтан өсімдіктер өнімінің саны мен сапасын айтарлықтай төмендететін аурулар мен зиянкестерден қорғау өнімді сақтаудың өзекті бағыты болып қала береді.

Адамдар түйежоңышқаны ерте заманда пайдаланған, шамамен біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың ортасына жатады. Бұл кезеңде түйежоңышқа Қытайда егілген [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түйежоңышқаны шаруашылықтарда кеңінен пайдалануға тұқымның жетіспеушілігі, дақылдың биологиялық ерекшеліктері ескерілмеу, әр түрлі топырақ-климаттық зоналарда өсуге бейімделген тез пісетін және жоғары өнімді сұрыптардың болмауы кедергі келтірілуде-деді Канадалық ғалым Н.И. Пушкарев [2]. Көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер пішен, пішендеме, дәрумендi шөп ұны және жазғы уақытта жасыл балауса алу үшін өсіріледі. Олар құрамындағы сіңімді протеиннің жоғары мөлшерімен сипатталады. Бұл дақылдар тобының мал азығын өндіруде қуат көзі ретінде ғана емес, мал рационын белокпен және алмастырылмайтын амин қышқылдармен толықтыру үшін де маңызы зор. Бұлардың қатарында республикамызда жоңышқа, эспарцет және түйежоңышқа өсіріледі.

Түйежоңышқа топырақ құрамындағы органикалық заттарды көбейтеді, топырақтың физикалық қасиетін жақсартады, барлық дақылдарға дерлік жақсы алғы дақыл болып саналады. Ол танаптағы арамшөптер мен ауру тудыратын микробиологиялық ағзаларды азайтады, алайда түйежоңышқа тұқымының тез шашылуымен ерекшеленеді.

Түйежоңышқа тұқымын өндіру технологиясында өсіру ауданының топырақ-климаттық және экологиялық жағдайларына байланысты көптеген айырмашылықтар бар. Оның технологиясы көк балаусаға, пішенге, сүрлемге, пішендемеге, жайылымға, шөп ұнтағын дайындауға, жармаға, сортаң топырақтарды құнарландыруға, алғы дақылға, бал шырынды өсімдік ретінде қолдану мақсатына қарай өзгереді.

Түйежоңышқаны ауыл шаруашылығы өндірісіне кеңінен енгізу мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз етуге, топырақтың құнарлылығын жақсартуға, су және жел эрозиясынан қорғауға, сонымен қатар, астық тұқымдастардың өнімін жоғарылатуға негіз болып табылады.

Соңғы жылдары түйежоңышқа ауылшаруашылық бағытындағы ғалымдардың назарын өзіне аудартуда. Түйежоңышқа – мал азықтық дақыл, жасыл тыңайтқыш, ластанған, құнарсызданған, эрозияға ұшыраған жерлердің мелиораторы және бал алу үшін өсіріледі. Қазақстан мен Сібірдің құрғақ далалы аумағында құнарлы өсімдіктердің бірі. Жоңышқа және басқада бұршақ тұқымдас шөптер өсе алмаған жерлерде, түйежоңышқа өнімділігі жоғары ақуызға бай малазығын бере алады. Сондықтан, малазығын дайындау жүйесінде құрғақ далалы, әсіресе қызғылт, қоңыр және тұзды топырақтарда үлкен маңызға ие. Шаруашылықтар негізінен астық тұқымдас дақылдармен айналысқандықтан, мал шаруашылықтарында малазығын дайындау жақсы жетілмеген. Малазығының сапасы, әсіресе, протеин, қант, каротиннің мөлшері төмендеген.

Ауыл шаруашылығында түйежоңышқа екі мың жылдан аса белгілі және Жерорта теңізінің жағалауында өмір сүрген халықтар жасыл тыңайтқыштар ретінде пайдаланған. Түйежоңышқаның алғашқы ботаникалық сипаттама 1680 жылы Марисонмен жасалған [3].

Солтүстік Америкада түйежоңышқа 1789 жылдан бастап бал алу үшін өсірілген, сол кездегі фермерлер түйежоңышқадан кейін топырақ құнарлығы жақсаратынын байқап, одан кейін

бидай және темекі өсіруге қолайлы болатынына көз жеткізген [4].

Қазақстанда түйежоңышқаның сұрыптарын жақсарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, еліміздің далалы және құрғақ далалы аймақтарында өндіріске енгізілуде. Семей, Павлодар, Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станцияларында осы жұмысты жүргізу бойынша жақсы көрсеткіштер алынды. Түйежоңышқа Қазақстанның сортаң топырақтарында фитомелиоратор ретінде өзін жақсы көрсетті. Көкшетау облысының сортаң топырақтарын көпжылдық шөптер қоспасымен шалғындандыру кезінде орташа сортаңда 30-35 ц/га шөп өнімін берді [5].

Халық медицинасында түйежоңышқаның тұнбалары ісінуге, жөтелге қарсы және ревматизм кезінде қолданылады. Темекі түрінде ол астма мен бронхитті емдеу үшін тиімді болған. Түйежоңышқа шарап өндірісінде және азық-түлік өнеркәсібіндеде қолданылып келеді

Нақты топырақ-климат жағдайларда ауыл шаруашылығы өнімінің өнім ділігі мен сапасын арттыру үшін: бактериялды, макро және микро тыңайтқыштардың оңтайлы мөлшерімен өңдегенде, өсіру технология сының ғылыми негізделген элементтеріне сүйене жүргізу, сонымен қатар себу мөлшерін дұрыс үйлестіргенде ғана мүмкін болады.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс тау бөктері аймақтар жағдайында түйежоңышқа мал азықтық өндірісте жеткіліксіз пайдаланылатын резервтік дақылдың бірі болып есептеледі. Түйежоңышқа дақылының өнімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар ішінде себу мөлшері үлкен маңызға ие. Бұл мәселені зерттеу әр түрлі аймақтарда жүргізілді.

Түйежоңышқаның мал азықтық және тұқым өнімділігін арттыру үшін себу мерзімі мен тәсілдерін қайта қарастыру керек, бірінші жылдық түйежоңышқа себілген сәттен бастап вегетациясының соңына дейін дақылдың жер үсті массасын барынша дамытуға, терең тамырлануына ықпал ететін, өңдеудің жаңа агротехникасын еңгізу қажет. Тек осындай егістіктер түйежоңышқаның потенциялдық мүмкіндіктерін жүзеге асыра алады және екінші жылдық түйежоңышқаны дұрыс күтіп-баптаған кезде ғана жоғары сапалы мал азығын және жоғары тұқым өнімділігін қалыптастыра алады.

П.К. Величконың еңбектерінде, түйежоңышқаны ерте көктемде, жазда, күзде және қыс алдында себуге болады. Түйежоңышқаның тұқымының өнуіне көп ылғал керек екенін ескеру қажет. Сондықтан, ылғал тапшы аймақтарда ең жақсы тұқым себу мерзімі топырақтағы ылғал қоры жоғары болған кезде себіледі. Қазақстанның бірқатар аудандары үшін тұқым себу мерзімі ерте көктем болып есептелінеді. Ал, Н.А. Серикпаев және т.б. зерттеулерінің нәтижесі бойынша шөптің химиялық құрамының кейбір көрсеткіштеріне себу мерзімінің әсер ететіндігі анықталған. Судан шөбінің жасыл массасын арттыру үшін кеш себу мерзімін ұсынған.

Себілген жылы көк балаусадан жоғары өнім алу үшін, мал азығына және тұқымға себілген кезде де түйежоңышқаны ерте себу қажет. Көпжылдық шөптер көктемгі себу мерзімінде жақсы дамиды, себу жұмыстары басталғаннан кейін, 2-3 күн ішінде аяқтаған жөн. Себу мерзімін кешіктіруге болмайды, себебі топырақтың жоғарғы қабаты құрғаған кезде тұқымдар кеуіп, өскін пайда болуы қиындайды. Шөптердің тұқымын өндіргенде себу тәсілінің ең тиімдісі бүркеме дақылсыз кең қатарлы себу аралығы 45 және 60 см. Бүркеме дақылсыз егістердің барлық өсу кезеңдерінде тұқым өнімділігі жоғары болады.

Шөптердің тұқымын жинаудың ең тиімді тәсілі – бөлек жинау. Бұршақ тұқымдастардың тұқымдарының 60-70% піскен кезде бөлек жинауға кіріседі. Бөлек жинау тәсілінде шөптерді шауып, шабылған массаны 4 күнге толығымен кепкенше орамада қалдырады .Тауар мақсаты үшін әр түрлі дақылдарды жинау мерзімі барлық аймақтар үшін белгілі, олар тәжірибе тұрғысынан толық зерттелген, бірақ тұқым шаруашылығы егістіктерін жинау мерзімдері әлі де зерттеушілер мен тұқым өндірушілердің арасында дау туғызуда. Түйежоңышқаны кәдімгі күздік өсімдік деп санауға болады. Жазда (маусым, шілде, тамыз) себілген түйежоңышқа генеративті органдарысыз вегетативтік массанын қалыптастырады, жақсы қыстайды және келесі жылы генеративті органдарымен шөп массасын қалыптастырады. Осы негізді ескере отырып, екі жылдық түйежоңышқаны жазғы себу мерзімінде себуге жол береді. Алайда, екі жылдық түйежоңышқаның биологиялық ерекшелігін ескерсек, ерте көктемде себілген түйежоңышқа бірінші жылы ғана емес екінші жылы да жақсы өнім құрайды.Түйежоңышқаның артықшылықтарының бірі - оның тұқым қалыптастырудағы ерекше қабілеті. Жоңышқа және бедеге қарағанда, ол жылдар бойы жоғары және тұрақты тұқым береді. Бір өсімдікке 5-17 мың бұршақ болады, ол орта есеппен 4-5 ц/га тұқым өнімділігін құрайды, кейде гектарына 10-15 центнерге жетеді. Арнайы мал азықтық ауыспалы егістерде ерте көктемде топырақтың физикалық пісуі кезінде себіледі. Себу мерзімі бүркеме дақылдың себу мерезімен анықталады. Жазғы және қысқы себу мерзімдері ұсынылмайды. Түйежоңышқаны себудің барлық әдістері жағдайында тұқымды себу тереңдігі 2-3 см, егер терең себілсе тұқым жарғағы жер бетіне шыға алмайды. Омбы облысы жағдайындағы сорланған топырақта түйежоңышқа тұқымын Г.И. Макарова еңбектерінде 3-4 см, қара топырақтарда 2-3 см тереңдікте себуді ұсынды.

Н.В. Артюковтың еңбектерінде, түйежоңышқа егістігінің жилігі артқан кезде, ылғал жетіспеуі-

не байланысты тұқым өнімділігі төмендейтіндігін баяндаған. Осындай егістердегі өсімдіктердің жапырақтары және тамыр жүйесі нашар дамиды.

П.К. Величконың пікірінше, түйежоңышқаны барлық зоналар мен аудандарға себудің бірдей мөлшері қарастырылмаған. Ол топырақ құрылымына, ылғалмен қамтамасыз етілуіне, танаптардың ластану дәрежесіне, тұқымның сапасына және шөптерді мақсатына қарай пайдалануына байланысты 10-20 кг аралығында ауытқиды.

Мал азықтық ауыспалы егіншілікте түйежоңышқаны бүркеме дақылсыз, топырақ физикалық піскенде, яғни ерте көктемде себеді. Бүркеме дақылымен себілген кезде себу мерзімі бүркеме дақылға байланысты болады. Жазғы және қыс алдында себу мерзімдері ұсынылмайды. Арнайы мал азықтық ауыспалы егістерде түйежоңышқа ерте көктемде топырақтың физикалық пісу кезінде бүркеме дақылсыз себіледі. Себілген жылы түйежоңышқадан жасыл массасының жоғары өнім алу үшін және оны тұқым алу үшін, жасыл тыңайтқыш ретінде өсірген кезде де ерте сепкен тиімді.

Өсімдік шаруашылығы саласына қатысты инновациялық даму факторлар рын бес негізгі топқа бөлуге болады: технологиялық, техникалық, биологиялық, химиялық және экономикалық. Қысқа мерзімде өнім көлемі мен сапасын арттыруға, өндірістік шығындарды азайтуға, капитал салымдарының тез өтелуін қамтамасыз етуге жағдай жасайтын дамудың жаңа бағыттары.

Технологиялық инновациялар егіс дақылдарын өсірудің анағұрлым жетілдірілген технологияларын пайдалану жатады, олардың өзіндік құнын төмендетуді және өсімдік шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Технологиялық инновациялар ресурс үнемдейтін тәсілдер мен технологияларды пайдалануды қарастырады.

Техникалық инновациялар қолданыстағы машиналардың жетілдірілуін және жаңа үлгілерін құруды, өсімдік шаруашылығы саласын механикаландыру мен автоматтандыруды, заманауи техниканы енгізуді және жаңа энергия көздерін игеру жатады. Олар техникалық факторлармен тығыз байланысты, өндірістік процестің сапасын және оның нәтижелілігін анықтайды. Техникалық инновациялар технологиялық жаңалықтарды іске асыруға бағытталған және жаңа техникалық құралдарды, энергия көздерін әзірлеу мен енгізуде, техникаға сервистік қызмет көрсетудің қолжетімді және сенімді жүйесін қалыптастыруды қарастырады.

Биологиялық инновацияларға өсімдіктердің өсуін, дамуын және өнімділігін жақсарту үшін жаңа сұрыптарды (гибридтерді), биопрепараттарды, микроорганизм дерді және олардың қызметін пайдалану. Селекциялық- генетикалық инновациялар тек аграрлық секторға тән арнайы жаңалықтардың түрі. Топырақ-климаттық ресурстарды анағұрлым ұтымды пайдалану өсімдіктердің өнімділігін, өнім сапасын жақсартуға мақсатты селекция мүмкіндік береді. Айтарлықтай жақсы сапаға ие жаңа сұрыптарды өндіріске енгізу саланың мақсатты дамуына ықпал етеді, ал өсімдіктердің аурулар мен зиянкестерге шыдамдылығы қоршаған ортаның ластану қаупін айтарлықтай азайтады.

Химиялық инновациялар жаңа минералдық тыңайтқыштарды, микро тыңайтқыштарды, пестицидтерді пайдалануға және оларды қолдану тәсіліне бағытталған. Нано препараттарды микро тыңайтқыштардың орнына пайдалану қолайсыз ауа райы жағдайларына төзімділіктің жоғарылауын және егіс дақылдарының өнімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Нано бөлшектер және олардың бейтараптылығы (электро химиялық мағынада) өсімдікке микроэлементтердің белсенді енуінің арқасында жүзеге асады.

Ұйымдастыру-басқару инновациялары – бұл кәсіпкерлік құрылымды басқару жүйесіндегі өзгерістер, оның жұмыс істеу тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатын қарастырады. Негізгі ұйымдық-экономикалық инновациялар еңбек өнімділігін арттыру және ресурстарды үнемдеу, өндірісті ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру және жақсарту, инновациялық механизмдерді, өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау, қайта өңдеу және тұтыну жүйесін ұйымдастыру, еңбек жағдайларын жақсарту және оның қауіпсіздігін арттыру болып табылады.

Материалдық және техникалық ресурстардың жетіспеушілігі кезінде мал азықтық өндірісті қарқындатудың барынша қолжетімді факторы жоғары өнімді дақылдар мен көпжылдық шөптердің сұрыптарын пайдалану. Олардың ішін дегі ең өнімдісі жоңышқа, беде және екі жылдық түйежоңышқа. Алайда топырақтың кейбір микроэлементтермен төмен қамтамасыз етілуі және бионикалық стрессорлардың әсерінен көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптердің жаңа сұрыптарын потенциалдық мүмкіндігін толық іске асыруға мүмкіндік бермейді. Дақылдың өнімділігін арттыру мәселесін шешудің негізгі жолдары микро тыңайтқыштар мен био өсу реттеуіштерін қолдану. Фосфорлы-калийлі тыңайтқыштарды 1 га 60 кг мөлшерде енгізсе түйежоңышқа тұқымының өнімділігін арттыруға тиімді әсер етеді. Минералды тыңайтқыштардың, әсіресе азотты тыңайтқыштардың енгізу мөлшерін арттырғанда тұқым өнімділігі төмендейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мал азықтық шөптердің тұқымын дайындау тиімділігін арттыруды республикалық деңгейде жүргізу керек. Тауарлық тұқымдарды өндіру үшін заманауи технологияларды игеріп, ұйымдастыру схемаларымен нысандарын жетілдіру қажет. Өсімдік шаруашылығында қазіргі агрономиялық

технологиялардың маңызды элементі өсімдіктердің өсу реттеуіштерін қолдану. Олар өте аз мөлшерде өсімдіктердегі метаболизм процесіне әсер етуі мүмкін, бұл өсімдіктердің өсуі мен дамуына ықпал ету Қазіргі технологияларда өсу реттеуіштерінің тәжірибелік маңызы көптеген жағдайларын анықтау: өсімдіктердің өсу мен даму процесіне әсер етіп, ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін жоғарылатып және өсуін тездету.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Ярошенко А.И. Фитохимические исследования трав донника лекарственного (Учен.Зап.Пятигорского фармац.ин-та). – 1967. – Т.6. – Вып.1. – С.147-152.

2 Сагалбеков У.М., Смаилова Г.Т. Биология цветения, опыления и нек-таропродуктивности донника. Монография. – Кокшетау, 2015.

3 Масалимов Т.М. Донник. – Уфа: Башкирское книжное издательство, 1977. – 60 с.

4 Жумадилова Ж.Ш., Абдиева К.М., Жапаркулова Н.И., Муратова А.А. Қызылорда облысының тұзданған топырағында түйежоңышқа сорттарының өсіп-өнуіне биотыңайтқыштардың әсері // Ізденістер, нәтижелер– Исследования, результаты. – Алматы. – № 1 (77) . – 2018. – ISSN 2304-334-02.

5 Сагалбеков У.М. Исходный материал для селекции донника на сено и сенаж // Труды по прикл. ботанике, генетике и селекции. – 1981. – С. 95-102.

УДК 374.

ЖАРҚЫНБЕКОВ М.А.
техника ғылымдарының кандидаты, доцент,
Silkway халықаралық университеті

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Түйін. Мақалада биология сабағында жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: биология, сабақ, жаңа технологиялар, пайдалану, оқушылар.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы повышения интереса учащихся к предмету через использование новых технологий на уроках биологии.

Ключевые слова: биология, урок, новые технологии, использование, учащиеся.

Resume. The article deals with the issues of increasing students ' interest in the subject through the use of new technologies in biology lessons.

Keywords: biology, lesson, new technologies, usage, students.

КІРІСПЕ

Оқытушының міндеті білімді көбейту емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету және оқушының жекелеп дамуы, жеке тұлғаның қалыптасуы, өзін өзі жетілдіру және қоршаған әлемді жетілдірудің инновациялық қажеттіліктерін қалыптастыру. Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды дамыта оқыту, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жоғарлатуды көздейді.

Осы тұрғыдан бүгінгі күні жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып тәрбие беру мұғалімнің басты міндеті. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпы білім беретін мектептегі биология пәнінің бастауыш білім беру сатысындағы дүниетану пәні негізінде құралады. Бұл пән бойынша оқушыларға еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономикасы, ғылымы мен мәдениеті, этика, әдеп, эстетика, адам қоғам, адам табиғат арасындағы қарым қатынас түрлері жайында ғылыми саламандық ұғымдар беріледі. Пәнді оқып үйрену барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: адам, қоғам, табиғат саласынан білім алады және олардың өзара байланысты екендігін ұғынады. Биология, химия, география пәндерінің бастама негіздері қаланып, соның ішінде қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады.

Биология - бұл орта буында алғаш қосылатын пән. Сондықтан орта буында өсімдік құрылысы өсімдік жайындағы білім берудің алғашқы баспалдағымен танысады. Осы пәнді оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдісін алып жетілдіру барысында есте сақтауға негізделген ақыл ойын дамыта отырып оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы стратегияларды пайдалануда оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға жол ашады. Оқушы жүрегіне жол тауып, оның білімге деген құштарлығын арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуін ғылыми деңгейде ұйымдастыру үшін, әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере білім алуға қабілетін зерттей отырып, тұлғалық негізінің ашылуына жол ашатын ұстаз.

Биология пәнін оқытуда қазіргі кезде қойылатын талаптары мынандай:

- Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану;
- Жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану;
- Негізгі білімділік ұғымдарды терең меңгерту;
- Оқытудың жаңа технологиясын пайдаланып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- Топтық негізде іздене білу дағдыларын қалыптастыру;
- Тақырыптық зерттеу жүргізу;
- Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, өз ойын қорытуға дағдыландыру;

• Оқушының өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, дамыту;

• Шығармашылық тапсырмалар орындату арқылы қабілеттерін арттыру.

• Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.

• Тәжірибе жүзінде білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру;

• Жаңа терминдер мен сөздіктермен жұмыс жасауға дағдыландыру;

• Жаңа технологияларды сабақта пайдалану;

• Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай білім беру.

• Тізбектелген сабақтар топтамасындағы сыни тұрғыдан ойлау модулі.

Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда биология пәні бойынша, «құстардың құрылысы мен ерекшеліктері», «қан айналым жүйесі», «тіршіліктің пайда болуы» атты тақырыптардағы сабақтарда жаңа технологиялардың тиімді әдістерін қолдануға болады. Сонымен қатар сабақтарда «кубизм», «топтастыру», «бес жолды өлең», «түртіп алу жүйесі», «венн диаграммасы» стратегияларын жиі пайдалануға болады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осындай тиімді әдістердің пайдасы бар. Бұл сабақтардың дәстүрлі сабақтардан өзгешелігі топтап отырып, оқушыларға жеке, жұпта, топта ойларын ортаға салып талдайды. Осы стратегияларды пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға оқушыларға мүмкіндік жасалынады.

Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдану жылдан жылға күрделі және өзекті мәселеге айналуда. Оқыту барысында озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде. Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру. Басты міндеті - қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалай білуге көмектесу, сындарлы ойлауға бағыттау. Бағдарлама жеті модульден тұрады:

1) оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;

2) сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;

3) білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;

4) АКТ - ны қолдану;

5) талантты және дарынды оқушылармен жұмыс;

6) оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты білім беру және оқыту;

7) білім берудегі басқару мен көшбасшылығы;

7 модуль бойынша сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылар дың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады.

Сондықтан мұғалімде Шульман «мұғалімнің үш көмекшісі» (Shulman, 2007) деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту жақсы болып саналады. Шульман көздеген кәсіби түсінік пен оқытудың тәжірибелік дағдылары мұғалімнің басты құралы болып келгені дәлел. Ал жүрек жылуын басшылыққа алатын Шульманның үшінші көмекшісі - кәсіби тұтастық. Егер мұғалім мен оқушының білім игеруді бастау нүктесі өзара үйлеспейтін болса, онда оқуда табысқа жету күмәнді болады. Жеті модульдер идеяларын қолда нып, сабақтарды өткізу тәжірибесі көрсетеді, осындай сабақтардың айырма шылығы соншама, балалардың оқу материалдарына қызығушылықтары арттып, белсенді қатысады және жұмыс түрлері оқушының еркін болуына мүмкіндік береді. Осындай өзін өзі еркін ұстайтын жағдайларда материал менінше жеңілірек меңгеріледі. Осындай сабақтарда үнемі өзара түсінісу, болысу, шығармашылық ізденіс болып тұрады. Оқушылар осындай сабақтар ға қызыға дайындалады. Ал мұғалімнің әр оқушыға біркелкі емес жақындауы на мүмкіндігі болады. Талантты және дарынды оқушыларға білім беруді дамытудың инклюзивті тәсілі негізінде осындай балаларды анықтау туралы ой-пікірлер мен зерттеулер жасау. Оқушылардың қабілеттерін дер кезінде анықтай білген ұстаз болашақ талантты да тани біледі.

Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыпастыру білімге құштарлықтарын, көңіл күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындындылықтары айқындала бастады. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер - қолдану әрбір мұғалімнің көздеген мақсатына жету үшін оңтайлы тәсіл болып табылады. Себебі балалар бір-бірімен, еркін ой бөліседі. Баланың санасында қате айтып, мұғалімнен ескерту алып қалам деген қорқыныш болмайды. Тақырып қаншалықты күрделі болып көрінгенмен, қабілеті әр түрлі деңгейдегі оқушылардың өз ойларын білдіруіне мүмкіндік болады. Балалар сыныптас құрбы-құрдастарының әрқайсысында түрлі идеялар болатындығына көз жеткізе алады. Әр оқушы өз пікірін дәлелдеп үйренеді және мұғалімнің оқушылардың қандай деңгейге көтерілгенін бақылап отыруына мүмкіндік туады Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер жекелеген құбылыс немесе дағды емес. Осы іске тартылатын тетіктер мыналар: оқыту әдісін таңдау: жүйелі ойлауға үйрету; оқушының талантын зерттеу және анықтау; сандық технологиялар саласындағы жоғары құзы реттілікті дамыту болып табылады.

Ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсірерде де қорғ-

айды. Әр топ қағаз бетіне түсірген сызбаларды талқылап, сөйлейтін оқушы да топ мүшелерімен бөліскен ойларын жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойланып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі. Ортамен қарым қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйретеді. Оқушылардың жазған пікірі басқа оқушылардың пікірін тыңдап толықтырып, топта сызба ретінде түсіргенде ойындағы негізгі қажеттігін жазады.

Эссе - өз ойын еркін білдіру, ішкі жан дүниесін ұғу, күнделікті өмірде туындайтын ойларды айту мақсатында қолдануға мүмкіндік жасайды. Бұл жерде оқушыларға «Дәрумендердің маңызы», «Өсімдіктердің адам өміріне пайдасы», «гүлді өсімдіктер» тақырыптарында үйге эссе жазып келуге тапсырма беруге болады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізіндегі сабақ процесінде мұғалім мына нәтижеге жетеді.

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады
- оқушыны басқа жақтарынан таниды
- өзін жетекші бағыттаушы ретінде таниды
- өзі білмейтін ақпараттарға тап болады
- оқушының жұмысын бағалайды

Осы міндеттерді орындауды ұстаз өзінің тақырыбы мен сабақ үрдісінде стратегияларды ұтымды пайдаланып, оқушылар арасында жеке, топтық іс әрекеттерді ұйымдастырады.

«Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» стратегияларын сабақта пайдалана отырып өткізу барысында мынадай қорытындыға келуге болады:

- оқушы мен мұғалімнің кең дәрежеде сыйлласуына;
- оқушыларға өз пікірін айта білуіне;
- оқыту процесіне барлық оқушыларды қамтуға;
- шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасайды.

Ең басты сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына оң нәтижесін беретін жоба. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ процесінде пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алуға болады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық, ізденіс, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

- тіл байлығы жетіледі;
- еркін ойлауға мүмкіндік береді және өз ойын еркін жеткізе алады;
- оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
- жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
- өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады, жан-жақты ізденеді;
- ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.
- ақыл-ойын дамытады;
- шығармашылық белсенділігі артады;
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. «Қазіргі заманда жастарға жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүддели жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп білемін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Гин А.А. Приемы педагогической техники - Москва, 2001.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва, 1991.
3. М. Барбер, М. Муршед. Как добиться стабильно высокого качества обучения в школах – 2008.

УДК 378.35.07

ЖАРЫЛГАСОВА П.Е.,
3 курс докторанты,
6D010300- Педагогика және психология мамандығы,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

АСИЛБАЕВА Ф.Б.
п.ғ.к., қауымд. профессор м.а.,
Қазақ ұлттық қыздар педегогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан
E-mail: asylbaeva.f@mail.ru

ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ - БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада ЖОО-да білікті маман даярлау мәселесінің өзектілігі ашылып, тәжірибеге бағытталған білім беру туралы сөз болады. Авторлардың айтуынша, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда тәжірибеге бағытталған білім беру технологиясының алатын орны ерекше. Сондай-ақ, тәжірибеге бағытталған білім беруді кезең-кезеңімен талдап, педагогикалық қарым-қатынас үдерісіндегі эмоционалдық кедергілерді диагностикалау нәтижесін беріп, кәсіби құзыреттілікпен қатар мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін де дамыту қажеттігін айтады.

Кілт сөздер: болашақ маман, кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, тәжірибеге бағытталған білім беру педагогикалық қарым-қатынас үдерісі, эмоционалдық кедергілер, диагностикалау.

Аннотация. В статье раскрывается актуальность проблемы подготовки квалифицированных специалистов в вузе, речь идет о практико-ориентированном образовании. По мнению авторов, особое место в формировании профессиональных компетенций будущих специалистов занимает практико-ориентированная образовательная технология. Также необходимо поэтапно анализировать практико-ориентированное образование, давать результаты диагностики эмоциональных барьеров в процессе педагогического общения, развивать как профессиональную компетентность, так и коммуникативную компетентность специалистов.

Ключевые слова: будущий специалист, профессиональная компетентность, коммуникативная компетентность, практико-ориентированное образование процесс педагогического общения, эмоциональные барьеры, диагностика.

Annotation. The article reveals the relevance of the problem of training qualified specialists in higher education, we are talking about practice-oriented education. According to the authors, a special place in the formation of professional competencies of future specialists is occupied by practice-oriented educational technology. It is also necessary to analyze practice-oriented education step by step, to give the results of diagnostics of emotional barriers in the process of pedagogical communication, to develop both professional competence and communicative competence of specialists.

Keywords: future specialist, professional competence, communicative competence, practice-oriented education, pedagogical communication process, emotional barriers, diagnostics.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда ЖОО-да түлектердің кәсіби құзыреттіліктері мен бәсекеге қабілеттіліктерін қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Көбіне, жас маман еңбек қызметінде кездесетін қиындықтарға және белгісіздік жағдайында шешім қабылдауға, жауапкершілік алуға қабілетті бола бермейді, және көбінесе өзінің шешімдерінің ықтимал салдарын қалай болжауды біле бермейді.

Педагогикалық мамандығы бойынша оқуға түскендердің көпшілігі басында болашақ мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын жете түсінбейді, іс-әрекеттерін ұйымдастыруы, жағдайларды талдауы, дұрыс қорытынды жасауы қиынға соғады, коммуникативті дағдылардың жеткіліксіздігі, ақпаратты қалай іздеу керектігін білмейтіндігі байқалады. Сондықтан, ЖОО да білім алушының кәсіби құзыреттілігінің жеткіліксіздігі проблемасын шешудің бір тәсілі- бұл оларды оқытуда тәжірибеге бағытталған тәсілді қолдану болып табылады.

Педагогтарды даярлаудың тәжірибеге-бағдарланған бағыты пәнаралық және пәндік интеграцияны орнатумен, сондай-ақ мамандарды кәсіби даярлаудың проблемалық-зерттеу, тәжірибеге бағыттылығын күшейтуді көздейтін құзы-

реттілік тәсілді іске асырумен, әлеуметтік және кәсіптік проблемаларды имитациялайтын жағдайларды шешу бойынша студенттердің өзіндік жұмысын жандандырумен байланысты. Құзыреттілік көзқарас тұрғысынан білім беру қызметінің негізгі тікелей нәтижесі жалпы кәсіби және мамандандырылған болашақ педагогтардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Жалпы кәсіптік құзыреттіліктерге мыналарды жатқызуға болады: құндылықты-мағыналық (педагогтың құндылықты бағдарлары, педагогикалық іс-әрекеттер үшін мақсатты, мағыналық ұстанымдарды таңдау білігі; баланың дамуындағы өз рөлін сезіну; тәрбиеленушінің даму ерекшеліктерін көру және түсіну қабілеті); коммуникативтік (ауызша сөйлеу мәдениетінің негіздерін меңгеру; кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында және педагогикалық қарым-қатынас жағдайларында тілді пайдалану біліктері мен дағдылары); мәдениеттанушылық (көпмәдениетті қоғамдағы өмірге қатысты нормаларды, ережелерді, дәстүрлерді білу).

Мамандандырылған құзыреттер арасында болашақ педагогтардың практикалық дағдыларды игеруін көздейтін ғылыми-әдістемелік және практикалық-әдістемелік ұсынымдарды бөліп көрсетуге болады. Құзыреттілік тәсіл бірінші кезекте студенттің хабардар болуын емес, іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығын игеруді,жұмысты ұйымдастыра білу, білімі мен дағдыларын іс жүзінде қолдану мүмкіндігін ұсынады. Студенттердің тәжірибеге бағытталған білімі, ең алдымен, болашақ педагогтардың кәсіби ортаға енуімен, олардың мамандық туралы ой-пікірлерінің орта білім беру мекемелерінің талаптарына сәйкестендірумен, педагогикалық қызметтегі өз рөлін түсінумен байланысты.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Болашақ педагогты даярлаудың тәжірибеге бағытталған бағыты бірнеше кезеңнен тұрады және көп жағдайда практика түрлерін (оқу, педагогикалық, дипломалды) ұйымдастырумен және өткізумен байланысты. Ал практика өз кезегінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады.

Кәсіби құзыреттілік - бұл адамның кәсіби саладағы мәселелерді шешу қабілеті. Кәсіби құзыреттілік деңгейіне кәсіптік білім беру жүйесінде тұлғаны дамыту арқылы қол жеткізіледі.

А.В.Райцев кәсіби құзыреттілік ретінде жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің жиынтығы деп түсінеді, ол кәсіби дайындықтың жоғары деңгейін және шығармашылық қызметке қабілеттілігін білдіреді, онда адам өзінің кәсіби және жеке қасиеттерін барынша көрсетеді [1, 7 б].

Н.В.Остапчук кәсіби құзыреттілікті "Педагогикалық қызметті мақсатты түрде ұйымдастыруға және оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және білім беру процесінде сапалы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін педагогтың тұлғалық-маңызды, кәсіби және коммуникативтік қасиеттерінің жүйелі бірлігі" ретінде қарастырады [2, 11 б.].

Н.В.Кузьмина "Кәсіби құзыреттілік" ұғымын "педагог өзі алып жүретін мамандықты оқу-тәрбие процесіне өзі жүзеге асырылатын педагогикалық норманың талаптарымен қойылатын шектеулер мен ұйғарымдарды ескере отырып, оқушының жеке басын қалыптастыру құралына айналдыра білу қабілеті" деп анықтайды [3, 45-46].

Т.В.Захарова, Н.В. Басалаева, Е.В.Киргизова Кәсіби құзыреттілік ұғымын екі аспект бойынша қарастырады: теориялық (болашақ педагог ұмтылуы тиіс стандарт, кәсіби құзыреттіліктің тұжырымдамалық жобасы) және практикалық, ол болашақ педагогтың өзгермелі жағдайларда әртүрлі күрделілік деңгейіндегі кәсіби міндеттерді шешуге дайындығымен сипатталады [4, 71-75].

И.А.Зимняя "Қазіргі білім беру нәтижесі ретінде құзыреттіліктің тұлғалық және қызметтік бағыттылығы" мақаласында "құзыреттілік", "құзырлылық" ұғымдарына талдау жасайды [5, 2-17]. Көптеген авторлар бұл терминдерді синоним ретінде қолданғанына қарамастан, өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап олардың арасындағы айырмашылықтар туралы түсінік қалыптасты. И.А.Зимняя "құзырлылық" ұғымы" «құзыреттілік» ұғымына ішіне енеді деп есептйді. Құзыреттілік құзырлылыққа негізделген, бірақ онымен шектеліп қалмайды

А.В.Хуторский "құзіреттілікке белгілі бір заттар мен процестер шеңберіне қатысты берілетін және сапалы өнімді қызмет үшін қажетті тұлға қасиеттерінің өзара байланыстарының жиынтығын (білім, білік, дағды, іс әрекет тәсілдері) енгізеді [6,18].

Е.А.Климов "кәсібилік" ұғымымен жұмыс жасай отырып, оның нақты көрінісі көбінесе іс-әрекетте жүзеге асырылатын объективті орта арқылы анықталатындығын ескеруді ұсынады. Демек, жалпы алғанда, педагогикалық іс-әрекеттің субъектілерін "адам-адам" типіндегі жүйенің маманы ретінде қарастыруға болады [7,62-63].

Жоғары оқу орындарындағы оқу – тәрбие процесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыру мәселелеріне отандық ғалымдардан Д.М.Жүсіпәлиева, Г.Қ.Нұрғалиева, К.М.Беркимбаев, С.Т.Каргин, Ш.Т.Таубаева және тағы басқа ғалымдардың еңбектері арналған.

Қазіргі жаңа ақпараттық технологияларға байланысты мамандарды даярлап, кәсіби ақпараттық біліктілігін, танымын қалыптастыруда қашықтан оқытудағы іс – әрекеттің түрлері Д.М.Жүсіпәлиева еңбегінде жан – жақты талқыланған [9, 25].

Г.Қ.Нұрғалиева, Ш.Т.Таубаеваның еңбектерінде жалпы білім беретін орта мектептер мен

жоғары оқу орындарындағы студенттердің құндылық бағдарлы тұлғасын қалыптастырудың психологиялық, педагогикалық шарттарын айқындап, оны әдістемелік, теориялық және практикалық тұрғыдан дәлелдеп, сипаттаған [8. 35].

Ш.Таубаева мұғалімнің зерттеушілік қызметін, озық тәжірибені жинақтау, инновациялық әрекетті үздіксіз жүргізуді ғылыми тұрғыда негіздеген [8, 36].

Педагогикалық мамандық өкілдерінің кәсібилігінің маңызды сипаттамаларына гностикалық, коммуникативті, басқарушылық және проективтік біліктілік топтары жатады.

Қазіргі уақытта біздің елімізде кәсіби білім берудің тәжірибеге бағыттылығын нығайта отырып, құзыреттілік негізінде жаңарту міндеті тұр.

Педагогтарды даярлаудың тәжірибеге бағыттылығын зерттеушілер бірнеше тұрғыдан қарастыратынын атап өткен жөн. Осылайша Ю.Ветров, Н.Клушина оны студенттердің педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика барысында кәсіби ортаға енуімен байланыстырады [10, 43-46].

Т.Дмитриенко, П.Образцов педагогтардың тәжірибеге бағытталған дайындығын кәсіби бағдарланған оқыту технологияларын және болашақ кәсіби іс-әрекеттің фрагменттерін модельдеу әдістерін қолданумен тығыз байланыста қарастырады [11, 55-56].

Ф.Г.Ялаловтың көзқарасы бойынша тәжірибеге бағытталған білім кәсіби және әлеуметтік маңызды құзыреттілікке жету үшін практикалық тәжірибе жинауға бағытталған. Ғалым педагогтардың тәжірибеге-бағытталған дайындығын іс-әрекеттік-құзыреттілік парадигмасымен тығыз байланыста қарастырады. Ф.Г.Ялалов тәжірибеге бағытталған оқытудың дәстүрлі білім беруден айырмашылығын білім, білік, дағдыларды меңгеріп ғана қоймай, практикалық іс-әрекет тәжірибесінде игеруге бағытталғандығында деп көрсетеді. Зерттеуші білімнің іс- әрекет тәжірибесін игермейінше тәжірибеге бағдарланбайтындығын, оның деңгейі құзыреттілік тәсіл әдістерімен дәлірек анықталатынын атап өтеді. Құзыреттіліктерді меңгеру іс-әрекет тәжірибесін игермейінше мүмкін емес, яғни құзыреттілік пен іс әрекет бір-бірімен өте тығыз байланысты. Бұл жағдайда, Ф.Г.Ялаловтың пікірінше, оқу процесі жаңа мағынаға ие болады, ол кәсіби және әлеуметтік маңызды құзыреттілікке қол жеткізу үшін білім, білік, дағды және іс-әрекет тәжірибесін алу процесіне айналады [12, 23-24]. Осыған байланысты, XXI ғасырда дәл осы әрекеттік-құзыреттілік тәсіл тәжірибеге бағытталған білім беруді құрудың тиімді әдіснамасына айналуы мүмкін.

Педагогтің оқушыға әсері қарым-қатынас және өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылады.

В.А.Кан-Каликтің пікірінше, педагогикалық қызмет педагог үшін маңызды болып табылатын коммуникативтік іс-әрекетпен тығыз байланысты. Сондықтан, біз кәсіби дайындық құрылымында коммуникативтік компонентті бөліп көрсету қажет деп санаймыз.

Әр түрлі зерттеулердегі коммуникативтік құзіреттілікті авторлар қарастыратыны белгілі:

- сөйлеу қызметін жүзеге асыру және коммуникативтік мінез-құлықты жүзеге асыру қабілеті (Н.В. Кузьмина, 1995; А. Н. Леонтьев, 1983; Г. К. Селевко, 2004), тиімді байланыстарды орнату және қолдау, командада ынтымақтасу және жұмыс істеу, әңгімелесушіні тыңдау, оны түсіну, өз көзқарасын білдіру және келіссөздер жүргізу (А. А. Бодалев, 1995; к. Ю. Суханова, 2003);

- ұжымдық кәсіби іс-әрекет пен кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру (А. К. Маркова, 1995);

- ауызша және жазбаша қарым-қатынас құзыреттілігі: мәтін құру және қабылдау дағдылары; диалог жүргізу және монолог шығару (И.А.Зимняя, 2004).

Біз қарым-қатынас дағдылары педагогикалық іс-әрекеттің маңызды элементтері болып табылады деп көрсеткен (э.ф. Зеер, В. А. Кан-Калик, Г. А. Ковалев және т. б.). авторлармен келісе отырып, олар "коммуникативтік дағдылар педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі жағдайларында студенттермен педагогикалық тұрғыдан орынды қарым-қатынас орнатуға және қолдауға мүмкіндік береді және ол педагогтың маңызды кәсіби құралына айналады деп түйіндейміз.

Коммуникативтік компонент. Біз педагогикалық мамандық бойынша оқитын студенттердің коммуникативтік компонентінің қалыптасуын анықтау үшін В.В.Синявский мен Б.А.Федоришиннің коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерінің диагностикалайтын (КОС) тестісін және В.В.Бойконың "тұлғааралық қарым-қатынастағы эмоциялық тосқауылдардың диагностикасы" әдістемесін қолдану арқылы зерттедік. Тесттік бағалаудың мәліметтерін талдау нәтижесінде респонденттердің басым бөлігінің коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерінің қалыптасу деңгейінің (37 %) төмен және (36,5 %) орташа, ал (26,5 %) жоғары екенін анықтадық, бұл ЖОО - ның білім беру процесі жағдайында олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту қажет екендігін көрсетеді.

Студенттермен әңгімелесу арқылы қарым-қатынас үдерісінде кездесетін негізгі қиындықтар анықталды, оларға: эмоцияны басқара алмау, жағымсыз эмоциялардың басымдығы, эмоциялардың икемсіздігі және көрінбейтіндігі жатады. Мазмұны 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте - қарым-қатынас үдерісіндегі эмоционалдық кедергілерді диагностикалау нәтижесі (В. В. Бойко) (%)

	Кедергілер	Респонденттердің үлесі%
1.	Эмоцияларды басқара алмау	52,5
2.	Эмоциялардың жеткіліксіз көрінуі	31
3.	Эмоциялардың икемсіздігі, дұрыс байқалмауы, немқұрайдылық	42,3
4.	Жағымсыз эмоциялардың үстемдігі	45,4
5.	Адамдармен эмоционалды негізде байланыс орнатуға дайын болмау	29,9

Эмоционалдық тиімділікті диагностикалау барысында студенттердің -37,5% эмоциялар байланыс орнатуға айтарлықтай дәрежеде кедергі болатындығын, ал белгілі бір дәрежеде эмоциялардың ықпал ететіндігін - (28,2%) адам, эмоциялар мүлдем кедергі жасамайтындығын – 31,5% адам көрсетті. Бір қатар респонденттер (41,2 %) қарым - қатынаста эмоционалды қиындықтарға тап болатындығы, кейбір (52,3 %) респонденттерде эмоционалды қиындықтар бар, бірақ жүйелі сипатта емес екендігі, респонденттердің аз ғана бөлігі (4,8 %) эмоциялардың серіктестерімен қарым-қатынасында кедергі болмайтындығы анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда аталған педагог-психологтардың еңбектерін талдай келе, кәсіби дайындық мәселесі қазіргі білім беру жүйесінің дұрыс шешімді қажет ететін маңызды үдеріс деген тұжырымға келіп, кәсіби тұрғыда даярлау - болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Болашақ педагогтарды тәжірибеге бағыттап оқытудың негізгі ережесі -

- тәжірибеге бағытталған оқытудың мақсаты жаңа дағдыларды қалыптастыру мен кәсіби құзыреттілігін жандандыру және тереңдету болып табылады. Ал тәжірибеге бағытталған оқытуда тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі, кәсіби танымдық белсенділігі маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, педагогикалық үдерісте болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырып, оны дамытуға жете көңіл беру қажеттігі туындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Райцев А.В. Развитие профессиональной компетентности студентов в образовательной системе современного ву- за: автореф. дис. доктора пед. наук: 13.00.08 / Райцев Анатолий Васильевич. – СПб., 2004. – 46 с.

2. Остапчук Н.В. Педагогический анализ процесса ста- новления психолого-педагогической компетентности педагога (на примере вузовской подготовки специалистов дошкольного образования): автореф. дис.канд. пед. наук : 13.00.01 / Остапчук Наталья Владимировна. – Екатеринбург: Уральский гос. пед. ун-т.,1999. – 22 с.

3. Кузьмина Н.В. Профессионализм деятельности преподавателя и мастера производственного обучения / Н.В. Кузьмина. – М.: Высшая школа, 1990.– 117 с.

4. Захарова Т.В. Профессиональная компетентность будущего педагога как проблема современного образования / Т.В. Захарова, Н.В. Басалаева, Е.В. Киргизова // Сибирский педагогический журнал. – 2014. – № 5. – С. 71–75.

5. Зимняя И.А. Личностная и деятельностная направленность компетентностей как результат современного образования // Компетентность и проблемы ее формирования в системе непрерывного образования (школа – вуз – послевузовское образование) / науч. ред. проф. И.А. Зимняя; Материалы XVI научно-методической конференции «Актуальные про- блемы качества образования и пути их решения». – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2006. – 130 с.

6. Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты [Электронный ресурс] / А.В. Хуторской // Доклад на отделении философии образования и теории педагогики РАО 23 апреля 2002 года. Центр «Эйдос» URL: www/eidos.ru/news/compet/htm (дата обращения: 02.02.2014).

7. Климов Е.А. Психология профессионала / Е.А. Климов. – М.: Институт практической психологии; Воронеж: МОДЭК, 1996. – 400 с.

8. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – А.:Алем, 2000

9. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентации личности: Методология, теория, практика формирования. – Алматы: АГУ им. Абая, 1994. – 44с.

10. Ветров. Ю. Практико-ориентированный подход / Ю. Ветров, Н. Клушина. // Высшее образование в России. – 2002. –N 6. –С. 43 - 46.

11. Дмитренко, Т.А. Профессионально-ориентированные технологии в системе высшего педагогического образования как педагогическая проблема / Т.А. Дмитренко // Alma Mater.2002. N7. - С.55-56.

12. Ялалов Ф. Г. Деятельностно-компетентностный подход к практико-ориентированному образованию // Интернет-журнал «Эйдос». – 2007. – 15 января. [Электронный ресурс]–Режим доступа: http://www.eidos.ru /journal/ 2007/0115

ОӘЖ 371.31

ЖАРЫЛГАПОВА Д.М.,
п.ғ.к., қауымд. профессор м.а.,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан

САРЫБАЕВА Ә.Х.
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

ФИЗИКА ПӘНІНЕН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР НЕГІЗІНДЕ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада физика пәнінен сыныптан тыс жұмыстар негізінде оқушылардың қызығушылығын қалыптастырудың заманауи әдістемелерін практикада қолдану ерекшеліктері қарастырылған. Мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру бүгінгі таңда өркениетті елдер қатарына қосылудың, бәсекелестікке барынша лайықты болашағымызды тәрбиелеудің басты бағдарына айналып отыр. Физика-оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі пән. Біз оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасаймыз.

Кілтті сөздер: физика, сыныптан тыс жұмыстар, үйірме, қызығушылық.

Аннотация. В статье рассмотрены особенности применения на практике современных методик формирования интереса учащихся на основе внеклассной работы по физике. Повышение качества образования школьников сегодня становится главным ориентиром для вхождения в число цивилизованных стран, воспитания наиболее конкурентоспособного будущего. Физика-основной предмет, формирующий и развивающий мышление учащихся. Повышая интерес учащихся, мы способствуем более полному пониманию законов природы.

Ключевые слова: физика, внеклассная деятельность, кружок, интерес.

Annotation. The article considers the features of applying in practice modern methods of forming students ' interest on the basis of extracurricular work in physics. Improving the quality of education of schoolchildren today is becoming the main reference point for entering the number of civilized countries, educating the most competitive future. Physics is the main subject that forms and develops students ' thinking. We promote a more complete understanding of the laws of nature by increasing the interest of students.

Keywords: physics, extracurricular activities, circle, interest.

Қазіргі мектеп бәсекеге қабілетті және құзіретті тұлғаны қалыптастыру үшін оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру ордасы болуы қажет. Біздің алдымызда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан тұр, яғни біз білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеруіміз қажет. Елбасының білім беру жүйесіне жасап отырған нақты қамқорлығы өз кезегінде бізге нақты міндеттерді де жүктейді. Білім мен технология дәуірінде өркениетті елдердің білім беру үрдісіндегі алдыңғы қатарлы, озық әдістемені өзімізге тәжірибеге енгізу, халықаралық оқу стандартына сай оқыту үрдісін дамыту қазіргі мақсатымыз болып отыр. «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет»,-делінген Қазақстан Республикасын Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Жолдауында.

Орыс педагогы К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудын жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [1].

Ғарыштық технологиялық прогрестің қарқынды даму үдерісінде және оның өндірісте ауқымды пайдалану заманы-білім беру саласының мекемелерінің алдында үлкен мақсат жүктеп отыр. Бұл мақсат-оқушыларды жүйелі түрде сапалы бі-

ліммен қамтамасыз ете отырып келешекте алған білімдерін толықтырып, оны өздерінің білім алу мен танымдық және зерттеушілік қабілеттерімен ұштастыра білу.

Көптеген оқушыларда оқуға деген немқұрайлық, осыған орай төмен қызығушылық деңгейі мен өздігінен білім алуға деген төмен ықылас көрінеді. Сондықтан да кез-келген мұғалімнің алдында осындай мәселелерді шешу үшін сабақ берудің тиімді әдістерін, түрлерін іздестірген жөн деп есептейміз. Физика пәні бойынша білімді сапалы түрде қалыптастырудың маңызды факторларының бірі-сыныптан тыс жұмыстар негізінде оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру. Оқушының қызығушылығы өздігінен білім алу барысында және сыныптан тыс жұмыстар негізінде оянады, қалыптасады. Білім алу үдерісінде сыныптан тыс жұмыстар жүргізу -бұл сапалы деңгейдің көрсеткішіне және тұлғаны дамытуға және оның кәсіби дайындығына тікелей әсер ететін фактордың бірі болып табылады. Бұл үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізу барысында сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру өте маңызды. Мектеп оқушыларына физика пәнін оқып-үйретуде қызығушылығын арттыру үшін оқу үрдісі айрықша түрде ұйымдастырылуы тиіс. Физика пәнінің кабинетін заманауи талаптарға сай жабдықтау оқушының пәнге деген қызығушылығын өз кезегінде жағымды әсер етуі сөзсіз. Оқушының бойына табылатын білім-білік дағдысы оның мәліметтер жинауда, оны талдауда, ақпарат жүйесін жинақтауда нәтижелерді қорытындылауда және істің соңына дейін жеткізудегі өзінің жекелеген іс-әрекетіне жатады.

Жылдан-жылға ақпарат ауқымының жылдам өсуі оның көпсалалығы біздерден іскерлікті талап ететіні даусыз, ендеше осы мақсатқа жету жолы бұл аралас білім арқылы іздену, дұрыс шешім қабылдау. Осыған орай мұғалімнің де мақсат-міндеттері өзгеріп отырады. Енді мұғалім тек қана білім беретін ақпарат көзі ғана болып қоймайды, мұғалім енді оқушының өзін-өзі дамытудағы іс-әрекеттердің ұйымдастырушысы, өзіндік, шығармашылық ізденістерге бағыт-бағдар беруші болуы керек.

Қызығушылық-әр қырынан алып қарауға болатын күрделі ұғым. Қызығушылық-адамның затқа немесе шынайлық құбылысқа белсенді танымдық бағыттылығы, әдетте ол нысанды танымға немесе белгілі бір әрекетті меңгеруге оң сезімдік қатынастан көрінеді. Н.Ф.Добрынин: «Қызығушылық бұл зейіннің интенсификациясы ретінде анықталатын психикалық құбылыс», М.Ф.Беляев: «Белгілі нысанға сананың бағыттылығы», Л.А.Гордан мен С.Л.Рубинштейн; «Ойлау, эмоционалды белсенділік және ерік сияқты бірнеше психикалық үдерістердің біріккен қоспасы», Г.И.Щукина: «Адамның қоршаған әлемге, оның нысанына, құбылыстарына, үдерістеріне талғамды қатынасы», М.В.Матюхина: «Объектінің ағза үшін өмірлік маңызды және эмоционалды тартымдылық күшіне байланысты талғамды қатынасы», Ю.Н.Тюфанов: «Адам ерекше сезінетін қимылдың нақты себебі, субъектінің өз әрекетіне оң бағалық қатынасы адамның сезімге, ерікке, зейінге байланысты қажеттілігін қанағаттандыруда оның сыртқы жағдайларға таңдаулы қатынасы», Қ.Қабділрашид: «Ынтықтылық, алғырлық, тұрақтылық және білуге құмарлық тәрізді бөліктерден тұратын, белгілі бір нәрсеге зейін қою арқылы эмоция тудырып, жүзеге асатын жеке басқа тән ерекшелік» деп, түрліше сипаттамалар келтірілген.

Қызығушылықтың негізі-адамның қажеттілігі. Қажеттілік адам өмірінің жеке жағдайларымен анықталады.

Мұғалім оқушының қызығушылығын туғызуда басты рөл атқарады. Біріншіден, оқушының мүддесіне сай жеке тұлғалық, өзіндік қызметін қалыптастырады, бұл істің келешектегі мәнін түсіндіріп береді. Ең бастысы ол танымдық қызығушылықты қалыптастыратын жұмысты ұйымдастырушы болмақ. Сонымен бірге, мұғалім жаңа мәселелерді шешетін қызмет мәнін жаңартып бала талғамының, білімінің артуына септігін тигізеді.

Білім беру жүйесіндегі соңғы өзгерістердің, жаңа реформалардың мақсаты-қоғамды ақпараттандыру, жаһандану кезінде қажетті ақпаратты лезде алып, өңдеп, пайдалана алатын, бәсекеге қабілетті, өзіндік танымдық әрекет ете алатын жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Бұл міндеттерді жүзеге асырудың жолы – дидактиканың әртүрлі ұтымды әдіс – тәсілдерін пайдалану есебінен мектеп оқушыларына физика курсын оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттырудың заманауи әдістемесін қарастыру, тиімді әдістемесін жасау болып табылады. Оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттыру қазіргі заманғы мектептің басты талабы.

Қызығушылық-әр қырынан алып қарауға болатын күрделі ұғым. Қызығушылық-адамның затқа немесе шынайлық құбылысқа белсенді танымдық бағыттылығы, әдетте ол нысанды танымға немесе белгілі бір әрекетті меңгеруге оң сезімдік қатынастан көрінеді. Н.Ф.Добрынин: «Қызығушылық бұл зейіннің интенсификациясы ретінде анықталатын психикалық құбылыс», М.Ф.Беляев: «Белгілі нысанға сананың бағыттылығы», Л.А.Гордан мен С.Л.Рубинштейн; «Ойлау, эмоционалды белсенділік және ерік сияқты бірнеше психикалық үдерістердің біріккен қоспасы», Г.И.Щукина: «Адамның қоршаған әлемге, оның нысанына, құбылыстарына, үдерістеріне талғамды қатынасы», М.В.Матюхина: «Объектінің ағза үшін өмірлік маңызды және эмоционалды тартымдылық күшіне байланысты талғамды қатынасы», Ю.Н.Тюфанов: «Адам ерекше сезінетін қимылдың нақты себебі, субъектінің өз әрекетіне оң бағалық қатынасы адамның сезімге, ерікке,

зейінге байланысты қажеттілігін қанағаттандыруда оның сыртқы жағдайларға таңдаулы қатынасы», Қ.Қабділрашид: «Ынтықтылық, алғырлық, тұрақтылық және білуге құмарлық тәрізді бөліктерден тұратын, белгілі бір нәрсеге зейін қою арқылы эмоция тудырып, жүзеге асатын жеке басқа тән ерекшелік» деп, түрліше сипаттамалар келтірілген [2].

Қызығушылықтың негізі-адамның қажеттілігі. Қажеттілік адам өмірінің жеке жағдайларымен анықталады дегіміз келеді.

Физика бойынша сыныптан тыс жұмыстар мұғалімнің дайындық дәрежесіне және методикалық ебдейлігіне, оқушылардың ұсыныстарына, мектеп ішіндегі өндірістік объектілерге, физика кабинетінің жабдығына, техникалық мамандықтарға кәсіби ақпарат беру мүмкіндігіне байланысты өтеді.

Сыныптан тыс жұмыстар физика-техникалық үйірмелер түрінде ең көп, әрі тереңдетіле өткізіледі. Үйірмелер физикалық және физика-техникалық болып бөлінеді. Үйірмедегі оқушы саны 10-15 баладан аспағаны абзал. Үйірме жұмысы барлық пәннен,жан-жақты ерекшеленуі қажет. Үйірменің күнтізбелік жоспары, оған қажетті әдебиеттер тізімі физика кабинетінде ілініп тұруға міндетті.

Физика-техникалық үйірмелер мынадай методикалық талаптарға сай ұйымдастырылады: 1) үйірмені ұйымдастыру туралы ұсыныс – тілекті оқушыларың өздерінің бергені дұрыс. Ол үшін мұғалім қандай үйірмелер ұйымдастырылатындығын, оларды кімдер және қандай уақытта өткізетінін, қызықты әдебиеттердің тізімін көрсетіп физика кабинетке хабарландыру ретінде іліп қоюы керек, оны әр сыныпта талдап, анализ жасауы қажет; 2) үйірмеге оқушылар өз еріктерімен қатысқаны абзал; 3) төменгі және жоғары сынып оқушылары үшін бөлек үйірме топтары болғаны жөн; 4) үйірмедегі балалардың жұмыстарына барынша назар аудару нәтижелі болады; 5) үйірме мүшелері жұмыстарының тәрбиелік қасиеттеріне де жеткілікті мән берген жөн; 6) олардың атқарған жұмыстарын мектептегі барлық оқушыларға таныстырып тұру септігін тигізеді; 7) үйірме сабақтарында оқу бағдарламасының міндетін орындауға болмайды.

Физикалық кештерде қызықты физика мәселелеріне, мерекелік күндерге, жеке техникалық тақырыптарға арналған дұрыс.

Сыныптан тыс жұмыстың білімділік және тәрбиелік мәні өте зор. Ол оқушыларды белсенділікке, өз еркімен жұмыс істеуге, әр түрлі есептерді шығаруға шығармашылықпен ойлануға және оларда ұжымшылдық пен достық сезімін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Мектеп физикасы бағдарламасында көрсетілген талаптар мен дағдыларды оқушыларға меңгертумен физиканы оқытудың мақсаттары толық орындалды деп айтуға болмайды. Өйткені, физиканы оқушылардың білімін тереңдетіп, дағдыларын дамытумен қатар, нашар үлгеретін балалардың ынта-ықыласын көтеріп, олардың бұл пәнге деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Бұл міндетті нәтижелі шешудің бір жолы-физикадан сыныптан тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра білу. Әрине, ол мұғалімнің теориялық, физика-техникалық, эксперименттік дайындығының дәрежесіне байланысты [3].

Физиканы оқыту процесіне байланысты мұғалімнің басшылығымен оқушылардың сабақтан басқа уақыттағы істейтін қосымша жұмыстарын физикалық сыныптан тыс жұмыстар деп атайды. Мұндай сыныптан тыс жұмыстарды жүргізгенде оқытушы бастысы мынадай мақсаттарды жүзеге асыруды көздейді:

- оқушылардың физика-техникалық білімдерін толықтыру, тереңдету, ой өрісін кеңейту, дамыту;

- мектеп оқушыларының өз бетінше жеке жұмыс істеуге ынта-ықыласын, шығармашылық және конструкциялық қабілеттерін арттыру;

- жас жеткіншектердің политехникалық мәселесін қалыптастыру;

- оқушылардға оқулықпен, ғылыми-техникалық әдебиеттермен өз бетімен жұмыс істеуге үйрету;

- оқушыларды саяси-экономикалық, ғылыми-материаластік, елжандылық, эстетикалық тәрбие беру.Физика пәні бойынша орындалатын сыныптан тыс жұмыстардың бәрі үлкен екі топқа бөлінеді.

I. *Физика оқу бағдарламасының ауқымына кіретін сыныптан тыс жұмыстар*. Оған физика сабақтарына қатысты жүргізілетін қосымша жұмыстар жатады: 1) бағдарламада көрсетілген саяхаттарды өткізу; 2) физикадан үлгерімі нашар оқушылармен істелетін жұмыстар; 3) физиканы қызыға оқитын оқушылармен қиын және логикалық есептер шығару, физикалық кабинетте лабораториялық жұмыстар жасау, демонстрациялық экспериментті дайындау, қолдан физикалық приборлар мен көрнекі модель-құралдар жасау, олимпиада өткізу, жаңа құралдармен жұмыс жасау; 4) оқушылардың үй тапсырмаларын орындауға көмектесу (кеңес, сынып жұмыстарын орындауға жәрдемдесу, реферат-баяндама жаздыру).

Мұндай жұмыстар физикалық оқу процесстерінің қалыпты және нәтижелі өтілуіне, оқушылардың білімдері мен дайындықтарының жүйелі түрде сапалы қалыптасуына, сынып оқушыларының жалпы үлгерімін жоғарғы нәтижеге жәрдемдеседі.

II. *Физика оқу бағдарламасының шеңберінен тыс жататын жұмыстар*. Олардың физика пәніне тікелей қатысы бола бермейді. Бұл оқушылардың өздерінің еркі мен ұсынысы бойынша ұйымдастырылуы қажет. Мұның жүйесі мынадай жұмыстардың түрлерінен құ-

рылады: 1) оқушылардың арнаулы физикалық және политехникалық білімдерін жетілдіру; 2) қолданбалы физика бағыттарын оқу; 3) физика-техникалық приборлардың модельдерін жасау; 4) конструкциялық және өнертапқыштық жұмыстармен айналысу. Бұларды ұйымдастырудың формалары жеткілікті: қосымша әдебиеттерді оқыту, реферат жаздырту, физикалық кеш өткізу, тақырыптық көрмелер ұйымдастыру, қабырға газеттерін шығару, физикадан конкурстар және конференциялар өткізу, үйірме жұмыстарын жүргізу (Сурет 1).

Оқушылардың қатыстырылуымен сыныптан тыс жасалатын жұмыстар олар жеке, топ болып және жаппай бәрі араласып істелетін жұмыстар болып 3-ке жіктеледі. Олар уақытылы және периодты түрде жүргізіледі.

Педагогика тәжірибесінде физикадан сыныптан тыс сабақ өткізудің әр түрлі формалары қалыптасқан. Олар негізінен: физикалық және физика-техникалық үйірмелер, кештер мен конференциялар, оқушылардың баяндамалары мен рефераттары, физика мен техникадан сыныптан тыс оқу, физикалық олимпиадалар мен жарыстар, физикалық лекторийлер, сонымен бірге физика мен техникадан көрмелер өткізу, қабырға газетін, бюллетень мен журналдар шығару, оқу және ғылыми-прогрестік кинофильмдер көру, бағдарламадан жат экскурсияларға шығу болып табылады.

Физикадан факультативтік сабақтарды ұйымдастырудың мақсаты мектеп білімінде ғылым мен техниканың қазіргі жетістіктерін толығырақ қамтуға, оқыту ісінде оқушылардың шығармашылық тапсырманы орындауына көбірек көңіл бөлуіне, өздігінен білім алуына мүмкіндік беру болып табылады. Оқушылардың қалауымен өтетін факультативтік сабақтарды сыныптан тыс жұмыстармен байланыстыра отырып оқыту барысында, оқушылардың физика пәніне, техникаға қызығушылығын арттыру арқылы олардың білім деңгейін көтеру.

Жүйелі түрде қалыптасатын сыныптан тыс сабақтар оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға және олардың физика мен техниканың белгілі бір саласына деген ерекше зейінін қалыптастыруға әсер етеді. Әдетте физикалық және физика – техникалық үйірмелерде осындай жұмыстар іске асырылады [4].

Үйірме сабақтарын ұйымдастыру. Мұғалім алдымен оқушыларды зерделеп, олардың ішінен физика мен техникаға қызығушыларын таңдап, бөліп алуы керек. Мұғалімнің оқушыларды алдын ала тани білуі, оған олардың өз ынтасы мен қабілетіне сәйкес келетін үйірме таңдауына көмектесуге, содан кейін үйірме мүшелеріне тапсырмаларды дұрыс жіктеп беруіне септігін тигізеді.

Әр үйірме мүшелерінің саны 12-15 –тен артық болмауы тиіс.

Сыныптан тыс жұмыстардың бірі – үйірме жұмысы. Мектептегі физикалық немесе физика-техникалық үйірмелер жұмысына әдетте физика мұғалімі басшылық етеді.

Сурет 1 - Үйірме – сыныптан тыс жұмыстың негізгі формасы

Үйірме жұмысының жоспары мен мазмұны мектеп оқушыларының қызығушылығымен, жеке басының ерекшелігі мен жас айырмашылығына қарай құру керек. Бірақ үйірме жұмысының негізгі бағытын мұғалім алдын ала өзі анықтайды. Оны таңдап алу мұғалімнің көздеген мақсаты мен дайындық дәрежесіне, оқушылардың ұсынысына, мектеп талабына, физика ка-

бинетінің жабдықталу жағдайына, материалдың бар-жоғына және бірқатар басқа да себептерге байланысты. Мысалы, мұғалім физика кабинетін жабдықтау жөнінде жалпы талап қойып, осының негізінде бұл жұмысқа қатынасқысы келген оқушылардың үйірме құруына болады.

Үйірме мүшесіне берілетін тапсырма әрі оның шамасы жететіндей, әрі жеткілікті дәрежеде күрделі болуы керек. Аса терең ойлану мен шығармашылықты қажет ететін тапсырманы орындағанда ғана оқушы моральдық қанағаттанушылық алатын және оған пайдалы болатыны ескерілуі қажет. Сондықтан әр тапсырма олар үшін жаңа, сапа жағынан олардың жұмысына өсу сатысы болуы тиіс.

Үйірме жұмысының жемісті болуы олардың жұмысын ұйымдастыру, бақылау және есепке алып отыруға да байланысты болады. Сондықтан әр жұмыстың түбегейлі аяқтап, нәтижесін үйірме отырысында жан-жақты талқылап және арнаулы журналға тіркеп отыруы керек. Жылына бір-екі рет істелген жұмыстардың есепті көрмесін өткізіп отырған жөн.

Негізінде теория мен практиканың тығыз байланысы орын алатын үйірмелер оқушыларға үлкен пайда береді. Тек осы жағдайда ғана үйірме жұмысы оқушылардың ынта-ықыласын дамытып, шындай алады. Эксперименттік бағыттағы үйірмелер үшін теория мен практиканың байланысы іске асыру шаралары жетекшінің әңгімесі мен лекциясы, үйірме мүшелердің баяндамалары мен рефераттары болып табылады. Әрбір үйірме мүшесі жылына кемінде бір хабар немесе шағын баяндама дайындағаны жөн. Үйірме сабағында газет, журналдардан ғылым мен техника жетістіктері туралы қызықты да маңызды мақалалар мен үйірме мүшелеріне таныстырып отыруы пайдалы.

Теория бағыттағы үйірмелерде теория мен практиканың байланысы баяндамаға қоса өрнекті құралдар демонстрациялау, эксперименттік есептер шығару, экскурсиялар ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

Егер оқушы өз білімін қандайда болмасын бір қоғамдық пайдалы істі шешуге қолдана алса, онда оның физикаға және шығармашылық жұмысқа қызғуы ерекше артады. Осыны ескере отырып, кейбір мұғалімдер үйірме жұмысын өндіріспен тікелей байланыстыра ұйымдастырады. Мектепті радиоландыруы мен телефондандыруы, кабинет үшін приборлар жасау оқушылардан физиканы білумен шығармагщылық ойлануды талап етеді.

Жаңадан қатынасушылар үшін физика үйірмесі. Бұл үйірменің мақсаты-оқушыларды физика пәніне деген сүйіспеншілікке баулу, жеке оқушылардың ынтасы мен қабілеттін анықтау, ең қажетті икемділік, шеберлік беру.

Жыл бойы оқушылар дәнекерлеуді, ағаш, резеңке және шыныдан жасалған бұйымдарды желімдеуді, нәрселердің бетіне бояу және лак жүргізуді үйрену керек. Олар шыны түтіктерді ию, созу және дәнекерлеуде, әйнекті кесіп, тесуді үйреніп және қағазбен, картопымен жұмыс істеуді кейбір шеберліктерге ие болуы керек.

Осы дағдылардың барлығын оқушылар, мүмкіндігінше қоғамдық пайдалы сипаттағы нақты тапсырмаларды орындау процесінде алады.

Тек негізгі практикалық шеберлікке үйреніп қана қойып, оқушылар эксперименттік үйірмедегі болашақ жұмыстарына қажетті, оларға таныс емес физикалық құбылыстар мен оның практикалық қолданылуы туралы ұғым алып, жаңа физикалық приборлармен танысып, қызықты есептер шығарады және оқу кинофильмдерін көреді.

Жаңадан қатынасушылар үйірмесі жұмысының қажетті шартты-жұмыс формасының әр түрлілігі, шұғылдану элементін пайдалану, сондайақ теория мен практиканы тиімді ұштасуы болып табылады.

Жаңадан қатысушылар үшін үйірме әдетте физикадан сыныптан тыс оқудан тәжірибесі жоқ оқушылардан құралады. Олар үшін мерзімі бір жылға созылады. Осы уақыттың ішінде оқушылардың ынта-ықыласы, қызығушылығы анықталады да, ал келесі жылы олар арнаулы немесе жалпы физикалық үйірмелерге өтеді.Бұл үйірменің жұмысы программадағы негізгі тақырыптарды терең оқып үйрену мақсатында болғаны жөн.

Болашаққа үміт артқан мемлекет, ең алдымен білім сапасының іргетасын қалайды. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдыретті күш тек білімге ғана тән қасиет. Ұлы философ Конфуций: «Оқымай ойлану бос әрекет» деген, яғни білім ғана биікке жеткізеді.

XXI ғасыр – тәуелсіз еліміздің дүниежүзілік өркениетке өрлеу ғасыры. Тәуелсіз туын көтерген жас мемлекетіміз білім саласында да өзіндік бағыт- бағдарын айқындап, әлемдік білім кеңістігіне шығуда жалпы білімнің жүйесі қоғам дамуымен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады.

Әрбір оқушы - еліміздің болашағы. Қазіргі білім берудегі басты мақсат - жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Оқушының ой-өрісінің дамуының барлық кезеңдерінде сыртқы және ішкі қайшылықтар дамудың қозғаушы күші болатыны, оны мұғалімнің дұрыс пайдалануы, оқушылардың қызығушылығы артуының белгілі бір кезеңінде оның қызығушылығы мен қабілеті жалпы дамуға өзінің ықпалын тигізетіні дәлелденген. Қызығушылық арту белгісіне: а) оқушының сыныптағы сабақта қол

жеткізген жетістіктері; ә) дербестіктің пайда болуы және әр түрлі оқу проблемаларын шешудегі оқушының табыстары; б) шешілген проблемалардағы оқушының қол жеткізген шығармашылық қызметінің нәтижелері; в) қоғамдық белсенділігі; г) мектеп бітірудегі жетістіктері, соған сай мамандық таңдауы сияқты мәселелер алынды.

Физика пәнінде әртүрлі оқыту тәсілдері мен әдістемесінің қызығушылығын арттыру тұрғысынан жаңа қырларын оқыту процесіне енгізу, қолдану пәнді оқытуда оқушыға дүниенің заңдарын терең меңгертіп қана қоймай, оқушының ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады, теориялық білімін практикада, күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасайды. Сонымен қатар, оқушының білімді өздігінен игеру қабілеті қалыптасып, оқу процесінде оқушының рөлін белсенді етеді, жеке тұлғалық дамуына септігін тигізеді. Өзіне қажетті мазмұн мен мәліметті ақпарат көзінен таңдап, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 ҚР "Білім туралы" Заңы: 27.07.2007. - №319-III3РК.

2 Казаренков В.И. Основы педагогики: интеграция урочной и внеурочной занятий школьников: Учеб. пособие. -М.: Логос, 2003. -96с.

3 Казаренков В.И. Самообразование в системе университетской подготовки специалистов. // Проблемы современного образования. Вып.6. -М.: РУДН, МАНПО, 2007.

4 В.И.Казаренков, Д.М.Жарылгапова, Р.С. Есаян. Формирование у студентов и школьников к самообразованию. «Москва», 2011 г, -143-165 стр.

ЖЕТПИСБАЕВА С.У.,
п.ғ.к.,
Оңтүстік Қазақстан университеті,
Email: gulzhan0704@mail.ru

КЕНЖЕБАЕВА А.Т.
п.ғ.к.,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҚЫЛАУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Резюме. Эффективность применения технологии обучения характеризуется относительным изменением результатов обучения за определенный промежуток времени. Управление дидактическим процессом в рамках профессионально-ориентированной технологии обучения обязательно предполагает наличие системы оценки и контроля эффективности его функционирования. Это вполне объяснимо с психологической точки зрения - каждый из участников педагогического взаимодействия неизбежно теряет рычаги управления своей деятельностью, если не получает информации о ее промежуточных результатах.

Summary. The effectiveness of the application of learning technology is characterized by a relative change in learning outcomes over a certain period of time. The management of the didactic process within the framework of a professionally-oriented training technology necessarily implies the presence of a system for evaluating and monitoring the effectiveness of its functioning. This is quite understandable from a psychological point of view - each of the participants in the pedagogical interaction inevitably loses the levers of control over their activities if they do not receive information about its intermediate results.

Кіріспе

Білім – өте күрделі, басқа дүние болмыстарында қайталанбас қыр мен сырға мол қоғамдық-тарихи құбылыс, оның мән-жайын тануға құштарлық білдірмеген ғылым аз-ақ. Білімнің әлеуметтік өмірдегі ерекше сала сипатына ие болу кезеңі білім мен әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа өткізу процессі қоғамның тіршілік әрекеттерімен өз алдына бөлініп және тәрбие мен оқуды іске асыратын арнайы кәсіби адамдардың пайда болу дәуірінен басталады [1]. Білімнің жеке тұлғалық құндылығы әрбір адам үшін өз алдына бөлек. Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі.

Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анық-талады.

Әсіресе, бұл өзіндік білім, оның деңгейі мен сапасында көрінеді. Ғылыми білімнің сараланууы, олардың үздіксіз дамуы білім беру мазмұныныа көлемді практикалық және теориялық материалды қосуды қажет етеді. Алайда, мектепте оқыту уақыты шектеулі болғандықтан, заман талабынан шығатын білімді саралау, таңдап алу мәселелері туды.

Негізгі бөлім

Оқушылардың бақылау барысында анықталатын білім сапасы – оқу тиімділігінің маңызды критерийлердің бірі болып табылады. Бұл көрсеткіштер оқытудың түрлі кезеңдерінде дағды мен біліктерді игеруін талқылауға, сонымен бірге оқу процесінде қолданылатын әдістер мен құралдардың тиімділігін салыстыруға мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер негізінде барлық деңгейде оқушыдан бастап, басқарушыға дейін білімді басқару процесі жүзеге асады.

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау бір нәрсенің деңгейін, сапасын, нәтижесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал. Бақылаудың білім беру қызметі негізінде оқушылар жаңа білімдерді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтырып, жетілдіріп, белгілі бір жүйеге келтіреді. Тәрбиелік қызметі оқушылардың жүйелі түрде жұмыс істеуге үйретеді. Бақылаудың нәтижесінде олар күнделікті сабаққа үзбей дайындалады, жауапкершілік сезімдері артады. Тексерудің негізгі мақсаты - баланың іс-әрекетін ынталандыру, олардың белсенділігін дамыту, дағдысын қалыптастыруға көмектесу. Бала алған білімді игеруі жою баянды етуі бойынша, оқу процесі барысында негекөңіл бөлу керек, қай жерде кемшілік жіберді, сол кемшілікті қалай түзету қажеттігін білгені дұрыс.

Білімді бақылау – оны меңгеруді жаңа табыстарға жеткізетін ынталандырушы. Тапсырманы

орындай отырып, оқушы тек мұғалім алдында емес, оған зор моральдық әсер беретін ұжымның алдында да есеп береді. Бұл жауапкершілік сезімін арттырады, рухани және физикалық күштің дамуына әсер береді, өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін көруге мүмкіндік береді. Бақылаудың *тәрбиелік* мәні егер оның нәтижелері жариялансa, елеулі түрде артады. Бақылау негізінен тек танымдық ғана емес, зерттеулер дәлелдегендей оқушылардың іс-әрекетімен де тығыз байланыста болуы тиіс [2].

Диагностикалық кешен үшін білім бақылауының негізгі функцияларының өзара байланысын құрылымдық талдау 1-сызбада көрсетілген.



1-сызба - Бақылау функцияларының өзара байланысы

Оқыту процесін басқару үшін «кері байланыс», «білімді тексеру», «білімді бақылау», «педагогикалық диагностика», «білім мониторингі» ұғымдары мен олардың мүмкіндіктерін анықтадық.

Е.А.Перовский [3] бақылаудың «тексеру» деп аталатын функциясының мәнін атап көрсетеді. Автор функциялардың өзара байланысын айта келе, тексерудің басты мақсатына сай негізгі функцияны көрсетеді. Осылайша, егер тексерудің мақсаты – білімді меңгеру, оның сапасын анықтау және бекіту болып табылса, онда алдыңғы орынға оқыту функциясы шығады, егер тексеру мақсаты – оқушылардың ойлау қызметін белсендіру болып табылса, онда бірінші кезекте дамыту функциясы және т.с.с. жүзеге асады. Алайда, білімді меңгеру, бекіту және интеллектуалдық біліктілікті қалыптастыру жоғарыда көрсетілгендей зерттеу авторы оқыту процесінің «тексеру» деп атаған бөлігінің басты мақсаты болып табылмайды. Негізінде, «тексеру» әдісінің мағынасы оқыту, дамыту, тәрбиелеу мақсаттарына жетуді көздеуден жатыр. Дидактикалық және әдістемелік әдебиеттерде «тексеру» термині тек оқыту нәтижелерін тексеруге байланысты емес, сонымен бірге оқытудағы таным процесінде мақсатқа жеткізуші әдістемелік тәсіл ретінде де қолданылады.

«Бақылау» термині оқу процесінің зерттелетін бөлімінің ерекшелігін айқындай түседі, оның негізгі мақсаты – білім нәтижесін көрсету. Бақылаудың негізгі функциялары оқыту процесінің осы бөлігінің негізгі мақсаттарымен сәйкес келеді. Кері байланыс деп оқушылардың сол немесе басқа оқу материалдарын қабылдау дәрежесі туралы «кері» ақпаратты алу деп жиі түсінеді [4]. Алайда оқу процесін алшақ басқару жүйесінде мұндай «кері» ақпаратты алу берілген жағдайда бақылау деп атауға болатын кері байланыс әдістемесінің тек бір бөлігі ғана болып табылады. Алшақ басқарудың классикалық мысалы – бұл білімді қорытынды бақылау. Мұндай бақылаудың мәліметтерін пайдалана отырып, оқытушы болашақта, сөзсіз оқу процесін түзетіп, оған қажетті өзгертулерді енгізе алады, бірақ оқушылардың дайындық сапасына елеулі әсер бере алмайды.



2-сызба - Бақылау құрылғысының көмегімен алшақ басқару

Оқушының бақылау құрылғысымен жұмыс жасау кезінде жауап салыстыру торабына келіп түседі, содан соң қабылданған критерийге сәйкес баға қойылады. Кез-келген процесті ұйымдастыру кезінде процесті басқаруға арналған ақпарат беру (тікелей арна) және кері байланыс арналарынан тұратын басқарудың жабық контуры орын алғанда ғана оптимальдық нәтижелерге жету мүмкін. Кибернетика басқаруды басқару жүйесінің (оқытушыны немесе оқытушы құрылғыны) қойылған мақсатқа сәйкес әсер беруші деп қабылдайды. Сонымен қатар, «кері байланыс» басқару негізінде жатқан бастапқы қағида болып табылады.

Педагогика «кері байланыс» терминін автоматтық басқару саласында кибернетикадан алды. Алайда, кері байланыстың бейнесі адамның мінез құлқын модельдеу мен басқару мақсатында кибернетика арқылы психология мен педагогикаға ауыстырылған физиологиялық кейбір модельдер болды.

Кері байланыс ұйымдастыру бақылаудың өз орны бар бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді. Автоматтандырылған диагностиканы бақылаушы құрылғының көмегімен орнату кезеңдері:

- оқу (немесе өздігінен оқып-үйрену) ақпараттарын беру;
- бақылау тапсырмаларын беру;
- оқушылардың жауаптарын алу (оқу ақпараттарын игеру-жаңғырту сапасы туралы мәліметтерді алу);
- алынған жауаптарды талдау;
- оқытудың берілген мақсаттарының параметрлері мен алынған нәтижелер аралығында «қате дабылын» көрсету;
- бұдан әрі іс - әрекеттер туралы шешім қабылдау;
- орын алған кемшіліктерді (оқу процесін реттеу және түзету) жою [4].

Осы элементтердің барлығын орындау ғана басқарудың тұйықталған жүйесін жүзеге асырып, бақылаудың басқару функциясын іс жүзіне асырады. Оқытуда кері байланысты орнату 3-сызбада анық байқалады.



3-сызба - Бақылау құрылғысының көмегімен кері байланыс орнату

Мониторинг ақпараттық, диагностикалық, бақылаулық, педагогикалық функцияларды мониторинг жүйесі құрылысына байланысты орындай алады. Мониторинг шеңберінде өткізілген педагогикалық іс - әрекеттерді табу және оны бағалау жүргізіледі. Сонымен бірге педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижелері мен оның түпкі мақсатының сәйкестігі туралы хабарлайтын кері байланыс қамтамасыз етіледі [5]. Мониторингтың басқару жүйесінің барлық қызметтерімен органикалық байланысы басқарудың әр функциясы /қызметі/ мониторингтың негізгі өзегі болып табылады, яғни мониторинг ақпараттар мақсатын, болжауды, педагогикалық қызметті ұйымдастыру және орындауды, коммуникацияны, түзетуді көздейді.

Мониторингтың өту негізі болып табылатын оқыту мақсатымен байланысы көзге көрінерлік. Нормалар оқыту мақсатымен, жүйе стандарттарымен анықталады және кез-келген оқу жоспарының немесе бағдарламаның міндетті бөлігі болып табылады [6]. Білім беру қызметінде эталондары мен нормалары бар нақты нәтижелерді салыстыру бағалау мен түзету жүретін мониторинг жинағы мен кезеңдерінің бірі болып табылады.

Кері байланыс педагогикалық тәжірибеде өсіп, негізделген бірқатар талаптарды қанағаттандыруы тиіс, олар: толықтық, релеванттық, теңбе-теңдік, объективтілік, айқындық, деркездік, мүмкіндік, үнемшілдік, үзіліссіздік, құрылымдық және әр деңгей үшін өзгешелік. Олармен мониторингтың түрлі ұйымдық түрлері анықталады. Мониторингтың жүйелік деңгейі мақалада жете сипатталған.

Қазір педагогикалық мониторингті өңдеп

әзірлеу сатысында, ондағы нашар өңделген мәселе педагогикалық объектілерден дәстүрлі түрде алынатын маңызды көлемімен және оны басқарудың түрлі деңгейінде пайдаланумен байланысты ақпаратты тарқату болып табылады. Бүгінгі күнде ақпараттың артықтығы, жеткіліксіздігі және объективсіздігі істің нақтылығына теңбе-тең келетін басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік бермейді.

Бақылаудың педагогикалық құралдарын іріктеу және құру кезінде олардың табылған нәтижелеріне сәйкестік болып табылатын өзара әрекеттесуіне назар аудару, сонымен қатар әр нақты жағдайда белгілі бір нәтижеге жетуді бақылаудағы құралдардың (олардың артықшылығы мен шектеулері) мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Тесттердің тәжірибелік теориясында тестті әзірлеудің түрлі кезеңдерінде маңызды болып табылатын бірқатар ұғымдарды атап өтуге болады. Атап айтқанда, тапсырмаларды құру және іріктеудің жауапты кезеңінде тапсырмаларды тәртіпке қатысты қандай да бір инвариант ретінде қарастырылатын тесттік түрде анықтауға назар бөлінеді [7]. Тесттік түрдегі тапсырмалар пәннің таза мазмұнын, кәсіби талаптардың дұрыстығын, шартталған тест формаларының талаптарын қанағаттандыратындығымен анықталған.

Тапсырманың түрін таңдауда әр бір пәннің өзіне қатысты мазмұны бар, олар одан да керемет. Сондықтан дұрыс түрін таңдау үшін бірегей ұсыныс болуы мүмкін емес. Тесттік тапсырмалардың кез-келген түрлерінің негізгі артықшылықтары біздің жүргізген төмендегі келесі есептің негізіндегі бақылау процедурасын үлгіқалыпқа салу мүмкіндіктері:

– барлық нұсқаулар бір түрде, бір сөзбен беріледі;

– тест тапсырушылардың ешбіріне ешқандай артықшылық берілмейді;

– алдын-ала өңделген балды есептеу жүйесі барлығына бірдей қолданылады;

– зерттелініп отырған әр түрлі топтарда тест жүргізу бір уақытта, белгіленген шартпен өткізіледі;

– тест тапсырушы топтар мотивация бойынша теңестірілген;

– барлық зерттелініп отырғандар сол бірыңғай тапсырмаларға жауап береді.

Жалпы алғанда, жаңа критериалды бағалау жүйесі үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені кіріктіреді және білім беру сапасын арттырудағы нақты артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Дұрыс қойылған басымдық пен анық критериалды бағалау жүйесінің әдістемесі: – оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және анық бағалауға жетуіге; – оқу, оқыту және бағалауды жетілдіру мен интеграциялауға бағытталған бағалау жүйесін жүзеге асыру механизмдерінің реттілігін қалыптастыруға; – бағалау құралдарын құрастыруға, оның ішінде жоғары деңгей дағдыларының қалыптасқанын тексеру үшін; – оқудың жеке траекториясын бақылау арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер етуге (оқуға деген ынтасын, өзін-өзі реттеуін, жауапкершілігін, бірлесе жұмыс жасауын арттыру); – тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық негізді ұсынуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Бастауыш мектептердегі тәжірибелер барысындағы қолданылған тесттілерді қортындылай отырып, біздің көз жеткізген мәселелеріміз, бастауыш сыныптарда мұғалімнің тәжірибелілігін қалыптастыру жеткілікті, сонымен бірге, тестті кәсіби әдістемемен өңдеуді қамтамасыз етуде бақылау тесттерін дайындауда әдістеме және теория бойынша арнайы білімі болуы міндетті. Кәсіпқойлық деңгейі ең алдымен оның оқытушы-өңдеуші ретінде қаншалықты түрлерін білетіндігінде, оқу материалын тексеру үшін тиімді тест тапсырмаларын таңдау шамасы қаншалықты екеніне байланысты. Кейде тапсырманың маңызы тек қана бір формада көрініс береді. Басқа жағдайларда бір ғана мазмұны үшін бірнеше формалар ұсынуға болады.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, тексеру, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептелінеді. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады.

Оқушылардың білімдерін тексеруді жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Тексерудің тиімділігін артырып, тексерудің жаңа формалары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша маңыз беріледі. Бақылау процесін де мұғалім оқушыларға ерекше көңіл бөліп, жылы сезіммен ниет білдіруі керек. Оқу тәрбие процесін басқару педагогикалық процесстің тиімділігі мұғалім мен оқушының арасындағы кері байланыстың жеделдігіне, сондай-ақ оқушыларға жасалған реттеуші ықпал әсердің шамасы, сипаты және негізділігіне орайлас келеді.

Жаңашыл әдістерді пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға үйретеді, оқушыларға мүмкіндік жасалынады және мұғалімнің сәтті таңдалған бірнеше бақылау әдістері арқылы оқушылардың білімдерін объективті бағалауға, белгілі бір уақыт аралығындағы атқарылған іс пен алған білімдерді бақылауға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ильясова Г. О. Оқыту сапасын арттыруда білімді бақылау мен бағалаудың маңызы / Г. О. Ильясова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 7 (297). — С. 335-337.

2. Искакова Л.Т. Методическая система дифференцированных задач как условие контроля и учета результатов обучения математике в средней школе. Дис... доктора пед.наук. Алматы 2005 – 249 с.

3. Перовский Е.А. «проверка знаний учащихся в средней школе» - М.: Педагогика, 1970 – 198 с.

4. Джетписбаева С.У. Бастауыш мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданып математиканы оқыту нәтижесін бақылаудың тиімділігін арттыру әдістемесі: Пед.ғыл.канд. ... дисс. -Алматы, 2008 -132б.

5. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-608б.

6. Көшімбетова С.А. Оқу – тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс – тәсілдерін пайдалану / Алматы. Білім жолы. – 2004. – 305.

7. Айтжанова Қ. Дәстүрлі оқытудың психологиялық – физиологиялық негіздері // Қазақстан мұғалімі., 2004. – 27 б. 2. Алдабергенова Ж.Д. Оқу әдістерін тиімді қолдана білу // Сынып жетекшісі. - № 2. – 35.

ЖЕТПИСБАЕВА С.У.,
п.ғ.к.,
Оңтүстік Қазақстан университеті,
Email: gulzhan0704@mail.ru

ИСКАКОВА Л.Т.
п.ғ.д.,
«Өрлеу» БАҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын қалыптастыру педагогикалық процестің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушыларға өз қабілеттерін толық көрсетуге, бастаманы, тәуелсіздікті, шығармашылық әлеуетті дамытуға көмектесу-қазіргі мектептің негізгі міндеттерінің бірі. Бастауыш мектепте оқушылар логикалық операциялардың негізгі элементтерін игеруі керек (салыстыру, жалпылау, жіктеу, талдау және т.б.), бұл оларға одан әрі дәлелдер келтіруге, тұжырымдар жасауға, бір-бірімен логикалық байланысты мәлімдемелер жасауға, қорытынды жасауға, өз пікірлерін негіздеуге және, сайып келгенде, өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: логикалық ойлау, педагогикалық процесс, заманауи мектеп, Бастауыш мектеп.

Резюме. Формирование логического мышления младших школьников – важная составная часть педагогического процесса. Помочь учащимся в полной мере проявить свои способности, развить инициативу, самостоятельность, творческий потенциал – одна из основных задач современной школы. Уже в начальной школе ученики должны овладеть основными элементами логических операций (сравнения, обобщения, классификации, анализа и др.), что позволит им в дальнейшем приводить доказательства, строить умозаключения, высказывания, логически связанные между собой, делать выводы, обосновывая свои суждения, и, в конечном итоге, самостоятельно приобретать знания.

Ключевые слова: логическое мышление, педагогический процесс, современная школа, начальная школа.

Summary. The formation of logical thinking in junior schoolchildren is an important component of the pedagogical process. Helping students fully demonstrate their abilities, develop initiative, independence, creativity is one of the main tasks of a modern school. Already in elementary school, students must master the basic elements of logical operations (comparison, generalization, classification, analysis, etc.), which will allow them to further provide evidence, build inferences, statements that are logically related to each other, draw conclusions, substantiating their judgments, and , ultimately, independently acquire knowledge.

Keywords: logical thinking, pedagogical process, modern school, primary school.

Қазіргі заманғы мектептердің негізгі оқыту мақсаты адамзат тәжірибесінде жинақталған алуан түрлі танымдық іс-әрекетті қалыптастыру болып табылады.

Оқытудағы логикалық ойлау әдістерінің ролі барынша маңызды болып табылады. Педагогикалық психологияда логикалық әдістер кез келген ғылым саласындағы іс-әрекет түрлері мен арнайы білімдерді меңгерудің қажетті құралы ретінде. Логикада, логикалық әдістер алынған білімдерді жүйелеу мен жалпылау құралы және де бұрын меңгерілген білімдер негізінде жаңа білімдерді тұжырымдауға мүмкіндік беретін ғылыми танымның логикалық тәсілдері ретінде анықталатындығы атап өтілген.

Логикалық ойлау әдістерінің оқытудағы алатын орасан зор орнын ескерер болсақ, онда оқыту үдерісінде ойлау әдістерін арнайы қалыптастыру мәселесі туындайды. Логикалық әдістер әмбебап болуы себепті кез келген пәннің материалы арқылы қалыптасады. Дегенмен, логикалық әдістердің математика сабақтарында қалыптасуына артықшылық беріледі деуге болады. Өйткені, математика неғұрлым қатаң және логикалық құрылымдағы пән ретінде ерекшеленеді.

Қазақстандық белгілі математик-әдіскер Е.Ж.Смағұловтың докторлық диссертациясы мектепте математиканы оқыту барысында оқушылардың математикалық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын теориялық тұрғыда негіздеп, соның негізінде оның әдістемесін жасауға арналған [1]. Зерттеу нәтижелерін талдау арқылы, біз өз жұмысымызда логикалық ойлау тәсілдерінің құрылымын айқындауға және осы тәсілдерді оқыту әдістемесін жасауға бағыт алдық.

Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау, кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге, ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Қазіргі қолданыстағы математика оқулықтарында «және», «немесе», «барлығы», «әрбір», «кейбіреулері» және басқа

логикалық мағынадағы сөздердің мән-мағынасы қалай ашылатынын қарастырайық.

Логикалық құрылымның алғашқы элементтерінің қалыптасуы бағдарламалар мен оқулықтарда қарастырылмаған. Дегенмен, математиканың алғашқы сабағында-ақ «әрбір» сөзі қолданылады. Мұғалім «неше?» сұрағына жауап беру үшін әрбір затты көрсете отырып, оқушыларға оларды санауды ұсынады. «Және» сөзі 1-ші сыныптың екінші сабағында заттарды санау кезінде қолданылады, «немесе» сөзі сегізінші сабақта «үлкен», «кіші», «тең» қатынастарын қарастыру кезінде, «барлығы» сөзі сегізінші сабақта «1 және 2 сандары» тақырыбында қолданылады. «Кейбіреулері» сөзі біршама кешеуілдеп қолданылады. Бірмезгілде қарастырылатын қарама-қарсы ұғымдардың мағынасы оңай меңгерілетіндігі белгілі. Бұл тәсіл математикада кеңінен қолданылады. Мәселен, М.И.Моро, Н.Ф.Вапняр, С.В.Степановалардың «Суретті математика» деп аталатын мектеп оқушыларына арналған құралында балаларды бір мезгілде «бір», «барлығы», «кейбіреулері» сөздерімен таныстыру ұсынылады. Біз жүргізген сараптама «кейбіреулері» сөзінің мағынасын «барлығы» сөзімен бір мезгілде қарастырудың мақсатқа сәйкестігін дәлелдей түседі [2].

Бастауыш сыныптарға арналған қолданыстағы математика оқулықтары оқушылардың логикалық сауаттылығын қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын бұл сөздерді түсіндірмейді, себебі бұл сөздердің мағынасын мектепке дейінгі жастағылар түсінеді деп есептейді. Дегенмен, мектепке дейінгі тәрбие беру бағдарламасында да осы сөздердің мәнін түсінуге қол жеткізілмейді, олар баланың белсенді сөздігіне енгізілмейді. Сонымен қатар зерттеулер мен біздің эксперимент көрсеткендей:

- бірінші сыныптың бірқатар оқушылары көрсетілген сөздердің мағынасын дұрыс игермейтіндігі, бірқатар балалар осы сөздердің мағынасын айқындауға бағытталған арнайы жаттығуларды қажет ететіндігі анықталды;

- балалар бұл сөздердің мағынасын түсініп және оны орынды қолдана алады, сондықтан сөздің қажетті мағынасын түсіндіру үшін және оны белсенді сөздік қорға енгізу үшін неғұрлым тиімді тәсілдерді қолдану қажеттігін көрсетті.

Оқушының іздену әрекетін қалай оятуға болады?

1. Бәрінен бұрын, мұғалімге оқушылар алдында іздену қажеттілігін тудыру туралы ойлануы қажет, ал ол бала берілген нақты есепті шешу үшін өзінде бар білімдердің жетімсіздігін немесе жарамсыздығын сезінген жағдайда ғана туындайды. Педагогикада мұндай ситуацияны проблемалық деп атайды (мұғалім білу мен білмеу арасында қарама-қарсылықты құрады, ал қарама-қайшылық баланың табиғи танымдылық қызығушылығын оятады).

2. Егер де мұғалімге оқу тапсырмасын қою берілгенде, ары қарай оның күші мен балалардың күші шешу ізденісін ұйымдастыруға бағытталуы тиіс. Ал үлгіні көрсетуге болмайтын жағдайда бір ғана жол қалады, іздену әрекетіне өзі де қосылуы керек, мұнда екі шарттың сақталуы міндетті:

а) мұғалім бұл ізденістің шынайы қатысушысы болуы тиіс: ол өз ұсыныстарын тең дәрежеде айта алады, балалардың белгілі бір ізденіс қадамдары бойынша сөйлей алады, өзінің шешу нұсқаларын оқушылар сыны үшін ашық қалдыра отырып, баяндай алады;

ә) мұғалім ізденіске қосыла отырып өз пікірін жасырмауы, мәселені шешуде міндетті түрде өз нұсқаларын жасауы қажет.

Оқушылардың ізденіс іс-әрекеттерін ұйымдастыру сабақтағы мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігінің айрықша түрі ретінде көрінеді: мұғалім ситуацияға қосылып, балалармен бірлесіп мәселені шешуде іздестіруді бастауы тиіс, ал бұл кезеңдегі оқушы ролі мұғалім тапсырмасын дәл орындаудан ғана емес, іздену үшін алғышарттарды барынша толық жүзеге асырудан тұрады. Педагогикада мұндай өзара әрекеттестікті ынтымақтастық немесе іскер серіктестік деп атайды [3].

Мұғалім үшін мұндай ынтымақтастықты ұйымдастыру өте қиын. Ол жоғары кәсібилікті ғана емес, мұғалімнің педагогикалық шығармашылығын талап етеді, өйткені оның іс-әрекеттері оқу үрдісінің барлық қатысушылары тартылған зерттеушілік белсенділіктің шынайы барысынан бастау алып туындап отыруы тиіс.

Зерттеушілік белсенділік дербес іс-әрекет ретінде жүзеге асырыла алмайды, ол міндетті түрде қарсы пікір айтатын адамның болуын талап етеді, бұл мұғалім ғана емес, мұғалімге тәуелсіз басқа бір оқушы болуы мүмкін. Оқушы басқалармен бір қатарда әрекет етпеген жағдайда ғана, олардан тәуелсіз емес, олармен бірлесіп әрекет еткенде оқу субъектісі бола алады, яғни бұл әрекет ұжымдық оқу диалогы шеңберінде жүзеге асырылсу тиіс.

Мұғалімнің белсенді ролінсіз ешқандай диалог болмайтындығы белгілі. Мұғалімнің міндетті әралуан көзқарастарды дер кезінде анықтаудан, оларды ұқсастық бағыты бойынша топтастырудан, диалогқа қатысушыларға аргументтер мен контураргументтерді өзі табуына көмектесуден, қажет болған жағдайда оларды қозғаудан, соңғы нәтижеде, балалардың алдында туындаған міндетті бірлесіп іздестіруді ұйымдастырудан тұрады.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда мұғалімге оқытудың барабар мақсатында (логикалық ойлау тәсілдерін қалыптастыру) білім мазмұны елеулі көмек көрсете алады. Бұрынырақ біз оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін оқытудың арнайы мазмұны қажеттігін байқадық, оның үстіне мұғалім бастауыш сынып оқулықтарында келтірілген пән

мазмұнында көп нәрсе жасауға болады. Мұны математика мысалында келтіреміз.

Логикалық білім бастауыш сыныптың математика курсында арнайы игеру нысаны болып табылмайтындығына қарамастан, көптеген жаттығулар мәні бойынша логикалық болып саналады, өйткені оларды орындау үдерісі әралуан логикалық тәсілдермен: салыстырумен, жалпылаумен, нақтыландырумен, топтастырумен және т.б. байланысты.

Сонымен бірінші сыныптың алғашқы сабақтарынан бастап оқушыларда табиғи сан ұғымын қалыптастыру бойынша жұмыстар басталады. Балалар көптеген заттарды санайды, оларды сандық қатынастарды орнату мақсатымен салыстырады.

Оқушылар оқу үдерісінде бастан кешіретін қиындықтарды талдап және олардың туындау себептерін ойластыра отырып, біз бұл себептер көбінесе балалар іс-әрекетін ұйымдастыруда көрінетіндігі туралы тұжырымға келдік.

Бұл жөнінде әйгілі француз математигі Фрише былай деп айтады: «Егер де бір нәрсе шындығында қажет болса, бұл догматикалық әдісті жоққа шығару; олардың қалай туындағанын, не үшін керектігін, олардың қалай қолданылатындығын көрсетпей, ешқандай анықтама бермеу керек» [4,726].

Н.Ф.Талызина оқушылардың ұғымдарды игеруіндегі басты кемшілік мұғалімнің анықтамаларымен жұмысты формальды жүргізуінен туындайтындығы атап өтеді [5].

Мектеп практикада кеңінен оқушыларға берілген қате анықтамаларды түзету әдістемесі де бұл қиыншылықтарды жоюға, болдырмауға мүмкіндік бермейді. Көбінесе сабақта осындай картина байқалады. Оқушы ұғымның қате анықтамасын береді. Мұғалім оқушылардың бірі қатені жөндемейінше біріншісінен, екіншісінен, үшіншісінен сұрай бастайды. Егер де бірқатар аталған оқушылар арасынан мұндай көрінбесе, мұғалім анықтаманы өзі тұжырымдайды. Бұл кезде анықтамада оқушы жіберген қателіктердің мәні неде екені көбінесе анықталмайды, ал демек, болашақта мұндай қателіктердің қайталануы ескертілмейді.

Бұдан басқа, біз қандай да бір ережелерді қарастыру кезінде өз назарымызды арнайы мазмұнға аударатындығымыз және оның формасына, логикалық құрылымына тиіспейтіндігіміз жөніндегі дерек балалардың дамуына кері әсер етеді. Осының нәтижесінде, бір жағынан, талқылаудың логикалық құрылымы оның анықтамалық мазмұнымен ажырамас байланыста көрінеді, бұл осы логикалық құрылымды басқа мазмұнды талқылауға қолдану іскерлігін дамытуға ықпал ете алмайды, ал екінші бір жағынан, сөйлемнің логикалық құрылымын жеткіліксіз немесе теріс ұғыну талқылауды тұтастай түсінбеуге алып келеді.

Іс әрбір ғылым мәні бойынша өзінің зерттеу нысаны болып табылатын заттар жөніндегі талқылаулардың белгілі жүйесі ретінде көрінетіндігінде болмақ. Талқылаулардың әрбір осы ғылымға тиісті терминдер мен символдарында бейнеленген бірқатар ұсыныстар түрінде жасалады. Мұнда ешбір талқылау логикалық тілді пайдаланусыз құрылуы мүмкін емес [6].

Жүргізілген зерттеулер инварианттылықтың логикалық тәсілдері мен логикалық қағидаларын қалыптастыру бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауының дамуына ықпал ететіндігі жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу көрсеткендей, қалыптастырылған ұғымдар мен тәсілдер меңгерілсе де, балалардың ойлауындағы алға жылжулар мен жаңа материалға тасымалдау болған жоқ. Бұл логикалық нақты тану есебі тек мектептік оқытуда ғана туындайтындығымен түсіндіріледі. Демек, қалыптасқан логикалық тәсілдер оқушылар үшін іс жүзінде мәнді болуы тиіс. Бұл алты жастағы балаларды логикалық даярлау мазмұнын таңдау қағидаларының бірі болуы тиіс.

Алты жаста балалардың логикалық ойлау тәсілдерін қалыптастыру жүргізілетін арнайы материалдарды таңдау мәселелері бойынша әртүрлі көзқарастар бар:

а) логикалық тәсілді арнайы материалды игеру барысында оны қолдану қажеттілігі алғаш рет пайда болған курста енгізу;

ә) бастапқы логикалық тәсілдерді логикалық пропедевтиканың арнайы курсында білімнің әралуан салаларынан балаларға таныс материалдарды оқып- үйрету және оларды әралуан курстарда ары қарай қолдану.

Көрнекі-бейнелі ойлау белгілі есепті шешу іс жүзіндегі әрекеттердің қатысуынсыз, ұғым түсініктер жоспарында жүзеге асырыла алатындығымен сипатталады. Көрнекі-бейнелі ойлау үдерісінде логикалық емес, іс жүзіндегі байланыстарға түсетін заттың әралуан қырлары барынша толық қайта туындатылады. Көрнекі-бейнелі ойлаудың пайда болуының маңызды шарты балаларда нысандарды бейнелейтін модель жоспарлары мен шынайы нысандар жоспарын ажырату іскерлігін қалыптастыру болып табылады. Модельдер көмегімен бала жағдайдың жасырын жақтарын елестетеді. Модельдерді пайдалану үдерісінде балада айрықша әрекеттер қалыптасады - олар модельдерде жүзеге асырылады, бірақ түпнұсқаға жатқызылады. Бұл әрекеттің моделі мен түпнұсқадан «ажырауының алғышартын құрады және оның ұғым түсініктер жоспарында жүзеге асырылуын жасайды.

Логикалық ойлауды қалыптастыру баланың заттарды талдаудың қоғам елегінен өткізілген тәсілдерін игеруі негізінде балалар эгоцентризмін жеңу бағыты бойынша жүреді.

Ойлаудың әрбір формасы өзінің айрықша құралдарымен және жүзеге асырылу тәсілдері-

мен сипатталады және балалардың ақыл-ойы дамуының жалпы үдерісінде арнайы өзіне тән қызметтерді атқарады. Көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі ойлау сөйлеудің қалыптасуын даярлайды және логикалық ойлаудың тілдік элементтерімен ажырамастай байланыста. Логикалық ойлау дамуы (нысанның) ойлаудың ұғымдарға дейінгі қайта құрылуына әсер етеді. Логикалық ойлау нысанның негізгі құрылымымен сәйкестікте таным әрекеті үдерісінің жалпы стратегиясын анықтайды, ал ойлаудың көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі формалары берілген нысанның нақты ерекшеліктерін ескере отырып, тактикалық міндеттерді шешеді.

А.Л.Венгер [7] алты жастан жеті жасқа өту кезеңінде бала: белгілік-символикалық функциялардың қалыптасуы, көрнекі-бейнелі және логикалық ойлаудың белгілі операцияларын меңгеру сияқты интеллектуалды дамуының маңызды бағыттарын айқындайды. Зерттеуде жеті жасқа қарай символикалық бейнелерге саналы қатынастың пайда болуы аталып өтілген. Балаларды мектепте ары қарайғы оқыту үдерісіндегі көрнекі-бейнелі және логикалық ойлаудың ролін зерттеу нақ осы көрнекі-бейнелі ойлаудың қалыптасу деңгейі баланың мектепке даярлығының маңызды көрсеткіші болатындығын, бұл кезеңде логикалық ойлаудың қалыптасу деңгейі айрықша мәнге ие емес екендігін көрсетті.

Бұл дәлел нақты жағдай ерекшеліктерінен бастау ала отырып, іс-әрекеттің мүмкін тәсілін байқауға мүмкіндік беретін көрнекі-бейнелі ойлаудың алты жастағылар үшін маңызды ролін тағы да баса көрсетеді. Бейнелі ойлау дамуының жеткіліксіз деңгейі мен логикалық ойлаудың жоғары деңгейі кезінде соңғысы елеулі түрде өзіне нақты ситуациядағы бағытталушылықты алады. Нәтижесінде бала қарапайым есепті де шеше алмайды, оның қай класқа жататындығы мен шешудің қандай тәсілі қолданылуы тиістігін анықтай алмайды, оның қай класқа жататындығы мен шешудің қандай тәсілі қолданылуы тиістігін анықтай алмайды.

Алты-жеті жастағы балалардың психологиялық жаңадан құрылуын аяқталмағандық ерекшелеп тұратындығын атап өту қажет. Осы жастағы көптеген психологиялық меңгерілімдер баланың өз бетінше әрекет етуінде реттеуші қызмет орындайды, тек оның ересектермен қарым-қатынасында ғана көрінеді (толығымен интериоризацияланбаған). Осыған қарамастан бұл кезең іс-әрекет реттілігінің мүлдем жаңа деңгейі ретінде қалыптасатындығымен ерекшеленетіндігін тұжырымдауға болады. Бұл әлеуметтік тексерілген құралдар мен әлеуметтік белгіленген нормаларды ескере отырып құрастырылған, жоспар негіздегі саналы реттеу болып табылады.

Осылайша, алты жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуге тиісті бірқатар тәжірибелік қорытындыларды жасауға болады:

1) осы жастағы тұлғаның жағымды дамуы үшін оқиғалық-ролдік ойындардың көрсетілуі қажет;

2) оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелілігін жоғарылатуда оқуға бағытталған және ойын сипаттарын үйлестіретін іс-әрекет формасын пайдалану арқылы қол жеткізуге болады;

3) оқытуды ұйымдастыруда осы жас кезеңі үшін барынша маңызды деп көрнекі-бейнелі ойлаудың дамуына айрықша назар аудару қажет. Осы мақсатта балалардың шынайы нысандар қатынасы моделін түсіну, құрастыру және пайдалану, белгілік-символикалық қызметтерді дамыту қабілеттіліктерін жетілдіру қажет.

4) ойлаудың логикалық тәсілдерін игеру арқылы; шынайы ақиқат құбылыстарды талдаудың қоғамдық қалыптастырылған әдістерін саналы сезіну арқылы логикалық ойлау элементтерін қалыптастыруға белгілі шамада күш-қуат бағытталуы керек;

5) ересектердің балалармен қарым-қатынасы тікелей эмоциональды сипат басымдығына ие болуы тиіс.

Көрсетілген ерекшеліктер алты жастағы балаларда логикалық ойлау тәсілдерін қалыптастыру әдістемесі мен эксперименттік бағдарламалдарды жасау кезінде ескерілуі тиіс.

Бестен үлкен сандар құрамын қайталамай-ақ балалар маңызды ұғымды-санау жүйесін игеруге өтеді. Балаларға алдымен санаудың кез-келген позициялық жүйесінің қағидалары туралы жалпыланған ұғымдар беріледі. Ұғымдарды меңгеру оңай деңгейде, берілген санау жүйесінің заңдарымен сәйкестікте әралуан заттарды топтастыру бойынша балалардың дербес әрекет жасауы арқылы жүргізіледі.

Бұл жерде топтастыру мен қолданудың логикалық операциялары маңызды рол ойнайды. Мысалы, үштік санау жүйесінде жекелеген заттардың әрбір үшіншісі жаңа өлшем түрін - қорапшаны, әрбір үш қорапша келесі барынша ірі өлшемді - жәшіктерді, әрбір үш жәшік контейнерді түзеді және т.б. Өлшемдер арасындағы қатаң иерархиялау сақталынады.

Санау жүйесін қалыптастырудың жалпы қағидаларын меңгергеннен кейін балалар «ондық» негіздегі позициялы ондық санау жүйесінің жекелеген жағдайлары жөніндегі білімді алады. Жүзге дейінгі сандардың атаулары мен алғашқы үш қатардағы атаулармен таныстыру жүргізіледі. Ары қарай онға дейінгі сандардың құрамы туралы білім нығайтылады, қосудың коммутативтілігі мен ассоциативтілігі қасиеттері, онға дейінгі сандарды қосу және алу тапсырмаларын шешу бекітіледі.

Кесте 1-Бағдарламаның логикалық бөлімінің мазмұны

Логикалық білімдер	Логикалық іскерліктер	Белгілік-символикалық іс-әрекет
1.Талдау (термин енгізілмейді)	-заттардың белгілерін анықтау: сапалық – түсі, пішіні, материалы, материалының қасиеті, міндет; Сандық (шамалар) – ұзындығы, ені, биіктігі, алаңы, салмағы, сыймдылығы (көлемі)	-әрбір белгінің бағытын білу, -белгілерді жазбаға түсіру, Кестеде заттағы әрбір сапалық белгінің пайда болуы: қандай түс, қандай пішін
2.Жинақтау (термин енгізілмейді)	-аталған белгілер бойынша заттың өзін анықтау	-белгілер бойынша кестеде зат белгілерін анықтау және затты табу
3.Салыстыру. Екі затты салыстыру, олардың несімен ерекшеленетіндігі мен несімен ұқсастығын анықтау екендігін түсіну	-салыстыру негізін айқындау, -әрбір заттағы белгінің пайда болуын анықтау, -белгіленген негіздеме бойынша заттарды салыстыру және нәтижелерін тұжырымдау (бірдей, әртүрлі, тең, тең емес, үлкен-кіші), -салыстыру нәтижелерін талқылау: қандай белгілері бойынша заттар бірдей, қандай белгілері бойынша әртүрлі.	-кестеде әрбір заттағы белгінің пайда болуын жазбамен белгілеу, -салыстыру нәтижелерін белгімен жазбаға түсіру (= немесе ≠)
4.Қолдану Айқын белгілері бойынша заттарды бір қатарға орналастыру екенін түсіну	-заттарды реттестіру үшін белгіні айқындау, -заттарды бір қатарға айқындалған белгі негізінде өсу тәртібі бойынша (кем реті бойынша) орналастыру (тікелей салыстыру жолымен), -қолдану негізін өзгерту және заттарды қайтадан реттестіру, -реттестірілген қатардан жаңа затқа орын табу.	-модель түрінде қолдану қатарын бейнелеу

Бұл жерде топтастыру мен қолданудың логикалық операциялары маңызды рол ойнайды. Мысалы, үштік санау жүйесінде жекелеген заттардың әрбір үшіншісі жаңа өлшем түрін - қорапшаны, әрбір үш қорапша келесі барынша ірі өлшемді - жәшіктерді, әрбір үш жәшік контейнерді түзеді және т.б. Өлшемдер арасындағы қатаң иерархиялау сақталынады.

Санау жүйесін қалыптастырудың жалпы қағидаларын меңгергеннен кейін балалар «ондық» негіздегі позициялы ондық санау жүйесінің жекелеген жағдайлары жөніндегі білімді алады. Жүзге дейінгі сандардың атаулары мен алғашқы үш қатардағы атаулармен таныстыру жүргізіледі. Ары қарай онға дейінгі сандардың құрамы туралы білім нығайтылады, қосудың коммутативтілігі мен ассоциативтілігі қасиеттері, онға дейінгі сандарды қосу және алу тапсырмаларын шешу бекітіледі. Осылайша, тәжірибелік бағдарлама бойынша алты жастағы балаларды оқыту мазмұнының бағыты келесі негізгі ұғымдар бойынша: бастапқы логикалық тәсілдерді игеруден жалпыланған шама ұғымын игеруге өтеді, ал осының негізінде сандардың жалпыланған ұғымына және ең ақырында санау жүйесінің жалпыланған ұғымына өтеді.

Оқу материалы балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырылса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады.Сондықтан да мұғалім балаларды сабақта талабын шаттандыратындай, ойын оятатындай, белсенділігін,саналы ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын,олардың іскерлігін дамытатындай болу ксрск. Оларды қиындықты жеңе білуге, төзімділікке баулу мұғалімнің басты міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Смағұлов Е.Ж. Дидактические основы формирования математического мышления учащихся в системе непрерываного математического образованиия:Дис...докт.пед.наук.-Алматы,2009-297с.

2. Моро М.И., Вапняр Н.Ф.,Степанова С.В. Математика в картинах (для занятий с детьми 5-6 лет). 2-е изд.-М. Просвещение, 1985-80с.

3. Лернер И.Я. Дидактические основы, методы обучения-М.: Педагогика, 1989-186с.

4. Давыдов В.В. Основные проблемы развития мышления в процессе обучения // Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии-М.: Педагогика, 1981-387с.

5. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология: учеб. Пособие для студ.сред.пед.учеб.заведений-М.: Издательский центр «Академия», 1998-288с.

6. Григг Рассел. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 600 бет.

7. Венгер А.Л. Психологическая готовность детей к обучению в школе // Развитие мышления и умственное воспитание дошкольника-М., 1985-с. 165-191.

ЖЕТПІСБАЕВА Г.О.,
п.ғ.к.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Email: gulzhan0704@mail.ru

ШУАҚБАЕВА Р.С.
п.ғ.к.,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУДІҢ СТЕРЕОМЕТРИЯНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Түйіндеме. Компьютерлік модельдеу студенттерге стереометрия туралы білімдерін жақсартуға көмектеседі. Компьютерлік орта студенттерге индуктивті тәсілмен байқалатын геометриялық құбылыстардағы заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді, ал дедуктивті жағдайда теоремаларды кейіннен дәлелдеу үшін тұжырымдауға және дәлелденген фактілерді растауға және олардың түсінігін дамытуға көмектеседі. Компьютер-бұл оқушылардың графикалық дизайн дағдылары мен дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы.

Түйінді сөздер: компьютерлік модельдеу, стереометрия, оқушылар, индуктивті тәсіл, дедуктивті тәсіл.

Резюме. Компьютерное моделирование помогает учащимся улучшить знание стереометрии. Компьютерная среда позволяет учащимся при индуктивном подходе обнаруживать закономерности в наблюдаемых геометрических явлениях, а при дедуктивном - помогает формулировать теоремы для последующего доказательства и подтверждать уже доказанные факты и развивать их понимание. Компьютер является эффективным средством формирования у школьников умений и навыков графического конструирования.

Ключевые слова: компьютерное моделирование, стереометрия, учащиеся, индуктивный подход, дедуктивный подход.

Summary. Computer simulations help students improve their knowledge of stereometry. The computer environment allows students to discover patterns in the observed geometric phenomena with an inductive approach, and with a deductive approach - helps to formulate theorems for subsequent proof and confirm already proven facts and develop their understanding. The computer is an effective means of forming students ' skills in graphic design.

Keywords: computer modeling, stereometry, students, inductive approach, deductive approach.

Кіріспе

Тез дамып кележатқан қоғамның қай саласына болмасын, нәтижелі жұмыс көрсете алатын, жаңа типті маман керек. Қазіргі заман талабы мамандарға нарық еңбегін құрайды. Болашақ маманның құндылығы – оның өз бетінше дұрыс жауапты шешім қабылдауға қабілетті, бірігіп командада жұмыс істеуі, алдына қойған мақсатының нәтижелі жетістіктерін көру, қолайсыз жағдайларда әрекет ете білуі, білім шыңын игеруге талаптануы.

Бүгінгі таңда компьютерлік дизайн, жүйелік программалаушы, модельдеуші, администратор т.б. мамандардың қажет екендігін түрлі жарнамалық газеттерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан да көруге болады. Аталған мамандықтарды қалай дайындап, оларға қандай программалық құралдарды үйрету арқылы жетілдіруге болатыны өзекті мәселе.

Қоғамның жоғары деңгейде ақпараттандырылуы, ақпараттық техника мен технологиялардың кеңінен қолданылуы математиканы оқыту барысында оқушылардың алгоритмдік мәдениетін дамыту үшін математикадан есеп шығара білуге жаттықтыру қажет. Ал, жаттығу – меңгеру мақсатында қимылды қайталап орындау. «Оқытып-үйретудің әр түрлі жағдайларында жаттығу үйрену процесінің барлық құрауыштары – қимылдың мазмұнын анықтау, оны пысықтау, қорытындылау және автоматтандыру – соның шеңберінде жүзеге асырылатын бірден-бір амал болып табылады» [1].

Есеп шығарудың жағдайында ол түсіндірумен және үйренумен қатарлас амалдардың бірі болып шығады. Түсіндіру мен үйрену жаттығулардың алдында жүріп, қимылдың мазмұнының бастапқы ұғынылуын және алдын ала пысықталуын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда жаттығу ұғыну мен пысықтаудың, сондай-ақ қорытындылау мен автоматтандырудың аяқталуын қамтамасыз етеді. Осының нәтижесінде қимыл толық меңгеріліп автоматтандырудың қол жеткен шамасына орай білікке не дағдыға айналуына жеткізеді. Сондықтан математикалық білімнің сапалы болуы есеп шығара білу дағдысымен байланысты болмақ.

Компьютерлік модельдеу – қазіргі заманғы ғылыми танымның басқарушы принципі. Сондықтан, ғылыми-практикалық зерттеулерде оның атқаратын міндеті аса жоғары. Қазіргі кезде ғылыми-практикалық зерттеулерде компьютерлік модельдеу танымның негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ол инженер мамандардың бі-

луге тиісті жобалау,талдау, сараптау іс-әрекетінде маңызды міндет атқаратын таным құралдарының ең қуаттыларның қатарына жатады. Компьютерлік модельдеудің мән-мағынасы, маманның нақты объектіні практикада толық зерттеу мүмкін емес жағдайда, оны есептеу алгоритмдерінің көмегімен компьютер арқылы іске асыратын, сол нақты объектіні математикалық модельмен алмастыру болып табылады.

Есептерді шығаруға үйретуде компьютердің мүмкіндіктерін пайдалану математиканың білім сапасын арттыруда үлкен рөл атқаратындығы белгілі. Оқыту процесінде электронды есептеу машинасының (ЭЕМ) атқаратын рөлін дәлелдейтін және басқа да пәндерді оқытуда компьютерді пайдалану мәселесіне арналған еңбектер, диссертациялық зерттеулер бар. Бұл мәселенің теориялық аспектілері Ж.А.Караев [2], А.Ө.Байдыбекова [3], Л.А.Смағұлова [4], Э.А.Абдыкеримов [5] және т.б. авторлардың еңбектерінде қарастырылған.

Негізгі бөлім

Дидактикалық тұрғыдан негізделген оқыту және оқушының оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарын ақыл-ойды сатылап қалыптастыру теориясына сай, көпжақтарға берілген есептерді шығаруда компьютерлік технология негізінде үйретуді зерттеулерге сүйене ұсынамыз. Алайда, стереометриялық есептерді, оның ішінде көпжақтарға берілген есептерді шығару біліктілігін қалыптастыру мәселесін нәтижелі шеше алатын компьютердің жеткілікті дәрежеде қолданыс таппай отырғандығы, компьютерлік оқыту бағдарламаларының жеткіліксіздігі, оның дидактикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілмеуі арасында қайшылық пайда болуы тақырыптың өзектілігін анықтайды.

Оқытудың құрылымдық моделі оқушылар белсенді әрекет ететін және өздері білімдерін түзететін орта құруға ұмтылады, яғни онда олар әлемді мұғалім тұжырымдағандай етіп қабылдауға ұмтылмайды, ал компьютер көмегімен құрылған ортада оқушылар қоршаған әлемнің бейнесін құру процесінің жүргізілуі мен өздерінің жеке көзқарастарын қалыптастыруға белсенділік танытады.

Оқушыларды есеп шығаруға үйретудің тиімді болуына мыналар ықпал ететіні белгілі: есептер шешімін іздеу процесін неғұрлым толық басқару, оқушылар басшылыққа алатын қандай да бір үлгінің болуы, есептің шешімін іздеу амалдарын қалыптастыру кезеңдерін бөліп алу. Бұл мәселелер төңірегіндегі пікірлерді тұжырымдағанымызда, көпжақтар есебін шығару іскерлігін қалыптастыру әдістемесіне арналған зерттеу еңбектерін оқушыларды есеп шығаруға үйретудің неғұрлым ортақ заңдылықтары тиісті дәрежеде нақтыланбағаны байқалады.

Ал стереометрия есептерін шығаруда кездесетін көптеген кемшіліктер оқыту тәжірибелік кеңістік фигураларының модельдері сирек қолданылатындығымен түсіндіріледі.

Жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектепті бітірушілердің кеңістіктегі кескін үйлесімін, фигуралардың өзара орналасуын, олардың сызбадағы бейнесін нашар ұғатынын, сызбадан «айқын» көрінетін фактілерді дәлелдей алмайтынын айтады.

Сонымен, еліміздегі жоғары оқу орындары мен мектеп мұғалімдерінің математикадан сабақ процесінен эксперимент жұмыстарынан мынандай қорытынды шығаруға болады: мектеп оқушылары үшін көпжақтарға берілген есептерді шығару математикадағы ең қиын да, күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Оның үстіне осы есептердің әдістемелік оқулықтарда дәстүрлі қиын есептерге, ал стереометрияда көпжақтарға берілген есептерді шығаруда жіберілетін қателер-дәстүрлі қателер қатарына енгізілген.

Сызбаны орындауда жіберілетін қателер:

- кеңістіктегі фигураларды кескіндеуге қойылатын талаптардың ескерілмеуі;

- есеп шартына сай сызбаның сәйкес келмеуі.

Қиманы салуға берілген есептерді шығарудағы жіберілетін қателер:

- көпжақты жазықтықпен қимада алынған төбелерінің дұрыс анықталмауы, яғни оның қабырғалары көпжақтың жақтарының жазықтықтарында жатпауы;

- алынған қима есептің талабын қанағаттандырмауы [7].

Көпжақтар бойынша есептерді шығарудағы оқушылардың жіберілген типтік қателердің себептері:

1. Стереометрия курсының алғашқы мәліметтерін оқытып-үйретуге қатысты таңдалған тапсырмалардың мазмұны көпжақтарға негізделмеуінен. Оқушылар көпжақтардың түрлері жөніндегі алғашқы түсінікті мектептің негізгі сатысында алады. Ал көпжақтардың оқу материалдарын түсіндіруде осылайша пайдаланылуы оқушылардың түзу мен жазықтықтың кеңістікте орналасуы жөніндегі білімін тиянақтауға мүмкіндік бермейді.

2. Көпжақтарға берілген есептерді шығарудың тәсілдерін оқушылардың жеткіліксіз меңгеруі де білім сапасының төмендігінің кепілі болып отыр.

Әдетте, күрделі есептер бірнеше жай есептерге жіктеледі. Алынған жай есептер қажет болса тігіне қарай, одан әрі жай есептерге жіктеледі. Берілген есепті жай есептерге жіктеу процесі шығарушыға шешімі белгілі жеке есеп алынғанша жалғасады. Есеп шығарудағы неғұрлым ортақ тәсіл осындай. Кең мағынасында алғанда, берілген есепті жай есептерге бөлудің өзі сол есептің шешімін іздеу болып табылады.

Модельдің түрі және оның құрылуы субъектінің біліміне, тәжірибесіне, іскерлігіне жеке қызығушылығына байланысты. Модельдеу субъект алдында тұрған модельдеуге қатысты мәселелерді шешкенде ғана өз мақсатына жетеді. негізгі идеялары барлық оқу орындарында күрделі объектілерді оқу, зерттеудің тиімді тәсілі ретінде пайдаланады. Орта мектепте математиканы оқыту процесінде компьютерлік технологияны тиімді қолдану үшін

ең алдымен математика мен информатиканың мектептік курстарының арасындағы пәнаралық байланыстардың негізі бағыттарына назар аудару қажет. Информатика мен математика бір-бірімен тығыз байланысқан және олардың арасындағы байланыс осы ғылымдардың параллель тұжырымдамаларына негізделген. Қазір информатиканың мектептік курсының маңызды ұғымдары математикалық позицияда мазмұндалады.

Алгоритм, есеп шарты, математикалық модель, айнымалы шама, алгоритмнің құрылымдық ұйымдастырылуы және оның тізбектей нақтылау әдісімен жүйелі құрылуы жалпы математикалық символдарға сүйене отырып, алгебраландырылған түрде баяндалады.

Компьютерде кез келген есепті шығарудың маңызды сатысы – алгоритм жасау. Информатика саласы бойынша алғашқы іргелі білім информатика есептеу техникасының пайда болуына дейінгі көп уақыт бойы математикада пайда болған алгоритм және бағдарлама сияқты ұғымдардың айналасына топталады. Информатика және есептеуіш техникасы курсының тақырыптары бойынша пәнаралық байланыстың негізін алгоритмдер мен бағдарламалар құру арқылы шығарылатын есептер жүйесі құрайды. Шамалар, шамалардың типтері сияқты ұғымдар физикадағы және математикадағы шамалар негізінде және олармен салыстырыла отырып енгізіледі.

Заманауи компьютерлік модельдеу бағдарламаларын игерген студенттердің кәсіби шығармашылық қабілеттерінің дамуына жаңа мүмкіндіктер пайда болады [6]. Электрондық сұлбаларды математикалық модельдеу жұмысы электрондық аспаптар туралы ақпараттарды (элементтер мен интегралдық микросұлбалардың компоненттері туралы) және оларды біріктіріп қосу әдістері электрондық есептегіш машиналарға (ЭЕМ) енгізуден басталады.

Есептер жүйесінің негізгі мақсаты: осы есептер жүйесінің көмегімен оқушылардың кеңістікті елестету, математикалық ойлау қабілеттерін дамыта отырып, көпжақтарға берілген есептерді шығаруға үйрету. Осы көрсетілген негізгі мақсатпен қатар, әрбір ішкі жүйе басқа да жеке мақсаттарға қол жеткізуге бағытталады.

Көпжақтарды оқып-үйренуде біз мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырдық:

- көпжақтарға қатысты материалдарға шолу жасау;
- көпжақтарға берілетін есептердің жалпы сипатын еске түсіру;
- көпжақтарға берілген есептерді шығарудың өзіндік ерекшеліктерін анықтау.

Көпжақтарға анықтама бергенге дейінгі бірінші кезеңде есептер жүйесінің негізгі мақсаты оқушыларды көпжақтармен көрнекі таныстыру, кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын оқып-білуде шектеусіз бейнелерді шектеулі модельдерді қолданып кескіндеуге үйрету, стереометрия аксиомаларын түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы туралы теориялық тұжырымдарды берілген есептерді шығаруда қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.

Екінші кезеңде призмаға және пирамидаға анықтама беріледі. Осы кезеңдегі негізгі мақсат есептер жүйесінің призманың және пирамиданың түрлерін, олардың қасиеттерін компьютерді пайдаланып оқып-білу, түзулер мен жазықтықтардың параллелдігі және перпендикулярлығы туралы бұрыннан білетін білімдерін көпжақтардың қасиеттерін зерттеуде қолдану шеберлігін қалыптастыру, көпжақтарға берілген есептерді шығара білудің жалпы амалдарын үйрету болып табылады.

Стереометрия курсында көпжақтарды оқып-үйрену кезеңіндегі есептер жүйесінің негізгі мақсаты призманың және пирамиданың қасиеттерін одан әрі оқып-білу, көпжақтардың бетінің ауданы мен көлемі туралы ұғымдармен танысу, көпжақтарға берілген стандартты емес есептерді шығару іскерлігін қалыптастыру болып табылады.

Мысалы, компьютерді пайдаланып «Көпжақтар» тақырыбы бойынша оқу бағдарламасын түсіндірейік:

1. Оқыту бағдарламасында берілген «Көпжақтар» тақырыбының кез келген бөлімін таңдап, әрі қарай оқыту бағдарламасымен танысуға болады. Біз бұл мәзірден «Пирамида» тақырыбына түсінік алғымыз келсе, осы бөлімге жүгіртпенің сол жақ батырмасын шертеміз

2. Осы кезде оқыту бағдарламасында берілген тақырыптың аты компьютер экранында бейнеленеді. Берілген пирамиданың әрбір жағын экраннан көруге болады (1-сурет).



1-сурет – Пирамида тақырыбының оқыту бағдарламасы

Оқушы дүниетанымын кеңейту – білім жүйесіндегі ең негізгі міндет болғандықтан геометрияны оқытудың жеке тұлғалық бағдарын арттыруға ықпал ететін басты факторларды оқу мотивтеріне негіздей отырып анықтаудың мәні зор. Мотив әрекетке бағыт берсе, сол мотивке сәйкес келетін мақсат әрекетті құрайтын оқудың жүйелілігін қажет етеді. Сондықтан осы мақсатты тәжірибелік бағытта іске асыру оқушыларға ұсынылатын есептердің мазмұнымен, шартымен сабақтастырылады.

Соңынан мынандай сұраққа көшеді: берілген көпжақтың бейнесінде қима салу үшін қиманың жазықтығы қандай элементтермен берілуі мүмкін? Оқушылар жауап береді. Мысалдар келтірейік: «Жазықтық үш нүктемен берілуі мүмкін, сондықтан қима көпжақтың бетінде жатқан үш нүктелермен берілуі мүмкін»; «Қима түзулер мен нүктемен берілуі мүмкін, түзу көпжақтың қыры немесе диагоналы болуы мүмкін».

Математикалық модельді ортақ позицияларда ақпараттық қоғамның қалыптасу периодында шынайы өмірді тану әдісі ретінде, тез дамушы ақпараттық технологиялардың интеллектуалды ядросы ретінде қарастыруға болады. Бұдан кейін қиманы салу параллель түзулер мен жазықтықтар туралы теоремаларды қолдану көмегімен негізделетін есептерге көшеді.

Есеп 1. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табанының қабырғасы *a*-ға тең. Бүйір жақтарының арасындағы бұрышты қақ бөлетін қима – тікбұрышты үшбұрыш. Пирамиданың көлемін және бүйір жағы мен табан жазықтығының арасындағы бұрышын анықтаңыздар.

Шығарылуы:

AD қырындағы екі жақты бұрышты қақ бөлетін қиманы жүргізу үшін, осы екі жақты бұрыштың сызықтық бұрышын салуымыз керек. Мұндай бұрыш *BDC* бұрышы болады, өйткені *BDC* жазықтығы *AD* қырына перпендикуляр. Шынында да, кез келген дұрыс пирамиданың *AD* бүйір қыры табанының қарсы жатқан *BC* қабырғасына перпендикуляр; оның үстіне, бұл жағдайда *AD* қыры *FD* түзуіне де перпендикуляр. Шынында да, есептің шарты бойынша *AFD* – тікбұрышты үшбұрыш, ал оның *A* және *F* төбелеріндегі бұрыштары сөзсіз сүйір бұрыштар болғандықтан, оның тікбұрышы *AFD* бұрышы болады.

$OF = \frac{1}{2}OA = \frac{1}{2}R$ болғандықтан,

$OD = \sqrt{OF \cdot OA} = \frac{R}{\sqrt{2}}$

(мұндағы $R = \frac{a}{\sqrt{3}}$)

Пирамиданың *BCD* жағының табан жазықтығына көлбеулігі $\varphi = \angle AFD$ бұрышымен өлшенеді.

FOD үшбұрышынан мынаны табамыз:

$$tg\,\varphi = \frac{OD}{OF} = \frac{R}{\sqrt{2}} : \frac{R}{2} = \sqrt{2}$$



2-сурет

Пирамиданың *AD* бүйір қыры *BD* қырымен (және *CD* қырымен) тікбұрыш жасайды, ал біздің пирамидамыз – дұрыс пирамида, сондықтан *BD* және *CD* қырлары да тікбұрыш жасайды.

Жауабы:

Бұл есепті екі түрлі бағдарлама арқылы шығаруға болады:

1) QBASIC бағдарламасын қолданып, есепке бағдарлама құрамыз:

Мұндағы: *a=6* – пирамиданың табанының қабырғасы, *w* – бүйір жағы мен табан жазықтығының арасындағы бұрышы

```
5 SCREEN 1: REM ESEPPIRAMIDA
10 LET a=6
20 LET V=(a^3*SQR(2))/24
30 LET w=TAN(SQR(2))
40 PRINT "Пирамиданың көлемі V="; V
50 PRINT "Пирамиданың бүйір жағы мен табан жазықтығының арасындағы бұрышы w ="; w
60 LINE (60, 130)-(160, 130), 3
70 LINE (60, 130)-(80, 160), 3
80 LINE (80, 160)-(160, 130), 3
90 LINE (60, 130)-(100, 60), 3
100 LINE (160, 130)-(100, 60), 3
110 LINE (80, 160)-(100, 60), 3
120 LINE (100, 60)-(68, 142), 3
130 LINE (68, 142)-(160, 130), 3
140 LINE (100, 60)-(100, 138), 3
150 PAINT (110, 80), 2, 3
160 PAINT (135, 131), 2, 3
170 PAINT (80, 132), 2, 3
180 PAINT (95, 132), 2, 3
190 PAINT (99, 80), 2, 3
200 PAINT (95, 80), 2, 3
210 LOCATE 17, 22: PRINT "A"
220 LOCATE 22, 11: PRINT "B"
230 LOCATE 17, 7: PRINT "C"
```

```
240 LOCATE 18, 13: PRINT "o"
250 LOCATE 19, 8: PRINT "F"
260 LOCATE 7, 13: PRINT "D"
270 END
```

Бұл есептің сызбалық бейнесін және оның нәтижесін компьютер экранынан көруге болады:

Пирамиданың көлемі V=12,72792 (куб бірлік)

Пирамиданың бүйір жағы мен табан жазықтығының арасындағы

бұрышы w=0,9553166

2) Паскаль тілі бағдарламасын қолданып, есепке бағдарлама құрамыз:

```
program esepPIRAMIDA;
var a, V, w: real;
 Begin
 a:=6;
 V:=(a*sqr(a)*sqrt(2))/24;
 w:=TAN(SQR(2));
 writeln('Пирамиданың көлемі V=', V:9:5);
 writeln('Пирамиданың бүйір жағы мен табан
жазықтығының арасындағы бұрышы w =',
w:9:7);
 End.
```

Бұл бағдарламаның нәтижесі:

Пирамиданың көлемі V=12,72792 (куб бірлік)

Пирамиданың бүйір жағы мен табан жазықтығының арасындағы

бұрышы w=0,9553166

Оқыту процесінде оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға жағдай жасайтын әр түрлі әдістер мен құралдар пайдаланылады. Осындай құралдардың бірі оқушылардың геометриялық есептерді өз бетінше құрастыруына арналған жаттығулар болып табылады.

Математика мен бізді қоршаған нақты өмірді байланыстырушы арнайы звеноның түрі - модель болады. Сонымен, модель бір жағынан зерттелетін объектіге тиісті бай информацияны қамтыса, екінші жағынан математикалық стандартты формула таңбаларынан тұрады. Сөйтіп, математикалық аппаратты қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылардың математикалық есептерді өз бетінше құрастыру жаттығуларын оқыту тәжірибесіне енгізу мәселесі оқыту әдістемесінде әр мезгілде әр түрлі аспектіде қарастырылған. Ғылыми зерттеулерге сүйеніп оқушылардың есепті өздері құрастыруы және ойлап табуы олардың тапқырлығын, ой-қиялын дамытады, есептің шешілу барысын тез ұғынуына жағдай жасайды, тілін дамытады және оқушылардың өз ойын қысқа әрі логикалы түйіндеуге үйретеді, сабақты түрлендіріп, жандандырады, мұғалім үшін оқушылардың дара ерекшелігін тану тұрғысынан да үлкен мәні бар.

Дайын сызбалар бойынша геометриялық есептерді құрастыру жаттығулары тұжырымдамасын оқу-тәрбие ісіне енгізу көбінесе математика мұғалімін даярлау біліктілігіне байланысты. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің жалпы әдістемелік біліммен қатар, мектеп оқушыларын дайын сызбалар бойынша есеп құрастыруға оқыту әдістемесінің жүзеге асуына мүмкіндік беретін біліктілік қалыптастырылуы тиіс. Олар жаттығуларды негізгі дидактикалық мақсатқа сәйкес іріктеп, осы жаттығулардың геометрия сабақтары жүйесіндегі орнын анықтай білуі, дайын сызбалар бойынша есеп құрастыру амалдарын және оларды оқушылар бойында қалыптастыру әдістемесін білуі тиіс. Мұндай шеберлікке ие болуды математиканы оқыту әдістемесі бойынша практикалық жұмыстарда және математикалық есептерді шығару барысында ұйымдастыруға болады. Бірақ жалпы курстар шеңберінде жоғарыда аталған білім-біліктің оқушылар бойында қалыптасуының қажетті деңгейіне қол жеткізу мүмкін емес.

Есептің математикалық моделін құруда мәліметтерді берілген шамалар бойынша өрнектейтін формулалар табыла бермейді. Мұндай жағдайларда есептің өте дәл жауабын алатын математикалық әдістер пайдаланылады. Ол нақты ғылыми заңдылықтардың негізінде математикалық тілге аударып қызмет істейді, танымның дамуына жол ашады. Жалпы математикалық модель принципті түрде әртүрлі екі дүниені қосатын ұлы көпір. Біреуі - қоршаған объективтік шындық. Ол біздің сана-сезімізге әсер етеді. Екіншісі - жеке адамзаттың идеясына сүйенген, құдіретті математика заңына бағынған абстрактік дүние.

Қорытынды

Компьютерде қажетті есептеуді жүргізіп, жауабын алу үшін, оған қажетті нұсқаулар мен әрекеттер тізбегін анықтау қажет. Мұндай нұсқау *есепті шешу алгоритмі* деп аталады. Алгоритм құру – компьютермен есеп шығарудың үшінші кезеңі болып табылады. Ал, компьютерде алгоритмді адамның қатысынсыз, автоматты түрде орындайды. Ол үшін, алгоритм машинаға түсінікті арнайы тілде, яғни қандайда бір бағдарламалау тілінде жазылуы тиіс. Бағдарламалау тілінде жазылған алгоритм бағдарлама деп аталады. Мектепте қазіргі кезде QBASIC және Паскаль тілдері пайдаланылады. Есептеуді компьютерде жүргізе отырып, алынған нәтижені талдау керек. Мұндай жағдайда математикалық модельді нақтылау қажеттілігі пайда болады. Модельді нақтылап болғаннан кейін, алгоритмді қайта құрып, компьютермен есептеуді жүргізіп, нәтижені талдайды. Модельді тағы да нақтылау қажет болуы мүмкін.

Оқу процесіне жасалған бақылау компьютерді пайдалануда стереометриялық есептерді шығаруды мынандай өзгерістердің болатынын көрсетті:

- есеп шартын оқушыларға түсіндіруге кететін уақыт мөлшері біршама азайды;
- оқытушы жаттықтыру бағдарламаларын пайдаланғанда оқушы іс-әрекеті дараландыруға мүмкіндік жасалды;
- бір сабақтағы әрбір оқушының белсенділігін анықтауға жағдай туды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. -Алматы: Мектеп, 2002. – 253 б.

2. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения. Диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук. -Алматы, 1994. – 312 с.

3. Байдыбекова А.Ө. Бастауыш сыныптардағы математиканы оқытуда компьютерді пайдалану. Педагогика ғылымдарының кандитаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Шымкент, 2000. – 147 б.

4. Смағұлова Л.А. Орта мектептегі информатика курсында компьютерлік модельдеуді оқыту әдістемесін жетілдіру. Педагогика ғылымдарының кандитаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы, 2002. – 101 б.

5. Абдыкеримов Э.А. Компьютерлік модельдеудің негізінде мектеп физикасын оқытудың әдістемесі. Педагогика ғылымдарының кандитаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының автореферати: 16.04.2004. -Алматы, 2004. – 25 б.

6. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-608б.

7. Шуакбаева Р.С. Жоғары сынып оқушыларын көпжақтарға берілген есептерді компьютер көмегімен шығаруға үйрету әдістемесі. Педагогика ғылымдарының кандидаты ... дис. автореферати. Шымкент, 2007 – 26 б.

ЖЕТПІСБАЕВА Г.О.,
п.ғ.к.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
E-mail: gulzhan0704@mail.ru

АЛИЕВА К.С.
аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАДАН АЛҒАН БІЛІМДЕРІН ПРАКТИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕ ҚОЛДАНУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Түйіндеме. Қазіргі уақытта білім берудің мақсаты-өмірді жақсы түсіну, қазіргі қоғамда бағдарлай білу, жеке қабілеттерге, қызығушылықтар мен мүмкіндіктерге сәйкес өз орнын таба білу. Тәжірибеге бағытталған тапсырма-бұл математикалық модельдеу әдісінің барлық кезеңдерін шешуді қажет ететін сюжеттік есептердің бір түрі. Мұғалімнің іс-әрекетінің мақсаты-қазіргі қоғамдағы толыққанды өмір сүру үшін адамға қажетті құзыреттіліктерді математикалық құралдармен қалыптастыру.

Түйінді сөздер: білім беру, өмір, математикалық модельдеу, мұғалімнің қызметі.

Резюме. В настоящее время цель образования состоит в том, чтобы лучше понимать жизнь, уметь ориентироваться в современном обществе, быть способным найти своё место в нём в соответствии с индивидуальными способностями, интересами и возможностями. Практико-ориентированная задача – это вид сюжетных задач, требующий в своем решении реализации всех этапов метода математического моделирования. Целью деятельности учителя является формирование средствами математических компетенций, необходимых человеку для полноценной жизни в современном обществе.

Ключевые слова: образование, жизнь, математичекое моделирование, деятельность учителя.

Summary. Currently, the goal of education is to better understand life, to be able to navigate in modern society, to be able to find their place in it in accordance with individual abilities, interests and opportunities. Practice-oriented tasks are a type of plot tasks that require the implementation of all stages of the mathematical modeling method in their solution. The purpose of the teacher's activity is to form the competencies necessary for a person to live a full life in modern society by means of mathematics.

Keywords: education, life, mathematical modeling, teacher activity.

Кіріспе

Жалпы, мектепте математикалық білім беру бағыттарының басты ерекшеліктері - оқушылардың ой-өрісін дамыту (интеллектуалдық қабылдаушылық, жаңа ақпараттарды меңгеру қабілеттілігі, ойдың қозғалмалылығы, икемділігі, тәуелсіздігі), математикалық түсініктердің аясын кеңейту (кейбір арнайы математикалық біліктерді қалыптастырудан бас тарту арқылы), формалділіктен мазмұндылыққа ауысу (ұғымдар мен пайымдауларды көрнекілік негізде дамыту, математикалық және интеллектуалдық қабілеттілікті қалыптастыру үшін негіз болатын интуиция мен елестетудің рөлін күшейту), математикалық білімге тұлғалылық-бағалылық қатынасты қалыптастыру (математиканы жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде түсінік беру, білім берудің практикалық жақтарын күшейту, нақты өмірге математиканы қолдана алу біліктерін дамыту), курстың оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы (ол оқушылардың өмірлік тәжірибеге сүйену мен оларды өз мәнінде түсінулері үшін ыңғайландыру арқылы түрлі практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырумен өрнектеледі).

Сондай-ақ, математиканы оқыту бүкіл мектепке тән үш жалпы мақсатты: білім беру, тәрбиелеу және практикалық білік-дағды қалыптастыруды көздейді. Осының ішінде өмірлік практикалық білік-дағды қалыптастыру мақсаты төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған: математика пәнін оқыту барысында алған білімдерді өмірлік практикалық қарапайым есептерін шығаруға және оны басқа да пәндерді оқып үйренуге пайдалана білу; математикалық құралдар мен аспаптарды пайдалана алу; шәкірттердің өз бетінше білім алуын қамтамасыз ету; политехникалық оқуды жүзеге асыруға қолғабыс тигізу. Ал бастауыш сыныпта оқушылардың математиканы оқып-үйренуі күнделікті өмірде және тұрмыста кеңінен қолдануы, басқа пәндерді табысты игеруі үшін қажетті білім, білік-дағдылардың негізін қалайды.

Математикасын оқыту дәрежесінің жоғары болуының бірден-бір жолы - оқушыларды есеп шығаруға үйрету. Есеп шығаруға үйрету - берілген мәліметтер мен ізделіп отырған мәліметтер арасындағы байланысты тағайындау және оған сәйкес арифметикалық амалдарды таңдап алу, содан кейін оны орындау. Есеп шығарудағы оқушылар игеруге тиісті біліктегі негізгі білім берілген мәліметтер мен ізделініп отырған мәліметтер арасындағы байланысты игеру болып табылады.

Оқушылардың бұл байланыстарды қаншалықты жақсы игергендігі олардың есеп шығара білу білігіне байланысты.

Есеп адам өмірінде де, жалпы қоғамның өмір сүруі үшін де аса маңызды рөл атқарады. Мәселе мынада, жеке адамның өзіне-өзі, сондай-ақ оның алдына басқа адамдар мен өмірлік жағдайлар қоятын мәселелерді шешуге ақыл-ой иесі ретінде жеке тұлғаның бар қызметін, өмірлік және ойлау іс-әрекетін бағыттайды. Осы себептен, адамның өмірлік қызметі күн сайын мазмұны, рөлі, шешу үшін қолданылатын әдістері әртүрлі есептерді шығарумен сипатталады деуге болады.

Математиканы оқытуда «есеп» - оқытудың мақсаты ретінде де, оқытудың құралы ретінде де қарастырылады. Оның көмегімен негізгі ұғымдар қарастырылады, ұғымдардың арасындағы тәуелділіктер ашылады, оқушының математикалық ойлауын өрістетуге, білімін өндірісте қолдануда, табандылық, ізденгіштік, еңбек сүйгіштік қасиеттерін тәрбиелеуге жол ашады.

Есеп шығару сыныпта, сабақ үстінде ғана емес, күнделікті тіршілікте, түрлі практикалық жұмыстарда да жүргізіледі. Осы тұрғыда мектепте математикалық білім берудің мақсаты - оқушыларды өмірде қолданылатын практикалық іс-әрекетке даярлау болып табылады. Мұндай дайындық жұмыстар математика курсында бастауыш сыныптардан басталады және мұнда практикалық мазмұнды есептер елеулі рөл атқарады.

Н.А.Менчинская есепті оқушыларды оқытуда және оларды еңбекке тәрбиелеуде, олардың танымдық және практикалық белсенділіктерін арттыратын маңызды факторлардың бірі деп есептейді [1].

Математиканы оқыту үрдісінде есептердің практикалық қолданылымдары жеке оқушылардың интеллектуалды біліктерін, дағдыларын қалыптастырудың құралы ретінде ғалым-әдіскерлер: И.Бекбоев [2], А.Әбілқасымова [3], Д.Рахымбек [4], Қ.Қожабаев [5], А.Нұғысова [6], және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Жалпы, есеп шығару дегеніміз оның шартына байланысты белгілі бір математикалық ережелерді қолдана отырып, талабына қарай жылжитын ой қозғалысы десек, онда практикалық мазмұнды есеп деп мазмұнында есепте қарастырылатын объектінің бірі нақты шын зат болған жағдайын айтуға болады.

Практикалық мазмұнды есептерді шығаруда, мақсатқа жетудегі табандылық, тұжырымдаманы дұрыс жасау, өз тарапынан айтылатын анықтамаларды толық дәлелдей білу және т.б. тұлғалық ерекшеліктер тәрбиеленеді. Осы айтылған мәселелерден басқа әрбір құбылысты математикалық тілде мазмұндай білу ептілігі, өз шешімдерінің дұрыстығын дәлелдей білу мен сын көзбен қарау қалыптасады. Яғни, оқушыларда осы заман талабына сай шығармашылық пен жеке тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына жағдай жасалады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай бастауыш мектеп математикасын оқыту барысында теориялық материалдарды өмірмен байланыстыру мәселесі әлі де болса тиімді шешімін таппай отыр. Сол себепті де көптеген оқушылар сабақ үстінде өтілген теориялық материалдардың практикалық мәнін жете түсіне бермейді. Кейбір жағдайда мұғалімдер кәсіптік көрсеткіштерді жалаң түрде, жеткіліксіз деңгейде қолданады, ал ол оқушылардың математикалық білімді саналы және терең игермеуіне алып келеді.

Ал И.Бекбоев өз жұмысында сегіз жылдық мектептерде математиканың мазмұнды-қолданбалы мәнін ашу құралы ретінде практикалық мазмұнды есептерді пайдаланады және ол «практикалық мазмұнды есептер - өлшеу жұмыстарын жүргізуді, өндіріс үрдісімен танысуды және т.б. қажет ететін өмірлік жағдайларға байланысты есептер», - деп көрсетеді [2,72б.]. Мұндай есептер шығару оқушылар алдында математиканың еңбектегі, жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқытудағы мәнін ашып көрсетеді.

Бастауыш сынып математикасын оқытуда практикалық мазмұнды есептер шығару арқылы теориялық материалдарды өмірмен байланыстыру мәселесі, ондай есептердің мазмұнына қойылатын талаптар туралы зерттеулердің жеткіліксіз болуы біздің зерттеу жұмысымыздың *көкейкестілігін* көрсетеді.

Негізгі бөлім

Есеп туралы айтылған анықтамаларды талдай отырып математиканы оқытуға арналған есептерге Б.Баймұхановтың еңбегінде мынандай анықтама берілген: «Математикалық есеп дегеніміз - математикадағы заңдылықтар, ережелер және әдіс-тәсілдер негізінде оқушылардан ой мен практикалық іс-әрекетті талап ететін және математикалық білімді меңгеруге, оларды практикада қолдана білуге дағдыландыруға, ойлау қабілетін дамытуға бағытталған ситуация» [7,27б.]. «Есеп» құрамына барлық жағдай кіре бермейді, тек субъект белгілі бір мәселені шешуде қандай да бір қиыншылықтарды өткергенде ғана ол жағдай - есеп болып есептеледі. Әсіресе, «есеп» ұғымы ой үрдісін сипаттағанда көп қолданылады.

Жалпы алғанда «есеп» ұғымының мағынасы өте кең, оны қандай да бір алға қойылған мақсатқа, нәтижеге жетуді көздейтін міндет, тапсырма, белгілі бір білімге негізделген, ойлауды қажет ететін талап, шешілуі тиіс сұрақ деп те түсінуге болады. Есептер шығарудың ең әуелі балаларда толық, бағалы математикалық ұғымдарды қалыптастыруда, олардың бағдарламаны анықтап берген қыйсыншыл (теориялық) білімді игеруде өте маңызды мәні бар. Сонымен қатар, білімді қалыптастыруға арналған нақтылы материал мә-

нін атқара отырып, есептер: теориялық білімді іс жүзінде оқытуды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Есептер шығару балаларда және әрбір адамға оның күнделікті өмірінде қажетті іскерлікті, білікті қалыптастырады. Есептер шығару арқылы, балалар танымдық және тәрбиелік тұрғыдан алғанда маңызды ұғымдармен танысады. Сондай-ақ, оқушылардың ақыл-ойының дамуына өте игі әсерін тигізеді, себебі ол анализ және синтез, нақтылау және абстракциялау, салыстыру, жалпылау сияқты ойлаумен жүргізілетін кезеңді операцияларды талап етеді.

Оқыту үрдісінде оқушылардың алдына белгілі бір оқу міндеттері қойылғанда ғана ой туады. Егер ол міндеттердің мазмұны қызығушылық туғызатындай болса, онда ой қарқыны артады [8]. Қойылған мақсатқа қарай ұмтылушылық ойға ізденушілік сипат береді. Оқушылардың ойларын дамытудың негізгі құралдарының бірі - математиканың түрлі бағыттарын ашып көрсететін практикалық мазмұндағы есептер.

Есептер оқушылардан ойлаудың нақты сапасын, яғни өз беттерінше ойлауды, терең ойлауды, ой сынын т.с.с. талап етеді. Есептерді таңдауда немесе құрастыруда осы мәселелерді ескерудің орны айрықша. Өйткені, оқушыларды дамытуда есептердің дамыту функциялары жетекші рөл атқарады, яғни, өз беттерінше ойлауды, оралымды ойлау және ой сыны сияқты ой сапаларын қалыптастырады, дұрыс қорытынды жасауға баулиды, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Аталған ой сапаларын дамытудағы есептердің мүмкіндіктері олардың мазмұнына, құрылымына, қиындық дәрежесіне, ондағы белгісіздердің саны мен түріне байланысты. Есептердің көмегімен ойдың белгілі бір сапасын қалыптастыру мүмкіндіктерін салмақтап қарағанда, сондай-ақ, есептер құрастырғанда ой сапаларының байқалуы қандай белгілермен сипатталатынын білудің пайдасы жоқ емес.

Есеп шығару барысында, ойлаудың жалпы белгілерін нақтылағанда, мынандай ой икемділіктерін сипаттауға болады:

- есептерді шығарудың бір тәсілінен екінші тәсіліне тез өте алу және есепті шығарудың бірнеше тәсілдерін табу біліктіліктері;

- шығарылған есептердің негізінде құрылған жаңа есептерді шығарудың тәсілдерін қайта құрастыру;

- есептерді шығарудың дәстүрлі емес тәсілдерін, стандарт емес есептерді шығару тәсілдерін таба білу біліктіліктері.

Оқушының ойлау амалдарының қысқалығы (есепті шығарудың тиімді тәсілдерін іздеу), есепті шығарудың қарапайым, қысқа, нақты мазмұнды тәсілдерін табуға ұмтылушылығы тиімді ойдың белгілері болса, ал өз бетінше ойлаудың байқалуының негізгі белгілері: есептерді шығарудағы жаңаша тәсілдер; есептерді шығару тәсілдерін ешкімнің көмегінсіз таба білу біліктіліктерінің болуы.

Ой сынының белгілері: есепті шығарудың сондай-ақ, оның белгілі бір амалдарын орындау тәсілдерінің тиімділігі; алынған нәтиженің дұрыстығын анықтай білу [9]. Ойлау сапаларын дамытатын есептер мәнін түсіну арқылы, оны шығару үрдісі ақыл-ой қызметінің тәсілдерін пайдалануды талап етеді. Мұнда оқушылар тек бағдарламалық материалдарды меңгеріп қана қоймай, шығармашылықпен ой біліктерін меңгереді. Сондықтан, практикалық мазмұнды есептер жүйесіне оқушылардың талдау, жалпылау, пікір айту, моделдеу сияқты тиянақты ойлау біліктерінің қалыптасуына көмектесетін есептерді ендірудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Жалпы оқушыны есептерді шығаруға үйрету дегеніміз, біріншіден, сабақты оқыту және ұйымдастыру әдісі, екіншіден, болашақта практикалық мәселелерді шешуге оқушыларды дайындауға негіз жасау.

Мектепте оқушылар көп жағдайда мазмұны абстракциялы есептер шығарады, балалар есептің шартына көп ынта қоймайтындықтан олардың белсенділігі төмендейді. Сол себепті:

– абстракциялы, дерексіз есептерді практикалық мазмұнмен толықтыру керек;

– ортақ математикалық моделі бар әр түрлі мазмұнды қолданбалы есептер шығару қажет [10].

Оқушылар жаңа теорияның, оқу материалының қажеттігіне, күнделікті өмірде қолдана алатынына сенуі керек, нақты өмірлік есептермен математикалық абстракцияның арасындағы байланысты көргені дұрыс.

Математиканы оқыту үрдісінде, соның ішінде, есептер шығару барысында оқушыларға тәрбие беру міндеттеріне соңғы кезде белгілі бір дәрежеде мән беріле бастады. Алғашында оқушыларға тәрбие беру математиканы оқытудың өмірмен байланысын жүзеге асыру, оқушыларды қоршаған өмір құбылыстарынан математикалық фактілерді тани білу, математиканы нақтылы практикалық есептерді шығару үшін қолдана білуге үйрету бағытында жүргізіледі. Білімді қалыптастыруға арналған нақтылы құрал рөлін атқара отырып, есептер теорияны практикамен, оқытуды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Есептер шығару балаларда, әрбір адамға оның күнделікті өмірінде қажетті, практикалық іскерлікті қалыптастырады. Математиканы оқытудың өмірмен байланысын жүзеге асыруда есептер математиканың практикалық жағы боп есептелінді.

Есеп мазмұнының белгілі бір, мақсатқа бағытталуы түрліше болуы мүмкін. Бірқатар есептер есептеулермен, кейбірі өлшеу іс-әрекеттерімен, енді бірі математикалық теория элементтерін меңгерумен т.б. байланысты болып келеді. Қандай болғанда да бұл жағдайлардың барлығы да

оқушыларды тәрбиелеуге септігін тигізеді. Мәселен шамаларды өлшеуге берілген есептерді шығару барысында оқушылардың математика ғылымының табиғаты материалды екендігіне сенімін қалыптастыруға көмектеседі. Математикалық заңдылықтар талданатын есептерді шығара отырып, оқушылар көптеген математикалық түсініктердің негізгі тамыры біздің күнделікті өмірде, адамдардың практикасында жатқандығына көз жеткізеді, біздің күнделікті өмірде болатын құбылыстарды объективті бағалауды ұғынады. Уақытты есептеуге берілген есептерді шығару барысында оқушылардың уақыт жөніндегі түсініктері, геометриялық мазмұнды есептерді шығарғанда кеңістіктік елестету элементтері қалыптасып, дамиды. Пропорционал шамалармен байланысты есептерді шығару шын өмірдегі құбылыстардың арасындағы байланыстардың себеп-салдарын бейнелейтін функционалдық тәуелділіктердің идеясын ашып көрсетуге ықпал етеді.

Математика мұғалімінің алдында тұрған мақсат - бастапқы математикалық түсініктер, олардың арасындағы байланыстар, математикалық заңдылықтар мен математика әдістерінің өзімізді қоршап отырған өмірден, оның заттарынан абстракциялау арқылы, қажеттерін және құбылыстарын жалпылау арқылы алынғанын көрсете білу.

Математикада көптеген шамалар жеке-дара емес, бір-бірімен байланысты тұрғыда қарастырылады. Математикалық түрде берілген функционалдық байланыстар бізді қоршаған өмірге тән қозғалыстар мен дамуларды сипаттайды. Диалектика математиканың, әсіресе айнымалы шамалардың өзгерістерін және олардың бір-бірімен байланыстарын, тәуелділіктерін сипаттайтын бөлімдеріне тікелей қатысты, оның элементтері мынадай шамалар: жылдамдық, қозғалыс уақыты, жүрілген жол немесе кеңістік фигуралардың көлемі. Осылай математиканың өмірден алынғанын көрсету арқылы оқушылардың көзқарасын дамытуға болады [10].

Математика жаратылыстану және басқа ғылымдар сияқты заттардың өзін зерттемей, шындық дүниенің кеңістіктегі түрі мен олардың сандық қатынасын шындық тұрғысынан абстракциялау арқылы бөліп алып зерттейді. Сондықтан шын дүниенің математика әдістері арқылы ерекше бейнеленетіндігін оқушыларға айқын түрде ұғындыру керек. Мысалға,

жылдамдық -90км/сағ

қашықтық -320км

уақыт -? 320:90=4сағ

бір қалыпты жүрген жол мен уақыттың қарым-қатынасын,

ұзындығы -8м

ені -6м

ауданы -? 8·6=24м^2

тік төртбұрыштың ұзындығы мен ені арасындағы байланысты,

бағасы -225тн

саны - 4

құны -? 225·4=900тн

бағалы заттың құны мен сатып алынған санының арасындағы байланысты бір ғана өрнек немесе теңдеу арқылы көрсетеді.

Математиканың абстракциялылығы оның кемшілігі емес, оның өміршеңдігі екенін оқушыларға ерекше атап көрсету керек. Математика өзінің абстракцияланған заңдары арқылы, бірбірінен өзінің сапалы, табиғаты өзгеше нақты құбылыстардың сандық заңдылықтарын көрсетіп, нақты дүниенің заңдылықтары жалпыға ортақ екендігін дәлелдейді. Математиканың абстракциялы заңдылықтары бір-бірінен табиғаты өзгеше заңдылықтардың сандық көрсеткіші ретінде ажыратыла отырып, нақты өмірдің жалпы заңдарымен ортақ бірлікте екендігін дәлелдейді. Еңбекке баулу, дүниетану және т.б. сабақтарда математиканың аппаратын және дәл солай ол пәндерден алған мәліметтерді математика сабағында пайдалану арқылы оқушылар математикалық заңдылықтардың ойдан алынбайтындығына, олардың нақты негізі бар, іс жүзінде пайдаға асатындығына да көздері жетеді.

Мұғалім оқу үрдісін оқушылар есептеулердің түрлендірулердің, геометриялық бейнелеудің және математикалық түсініктердің негізінде жалғыз символдар ғана емес, нақты мазмұнының да барын түсінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Ол үшін әр түрлі мазмұнды, бірақ математикалық моделдері бірдей есептер ұсынылады.

Мысалы:

1) Бақшаны суару үшін әкей 2 шелектеп 16 шелек су тасыды. Әкей неше рет суға барды?

2) Ұзындығы қандай тік төртбұрыштың ені 2см болғанда, ауданы 16см^2 болады?

3) Велосипедші 16км жол жүруі тиіс. Осы қашықтықты 2 сағатта жүріп өту үшін ол қандай жылдамдықпен жүруі керек?

4) Ұста 16г темір жұмсап 2 шеге жасаған. Осындай бір шеге жасау үшін неше грамм темір қажет?

Жоғарыдағы мысалдарда математика сабағында қарастырылып отырған теория мен есептік материалдарды ұштастырып, олардың терең байланыста екендігін көрсеттік. Мысалы, оқушылар геометриялық фигуралардың (квадраттың, тік төртбұрыштың) ауданы, ауданның өлшем бірліктері (кв см, кв дм, кв м.) тік төртбұрыштың (квадраттың) периметрі және фигуралардың аудандарын салыстыру туралы түсініктермен танысып, жаттығулар орындайды. Сонан соң, оқушылар тік төртбұрыш (квадрат) пішінді аудандарды есептеуге арналған практикалық мазмұнды есептер шығарады. «Екі бөлмелі пәтердің біреуінің ұзындығы 6м, ені 4м ал екіншісінің ұзындығы 5м, ені 4м. Егер 1м^2 еденді сырлауға 120 г сыр кетсе, бөлмелерге барлығы қанша сыр қажет.

Оқу үрдісін осылай ұйымдастыру оқушыларға берік және тиянақты түсінік қалыптастыруға,

математиканы одан әрі меңгеруге және қолданбалы есептерді шығаруға қажетті білімдер береді. Математиканы оқыту барысында оқушыларға сабақта қарастырылып отырған материалдардың колданбалылығын, практикалық маңызын ашып көрсету өте маңызды. Осылайша сабақ барысында кез-келген теориялық материалдың қолдану деңгейін ашып көрсетіліп, теориялық білімдер есеп шығару барысында пысықталып отырылуы қажет.

Қорытынды

Оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыру үшін сабақта қарастырайын деп отырған жаңа түсініктің, жаңа материалдың өмірде қалай, қайда қажет болатындығын көрсету керек. Мүмкіндігінше жаңа түсінік немесе жаңа ереже ең әуелі практикалық негіздегі есеп түрінде түсіндірілуі керек. Мұндай есеп оқушыларға жаңа теориялық материалдың қажеттілігін және практикалық пайдалылығын көрсетеді, екіншіден, окушыларға математикалық абстракциялардың нақтылы өмірден алынатындығын түсіндіреді.

Әлеуметтік және ғылыми-техникалық жетістіктер мен жаңа технологияларды қолданудағы басты мәселелердің бірі - адамдардың белсенділігі, сапалы және терең білімі мен іскерлігі сонымен қатар кәсіптік дайындығын қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да, мектептегі оқу үрдісінің негізгі мақсаты жүйелі түрде оқушылардың интеллектін, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, математикалық білім берудің практикалық жақтарын күшейту, нақты өмірде математикадан алған білімдерін қолдана алу біліктерін дамыту болып табылады. Осы мақсатта диссертациялық жұмысымызда бастауыш сынып математика курсындағы практикалық мазмұнды есептерге талдау жасау, әрбір сыныптың әр тақырыбына сай практикалық мазмұнды есептерді басқа пәндермен байланысты құрастыру мүмкіндігі мен ондай есептерді шығару әдістемесін жетілдірудің кейбір жолдары мен тәсілдеріне қатысты бірқатар мәселелер қарастырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Менчинская Н.А. Мышление в процессе обучения //Исследования мышления в советской психологии /ответ ред. Е.В.Шорохова -М., 1966, С.349-387

2 Бекбоев И.Б. Задачи с практическим содержанием как средство раскрытия содержательно-прикладного значения в восьмилетней школе: Дисс. на соис.уч.ст.канд. пед.наук. Ташкент, 1966, -236с.

3 Әбілқасымова А.Е Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі: дидактикалық негіздері. – Алматы: Мектеп, 2013. – 225 б.

4 Рахымбек Д. Мектеп математика курсында дәлелдеуге үйрету. /Мектеп математика мұғаліміне арналған кітап. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2009. – 127 б.

5 Қожабаев Қ. Математиканы оқыту әдістері. -Алматы «Санат» 1998, -104б.

6 Нұғысова А. Практикалық мазмұнды есептер. Алматы, 1996, -76б.

7 Баймұқанов Б. Математика есептерін шығаруға үйрету. Алматы: Мектеп, 1983, -143б.

8 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-608б.

9 Григг Рассел. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 600 бет.

10 Жетпісбаева Г.О. Бастауыш мектеп математика курсында практикалық мазмұнды есептер шығару: Пед.ғыл.канд. ... дисс. -Шымкент, 2007-127б.

ӘОЖ 378.004

ИБАШОВА А.Б.,
п.ғ.к., аға оқытушы,
ОҚМПУ,
Шымкент,
E-mail: almira_i@mail.ru

БЕЛЕСОВА Д.Т.
докторант,
ОҚМПУ,
Шымкент,
E-mail: damira_belesova@mail.ru

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕП ОҚЫТУ

Түйіндеме. Бұл мақалада біз бастауыш мектептегі информатика бойынша қолданыстағы оқу бағдарламасын қарастырамыз. Содан кейін біз бастауыш мектеп деңгейінде информатиканы оқытудың жаңа тәсілін ұсынамыз. Ұсынылған тәсіл оқушыларды ойлауға, ойын ойлап табуға, оларды ойнауға, талдауға және өз ойын сөзбен түсіндіруге бағыттайды.

Кілт сөздер: информатика, бастауыш мектеп, оқыту әдістері, алгоритм.

Аннотация. В этой статье мы рассмотрим существующую учебную программу по информатике в начальной школе. Затем мы предлагаем новый подход к обучению информатике на уровне начальной школы. Предлагаемый подход ориентирует учащихся на мышление, придумывание игр, их игру, анализ и объяснение своей мысли словами.

Ключевые слова: информатика, начальная школа, методы обучения, алгоритм.

Abstract. In this article, we will look at the existing computer science curriculum in elementary school. We then propose a new approach to teaching computer science at the primary school level. The proposed approach focuses students on thinking, inventing games, playing them, analyzing and explaining their thoughts in words.

Keywords: computer science, elementary school, teaching methods, algorithm.

Еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет ретінде дамыған осы уақыт аралығында экономикалық, саяси-әлеуметтік сала қарқынды қадаммен алға озып кетті. Ел экономикасының қарқынды дамуы білім саласының жағдайын жақсартуға кең мүмкіндіктер туғызып отыр. Білімді реформалаудың басты міндеті - мемлекеттік білім беру жүйесін әлемдік үздік үлгіге сәйкес деңгейге көтеру.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: "Қазақстанда білім беруді және ғылымды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. 2015 жылы республика өзіне Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына, оның ішінде бәрін қамтитын және әділ сапалы білім беруді және баршаға арналған өмір бойы оқу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз етуді көздейтін 4-мақсатына қол жеткізу бойынша міндеттемелерді қабылдады. Оған қол жеткізу үшін әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалды: мектепалды даярлықты қамтамасыз ету, 12 жылдық мектеп білімінің моделі, оқушылардың бойында 21 ғасыр дағдыларын дамыту, арзан және сапалы ТжКБ мен жоғары білімге тең қол жеткізу. Аталған бағыттар қазақстандық білім беру жүйесі үшін де басым болып табылады",- делінген. Информатика пәнін бастауыш сыныптан бастап оқытуға байланысты нормативтік құжаттар дайындалып, оқу-әдістемелік кешендер жасақталып, оқу үрдісіне енгізілгені белгілі. Негізгі мақсаты – оқушының ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға, олардың шығармашыл ойлау қабілетін дамытуға бағытталады.

Ең алдымен әлем бойынша бастауыш мектептерде компьютерді пайдаланудың түрлі жолдарын қарастырайық.

Мысалы, Ұлыбританияда АКТ, Есептеу техникасы, Информатика, IT атаулары қолданылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні түрлі компьютерлік жүйелерді, желілер мен қосымшаларды пайдаланумен айналысатын технологиялар мен дағдыларды қолдануды зерттейтін пәнге жатады. "Есептеу техникасы" мен "Информатика"-да есептеу техникасының өзін, соның ішінде дағдымен өзара әрекеттесуді де оқытады. Әдетте, мұнда осы қосымшаларды ғана емес, комьютерлік қосымшаларды жасау үшін технологиялық элементтерді манипуляциялауға көбірек көңіл аударады. Көбінесе кодтау, бағдар-

ламалау, проблемаларды шешу және жобалау сияқты нәрселер осы пәндерде қамтылады.

Басқа да кейбір пәндер сияқты, компьютерлік дағдылардың болжамды маңыздылығы бүкіл әлемде кеңінен өзгеріп отырады. Көптеген елдерде оқу бағдарламасы компьютерді пайдалануға негізделген. Кейбір елдерде пән міндетті, кейбірінде қосымша болып табылады.

Финляндия білім беру жүйесі әлемдегі ең үздіктердің бірі ретінде кеңінен бағаланады және оқушыларының үлгерімі халықаралық лига кестелерінің жоғары жағында орналасқан. Мұнда "Есептеу техникасы мен АТ" мектепке байланысты оқу жоспарында факультативтік пәндер ретінде енгізілген, алайда мектептер мен педагогтар балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу бағдарламасы мен оқытудың педагогикалық әдістерін өзгертуге, қалыптастыруға және бейімдеуге құқылы.

Жапонияда 2016 жылы білім берудің жаңа саясаты жарияланды. Компьютерлік бағдарламалау 2020 жылдан бастап барлық бастауыш мектептерде міндетті болды. Бұл бастама оқушылардың өз бетінше ойлау қабілетін дамытуда және алға қойған мақсаттарды орындауда пайдалы деп сенеді.

Ұлыбританияда информатика мен кодтау барлық бастауыш мектептерде міндетті болса, АҚШта кодтауды оқытуды тежейтін үлкен мәселе – бұл елдің орталықсыздандырылған мемлекеттік мектеп жүйесі. Кейбір мемлекеттер информатиканы жеке пән ретінде санаттаса, кейбірі оны басқа пәнге біріктіреді.

Технологияның дамуына қарай, компьютер бастауыш сынып оқушылары үшін өмірлік маңызды құрал болып табылады және оны балалардың күнделікті сабақтарына қосу оқушылардың кейінгі өмірге толық дайындығын қамтамасыз ету үшін аса маңызды.

Ал, Қазақстанда бастауыш білім мазмұнын мынадай салалар құрайды: тіл және әдебиет, математика және АКТ, жаратылыстану, адам және қоғам, өнер, дене шынықтыру [1].

Бастауыш білім беру мазмұнына: қарапайым тілдік қарым-қатынас - үш тілділікке бейімдеу және информатикалық сауаттану мәселесі еніп отыр. Осы жаңашылдықтың нәтижесінде оқушы шығармашылығының артуы, мінез-құлық мәдениеті рухани-адамгершілікті тұлға ретінде қалыптасуы көзделіп отыр [2].

Түрлі пәндерді оқу оқушыларға ойлаудың әртүрлі тәсілдерін үйретеді-бұл оларға проблемаларды шешудің жаңа стратегияларын ашады. Мысалы, әлеуметтік ғылымдарда қажетті шешімге қол жеткізу үшін келіссөздер мен ымыраларды қолдану жиі үйретіледі. Әрине, мәселені шешушіге әртүрлі ымыраға келудің мүмкін болатын нәтижелерін шешуге көмектесетін растайтын мәліметтер бар, бірақ мәселенің көп бөлігі субъективті жақсырақ шешімге келу үшін әртүрлі нұсқаларды бағалауға негізделген.

Математика және жаратылыстану ғылымдары оқушыларға проблемаларды объективті түрде шешуге үйретеді. Мұнда "ойын ережелері" әртүрлі табиғи заңдармен белгіленеді. Ауызша есептер, жаратылыстану ғылымдарында да, математикада да жаттығулардың типтік түрлерінің бірі, оқушыдан белгілі шамалардың мәнін анықтауды, есепте сипатталған жағдайды білдіретін формулалар мен теңдеулерді табуды, содан кейін бір немесе бірнеше белгісіз шамаларды табу үшін осы теңдеулерді шешуді сұрайды. Математиканы оқытудағы кейбір инновациялық тәсілдер оқушылардан формулалар мен қатынастарды ойлап табуға қатысуды талап етеді.

Жаратылыстану ғылымдарында оқушылар әдетте бұрын дәрісте ұсынылған заңдарды растау үшін эксперименттер жүргізеді. Кейде эксперименттер оқушылар эксперимент барысында жиналған мәліметтерден тиісті заңның не екенін анықтай алатындай етіп жасалады. Бұл іс-әрекет анағұрлым шығармашылыққа негізделген, өйткені оқушы дұрыс нәтижеге жету үшін сыни тұрғыдан ойлануы керек.

Сонымен, компьютерлік ғылым кез-келген басқа ғылымнан немесе әлеуметтік ғылымдардан несімен ерекшеленеді?

Негізгі айырмашылық - оқушы бағдарламалаудың кез-келген түріне негізделген алгоритмді жасау кезінде "ойын ережелерін" ойлап табады. Оқушы жақсы жетістікке жету үшін нақты терминологияны (табиғи тіл немесе бағдарламалау тілі болсын) қолдана отырып, идеяларды нақты білдіруі керек. Мұндай жағдайда әдетте бірнеше шешім бар және оқушы әртүрлі нұсқаларды біле алады. Бастауыш немесе орта мектеп оқушысының информатика пәнінде әр түрлі мүмкіндіктерді зерттеуге және шығармашылық ойлауға еркіндігі мол. Математикадағы сияқты, бұл оқыту әдістемесі осы шығармашылықты қолдаған жағдайда ғана болады. Информатика пәнінің өзінің көптеген тәртіптері бар. Бағдарлама барлық бастапқы шарттарды орындамайынша жұмыс істемейді. Бұл оқушыны барлық енгізілуі мүмкін мәліметтердің дұрыс нәтиже беретіндігін тексеру қажеттілігі туралы ойлануға мәжбүр етеді. Оқушы өз жұмысын ұйымдастыруға, барлық мүмкін "оқиғаларды" іздеуге, осы мәселені мұқият талдауға үйренеді. Олар әртүрлі тәсілдерді салыстырады және физикалық шектеулердің жиынтығы үшін қайсысы жақсы екенін біледі.

Тағы бір маңызды сабақ-компьютерлер неден құралған, олар қалай жұмыс істейді және олардың шектеулері туралы негізгі түсінік алу. Әрбір білімді адам компьютерлік жүйелердің кемшіліктері туралы, сондай-ақ оны дұрыс пайдаланбаудың әртүрлі залалдары туралы білуі керек. Компьютердің құрылымын түсіну компьютердің көмегімен қандай мәселелерді шешу қиын немесе оңай екенін түсінуге көмектеседі.

Алдыңғы бөлімде келтірілген дәлелдерді ескере отырып, біз "Неге әлемде информатика барлық мектептерде оқу бағдарламасының тұрақты бөлігі емес?"- деп сұрай аламыз. Неге көптеген мектептер, шын мәнінде, компьютерлік ғылымдарды оқытудан бас тартады? Неліктен мұны бәрі шығармашылық пен жаңашылдықтың ғылыми түрін сыныпқа енгізудің ең үлкен тәсілі ретінде қабылдамайды?

Ең маңызды себеп - көптеген бағдарламалау сыныптарында оқушылар алдымен жаңа тілдің синтаксисі мен семантикасын үйренуге көп уақыт жұмсайды, содан кейін олар алгоритмдерді қолданылады. Бірақ негізгі міндет - аударма процесі - алгоритмдік тіл нұсқасынан бағдарламалау тіліне түрлендіру. Кейінірек, жаңа алгоритмдер енгізілген сайын, аударма процесі күрделене түседі. Жылдың соңына қарай оқушыларға жұмыс істеу үшін қарапайым жоба берілуі мүмкін, бірақ сол кезде олардың шығармашылық қабілеті төмендейді, олар кодты қандай да бір жұмбақ түрде дұрыс шығарғанға дейін бұзуға дағдыланады және оларға кейін уақыт жетпеуі мүмкін.

Тағы бір себебі, көбінесе "негізгі" алгоритмдер аяқталғаннан кейін, кейбір мұғалім оқушының білім деңгейіне және бағдарламалау қабілетіне сәйкес келетін қызықты мысалдар мен тапсырмаларды өзі аяқтайды. Оқушылар алгоритмдерді өз бетінше табуға, оларды талдауға, әртүрлі шешімдерді салыстыруға үйренбейді. Әдетте информатика жалпы бастауыш мектепте логотипті бағдарламалау бірлігі ретінде оқытылады. Оқушылардың алгоритмдерді өз бетінше ашуға мүмкіндігі бар. Осы жерде мынадай сұрақтар туындайды: Біз информатиканың негізгі идеяларын қалай үйрете аламыз? Бастапқы және орта мектеп оқушылары тек сыни ойлау мен информатикаға тән мәселелерді шешіп қана қоймай, алған сабақтарын басқа пән салаларында қалай қолдана алады?

Жаңа алгоритм құруды үйренуге тырысқанда, біз қарапайым талдау мен бағалауды жасай аламыз. Алгоритмді сипаттау кезінде біз алгоритмнің әртүрлі көріністерімен - тілде, пиктограмма түрінде, "құпия" код түрінде және т.б. тәжірибе жасай аламыз. Бұл жастағы балалар құпия кодтарды жақсы көреді. Осыған мысал ретінде, сандарды болжау ойынын ұсынуға болады. Бұл тәсілді кейде екілік іздеу деп те атайды. Ойынның шартында ұсынылған сандардың ішінен мен ойлаған санды тап, X рет болжам жасауға болады. Мысалы, компьютер 1-ден 15-ке дейінгі сандарды ұсынады, жасырылған санды табу керек. 4 рет болжам жасауға болады немесе 1-ден 300-ге дейінгі сандар ұсынылған, жасырылған санды табу үшін, 9 рет болжам жасауға болады.



Оқушы санды табу үшін болжам жасауда, алгоритм құрады. Мұндай интерактивті ойындар бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық ойлау қабілеттіліктерін арттыратыны сөзсіз.

Алгоритм ұғымын алдымен олар бұрыннан таныс бірнеше түрлі алгоритмдерге - спорттық, аспаздық рецепттерге, тұрмыстық техниканы қолдануға арналған нұсқауларға қарап енгізу керек. Олар мектеп жұмысында басқа алгоритмдерді көреді, мысалы, екі ұзын санды қосу немесе азайту алгоритмі. Тіпті эссе, кітап туралы есеп жазу немесе түскі ас дайындау алгоритмі бар. Біз алгоритмдерді ұсынудың әртүрлі тәсілдерін қарастыра аламыз. Олардың кейбіреулері қарапайым әңгімеде сипатталған және сіз бір қадамның жіберілмегеніне көз жеткізуіңіз керек. Балалар алгоритмнің не үшін жұмыс істейтінін түсіндіре алмаса да, оның не екенін біледі. Тағы бір мысал - танымал X және O ойыны. Балалар сегіз жасқа толғанда, егер екі қарсылас жақсы стратегия ойнайтын болса, олардың ешқайсысы жеңе алмайтындығын біледі.



NIM логикалық ойынында нысандарды әртүрлі қадалардан алып тастау қажет, ал соңғы нысанды алып тастаған ойыншы жеңімпаз болады.

Олар оқиғалардың қажетті тізбегін сипаттаудың ресми дәл әдісі бар екенін біледі. Келесі алгоритм Ханой мұнаралары мәселесі. Алдымен олар оны бес дискіден бастап шешуге тырысты. Олар қозғалыстардың санын санап, мүмкіндігінше жақсы жасауға тырысады. Қозғалыстардың оңтайлы санын көріп, анимацияны стратегиялық нүктелерде тоқтата отырып, балалар шешімнің рекурсивті тұжырымдамасын түсіне бастады.

Мақсат-барлық n n дискілерді а өзегінен в өзегіне жылжыту:

Қарапайым естіледі, бірақ бұл оңай емес, өйткені сіз екі ережеге бағынуыңыз керек:

1. Бір уақытта тек бір дискіні жылжытуға болады.

2. Ешқандай диск кіші дискінің үстінде тұра алмайды.

Мысалы, егер 3-диск байланыстырылса, онда 3-дискінің астындағы барлық дискілерде 3-тен үлкен сандар болуы керек.

Балалар мұнда не үйренеді?

Олар балама нұсқаларды ұмытпай, шешімге апаратын процедураны дұрыс сипаттау қаншалықты маңызды екенін біледі, олар мәселені оңай шешуге болатындығын және шешім қабылдауға кететін уақыт үлкен болмайтын алгоритм ойлап табуға болатындығын біледі немесе шешім күтілгеннен тезірек жүзеге асырылады (екілік іздеу).

Оқушылар осы ұғымдармен танысқан сайын, олар біртіндеп проблемаларды шешудің бірқатар алгоритмдік стратегияларын игереді. Бөлу және жеңу стратегиясы екілік іздеу ойынында пайда болды, индукция және есептелген циклдар кейбір логотип сызбаларында қолданылды, NIM ойынында пайда болған жағдайда аяқталатын шешім мен қайталау, рекурсия Ханой мұнараларының мәселесін шешеді.

Ағымдағы жылы көршілес ел Өзбекстанда мектеп бағдарламасына шахмат ойынын енгізу ұсынылды. Шахмат ойнау адамның ойлау қабілетін арттыратыны дәлелденген. Кері бақылауды енгізу және проблемаларды шешу әдісі ретінде ұқсастықтарды бақылау үшін бірнеше басқа мысалдарды қолдануға болады. Балалар сегіз патшайымның міндетін шешуге тырысады, олар патшайымдарды шахмат тақтасына басқа патшайым ала алмайтындай етіп орналастырады. Жаңа патшайым таңдалған сайын анимация жойылып кету қаупі бар квадраттарға көлеңке түсіреді. Анимация сонымен қатар екі шешімнің симметриялы екенін көрсетеді және оқушыларды әртүрлі шешімдер мен олардың арасындағы ұқсастықтарды зерттеуге шақырады.

Интерактивті ойын ойнау арқылы оқушылар кері қозғалысты сезіне бастайды. Біз үшін патшайымның барлық бұрынғы орналасуын бақылау қиынға соғуы мүмкін.



1. Бірінші патшайымды шахмат тақтасының жоғарғы сол жақ квадратына қоюдан бастаңыз.

2. Егер біз 8 патшайымды орналастырсақ, біз аяқтадық. Алайда, басқа патшайымды қауіпсіз жерге орналастыруға бола ма?

➢ Егер болса, осы [жолды, бағанды] шешімнің бөлігі ретінде белгілеп, 2-тармаққа оралыңыз.

➢ Егер жоқ болса, онда алдыңғы патшайымның орнын өзгертіңіз (шегіну) және 2-тармаққа оралыңыз.

Балалар өте жақсы білетін кері бақылау алгоритмдерінің тағы бір жиынтығы лабиринттердің өтуін қамтиды. Тағы да, олар бірнеше лабиринттерді шешіп қана қоймай, олардың стратегиясы қандай болғанын сөзбен айтып, түсіндіреді. Оқушылардың барлық осы әдістерді игергені маңызды емес, тек олар туралы көбірек білетіндері және олардың логикалық ойларын дамытуы маңызды.

Негізгі мақсат-балаларға проблемаларды шешудің дағдыларын үйрету. Басты назар ойлау мен проблемаларды шешуге үйретуге бағытталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы № 988 қаулысы

2. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы

3. Ыбыраимжанов Қ.Т., Саурықова Ж.М. Жаңартылған білім мазмұнына үйлесімді бастауыш сыныптардағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру// Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №3 (59) 2018, 189-195 беттер

4. Батршина Г.С. Формирование и развитие логико-алгоритмического мышления учащихся начальной школы // Информатика и образование.-2007. №9. –с.7-23.

5. Окулов С.М. Программирование в алгоритмах: учеб. пособие. М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2007. – 383 с.

ӘОК 372.8:51

ИБРАГИМОВ Р.,
педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент
E-mail: raskul1953@mail.ru

КАРАТАЕВ А.О.
магистр оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент
E-mail: abai.kaz.93@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН АНЫҚТАУДЫҢ ӨЛШЕМДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада студенттердің оқу жетістіктерін анықтаудың өлшемдік технологиясының құрылымы келтірілген. Математикалық білімнің төрт деңгейі көрсетілген. Студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің төрт түрі және оларды қалыптастыру механизмдері,танымдық іс-әрекеттерінің деңгейін анықтау технологиялары туралы баяндалады.

Кілттік сөздер: оқыту, студенттердің оқу жетістіктері, танымдылық іс-әрекеттері, өлшемдеу технологиялары, үлгерімділік коэффициенті.

Аннотация. В данной статье представлена структура измерительной технологии определения учебных достижений студентов. Показаны четыре уровня математического знания. Рассказывается о четырех видах познавательной деятельности студентов и механизмах их формирования,технологиях определения уровня познавательной деятельности.

Ключевые слова: обучение, учебные достижения студентов, познавательная деятельность, технологии измерения, коэффициент успеваемости.

Annotation. This article presents the structure of the measuring technology for determining the educational achievements of students. Four levels of mathematical knowledge are shown. The article describes four types of students' cognitive activity and the mechanisms of their formation, technologies for determining the level of cognitive activity.

Keywords: teaching, educational achievements of students, cognitive activity, measurement technologies, academic performance.

КІРІСПЕ

Студенттердің үлгерім дәрежесін жоғарылатуға сәйкес келетін педагогикалық технологияларды жасап шығару – қазіргі күннің басты мәселелерінің бірі. Ол танымдық іс-әрекеттерін зерттеуді талап етеді. Оқу-танымдық жүйе және оның танымдық іс-әрекетке айналуы қоғамның әлеуметтік-тарихи дамуымен тығыз байланысты болып, ол педагогика ғылымының зерттеу саласына кіретін әлеуметтік құбылыс. Танымдық жүйе мен танымдық іс-әрекеттер иерархиялық ұстанымға негізделгені үшін бір дәуірдің өзінде пайда болатын бүтін құбылыстың екі ажырамас қыры болып есептелінеді. Педагогика ғылымының зерттеу саласы тұрғысынан осы құбылысқа жандасатын болсақ, оқушы тұлғасының іс-әрекеті мен оның негізгі түрлері (еңбек, ойын, оқу) мазмұны бойынша иерархиялық құрылымды құрайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XXI ғасыр – интеллектуалды тұлға ғасыры болғандықтан, Қазақстан Республикасында жас ұрпақтың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру және оны үздіксіз дамытудың мақсатын, міндеттерін, мазмұны мен құралдарын, формалары мен әдістерін ғылыми-педагогикалық негіздерге сүйеніп, олардың математикалық-педагогикалық құрылымын(логикалық құрылымын) анықтау талап етілуде. Осы мәселенің шешімі студенттердің шығармашылық пікірлері, оларда білімді игеру белсенділігі, өзіндік танымдық іс-әрекеттерді жетілдіру талаптарына сай математикалық құрылымды құрастыруға барып тіреледі. Бұл – студенттердің танымдық іс-әрекеттерін жетілдірудің жаңа технологиялары мен олардың логикалық құрылымын құрастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Шетелдік ғалымдар (Г.Л.Ильин[1].,Т.К.Смыковская[2].,С.В.Васекин[3].,О.В.Епишева[4].,Г.А.Монахова, Н.В.Монахов[5].) студенттердің үлгерімін анықтайтын жаңа педагогикалық технологияларды құрастыру үшін әртүрлі бағыттарда ғылыми жұмыстар жүргізуде. Олар студент үлгерімінің алгоритмін табу, оларды аксиомалар түрінде көрсету үшін сабақ жүргізудің сатыларын өзгер-

туді маңызды деп есептейді.

Көптеген әдебиеттердің талдауы арқылы педагогтардың сабақ жүргізудегі төмендегідей өзгерістерді жаңа технология деп есептейтінін анықтадық:

1) студенттердің есте сақтауын жинақтау;

2) студенттерге сабақ мақсатын жеткізу;

3) керек білімдерді есте қалдыру және біліктілікті игеру қажеттілігін сезіндіру;

4) студентте қызығушылықты ояту, оларды іс-әрекетке келтіретін оқу материалын ұсыну;

5) студенттің жауап берудегі іс-әрекеттерін мақұлдап мадақтау;

6) студенттің үлгерімділігінен хабардар болу;

7) студенттің ойлау іс-әрекетін басқару, білім және біліктілігін қайталауды мадақтау;

8) студенттердің іс-әрекеттерін бағалау.

Біздің ойымызша, студенттердің танымдық іс-әрекеттерін мұндай жолмен толық реттеуге болмайды. Сондықтан да жоғары оқу орындары үшін жекелендірілген педагогикалық технологияларды талдау арқылы оның негізгі белгілері мыналар екендігін анықтадық:

1) студенттің алдында өтілген тақырып мазмұнын толық игеруі ,жаңа оқу материалының мазмұнын да игеруде қажет болуы;

2) әрбір студент өзінің оқу іс-әрекеті жылдамдығына сай дербес жұмыс істеуі керек;

3) лекция материалын студенттерде қызығушылықты ояту және жалпы теория мен практиканы өзара тығыз байланыста игерулеріне бағыттап баяндау үшін пайдалану;

4) оқу ақпараттарын баяндауда баспадан шыққан оқу құралдарын, әртүрлі мобильдік қосымшаларды пайдалану;

5) оқу материалының бөлімдерін игергендігін анықтауда көмекші-ассистент (аспирант, үздік студенттер) күшін пайдалану.

Ресей Федерациясында В.В.Гузеев [6] интегралды педагогикалық технологияны ұсынды, оның негізгі белгілері(бөлімдері) жалпы алғанда мыналар:

1) әрбір мамандық бойынша тәлімнің жоспарланған нәтижелері көп дәрежелі диагностикалық және операциялармен орындалатын оқу тапсырмалары түрінде ұсынылады;

2) тәлім жүйесінің үлкен құрылымдары сабақтар блогы түрінде қамтылып, тәлім мазмұнының үлкен бірлігін қамтиды;

3) оқыту қоғамдық топтың іс-әрекеттерінің мониторингі негізінде ұйымдастырылады: тәлімнің әрбір қадамы алдыңғыларының нәтижесі бойынша жоспарланады;

4) тәлім жүйесін басқару және оқыту компьютерлерде жүргізіледі.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі жетістіктер мен шетелдік ғалымдардың іс-тәжірибелеріне жүгінетін болсақ, студенттердің үлгерімін анықтау үшін олардың әртүрлі танымдық іс-әрекеттерін технологияландыру керек екен. Қазіргі заманғы педагогика және психология пәндерінің жетістіктеріне орай студенттердің оқу-тану жүйесі бір-бірімен тығыз байланысты мынадай үш компоненттен құралатынына көз жеткізуге болады:

1) мотив (М);

2) студенттің оқу үлгерім іс-әрекеті (ОӘ);

3) студенттің оқу-танымдылық іс-әрекеттерін басқару (Б).

Демек, студенттердің оқу-танудағы дидактикалық жүйесі (ДЖ) мынадай формула арқылы өрнектелуі мүмкін: ДЖ = М + ОӘ + Б. Оқу-тану жүйесі бөліктерінің әрқайсысының (М, ОӘ, Б) қандай педагогикалық мақсат қойылуына байланысты тәлім-тәрбиенің түрлі технологиялары пайда болады.

Қазіргі кезде студенттердің білімді игеруі(-меңгеруі) мен олардың білімдерінің деңгейлік көрсеткіштерін анықтау педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналды. Олай болса,студенттердің оқу жетістіктерін бағалауда кез келген оқытушы бағаласа да оқытушылардың бәрі бірдей көрсеткіштерді(баллды) беретіндей технологияны істеп шығу керек болады. Мұны қазіргі кезде студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемдік технологиялары деп атап жүрміз.

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға тиісті педагогикалық технологияларда (олар жоқтың қасы) дидактикалық жүйенің сапалылығын қамтамасыз ететін логикалық құрылым айқындалмаған. Біз математика ғылымы теорияларына сүйеніп зерттеу жұмыстарымызда оқу-тану жүйесінің логикалық формуласын келтіріп шығаруға көп көңіл бөлдік. Осы жұмыстарымыздың кейбір қолданыстарын келтірейік. Студенттердің оқу-тану жұмыстарын ұйымдастырудан бұрын берілетін ақпараттардың абстракциялану дәрежесін(әртүрлі білімдерді) білуге тиіспіз.

5. Матюшкин А. М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. -М. : 1986. -208с.
6. Лернер И. Я. Проблемное обучение. -М. : Знание, 1984. -64с.
7. Моро М. И. Методика обучения математике в 1-3 классах. /М. И. Моро, А. М. Пышкало. -М. : Просвещение, 1978. -432с.
8. Пышкало А. М. Новая программа обучения младших школьников. -«Математике в школе», 1969, №4
9. Оконь В. Основы проблемного обучения (перевод с польского). -М. : Просвещение, 1988. -208с.
10. Флеминг Э. Структура проблемного урока // Народное образование. -М. :1986, №6, с. 101-104.
11. Матюшкин А. М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. -М. : 1986. -208с.
12. Стрезикозин В. П. В чем же суть «проблемного обучения»? //Начальная школа, 1979, №6, С. 57-64.
13. Шамова Т. И. Проблемный подход к обучении. Новосибирск, 1969.
14. Скаткин М. Н. Активизация познавательной деятельности учащихся в обучении. М. :Просвещение, 1995. -96с.
15. Хуторской А. В. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. — М. : Изд-во МГУ, 2003. — 416 с.
16. Якиманская И. С. Технология личностно-ориентированного образования. – М. : Сентябрь, 2000. – 176 с., и др.
17. Арапов, К. А. Проблемное обучение как средство развития интеллектуальной сферы школьников / К. А. Арапов, Г. Г. Рахматуллина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2012. — № 8 (43). — С. 290-294. — URL: https://moluch. ru/archive/43/4806/ (дата обращения: 31. 01. 2021).
18. Ковалевская, Е. В. (2000) Проблемное обучение: Подход, метод, тип, система (на материале обучения иностранным языкам) : в 2 кн. М.
19. Пилипец Л. В., Клименко Е. В., Буслова Н. С. Проблемное обучение: от Сократа до формирования компетенциий // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 5-4. – С. 860-864;-URL: http://www.fundamental-research. ru/ru/article/view?id=34012 (дата обращения: 31. 01. 2021).
20. Левенберг Л. Ш., Ибрагимов Р. Активизация познавательной деятельности младших школьников(на материале математики). -Ташкент. ФАН, 1991. -115с.

ӘОК 37. 016:519. 677:004-026. 26(043. 3)=512. 122

ИБРАГИМОВ Р.,
педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент
E-mail: raskul1953@mail. ru

САҚЫБАЙ М.
магистрант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент
E-mail: madina121598@mail. ru

ШЕКТЕР ТЕОРИЯСЫН ОҚЫТУДА МОБИЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада орта мектеп математика курсын оқытуда мобильдік технологияларды пайдалану ерекшеліктері қарастырылады. Мобильдік қосымшалар және оның түрлері, оларды қолдану мүмкіндіктері баяндалады.

Кілттік сөздер: оқыту, мобильдік қосымшалар, мобильді оқыту, математика мұғалімдердің сауаттылығын арттыру.

Резюме. В данной статье рассматриваются особенности использования мобильных технологий в обучении математике в старших классах. Описывает мобильные приложения и их типы, возможности их использования.

Ключевые слова: обучение, мобильные приложения, мобильное обучение, грамотность учителя математики.

Summary. This article discusses the features of the use of mobile technologies in teaching mathematics in high school. Describes mobile applications and their types, and how they can be used.

Key words: learning, mobile applications, mobile learning, literacy of a mathematics teacher.

КІРІСПЕ

Әлемдік білім беруде ақпараттандыру аясында мобильді оқыту бағытында едәуір зерттеулер жүріп жатыр. Алғаш рет 2000-2001 жылдары ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «мобильді оқыту» («m-learning») туралы ақпарат берілді. Mobile – ағылшын сөзі, қозғалмалы, икемді деген мағынаны береді. Мәселен, бұл сөз автомобиль, мобильді телефон деген сөздерде жиі кездеседі. Сонымен, мобиль – адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы. Қазір біз өмірімізді осы мобильдік құралдарсыз мүлдем елестете алмаймыз. Ақпараттың мобильдік құралдар арқылы дамуы ақпараттық ортаның қарқынды дамуына, сол арқылы мобильдік құрылғыны пайдаланушылар санының бірнеше есе артуына алып келді.

ЮНЕСКО материалдарында мобильді оқыту ұғымы «оқыту процесін портативті компьютерлер, MP3 плеерлер, смартфондар және ұялы телефондар секілді мобильді құралдар арқылы қолдаудың заманауи жолдары» ретінде анықталады [1].

Бүгінде, оқушылардың білім сапасын арттыруға және білім алу мүмкіндіктерінің кеңеюіне ықпал ететін мобильді оқытуды қолдану педагогика саласының әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Ал, С. Векслер, Б. Шленкер және т. б. ғалымдар мобильді оқытуды оқушыларға оқытылып жатқан материалдарды неғұрлым тиімді меңгеруіне, ақпараттарды шығаруға, жасауға мүмкіндік беретін ықшамды және портативті құралдар негізіндегі қызмет деп түсіндіреді [2].

В. А. Кукловтың зерттеуінде, мобильдік оқытуға педагогикалық тұрғыдан келесі анықтама береді: мобильдік оқыту – мобильдік құралдардың көмегімен арнайы бағдарламалық жабдықталған электрондық оқыту екендігін анықтайды [3]. Американдық «Mobile Learning Environment Project» (The MoLE – мобильді оқыту ортасы) жобасы мобильді оқыту технологияларын түрлі пәндерді оқытуға бағыттап мобильді білім беру ресурстарын құрастырды және оны меңгеруге арналған қолданылу әдістемесімен бірге бірыңғай платформа жасап, қолданысқа енгізді [4].

Д. В. Погуляев өзінің зерттеуінде мобильді оқытуды «оқу процесін ұйымдастырудың мобильді компьютерлік құрылғыны сымсыз байланыс арқылы қолдануға негізделген формасы» ретінде анықтайды. Анықтамалардың бірінші тобы мобильді құралдардың мүмкіндіктерін технологиялық жағынан ғана айқындайды; негізінде оқыту процесін іске асыруға болатын мобильді байланыс құралдарын тізбектеу арқылы

бір-бірінен ажыратылады. Осылармен бірге бұл анықтамалар екі мағынада бірігеді: а)мобильді оқыту – бұл *мобильді портативті* құралдар негізінде оқыту; б) мобильді оқыту – Интернетке кіруді болжайды. Нақты осы екі технологиялық фактор оқытудың басқа түрлерінен оның негізгі айырмашылығын анықтайтын болады [5].

С. В. Титова өз зерттеуінде, мобильді оқытуды «Интернетке кіру көмегімен кез келген портативті мобильді құрылғыға WAP немесе GPRS технологияларын пайдалану арқылы оқу ақпараттарын беру немесе алу, материалдарды алу немесе табу, форумда сұрақтарға жауап беру, тест жасау және т. б.» ретінде анықтайды [6]. Мобильді оқытуды теориялық және практикалық мақсатта пайдалану, мобильді білім беру ресурстарын жасау мәселелері бірқатар шетелдік ғылыми орталарда зерттелуде. Осы мәселені дамыту саласында 2005 жылдан бастап Европада «Мобильді оқыту» (International Conference Mobile Learning) Халықаралық конференциясы, 2007 жылдан бастап Англияда «The Mobile Learning Network Project» (MoLeNET – мобильді оқыту жүйесі) Халықаралық конференциялары үнемі өткізіліп келеді.

Мобильді оқыту технологиясы немесе мобильді технология деп оқытуда мобильді құралдарды пайдалануға қатысты технологияны айтамыз. Оның төмендегідей дидактикалық функцияларын атауға болады:

- оқу процесін ақпараттандыру;
- оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
- мобильді технологиялардың базасында желілік талқылауды (түсіндірмелерді) ұйымдастыру;
- мобильді технологиялар базасында топтық және жеке-дербес жобаларды орнындау;
- іздестіру-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушылардың өзіндік оқу қызметі шеберлігін дамыту;
- «ынтымақтастықта оқыту» педагогикалық технологиясын іске асыру;
- оқушылардың танымдық қызметін дамыту;
- білімнің оқытылып (зерттеліп) жатқан саласындағы кәсіптік шеберлікті дамыту.

Заманауи мобильді компьютерлік жүйелердің мысалдары болып коммуникаторлар және смартфондар, мобильді және қалта компьютерлері қызмет етеді. Мобильді оқытуда мобильдік құралдар мен мобильдік байланыс технологияларынан, мобильдік сервистерден кеңінен пайдаланылады.

Бүгінде қолданысқа еніп ең көп таралған компьютерлік құрылғылардың түрі – мобильді құралдар. Олар адамзаттың күнделікті әрекетінде көптеген функцияларды атқару мүмкіндігінің арқасында меншікті құралға айналып отыр. Сол себепті, мобильдік құралдарды оқу үдерісіне де пайдалануға болатын мүмкіндіктерін анықтай отырып, педагогикада мобильді оқыту мәселелері пайда болды. Оған дәлел ретінде мобильді оқытудың теориялық және практикалық мәселелерін, оны оқу процесіне ендіру мен дамыту мәселелерін қарастырған шетелдік және Ресейлік ғалымдар M. Sharples[7]., В. Я. Цветков[8]., М. А. Григорьева[9]., Е. Ю. Рудова[10]., А. П. Авраменко[11] және т. б. еңбектерін атауға болады. Аталған еңбектерді зерделей отырып, мобильді компьютерлік жүйелер мобильді құралдар, мобильді байланыс технологиялар және мобильді сервистер жиынтығы екендігін, ал олардың мысалдары ретінде коммуникаторлар және смартфондар, мобильді және қалта компьютерлері қызмет ететінін айтуға болады. Сонымен бірге, «мобильді оқыту» дегеніміз мобильді компьютерлік жүйелер мен мобильді қосымшаларды қолдану арқылы оқыту деген мағынаны білдіреді.

Мобильді құралдарға, әдетте, мобильді телефондар, смартфондар, коммуникаторлар, қалта компьютерлері немесе ДҚК, нетбуктер, ноутбуктер және планшеттік компьютерлер жатады. Мобильді оқыту кезінде пайдаланылатын құрылғыны әдетте былайша анықтайды:

- мобильді телефондар (ұялы телефондар);
- музыка тыңдау үшін mp3/mp4 плеерлері сияқты дербес құралдар;
- планшетті компьютерлер секілді жеңіл, портативті компьютерлер, ноутбуктер, нетбуктер, кішігірім ноутбуктер.

Дегенмен, құралдардың бұл тізімі күн сайын артып отыр және өзіне ойын консолдарын, цифрлық диктофондарды, электрондық кітаптарды, электрондық сөздіктерді, сондайақ, мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін көмекші технологияларды кіріктіреді.

Мобильді байланыс технологиялары күн өткен сайын вервальды коммуникацияларды қолдау, хаттарды тыңдау, бақылау, оқу, ақпараттарды іздестіру, есептерді, ойындарды орындау және көптеген т. б. мүмкіндіктерімен көпфункционалды бола түсуде. Құрылғыны таңдау жас шамасына, тұратын мекен-жайына, міндеттері мен басқа да факторларына байланысты өзгеріп отырады. Әдетте, оқушылар ұялы телефондарды және дербес медиа плеерлерді пайдаланады. Оқушылар дербес қалта компьютерін (ДҚК), смартфондарын және ноутбуктарын жұмыс орнында жеке құрал-жабдығы ретінде пайдалана алады.

Мобильді байланыс технологияларына сымсыз желілер арқылы мобильді құралдардың өзара байланыс жасайтын мүмкіндіктері жатады: Global System for Mobile Communications (GSM); Wireless Application Protocol (WAP); General Packet Radio Service (GPRS); Bluetooth; WiFi; WiMax; Infrared Data Association (IrDA) және тағы басқалар. Г. О. Дүйсеева[12] мобильдік байланыс технологияларын былайша жіктеп береді(кесте 1):

Кесте 1 - Мобильді байланыс технологиялары

Мобильді байланыс технологиялары	Дидактикалық қасиеттері
Электронды пошта	Мәтіндік және басқа ақпараттарды бір немесе бірнеше қолданушыға беру; ақпараттарды сақтау; алынған ақпараттарды қатты дискіге сақтау
Блог-технология	Жариялылық; сызықтық; авторлық және модерация.
Вики-технология	Жариялылық; сызықтық емес; құжатты жасау тарихына қолжетімділік мүмкіндігі; мультимедиялық; гипермәтіндік құрылым
Подкасталар	Интернет желісіндегі подкасттар сервисінде қолданушылардың жеке подкасттарын орналастыру мүмкіндігі; подкасттар сервисіне қолданушының жеке аймағын жасау мүмкіндігі; микроблогта сервисті қолданушының жеке аймағында подкастны желілік талқылауды ұйымдастыру мүмкіндігі.
Веб-форум	Жариялылығы; сызықтығы; қолданушылар түсіндірмелерін орналастыру мүмкіндігі; хабарламалардың жеке авторлығы
Коммуникацияның синхронды бейне-интернет құралдары	Бейне-аудио байланыстарды қамтамасыз ететін интернет-бағдарлама базасында нақты уақытта араласу мүмкіндіктерін ұсынатын технологиялар
Электронды сөздіктерді қолдану	Қолжетімділігі, көптілділігі, іздестіру аймағын шектеу мүмкіндігі ажыратады
Интернет желісі-нің ақпараттық-анықтамалық ресурстары	Қолжетімділік, мультимедиалық, гипермәтіндік құрылым
Навигаторлар	Оқушылардың іздестіру-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, олардың танымдық қызметін дамытуға, ынтымақтастықта оқу икемділіктерін дамытуға, олардың өзіндік оқу қызметі икемділіктерін дамытуға көмектеседі.

Мобильді сервистерге мобильді Интернет, электронды оқулықтар, мобильді оқулықтар арқылы ақпараттарды алу, сақтау, өңдеу, іздеу, беру мүмкіндіктері, телефон байланыстары немесе бір мезеттік хабарламалар және т. б. арқылы бірбірімен коммуникациялық байланыстар жатады.

Мобильді оқытуды білім саласына енгізу жобаларын жүзеге асыруда түрлі мобильді технологияның: смартфондар, mp3 плеерлер, планшеттер, дауысты құралдардың дидактикалық мүмкіндіктері зерттеліп, білім алуға оңтайландырыла бастады.

Қазіргі таңда ең көп тараған мобильді құрылғы – ұялы телефондар екендігін атап өткеніміз маңызды. Білім беру процесінде планшетті пайдалану оларды барлық уақытта қолданумен емес, инновациялық тәсілдерді пайдалану арқылы жаңа мобильді оқу материалдарының қаншалықты жасалуымен қорытындыланады.

Планшет төмендегі жұмыс түрлерін қамтамасыз етеді: дауыстық, SMS, электрондық пошта, бейнебайланыс, әлеуметтік желілер (Twitter, Facebook және т. с. с.), интернет. Яғни олар жазу, көрсету, айтып беру, тыңдау, шешу, табу мүмкіндіктерін ұсынады. Оқыту формасы түбегейлі ауыстырылады. Мобильді оқыту «кез келген уақытта және кез келген орында ақпараттарға тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, оқытуға жаңа қарқын береді, білім берудің даму тенденцияларын толық көрсетеді». Мұнда оқыту процесін икемді, қолжетімді етеді және дербестендіреді [13].

Планшет, әсіресе, оны жеке және топтық жұмыстар үшін қосымша пайдаланғанда өте ыңғайлы құрылғы. Мысалы, мобильді қосымшалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, планшетке жүктеуге және оларды сабақта пайдалануға болады. Практикалық сабақтар кезінде планшетке сабақ мазмұнын, сондай-ақ анықтамалықтарды, фотосуреттерді және т. с. с. жүктей отырып, оны пайдалануға болады.

Шетелдерде оқу процесінде (қарапайым аудиоплеерлер мен дербес қалта компьютерлерінен (ДҚК) бастап инновациялық смартфондарға, планшетті компьютерлерге дейін) мобильді технологиялардың интеграциясы біртіндеп өскенімен, біздің елімізде мүлдем басқаша жағдай байқалады. Қазіргі заманауи технологияларды шапшаң ендіру қажеттілігі туындап отырған кезеңде оқытудың әр түрлі сатыларында мобильді технологияларды пайдалану мұғалімдер құрамынан көбірек күш-жігер мен даярлықты талап етеді.

Мобильді оқулық бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикум материалдары, т. б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар баспаларды қамтитын мобильді оқу басылымы.

Қазіргі таңда, мектеп математикасын оқытуда

мобильді технологияларды қолдануға арналған бірқатар қосымшалар бар:

Математикадан ауызша есептер қосымшасы – математика сабақтарында осы мобильді қосымшаны жүктеу арқылы оқушының математикалық амалдарды жылдам орындау іскерліктері мен математикалық сауаттылығы дамытылады.

Algebrion Math Helper қосымшасы – Algebrion Math Helper (Android ОС үшін) – мектеп және жоғары оқу орнында математика курсындағы есептерді шешу үшін қадамдық шешімдерді қолдануға, сондай-ақ, теориялық базамен толықтырылған, графикалық интерфейспен жабдықталған мобильді қосымшаның тегін нұсқасы. Algebrion Math Helper – бұл Сіздің смартфоныңыздағы алгебра пәні бойынша қолдауға тиімді графикалық калькулятор және ол қымбат портативті калькуляторларды алмастыра алады. Қосымшаны пән бойынша емтихан тапсыруда, үй және бақылау жұмыстарын орындауда өте тиімді құрал ретінде қолдануға болады. Algebrion Math Helper 7 тақырыптық тарауды қамтиды: 1. Теңдеу. 2. Функциялар графигі. 3. Прогрессиялар. 4. Статистика. 5. Матрицалар. 6. Векторлар. 7. Конвентирлеу.

Геометрия қосымшасы – Мобильді қосымшада геометрия курсының әр түрлі тақырыптарында қарастырылатын барлық фигуралар үшін калькулятор көмегімен есептеулер жасауға болады. Интерфейс қажетті тарауды тез табуға, жеңіл жұмыс жасауға бейімделген, кез келген фигураларды тез таңдап, онан соң тез ауыстыру мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, берілген есепте қажетті мәліметтерді жылдам толтырып немесе табуға болады, соңынан қосымша дұрыс алынған нәтижені бірден көрсетеді.

Микро-математика қосымшасы – «Микроматематика» мобильді қосымшасын пайдаланып, математикалық есептерді шығарып, сондай-ақ, дербес математикалық формулалар жинағын жасауға болады. Қосымша толығымен қолжетімді.

Math Helper қосымшасы – Функционалды мобильді қосымшасы кең ауқымды, сонымен қатар сызықтық алгебраны (матрицалар мен операциялар, сызықтық теңдеулер жүйесін шешу), векторлық алгебраны (векторлар және фигуралар), ықтималдылық теорияларын қамтиды.

Пифагор қосымшасы – математика бойынша бес тарауды қамтитын мобильді анықтамалық болып табылады: алгебра, тригонометрия, математикалық талдау, ықтималдылық теориясы және дискретті математика. Әрине, бұл қосымша толық математикалық анықтамалықты алмастырмайды, бірақ онда негізгі мәліметтер көп берілген.

DTW Алгебра Lite қосымшасы – Математикалық мобильді қосымшаның басқа қосымшалардан айырмашылығы, мұнда тек анықтамалық материалдар ғана емес, теңдеулерді және теңдеулер жүйесін шешу, түбірді шығару, дәрежеге көтеру, интегралдарды, логарифмдерді алуға, сондай-ақ матрицалар астында операциялар орындауға қабілетті «есептегіштің» толық нұсқасы. Функционалды Lite нұсқасы неғұрлым күрделі – квадрат теңдеулерді, түбірлерді және деңгейлерді шешуге, сондай-ақ, матрицаларды қосуға және есептеуге қол жетімді. Жоғары математиканың әрбір тақырыбында неғұрлым маңызды ұғымдарды және объектілерді анимациялауға түрлі-түсті бейнелерді пайдаланады. Әрбір математика сабақтарында дыбыспен жабдықталған бейнематериалдарды қолдану тиімділігі де жоғары деңгейде қарастырылған.

Бұл қосымшалардан басқа да көптеген мобильдік қосымшалар бар. Оларды қолданылып жүрген құралдардың түріне және өзінің қажеттіліктеріне байланысты таңдауға және қолдануға болады.

Біз білім беру мақсаттарына сәйкес мобильді құралдарды қолданудың бірнеше бағыттарын анықтадық. *Біріншіден*, бұл өздігінен білім алу, бұған біз автономды жұмыстарды ұйымдастыруды кіргіземіз. Мұнда мобильді оқыту технологиялары материалды пайдаланудың қол жетімділігі және жеңілділігі, интерактивтілігі секілді жалпы педагогикалық принциптерге негізделгенін, сондай-ақ арнайы қосымшалардың, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау мүмкіндіктерін айтуға болады. *Екіншіден,* m-learning идеялары мектептердегі де, ЖОО-дағы да дәстүрлі білім беру процесінде пайдаланылуы мүмкін. *Үшіншіден*, оқытылатын курс мобильді оқытудың қашықтықтан немесе корпоративтік толықтырулармен тиімді бола түседі [14].

Математиканы оқытудың нәтижелі болуының қажетті шартының бірі – жан-жақты баяндау, бір теореманы дәлелдеудің әр түрлі әдістерін көрсету. Бұл математика мұғалімдері үшін аса маңызды, себебі олардың шығармашылық, әдістемелік көзқарастарын оятуға мүмкіндік береді. Өзінің пәнін барлық қырынан білетін мұғалім әрбір тақырыпты түсіндірудің әртүрлі жолдарының ең тиімдісін таңдай алады. Математика мұғалімдерін дайындауда материалдардың дәлелдеулерін баяндау әдеттегідей екі баспалдақты (тұжырым, дәлелдеу) емес, төрт баспалдақты болуы тиіс. Олар: тұжырым, оған түсініктеме (мысалы, теореманың әрбір қажетті немесе жеткілікті шарттарын талқылау немесе оларға геометриялық тұрғыдан түсініктеме беру), қолдануларына мысалдар келтіру, дәлелдеу.

Мысалы, функция түсінігі – күрделі түсінік, сондықтан ғылыми немесе әдістемелік тұрғыдан оның анықтамасын берудің бірыңғай жолы жоқ. Мұғалім оқушылардың алдында функция туралы дұрыс түсініктерді тұжырымдау үшін өздері әртүрлі анықтамаларын және оларды енгізудің әдістемелік жолдарын білулері тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. UNESCO. Mobile Learning and Policies: Key Issues to Consider, - 2012 // http://unesdoc. unesco. org/images/0021/002176/217638E. pdf

2. Wexler S., Schlenker B., Brown J., Metcalf D., Quinn C., Thor E., Van Barneveld A., Wagner, E., 2007.

3. Куклев В. А. The establishment of mobile learning //Школьные технологии, - 2010. - № 4. - С. 89-107.

4. Fritschi J., Wolf M. A. Turning on Mobile Learning in North America: Illustrative Initiatives and Policy Implications. - Paris, UNESCO, 2012.

5. Погуляев Д. В. Typical functional architecture of a mobile learning management system //Научно-техническая информация. Серия 1: Организация и методика информационной работы, -2007. - № 4. - С. 22-24.

6. Титова С. В., Авраменко А. П. Мобильное обучение иностранным языкам. М. : Издательство Икар, 2014. 224 с.

7. Sharples M. The Design of Personal Mobile Technologies for Lifelong Learning //Computers and Education, - 2000. - Vol. 34, P. 177–193.

8. Цветков В. Я. Mobile educational technologies //Современные наукоемкие технологии, - 2008. - №12. - С. 32-34.

9. Григорьева М. А. The activity approach in teaching computer science of pupils with the use of mobile computer systems: Unpublished PhD thesis. - Moscow City Pedagogical University, 2011.

10. Рудова Е. Ю. Innovative methods as a tool of increasing motivation of students to education //Вестник Московской государственной академии делового администрирования. Серия: Философские, социальные и естественные науки, - 2010. - № 1. - С. 37-43.

11. А. П. Авраменко. Мобильное обучение иностранным языкам. М. : Издательство Икар, 2014. 224с.

12. Дүйсеева Г. О Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі. 6D0109000 – Математика. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. 13. 00. 01. – Түркістан, 2018. – 181б.

13. Дүйсеева Г. О., Р. И. Кадирбаева Мобильді оқыту - білім жүйесін цифрландырудың негізгі трендтерінің бірі «төртінші өнеркәсіптік революцияға 10 қадам: адами капиталды байыту мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Шымкент. 2018, 63-66 б.

14. Дүйсеева Г. О. Білім беру үдерісінде мобильді қосымшаларды пайдаланудың мүмкіндіктері. Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметкерлерінің «Білім – болашақ ел жетістігінің іргелі факторы» тақырыбында республикалық тамыз педагогикалық кеңесі. -Астана 2017. 96-105б.

ӘОК 37. 016:51:004(043. 3)=512. 122

ИБРАГИМОВ Р.,
педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент
E-mail: raskul1953@mail. ru

ОСПАНОВА М.
магистрант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент
E-mail: matemskz@gmail. com

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА САНДЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа. Бұл мақалада орта мектеп математика курсын оқытуда сандық білім ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. Сандық білім ресурстарының әртүрлілігі мен оларды практикада қолданудың өзіне тән ерекшеліктері баяндалады. Сандық білім ресурстарының жіктелуі және оларды қолданып есептер шешуге болашақ математика мұғалімдерін даярлау, олардың сауаттылығын арттыру әдіс-тәсілдері келтірілген.

Кілттік сөздер: оқыту, сандық білім ресурстары, математикалық мобильдік қосымшалар, мобильді оқыту, мұғалімдердің сауаттылығын арттыру.

Резюме. В данной статье рассматриваются возможности использования цифровых образовательных ресурсов при изучении курса математики средней школы. Излагаются многообразие цифровых образовательных ресурсов и характерные особенности их применения на практике. Приведена классификация цифровых образовательных ресурсов и методы подготовки будущих учителей математики к решению задач с их применением, повышения их грамотности.

Ключевые слова: обучение, цифровые образовательные ресурсы, математические мобильные приложения, мобильное обучение, повышение грамотности учителей.

Summary. This article discusses the possibilities of using digital educational resources when studying a high school mathematics course. The article describes the variety of digital educational resources and the characteristic features of their application in practice. The classification of digital educational resources and methods of training future teachers of mathematics to solve problems with their application, improving their literacy are presented.

Keywords: training, digital educational resources, mathematical mobile applications, mobile training, teacher literacy improvement.

XXI ғасырда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы білім беру жүйесінде жаңа заманауи технологиялардың кеңінен қолданылуына септігін тигізуде. Қоғамға жоғары сапалы білімге, заманауи технологиялық құралдарды пайдалана білетін, креативті ойлау қабілетіне ие мамандарды дайындау қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды ұқыпты пайдалану оқытушы мен білім алушы арасындағы тікелей байланысты нығайта отырып, сабақтың сапасын көтеруде үлкен қызмет атқарады.

Қазіргі заманғы білім беру практикасының қалыптасуы жағдайында оқытудың мазмұнын, құралдарын, әдістері мен ұйымдастырушылық нысандарын өзгерту қажеттілігі бар. Жаңартылған бағдарлама мазмұнының оқушыларға түсінікті болуы, болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік дайындығына тығыз байланысты. Сондықтан оқытушылар өздерінің іс-әрекеттерін қайта құрулары, жаңаша оқыту құралдарын және әдістерін практикада қолдану мүмкіндіктерін арттырулары тиіс.

Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан жобаларда да ақпараттық-технологиялық бағдарламалармен жабдықталған коммуникациялар қоғамды түбегейлі өзгертетіні жайлы айтылған. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр [1].

Қазақстан Республикасындағы білім беруді ақпараттандыру процесіндегі алғашқы сатылардың бірі электрондық оқулықтарды әзірлеп, оларды оқу процесіне ендіру болды. Осы ба-

ғытта отандық ғалымдардың көптеген еңбектері жарық көрді.

Г. К. Нургалиева өз еңбектерінде электрондық оқулық жасау білім беруді бағдарламалық жабдықтауға негізделетінін көрсетті [2]. А. С. Қадырова әр түрлі пәндер бойынша электрондық оқулықтың құрылымдық моделін анықтады. Кәсіптік педагогикалық білім беру жүйесіндегі электрондық оқулықтардың сипаттамасын зерттеді. Электрондық оқулықтар негізінде оқытудың әдісін жасады [3].

С. С. Дайырбековтың диссертациялық жұмысында қоғамдық гуманитарлық бағыттағы мектеп оқушыларының математиканы оқу белсенділігін компьютер арқылы дамыту қарастырылған [4].

І. Ж. Есенғабыловтың диссертациялық жұмысында 5-6-шы сыныптарда математиканы оқыту үрдісінде компьютерлік технологияны қолданудың техникалық мүмкіншіліктері анықталып, осы сыныптарда бұл технологияны қолданудың дидактикалық аспектілері баяндалған [5].

А. О. Алдабергенованың диссертациялық жұмысында алгебрадан білім беруді ақпараттандыру, яғни негізгі мектепте алгебрадан ашық интерактивті тапсырмалардың компьютерлік бағдарламаларын жасау әдістемесі қарастырылған [6].

Аталған авторлардың жұмыстарында математиканы оқытуда компьютерді құрал ретінде пайдалану көзделген. Осылайша мектепте компьютерді пайдалану қажеттілігі математика сабақтарында да міндеттеле бастады. Мұнда пәнді оқытудың төмендегідей қажеттіліктері туындады:

– сабақтарды өткізуде әртүрлі заманауи ақпараттық технологияны қолдану;

– жобалау және зерттеу жұмыстарын орындауда оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттілігін және танымдық белсенділігін жетілдіру;

– оқушыларды өздігінен білім алуға және шығармашылық қабілетін тәрбиелеу;

– ақпараттық технологияны оқыту нәтижесінде сапаны бақылау және бағалау құралы ретінде қолдану;

– оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру;

– оқушыларға басқа пәндерді оқытуда да компьютерді қолдануға үйрету.

Математикалық білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – оқу процессіне жаңа ақпараттық қатынастық технологияларды енгізу арқылы оқушыларда ойлаудың сапалы жаңа түрін қалыптастыру болып табылады.

Компьютерлік оқыту технологияларын қолданып оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру (Қараев Ж. А. [7]), білім беру жүйесін ақпараттандырудағы ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта мәселелері (Қадірбаева Р. И. [8]) қарастырылған.

Соңғы жылдары компьютерлік техниканың түрлері де, мүмкіндіктері де тез өзгеруде. Сондықтан оқу үдерісінде сандық білім ресурстарын қолдану мүмкіндіктерін анықтау, электрондық оқыту проблемалары, педагогикада пайда болды.

Электрондық оқыту жүйесі (e-Learning) – бұл Қазақстандағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобасы. Электрондық оқыту жүйесі сандық білім ресурстарының кітапханасын қамтиды. Сандық білім ресурстары (СБР) – бұл цифрлық нысанда ұсынылған фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, символдық объектілер және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және оқу процесін ұйымдастыру үшін қажетті өзге де оқу материалдары.

Қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар білім беру процесі үшін дәстүрлі құралдарды тиімді түрде толықтыратын жаңа құралдарды ұсынады, оларды көптеген мұғалімдер өздерінің әдістемелік жүйесіне тезірек енгізеді. СБР қолдану оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін түбегейлі жаңа мүмкіндіктер береді. СБР - оқытудағы көрнекіліктің жедел құралы, студенттердің практикалық іскерлігін пысықтауда, сауалнама ұйымдастыру мен өткізуде, сондай-ақ үй тапсырмаларын бақылау мен бағалауда, сызбалармен, кестелермен, графиктермен, шартты белгілермен және т. б. жұмыста, мәтіндерді редакциялауда және студенттердің шығармашылық жұмыстарындағы қателерді түзетуде көмекші. Сабақта СБР қолдана отырып, оқытушы бүкіл сабақты ұйымдастырушы және кеңесші болып табылады. СБР оқытушыны немесе оқулықты алмастырмайды, бірақ педагогикалық іс-әрекеттің сипатын түбегейлі өзгертеді. СБР -ны оқу процесіне енгізу оқытушының мүмкіндіктерін кеңейтеді, оны бұрын шешілмеген мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін құралдармен қамтамасыз етеді.

СБР -ларды пайдалану кезінде оқытушы қосымша және анықтамалық ақпараттың көп мөлшерін қолдана отырып, сабақты жеке объектілерден модельдей алады. Орталықтың көмегімен өткізілетін сабақтың құрылымына шығармашылық тапсырмалар, студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар, интерактивті сипаттағы тапсырмалар енгізілуі мүмкін. Білімді бақылау мақсатында СБР көп деңгейлі тапсырмаларды, дербес және бақылау жұмыстарын қамтуы мүмкін.

Сандық білім ресурстары оқытудың заманауи нысандарын пайдалануға ықпал етеді, оқытудың жоғары интерактивтілігі мен мультимедиалығын қамтамасыз етеді, деңгейлік саралау мен оқытуды дараландыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, студенттердің жас ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Оқу пәндерін оқытуда ресурстарды

пайдалану студенттердің оқу іс-әрекетінің түрлерін әртараптандыруға, студентті осы пән шеңберіндегі білім мен дағдылар негізінде әртүрлі мәселелерді шешуде өмірде тәжірибе жинауға бағыттауға мүмкіндік береді.

Сандық білім ресурстары мультимедиялық проектор арқылы көрсетіледі немесе студенттер компьютер сыныбында жеке пайдаланылады. Сабақта СБР -ларды көрсету үшін оқытушы мобильді компьютерлік сыныпты (20-25 ноутбук) қолдана алады. Мобильді компьютерлік сынып арқылы СБР -ларды пайдалану студентке тақырыпты ыңғайлы қарқынмен және оның жеке қабылдау ерекшеліктеріне байланысты материалды игерудің таңдалған деңгейінде оқуды ұйымдастыруға көмектеседі.

Жаратылыстану-математикалық цикл сабақтарында (физика, химия, биология сабақтары) оқытушылар студенттерге виртуалды зертханаларда практикалық жұмыстарды орындауды ұсына алады, дарынды студенттерді пән мұғалімдері мен оқытушылар жеке зерттеу қызметіне белсенді түрде тартады. Студенттер үшін ақпаратты ұсынудың жаңа формасының арқасында СБР студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады, кез-келген ыңғайлы уақытта білімді автоматты түрде өзін-өзі бақылауға мүмкіндік береді. СБР кітапханасын пайдалану арқылы студенттер энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпаратты жедел алу мүмкіндігіне ие болады.

СБР қолдану мақсаттарына және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес келесі түрлерге бөлінеді:

- Электрондық кітапхана-электрондық құжаттардың (электрондық басылымдар, анықтамалықтар және т. б.) әр текті коллекцияларын сенімді сақтауға және тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе.

- Электрондық көрнекі құралдар кітапханасынан мазмұны саласындағы объектілерді, процестерді, құбылыстарды көрсететін мультимедиялық компоненттер жиынтығы ;

- Электрондық энциклопедия-белгілі бір білім салаларын қамтитын әртүрлі бағыттар бойынша көптеген ақпаратты қамтитын нұсқаулық. Басылымдар иллюстрациялар, бейне және аудио фрагменттері, анимациялар және үш өлшемді үлгілермен жабдықталған.

- Репетиторлар, тренажерлер, практикумдар – бұл сабақтарға, емтихандарға өз бетінше дайындалуға, өз білімін объективті бағалауға мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік кешендер.

- Мультимедиялық оқулықтар-бұл дербес немесе оқытушының қатысуымен компьютер арқылы оқу курсын немесе оның үлкен бөлімін меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін бағдарламалық-әдістемелік кешен.

- Виртуалды зертханалар-пәндік эксперименттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, соның ішінде мектеп жағдайында жүргізу қиын, қосымша жабдықты қажет ететін немесе тым қымбат тұратын оқыту кешені.

Конвекциялық орталық мыналарды қамтиды: суреттер; фотопортреттер; қоршаған әлемнің фотобейнелері; кестелер(түсіндірме, салыстырмалы, жалпылама); схемалар; диаграммалар; графиктер; карталар; интерактивті кестелер, суреттер, карталар, схемалар; ұғымдарды, процестерді, құбылыстарды анықтау мәтіндері; математикалық және физикалық формулалар; математикалық және физикалық теңдеулер; сипатталған процеске, құбылысқа мәтіндік түсініктемелер; оқулық мазмұнын қайталайтын мәтін; оқулық мазмұнын толықтыратын мәтін; сыни мақалалар; тарихи құжаттар; табиғи құбылыстар, оқиғалар, әлеуметтік құбылыстар анимациялары; аудиолекциялар; есімдердің сөйлеу фрагменттері; бейнефрагменттер; құбылыстардың, процестердің, оқиғалардың аудиобейне фрагменттері.

СБР -ларды қолданудың бірнеше түрлері бар:

- интерактив (өзара іс – қимыл) - тараптардың әрқайсысының кезекпен айтқан сөздері (ақпарат беруден бастап жасалған іс-әрекетке дейін). Сонымен қатар, әр мәлімдеме алдыңғы тараптардың да, екінші тараптың да мәлімдемелерін ескере отырып жасалады;

- зерттеу мақсатында нақты ресурстар мен процестерді моделдеу – модельдеу;

- коммуникативтілік-тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, ақпаратты ұсыну жеделдігі, үдерістің жағдайын бақылау;

- Деректер базасындағы түйінді сөздер бойынша ақпаратты жылдам іздеу, анықтамалық--ақпараттық сипаттағы бірегей басылымдарға қол жеткізу.

Осылайша, білім беру саласындағы СБР пайдалану педагогтарға оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық нысандарын сапалы өзгертуге мүмкіндік береді. Педагогикалық іс-әрекет құралдары жетілдірілуде, оқытудың сапасы мен тиімділігі арттырылуда. СБР дәстүрлі оқыту құралдарымен салыстырғанда көптеген артықшылықтарға ие. Оқу үрдісінде СБР қолдану-бұл оқу процесін жеделдетуге, оны оңтайландыруға, студенттердің пәнді оқуға деген қызығушылығын арттыруға, дамыта оқыту идеяларын жүзеге асыруға, сабақтың қарқынын арттыруға, өзіндік жұмыс көлемін арттыруға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірін ұсыну әрекеті. СБР логикалық ойлауды, ойлау мәдениетін дамытуға, оқушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, сонымен қатар оқу процесінің мотивациялық саласына, оның қызмет құрылымына айтарлықтай әсер етеді.

Сандық білім ресурстары базасымен аудиторияда жұмыс істеу тәсілдері:

- Алдын ала таңдалған материалдарды көрсету. Бұл жағдайда мұғалім жинаған дайын сюжеттерді де қолдануға болады.

- Интерактивті режимде алдын-ала дайындалған сандық білім ресурстарын қолдану арқылы

түсіндіру (материалды ұсыну қарқынын өзгерту, практикалық тапсырмалар, тесттер және т. б.).

- Студенттердің практикалық тапсырмаларды орындауы (фронтальды және жеке).

- Сандық білім ресурстарының жеке және топтық модульдерін қалыптастыру.

Математикалық пәндерді оқытуда СБР-нің жиі қолданылатын мүмкіндіктері:

- әр түрлі функциялардың графигін құру (*x* және *y* мәндерінің кестесін алдын-ала құрумен);

- геометриялық фигуралардың қасиеттерін зерттеу, берілген шарттар бойынша модификациялау, геометриялық түрлендірулердің мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында олардың экрандық бейнелерін жасау;

- есептеу және ақпараттық-іздестіру қызметін автоматтандыру;

- зерттелетін процестердің динамикасын сипаттайтын диаграммаларды құру.

Аудиторияда сандық білім ресурстарын пайдалану бағытындағы мынадай жұмыстардың тиімділігі зор болады екен:

1) Студенттерге "Орта мектепте математикадан оқу үлгілік бағдарламалар", "Функция және оның графиктері", "Жазықтықтағы геометриялық фигуралар", "Кеңістіктегі геометриялық фигуралар", "Көпмүшеліктер және оның түбірлері" тақырыптары бойынша. түрлі презентациялар жасату. Студенттер сонымен қатар педагогикалық практикадан өту кезінде презентацияларды пайдаланады, сондай-ақ сабақтарға арналған презентацияларды өздері жасайды.

2) "Математиканы оқыту әдістемесі курсы бойынша жобалау-зерттеу жұмыстары" атты гипермәтіндік жинақтау технологиясы бойынша әдістемелік электрондық материал әзірлеу. Сонда студенттер курстық және бітіру біліктілік жұмыстарын жазуда осындай материалдардан кезінде пайдаланады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір 2017. http://www. edu. gov. kz

2. Нургалиева Г. К. Using of ICT in Higher Education of the Republic of Kazakhstan: current status, problems and prospects of development // http://www. nci. kz/?lang=rus&com=news&what=show&id=176

3. Кадырова А. С. Особенности моделирования электронного учебника в системе профессионально-педагогического образования. Дисс... . п. ғ. к., 13. 00. 08, Усть-Каменогорск, 2000. – 157 с.

4. Дайырбеков С. С. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы мектеп оқушыларының математиканы оқу белсенділігін компьютер арқылы дамыту: пед. ғыл. канд... . дисс. : 13. 00. 01. – Шымкент, 2004. – 140

5. Есенғабылов І. Ж. Орта мектептің 5-6-шы сыныптарында математиканы оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың әдістемесі. 13. 00. 02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2009

6. Алдабергенова А. О. Ашық интерактивті тапсырмалардың компьютерлік бағдарламаларын жасаудың әдістемесі (алгебраны оқыту мысалында) 13. 00. 02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі ақпараттандыру) Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Автореферат Қазақстан Республикасы Алматы, 2010

7. Караев Ж. А. Активизация познавательной даятельности учащихся в условиях применения КТО. –Алматы. Автореф. дис... докт. пед. наук, 1995. - 41 с.

8. Қадірбаева Р. И. Білім беру жүйесін ақпараттандырудағы ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортаның рөлі // Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері, ХҚТУ Интернет конф мат, - 2013, - Түркістан-Мәскеу, -Б. 75-80

УДК 155. 9

ИМАШЕВА Г. Т.
аға оқытушысы,
«Өрлеу»БАҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ «Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау» кафедрасы,
E-mail: gulnar. imasheva@mail. ru

ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Түйін. Оқушыларының толеранттылығын қалыптастырудағы психологиялық аспектілерді қамтыған. Толеранттылық ұғымының анықтамалары мен оны түсіндіру жолдары қарастырылған. Оқушыларда толеранттылықты қалыптастыру қадамдары көрсетілен.

Түйін сөздер: дәстүр, мәдениет, этноәлеумет, өркениетке кірігу, органикалық жетілу.

Резюме. Освещаются психологические аспекты формирования толерантности студентов. Рассмотрены определения понятия толерантности и способы его толкования. Показаны шаги по развитию толерантности у учащихся.

Ключевые слова: традиции, культура, этносообщество, интеграция в цивилизацию, органическая зрелость.

Summary. The psychological aspects of the formation of students' tolerance are covered. The definitions of the concept of tolerance and the ways of its interpretation are considered. The steps for the development of tolerance among students are shown.

Keywords: traditions, culture, ethno-community, integration into civilization, organic maturity.

Соңғы жылдары көптеген елдерде тұрғылықты халықтың басымдығы негізінде этноәлеуметтік жағдайда білім алуға немесе жұмыс істеуге келген, сонымен бірге қашқын, босқын, мәжбүрлі көшірілу т. с. с. шетел, өзге мемлекет азаматтары санының өсуі сияқты елеулі өзгерістер жүруде. Бұндай жағдайда Бұл жағдайда басқа ұлт өкілдерімен жағымды қарым-қатынас орнатудың маңызды шарттарының бірі - олардың көзқарастарын, пікірлері мен дәстүрлерін құрметтеуге, түсіністікке, төзімділікке негізделген өзара әрекет болып табылады.

Сонымен қатар, тұрғылықты халықтың арасында мәдениеттер мен ұлтаралық байланыстар тәжірибесінің жеткілікті болмауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының белгілі бір идеологиялық қызметі теріс этникалық стереотиптердің, алалаушылықтың қалыптасуына ықпал етеді, бұл көбінесе кейбір этникалық топтарға қатысты вербальды агрессивтіліктің, қатыгездіктің таралуына әкеледі.

Қазіргі уақытта бұл мәселелер халықаралық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың (1995ж. 16 қараша БҰҰ, ЮНЕСКО Бас конференциясы қабылдаған «толеранттылық қағидаттарының Декларациясы) қызметінде жедел шешілу басымдығына ие болуда. Онда толеранттық – әлем мәдениетін, адам даралығын көрсету түрлері мен тәсілдерінің бай алуан түрлілігін дұрыс түсіну және қабылдау, құрметтеу деп түсіндіріледі.

Толеранттылық қағидаттарының декларациясына сәйкес әлемдік қауымдастыққа ену және ашық демократиялық қоғамды құру білім беру жүйесіне жаңа жалпы ғаламдық ойлауы қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеу мақсатын қоюда. Ол адамның өзін тек анықталған мемлекетте өмір сүретін ұлттың мәдени өкілі ретінде қарастырмай, сонымен қатар өзін мәдени-диалог субъектісі ретінде әлем азаматы және ондағы өзінің ролі мен ғаламдық жалпыадамзаттық процесстердегі жауапкершілігін ұғынатын қабілетімен сипатталады.

Орныққан әлеуметтік мәдени тұрлаусыздық, өзгермелілік, когнетивті қиындық жағдайында адамдардың өзара қарым-қатынас мәселесі өрши түседі, сол себепті толеранттылықты дамытудағы ұйымдастыру жұмыстары бойынша нақты қағидаттар, жағдайлар мен амалдарды анықтау білім берудегі маңызды міндеттер болуда.

Заманауи білім беру кеңістігі түрлі мәдени құндылықтары мен дәстүрлері, мінез- құлық нормалары мен үлгілері бар ұлттар топтарының спектірін қамтиды. Сонымен қатар мұғалімде полимәдениетті социумда толыққанды қызмет ету үшін этностық және діни толеранттылық болып табылатын қажетті маңызды сапалық пен өзара түсіністік және өзара сыйластыққа негізделген жағымды мәдениет аралық диалог құру қабілеті болуы тиіс. Сондықтан білім беру процессінде түрлі этностық топтар өкілдерінің жағымды өзара әрекеті үшін, білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін білім беру қауымдастығына қосылуды қамтамасыз ету сияқты жағдайлар жасалу маңызды болып табылады.

Этностық толеранттылық – бұл «өзге мәдениет үлгілері мен құндылықтарында тәрбиеленген бөтен этнос топтарына жататын адамдарға

достық, сыйластық, төзімдік қатынас ұстанымы».

Этностық толеранттылық сыртқы және ішкі факторлардың ықпалынан сапалы өзгерістерге бейімделген динамикалық құбылыс. Осындай факторлардың бірі ретінде этносқа сәйкестік (этностық), яғни адамның жалпы әлеуметтіктің ажырамас бөлігі сияқты сәйкестігі болып табылады. Этносқа сәйкестік «этностық топқа қатынастығы бағасы негізінде өз өзіне өзіне қатынасы бойынша адамның ұстанымы» ретінде қарастырылады, ол өз этносына, өз халқы үшін мақтанышы сезімінен, эмоционалды жағымды қатынасынан көрініс табады. Г. У. Солдатова пікірі бойынша осындай сезімдер мен қатынастар индивидтің өз этносымен тұтастық және оған қатысты моральді міндеттеріне терең эмоционалды байланысы негізінде әлеуметтену процессі барысында қалыптасады. Этносқа сәйкестік көп ұлтты қоғамдағы субъекттің орнын, сонымен бірге мінезі мен қылық тәсілдерін анықтайды. Г. У. Солдатова және Т. Г. Стефаненко өз зерттеулерінде этностық толеранттылық пен этносқа сәйкестік арасындағы өзара байланысты белгіледі. Олар жағымды этностық сәйкестік (норма деңгейі) деп - өз өзіне және басқа этностық топтарға деген толерантты қатынасты атай отырып, өз бетінше өмір сүру, этностық топтың және мәдениет аралық өзара әрекеттің тұрақты болуы үшін жағдай жасауды айтады.

Діни толеранттылықтың мазмұны – басқалардың бастамалары мен құндылықтары жөніндегі білім, адам оларға намқұрайлы және немкетті тұрғысында қарауы мүмкін, бірақ ондай қатынас нәтижесінде төзімсіздік пайда болады. Ал басқалардың бастамалары мен құндылықтары жөніндегі білім оларға деген елеулі жағымды көңілдің болуына септігін тигізеді.

Діни толеранттылықтың адамзат қоғамына, яғни оған қатынасына байланысты бірнеше түрі болуы мүмкін. Осыған байланысты оқу процессіне, оқушылардың көзқарасын кеңейтетін, оларды біліммен қаруландыратын және психологиялық мәселелерді мәдени мәнмәтінде шешуге ынталандыратын аса құнды және маңызды іс-шараларды қосуды көздейді.

Педагогикалық процесс ұлттық сананың өзіндік мақсатты, мазмұнды, ұйымдастыру сипаттарындағы іргелі ерекшеліктерін ескеруге міндетті.

Заманауи психологиялық әдебиетте діни толеранттылықтың бірнеше анықтамалары көрсетілген:

- ынтымақтастық, серіктестік рух;
- басымдықтан, кімге болсада зиян келтіруден бастарту;
- өзге пікірлерге төзімділік;
- өзінің басқалармен теңдігін мақұлдау және т. б.

Толеранттылықтың психологиялық тұжырымдары түрлілігімен, әркелкілігімен сипатталады. Толеранттылықты Е. Ю. Клепцова келіспеушілік жағдайлардағы тұлғаның сезімталдығын төмендететін төзімділік (ұстамдық, шыдамдық, сабырлық) танытудан байқалатын адамдардың көзқарасы, пікірі, бағасы, сенімі, қылығы т. с. с. бейімділігі десе, Г. У. Солдатова психологиялық тұрақтылық, жағымды ұстанымдар жүйесі, жеке сапалықтар үйлесімі, жеке және топтық құндылықтар жүйесі деп қарастырады. Ал Л. Г. Почебут толеранттылықты басқа нәсілге, ұлтқа, мәдени дәстүрлерге, діни конфессияларға жататын адамға деген қатынасты лайықты тұлғаға барабар сипаттайтын адамгершілік сапасы ретінде түсіндіреді; бұл күш қолданылмайтын, жағымсыз немесе қолайсыз объектілерге деген қарым-қатынас тәсілі.

Бала дамуын, оның ішкі дүниесінің «органикалық жетілу» және «өркениетке кірігуі» тұтастығын құрайтын «күрделі диалектикалық үдеріс» ретінде қарастыра отырып, Л. С. Выготский баланың биологиялық және әлеуметтік, қалыпты және тарихи, табиғи және мәдени мәнмәтініндегі психикалық дамуына жалпы ортақ мәселе қойды. Жоғарғы психикалық функцияның, яғни сананың дамуы физиологиялық құрылымдардың органикалық жетілуінің және алдыңғы ұрпақтың жинақтаған мәдени мұрасы дамуының бірлігі ретінде ұсынылады. Л. С. Выготский баланың «мәдени» дамуы, оның табиғи, биологиялық дамуына «қосарланып» қоймай, «табиғи» психикалық функцияларының ішкі генетикалық механизмін өзгертеді, олардың кейінгі дамуына қосымша ықпал етеді деп атаған. Мәдени дамудың Л. С. Выготский айтуы бойынша негізгі механизімі және мүмкіндігі – білім беру процесі болып табылатын әлеуметтік даму, бала ересектің жетекшілігі арқылы алдыңғы ұрпақтың жүйеленген және жалпыланған тәжірибесін, шынайылықтың түрлі аспектілеріне көз қарасы және соның негізіндегі мінез-құлық ережелері мен нормаларын, сонымен бірге өзге мәдениетке деген пікірі мен ұстаным ерекшелігін меңгереді.

Толеранттылық туралы қазақтың би көсемдері адамдардың ақыл-парасатпен теңесетінін «Төремін деп тепсінбе. Төре мен құл майданда, кәрі мен жас ақылда, бай мен кедей мырзалықта, барлық адам көр мен қаза жауабында теңеледі», - деп айтап өткен. Х. Әбжанов «Толеранттылық түсінігіне қазақтың сабырлылық ұғымы дәл келеді деп ойлаймын. Қазақ «Сабыр түбі – сары алтын» дейді, халықтың толеранттылығы және мемлекет құраушы ұлттың толеранттылығы болды. Екеуінің миссиясы бір-бірінен бөлектеу», -деп біздің халыққа тән толеранттылық қасиетіне түсінік береді.

Сонымен, мақсатты түрде, арнайы ұйымдастырылған білім беру балалық шақта толеранттылықты қалыптастырудың басты шарты ретінде қарастырған жөн, оның барысында бала «басқаға», «өзгеге», «жатқа» деген өзіндік қатынасты үйренеді. Әлеуметтік қатынастар жүйесінің нор-

маларын бала тек білім беру процесінен ғана емес, айналасындағы әсіресе маңызды ересектер қылығына еліктеу арқылы меңгереді. Бала тұлғасын дамытуда ересектің ролі келесі әрекеттерге негізделеді:

– баланың қоғамдық мінез-құлық ережелері мен нормалары қамтылған нақты бағдарламамен білім алуын ұйымдастыру;

– баланың басқа адамдарға қатысты сапалықтары мен мүмкіндіктері, ұқсатықтар мен ерекшеліктері жөнінде мәліметерді хабарлау;

– оның әрекеті мен қылықтарын бағалау;

– болашақта бала өзін-өзі бағалай алатын тұлғалық құндылықтар үлгілерін қалыптастыру;

– бала өзінің қатынастарын, әрекеттерін сараптауына және оларды өзгелердің қылық, әрекеттерімен салыстыра білуіне жетелеу.

Қорыта айтар болсақ, толеранттылық – өзара түсіністіктің әлеуметтік қағидаларын және басқа адамдармен сындарлы ынтымақтастықты меңгеруді және іске асыруды қалыптастыру бағыттылығын және келісім мен әлеуметтік әріптестік негізінде саналы іс-әрекеттерге, тұрақтылыққа дайындығын қамтамасыз ететін тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерінің жүйелі тұтастығын білдіретін жалпы мәдени құзыреттілік. Бала бойында толеранттылықты қалыптастыруды мектеп қабырғасында жүйелі іске асыру керек, оны балаларды әр ұлттың мәдениетімен, дәстүрімен түрлі іс-шараларда, ойындарда таныстырудан бастаған абзал. Нәтижесінде балалар адамдардың өзара өзгешелігі тек сырт кейіпімен немесе қылығымен ғана емес, сонымен қатар ұқсастықтары да (дене бітімі, эмоциясы) бар екенін, өзгеге қолдау көрсету амалдарын меңгереді. Сонымен бірге кикілжің қарамақайшы көзқарас, қызығушылық, сезім себептеріне байланысты болатынын және оны шешу тәсілдерінің алғышарттарын түсіне алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бардиер, Г. Л. Социальная психология толерантности [Текст]: автореф. дис. д-ра психол. наук / Г. Л. Бардиер. - СПб., 2007. - 46 с.

2. Клепцова, Е. Ю. Психология и педагогика толерантности [Текст]: учеб.

3. пособ. для слушателей системы дополнит. профес. пед. образования / Е. Ю. Клепцова. - М. : Академический проект, 2004. -176 с.

4. Логашенко, Ю. А. Чувствительность к культурным различиям у

Қазіргі педагогикалық теорияда «құзырет» және «құзырет-тілік» ұғымдары ресми түрде білінбеген. Ғалымдар «құзырет» ұғымын мектеп оқушысының әрекет ету әрекетін анықтау үшін жиі қолданады, ал «құзыреттілік» – оның іс-әрекетінің сапасын бағалау үшін қолданылады; «құзыреттілік» ұғымы құрылымы бойынша өзекті және қиын. Жоғары сынып оқушыларының құзыреттілік компоненттері әлеуметтік және тұлғалық маңыздылығынан вариативтілік, өзара тәуелділік, интегративтілік қасиеттеріне ие; оқу орнын бітірушінің құзыреттілігі әлеуметтілігімен, мәдениеттілігімен, пәнаралық, жүйелілігімен,

тәжірибеге бағытталуымен, жағдайлылығымен, ынталандыруды қолданумен сипатталады; оқыту үрдісі тек қана нормативтік қызметті орындау үшін базалық құзыреттілікті қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар болашақта дамудың шығармашылық әлеуетін және құзыреттілікті жетілдіру қалыптастыру бағытталуы қажет; [1. 211 б].

И. А. Зимняя білім берудегі құзыреттілік тәсілдің дамуының үш кезеңін бөліп көрсетеді [8. 253].

Бірінші кезең -1960-1970 жж. - «құзыреттілік» категориясын енгізумен сипатталады құзыреттілік / құзыреттілік ұғымдарын саралаудың алғышарттарын жасау.

Екінші кезең-1970-1990 жж. - құзыреттілік / құзыреттілік санатын қолданумен сипатталады тілді оқыту теориясы мен практикасында, басқарудағы кәсіби шеберлік, көшбасшылық, қарым-қатынасты оқытудағы басқару. Осы уақытта тұжырымдаманың мазмұны «әлеуметтік тенденциялар / құзыреттер».

Дж. Равеннің «Қазіргі қоғамдағы құзыреттілік» атты еңбегінде. Бұл «көптеген компоненттерден тұратын көптеген компоненттерден тұратын құбылыс бір-бірінен салыстырмалы түрде тәуелсіз,... кейбір компоненттер когнитивтік сферамен көбірек байланысты, ал басқалары кейбіреулері-эмоционалды,... бұл компоненттер бірін-бірі тиімді компоненттер ретінде алмастыра алады жаңа мінез-құлықты» [9. 253].

В. Хутмахер бес негізгі құзыреттілікке анықтама береді, олар «жабдықталуы керек еуропалықтар». Бұл келесі құзыреттер:

• жауапкершілікті сезіну, қатысу сияқты саяси және әлеуметтік құзыреттер топтық шешімдер қабылдауға көмектесу, жанжалдарды зорлық-зомбылықсыз шешу, қолдауға қатысу демократиялық институттарды дамыту және жетілдіру;

• көпмәдениетті қоғамдағы өмірге байланысты құзыреттер. Бақылау мақсатында нәсілшілдік көрінісі және төзімсіздік ахуалын дамыту, білім беру «жабдықталуы» керек айырмашылықтарды қабылдау, басқаларды құрметтеу және мәдениаралық құзыреттілігі бар жастар басқа мәдениеттердің, тілдердің және діндердің адамдарымен бірге өмір сүру мүмкіндігі;

• ауызша және жазбаша қарым-қатынасты меңгеруге байланысты құзыреттіліктер, атап айтқанда жұмыс және қоғамдық өмір үшін маңызды, оларға иелік етпейтіндерге қауіп төнетіндігіне баса назар аудару керек қоғамнан оқшаулану. Қарым-қатынастың дәл осындай контекстінде бірнеше тілде;

• қоғамды ақпараттандырудың өсуіне байланысты құзыреттер.

Осы технологияларды иелену, олардың қолданылуын, күшті және әлсіз жақтарын және оларға қатысты сыни көзқарастарды түсіну бұқаралық ақпарат құралдарымен және жарнамамен таратылатын формация. 21 ғасырға арналған маман құзыреттілігінің көрінісі көптеген ғалымдардың пікірі бойынша адамның интегративті және аналитикалық қабілеттерін дамытуға негізделуі керек. Қоғамдық дамудың динамикасы адамның кәсіби қызметі оның кәсіби мансабының барлық кезеңінде алдын-ала анықталмаған деп болжайды және үздіксіз білім алу қажеттілігін, оның кәсіби құзыреттілігін үнемі жетілдіру үдерісін қамтамасыз етеді.

Зерттеу барысында проблема бойынша әдебиеттерді талдау негізінде әлемдегі тұрақты өзгерістерге байланысты және «ересек адамға» қойылатын талаптарды анықтайтын құзыреттіліктің маңызды белгілері анықталды:

1) олар жалпыланған дағдылардың пәндік дағдылармен және белгілі бір салалардағы (жағдаяттардағы) білімдермен ұштастыра отырып белсенді сипатына ие;

2) белгілі бір жағдайда өзін адекватты бағалау негізінде таңдау жасау мүмкіндігінде көрінеді.

Зерттеу нәтиесінінде кәсіби даярлықты кәсіби даму процесі ретінде түсіну негізінде, болашақ кәсіби іс-әрекеттің тәжірибесін игере отырып, құзыретті маман болашаққа бағдарланған, өзгерістерді болжайды, өз бетінше білім алуға бағытталған деп айта аламыз. Адамның кәсіби құзыреттілігінің маңызды ерекшелігі - құзыреттілік қазіргі уақытта жүзеге асады, бірақ болашаққа бағдарланады.

Психологиялық-педагогикалық білімді балалармен қарым-қатынас жасау тәжірибесінде жүзеге асыру мұғалім оқушыларды белсенді іс-әрекетке қалай тарту керектігін білген жағдайда, оларға әлсіз және мықты оқушыларға қол жетімді пайдалы ақпарат берген жағдайда сәтті жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктің қалыптасуының (нәтижесінің) негізгі критерийі - білім және оқушының жеке тұлғасының дамуына ықпал ететін педагогикалық мәселелерді, жағдайларды өз бетінше шеше білу. Педагогикалық өзара әрекеттестікте болашақ мұғалімнің құзыреттілігінің тәжірибесін қалыптастыру тұжырымдамасы болашақ педагог-психологтың құзыреттілігі тәжірибесін қалыптастырудың педагогикалық тұжырымдамасын дамытуға арналған: оның композициялық құрылысы, мазмұны-семантикалық мазмұны, құрылымдық-функционалдық модель.

Қорытынды жасау барысында болашақ педагог-психологтың құзыреттілігінің әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретіндегі тәжірибесі білім беру интеграциясы жағдайында педагогикалық университет түлегінің кәсіби құзыреттілігінің инновациялық компоненті болып табылады. Өзара әрекеттестігін одан әрі дамыту үшін қажет әлемдік білім беру тәжірбиесімен білім алмасуы. Нәтижеге қол жеткізу үшін болашақ педагог-психологтың құзыреттілігінің тәжірибесін қалыптастыру жүйесін дамыту - бұл тәжірибені тұлға ретінде қалыптастыру қасиеті орын алады.

Педагог-психологтың кәсіби құзыретілігіне концепцияны құру және жоғары кәсіби педагогикалық мектептің тәжірибесіне енгізу процесін бейнелейтін өзара байланысты теориялық-әдістемелік, нормативтік, технологиялық негіздерден тұратын көп қабатты құрылымға ие.

Педагогикалық-психологиялық мамандықтардың түлектеріне арналған жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының меңгеруден тұратын ережелерін ескере отырып, болашақ педагог-психологтың құзыреттілік тәжірибесін қалыптастырудың жалпы талаптары көрсетілген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есімғалиева Т. М. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзіреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру // Абай атындағы ҚазҰПУ диссертация Алматы, 2020.

2. Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі №3 (59) 2018-250 б.

3. Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі №2/2 (56) 2018-83 б.

4. Н. С. Байжұманова Кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекшеліктері Қарағанды университетінің хабаршысы https://articlekz. com/kk/article/16080

5. Маркова А. К. Психология профессионализма. – М., 1996. -225 б.

6. Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2019. - №1 (61). - Б. 208-2012.

7. Инклюзивті білім беру үдерісінде қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. –8 б.

8. Зимняя И. А. Ключевые компетенции как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании: авторская версия. М. : Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. 32.

9. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / пер. с англ. М. : Когито-Центр, 2002. 396 с.

ӘОЖ 373.

КЕНЖЕБЕКОВА Р. И.,
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы,
педагогикалық факультеті,
Silkway халықаралық университеті

ЖАЙЛЫМЫСОВА Э. Ә.,
магистр,
бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы,
педагогикалық факультеті.
Silkway халықаралық университеті

БАҚЫТҚЫЗЫ А.
Магистр,
Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы,
педагогикалық факультеті,
Silkway халықаралық университеті

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Түйін. Мақалада қазіргі заман талабына сай халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: халықтық, педагогикалық, ұлттық тәрбие.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы национального воспитания средствами современной народной педагогики.

Ключевые слова: народное, педагогическое, национальное воспитание.

Resume. The article deals with the issues of national education by means of modern folk pedagogy.

Keywords: folk, pedagogical, national education.

КІРІСПЕ

Елбасы Нурсултан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды туған жерде, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» деп атап көрсетті[1].

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру міндеті айрықша маңызға ие болды. Ұлттық тәрбиенің қалыптасуын, дамуын, оқыту процесінде қолдвнуын халықтық педагогика зерттейді. Халықтық педагогика – қазақ халқының сан ғасырлық ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүрлері мен тарихи - мәдени ойлау үдерісі, солардың озық үлгілерінің жиынтығы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Халықтық педагогиканың мақсаты-жас ұрпақты ата-баба жолымен, олардың тәжірибесіндегі ең жақсы мұраттарына тәрбиелеу. Мұның өзін жас ұрпақты ұлтшылдық бағытта емес, ұлттық негізде тәрбиелеумен халқымыздың мол мұрасын олардың бойына сіңіре білуде және жас жеткіншектерге өз ұлтының әдет-ғұрпының өзіндік ерекшелігін, шығу тарихын ашып көрсету арқылы жүзеге асыру. Осылардың нәтижесінде Қазақстанды мекендейтін жеткіншектерді қазақ халық педагогикасы негізінде ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, әстетикалық талғамы жоғары, арлы, қамысты, еңбекқор етіп тәрбиелеу; халқымыздың бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты бауырмалдыққа, еңбек сүйгіштікке, өнерге баулу, отбасы, ауыл-аймақ, Отанының ар-намысын қорғай білетін, жаны жарқын, ар-ожданы биік азамат етіп тәрбиелеу. Осындай ізгі мақсатты іске асыру жолында қаншама ғасырлар бойы отбасынан бастап, ауыл ақсақалдары, билермен көне көз қариялар, ақындар, жыршылар, әнші, күйші, термеші сияқты өнер адамдары және қоғам бәрі белсене ат салысатын ұжымдық тәрбие ісін жүргізушілер болып келгені баршаға аян.

Кезінде К. Д. Ушинский: «Халықтың тәжірибесінсіз педагогика да жоқ, педагог та жоқ», - деп айтқанындай, этнопедагогиканың әдіснамалық негізі - халық тәжірибесі, сондықтан сол жерде жасайтын халықтың қасиетті және құнды үрдістерін зерттеу арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру ісінің мәні жайында тұжырым жасауға болады. Себебі ұлттық тәрбие-ұлағатты іс. Бұл тек қазақ халқы үшін ғана емес, Республикадағы барлық ұлттар үшін қажет.

Мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру іс-

інің мәні мен мазмұны халықтық педагогика ғылымымен сабақтас, тығыз байланыста. Себебі халықтық педагогика - ұлттық тәлім-тәрбиенің сол халықтың болуынан бастап, осы уақытқа дейінгі болмысын айқындап, оның болашағын белгілеп беретін ғылым. Олай болса қазақи ұлттық тәлім-тәрбиенің түпкі негіздері халқымыздың ұлт болып қалыптасуынан талай ғасырлар бойы бастау алып, ұлттық қасиеттерімізге сәйкес, қалыптасып дамып келеді.

Халықтық педагогика дәстүрлеріндегі тәрбие мен білімнің қазақ халқымен бірге жасауы оның таным, наным, сенім, ұғым, әдет, ғұрып, салт- дәстүр үдерістерінде жалпы даму өсіп-өну үдерісіне айрықша орын алады. Ғасырлар басы үздіксіз сабақтастықта берілген тәрбие мен білім қазақ баласының жадында мәңгі сақтай алушылық қасиетін қалыптастыры, оны үнемі өмір тәжірибесінде пайдалануу халқымыздың ерекше ұлттық ерекшелігі, солай болып қала беретін даусыз. Халықтық педагогика қалыптасу тарихы бар кең ауқымды, көп салалы ғылым.

Г. Н. Волков -дәлелдеп «халықтық педагогика», «этнопедагогика» терминдерін ұсынған, олардың бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын ерекшелігін ажырата ашып көрсетіп, педагогика ғылымында алғаш анықтама берген[2]. Оның анықтамасы бойынша халықтық педагогика тәжірибеге және оның сипатына қатысты, ал этнопедагогика-теориялық ой саласы.

Ол этнопедагогика терминіне мынадай анықтама береді: "Этнопедагогика -халықтың жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым. Халық педагогикасы -халық ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрінде, ырымдарында балалар ойындары мен ойыншықтарында мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Халық педагогикасы - халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланылатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-құралдардың, тәсілдердің жиынтығы мен өзара байланысы" дей келе, "... бұл білім мен мағлұматтар, әдетте, ауызша таралады. Оның зерттеу тақырыбы – тәрбие, ал тәрбие объектісі - адам, тұлға". Оның бұл еңбегі тәрбие пәніне, педагогикалық негіздеріне, әдістеріне, құралдарына анықтамалар берді және халықтық педагогика бүкіл халықтың ұжымдық тәрбиесінің нәтижесі, рухани жетілу жолдары екенін ашуымен құнды.

Сондай-ақ халықтық педагогика туралы да құнды пікірлер бідірген. Атап айтқанда "Халықтық педагогика бұқара халықтың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған педагогикалық мәдени мұраларына жорамалды зерттеулер жүргізе алады" және "Халық қалаған және адам санасын дамыту мақсатында еңбекшілер қолданған тәрбиелеу мен оқыту педагогикалық дағдылар мен тәсілдер мақсаттарының, міндеттерінің жиынтығы және өзара байланысты"-, деп, халықтық педагогиканың тәжірибеге сүйенетінін, ал этнопедагогика соның теориялық ой-саласы, ғылым саласы екенін түсіндіре келе, халықтық педагогика мен этнопедагогиканың бір-бірінен айырмашылығын саралап айқындап, түсіндіріп берді. Ғалымның тұжырымдауы боынша этнопедагогиканың пәні-халықтық педагогика, халықтық тәрбие, мәні-ұлттың сақталу педагогикасы, тәрбие даналығы, жалпыға бірдей сүйіспеншілік педагогикасы, мазмұны-халықтық педагогикалық, этнопедагогикалық білімдердің жиынтығының әлеуметтілігімен өлшенеді.

Халықтық педагогика тар дәстүрлері тәрбиеленушінің сезімталдығына, қабілетіне, икемділігіне сүйене отырып, тек шындықтан тұрады және шындықты шынайы тәжірибеге айналдырады.

Қазақ этнопедагогикасы-қазақ халқының ұлт ғасырлар бойы ұлттық тәрбиесі туралы оның болмысын айқындайтын, болашағын белгілейтін ғылым. Сондықтан оның мақсаты-халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, мәдениет пен тарихты, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, Отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, намысқор, патриот азамат тәрбиелеу. Ал міндеті-халықтық өнегелі тәрбие түрлерін оқушылардың бойына сіңіріп, санасын, дүниетанымын жетілдіру, білім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, нарық жағдайында өмір сүруге икемді, жан-жақты жетілген саналы да ақылды отансүйгіш азамат етіп шығару.

Өсиеттер, өнегелер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, уағыздар сияқты халық даналығы мен халық даналарының даналық ой мақсаттарының нұсқалары. Сондықтан оның ғылыми-зерттеу әдіснамасы қазақ ұлтының тәлім-тәрбиелік тәжірибелеріне сол арқылы туындап, қалыптасқан халық даналығының тұжырымдарына сүйенеді. Олай болатын себебі қазақтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлері, ұлттық педагогикалық ойлар тарихы қазақ этнопедагогикасын құрайды.

Халықтың ұлттық салт-дәстүрлерін жас буынның бойына сіңіруде Жарықбаев Қ. Б., Қалиев С. Қ., Ғаббасов С., Әбілова З. Ә., Сарыбеков Н. Қ., Ұзақбаева С. А., Наурызбай Ж. Ж., Қожахметова К. Ж., Жұматаева Е. Ө., Дүйсембінова Р. Қ., Қабдыразақұлы Қ., Мұхамбетова С. К., Сәдуақасов Ә., Қоңыратбаева Т. Ә Қалыбекова А. А., Бақтиярова Г. Р., Тойлыбаев Б., Табылдиев Ә., Сәдірмекова Ж., Қоңыратбаев Ә.,. Балтабаев М, , Бөлеев Қ., Беркімбаева Ш. К., Оразбекова К. А., Төлеубекова Р. К., Садықова М. К., Сайдахметов Б. С., Байсарина С. С., Құрсабаев М. Қ. сияқты т. б. педагог - ғалымдары оқушыларға ұлттық тәрбие беру теориясы мен практикасының негізін қалауға үлестерін қосуда. Ұлттық тәрбие мақсаты-ұрпақ пен ұрпақты байланыстыру, сабақтастыру, тәжірибеде шыңдалған тәрбие түрлерін, әдістерін келесі ұрпаққа жеткізу, солар арқылы тәрбиелеу болып табыла-

ды және де «... тәрбиенің негізгі мақсаты-дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу»-делінген. Олай болса балаға ұлттық ерекшеліктерді меңгеру үшін ең алдымен оның ұлттық сана-сезім басым болуы керек. Себебі ұлттық сана-сезімі оянған, қалыптасқан, қазақ ұлты дегеннің не екенін жан жүрегімен сезінетін азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы басты міндет. Ол үшін ұлттық сана-сезімді оятуын халқымыздың салт – дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін, өнерінің барлық түрлерге келер ұрпаққа ұлттық қағида тұрғысынан түсіндіру, жеткізу, үйрету керек. Сонда ғана оқушы ұлттық тәрбиені игеріп, оны әрі қарай білімге айналдырады, олардың бойында ізгіліктілікті, инабаттылықты, жауапкершілікті сезінуге ұласады. Бұларды жүзеге асыру үшін оқушыларды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу ұлттық тәрбие ережелеріне сүйене отырып, дәстүрлерімізбен әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраларды, ұлағатты сөздерді балалардың санасына сіңіре білу қажет.

Бүгінгі күні «халықтық педагогика» және «этнопедагогика» ғылымдарының ара- жігі ажыратылып, дербес анықтамалар берілген. Осы тұрғыда пікір білдірген ғалымдардың пікірлерін сараласақ.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: "Халық педагогикасы дегеніміз- ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегіұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні - еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру», - деген анықтама берілген. Бұл нағыз ғылыми дұрыс анықтама деп саналуда.

Бұл пікірді С. А. Ұзақбаева: - "Халықтық педагогика тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы [поэтикалық, музыкалық, сәндік қолданбалы өнері] беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан. Халықтық педагогиканың мақсаты-жас ұрпақты ата-аналар тәжірибесінің ең жақсы үлгілеріне тәрбиелеу"[3]. -деп одан әрі дамытты.

В. Ф. Афанасьев - халықтық педагогика-халық бұқарасы білімдерінің жиынтығы. Жинақталып, практикада тексерілген бүл білімдердің жиыны халықтық педагогиканың мазмүнын құрайды[4] және "... Халық бұқарасының тәрбие мәселелері жөніндегі көзқарастарының, идеяларының, әдет-ғұрыптарының, дәстүрлерінің жиынтығы" - деп тәрбие объектісі - жасы мен жынысына қарамастан жеке адам екендігін дәлелдеген.

Халықтық педагогика әрбір халықтың тарихи - әлеуметтік, саяси, мәдени жеке демографиялық өмірінің жағдайларына байланысты түзілетінін, сол халықтың рухани-мәдениетінің көрінісі екендігін айта отырып, А. Ә. Измайлов халық бұқарасының тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің көбінесе ауызекі түрде үрпақтан-үрпаққа беріліп келгендігін, жинақталған және практикада тексерілген әмперикалық білімдерінің, мәліметтердің іскерліктер мен дағдылардың жиынтығы екендігіне көңіл аудара отырып, халықтық педагогика дәстүрлерін оқыту үдерісінің пайдалануды үйымдастырудың маңызы бүдан кем емес. "... Демек, халықтық педагогиканың анықтамасы екі жақты біртұтас үдеріс ретінде бір мезгілде тәрбиеде де, оқытуда да өз көрінісін табуға тиіс" - деген тоқтамға келеді.

Кеңес идеологиясы тұсында дүниеге келген "Қазақ кеңес энциклопедиясында" "Халықтық педагогика дегеніміз үлттар мен үлыстардың әлденеше ғасырға созылған үрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғүрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау үдерісінің озық үлгілерінің жиынтығы. Халықтық педагогиканың негізгі түйіні - еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас үрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру" - деп жазылған.

Қ. Жарықбаев: «Халықтық педагогика – халықтың тәрбиелеу және оқыту туралы педагогикалық білімдердің қосындысы» -деп, тұжырымдаса [5].

Ғалымдардың пікірлерін қорыта айтсақ, халықтық педагогика дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинаған іс- тәжірибелері, өмірден түйген ой- тұжырымдарын келер ұрпаққа жеткізу құралы.

Енді этнопедагогика туралы пікірлерді таразыласақ:

Г. Н. Волков «Этнопедагогика – халықтың жасөспірімді тәрбиелеу тәжірибесі, олардың педагогикалық көзқарастары, тұрмыс, отбасы, ру, тайпа, ұлт педагогикасы туралы ғылым» -, деп, ой тұжырымдайды[2].

Қ. Б. Жарықбаев: «Этнопедагогика - әрбір этностың оқыту және тәрбиелеу туралы ғылымы», -деп, бүкіл ұлттық педагогикалық жетістіктері этнопедагогикаға жататынын атап көрсетеді[5].

Қ. Бөлеев: «Этнопедагогика – халықтық педагогиканы зерттейтін ғылым»-, деп, халықтық педагогиканың ғылыми жүйесі этнопедагогика деген тұжырым келтіреді[6].

Біз профессор С. Қалиевтың пікірімен қосыламыз. Себебі, халықтық педагогика – халық тағылымдарын меңгертетін, оқыту заңдылықтары мен дамуын зерттейтін ғылым болса, этнопедагогика – халықтық педагогика ғылымының ғылыми жүйесі.

Қазақтың халық тәрбиесін С. Ақзақбаева өзінің жүйелі зерттеген ғалым. Ол халық педагогик-

асының әдіснамалық және функционалдық мәнін ғылыми негізделіп, оның педагогика ғылымының құрамдас бөлігі екенін ашып көрсетті [3]. Ғалым жеткіншек үрпақты әсемдік тәрбиелеудегі халық педагогикасының ролін ескеріп, оның идеялық жағынан қалыптасуы мен дамуына тарихи-педагогикалық сипаттама берді. Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне негізделген оқушыларды әсемдікке тәрбиелеудің түжырымдамасын жасап, көп қазақ халық педагогикасының күралдарымен әсемдікке тәрбиелеу бағытын сілтеді. Еңбектерінде ұлттық мәдениетке бағдар үстай отырып, жеке адамды тұтастай әсемдікке қалыптастыру үдерісін көрсетті, мектептің оқу тәрбие практикасына қазақтың халықтық педагогикасы идеяларын енгізу жөнінде дидактикалық кешен жасады. Адамзат мәдениетінің алтын қорына дүние жүзі халықтарының қосқан үлесі сөз етті. Қорта айтқанда аталған еңбектерде халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы поэзиясымен, ән өнері, көркем өнер, айтыс өнері және тағы басқа халық шығармашылығы арқылы тәрбие үдерісін жетілдіру мәселелері біршама зерттелді.

Олай болса қазіргі мектепте оны қазақ халақ педагогикасын тек сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында пайдаланып қоймай, мектептің біртұтас оқу-тәрбие үдерісін кешенді ендіру қажет және ол уақыт талабы.

Профессор К. Ж. Қожахметова қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық мәселелерінің теориясы мен практикасының мақсат-мүдделерін, этникалық тәрбиенің міндеттерін, этнос субъектісін биоәлеуметтік жүйе ретінде қалыптастыру проблемасын, ұлттық философия, ұлттық әтика негізінде этноәлеуметтік рольдерді меңгерудің әдіс-тәсілдерінің, түлға ділінің негізі болып табылатын ана тілін, тарихы мен мәдениетін, этникалық сана-сезімі мен дүниетанымын, ұлттық рухани және материалдық құндылықтарды құрметтеу, пайдалану және байыту сезімдерін қалыптастырудың жолдарын зерттеп, тәрбие амалдарын, формаларын, әдіс-тәсілдерін бағдарлады. Ол болашақ қазақ мектептерінің оқу-тәрбие үдерісінің үйымдастыруға қойылатын талаптарды, оған халықтық педагогика дәстүрлерін пайдаланудың жолдарын анықтады. [7]

Профессор Қ. Бөлеев [6] - халықтық педагогиканың этнопедагогикамен сабақтастығын, ұлттық тәрбие берудегі басты шарттарды анықтап, қазақ ұлттық мектебін жасаудың қажеттігін, ұлттық тәрбие берудің әлеуметтік, педагогикалық проблема екендігін дәлелдеді. Этнопедагогикалық білім беру әдістемесін, бағдарламасын жасап, болашақ мүғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасын түжырымдады

Қазақ мектебінің өткені мен болашағына терең ғылыми талдау жасаған ғалым Ш. К. Беркімбаева - этнопедагогикалық үрдерісте күрылуға тиіс қазақ мектебінің оқу-тәрбие үдерісінің құрылымына қойылатын талаптар мен шарттардың, оқытудың, тәрбиенің этнопедагогикалық мәні мен мазмүнын ашты. Ауыл мектебіне баратын жас мүғалімнің этнопедагогикалық және этнопсихологиялық дайындығы мәселелеріне баса назар аударды. Ұлттық тәрбиені қалыптастыратын факторлар мен үйымдастырудың шарттарын көрсетті.

Демек қазақ этнопедагогикасы - қазақ халқының ұлттық тәрбиесі туралы ғылым. Сондықтан оның міндеті – жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруді ғылыми тұрғыдан шешу. Өсиеттер, өнегелер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, уағыздар, пәлсафалық тұжырымдар және т. б. және халық тәжірибелері арқылы қалыптасқан әдет-ғұрыптар, әдеп негіздері, дәстүрлер, салттар, оның үстіне ұлы ұлламалар мен халық даналарының тәлім-тәрбиелік мұралары, олардың даналық ой-мақсаттық нұсқалары қазақ этнопедагогикасының ғылыми-әдістемелік негіздерін құрайды.

Ғалымдардың тұжырымдамасы негізінде қазақ халқының жастарына ұлттық тәрбие беру даму тарихының психологиялық-педагогикалық негіздерін басшылыққа алып ұлттық тәрбие беруді ұйымдастыру мына мәселелерді шешуге көмектеседі:

-өз халқының рухани құндылықтарына дұрыс көзқарас қалыптастыру;

-үлттың тарихына, оның әлемдегі орнына біртұтас көзқарас қалыптастыра отырып, ұлттық сана-сезімді үштау;

-халық шығармашылығы үлгісінде өзін-өзі танытуға үмтылдыру;

-өз халқының мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының тарихына үңіліп, озығын меңгеруге қызығушылығын ояту;

-өз үлтының тарихын зерттеу негізінде, өзге үлттар мен үлыстардың рухани құндылықтарына деген құрмет сезімін және үлтаралық мәдениетін қалыптастыру;

-өзіне қоршаған ортаны бағалай білу сезімін қалыптастыру.

-Әрбір халықтың жас үрпаққа ұлттық тәрбие беру ісінің өзіндік ерекшеліктері бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушыларға ұлттық тәрбие беру арқылы оқыту үдерісінде ұлттық салт-сана мен әдет-ғұрыптарды, ұлттық ерекшеліктерді, этнопедагогика ғылымында пайдалануға кеңінен ашылып мемлекеттік дәрежеде қолдау тауып отырғанын айтқан. Материалдық заманда қыспаққа түсіп өшуге жоғалуға жақындаған төмендеп келген ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық мәдениетін, өнерін, халқымыздың аса бай салт-дәстүрін бүгінгі заман талаптарына сай жаңғыртудың, дамытудың, сонымен бірге жас үрпақты саналы азамат етіп тәрбиелеу кезеңі туды. Олай болса, бүгінгі ұрпақты халқымыздың баға жетпес бай мүралары негізінде тәрбиелеу, ата-бабаларымыздың озық салт-дәстүрлерін олардың бойлары мен саналарына терең сіңіру аса қажет болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Бастауыш білім. –Астана, 2008ж.

2. Волков Г. Н. Этнопедагогика. М., Педагогика. 2000. – 188 с.

3. Ұзақбаева С. А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: Пед. ғыл. докт. ...дис. автореф. –Алматы: 1993 -46 б.

4. Афанасьев В. Ф. Этнопедагогика неруских народов Сибири и Дальнего Востока. – Якутск, 1979. 128 с.

5. Жарықбаев Қ. Б., Бөлеев Қ. Қазақстанда педагогикалық ой-пікірдің даму тарихы. Арнайы курс бағдарламасы. – Жамбыл, 1992. 10 б.

6. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы және практикасы. А. : Нұрлы Әлем, 2004. - 304 б.

7. Қожахметова К. Ж. Казахская этнпедагогика: методология, теория, практика. Докт. дисс. –Алматы: Ғылым, 1998. – 314 с.

ӘОЖ: 372. 854

КЕРИМБАЕВА К. З.,
т. ғ. к., доцент, химия кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., ҚР,
E-mail: kulyash_62@mail. ru

МАНАПБЕК С. С.
1 курс магистранты, химия кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., ҚР,
E-mail: sundetmanapbek77@mail. ru

ЭЛЕМЕНТТЕР ХИМИЯСЫ КУРСЫН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Түйін. Бұл мақалада автор оқыту үдерісіндегі инновациялық техниканың өзекті мәселелерін қарастырады. Автор студенттерге білім беру процесінде осы әдістерді жүзеге асырудағы проблемаларды ашуға тырысты. Мақалада студенттерді оқытудың дәстүрлі формаларымен салыстырғанда инновациялық тәсілдің артықшылықтары негізделеді. Қазіргі оқыту әдістерін оңтайландыру және оларды оқу үдерісіне енгізу. Оқыту процесінде ақпараттық технологиялар қолданылады, бұл осы оқыту техникасының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл білім берудің инновациялық әдістері сырттан ойлайтын жас мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Резюме. В данной статье автор рассматривает актуальные проблемы инновационных приемов в процессе обучения. автор попытался раскрыть проблемы при внедрении данных приемов в процессе обучения студентов. В статье аргументировано, обоснованны преимущества инновационного подхода в сравнении с традиционными формами обучения студентов. Оптимизация современных методов обучения и внедрение их в образовательный процесс. В процессе обучения используются информационные технологии, что является неотъемлемой частью данного приема обучения. Данные инновационные приемы образования позволяют подготовить нестандартно мыслящих молодых специалистов.

Summary. The actual problems of innovative methods in the process of training have been considered by the author of this article. The author tried to solve the problems at introduction of these methods in the process of students' training. In the article the advantages of innovative approach in comparison with the traditional forms of students' education are reasonable shown. Optimization of modern methods of training and their introduction in the educational process are also considered by the author. In the process of training information technologies that are the integral part of this method of training are used. The given innovative methods allow training unconventionally thinking young specialists.

Кілттік сөздер: Қашықтықтан оқыту, АКТ, химия, эксперимент, веб-сабақ, конференция.

Ел басшысы Н. Назарбаев «XXI ғасыр табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуда. Оның өзі маңыздылығы жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелесе алады және солай болуы тиіс. Елдің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын болады», деп білім беру мәселесіне аса мән беріп, педагог қауымына үлкен міндет артып отыр. Бүгінде еліміздің білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру мақсатында жасалып жатқан талпыныстар көп, мысалы түрліше бағдарламаларға негізделген жаңа түрдегі оқу орындары, лицей, колледж, жаңа типті мектептердің пайда болуы, болашақ маман даярлау ісіне заман өзгерісіне сай нақты талаптар т. с. с. Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні **«білім қоғамын»** және **«білім экономикасын»** құру бағытында. Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Педагог-ғалымдардың осы заман талабына сай, орта мектептерде, жоғары оқу орындарында білім беру жүйесін қайта құруға байланысты жүргізіліп жатқан жаңа технологиялық құрылым мен әдіс-тәсілдерді зерттеп енгізуі, әлемдік стандартқа сай мамандарды дайындау мақсатында ғылыми негізделген психологиялық, педагогикалық қызметтері өмір талабы, заман сұранысы. Педагогикалық ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты да білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы қашықтықтан оқыту әдістемелері мен технологияларды енгізіп, бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және барлық мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияларды қолданып еліміздегі білім беру қызметін сапалы деңгейге көтеру.

Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады, оның түсіндірулерінің ішінде екі түрлі көзқарасты бөліп көрсету керек. Біріншісі, бүгінгі күні кеңінен таралған, қашықтықтан оқыту арқылы мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді.

Екінші тәсілде қашықтан оқытудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация құралдарының көмегімен құрылған оқушының жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Бұл жағдайда ақпарат алмасу және жіберу оқушылардың нәтижелі білім беру қызметін ұйымдастыру үшін көмекші ортаның рөлін атқарады. Оқыту нақты уақытта синхронды түрде жүреді (чат, бейне байланыс, қашықтағы студенттер мен мұғалімдерге ортақ "виртуалды тақталар" және тағы басқалар), сонымен қатар асинхронды (электрондық пошта негізіндегі телеконференциялар).

Қашықтан оқыту қазіргі мағынада оқу материалын, оқыту үдерісінде оқытушылармен интерактивті өзара әрекеттесуді және өзіндік жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін технологиялар жиынтығы ретінде дамыды. Қашықтықтан оқыту мен сырттай білім берудің басты айырмашылығы әлеуметтік желінің әр түрлі мүмкіндіктерін пайдалану деп қабылданған. Осылайша, әлеуметтік желінің технологиясымен байланысты ерекшеліктер химия бойынша қашықтықтан білім берудің ерекшеліктеріне қосылды.

Қашықтықтан оқыту оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей байланыстың болмауымен сипатталады. Бұл, біріншіден, күндізгі оқу бөлімімен салыстырғанда, оқу тиімділігінің оқушының мотивациясына тәуелділігінің күштілігін білдіреді, екіншіден, материалды көбейтуге байланысты емес бақылау нысандарына назар аудару қажет [1].

Жасыратыны жоқ, химия көптеген мектеп оқушыларын, әсіресе, оны оқып үйренуді бастағалы отырған оқушыларды формулалармен қорқытады және анықтығымен ерекшеленбейтін терминдердің көптігі. Нәтижесінде оқушы химияны игеруге деген ынтасын жоғалтады, оның ең «тиімді» бөлімдерін - нақты заттардың химиялық қасиеттерін, әдемі және айқын реакцияларын, талғампаз синтездерін зерттей алмауы.

Элементтер химиясын қашықтықтан оқытудың маңызды міндеті - ұсынылатын материалдың жоғары деңгейін, екінші жағынан, тартымдылығын біріктіру болып табылады [2]. Бұл мәселені шешу үшін Интернет-технологиялар оқушының қашықтықтан оқыту жолындағы әрбір қадамын жарқын элементтердің иллюстрациялармен - заттар мен реакциялармен сипаттамалар мен теңдеулерде ғана емес, сонымен қатар көптеген элементтердің фотосуреттері мен бейнелерде сүйемелдеуіне мүмкіндік беретін тамаша құрал болып табылуында [3].

Дәстүрлі оқыту негізінен есте сақтауға негізделген зерттелген материалды көбейту. Мұндай жүйе моральдық тұрғыдан ескірген, бірақ соған қарамастан оны қазіргі уақытта көптеген педагогтар қолдайды, педагогтар білім алушыларға фактілерді есте сақтауға және шектеулі алуан түрлі нұсқаларды таңдауға үйретуге шақыру. алайда, корреспонденция шеңберінде көбеюге арналған бақылау сұрақтары мағынасыз, өйткені педагог оқушының жауап беру кезінде оқу құралдарының мәтіндеріне сілтеме жасамайтындығына және ешкіммен ақылдаспайтындығына көз жеткізе алмайды. Көптеген мұғалімдер сыныптан тыс уақытта бақылау тапсырмалары мен тестілерді орындау кезінде оқушылар «бәрін алдайды», сондықтан сіз қашықтан басқаруға мүлдем сене алмайтыныңызға сенімді [4]. алдау мүмкіндігі бар, бірақ бақылау нәтижелеріне деген сенімсіздік көбейтуге дейін азайтылатын тапсырмалар үшін негізделген.

Қашықтан оқуға көшу сабақта көрнекі құралдарды барынша көп пайдалануға мүмкіндік береді. PowerPoint бағдарламасын пайдаланып, слайдсабақтар дайындауға, онда суреттер мен, жазбалар, кескіндемелерді пайдаланып, жаңа сабақты видеоға түсіріп, білім алушыларға жіберуге болады. Онда үй тапсырмалары да қамтылады. Мәслен, 8 сыныпта өткізілетін «Элементтер химиясы» тақырыбы бойынша өтілетін сабаққа слайд түрінде формула арқылы есептеу тәсілдерін кескіндемемен көрсетіп беруге және қашықтықтаноқыту кезінде білім алушыларға тақырыпты ашып түсіндіруге болады. Бейнесабақта химиялық формулалар арқылы есептеу тәсілдері

түгел айтылып, көрсетіліп отырылады. Бейнесабақтың артықшылығы сонда, оқушы оны қалаған уақытында қарап және түсінбеген жерлерін қайталап көруіне мүмкіндігі бар. Бейнесабақта үй тапсырмалары да қамтылған.

Слайд арқылы кескіндемелерді пайдалана отырып түсіндірілген сабақ есте қаларлықтай болып шығады. Сабақ соңында үй тапсырмасы түсіндіріліп, элементтерге байланысты химиялық есептер берілді.

Жалпы алғанда, қашықтан оқудың өзіне тән қиындықтарымен қоса, көптеген артықшылықтары да бар. Қашықтан оқуға көшкен бір айдан астам уақыт ішінде мұғалімдер де, білім алушылар да жаңа тәсілді жақсы меңгеріп, оның артықшылық жақтарын тиімді пайдалана бастады.

Қазіргі кезде қашықтан оқытудың бірнеше формасы бар. Олар атап айтқанда, чат-сабақ, веб-сабақ, телеконференция, телесабақ түрінде жүреді. Бұл формалардың әрқайсысының атқаратын қызметтері өткізілетін сабақтың түріне сәйкес таңдап алынады. Олардың ішінде қашықтан оқытуда жиі қолданған чат-сабақ, веб-сабақ түрлерінің қысқаша мазмұндарына тоқталсақ:

– чат-сабақтар – чат-технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын оқу сабақтары. Чат-сабақтар синхронды жүргізіледі, яғни барлық қатысушылар бір мезгілде чат қатынасына ие болады;

– веб-сабақтар – дистанциялық сабақтар, конференциялар, семинарлар, іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар, практикумдар және басқа да телекоммуникация құралдары және «Дүниежүзілік әлеуметтік желі» мүмкіндіктері арқылы өткізілетін оқу сабақтарының түрлері. Веб-сабақтар үшін арнайы білім беру веб-форумдары – белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша пайдаланушылардың тиісті бағдарламамен орнатылған сайттардың бірінде қалдырылатын жазбалардың көмегімен жұмыс нысаны пайдаланылады. Веб-форумдар чат сабақтарынан білім алушылар мен педагогтердің өзара іс-қимылының аса ұзақ (көп күндік) жұмыс мүмкіндігімен және асинхронды сипатымен ерекшеленеді. Қазіргі заманғы сырттай және химия бойынша қашықтықтан оқыту курстарын ұсыну әдістемесі осыған бағытталған. Біз бір факті туралы айта отырып, біз оның бар екендігін айтып қана қоймай, оны негіздеуге тырысамыз

Мұнда да оқушылардың логикасындағы типтік әлсіздіктерге, атап айтқанда, себеп-салдарды шатастыру тенденциясына назар аударған жөн. Сонымен, эксперименттен аммиактың қайнайтыны белгілі болды фтор сутегіне қарағанда төмен температура. Демек, тәжірибе жүргізуші фторлы сутегідегі сутегі байланыстары аммиакқа қарағанда күшті деген қорытынды жасай алады. Бірақ: «Фторлы сутегідегі сутегі байланыстары аммиакпен салыстырғанда күшті, өйткені аммиак фторлы сутектен гөрі төмен температурада қайнайды» деген сауатсыз, мұнда себеп пен нәтиже кері қайтарылады. Дұрыс пайымдау: «аммиак сутегі фторидіне қарағанда төмен температурада қайнайды, өйткені фторлы сутегідегі сутегі байланыстары аммиакпен салыстырғанда күшті».

Қашықтықтан оқыту классикалық сырттай курстан гөрі оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттесуіне едәуір көп мүмкіндіктер береді. Сырттай оқыту мектебі үшін дәстүрлі мұғалімнің хат-хабарлары стажер әлдеқайда тиімді, өйткені пошта жеткізілімінде уақыт босқа кетпейді. Студент өзінің жұмысы туралы тексерулер мен түсініктемелерді, оның сұрақтарына жауаптарды және т. с. с. тез алады, сонымен қатар топтағы барлық студенттер тақырыптық форумдарда өзара әрекеттесе алады, мұнда сіз ең қиын тапсырмаларды талдай аласыз және тақырып бойынша проблемалық сұрақтарды талқылауға кірісе аласыз. Бейнеконференциялар технологиясы онлайн режимінде мүмкіндік береді нақты уақыт режиміндегі сабақтар. Мәскеу мемлекеттік университетінің химия факультеті бірнеше жылдан бері онлайн-дәрістер үшін бейнеконференция режимін қолданады. Бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ыңғайлы тәсілі, мысалы, біліктілікті арттыру курстарында [5]. Онлайн-дәрістер оқытушы іссапарға барғанда студенттерге оқу үдерісін тоқтатпауға мүмкіндік береді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, мектеп оқушылары жағдайында тақырыпты өз бетінше оқығаннан кейін өтетін онлайн-семинар дәріске қарағанда әлдеқайда тиімді.

Мектеп оқушылары білімдерін жетілдіру, емтихандар мен пәндік олимпиадаларға дайындалу мақсатында оқытылады. Бұл форматта тапсырмалардың өз бетінше орындалуын қадағалаудың мағынасы жоқ, өйткені оқу нәтижесі ең алдымен оқушыны қызықтырады. алайда, бетпе-бет оқужаттығу жиындарындағы кіру тестілеуінің нәтижелері көрсеткендей, мұндай тәжірибе болған бірнеше жыл ішінде курстық тапсырмаларды нақты тәуелді орындау жағдайларын бір саусақпен санауға болады.

Егер қашықтықтан оқыту нәтижелері бойынша жалпы білім беретін мектептің тиісті сыныбы үшін сертификаттау жүргізілсе, басқаша жағдай туындайды. Бұл жағдайда ауызша тесттер жүргізу қажет. IN

«Kundelik. kz»- Қазақстандық IT-компания, мұғалімдерге, студенттерге, ата-аналарға, білім беру ұйымдарының әкімшілігіне, сондай-ақ білім беру органдарының өкілдеріне арналған бірыңғай электронды білім беру ортасын жасаушы.

Химиялық білімнің маңызды бөлігі элементтерге арналған практикалық жұмыс - заттармен нақты жұмыс. Сондықтан химиялық білім берудің жалғыз түрі ретінде химияны қашықтықтан оқыту толық болуы мүмкін емес [4], өйткені мұғалімнің тікелей басшылығымен және тиісті материалдық базасыз адекватты семинар өткізу

мүмкін емес. Қашықтықтан оқытудың бұл жетіспеушілігін кем дегенде ішінара өтеу үшін курстарға эксперименттер жазылған бейнеклиптер енгізіледі немесе виртуалды эксперимент деп аталатын құралдар қолданылады [3].

Алайда мектеп оқушысы неғұрлым кіші болса, соғұрлым қажеттілік күшейеді эксперименттерді өзіңіз жүргізіңіз. Осы себептен 8-сыныпқа арналған «Элементтер химия» курсы қауіпсіз эксперименттік жұмыс бойынша ұсыныстарды қамтиды, оны оқушы кез-келген үйде болатын заттар мен ыдыс-аяқтардың көмегімен өзі жасай алады.

Педагогикалық зерттеулерде ақпараттық мәдениет – бұл әлемнің қазіргі көрінісін түсіне білу, ақпараттық ағымдарды кеңінен қолдану және оларды талдай білу, айнала қоршаған ортаға бейімдеу мақсатында тура және кері байланыстарды іске асыру, компьютермен сауатты түрде қатынас жасай білу, оның мүмкіндіктерін және адамның интеллектуалдық ортадағы орны мен рөлін ұғына білу екендігін көрсетеді. Тығырықтан шығар жол әрқашан табылады екен, тек оның көзін таба білсек. Осы тұста әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидей ғұламамыздың мына тамаша сөзі ойыма орала береді: «Өзін-өзі тану – даналықтың белгісі, жеке тұлғаның рухын тану – адамгершіліктің белгісі»

Қашықтықтан оқыту кезінде ақпараттық -коммуникациялық құралдардың қай түрін пайдаланасақ та, білім алушыларға химия сабағын оқытудың тиімді жағын қарастырып, болашақ мамандарды білімді етіп шығаруымыз қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Скрипко Л. Е. Внедрение инновационных методов обучения: перспективные возможности или непреодолимые проблемы? // Менеджмент качества. - 2012. -№ 1, -с. 76-84.

2. К. Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. //алматы. Жазушы, 2004 б. 28-52

3. Суворина В. Г. По материалам сайта Открытый класс, сетевые образовательные сообщества, [Электронный ресурс] // http://www. openclass. ru

4. По материалам Специализированного образовательного портала Инновации в образовании [Электронный ресурс]// http://sinncom. ru

5. По материалам интернет-журнала «Эйдос» [Электронный ресурс] // http://www. eidos. ru/journal

ӘОЖ 540. 355

КЕРИМБАЕВА К. З.,
т. ғ. к., доцент, химия кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., ҚР
E-mail: kulyash_62@mail. ru

БӨПЕТАЙ А. С.
1-курс магистранты, химия кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., ҚР
E-mail: sattarkyzy98@mail. ru

ХИМИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС ТАҚЫРЫБЫН СЫНЫПТАН СЫНЫПҚА КҮРДЕЛЕНДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Түйін. «Спиральділік оқыту» бағдарламасы жеңіл идеялардан күрделі идеяларға біртіндеп ауысуға мүмкіндік береді, оқушыларды соңғы оқу мақсатына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады. Мақалада химиялық байланыс тақырыбын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу материалын күрделендіріп түсіндіру әдістемесі қарастырылды.

Түйін сөздер: спиральділік принципі, химиялық байланыс, электртерістілік, иондық байланыс, ковалентті байланыс.

Аннотация. Программа обновленного содержания образования предусматривает использование принципа спиральности в обучении, согласно которому учебный материал по одной теме углубляется из класса в класс. В статье рассматривается методика комплексной интерпретации предмета химической коммуникации в соответствии с возрастными особенностями учащихся**.**

Ключевые слова: принцип спиральности, химическая связь, электрическое сопротивление, ионная связь, ковалентная связь.

Abstract. The program of updated educational content provides for the use of the principle of helicity in teaching, according to which the teaching material on one topic goes from class to class. The article discusses the method of complex interpretation of the subject of chemical communication in accordance with the age characteristics of students.

Keywords: spiral principle, chemical bond, electrical resistance, ionic bond, covalent bond.

КІРІСПЕ

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу үдерісін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері қалыптасып келеді. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда бағдарламаны жақсы, терең меңгерген, күнделікті сабақтағы мақсатқа сай іс-әрекет таңдап, оны оқушыға жеткізе алатын белсенді оқу әдістерін қолданып, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды саралай білу іскерлігі қалыптасқан, ақпараттық–коммуникативтік технология құралдарын еркін меңгерген, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, білімге деген қызығушылығын арттыра отырып, сыни тұрғыда дарындылығын дамытуда іздену – зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну және рухани дүниелер арқылы ынтымақтастық орта қалыптастыру, тиімді кері байланыс ұйымдастыру – міне, бүгінгі күннің талабы осындай. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді [1].

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформасына түрлі жаңалықтар енгізіліп, жаңашыл, заманауи жобалар жасалуда. Солардың бірі – «Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту» аясындағы жаңартылған білім беру жобасы. Бұл жоба «Спиральді оқыту» бағдарламасы деп те аталады. Спиральді білім берудің негізгі ерекшелігі: әрбір қайталанып оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады, спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді, оқушыларды соңғы оқу мақсатына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады [2]. Сонымен бірге оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сыни тұрғыдан ойлануға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тәжірибе жасауға, АКТ-ны қолдануға,

коммуникативті қарым-қатынасқа түсуге, шығармашылықты дамытуға, кері байланыс жасауға, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу үшін қажетті тиімді оқу және оқыту әдіс-тәсілдерін (белсенді оқу, бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтуде. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау [3].

Негізгі кіріспе

Спиральді білім формасының болжамы бойынша барлық мектептегі оқу кезеңі, өткен материалды қайталау оқушының дамуына, дәстүрлі білім беру формасына қарағанда үлкен үлес қосады және заманауи оқушылардың дамуын, білім процесіне белсенді білім беру формаларын ендіру арқылы өтеді [4]. Спиральділік принципі негізінде білім алып жүрген оқушы: а) өздігінен функционалды сауаттылығын арттырып, іздене бастайды; б) замандастары арасында коммуникативті шеберлігін көтереді; в) түрлі қиындықтарға шығармашылық жағынан шешім табуды үйренеді.

Спиральділік принципін іске асыру кезінде не болады? Тақырыптар әр сыныпта қайта қаралады, оқушылар пәнді әртүрлі деңгейде қайта оқиды және әрбір келесі деңгей алдыңғыдан күрделі әрі кеңірек. Бұл тәсілдің өзіндік ерекшелігі – оқушылардың бастапқы мәселені көру өрісінен шығармауы және онымен байланысты білім шеңберін біртіндеп кеңейтуі және тереңдетуі [5].

Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесіндегі мектептер Назарбаев зияткерлік мектебіне арналған бағдарламаға негізделіп оқытылады. Бұл бағдарлама бойынша химия пәні 5 бөлім бойынша, сыныптан сыныпқа оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күрделендіріліп отырады. Яғни спиральділік принципіне негізделеді.

Химия пәнінің мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

1) заттардың бөлшектері;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

3) химиядағы энергетика;

4) химия және қоршаған орта;

5) химия және өмір.

Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарынан тұратын бөлімшелерге бөлінген. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Химиялық байланыстар туралы оқу материалы мектептегі химия курсын ғылымның алғы шебіне жақындатады, теорияның жетекші ролін ашып береді. Химиялық байланысты оқып-үйренудің екі әдістемелік тәсілі кездеседі. Бірінші тәсіл бойынша химиялық байланыстың барлық түрлерін полюсті, полюссіз және донор-акцепторлы ковалентті, иондық, металдық, сутектік байланыстарды бір тарауда оқытуды көздейді. Мұның кемшілігі оқушылардың тірек білімі жеткіліксіз, кейбір байланысты саналы түсінетін деректі материалдар оқушыларға әлі белгісіз, оның үстіне түсіндірілгеннен кейін ұзақ уақыт пайдаланылмай ұмыт болады.

Екінші тәсіл бойынша арнайы тақырыпта атом құрылысының белгілі заңдылықтары негізінде химиялық байланыстардың түзілу мәнін таныстыру, ковалентті байланысқан жай заттардың электрондық формуласын құру білігін қалыптастыру өз беттерінше сипаттап, байланыс түрлерін бір-бірінен ажырата білуге үйрету[6].

Химиялық байланыс 7-сыныпта тақырып ретінде оқытылмайды. 8-сыныпта химиялық байланыс туралы жалпы білім қалыптасады. Білім алушылар химиялық байланыстың анықтамасымен, химиялық байланыстың түрлерін жетік меңгереді. Химиялық байланыс 9-сыныпта кремний тақырыбын, металдық байланыс металдардың құрылымы мен жалпы қасиеттерін туралы білім қалыптасады. Бұл сыныптағы берілген материалдар 8-сыныпта берілген материалдармен тығыз байланысты және тереңдетілген. Ал, 10-сыныпта химиялық байланыс түрлерін физикалық және химиялық қасиеттеріне негізделген білім қалыптасады. Аталмыш сыныпта 8, 9-сыныптарда алған білімдерін күрделендіріп өтеді. Аталмыш оқыту технологиясы білім алушыларға әр сыныпта қайталанған тақырыптарды күрделендіру арқылы сапалы білім нәтижесін көрсете алады. Сонымен қатар, осы алған білімдерін бақылау жұмысын тапсыру арқылы білімдерін тексеруге болады.

Спиральді білім беру технологиясы – сапалы білім нәтижесі.

Осыған байланысты 7-11 сыныптар арасында химия бағдарламасында кездесетін «Химиялық байланыс» тақырыбын «Спиральді оқыту» әдістемесі мысалында ұсынылған.

Кесте – 1 Жаңартылған мазмұнды білім беру бағдарламасына сәйкес химия курсы бөлімдерінің бірінің мазмұны

1. 4 Химиялық байланыстың түрлері	8. 1. 4. 1 электртерістілік ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 8. 1. 4. 2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау; 8. 1. 4. 3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру.	9. 1. 4. 1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9. 1. 4. 2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9. 1. 4. 5 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 9. 1. 4. 6 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру; 9. 1. 4. 7 азот қышқылының молекулалық формуласын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 9. 1. 4. 8 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау;	10. 1. 4. 1 донор-акцепторлы және алмасу механизмі бойынша ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 10. 1. 4. 2 ковалентті байланыстың қасиеттерін сипаттау; 10. 1. 4. 6 атомдардың электртерістілік ұғымының физикалық мәнін түсіндіру және оның негізінде химиялық байланыстың түрін болжау; 10. 1. 4. 11 металдық байланыстың табиғатын және оның металдардың физикалық қасиеттеріне әсерін түсіндіру;

Қорытынды

Оқушылардың химиялық байланыс тақырыбы туралы білімін қорыту кезінде мыналарға баса назар аударылады:

– Химиялық байланыстың барлық түрлері электрондар арқылы жүзеге асады. Элемент атомдарының электртерістілігіндегі айырмашылықтарына қарай полюссіз, полюсті және иондық байланыстар түзіледі.

– Металдар атомдарының арасында металдық, бейметалдар атомдарының арасында полюссіз ковалентті, қалған жағдайларда полюсті ковалентті байланыстар түзіледі.

– Бір период элементтері түзетін бинар қосылыстардағы байланыстың типі және қасиеттері заңды түрде өзгереді.

– Негізгі топтың бейметалдары түзетін ұшқыш сутектік қосылыстарда элементтердің реттік нөмірі артқанда химиялық байланыстардың полюстілігі артады.

– Заттың қасиеттері химиялық байланыстарының типіне, кристалл торларының түріне тәуелді болады.

Сонымен, осы мақалада «химиялық байланыс» тақырыбын сыныптан сыныпқа күрделендіру әдістемесіне деген бір көзқарас көрсетілді. Бұл әдістеме педагогикалық практикаға баратын студенттер және жас мұғалімдер үшін пайдалы болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасы «Білім мемлекеттік бағдарламасы» \ Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34

2 Обновление содержания среднего образования: вопросы и ответы. – Астана, 2017. – 18с.

3 Мирсеитова С. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері» 2011 жыл.

4 Қазақстан Республикасы «Білім мемлекеттік бағдарламасы» // Ж. Қазақстан мұғалімі, 2000. – 33-34 б.

5 Білім мазмұнын жаңарту аясында «химия» оқу пәнін оқыту бойынша (7-9-сыныптар) әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 136 б.

6 Мұғалімге арналған нұсқаулық. III деңгей, 3-ші басылым «Назарбаев зияткерлік мектебі», ДББҰ, 2012 ж.

УДК 541. 49

Kerimbayeva K. Z.,
candidate of Technical Sciences, Associate Professor,
Department of chemistry,
South Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: kulyash_62@mail.ru

Abdykhalykova A.Sh.
chemistry teacher,
Department of chemistry,
Industrial and Technical College,
Shymkent, Kazakhstan,
E-mail: abdyhalykova76@mail.ru

METHODOLOGY OF TEACHING THE TOPIC" COMPLEX COMPOUNDS " IN INNOVATIVE WAYS

Резюме. Бұл мақалада химия ғылымындағы «Комплексті қосылыстарды» инновациялық әдіс-тәсілдермен оқытудың тиімділігі қарастырылған. «Комплексті қосылыстар» тақырыбына байланысты химия ғылымында осы күрделі сала бойынша ашылып жатқан жаңалықтарды алып, оқушыларға меңгертетін болсақ, оқушының күрделі де қиын химияның бұл бөліміне және пәніне деген қызығушылығы артады.

Кілт сөздер: комплексті қосылыстар, инновациялық әдіс-тәсілдер, диалогтық оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Резюме. В данной статье рассматривается эффективность обучения «комплексных соединений» в химической науке инновационными методами и технологиями. Если мы изучим новые открытия, открывающиеся в этой сложной области в химической науке, связанной с «комплексными соединениями», то у учащихся возрастет интерес к этому сложному разделу и предмету химии.

Ключевые слова: комплексные соединения, инновационные методы и приемы, диалоговое обучение, информационно-коммуникационные технологии.

Summary. This article discusses the effectiveness of teaching «complex compounds» in Chemical Science by innovative methods and techniques. I hope that the student will be interested in this section and discipline of complex and complex chemistry if we take the discoveries that are being made in this complex field in chemical science related to the topic «complex compounds» and teach them to students.

Keywords: complex connections, innovative approaches, dialogic learning, information and communication technologies.

Introduction

One of the key issues is the mastery of the scientific and pedagogical basis of innovative activities of teachers in the education of future generations in accordance with the requirements of society.

In the XXI century, our country is entering the process of globalization and globalization. It is clear that the knowledge and skills of the younger generation play an important role in revitalizing and developing this process. In accordance with modern requirements, teachers need to master quality and innovative methods. The correct and competent use of innovative methods in improving the quality of education is becoming more and more difficult and one of the most pressing issues. Innovative, effective and innovative methods are being introduced in the educational process.

Modern pedagogical technologies are pedagogical technologies that can not only ensure effective assimilation of subject knowledge, but also contribute to the formation the ability of students to acquire independent knowledge. New requirements of society to the level of development and education of the individual, new living conditions must change the content, means and methods of the pedagogical process. In this situation, new teaching technologies (pedagogical innovations) are needed. On the one hand, teaching technology is a combination of processing methods and means, representation, change and presentation of program educational information, and on the other - the science of how a teacher influences students in the learning process using the necessary technical or informational means. Methodological science has developed many different technologies closely interconnected [1].

Main part

At present, almost all leading and advanced countries are proposing an innovative system of general education, seeking and exploring opportunities and ways to shape the individual, and its implementation in the educational process

has become an important issue. It is known that the action of a teacher with a thorough knowledge of pedagogical knowledge is effective. Chemistry teachers should have the main tasks and objectives, such as the use of a variety of teaching methods in practice, the ability to predict its achievements, self-design and construction.

My main goal is to use modern and innovative methods of education, to increase the interest of students, to adapt them to the work of the class, to show their knowledge in accordance with modern requirements, to develop the ability to be active, to be scientifically gifted. to develop the ability to analyze and think, to cultivate self-knowledge. If, as an educator, we take the discoveries in the field of chemistry related to the topic of «Complex Compounds» and provide additional and interesting information in the interpretation of a new topic, I believe that this part of the complex and difficult chemistry of the student.

Educational institutions of the country allowed to work according to the model of versatility offered by pedagogical collectives. There are many different versions of the content and structure of teaching in this area, innovative ideas based on creativity and practice, modern methods. Therefore, it is important to test different methods of education in practice, choosing them according to the content of education and the age and psychological characteristics of students [2].

It is impossible to be a competent and versatile teacher without mastering modern best practices in the field of teaching. The mastery of advanced technologies has a positive effect on the formation of intellectual and professional, civic, and many other human qualities of the teacher and helps to effectively organize the educational process through self-development.

Everyone wants quality education in the process of learning and education. In this case, the role of innovative methods will be special. Analyzing the issues considered in this context, we took the topic of the work as «Training of complex solutions using innovative technologies».

The proposed topic is practically not taught in the school chemistry course. But students need to know it when they enter university and answer UNT test questions. The class «Complex compounds» in a broad sense and interesting is one of the most important parts of inorganic chemistry. Many complex compounds are important in biochemistry, chemical technology, analytical chemistry, medicine. Its role in living organisms is also very important [3].

Students can use many skills to pass the topic «Complex Compounds»:

• determine the type of chemical bond between the complexing agent and ligands, outer and inner spheres;

• determined the coordination number of the complex builder based on the construction of the outer and outer electronic layer of the complex builder;

• predict the spatial structure of the complex ion;

• be able to name complex relationships, formulate their formulas by name;

• formulate formulas of isomers and name them;

• construction of equations of chemical reactions confirming the properties of complex compounds;

• formulate the equations of reactions for the production of complex compounds;

• be able to experiment, observe and describe the properties and phenomena of complex compounds, draw conclusions;

• be able to solve problems involving complex compounds [4].

The above conditions open up many opportunities for interdisciplinary communication in the process of acquiring chemical knowledge. Through this methodological approach, students develop the ability to look at chemical objects in detail, which is an integral part of the ability to think creatively. At the same time, students' ability to think creatively can be developed through the widespread introduction of problem materials in the content of the course.

In my experience, the training has been effective when many new technologies have been used in the teaching of Complex Compounds. Among the new methods of teaching, the dialogical method of teaching is also showing its effectiveness. It creates conditions for collective and mutual exchange of knowledge. Teaching in this way is carried out through group conversations, interviews, logical brainstorming «brainstorming». Improving the learning process through the introduction of new innovative technologies in the education system, the development of cognitive abilities of students, raising them to a conscious level - is a difficult task today. The education of students, who have formed a self-aware, well-developed mindset through the orientation of knowledge to the individual, imposes new tasks on teachers. Of course, the old traditional methods can not be ruled out, each method has its own advantages. Although the program we use has a variety of approaches, it covers the basics of constructive learning.

In the conversational part, active forms of learning are used, and the student's independent implementation of knowledge is formed.

All the proposed games are based on the free interaction of students with each other, repeated visits to the topic and the level of understanding and knowledge. It allows you to master the learning material, to move from simple to complex, from simple tasks to search.

The final part is aimed at monitoring, testing and evaluating the knowledge, skills and abilities acquired during the cognitive activity of students in the conversation section.

The results of scientific research clearly show

the important role of dialogue in the classroom. Teachers, in turn, should focus on developing students' reading skills, not on their own teaching. To this end, the teacher needs to create a learning environment through which students can take an active part in the learning process without being indifferent to information. From Table 1 you can see «New approaches to teaching and learning».

Table №1
Dialogue training

Dialogue training	
Learns to think critically when completing a task.	In the course of the research conversation, they discuss, evaluate and form a common understanding of each other's ideas.
He will be able to share his ideas and listen to the opinions of others.	Takes an active part in the performance of the task in the final tasks.
Able to perform tasks at a high level in the identification of talents and abilities.	The «leader» is determined during a press conference among those who get the highest score.

The use of information and communication technologies in education allows to recognize the changes in society and the rapid adoption of the language. Helps to conduct the planned lesson effectively, promotes the development of the student's homework, research work. At the end of the program, teachers will become reliable and critical users of information and communication technologies [5].

Along with many new technologies, information technology has recently been widely used in chemistry lessons. The study of the composition and structure of substances, the dependence of the structure of their properties, the acquisition of new substances with known properties, the laws of chemical changes and ways of their control are the main issues in teaching chemistry at school. By considering the composition, structure of things, the transformation of one thing into another, students must acquire a thorough knowledge for practical work.

The basics of this technology help to expand the quality of knowledge and literacy acquired by the student during the study of the topic «Complex compounds». For example, the use of video, audio equipment, television and computers in the classroom expands the student's worldview. In particular, when summarizing the chapters in the textbook, students not only accumulate additional material, expand their knowledge and increase their activity, but also form and create a system of logical thinking.

Conclusion

In today's traditional technology, the student is only a listener, a listener, and in the light of modern technology, he is the only one who knows how to read and write. Each student is able to express their thoughts and answers. One by one, he was able to evaluate himself. The student's self-confidence will drop in a week.

Achieving results for the teacher is not only the distribution of knowledge by the student, but also the acquisition of knowledge on their own and the application of the acquired knowledge. Today's child is a completely new world. There is a lot of information flow today. We are teachers who teach new technologies and methods in accordance with the requirements of the times. Students must be able to adapt to new origins, new pursuits, new relationships. We must not forget that joining the ranks of the most competitive countries in the world is a great responsibility for the community of teachers.

In conclusion, the scientific hypothesis of our research was confirmed in the course of experimental work and the results were obtained in accordance with the goals and objectives of the research.

Of course, we cannot answer the conclusion that the issue raised in our study has been considered in detail. Due to the complexity and scale of the research work, the improvement of education with innovative technologies is still one of the most pressing issues in the future, taking into account various aspects of education with new technologies.

REFERENCES:

1. Kistaubaeva D. M., Zhanalieva R. N. «Application of different types of technologies in the process of student training» International scientific journal Science and life of Kazakhstan Science and life of Kazakhstan Science and life of Kazakhstan 6/2 2020 - Almaty, 2020. - 225 p.

2. The state program of development of education in the Republic of Kazakhstan for 2005-2010. - Astana, 2004. - 46 p.

3. Onerbaeva Z. O. Features of the use of information and communication technologies in the training of future chemistry teachers in the School of Chemistry. -2018. № 2. - pp. 15-19.

4. Bulletin A. Zh. Implementation of the basic principles of differentiation in the teaching of the program elective course "Oil and us" // Proceedings of the international conference "Seiten lessons". - Kokshetau, 2008. - pp. 418-421.

5. Mukhambetzhanova ST, Meldebekova MT Methods of formation of competencies of teachers on the use of information and communication technologies. Almaty: Dair Baspa LLP, 2019.

ӘОЖ 372. 853

КОЖАБЕКОВА Э. К.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ПАЗЫЛБЕК С. А.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ҒЫЛЫМ ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Білім алушыларды ойлаудың жүйелі әдісі мен ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға дағдыландыру. Пәнаралық байланыстар оқытудың теориялық және ғылыми деңгейін арттыруға ықпал етеді. Пәндік оқытуды ұйымдастыру жүйелі және дәйекті болып табылады. Соның негізінде пәнге деген қызығушылығы оянады. Бұл жұмыстың мақсаты - жалпы білім беретін мектепте физиканы оқытудағы пәнаралық принциптің маңыздылығын зерттеу және оны жүзеге асырудың әдістемелік тәсілдерін анықтау.

Кілт сөздер: Интерграция, пәнаралық байланыстар, эмпирикалық әдіс, теориялық әдіс, оқу-әдістемелік жұмыс.

Ғылым дамуының қазіргі кезеңінде оқу пәндері курстарындағы пәнаралық байланыстардың маңыздылығын анықтауда интеграция және саралау процесі жүреді. Бір қарағанда, ғылымдар табиғат заңдылықтарын тереңірек түсіну жолында дамуда. Керісінше, біз ғылымның даму тенденциясын біртұтас кешен ретінде байқаймыз, бұл шекара ғылымдарының пайда болуына әкеледі (физика, биохимия, биогеография, геофизика және т. б.).

Мұндай интеграциялық процестердің белгілі бір көрінісі - пәнаралық байланыстар. Мектептегі білім беру мазмұны оқу процесінде пәнаралық байланыстарды кешенді пайдалануға сүйену кезінде сапалы түрде жоғары деңгейге шығады.

И. Д. Зверевтің анықтамасы бойынша пәнаралық байланыстар нақты педагогикалық міндеттерді қалыптастырудың факторларының бірі болып табылады [1. 10 б]. Олар білімнің, дағдылардың және қатынастардың жалпы пәндік жүйелерін анықтайды. Пәнаралық байланыстар мәдениет аралық құзыреттілікті қалыптастыру шарттарының бірі ретінде әрекет етеді [2].

В. Р. Ильченко «Пәнаралық байланыстардың білім беру функциясы- оқушылардың жүйелілік, тереңдік, икемділік сияқты білім қасиеттерін қалыптастырады» деп көптеген өзінің кітаптарында анықтап көрсеткен [4. 112 б].

В. Н. Максимова пәнаралық байланыстар оқыту мазмұнында ғылыми принципті жүзеге асыруға ықпал ететінін атап өтті. "Олар (пәнаралық байланыстар) оқушылардың санасына барлық пәндердің бірлігін жеткізуге және әрбір оқу пәніндегі ғылымның мазмұны мен әдістерінің ерекшелігін көрсетуге бағытталған» деп көрсетті [5. 3 б].

Әдістемесі.

Пәнаралық байланыстарды оқытудың әдіснамалық негіздері тұрғысынан қарастырған жағдайда олардың жүйеліліктің жалпы ғылыми принципінің дидактикалық формасын атап өтуге болады. Жалпы физиканы зерттеуде студенттердің физикалық білімдерін қалыптастыру үшін пәнаралық принципті қолданудың теориялық негіздерін анықтау; физика сабақтарында пәнаралық принципті жүзеге асыру үшін қажетті әдістемелік әдістерді анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу теориялық және эмпирикалық деңгей әдістерін қолдану негізінде жүргізілді. Теориялық деңгей әдістерінің басым бағыты зерттеу мәселесі бойынша нормативтік-құқықтық құжаттарды, ғылыми дереккөздерді, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу негізінде талдау болды. Эмпирикалық деңгей әдістерінің ішінен біз педагогикалық тәжірибені зерттеу мен жалпылауды бөліп көрсетеміз: әлеуметтанулық зерттеу, педагогикалық қызметкерлердің тәжірибесін талдау және жалпылау, жүйелеу.

Оқу процесінде пәнаралық байланыстарды пайдалану, міндеттерді қою мен оқу процесін ұйымдастырудан бастап оның нәтижелеріне дейін жан – жақты әсер етеді. Пәнаралық байланыстар оқыту принципі ретінде жалпыға бірдей сипатқа ие және басқа дидактикалық принциптерді жүзеге асыруға ықпал етеді (1-сурет).



1-Сурет. Пәнаралық принциптің дидактикалық принциптермен байланысы

Қазіргі даму кезеңінде пәнаралық дағдыларды қалыптастырудың өзектілігі мектепте оқу процесіне оқытудың жаңа нысандары мен технологияларын енгізуді, мұғалімдердің біліктілігін үнемі арттыруды, білім беру процесінде интеграцияланған оқыту формаларын қолдануды және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруды талап ететіндігімен байланысты. Бүгінгі таңда білім алушылардың өткен материалды игеруіне бағытталған педагогикалық технологиялар мен тәсілдерге, сонымен қатар әрбір студент өзін түсінуге, көрсетуге және жүзеге асыруға (өзінің әлеуметтік және жеке құзыреттілігін дамытуға) мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайларды жасауға ерекше назар аударылады.

Білім алушылардың теориялық және практикалық дайындығын арттыруда пәнаралық байланыстардың маңызды рөлін атап өткен жөн. Әсіресе қазіргі уақытта студенттердің жалпыланған дағдыларын қалыптастыру өзекті болып табылады. Пәнаралық принципті іске асыру жалпы тұтас білім беруді жүйелі етеді. Пәнаралық байланыстар білімді жалпылау мен студенттердің теориялық интегративті ойлауын қалыптастырудың кілті ретінде әрекет етеді [2]. Пәнаралық байланыстар жалпыланған дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім беру функциясы білім алушыларда әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін, сондай-ақ білімнің жекелеген қасиеттерін (жүйелілік, тереңдік, саналылық, икемділік) қалыптастырудан тұрады. [2].

Пәнаралық байланыстардың даму функциясы студенттердің танымдық белсенділігін арттырумен, олардың шығармашылық және жүйелік ойлауын дамытумен байланысты.

Пәнаралық байланыстардың көмегімен физиканы оқытуда білім алушыларды тәрбиелеудің барлық бағыттары пәнаралық байланыстардың тәрбиелік функциясын білдіреді. Өз пәнінің басқалармен байланысына сүйене отырып, оқытушы тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асырады. Пәнаралық байланыстарды іске асыру жаратылыстану-ғылыми цикл пәндері оқу және аудиториядан тыс жұмыстардың күрделі нысандарын пайдалануды білдіреді.

Оқу процесінде пәнаралық байланыстардың барлық функцияларын сәтті жүзеге асыру үшін физика мұғалімі 2-суретке жүгінуі керек.

Пәнаралық байланыстардың түрлері мен топтары	
Ішкі цикл	Цикларалық

(оқытудың негізгі компоненттеріне сүйене отырып)	
мазмұндық-ақпараттық	ұйымдастыру-әдістемелік операциялық-қызметтік

(ғылыми білім құрамы бойынша)			
Тұжырымдамалық	Нақтылық	Теориялық	Философиялық

2-сурет. Пәнаралық байланыстардың түрлері мен топтары

Алайда, іс жүзінде мұғалім пәнаралық принципті жүзеге асыруда өз жұмысында кездесетін бірқатар қиындықтар бар:

- пәнаралық байланыстарды іске асыру бойынша оқу және әдістемелік материалдардың жетіспеушілігі;
- оқу үдерісі бойынша оқу және аралас пәндер мазмұнының жүйесіз болуы;
- пәнаралық принципті іске асыруда тәжірибенің болмауы;
- оқу бағдарламалары мазмұнының сабақтас пәндер бағдарламаларының мазмұнымен сәйкес келмеуі;

Осы тұжырымдыманы кесте бойынша көрсететін болсақ:



Қорытынды

Оқытуда жеке тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыруда пәнаралық байланыстар маңызды орын алады. Физика мұғаліміне оқу процесі барысында білім алушылардың белгілі бір мүдделерін ескеру мүмкіндігі беріледі.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру студенттерді табиғат құбылыстары мен олардың өзара байланысы туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл студенттерге өз білімдерін басқа пәндерді оқуда қолдануға көмектеседі, сонымен қатар оларды белгілі бір жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, физиканы оқытуда пәнаралық байланыстарды анықтау мен қолданудың сәттілігі мұғалімнің теориялық білімге ие болуына ғана емес, сонымен қатар оның осы байланыстардың функциялары мен түрлеріне бағдарлануына да байланысты.

Оқытудың заманауи қағидаты бола отырып, пәнаралық білім бірқатар пәндердің оқу материалының құрамына әсер етеді, білім алушылардың білім жүйелілігін арттырады, оқыту әдістерін жандандырады, сондай-ақ оқытуды ұйымдастырудың кешенді нысандарын пайдалануға бағдар береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Зверев И. Д., Максимова В. Н. Межпредметные связи в современной школе. 12. 2001. https:// smekni. com/a/281461/zverev-i-d-maksimova-v-n-mezhpredmetnye-svyazi-v-sovremennoy-shkole/

2. Баляйкина в. М., Маскаева Т. А., Лабутина М. в., Чегодаева Н. Д. пәнаралық байланыстар оқытуды интеграциялау принципі ретінде // Ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. – 2019. – № 6. ;

3. URL: http://www. science-education. ru/ru/article/view?id=29320 өтініш берген күні: 30. 09. 2020).

4. Ильченко В. Р. Перекрестки физики, химии и биологии. - М. : Просвещение, 1986.

5. А. П. Синяков. Дидактические подходы к определению понятия «межпредметные связи». Педагогика. 2011.

6. file:///C:/Users/User/Downloads/didakticheskie-podhody-k-opredeleniyu-ponyatiya-mezhpredmetnye-svyazi. pdf

7. Аганина К. Ж. Білім мазмұнын интеграциялар негізінде педаогикалық білімді жетілдіру. Білім әлемінде. Республикалық әдістемелік журнал. №2. 2016

ӘОЖ 378. 147

МАМАЕВ Қ. С.,
ф. ғ. к., аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ҒАПБАРОВА П. С.,
магистр-оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ДЕРБЕС АҚПАРАТТЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ҚОЛДАНУ

Түйін. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін дербес ақпараттық оқу қызметін ұйымдастыруда қолдану мүмкіндіктері қаарстырылған.

Тірек сөздер: ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, гипермәтін, дербес ақпараттық оқыту қызметі, оқытудың дербес траекториясы, интербелсенді сұқбат, оқу материалы.

Резюме. Рассматриваются возможности использования дидактических возможностей информационных и коммуникационных технологий в организации самостоятельной информационной учебной деятельности.

Ключевые слова: информационные и коммуникационные технологии, гипертекст, самостоятельная информационная учебная деятельность, персональная траектория обучения, интерактивный диалог, учебный материал.

Summary. The possibilities of using the didactic capabilities of information and communication technologies in the organization of independent information training activities are considered.

Keywords: information and communication technologies, hypertext, independent information learning activities, personal learning trajectory, interactive dialogue, educational material.

Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырудың жаңа буындарында оқытудың Ақпараттық және коммуникациялық технология (АКТ) құралдарын пайдалану мүмкіндіктері басты рөл атқарады. Мұнда оқу материалдары оқу-әдістемелік, нормативтік-техникалық материалдармен бірге аудио не видеоформатта, гипермәтін түрінде мультимедиалық технология мүмкіндіктері қолданыла отырып ұсынылады.

Е. Ы. Бидайбеков бастаған еліміздің ғалым-педагогтары тарапынан «Ақпаратты гипермәтіндік түрде көрсету негізінде мәтін дәстүрлі ұғымын сызықты емес мәтін ұғымын енгізу жолымен кеңейту туралы идея жатыр, ол арқылы ерекшеленген мәтіндік үзінділер (ақпараттық мақалалар) арасында тығыз байланыс орнатылады және мәтіндегі бір фрагменттен басқаға көшу ережесі анықталады. Бұдан гипермәтін немесе сызықты емес мәтін деп аталатын жүйе пайда болады. Гипермәтіндік жүйені компьютерлендірудің негізгі идеясы гипермәтіндік мақақаларды автоматты сақтау және олардың өзара ауысуын қамтамасыз етуінде» деген гипермәтіннің анықтамасы берілген [1, 132 б.].

И. В. Роберт ұсынған ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде АКТ-ның келесі дидактикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру жолдары негізделген [2]:

- пайдаланушы мен АКТ құралдары арасында ұдайы кері байланыстың болуы (пайдаланушының әрбір сұранысына жүйенің автоматты түрде жауап беру әрекеттері ұйымдастырылған интербелсенді сұқбат жүзеге асырылады);

- оқытылатын объектілер, процестер, құбылыстар туралы оқу ақпаратының визуализациялануы (экран бетінде объектілердің, процестердің, құбылыстардың немесе олардың модельдері көрнекі түрде кескінделеді, зерттелетін заңдылық графикалық түрде интерпретацияланады);

- зерттелінетін нақты немесе виртуалды объектілер, процестер, құбылыстар туралы ақпараттардың модельденуі мен интерпретациялануы (экран бетінде модельдер түпнұсқаға сай етіп беріледі);

- үлкен көлемді ақпараттарды архивтеу және сақтау, оларды көбейтуге, тасымалдауға мүмкіндіктің болуы;

- есептеу процесінің, ақпараттық-іздестіру қызметінің автоматтандырылуы, оқу эксперименті нәтижелерін өңдеудің автоматтандырылуы;

- ақпараттық-әдістемелік қамтамасыздандырудың автоматтандырылуы, оқу қызметін басқарудың, оқу материалдарын игеру нәтижелерін бақылаудың ұйымдастырылуы (оқу орнының оқу процесін басқару, оперативті басқару және жобалау, локальдік және жаһандық компьютерлік желілер арқылы өзара ақпарат алмасу мен

ақпараттық қызмет үрдісі автоматтандырылады);

Оқу процесінде АКТ дидактикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруда білім алушының оқытудың дербес траекториясын, оқу қызметінің жеке тұлғаға бағдарланған режимін таңдауына, оқу материалдарының интербелсенді дереккөздерімен ақпараттық қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беріледі. Дербес оқыту қызметінің сипатының өзгеруіне байланысты жаңадан *дербес ақпараттық оқыту қызметі* (ДАОҚ) ұғымын енгізуге тура келеді.

Информатика, кітапхана ісі, ақпараттық талдау, басқару теориясы, құқықтану салаларында ақпаратты жинақтауға, өңдеуге, сақтауға, тасымалдауға қатысты *ақпараттық қызмет* ұғымы қалыптасқан. Н. В. Николаева, Г. С. Галиуллина, М. В. Романовалардың және т. б. еңбектерінде ақпараттық қызмет ғылыми-техникалық қызметтің ақпараттық өзара қарым-қатынастар мен ақпараттық процестерге негізделген бір түрі ретінде қарастырылады [3, 4, 5].

Дербес ақпараттық қызмет ретінде объектілер, процестер және құбылыстар жайлы АКТ құралдары арқылы алынған түрлі формадағы ақпараттарды тіркеуді, жинақтауды, өңдеуді, сақтауды, тасымалдауды, бейнелеуді және көбейтуді, сондай-ақ, оларды білім алушылардың саналы түрде игеруін қамтамасыз ету түсініледі.

Ақпараттық-оқыту қызметі – бұл білім алушы, оқытушы және АКТ құралдары арасындағы өзара ақпараттық қарым-қатынасқа негізделген қызмет [2]. Ақпараттық-оқыту қызметі нақты және виртуалды түрде орын алып жатқан объектілер, құбылыстар жайлы оқу материалдарын жинақтау, өңдеу, тасымалдау және сақтау процесінде жүзеге асырылады.

АКТ дидактикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға негізделген дербес оқу қызметінің теориялық негіздерін ескере отырып, *дербес ақпараттық оқыту қызметі* ретінде білім алушының жеке оқу траекториясы бойынша объектілер, процестер, құбылыстар жайлы ауди-видео, графикалық, мәтіндік ақпараттарды АКТ құралдары арқылы жинақтау, өңдеу, тасымалдау және көбейтудің жоспарлы түрде орындалатын тізбегі, оқу нәтижелерінің бағалануы мен бақылануы түсініледі.

ДАОҚ келесі формалардың бірінде жүзеге асырылуы мүмкін:

- АКТ негізінде эксперименттік-зерттеу қызметі (эксперимент нәтижелерін өңдеу процестерін автоматтандыру туралы дағдылары қалыптасады);

- оқу процесін, білім алушының пәндік-бағдарланған орталарын программалық-әдістемелік қамтамасыздандырушы ДОҚ-тың көптүрлілігі;

- ақпаратты өңдеу қызметі (объектілі-бағдарланған программалау жүйелері, эксперттік оқыту жүйелері және т. б.);

- білім қорын ұсыну қызметі;

- қолданбалы программалық құралдарды құру және олардың мүмкіндіктерін жүзеге асыру қызметі.

Оқу процесіндегі білім алушы мен оқытушының рөлдерінің ауысуы, серіктестің пайда болуы, оқу материалы мен оқу-әдістемелік жабдықтардың құрылымдарының, АКТ қолданылу жағдайында оқыту құралдарының өзгеруі білім алушының оқу процесінінің субъектісіне айналуына ықпал етеді. Білім беру процесінде субъектілердің рөлдері ауысады; білім алушы мен оқытушы білімді игеру барысында бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынаста болады. Білімнің пассив түрде игерілуі білім алушының дербес белсенділігімен алмастырылады.

ДАОҚ келесі *педагогикалық мәселелерді* шешуге бағытталады:

1) әрбір білім алушы білім беру процесінің басты тұлғасына айналатындай жағдайдың жасалуы;

2) әрбір білім алушының зейінінің білім алу қажеттілігіне бағытталуы;

3) әрбір білім алушының өзіндік ерекшеліктерін анықтап, оның оқу процесін ұйымдастыру барысында негізге алынуы;

4) білім алушының заманауи байланыс құралдарын қолдана отырып, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерінің басшылыққа алынуы;

5) білім алушының оқу процесі барысында рұқсат етілмеген агрессивтік сипаттағы ақпараттардан қорғалуы.

Жоғарыдағы АКТ дидактикалық мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы АКТ қолданылатын төмендегі бірқатар оқыту қызметтерін ұйымдастыруға ықпал етеді:

- зерттелетін нақты объектілер, құбылыстар, процестер жайлы түрлі формаларда берілген ақпараттарды жинақтау, сақтау және өңдеу;

- пайдаланушының өзге білім алушылармен, оқытушымен, АКТ арқылы ұйымдастырылған оқыту құралдарымен өзара интербелсенді сұқбатын ұйымдастыру (сұрақты қалаған формада беру, оқу материалының нұсқаларын таңдау мүмкіндіктерінің болуы);

- зерттелетін нақты объектілерді, процестерді, модельдерді нақты уақыт мерзімінде компьютер экраны арқылы бақылаып, басқаруы;

- оқу қызметі нәтижелерін бақылау процесін автоматтандыру, оқу дағдылары мен біліктіліктерін жаттықтыру процесін, эксперимент нәтижесін өңдеу үрдісін автоматтандыру;

- белгілі бірі қолданылу саласына сай қандай да бір белгілері мен қасиеттері бойынша өзгелерінен ерекшеленетін ақпарат өнімдерін дайындау қызметінің ұйымдастырылуы;

- берілген ақпаратты символдар тізбегі немесе формалданған құрылым түрінде формалды бейнелеу [3].

Жоғарыдағы оқу қызметтері түрлерін жүзеге асыру барысында келесі *психологиялық-педагогикалық* әсерлер туындайды:

- виртуалды әлем объектілерімен қарым-қатынас жасауды жүзеге асыру;
- кеңейтілген көлемді ақпараттарды қабылдау және қолдану;
- оқу барысы мен нәтижелеріне бақылау жасаудың ақпараттық технологияларын қамтитын іздеу, есептеу жүйелерін қолдану.

АКТ қолданылу жағдайында білім алушыға білім беру мақсаттарына жетуге бағытталған етілетін *педагогикалық әсер:*

- ойлауды, жадты, зейінді, кездейсоқ жағдайларға реакцияны, эстетикалық сезінуді дамытуға;
- білімнің барлық формаларын формализациялау әдістерін игеруге;
- бірнеше факторларға қатысты туындаған қиын жағдайларда жедел түрде тиімді шешімдер қабыладу білуге үйретуге;
- ұйымдастыру-басқару қызметін ұйымдастыруға ықпал ететін көшбасшылық қасиетті тәрбиелеуге;
- ақпаратты іздеу, топтастыру әдістерін игеруге;
- зерттелетін объектілерді модельдеу процесіндегі абстрактілі образдар мен ұғымдард қалыптастыруға;
- виртуалды әлемді модельдеу және жобалау әдістерін игеруге бағытталған.

Сонымен, ДАОҚ процесінде ақпараттық-оқу қызметін жүзеге асыру:

- білім алушының қоршаған ортаны, қоршаған ортаның белсенді компоненттерін формалдау құралдарын игеруін;
- зерттелетін процестер мен құбылыстарды модельдеу, эксперименттік-зерттеу қызметін ұйымдастыру, іздеу әрекеттері мен есептеу процесін автоматтандыру арқылы зерттеу қызметінің тиімді ұйымдастырылуын;
- оқу қызметінің түрлі формаларын жүзеге асыру арқылы білім алушының өзіндік жұмыс (эксперименттік-зерттеу, оқу-ойындық, ақпараттық-оқу қызметі, ақпаратты өңдеу қызметі) аумағының кеңейтілуін;
- оқытудың ұйымдастыру формасын, оқу қызметінің режимін өзбетінше таңдау, интербелсенбі сұқбатты ұйымдастыру мүмкіндіктері есебінен оқу процесін дербестендіруді және дифференциялауды;
- дербес ақпараттық оқыту қызметінің дамытушылық сипатына сай білім алушының оқу процесінің субъектісі ретінде қалыптасуын;
- АКТ негізінде жүзеге асырылатын дербес ақпараттық оқыту қызметіне сай оқытушы функциясының біртіндеп білім алушыға берілуін қамтамасыз етеді.

ДАОҚ білім алушының АКТ құралдары арқылы ұсынылған оқу материалының құрылымын, ішкі логикасын, мазмұнын саналы түрде игеруін қамтамасыз етеді. Білім алушы ақпаратты қабылдап қана қоймайды, сонымен бірге, оны іздеумен, таңдаумен және өңдеумен де айналысады. Әрі қарай, білім алушы ақпаратты белсенді түрде түрлендіреді, өңделген ақпаратқа сай оқу тапсырмасын өзбетінше анықтайды, АКТ құралдарын қолдана отырып, тапсырманы шешу жолдарын іздейді.

АКТ құралдарының дидактикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру білім алушының өзінің жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай оқытудың дербес траекториясын құруына, сондай-ақ білім алушы мен оқытушының арасында белсенді қарым-қатынастың орнауына ықпал етеді.

Зерттелінетін объектілер мен процестер туралы оқу ақпаратының визуализациялауы, үлкен көлемді ақпаратты сақтауға және өңдеуге мүмкіндіктің болуы оқу қызметінің мақсатын, осы мақсатқа жету барысында орындалуы тиіс іс-әрекеттер тізбегін, қиын жағдайдан шығудың тиімді жолдарын дұрыс анықтауға игі әсер етеді.

Зерттелінетін объектілер мен процестер туралы ақпараттарды модельдеу, есептеу және ақпараттық-іздеу қызметі процесін автоматтандыру, оқу эксперименті нәтижесін өңдеуді автоматтандыру оқу процесін жоспарлап, жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Оқыту қызметін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыздандырылуын автоматтандыру негізінде бақылау, түзету және бағалау барысында АКТ құралдары мен пайдаланушылар арасындағы кері байланысты, ақпараттар мұрағатын қолдану – білім алушының бойындағы психологиялық кедергілері алып тастауға, көшбасшылық қасиетті тәрбиелеуге әсер етеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде дербес оқыту қызметінің *үлгі бойынша, реконструктивтік-вариативтік, жекелей-зерттеу* атты негізгі түрлері оқу процесінде АКТ дидактикалық мүмкіндіктерін қолдана отырып жүзеге асырылады. Мұнда АКТ құралдарының қолданылу жиілігі оқу материалының мазмұнына қарай түрліше болуы мүмкін.

Үлгі бойынша орындалатын өзіндік жұмыстарда ақпараттар мұрағаты, қолжетімді көлемді ақпараттар қолданылады.

Реконструктивтік-вариативтік өзіндік жұмыстарда зерттелетін объектілер мен процестер туралы оқу материалдарының визуализациялауы талап етіледі.

Жекелей-зерттеу өзіндік жұмыстарында жоғарыдағы өзіндік жұмыстарда аталған мүмкіндіктерге қоса, есептеу және ақпараттық-іздеу қызметін, оқу эксперименті нәтижесін автоматтандыру, пайдаланушы мен АКТ құралдары арасындағы жедел кері байланысты қамтамасыз ету қажет етіледі. Жалпы алғанда, білім алушының зерттеушілік сипаттағы дербес жұмысын жүзеге асыруда АКТ-ның жоғарыдағы барлық дидактикалық мүмкіндіктері мен зерттелетін объектілер

мен процестерді модельдеу мүмкіндіктері талап етіледі.

Жалпы алғанда, оқу процесіне АКТ енгізілуіне байланысты дербес оқыту қызметі құрылымы сапалық тұрғыдан үлкен өзгерістерге ұшырады. Атап айтқанда, білім алушы мен оқытушы арасындағы ақпараттық оқу қарым-қатынасы құрылымы, оқу материалдары түсінігі мен оқу процесінің оқу-әдістемелік қамсыздандырылуы құрылымы өзгерді. Интербелсенді серіктестің пайда болуы – білім алушының оқу қызметінің субъектісі ретінде қалыптасуына ықпал етті. Дербес оқыту қызметі сипаты өзгеріп, дербес ақпараттық оқыту қызметі ұғымы пайда болды. Осыған байланысты жаңа педагогикалық міндеттер шешімін тауып, АКТ дидактикалық мүмкіндіктеріне негізделген дербес оқыту қызметінің жаңа құралдары, оқу қызметінің жаңа түрлері қолданысқа енгізілді.

Дербес ақпараттық оқыту қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру саласын зерттеу бағыттарының бірі оның әрбір кезеңінде АКТ дидактикалық мүмкіндіктерін қолдануды негіздеуі мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері / Авт. ұж. : Е. Ы. Бидайбеков, В. В. Гриншкун, Г. Б. Камалов, Д. Н. Исабаева, Б. Ғ. Бостанов / Оқулық. – Алматы, 2014. – 352 б.

2. Роберт И. В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты) / И. В. Роберт. – М. : ИИО РАО, 2007. – 234 с.

3. Николаева Н. В. Методика мониторинга и оценивания качества электронных учебно-методических комплексов // Сборник трудов по проблемам дополнительного профессионального образования / Межгос. ассоц. последипл. образования, Ин-т повышения квалификации гос. служащих. – М. : МАПДО : ИПК госслужбы, 2010. – Вып. 17. – С. 31-39.

4 Галиуллина Г. С. Информационная деятельность в системе научных коммуникаций в посттоталитарном обществе: Методологический аспект. –Челябинск: Челяб. гос. ун-т, 1998. – 170 с.

5 Романова М. В. Развитие информационной компетентности студентов университета на основе конструктивистского подхода: Дис. канд. пед. наук. – Магнитогорск, 2006. – 172 с.

УДК 378. 147

МАМЕТ Б. Ғ.,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

АСИЛМАМЕТОВА Р. Д.
Южно-Казахстанский государственый педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ДЕТЕЙ С ПОМОЩЬЮ ЭЛЕКТРОННЫХ РЕСУРСОВ

Түйін. Біз әрқашан келесі ұрпақты тәрбиелеу мен тәрбиелеудің жаңа, жақсы әдістері мен тәсілдерін іздейміз. Зерттеулер көрсеткендей, балалар көңілді болған кезде олардың ақпаратты қабылдау қабілеті жақсарады. Электрондық ресурстар оқу құралы ретінде 21 ғасырдағы балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қызықты мүмкіндіктер ұсынады. Электрондық ресурстарды білім беру мақсатында пайдалану абстрактілі логикалық ойлауды, креативтілікті, сыни ойлауды айтарлықтай жақсарта алады, білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді және егер олар дұрыс жобаланған және іске асырылған болса, оқушылар мен студенттердің танымдық дамуына көмектеседі.

Түйінді сөздер: Білім беру, электрондық оқыту, электрондық ресурстар, логикалық ойлау, логиканы дамыту.

Резюме. Мы всегда ищем новые, лучшие методы и способы воспитания и воспитания следующего поколения. Исследования показали, что когда дети веселятся, их способность воспринимать информацию улучшается. Электронные ресурсы как учебное пособие предоставляют интересные возможности для удовлетворения потребностей детей 21 века. Использование электронных ресурсов в образовательных целях может значительно улучшить абстрактное логическое мышление, креативность, критическое мышление, расширить кругозор обучающихся и помочь познавательному развитию учащихся и студентов, если они правильно спроектированы и реализованы.

Ключевые слова: Образование, электронное обучение, электронные ресурсы, логическое мышление, развитие логики.

Summary. We are always looking for new, better methods and ways to nurture and educate the next generation. Research shows that when children are having fun, their ability to process information improves. Electronic resources as a learning tool offer exciting opportunities to meet the needs of 21st century children. The use of electronic resources for educational purposes can significantly improve abstract logical thinking, creativity, critical thinking, broadens the horizons of students and helps in the cognitive development of schoolchildren and students, if they are correctly designed and implemented.

Keywords: Education, e-learning, electronic resources, logical thinking, logic development.

Введение

В настоящее время у нас не хватает возможности логически выражать свои мысли. Логическое мышление не дается нам природой от рождения, поэтому люди должны его развивать собственными силами. Каждый урок развивает логическое мышление, но дети часто не умеют обобщать, делать выводы, классифицировать.

Логика, переведенная с древнегреческого языка, означает речь, суждение. Если слово логика используется в качестве термина, то это наука о правильном мышлении, искусстве мышления[1].

Логическое мышление - это один из видов процесса мышления, в котором человек использует логические строения и готовые концепции. Развитие логического мышления в обучении в школе заключается в формировании у учащихся методов умственной деятельности, присущих данной дисциплине. Вместе с тем, структура умственной деятельности школьников, кроме алгоритмических навыков, закрепленных в стандартных правилах, формулах и методах деятельности, состоит из эвристических методов, необходимых для решения творческих проблем, применения знаний в новых условиях, аргументов сделанных заявлений. Систематическое развитие логического мышления не должно быть разделено на занятия, каждый ученик должен участвовать в процессе выполнения учебной деятельности. Конечно, решение этой проблемы поможет этому процессу развития. Решение любой проблемы в математике - это, прежде всего, последовательность мышления. Конструкции, часто используемые для решения задач, преобразований, задач, без логических оснований невозможно: они берутся за основу. Следовательно, в математике, как и в любой другой науке невозможно без логики. На уроках учитель должен моделировать умственную дея-

тельность, необходимую на данном этапе развития (анализировать задания, рисовать рисунки, определять связь предметов и т. д.). Это имеет и воспитательное значение: учащиеся присоединяются к методу поиска, обращают внимание не только на результат, но и на процесс достижения, то есть учатся логическому мышлению. Для обучения учащихся методам самостоятельной деятельности, общим методам решения проблем, для освоения методов научного познания действительности и методов продуктивной умственной деятельности необходимы специальные методы обучения [2].

В современном этапе в образовательном процессе широко применяются ИКТ на уроках и в дошкольном образовании. В качестве электронных ресурсов используются видеоролики, электронные обучающие программы, сайты и т. д. [3].

Современный мир требует формирования знаний и применения быстрых и недорогих методов образования. Электронное обучение является одним из возможных инструментов решения актуальных проблем современности. В последние годы термин электронного обучения начал широко распространяться на Западе, что означает процесс обучения в электронном виде через Интернет. Начиная с появления больших архивов, представленных в читаемых на компьютере средствах массовой информации, появилась идея использовать этот материал в учебных целях. В глобальном плане это стало возможным с развитием интернета, что позволило отправлять необходимые данные с одного конца мира в другой, свободно общаться с другими пользователями сети и публиковать информацию на сайтах в Интернете.

Основная часть

Интернет достиг почти каждого уголка земного шара, но большинство исследований его использования, особенно среди детей, сосредоточено на США и Европе. Это проблема, потому что, по самым лучшим оценкам, каждый третий ребенок в мире сейчас пользуется Интернетом - большинство из них за пределами Запада. Все более глобальный интернет требует все более международных политических решений, которые должны опираться на глобальные доказательства.

Согласно новому отчету Childwise, количество времени, которое дети тратят перед экранами, резко возросло за последние 20 лет.

Дети в возрасте от 5 до 16 лет проводят в среднем шесть с половиной часов в день перед экраном, по сравнению с примерно тремя часами в 2005 году, по данным исследовательской фирмы Childwise. Подростки тратят больше всего времени, в среднем в 8 часов. Восьмилетние девочки проводят меньше всего – 3, 5 часа, согласно исследованию [4].

Время экрана состоит из времени, проведенного за просмотром телевизора, игрой на консолях, с помощью мобильного телефона, компьютера или планшета.

Выясняется, что девочки-подростки в настоящее время проводят в среднем семь с половиной часов за просмотром экранов по сравнению с 3, 5 часами просмотра телевизора в 2005 году. Дети младшего возраста живут немного лучше - в 2005 году дети в возрасте от 5 до 10 лет в среднем смотрели телевизор по два с половиной часа. Перенесемся в 2019 год, и время показа экрана увеличилось до четырех с половиной часов.

Дети также теперь используют несколько экранов - используя более одного устройства одновременно, например, смотрят телевизор во время серфинга в Интернете на планшете или мобильном телефоне, поэтому часть экранного времени будет параллельной. «Основное отличие от 2000-х годов состоит в том, что тогда телевидение и журналы были основными способами подключения детей к средствам массовой информации, и теперь у них есть разные устройства, такие как планшеты, мобильные телефоны, игровые приставки, и у них намного больше экранного времени», - сказал руководитель исследования Мэтью Невард [5].

Интернет предоставил детям больше свободы в изучении их собственных интересов, а не привязывался к контенту, предлагаемому им из телевизионных программ или журналов. Они могут найти контент, который им нужен.

Люди используют медиа в своей социальной перспективе, но дети не имеют надлежащих знаний в своем социальном контексте о том, как пользоваться Интернетом дома или в школе. В социальном контексте коммуникационных технологий родительское влияние очень важно для социального развития детей. Однако указывается, что в социальной перспективе использование Интернета среди людей все еще очень низкое. Исследование было проведено в разных развитых странах, где результаты четко показали, что для родителей существует большая проблема, чтобы узнать, как их дети безопасно пользуются Интернетом. Результаты показали, что большинство 91% детей младшего школьного возраста пользуются Интернетом дома, и указывается, что из-за отсутствия достаточного уровня зрелости дети не могут управлять рисками, связанными с Интернетом [6].

Поскольку Интернет становится широко распространенным, наблюдается, что возраст пользователя, как правило, ниже, чем раньше. Исследования учащихся начальных классов на Тайване показывают, что большинство детей очень быстро учатся, поскольку они ищут и просматривают информацию по различным

связанным вопросам в свете своих проблем. Родители также без колебаний дают разрешение своим детям играть в онлайн игры и смотреть мультфильмы без разбору, и это также создает большую проблему среди детей.

Дети пользуются Интернетом, потому что он предоставляет им развлечения, образование и другую связанную информацию, поэтому игры и мультипликация становятся главным приоритетом детей в Интернете. Также известно, что маленькие дети являются более активными пользователями, и они активно участвуют в электронной коммерции и электронной рекламе.

Исходя из проведенных исследовании следует, что в основном дети сталкиваются с видео контентом (70-80%), видео играми (63-83%) и перепиской с друзьями (69-78%) (Таблица-1). Еще 7-8% совершали случайные покупки в сети. Это подтверждает наблюдения: часто дети, особенно в младшей возрастной группе, сталкиваются с вредным контентом, которые могут оказать огромное психологическое воздействие на детей. Поэтому некоторые дети даже приветствуют программы родительского контроля – если они позиционируются не как инструмент ограничения, а как защитник и помощник в кибермире [7].

Электронный ресурс - любой предмет или место, хранящее информацию в электронном виде. Web-сайт - один из видов электронного ресурса. Сегодня для обучения и чтения дошкольников и младших школьников, помимо развивающих и обучающих игр, используются такие электронные ресурсы:

- мультфильмы по литературным сюжетам (с бегущей строкой для формирования техники чтения, навыков логического мышления);
- рекомендательные библиографические пособия («Моя первая библиотека»);
- электронные энциклопедии («Детская энциклопедия Кирилла и Мефодия»);
- Интернет-ресурсы (тексты художественных произведений, сказок, периодические издания для разной возрастной категории детей) [8].

Таблица-1

Вовлеченность детей в Интернет пространстве

	Девочки (%)	Мальчики (%)
Играть в игры	63	83
Переписываться с друзьями	78	69
Смотрю видео	67	70
Смотреть фильмы/сериалы/мультфильмы	80	70
Готовиться к учебе	51	40
Читать новости/статьи	28	19
Покупки	7	8

Для развитие детей в интернете есть большое количество Российских электронных ресурсов, Web-сайтов, порталов. Один из популярных сайтов LogicLike. com [9]. LogicLike. com это платформа для развития логики детей со всего мира (Рисунок-1). Главными задачами этой платформы является – научить детей логически мыслить и решать сложные задачи. В LogicLike вся информация преподносится в виде игры, головоломок, ребусов. Несколько персонажей будут сопровождать ваш курс и давать подсказки в трудных задачах.



Рисунок-1. Главная страница портала Logiclike

Портал «Чудо-юдо» – имеет огромное количество развивающих материалов, которые подойдут каждому. Каждый родитель сможет найти чем занять своего ребенка, потому что в сайте есть ребусы, кроссворды, лабиринты, аудиосказки, пазлы и многое другое. Так же в сайте можно найти изобилие материалов для распечатки с описаниями и инструкциями для активностей в настоящем времени. Преимуществом этого сайта является то, что материалы для обучения и развития не прекращают обновляться и обеспечивает вас и вашего ребенка заданиями на несколько лет вперед.

Сайт «Развитие ребенка» – это сайт, предназначенный не только для детей, им могут пользоваться и интересно проводить время и родители. Сайт содержит развивающие книги и игрушки с рекомендациями, дидактические пособия и описания заданий, упражнения, которые были разработаны командой профессиональных педагогов и психологов. Все это радуют детей и позволяют пользоваться ими не только дома, но и доступны для выполнения вне домашних условий. На этом сайте можно найти множество раскрасок для распечатки и развивающие карточки.

На сайте «По складам» были собраны оригинальные способы и игры для обучения детей чтению. В процессе игры, складывая слоги, соединяя буквы, дети сами того не замечая начинают читать и разбираться в принципах составления слов и чтения. Сайт зарабатывает на рекламе, поэтому родителям необходимо настроить сайт и защитные программы от рекламы, чтобы ребенку было удобно заниматься самому. Несмотря на это других похожих сайтов в рунете нет. Потому что игры в этом сайте были разработаны на flash.

Развитие детей – как можно понять с названия сайта – это место предназначенное для развития детей с разных сторон с ранних возрастов. Сайт периодически заполняется практическими инструкциями для самых интересных задач, как например, как резать ножницами, как научиться пересказывать тексты, как начать писать цифры и буквы, как можно организовать незабываемый день рождения и многое другое. Все статьи, которых можно найти на сайте, написаны так, что читатель не заскучает и захочет применить на практике прочитанное, по этой причине сайт к себе и притягивает новых посетителей.

Сайт «Почемучка» – поможет вам организовать веселые и развивающие праздники, разные обучающие активности, стенгазеты для вашего ребенка и его друзей. Тут так же можно найти множество мультиков, музыку, библиотеку. Иногда в этом сайте проводят конкурсы для родителей и их детей. Своими подделками и идеями все желающие пользователи сайта могут поделиться в разделе «Мамин клуб». Здесь можно даже найти форум для обсуждения самых интересных тем.



Рисунок-2. Главная страница портала «Играемся»

«Играемся» – сайт предоставляет большое количество бесплатных развивающих игр для детей (Рисунок-2). Разобраться с интерфейсом очень легко потому что все существующие игры на сайте разделены на несколько категории (на логику и мышления, пазлы, загадки и ребусы, на внимания и на память, для малышей и другие). На сайте можно встретить рекламу, но его ребенок может не заметить есть будет правильно обращаться с сайтом. Все существующие игры были созданы с помощью технологии flash, поэтому на планшетах ipad они не будут работать.

В интернет пространстве РК имеется несколько электронных ресурсов для развития детей. Широко используется школьниками и детьми дошкольных учреждении портал bilimland. kz (Рисунок-3).



Рисунок-3. Главная страаница портала «bilimland. kz»

В этом портале организованы интерактивные уроки школьных предметов, разработанные в соответствии с обновленной программой среднего образования, подготовка к школе, мультфильмы, образовательные видеоресурсы, виртуальная лаборатории и. т. д. (Рисунок-4).



Рисунок-4. Портал bilimland. kz.

Эрудит. kz – сайт интеллектуального образования, который работает с 2016 года. Основной тематической направленностью является сфера образования. С момента начала своей работы Сайт проводит множество мероприятий. Также на странице сайта пропагандируется национальные ценности и передовые технологии в сфере образования. Также он вносит свой вклад в пропаганду послания и программ главы государства на страницах сайта, в информировании работников образования.

Рисунок-5. Сайт Эрудит

Kenesertegi. kz это сайт, где известные казахстанские авторы сказок, истории, стихов выставляют свои работы на общее пользование на казахском языке. Пользуюясь этим сайтом дети и взрослые могут бесплатно ознакамливаться новыми работами писателей, а так же духовно обогащаться.

Выводы

Анализируя электронные ресурсы для развития детей в интернет пространстве РК можно сказать очень малое количество электронных ресурсов, Web-сайтов. Зная что, для развития детей в РК необходимо увеличение таких электронных ресурсов и требуют от нас внести свои труды в этом направлении, т. е. создание электронных ресурсов для развития логики детей в РК.

Возможность улучшить логическое мышление, успеваемость и обучаемость детей при помощи электронных ресурсов, как анимация, является новым и захватывающим интерес для детей методом. В связи с этим имеет место внедрение эту технологию в школьную программу и подойти к обучению с новой и не скучной стороны.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Даль, Владимир Иванович. Толковый словарь живого великорусского языка: избр. ст. / В. И. Даль; совмещ. ред. изд. В. И. Даля и И. А. Бодуэна де Куртенэ; [науч. ред. Л. В. Беловинский]. - М. : ОЛМА Медиа Групп, 2009. - 573 с. Молодой ученый. — 2014. — № 14 (73). — С. 297-298.

2. Гусев, Д. А. Краткий курс логики. Искусство правильного мышления/Д. А. Гусев. - М. : НЦ ЭНАС, 2017. - 190 с.

3. Аяшев О. А., Ибашова А. Б. Формирование логического мышления младших школьников. -Шымкент, 2018. -213 с.

4. Childwise. (2020). Всеобъемлющий годовой отчет, сфокусированный на потреблении СМИ детьми и молодежью, покупательских привычках, взглядах и действиях. // http://www. childwise. co. uk/

5. Джейн Уэйкфилд. (2015). Дети проводят на экранах шесть и более часов в день. // https://www. bbc. com/news/technology-32067158

6. Bargh, J. A., &Mckenna, K. Y. A. (2004). Интернет и социальная жизнь. Ежегодные обзоры психологии, 55, 573-590.

7. Wong, Y. C. (2010). Кибер-воспитание детей: преимущества Интернета, риски и проблемы воспитания детей. Journal of Technology in Human Services, 28 (4), 252-273.

8. Dias, M. G. & Harris, P. L. (1990). Влияние воображения на рассуждения маленьких детей. Британский журнал психологии развития, 8 (4), 305-318.

9. https://logiclike. com/

МАСАЛИЕВА Ж. А.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ – БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада арнайы білім беруді интеграциялау негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мекемелердің оқу процесіне «ендіру» идеясының жүзеге асуы, балаларды әлеуметтендіруде дүние жүзі балаларының білім алуға тең құқы бар процестер негізіндегі адам құқығын қарастыратын халықаралық құжаттарға сәйкес Республикамыздағы, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы инклюзивті білім беру жағдайы сөз болады. Оқу процесіне «ендіру» идеясын жүзеге асыруда ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіруде қоғам талабына сай, нормативті құжаттар мен ғылыми-әдістемеліктерді басшылыққа ала отырып жүзеге асыру қажеттілігі, аймақтың инклюзивті білім беруге дайындығы, миграциялық процестер мен демографиялық, этнотілдік сипаты және мектепке дейінгі, бастауыш және орта білім жүйесіндегі нақты жағдайы мен көрсеткіштер негізінде дәйектелді.

Кілт сөздер: адами капитал, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, инклюзивті білім.

Резюме. В статье рассматриваются реализация идеи «внедрения» детей с особыми образовательными потребностями в учебный процесс в рамках интеграции специального образования и состояние инклюзивного образования в нашей Республике, в том числе в Южно-Казахстанской области в соответствии с международными документами по правам человека, декларирующими равные права детей на образование. В реализации идеи «внедрение» в учебный процесс обосновывается необходимость осуществления социализации детей с особыми образовательными потребностями, исходя из требований общества, нормативных документов и научно-методических указаний, готовности региона к инклюзивному образованию, миграционных процессов и демографических, этнотических характеристик и конкретных условий и показателей в системе дошкольного, начального и среднего образования.

Кючевые слова: человеческий капитал, дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование

Abstract. The article discusses the realization of the idea of "introducing" children with special educational needs into the educational process within the framework of integration of special education and the state of inclusive education in our Republic, including in the South Kazakhstan region in accordance with international human rights documents declaring equal rights for children on education. The implementation of the idea "introduction" in the educational process justifies the need for socialization of children with special educational needs, based on the requirements of society, regulatory documents and scientific and methodological guidelines, the region's readiness for inclusive education, migration processes and demographic, ethnotic characteristics and specific conditions and indicators in the system of preschool, primary and secondary education.

Keywords: human capital, children with special educational needs, inclusive education.

Адами капитал – «жаңғыру негізі», «Мәңгілік ел» құндылығы ретінде анықталып, қазақстандық қоғамымыздың идеалына айналуда. Кез келген қоғамда жастардың бет түзейтін идеалы болуы болашақ үшін маңызды. Қазақстанда адами әл-ауқаттылықты арттыру мәселесі мемлекет дамуындағы негізгі міндет болып табылып, басты стратегиялық құжаттарда көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мәселесі сөз болып, мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру бағдарламадағы маңызды міндеттердің бірі ретінде анықталады. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» алға қойған міндеттерінің бірі – мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру бағытына [1] сай келеді. Бұл міндеттің ғылыми, ұлттық және әлеуметтік маңыздылығы «Біз саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің арқасында экономикамызды, саясатымызды және санамызды жаңғыртуға кірістік» [2] деген пікірімен сабақтасуда.

Инклюзивті оқыту ұлттық жүйеде басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылып, арнайы білім беруді интеграциялау негізінде жалпы білім беру жүйесіне кіріктіре отырып, бірегей білім кеңістігін құруға бағытталады. Анықтамалық әдебиеттерде инклюзивті немесе кіріктірілген білім ұғымы жалпы білім беру жүйесінде ерекше білім

беруді қажет ететін баларды (тек психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері бар балалар ғана емес) оқытуда қолданылатын термин ретінде анықталған. «Білім туралы» Заңның 1-бабы 21-3 тармағында да «ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар» [3] ретінде көрсетілген.

Инклюзивті білім беру ісі Қазақстанда қадамын жасап, адымдап келеді. Елбасы Н. Ә Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс» [4] деген ұсынысы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде айрықша жағдай жасауға бет бұрды.

Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білімді жүзеге асыру мазмұны білім беру процесіндегі қатысушылардың құқығы мен міндеттерін бекітетін мығым нормативті-құқықтық базасы бар деп сеніммен айта аламыз. Республикамыздағы заңнама жүйесі дүние жүзі балаларының білім алуға тең құқы бар процестер негізіндегі адам құқығын қарастыратын халықаралық құжаттарға сәйкес. Балалардың білім алуға қатысты құқықтары «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті» деп анықталған Қазақстан Республикасының Конституциясының 30-бабында [5], «Қазақстан Республикасында бала құқықтары туралы» Заңның «Баланың білім алуға құқығы» деп аталатын 15-бабына сәйкес «... 2. Мүгедек бала өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметтерге қатысуға құқылы» [6]. Осы сипаттағы міндеттемелер Қазақстан Республикасының «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау жөніндегі» [7], «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» [8], «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» [9] заңдарда қарастырылып, баланың толымды өмірге құқықтары бекітілген.

Республикамызда инклюзивті білім беруді дамыту «Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» [10], «Мүгедек құқығы конвенциясы» [11] шеңберінде іске асырылуда. Мәселен, «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясының (1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған. 1994 жылы ҚР Үкіметімен ратификацияланған) 23-бабында:

«1. Қатысушы мемлекеттер ақыл-есі немесе денсаулығына қатысты жарымжан бала оның қадір-қасиетін қамтамасыз етіп, өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесетін жағдайларда толық-қанды және лайықты өмір сүруі қажет екенін мойындайды.

... 3. Жарымжан баланың ерекше мұқтаждығы танылып, осы баптың 2-ші тармағына сәйкес, көмек ата-анасының немесе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа адамдардың қаржылық ресурстары ескеріліп, мүмкін болғанынша, тегін беріледі және жарымжан баланың білім беру, кәсіби даярлық, медициналық қызмет, денсаулығын қалпына келтіру, еңбек етуге дайындау салаларындағы қызмет көрсетулерге қолы жетуін және баланы мүмкіндігінше, толық, әлеуметтік өмірге тартуға, рухани және мәдени дамуын қамти отырып, тұлғалық іріленуіне септігін тигізетіндей демалу құралдарына қолын жеткізуді мақсат етеді» [12] деп көрсетілген.

Қазіргі қоғамда бала өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен кәсіпті таңдауға, шығармашылық және қоғамдық қызметтерге қатысуға құқылы. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялардың ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму және әлеуметтік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері ескерілетін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді.

Коррекциялық педагогиканың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мамандары, жоғары оқу орындарының ғалымдары, қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік емес ұйым мамандары Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді ендіру мен жетілдірудің нормативті-құқықтық, ғылыми негіздерін (Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту концепциясы, Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту жөнінде ұлттық жоспар, Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру Ережесі) қалыптастырды. Ғылыми, әлеуметтік зерттеулер жалғасуда. Шешімін таппаған мәселелер де бар. Әйтсе де, инклюзивті білім беру идеясының кең қанат жаюы, нормативті-құқықтық базасының қалыптасуы, әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етілуі ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың жаңа деңгейде дамуына жол ашады. Өз баласын оқытатын мектепті таңдауға мүмкіндік алады. Бала жалпы немесе арнайы мектепте білім алса да, оның қажеттіліктері толық қанағаттандырылады.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беруде кезек күттірмейтін мәселелер айқындалып отыр. Біріншіден, оқу процесіне «ендіру» идеясын жүзеге асыру баланы әлеуметтендіруді аяушылық немесе қайырымдылық жасау тұрғысында емес, қо-

ғам талабына сай, нормативті құжаттар мен ғылыми-әдістемеліктерді басшылыққа ала отырып жүзеге асыру қажеттілігі. Тек сонда ғана шынайы, сапалы нәтижеге қол жеткіземіз. Инклюзивті білім беру мәселесін көпшілік бірдей қолдай қоймайды. Толеранттылықтың, мектептер мен ұстаздардың, ата-аналардың даярлығының болмауы әлі де көкейтесті мәселе екендігі де жасырын емес. ҚР Конституциясының 14-бабындағы «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деген ұстанымды саналы түрде қабылдауға жол ашады. Қоғамның ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға позитивті, толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру бағытында насихат жұмыстарын күшейту керек.

Мұндай кезекте сала мамандарының да жеке жауапкершілігі мен кеңес берудегі әділеттілік мәселесін сөз еткен ғалымдар өзінің кәсіби іс-әрекетіне сыни тұрғыдан қарау қажеттілігін де алға тартып отыр [13, 143 б.].

Инклюзия саласындағы отандық және шетелдік ғылым жетістіктері мол. Алайда жекеленген аймақтардағы білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелік, кадрлық қамтамасыз етілу жағдайы туралы талданған зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан алғашқы (ақпараттық-ағартушылық) кезеңнен келесі (базалық-даярлық) кезеңге инклюзивті білімді ендіру қажеттілігі туындады. Мәселенің жан-жақты зерттелуі мен инклюзия саласындағы отандық және шетелдік жетістіктерді бағалай келе, атқарылған жұмыстардың мол екендігіне көз жеткізуге болады. Әйтсе де, бұл зерттеулерге жеке аймақтар бойынша талдау жасалмаған деуге негіз бар. Отандық және шетелдік мамандар инклюзивті білім берудің кең түсінігінде қазіргі жағдайда бейімдей ендіру мәселелеріне: инклюзивті білім беру мәнін айқындаған (Назарова Н. М., Алехина С. В., Малофеев Н. Н, Сулейменова Р. А., Оразаева Г. С., Баймуратова А. Т., Елисеева Е. Г. т. б. .); студенттерді – болашақ педагогтер, психологтар мен дефектологтарды инклюзивті білім беру жағдайында балаларман жұмыс жүргізуге даярлау мәселесіне (Аслаева Р. Г., Яковлева И. М., Елисеева Е. Г. және т. б.) көңіл бөлінуде. Республикада ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін ортаға бейімдеу тек жекелеген фактілер мен тәжірибе барысында ғана жоспарлы, мақсатты түрде іске асуда. Мәселен, Ж. Жонтаеваның хабарлауы бойынша, инклюзивті білім беру Қызылорда – 0, 3%, ОҚО - 2%, Астанада – 2, 8%, СҚО – 3, 4%, Алматыда – 4, 3%, Павлодарда - 9%, Ақмола облысында – 9, 6% ғана қамтылса, жалпы орта мектептердің 20, 2%-ы ғана қамтылған [14]. 2020 жылы бұл көрсеткіш республика бойынша 47%-ға жетті.

Екіншіден, бүгінгі таңда инклюзивті білім берудің педагогикалық технологиясын меңгерген мұғалім даярлау ісі маңызды мәселе болып отыр. Бұл мәселені шешу ісі жаңа міндеттерді, яғни кадр даярлау, тәжірибе алмасу мен білімді тарату міндеттерін айқындайды. Білім беру саласының мамандары Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту үшін мамандандырылған кадрлар тапшылығын алға тартады. Мұғалімдер мен мамандардың бірден инклюзивті білім беру формасының кәсіби талаптарына сай болмауынан психологиялық мәселелердің туындап отырғандығы да жасырын емес. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің арнайы даярлығының болмауынан ерекше оқытуды қажет ететін балармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмауда. Десек те, жалпы орта мектеп мұғалімдері жоғары оқу орнындағы даярлық мазмұны бұл мәліметті қамтымағандықтан, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен қарым-қатынас жасау негіздері мен оларды оқыту ерекшеліктерін меңгермеген. Сондықтан да мұндай балалар үлгермеушілер мен әлеуметтік бейімделмегендер қатарын толықтыруда.

Жалпы білім беретін мекемелерде білім алып жатқан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жеке жұмыс жасауды, арнайы коррекциялық-педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік қолдауды қажет ететіндіктен оқу материалдарын меңгеруде және әлеуметтік дағдыларды игеруде қиындыққа кездеседі. Арнайы білім беру мекемелерінде әлі де болса маман тапшылығы айқын сезіледі. Арнайы психология мен коррекциялық педагогика ілімінен бейхабар, мүгедек (нашар көретін немесе естімейтін) баламен жұмыс жасау тәжірибесі жоқ, жалпы білім беретін мектептің қарапайым мұғалімі сыныпта 25-30 баламен қатар отырған ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланы қалай оқытпақ?

Кадрларды даярлау және оқу процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселесі сын көтермейді. Біліктілік категориясы (жоғары, бірінші, екінші) бар педагог кадрлар үлесіне қарай, бір баланың білім алуына бөлінетін шығынның төмендігіне қарамастан, Оңтүстік Қазақстан облысы республикада 6 орында. Инклюзивті білім беруді іске асыратын арнайы педагогикалық-психологиялық білімі бар кадрлар жайында сөз қозғаудың өзі артық.

Үшіншіден, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға даярлау мәселелерін жандандыру қажет. Бүгінгі таңда ерекше білім беруге қажеттілігі бар бала кәсіби білімі мен тәжірибесі бар маман жұмыс жасайтын, арнайы бағдарламасы бар, оқу процесі оқу-әдістемелік, материалды-техникалық қамтамасыз етілген дифференциалды білім жүйесінде білікті педагогикалық-психологиялық көмек ала алмай отыр. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту материалдары мен арнайы құрылғылар-

дың, сондай-ақ мұғалімдерге арналған әдістемеліктердің болмауы білім беру процесінде айтарлықтай қиындық тудырып отыр. Инклюзивті білім беру бағдарламасы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қоғамның кез-келген саласында: мектептерде, колледжерде, жоғары оқу орындарында қажетті жағдай мен ортаны қалыптастыруға бағытталады. «Инновациялық тәсілдер, әдістерді енгізуді» ұсынып, «озық халықаралық модельдерді, тәсілдер, әдістер мен практиканы ендіруге әсер етуге» үндеген шетелдік зерттеушілер Қазақстандағы айрықша білім беру қажеттіліктері бар балалалар жайында ғылыми зерттеулер нәтижелерінің жеткіліксіздігін алға тартады («Аутизм. Мүмкіндіктер әлемі» халықаралық конференциясы. 2016 жылғы 5-6 қазан, Астана). Аймақтарды зерттеу қажеттілігі мен мамандарға деген сұранысын айқындамай білім беру мақсатына жету мүмкін емес. Қазіргі таңда білім беру жобаларын дамытуда коррекциялық педагогиканың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА мамандары, жоғары оқу орындары ғалымдары, қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік емес ұйымдар тарапынан ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Ғылыми және әлеуметтік зерттеулер жалғасын табуда. Солай болса да, бірқатар шешімін таппаған мәселелер мен тиянақты зерттеулер қажеттігі айқындалуда. Біз «еліміздің инклюзивті оқытуда алдында тұрған міндеттер бірдей, тек оны шешу жолдары әрқайсымызда өзгеше. Инклюзивті білім берудің бірегей моделі жоқ» деген пікірді қолдаймыз [15, 121 бет].

Интеграцияны мектептерден емес, балалар бақшасынан бастау керек. Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға кедергісіз орта қалыптастыру процесі соңғы 10 жыл бойына жүргізіліп келгендігіне қарамастан, Оңтүстік Қазақстан облысында инклюзивті оқыту толық ендірілген бірде бір жалпы білім беретін мектеп жоқ. Балабақшалар да дайын емеспіз дегенді алға тартуда.

Облыста қабылданған Оңтүстік Қазақстан облысын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы мүгедектердің өмір сүруінің қолжетімділігін қалыптастыруда мақсатқа бағытталған саясаттың жүзеге асырылып жатқандығына дәлел бола алады. Әйтсе де, аймақта инклюзивті білім беру жүйесі қалыптаспаған деуге негіз бар. Ойға алған ісімізді жүзеге асыру аймақтың өзіндік ерекшелігін, жағдаяттар талдауы мен орын алған мәселелерді есепке алу қажеттілігін айқындап отыр. «Ол (инклюзивті білім беру) географиялық, демографиялық, мәдени және тілдік сипаттар мен факторлар бірлестігінде іске асады» [15, 9-10 бет]. Аймақта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру жүйесіне ендіру тек тілдік, мәдени ерекшеліктер мен білім беру кеңістігіндегі субьектілер менталитетін есепке алып қоймайды, этникалық бірегейлік пен айрықша білім беру қажеттіліктері бар балалардың этникалық-әлеуметтік-мәдени бейімдеу мәселелерін де шешеді.

Төртіншіден, білім беру мекемелерінің материалды-техникалық жабдықталуының төмендігі. Оңтүстік Қазақстан облысында ерекше білім беруге қажеттілігі бар жандардың артуы мен аймақта инклюзивті білім берудің өз деңгейінде болмауы салдарынан бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті мәселелер қатарында орын алуда. Мәліметтер бойынша, облыста балалар мен жасөспірімдер арасында психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру орталықтарына сұраныс жоғары. Дәл қазіргі таңда 15 ПМПК-ға қажеттілік анықталса да, ТО-да тек 2 ПМПК жұмыс жасайды (ННПЦКП ҚР БжҒМ-ның 2016 жылғы мәліметтері бойынша). Республика бойынша мектепке дейінгі мекемелерге ене алмайтын мүгедек балалар пайызы – 0, 93%, орта мектепке жіберілмеген мүгедектер – 0, 80%. Бұл ҚР бойынша – 0, 46% құрайды (ҚР БжҒМ-ның 2016 жылғы мәліметтері бойынша).

Республика бойынша 609 780 мүгедектер тіркелсе, соның 101 944 ТО-да, тіркелген мүгедек балалар (0-16 жас) саны – 12889, ал ҚР бойынша – 57627 бірлікті құрайды (ҚР Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің 2017 жылғы мәліметі бойынша).

Оңтүстікте даму ерекше білім беруге қажеттілігі бар жандардың көп болуын бірқатар ерекшеліктермен байланыстыра қарастырамыз. Бұл – тұрғындар санының көптігі, тығыз орналасуы, көпұлттылық, көп конфессиональдылық, басымды патриархальдылық, ерекше менталитет. Этникалық топтардың менталитетімен байланысты айрықша білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің де өзіндік ерекшелігі болуы мүмкін. Аймақтың инклюзивті білім беруге қажеттілігін төмендегі көрсеткіштермен дәйектеуге болады:

1. Миграциялық процестер мен демографиялық жағдай. Тұрғындардың өте көп болуы және ең кіші аудан. Түркістан облысы Қазақстан Республикасының 4, 3% территориясын ғана алып жатыр. Осындай территорияда республиканың 16% тұрғыны орналасқан. Демек, облыста бала туылуы жоғары, халық тығыз орналасқан аймақ болып табылады. 2012-2014 жылдары облыс тұрғындары 4, 1%-ға артқан. Жыл сайынғы тұрғындар өсімінің орташа деңгейі 2, 1%-ға ұлғаюда. Облыс тұрғындары табиғи жағдайларға және миграциялық өсімнің артуына байланысты көбеюде. ҚР тәуелсіздігін алғалы 1 млн-ға жуық 21, 2% оралмандар ТО-ға көшіп келді.

2. Этнотілдік жағдай. ТО тұрғындарының басым бөлігі қазақтар (1990 жылдардан бері қазақтар тұрғылықты халықтардың 72%-ын құрайды) болғанымен, этнотілдік айырмашылық орын алған.

3. Мектепке дейінгі білім. 2020 жылы ТО-да

балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға тарту деңгейі – 41, 5%: Қазығұрт ауданында – 42, 5%, Ордабасыда – 17, 3% және Созақ ауданында – 17, 1%, төмен көрсеткіштер Сайрам (7, 1%), Мақтаарал (7, 2%) және Төлеби (9, 1%) аудандарында, Бәйдібек және Сарыағаш аудандары инклюзивті білім беруді мұлде қолға алмаған.

4. Орта білім. 7-18 жас аралығындағы балаларды ИББ-мен қамту деңгейі 16, 6%-ды құрайды. Бұл республикадағы орта деңгейден (26, 9%) төмен. Егер инклюзивті жағдайда білім беруге оңтайландырылған білім беру мекемелері 2012 жылы 12 %-ды құраса, 2014 жылғы 1 желтоқсандағы мәлімет бойынша бқл көрсеткіш 29, 4 %-ға артқан. Оның 27%-ы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар. 2015 жылы 18 жасқа дейінгі 141952 ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала немесе барлық балалардың 2, 8%-ы. Оның ішінде мектеп жасындағылар – 94266.

Шымкент қаласы мен Қазығұрт, Ордабасы және Түлкібас аудандары инклюзивті білім беру мәселесі біршама толық қамтылған. Ең төмені – Кентау қаласы, Мақтаарал, Сарыағаш және Сайрам аудандары. Инклюзивті біліммен қамту ауданның көлеміне немесе тұрғындардың санына байланысты емес екендігі анық. Қолымызда бар материалдардың көрсетуінше, 2016-2017 оқу жылында Шымкент қаласының 50-ге жуық жалпы орта мектептерінде инклюзивті білім беру ісі қолға алынды. Онда 373 ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқиды. Қамту деңгейіне қарай мектептерде бұл көрсеткіш 1-ден 20-ға дейінгі аралықта. Басым бөлігі 3-6 сыныптарда. 10-11 сыныптарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жоқ. Қаланың 7 мектебінде арнайы сыныптар бар. Онда негізінен тіл кемістігінің түрлі деңгейі анықталған балалар білім алуда.

Тұжырымдамалық тәсілдерге сай 2021 жылы барлық мектепке дейінгі және орта білім жүйесінде инклюзивті білім берудің ұлттық моделі кешенді түрде ендіріледі деп күтілуде. Бірыңғай және келісілген принциптер, сапалық және сандық индикаторлар мен процестерді мониторинглеу мен инклюзивті білім берудің тиімділігін бағалау жүргізіледі. Демек, инклюзивті білім беруді әлеуметтік қажеттілікке жұмсалған шығын деп емес, экономикалық инвестиция ретінде қарау керек. Инклюзивті бағдарламалар құны қымбат. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту одан 2-3 есеге күрделірек. Халықаралық тәжірибе адами капиталды инвестициялау экономика мен қоғамда маңызды қайтарымы болатындығын дәлелдеп отыр. Осы орайда Қазақстанда нақтылы модель қалыптастырып, жаңартылған білім мазмұны негізінде жүйе жинақтау қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // http://kzbydocs. com/docs/649/index-28098-1. html

2 Назарбаев Н. Ә. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. –Астана, 2018 (2017. 28. 12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

3 Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы): http:// adilet. zan. kz/rus/docs/U1000001118.

4 Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». - Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.

5 ҚР Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз

6 Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы

7 Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары. ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 5 ақпандағы N 81 Қаулысы

8 Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ҚР 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы

9 Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы ҚР 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV ЗаңыМектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары // Қолжетімді түзім: adilet. zan. kz/kaz/docs

10 Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген.

11 Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция [5] (2006 жылғы 13 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған. Факультативті хаттамаға 2008 жылы қол қойған): http:// www. un. org/russian/ documen/convents/disability. html

12 «Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясының (1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған. 1994 жылы ҚР Үкіметімен ратификацияланған)

13 Ерекше білімді қажет ететін балалы отбасындағы ата-ана мен бала қарым-қатынасына қажетті ерте түзете-дамыта көмек беру // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы, №1 (73). 2018. -138-144 бб.

14 В Казахстане набирает обороты система инклюзивного образования. Источник:http://www. uchi. kz/v-kazahstane-nabiraet-oboroty-sistema-inklyuzivnogo-obrazovaniya

15 Международная конференция «Аутизм. Мир возможностей. 5-6 октября 2016, Астана). [Электронный ресурс]. - Режим доступа: https://conference. asylmiras. org

МАСАЛИЕВА Ж. А.,
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ДАРКУЛОВА К. Н.
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының доцент м. а.,
филология ғылымдарының кандидаты,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ТЕРМИНДІК ҚОЛДАНЫС ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі ғылыми айналымда жүрген арнайы педагогикаға қатысты ұғымдардың қолданысындағы бірізділіктің болмауы, баспа бетінде жарық көрген еңбектердегі ғылыми терминдердің мәнін айқындауда да ортақ нақты жүйенің болмауы сала терминдерінің тұрақтануына кедергі келтіретіндігі жайында сөз болды. Отандық тұжырымдамалық тіл мен әлемдік педагогикалық қоғамдастықтың тұжырымдамалық тілі арасындағы кедергіні жеңудің басты құралы ретінде сала мамандары мен зерттеушілердің, жалпы оқырман қауымының бекітілген, заңды құқығы бар құжаттардағы қолданыстарды басшылыққа алып, термин алалығына жол бермеу қажеттілігіне басты назарда болуы қажет.

Кілт сөздер: термин, терминология, ерекше білім беру қажеттілігі, инклюзивті білім, арнайы педагогиканың тұжырымдамалық-терминологиялық аппараты

Резюме. В статье говорилось о том, что отсутствие единообразия в применении понятий, относящихся к специальной педагогике, находящихся в современном научном обороте, отсутствие четкой общей системы в определении сущности научных терминов в публикуемых трудах препятствуют стабилизации терминов отрасли. В качестве главного средства преодоления барьера между отечественным концептуальным языком и концептуальным языком мирового педагогического сообщества необходимо акцентировать внимание специалистов отрасли и исследователей, широкой читательской общественности на необходимости недопущения терминального разночтения, руководствуясь применимостью в утвержденных юридически правоустанавливающих документах.

Кючевые слова: термин, терминология, особые образовательные потребности, инклюзивное образование, концептуально-терминологический аппарат специальной педагогики

Abstract. The article stated that the lack of uniformity in the application of concepts related to special pedagogy, which are in modern scientific circulation, and the lack of a clear general system in determining the essence of scientific terms in published works prevent the stabilization of the terms of the industry. As the main means of overcoming the barrier between the domestic conceptual language and the conceptual language of the world pedagogical community, it is necessary to focus the attention of industry specialists and researchers, the general reading public on the need to avoid terminal discrepancies, guided by the applicability in the legally approved legal documents.

Keywords: the term, terminology, special educational needs, inclusive education, conceptual and terminological apparatus of special pedagogy.

Жеке тұлғаның психикалық-физикалық ерекшеліктеріне, танымдық мүмкіндіктеріне сай, оқыту мен тәрбиелеуді дамыту мен түзету бірлігінде қамтыған арнайы педагогика терминдерінің аясы кең болатындығы заңдылық. Қоғамның рухани дамуы стратегиялық танымы білім, ғылым және мәдениет салаларындағы көптеген заманауи мәселелер өзектендірілуде. Сөз, термин жасау бұл – табиғи процесс. Заманауи әдебиеттерде ғылыми терминдерден көз тұнады. Оның мәнін нақтылау үшін оқырман жиі библиографиялық басылымдарға жүгінуі керек. Бұл процесс инклюзивті білім беру жүйесінде арнайы ақпаратты қажет ететін, арнайы педагогикалық дайындықтан өтпеген жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін айтпағанда, тіпті білім алушылар мен практик-мамандар үшін де қолжетімділігін төмендетеді. Қазіргі таңда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы кезеңінде, жедел жүріп жатқан жаһандану мен интеграция процесінде терминдік қолданыс ғылыми айналымда да өткір проблема қатарында. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әр түрлі жазылуы көпшілікті жаңылдырады. Терминологияның қазіргі жай-күйі, терминдерді біріздендіру туралы сан алуан ғылыми тұжырымдар, түрлі қоғамдық пікірлер айтылуда. Біз мақаламызда инклюзивті білім беру мәселелеріне қатысты арнайы әдебиеттермен, іргелі, қолданбалы зерттеулер мен монографиялармен, мақалалармен танысу барысында кездесетін ұғымдар мәнін нақтылау жайын сөз еткіміз келеді.

«Дефектологиялық сөздік» [1] осы уақытқа дейін арнайы педагогика саласындағы анықтамалық көзі болып келді. Әйтсе де бұл сөздік-анықтамалықты қамтитын ұғымдар шеңбері әлдеқайда тар әрі оған басқа анықтамалық еңбек-

терде көрініс таппаған көптеген терминдер де енген. Арнайы педагогиканың негізгі ұғымдары айтарлықтай өзгеріске ұшырай қойған жоқ десек те, бұл сала ғылымы мен практикасының дамуы қолданыстағы бірқатар ұғымдарды түбегейлі басқаша түсіндіруді қажет етті. Терминжасам барысында оның теориялық негіздерін анықтауға, терминологиялық жұмыстардың тілдік қағидаттарын жүйеге түсіру, нақты бағыт-бағдар беретін заман талабына сай қолданыстарға қажеттілік туып отыр. Бұл кейбір жаңа терминдерді енгізу қажеттілігін түсіндіреді. Осы орайда жаңартылған мазмұнды, өзгертулер мен толықтырулар енгізілген бірнеше сөздіктердің баспа бетінен жарық көріп жатқандығы заңдылық. Әйтсе де, сала терминдерін реттеу, жүйелеу, біріздендіру, нормалау, стандарттау бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар қолданыста толық басшылыққа алынып жатыр деп айта алмаймыз. Терминологиялық жүйесіздік пен терминологиялық жұмыстарды теориялық тұрғыда толықтыру мақсатында оның теориялық және практикалық мәселелерін белгілі бір ғылыми жүйеге түсіру, жаңа терминдер мен лингвистикалық заңдастыру тұрғысынан қарастыру қажеттілігі айқындалуда.

Қазіргі таңда елдің әлеуметтік-саяси өміріндегі өзгерістермен «дефектология» терминінің мәні өзгеріп, «ақаулар туралы ғылымнан» дефектология іс жүзінде бірқатар байланысты ғылыми салаларға, ең алдымен медицина мен арнайы психологияға негізделген педагогикалық білімнің тәуелсіз саласына айналды. Ғылым жүйесінде, атап айтқанда педагогика құрылымында дефектологияның орнын нақты анықтау қажеттілігі туындады. Әлемдік ғылыми қоғамдастықпен және шетелдік педагогикалық практикамен байланыстардың дамуы «дефектология» терминінің гуманистік парадигмасы контекстінде қолайсыздықты және оған теріс көзқарасты көрсетеді деп танылып, «дефектологиядан» «педагогикаға» көшу процесі орын алды. Бұл сала «арнайы педагогика» атауын иемденді.

Жоғарыда аталған ғылыми бағыттарды бір құрылымда қорғау, сақтау және дамыту қажеттілігі жойылды. Педагогикалық білім саласының идеологиялық негіздері бойынша арнайы педагогика құрылымында психология, әлеуметтік педагогика, кәсіби бағдарлау және т. б. білімнің дербес салалары дамуын жалғастыруда.

Мамандар арнайы педагогиканың тұжырымдамалық терминологиялық мұрасына ғылыми талдау жүргізуде. Арнайы педагогиканың тұжырымдамалық-терминологиялық аппаратының XXI ғасырда дамитын қазіргі тұжырымдамалық негіздерге сәйкестігін анықтауда. Еліміздің білім беру саласындағы халықаралық интеграциялық процестерге ену фактісін ескере отырып, отандық тұжырымдамалық тіл мен әлемдік педагогикалық қоғамдастықтың тұжырымдамалық тілі арасындағы қазіргі кедергіні жеңудің жолдарын іздестіруде. Арнайы педагогиканың терминологиялық аппаратын ретке келтіру жұмыстары қолға алынуда. Қолданыстағы бірқатар ұғымдар сөзсіз арнайы педагогиканың және онымен байланысты білім салаларының дамуымен жинақталады, ғылыми қоғамдастықтағы талқылау мен келісім негізінде терминдерді өзгерту қажеттілігі орын алады. Қоғамдық ортаға қосу, тарту немесе енгізу процесін білдіретін «инклюзив» термині бой көтерді. Білім беруге қатысты барлық білім алушылардың алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту мен кәсіби даярлауда еркін, кедергісіз орта құру мақсатын айқындаған «инклюзивті білім беру» ұғымы кең қанат жаюда. Барлық жеке тұлғаның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру ұсынымдарын ескеру қағидатына сай жүзеге асыруды көздеген зерттеулер, бағдарламалар мен әдістемеліктер даярлау қажеттіліктері айқындалды [2, 235-240 бб.]. Ғылыми айналымға енген инклюзивті білім беру мәселелеріне қатысты тілімізде жаңа ұғымдар қалыптасуда. Тұрмыс жаңарып, заман өзгерген сайын, техника дамыған мына заманауи терминдер де біздің тілімізде арта түсуде.

Тілдің белгілі бір даму кезеңінде жаңа ұғымдардың қалыптасуы немесе нақтылы бір атаудың қолданыстан шығып, жаңа атаумен берілу мүмкіндігі бар. Осындай кезеңде атау термин ретінде орнығып қалыптасқанша, бір ұғым беретін бірнеше атауды қатар қолдану беталысы байқалады. Мәселен, инклюзивті білім беруге қатысты нормативті-құқықтық құжаттарда кезінде медициналық, психологиялық тұрғыдағы «аномальді», «кемтар» ұғымдарының орнына енген «мүмкіндігі шектеулі» қолданыстан шығып, орнына «ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар» термині ендірілді. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 13 қарашадағы №398-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына енгізілген білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларда: «11-баптың 14-тармақшасындағы «мүмкіндігі шектеулі балалардың» деген сөздер «ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың)» деген сөздермен ауыстырылсын» [3].

Көптеген жылдар бойында арнайы педагогикадағы бірқатар атаулар мен ұғымдар мән-мазмұнын анықтауда ортақ пікірге келе алмай отырғанымыз да жасырын емес. Заң аясында нақтыланып, редакцияланса да ғылыми еңбектердегі терминдік жүйеде бірізділік жоқ. Жоғарыдағы атаулар бір-бірімен жарыса, қатар қолданылуда. Баршаға ортақ ұстанымдар мен қағидаттар басшылыққа алына бермейді немесе оларды қолданушылар қалауына қарай өздері белгілейді немесе жиі өзгертіп алады. Кейде аударманың дұрыс жасалмауы да терминдік алалыққа негіз болады. Терминге, терминологияға бұлай қа-

рау – бұл саладағы жұмыстың жолға қойылмағандығын, істің ғылыми, кәсіби тұрғыдан тиісті деңгейде жүргізілмей отырғандығын көрсетеді. Терминдердің қолданысындағы мұндай алалық, оларды бір арнаға тоғыстырып жүйелеу қажеттілігін айғақтайтындай.

Тіптен, «Білім туралы» Заңда «ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар» деп нақтыланып көрсетілсе де, баспа бетін көрген еңбектерде кездесетін терминдерде сәйкессіздіктер орын алып жатады. Салыстырыңыз, «ерекше білім беру қажеттілігі бар», «айрықша білім алу қажеттіліктері бар» [4, 4 б.], «білім алуда ерекше қажеттіліктері бар» [5], «ерекше мұқтаждықтары бар балалар» [6, 4 б.] сынды ала-құлалықтан бас көтере алмайсыз. Бұл өзара кеңесе отырып шешетін өзекті мәселелердің аз емес екендігінің көрнісі.

Біздің түсінігімізде «ерекше білім беру қажеттілігі бар» термині білім беру процесінің негізінде, сапалы білім алу мен әлеуметтік бейімдеу мән-мазмұнын айқындайды. Қазіргі әлемдік арнайы білім берудің теориясы мен тәжірибесінде инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталып, «балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді» [4, 4 б.] деген сипаттағы анықтамалар мақұлданып, кең қолдануда. Ал инклюзивті білім беру ортасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтенуге және білім, біліктер мен дағдыларды игеруге деген дербес қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылатын құндылықты-бағдарланған орта ретінде анықталады. Тұлғаның әлеуметтенуі, қоғамға енуі оның қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде, яғни сөйлеу тілінде көрініс алатындықтан оқыту мен тәрбиелеу, дамыту мен түзету процесінде арнайы педагогтер мен тіл білімі саласының мамандарының өзара бірлікте әрекет ету қажеттілігін жоққа шығара алмаймыз. Тіл – «адам қатынасының аса маңызды құралы» бола келіп, адамзаттың бір-бірімен түсінісу, пікір алысу, сөйлесуіне жол ашып қана қоймайды. Сонымен қатар, ішкі, сыртқы қоғамдық жағдайларға әсер етеді, халыққа қажетті әлеуметтік, экономикалық істерді аңғаруға мүмкіндік жасайды, бірлесіп еңбек етуге дәнекер болады, қоғамдық-саяси күштердің өз мақсаттары үшін күресуіне қызмет ететін саяси құралы болады. Тіл адамның ісі мен әрекетінің барлық саласын қамтиды, осыған орай, оның қимыл өрісі кең және жан-жақты болады. Сондықтан да баланың сөйлеу тілін дамытуда арнайы педагогика невропатология, генетика, психология, педагогика, тіл білімі секілді бірқатар ғылым салаларымен тығыз бірлікте қарастырылады. Сала мамандарының арнайы педагогикалық білімге ие болуымен қатар оған балалармен қарым-қатынас орнатуға көмектесетін лингвистикалық, медициналық, психологиялық білім негіздерінің болуы маңызды.

Екінші бір назар аударатын мәселе – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар категориясы. «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінде» білім беруге ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар санатында мүмкіндіктері шектеулі балалар; мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар; қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік-психологиялық деңгейі төмен отбасынан шыққан балалар) [4, 5 б.]. Мұндай топтастыру әлемдік тәжірибе негізінде жасалғандығы анық. АҚШ, Европа елдерінде, Ресейде инклюзия процесіне мүгедектігі бар, когнитивті және ментальді ерекшеліктері бар адамдар, этникалық азшылық өкілдері, пенитенциарлық мекемелердегі адамдар, қоғамның маргиналды топтары, АИТВ жұқтырғандар, еңбек мигранттары, шетелдік студенттер, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдар, дарынды тұлғалар, әртүрлі зияткерлік және физикалық ауытқулары бар адамдар және т. б. қатысады [7] деп көрсетілген.

Инклюзивті білім беру терминдерінің глоссарийлерінде де жоғарыда көрсетілген категория атаулары ұсынылады [8]. Мәдениеттердің арасындағы байланыс, мәдениетаралық қатынастар қашан да болған, бола да береді. Көрші отырған немесе мәдениеті, ғылымы мен технологиясы дамыған халықтар бір-бірінен сөздерді, ұғымдардың атауларын алады, өзара сөз алмасады. Тіліміздің дыбыстық жүйесіне де, сөз алмасу, термин алмасу процесіне де халықаралық қолданыстарды басшылыққа алып келеміз. Егер кеңестік кезеңдегі терминологиялық сөздерді сараптап қарасақ, техника, нақты ғылымдар саласындағы бірқатар салаларында ғылыми атаулардың негізгі дені орыс тілінен еш өзгеріссіз, тікелей алынған. Бұның өзі терминжасам емес, яғни бейімдеп қабылдау емес - олардың терминдерін қаз қалпында көшіре салу екендігі анық. Терминологиялық қорды қалыптастыру, жаңғырту және біріздендіру жұмыстарына әлемде қалыптасқан терминология саласының ғылыми және практикалық жетістіктері, тәжірибелері мен ғылыми алғышарты негіз болады. Термин және ол білдіретін ұғым терминнің дефициясынан бөлек қарастырылмайды. Десек те, терминдердің қолданысында, тіліміздегі қалыптасуында өзіндік ерекшеліктері болатындығын назардан тыс қалдырмауымыз керек. Бұл бағытта азды-көпті атқарылған жұмыстар, қол жеткен нәтижелер де бар. Мұндай дәстүр арнайы педагогика саласын-

дағы кейбір атаулардың қолданысында да орын алған. Мәселен, орыс тіліндегі «ограниченные возможности здоровья» (ОВЗ) деген ұғымды еліміздегі арнайы педагогикаға қатысты еңбектерде «ограниченные возможности развития» (ОВР), яғни «даму мүмкіндіктері шектеулі» атауымен қолданғандығы да белгілі. Әр терминнің табиғатын зерттеп, мағынасын айқындап, қолданысқа ендіруде тіліміздің ерекшелігіне сай жүйеленгені құба-құп. Терминдерді біріздендіру, жүйелеу қоғамның барлық саласында терминдердің қолдану аясын кеңейтіп, тұрақтандырады. Ендеше, қажетіне қарай өзгеден сөз алудан да қашпайық, өз тілімізде сөз жасауға да жол ашайық.

Елімізде инклюзивті білім беру ҚР Конституциясымен, ҚР «Білім туралы» заңымен реттеледі. «Білім туралы» Заңда «Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» ретінде анықталып, «19-3) ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар» анықтамасы берілген [9]. Демек, ерекше білім беру қажеттіліктері денсаулығына байланысты анықталады. Денсаулығына байланысты даму ерекшеліктері бар, яғни зерде бұзылыстары, есту және көру қабілеті, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар адамдар «ерекше білім беру қажеттілігі бар» категорияны құрайды. Заң қабылданғаннан кейін ол міндетті түрде орындалуы, қоғам мүшелерінің тарапынан қолдау тауып, олардың өмір сүру ережелеріне айналуы тиіс.

Терминдер – ғылыми ұғымдардың атаулары. Ғылым – даму тетігі, өндіріс пен кез келген шаруашылықтың негізі, мамандықтың нышаны, инновация кепілі. Дәлдікті, нақтылықты сүйеді. Халықтың қолданысына оңай еніп кететін сөздерді тілге шебер түрде енгізіп, заң тұрғысында нақтыланған терминдерді қолдану қажет. Термин мәселесі ғылыми зерттеумен ғана шектелмей, практикалық қолданбалы тұрғыдан қоғамның барлық саласына, өндіріске енгізуді қажет етеді. Сондықтан да оқырманды шатастыратын қолданыстан аулақ болған жөн. Терминдерді талапқа сай қолданбасақ, біз ғылым тілінің, салалық терминдер жүйесінің орнығуын, терминдердің тұрақты қолданылуын қамтамасыз ете алмаймыз. Нормативтік база жасақталып, талап күшейтілсе. Терминология дамуының бағыт-бағдарын белгілеп отырған кәсіби, ғылыми негізге сүйене отырып, терминдерді біріздендіру, инттелектуалдық деңгейге жауап бере алатын ғылым тілін қалыптастырып, тұрақтандыру абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Дефектологический словарь. 2-е издание. -Москва: Педагогика, 1970

2 Масалиева Ж. А., Даркулова К. Н. Инклюзивті білім беру: қажеттілік пен мүмкіндіктер // Вестник Казахского государственного женского педагогического УНИВЕРСИТЕТА. № 2 (78) – Алматы: «Қыздар университеті», 2019. 235-240 бб.)

3 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 13 қарашадағы № 398-V ҚРЗ http://adilet. zan. kz

4 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.

5 Арнайы педагогиканың негізгі ұғымдары мен түсініктері. https://studlib. info/pedagogika

6 Оралбекова А. К Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы, 2017. -227 б.

7 Педагогика и психология инклюзивного образования: учебное пособие. Ахметова Д. З., Нигматов З. Г., Челнокова Т. А. и др. / Ахметова Д. З. . — Казань: Познание, 2013. — 204 с.

8 Глоссарий терминов по вопросам инклюзивного образования // http://mggtk. ru/info/education/inkluziv/01_glossary_inkluz. pdf

9 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 13 қарашадағы № 398-V ҚРЗ http://adilet. zan. kz

ӘОЖ 373.

МОЛДАБЕК Қ.,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы,
педагогикалық факультеті,
Silkway халықаралық университеті

ЖАУЛЫБАЕВ Ж. К.
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы,
педагогикалық факультеті,
Silkway халықаралық университеті

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ІСКЕРЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін. Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іскерліктерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: болашақ, бастауыш сынып, мұғалімдер, іскерлік, қалыптастыру.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы формирования умений будущих учителей начальных классов.

Ключевые слова: будущее, начальные классы, учителя, деловитость, формирующая.

Resume. The article deals with the formation of skills of future primary school teachers.

Keywords: future, elementary classes, teachers, efficiency, formative.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында мұғалімнің дайындығына мынадай талаптар қояды: «мұғалім оқу материалын дайындап беруші, талап етуші ғана емес баланың өз бетімен ізденуінде білік пен дағдыны қалыптастырушы, оның іздену – зерттеу жұмысына қамқоршы, жетекші деңгейіне дейін көтерілуі тиіс» [1]

Жалпы адамзат мәдениетін, ой-пікірдің дамуын жас ұрпаққа жеткізуші тұлға ретінде мұғалім өте маңызды рол атқарады. Бүгінгі мұғалім – ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, жаңаша ойлауға қабілеті бар, халқымыздың педагогикалық мұрасын және дүние жүзілік озық педагогикалық ой – пікірді меңгерген ізденімпаз маман.

Дамудың қандай бір деңгейінде адамның жеткен жетістіктері адамның қоғамның толыққанды мүшесі болуына, әлеуметтену үдерісіне бағытталады. Егер адам қандай факторлардың әсерімен және қалай жеке тұлға болатынын анықтау керек болса, онда қалыптасу үдерісі қамтылады. Жеке тұлға тұқым қуалаушылықтың, қоршаған орта, педагогтардың мақсатты бағытталған іс - әрекеттері, өзінің іс - әрекеттері, өзін-өзі тәрбиелеу және т. б. факторлар әсерімен қалыптасады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Іскерліктерді қалыптастыру мәселелерін зерттеуде біз жоғарыда айтылған ескертпелерге сүйене отырып, адам бойында іскерліктің қалыптасуы түрлендіруші іс - әрекеттің дамуына бағытталған, білім беру үдерісі болуы қажет деп негіздедік.

Іскерлік - оқушының тез, дәл және саналы түрде әрекетті (немесе көп күрделі іс-әрекеттерді) белгілі жағдайларда дұрыс жұмыс тәсілін қолдану және таңдау дайындығы. Барлық ептілік білімге негізделген белгілі іс-әрекетті, практиканы талап етеді, онсыз жалпы ептілік болуы мүмкін емес.

Қазіргі уақытта, білім беру деп, үдерісті, сонымен қоса тиімді құрылған оқыту мен тәрбие арқылы адамның даму нәтижесін түсіну қабылданған.

Б. С. Гершунский [2] білімді кем дегенде төрт аспектіде анықтау мүмкін деп біледі: білім - құндылық, білім - ол жүйе, білім - бұл үдеріс, білім - бұл нәтиже.

Тұтастай алғанда барлық білім сияқты, адам бойында іскерліктердің қалыптасу үдерісі, қоғам дамуының экономикалық, технологиялық, мәдени, әлеуметтік үдерістерімен өзара байланысты. Оқу-тәрбие үдерісінің өмірмен ажырамайтын байланыста жеке тұлғаны қалыптастырудың шарты ретінде бітімгерлерді еңбек іс-әрекетіне міндетті қатыстыруы бұл үдерістің табыстылығының кепілі болып табылады.

Жеке тұлғаның интенсивті қалыптасуының бастауы мектептегі, жоғары мектептегі оқу жылдарында өтеді және ол педагогтардың, әрбір оқушыны, бітімгерді қамтыған, жалпыға бірдей қабылданған түрлі іс-әрекеттеріне байланысты. Осыған сәйкес іскерліктердің қалыптасуы көптеген факторлардың ықпалында және жеке тұлғаның қалыптасуының барлық кезеңінде жүретін күрделі үдеріс деп болжанады.

Жеке тұлғаның дамуы, өзіне қоғамдық үде-

рістердің мазмұндық сипатын қамтиды. Осыған сәйкес К. А. Абульханова-Славская оны қоғамдық өмір тіршілігіне жеке тұлғаның іс - әрекеттегі «қозғалысы» ретінде қарастырады. «Жеке тұлға дамуы сапасының деңгейі - оның қоғам өміріне қатысуының шарты», - деп жазады [3]. Қоғамдық өмірге белсене қатыспайынша, жеке тұлға дамуының жүзеге асуы мүмкін емес. Бұған дәлел ретінде, Л. Н. Коганның сөзін келтіруге болады, «жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, тарихи даму барысында өзгеретін қоғамдық қатынастарды оның игеру үдерісі. Бұл меңгеру ойша жүзеге аспайды, яғни ол түрлендіруші іс - әрекет барысында жүзеге асады» [4].

Іс-әрекет теориясы (Л. С. Выготский, С. Л. Рубенштейн, А. Н. Леонтьев және т. б.) шеңберінде және осыған негізделген дамыту, оқыту теориясы (Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов) баланың дамуы деп жеке тұлғалық типті және оқыту мен тәрбие үдерісінен шығатын олардың қабілеттеріне сәйкес іс-әрекеттерді меңгеруді, содан келіп, оларды жүзеге асыруды түсіндіреді.

Заманауи таным үшін, "іс әрекет" ұғымы және оның көмегі арқылы адамзат қоғамының әмбебап сипаттамасын түсіндіру маңызды рөл атқарады. Мәселен, О. С. Анисимов [5] бұл ұғымның үш негізгі белгілерін ұсынады:

1. Кез-келген үдеріс іс - әрекет.

2. Іс - әрекет адам қажеттілігін қанағаттандыру мен үдерістер арасындағы өзара қатынастарды білдіреді.

3. Іс - әрекет, әлеуметтік-техникалық сипатты жағдаймен болмысты түрлендіруде адам үшін сыртқы талабы бар үдеріс болып табылады.

В. Ф. Ломовтың еңбек түрлерінің әртүрлілігін зерттеу материалдарында, адамның жеке-дара іс-әрекетінің психологиялық құрылымы туралы түсініктер әзірленген болатын. Ғалымның пікірінше, іс-әрекетті психикалық реттеу тетіктерінің өзі дамушы, көп өлшемді, көпдеңгейлі жүйені ұсынады. Осы жүйені түзушілері - мотив, мақсат, тұжырымдық модель, іс-әрекет жоспары, алынатын ақпараттарды өңдеу үдерістері, дұрыс шешімдерді қабылдау және өзіңнің іс әрекет нәтижелерін талдау. Бұл жағдайда «мотив – мақсат» жүйе - түзуші фактор ретінде көрінеді, ал іс-әрекеттің заттық мазмұнында индивидтің белгілі жүйелі қатынастары беріледі.

Кез-келген іс-әрекеттің көзі, анықталған бір мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, белгілі мотивтер болатыны мәлім. Мотивтің болуы, индивидте саналы және мақсатты - бағытталған іс-әрекет түзілетінін білдіреді. "Мотив-мақсат" қатынасы іс-әрекеттің бағыттылығы мен қарқындылығын сипаттайды. Жалпы мағынада мотив адамның іс-әрекетін қоздырады, ал оның мақсаты оны орындау барысындағы неге ұмтылатыны болып табылады.

"Іс-әрекет" ұғымын қарастырған ғалымдардың жұмыстарын талдау, бізге адамның қабілет мүмкіндігі мәселесін қарастыру қажеттігін алға тартады. Индивидтің қабілет мүмкіндігі туралы әңгіме болғанда, ең алдымен қандай да бір іс-әрекетті игерудегі және белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу жеңілдігін анықтайтын, оның бірқатар психологиялық қасиеттерінің жиынтығы түсініледі.

Жеке тұлғаның қажеттілігі мен қабілеті мәселесі бойынша отандық педагогикалық және психологиялық зерттеулерде бірқатар теориялық қағидалар ұсынылған. Олар, адамдағы нышандарға сүйеніп, іс – әрекеттер барысында қабілеттер дамиды және қалыптасады. Бұл нышандар адамның нақты әлеуметтік өмір тіршілік жағдайына байланысты жүзеге асуы мүмкін. Бұлай болған жағдайда, қабілет пен нышан арасындағы бір мәнді емес өзара байланысты, яғни бастапқы бірдей нышан негізінде, әрдайым біртекті қабілеттер қалыптаса бермейді және керісінше жүреді.

Бүгінде, іс-әрекет үдерісінде жеке тұлғаның қалыптасуы механизмі (тетігі) туралы түсінік түбегейлі өзгеруде. Егер ілгіріректе адамның дамуы олардың адамзаттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін осы тәжірибе өзгерісін қамтумен меңгеруге қабілетті етеді деп есептелді. Қазір басқаша түсініктер қалыптасуда, яғни адам, өз іс-әрекеті үлгілерін көрсе және түсінсе, әрі осы үлгілерді түрлендірсе, осы арқылы өзін-өзі, өзінің өзіндік өзгешелік үдерісін көрсете алса ғана дамиды.

Әрбір адам табиғат жаратылысынан-ақ, оған белгілі бір іс-әрекет түрлерін игеруге және орындауға мүмкіндік беретін қабілеттерге ие. Іс-әрекеттің психологиялық - педагогикалық ерекшеліктерін талдай отырып, берілген ұғымның күрделі екендігін анықтауға болады. Сонымен, іс-әрекет үдерісінде адам тұлғасының барлық жақтары бойынша олардың көптүрлілігін көрініс табады, белсендіріледі және өзара әрекеттеседі. Тұлғаның бағыттылығы, іс-әрекет сипатын анықтауға өзіндік қоздырушы қызметін атқарады. Егер, іс-әрекетке адамды қоздырушы және оның мақсаты белгісіз болса, онда адам іс-әрекетінің мағынасын түсіну мүмкін болмайды. Сонымен, жүзеге асырылатын іс-әрекеттің сипаты бойынша мақсатын, оған негізделген әрекеттің сипаты мен тәсілін анықтауға мүмкін болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде іскерліктердің қалыптасу мәселесін зерттеудің жетістігі көбіне, технологиялық білім берудің тиімділік критерийі және «Бастауыш сыныптарда еңбекке баулу теориясы мен технологиясы» пәнін оқытуда тексерілетін тәсілдері мен әдістерін анықтайды.

Теориялық зерттеулер мен психологиялық - педагогикалық әдебиеттерді талдау, бізге білімгерлерде іскерліктер (психомоторлы дағдылар) қалыптасуының негізгі критерийлерін анықтауға мүмкіндік береді.

«Түрлендіруші іс - әрекет деңгейі» критерийі:

- түрлендіруші іс-әрекетке құндылық қатынасы;

- білімгерлерде түрлендіруші белсенділіктің дамуы;

- қойылған тапсырманы орындауға өзіндік дұрыс шешім қабылдаудың дамуы.

«Тұлғаның технологиялық маңызды сапалары» критерийлері:

- қоғамдық өмірдің заманауи жағдайына білімгердің дайындығы;

- түрлендіруші іс-әрекет нәтижесіне сәйкес өзіндік бағалау;

- білімгердің түрлендіруші іс-әрекетке нақты мәнінде қатысуы;

-технологиялық қанықкан әлемде өмірлік қажетті жеке тұлғаның сапаларын дамытуы.

«Технологиялық маңызды білім, іскерлік, дағдылар» критерийлері:

- білімгердің нақты түрлендіруші мінез-құлқы;

- гуманды технологиялық мақсатты бағдарлы түрлендіруші іс-әрекет дағдылары;

- оң түрлендіруші қылықтарды орындау іскерлігі;

- түрлендірудің қажеттілігін саналы сезіну.

«Қоғамның технологиялық дамуының салдарын саналы сезіну» критерийі:

- табиғи - мәдениет бағытты түрлендіруші іс-әрекетке қажеттілік;

- өзін түрлендіруші іс-әрекет субъектісі ретінде сезіну.

Білімгерде еңбекке дайындық бағыты бойынша тиімді қалыптастырудың қажеттілігі, бізге келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: оның түзіле қалыптасуының критерийлерінің айшықталуы және дамуы егер оқу - тәрбие үдерісінде оны кеңінен ендіру жүретін болса, егер білімгерлер технологиялық тапсырмаларды тиімді шешу жолдарын өзінше табуға үйренсе, сондай-ақ қабылданған шешімдерді талдай алса, оның қалыптасқандығының критерийлерін анықтау мен дамыту мәнді болады.

Еңбекке баулу пәнінде оқушыларға қолөнер бұйымдарын дайындауда технологиялық үдерістер және осы үдерістердің ғылыми негіздері жөніндегі білім берумен қатар практикалық сабақта олардың еңбек іскерліктері мен дағдыларын еңбектің сферасына сай қалыптастыру тиімді болып табылады.

Білімгердің іскерліктерін еңбекке дайындық бағыты бойынша қалыптастыру барысында іс-әрекет түрлері жүзеге асырылады.

Проблеманы іздеуді жүзеге асыру: қажетті ақпаратты табу және оны талдау, жобалар қорын пайдалану, белгілі бір бұйым немесе қызмет түріне деген қажеттілікті зерттеу, интеллектуальдық және материалдық мүмкіндіктерді зерделеу (шағын маркетингті зерттеулер жүргізу т. б.)

Өзінің жұмыс орнын ұйымдастыру: қажетті аспаптар мен материалдарды, көмекші құрал-жабдықты, технологиялық картаны, анықтамалық әдебиетті дұрыс орналастыру, қажетті мөлшерде табиғи және жасанды жарықтандыруды және талапқа сай ауа алмасуын, температура мен ылғалдылық режимдерін ұстануды дұрыс орнату, өзінің тұлға болмысына (антропометриялық сипаттамасына), дене өлшеміне, көзінің көру, есту мүмкіндігі және т. б. жағдайына сай жұмысқа лайықты қалыпты ұстау.

Өзінің жобалау іс-әрекетін жоспарлау және оның нәтижесін алдын-ала көре білу, технологиялық тәртіпті сақтаумен жобаның жекелеген бөліктерін және тұтастай орындаудың оңтайлы мерзімін белгілеу. Электр қуатын пайдалануда техника, механикалық зақымдау, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау психикалық ақауларға қатысты техникалық қауіпсіздіктерін ұстану. Жобаның технологиялық, экономикалық, экологиялық, қауіпсіздік, эргономикалық, жүйелік, шығармашылық бағыттылығы және дизайн талаптарына сәйкес орындау қызықты, шамаға лайықты бұйымның немесе қызмет көрсетудің бәсекелестікке қабілеттілігі, маңыздылығы және құндылығы секілді критерийлері бойынша кінәраттары мен артықшылықтарына өзіндік талдау жасауды жүзеге асыру.

Білімгердің жобалау-технологиялық білім жүйелі, кіріктірілген және тұтастық сипатта болуы тиіс. Олар аталған білімді мектептің, жоғары мектептің әртүрлі пәндерін зерделеу барысында, сондай-ақ тікелей жобалау іс-әрекетін жүзеге асыру барысында меңгереді.

Жобалау-технологиялық іскерлік кешенді, икемді және жұмылдырушы болуы тиіс. Олар арнайы жаттығулар, әрі жекелей алғанда, кейбір технологиялық операцияларды орындау үдерісі барысында қалыптасады және дамытылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іскерліктерінің қалыптасуы өзінің өмір тіршілігі субъектісі ретінде, олардың заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сәтті, табысты төселуіне икемді. Білім беру, оқыту мазмұнының технологиялық құраушылары жалпы білім берудің барлық жүйесін теңдестіруге, ақпараттық және технологиялық толыққан әлемде адамдардың өзара әрекетінің және үйлесімді өмір сүруінің қажетті шарты болып табылатын білім беру жүйесінің жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық құраушылары арасындағы өзара ықпалды байланысты орнатуға және олардың тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іскерліктерін (п д) қалыптастыру адам өмірін және қоғамды тұтастай ізгілендіруді, адамдардың өмір сүру сапасын арттырады, сапалы ұрпақ тәрбиелеу негізі болып табылады.

Студенттерді еңбекке дұрыс дайындау үшін ұйымдастырушылық – педагогикалық шарттар керек. Олар: оқу орнының материалдық – техникалық базасы; оқу орынның басқа өндіріс орындарымен байланысы; еңбекке және кәсіпке

баулудың формалары мен әдістерін пайдалану және қолдану, оқытудың құралдары; кәсіпке баулу мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігінің жоғары деңгейі.

Шарт – объектінің өмір сүруі үшін, немесе әрекет етудің керекті базасы, негізі ретінде көрінеді. Педагогикалық үдерісте негізінен төмендегідей шарттар зерттеу жұмыстары мазмұнына байланысты анықталады: әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық. Сондай-ақ ұйымдастыруда: мотивациялық, кадрлық (мектепте білікті мұғалім, отбасында өнегелі ата-ана), материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық, ұйымдастырушылық, нормативтік құқықтық, ақпараттық екендігі анықталды.

Педагогикалық шарт педагогикалық жүйедегі оқыту мен тәрбие міндеттеріне байланысты ажыратады. Дәстүрлі педагогикалық жүйеге қарағанда жаңа, жетілдірілген педагогикалық жүйеге қызмет ететін шарттар жиынтығы педагогикалық шарттар болып табылады. Зерттеу жұмысымызға сәйкес педагогикалық шарттар құраушылары төмендегідей деп білеміз. Олар:

1 Студенттердің еңбек түрлеріне сәйкес қызығушылықтарының болуы;

2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іскерліктерін (психомоторлы дағдыларын) қалыптастыруға сәйкес оқыту мазмұны.

3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іскерліктерін (психомоторлы дағдыларын) қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тапсырмалардың болуы.

4 Іскерлік (психомоторлы дағдылар) қалыптастыруға бағытталған оқу-жұмыстарының (жоба әдісі негізінде) жоспарлануы және мақсатқа сәйкес іс-әрекеттердің ұйымдастырылуы.

Оқыту барысында ғылыми теорияны практикалық тәжірибе негізі арқылы мұғалімдер студенттердің біліктілігін арттыруға жол ашады. Практикалық біліктілік – еңбек қызметтерін сапалы, мақсатты, тиімді тәсілдермен атқара алу қабілеттілігі, белгілі бір ережеге және оны нақты міндеттерді шешу барысында лайықты пайдалануға негізделген жаңа әрекетті меңгерудің нәтижесі. Білікті іс - әрекет орынды тәсілдерді таңдай білуден, тек қана таңдай білуден емес, оларды тәжірибеде орындаудан көрінеді. Теория мен практика бірлігінде тәжірибенің айқындаушы рөлі бар. Мұғалімдер мен студенттер арасында білім, білік және дағдыларын іске асыруда бірлескен қимыл - әрекет, практикалық қызмет аясында кәсіби шеберлікке баулу процесі барысында қалыптасады.

Еңбекке баулу психологиясында дағдылардың үш негізгі түрі бар:

Сенсорлық-перцептивті (қабылдау дағдылары), моторлық (қозғалысты) және интелектуалдық міндеттерді шешу тәсілдері. Кез-келген дағдыны қалыптастырудың жалпы белгілері бар.

Бұл-дағды белгілерінің ерекше формасының көрінуі – әртүрлі бірнеше әрекеттердің уақыт өтуімен араласуы. Мысалы, басқару органымен бір уақытта бақылауды енгізуді тәртіпке келтіру.

Екінші белгісі- артық қозғалыстарды (немесе әрекеттер элементтерін) біртіндеп түзету және қысымды азайту.

Үшінші белгі – әрекеттің өзіне бағытталады, кейіннен зейін еңбек нәтижесіне бағытталады.

Төртінші белгі – ырғақты түрде әрекетті орындауды қалыптастыру. Ырғақты жұмыстың нәтижесінде адам ұзақ уақыт шаршаусыз жұмыс жасауы мүмкін.

Бесінші белгі – жұмыс темпін еркін өзгерту мүмкіндігінің кеңдігі.

Еңбек дағдыларын қалыптастыру процесі төмендегідей негізгі этаптардан тұрады: алғашқы кезең, адам бұл кезеңде әрекеттер құрамы, еңбек құралдары мен шарттары жөнінде білімдер алады. Талдау кезеңі – әрекеттердің жекелеген элементтерін игеру кезеңі; жинақтау (синтез) кезеңі, бұл кезеңде элементтер бүтіндікке бірігеді; әрекеттерді бекіту және автоматтандыру кезеңі. Осы кезеңде зейіннің еңбек нәтижесіне ауысуына және жұмыс темпін еріксіз реттеуге мүмкіндік туады.

Білімді меңгеру процесі күрделі бүтіндей психикалық әрекет. Білімді меңгеру процесіне көптеген психикалық процестер қатысады. (танымдық-қабылдау, ес, елестету, ойлау; сезімдік-еріктік және т. б.). Білімді игеру жетістігі бірқатар субъективті және объективті факторларға байланысты: оқуға адамның психологиялық дайындығы, оның ғылым негіздері бойынша дайындығы. Білімді меңгеру анықталған психологиялық заңдар бойынша жүреді және оның өзінің жүйелілігі бар.

Сәйкес білімдерді және ұғымдарды меңгеру мен қалыптастыру адамның жаңа объектілерімен, жағдайлармен, міндеттермен кездесу кезінде мақсатты және тиімді іс-әрекетінің алғы шартын құрады. Білім болмыстың абстрактілі және талдап қорытындыланған формасын көрсететін көрнекі образдар мен ұғымдар формасында көрінуі мүмкін.

Білімді қалыптастыру процесі үшін ең бастысы студенттің өзінің белсенділігі болып табылады. Білімдер жаңа білімдерді игеруге негіз болуы немесе олармен әрекеттесуі мүмкін, кейбір жағдайларда жаңа игерілетін білімдер мен бар білімдердің интерпренциясы өзара туындауы мүмкін, яғни теріс ықпал етуі ықтимал.

Білім мен дағды негізінде кейбір белгілі іс-әрекет түріне қатысты заттардың өмір сүруші белгілері әрекет пен образ формасында адамның бейнелеп көрсету қаблеті, еңбектік епті ліктер қалыптасады.

Еңбектік епті ліктерді қалыптастыру және дамыту – бұл еңбектік әрекетпен ақпаратты қатар қою және салыстыру бойынша, еңбек заты мен әрекеттен алынатын және білімдегі бар ақпарат-

ты бөліп алу мен қайта өңдеу бойынша өндірістік операциялардың барлық күрделі жүйесін меңгеру процесі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Түсініктердің түзілуі белгілі ойлау әрекетімен байланысты заттардың жалпы белгілерін анықтауға олардағы маңызды және маңызды емес белгілерді бөлуге бөліп алынған маңызды белгілерден белгілі бірлік түзуге мүмкіндік береді. Осындай әрекеттер түсініктерді алу әдістері немесе тәсілдер сапасында көрінеді бұл әдістерге жататындар: талдау, салыстыру, жинақтау, абстракциялау, талдап қорыту.

Қорыта айтқанда, іскерліктер білім беретін пәндер мазмұнында қамтылады және оқыту үдерісінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, іскерліктер жалпы және технологиялық мәдениет құраушысы, іскерліктің іс-әрекет өзегі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Бастауыш білім. –Астана, 2008ж.
2. Гершунский Б. С. Философия образования XXI века. – М. : Интердиалект, 1997. – 187с.
3. Абульханова-Славская К. А. Деятельность и психология личности. – М. : Наука, 1980. – С. 335 – 125
4. Коган Л. Н. Очерки социальной теории культуры. – Свердловск, 1972. – С. 169 - 35.
5. Анисимов О. С. Новое управленческое мышление: сущность и пути формирования. – М., 1984. – С. 162 – 21.

МРНТИ 16. 01. 45

МЫҢБАЕВА А. П.,
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
E-mail: mutlu_8484@mail. ru

ДУЙСЕНБАЕВА Р. С.
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

БЕЙІНДІК МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Түйін. Қазіргі "Covid-19" індеті болып жатқан заманында жоспарсыз пайда болған қашықтан оқу мен білім беру үдерісіне ерекше міндеттер қойылуда. Осы міндеттер – еліміздің «Мәңгілік ел» құндылығына жылдам жету жолын қалыптастыра білді. Бәсекеге қабілетті азамат тұлғасын қалыптастыру бағытында жүргізілетін қашықтан оқу технологиялары оқушылардың білімін, санасын, ой-өрісін дамытудың жаңа негізі. Бұл жерде мұғалімнің сапалы білім беру қабілетін жетілдіру маңызды. Айтылған мәселені айқындау осы мақалада қамтылған. Сондай-ақ, негізгі инклюзивті түрде сабақ өткізу, сонымен қатар білім беруде мүмкіндігі шектеулі балалардың статусын жоғарлату, қашықтан оқытудың тиімді жақтары, оның мәселелері мен болашағы қаралады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, қашықтықтан оқыту, жаңа технологиялар.

Резюме. В сегодняшнем мире, когда внезапно появилась эпидемия Covid-19 незапланированно поменялись процесс обучения на дистанционное обучение. Этот процесс открыл путь к быстрому достижению ценностей нашей страны «Вечная Страна». Технологии дистанционного обучения, направлены на формирование конкурентоспособную личность, и являются новой базой для развития знаний, сознания и мышления учеников. Здесь важно повысить качество обучения. В данной статье рассматривается эта проблема. Также обсуждаются основы инклюзивного образования, а также повышение статуса детей с ограниченными возможностями в образовании, преимущества дистанционного обучения, его проблемы и перспективы.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дистанционное обучение, новые технологии.

Summary. In today's world, when the Covid-19 epidemic suddenly broke out, the learning process has unplanned changed to distance learning. This process paved the way for the rapid achievement of the values of our country "Eternal Country". Distance learning technologies are aimed at forming a competitive personality, and are a new base for the development of knowledge, consciousness and thinking of students. It is important to improve the quality of education here. This article addresses this issue. The basics of inclusive education are also discussed, as well as raising the status of children with disabilities in education, the benefits of distance learning, its problems and prospects.

Keywords: inclusive education, distance learning, new technologies.

КІРІСПЕ

Жалпы, «Мәңгілік ел» термині қандай мағына береді? Оның құндылықтарын қалай білуге болады?

Мәңгілік ел болуды қазақ халқы ежелден арман етіп, сол үшін қаншама рет қан төгіліп, ашаршылықты да бастан кешірді, соғыстың түр-түрін бастан өткізді. Барлық оқиға бір арман үшін яғни «Мәңгілік ел» болу мақсатта болды, әлі де болып жатыр, болады да. Қазірдің өзінде Қазақстан мемлекетінің әр бір саясаты жеті түрлі құндылықтарға мақсат етіп бағытталады. 2050 жылы «Мәңгілі ел» болу, болмауымыз әрине білім деңгейімен тікелей байланысты. Барлық нәрсе тек білімнің арқасында шешілетіні дәлелдікті қажет етпейтін аксиома [1].

Соның ішінде елімізде оқу орындардың, бейіндік мектептердегі пән оқытуды жағдайы қандай? 2020 жыл Қазақстанымызда COVID-19 атымен тарихта жазылатын болды. Бұрын соңды болмаған өзгерістер еніп жатыр. Әлемдік мәселеге айналып, мемлекетімізге де үлкен әсерін тигізіп жатқан «Короновирус» атпен індет болып жетіп білім саласын қашықтан оқытуды үкімет талап етуде. 2020-2021 оқу жылында білім беру мазмұнын жаңартуымыз керек болып отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогрестің нәтижелерінің бүгінде ақпараттық аймақта орталықтандырылып жатқаны қашықтан оқытудың маңыздылығын арыттырды [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған бағдарлама қашықтан оқу формасына мүлдем сәйкес емес. Бұрын мектепке келіп, 40 минут бойы оқушының алдында бар эмоциясын көре ала-

тын ұстаз, қазір электроникалық техникалар, жаңадан шыққан, қолданысқа енді еніп жатқан платформалар арқылы қазақ тілі пәнін жүргізуде. Яғни, оқушылар да ұстаздар да мектепке бармай-ақ кез-келген жерде компьютердің алдында отырып-ақ сабақты өтіп, оның тиімді екеніне көз жеткізіп жатыр. Бар керек зат: компьютер және интернет болса болды. Жахандану дәуірі басталды деген осы. COVID-19 індет елімізге «Информатика» дәуірін алып келді десек те болады. Бала бұл оқу платформасы арқылы кез-келген жерде отырып сабақтан дәріс алу, яғни уақыт пен аймақтан тәуелсіз етіп, өз беттерінше тоқтаусыз қалағандарынша білім алу процессін қалыптастырады. Қашықтан оқыту процессі әр бір оқушының әлеуметтік жағдайын ескермейді, еліміздің «Мәңгілік ел» құндылығын меңгергісі келген кез-келген азамат, шет елде тұрса да, оқушының керекті білімін алуды қамтамасыз етеді [3].

Алайда, қашықтықтан оқыту жүйесі инклюзивті дәріс беруде айрықша маңызды. Себебі, дарынды балалардың жоғары деңгейде оқып, өсуіне көптеген әдістер пайдалану қажет. Мысалы, форумдар, қысқа мерзімді қосымша курстар, ғаламторлық желілер, чаттар мен конференциялар, оқу платформалары арқылы қарқынды қарым-қатынаста бола тұрып, кез келген оқушыға мейлінше білім беру ақпаратын алуға мүмкіндік жасау. Әрбір оқушы физикалық тұрғыдан басқа оқушылармен бір оқу бөлмесінде бола алмаса да, осы қауымдастықтың бір бөлігі болып табылу үшін әрекет жасау [4].

Ал, қашықтықтан оқыту технологиясында ондай әдістерге жағдай шектеулі. Баланың сабақты түсіну-түсінбеуіне кепілдік аз мөлшерде. Қашықтан білім беруде екі маңызды жағдайды ескеру қажет: оқытуды қадағалау және өздігінше білім алу. Қашықтан оқыту жүйесін сапалы ету үшін мұғалімнің әр алуан платформаларды білуі, көркем видео жасауға арналған техникаларды пайдалана білуі, сапалы көріністер жасау мүмкіндіктерінің қыр сырын айыра білу, оқушыларға үнемді платформа таңдап оны жібере алуы, оқушылардың орындаған жұмыстарын тез, әрі әділ бағалайтын жүйелере ойластыруы бірінші мәселе болып табылады. Екінші мәселе деп бала мен оның ата-анасын аламыз. Білім алушының өз бетінше, мұғалімсіз дәріс ала білуі, ата-анасының осындай жаңашыл қашықтан оқу бағдарламасына деген ойын, көз қарасын өзгерту болып табылады. Қашықтықтан оқыту технологиялары оқу үдерісіне тек техникалық қана емес, сонымен қатар дидактикалық инновацияларды өзгертуге мүмкіндік береді [5].

Жоғарыдағы мәселе шешімін тапса, әсерлі кері байланысқа қол жеткізе аламыз. Оқушының бүгінгі сабақта мақсатқа жете алғаны, алмағаны жайында мұғалім хабардар болуына жағдай жасау, әтижелі байланыс алу үшін әртүрлі қызықты технологияларды пайдалану маңызды.

Сонымен қатар, қашықтан білу беру процессінде мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалардың сыныптастарымен араласуына, психологиялық тұрғыдан барлық кемшілікті шеттетуге көмектеседі. Бұл ретте, білім алу бағдарламасы барлығына ортақ деген сөз. Қсонад қашықтан оқыту технологиясының өзінше бір пайдасы да, кемшіліктері де бар болғаны ма? Offline форматта өтетін «қазақ тілі» пәніне айтарлықтан өзгерістер алып келіп жатыр. Бұл жерде әдістемеге үлкен зейін тағылады. Қандай технологиялар қолданылады? Қазіргі заманның көзі ашық оқушылардың талаптарына сай ма?

Кез-келген бейін мектепке қарасақ, қашықтан оқыту технологиясы келесі әдістемелерге жүгінеді екен:

1) Телесабақтар;

2) Ғаламтор-платформаларын қолдану. Бұл жерде сабақта берілген барлық мағлұматтар (дыбыстық, графикалық, мәтіндік, бейнематериалдар, сурет, слайдтар), сұхбат, конференция, семинар сияқты оқушымен байланыстар кіреді;

3) Оқулықтардың электронды түрі;

Қашықтан оқыту әр түрлі ғаламторлық- платформалар арқылы, электронды оқулықтар арқылы іске қосылуда. Бұл жерде кеңінен таралған оқу әдістеріне: BilimLand, Kundelik. kz, Daryn. online ғаламтор-платформаларында өтетін сабақтарды, Google Hangouts Meet, Google Classroom, Microsort Teams, Opiq. kz, QaradomalaqStudio, Mektep. Online сияқты тиімді цифрлық, электронды ресурстарды қолдана аламыз. Осындай интернет-платформаларында ұстаздар өздерінің шәкірттеріне жаңа сабақты түсіндіріп, белгілі тапсырмалар жүктеп, соңында үй тапсырмасын да тектесеріп, тиісті бағасын қоя алады. Алдында атап кеткен білім беру ресурстарының қашықтан оқыту жүйесінде барлық пәнге кез-келген платформаларды қолдану тиімсіз. Пәннің сапалы болғанын ескеретін болсақ, оның еркешеліктеріне қарай тиісті платформаларды, әдістемелерді қолдану маңызды рөль ойнайды.

Қазақ тілі – тілдік пәндер болғандықтан, оның өзінің ескеретін ерекшеліктері бар. Бұл жерде басты назар ғылымға емес, адамның ораторлық бағыты, сөйлеу мәнеріне қарай айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым бағыттарына негізделеді. Тіл – адамзат қоғамының коммуникативтік құралы. Сонымен қа-тар елдің тарихын, мәдениетін бала бойына сіңіріп, атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал. Тілді оқытудың басты мақсаты – қандай да бір тақырып жөнінде идея мен түсінік қалыптастастыру емес, оқушылардың коммуникативтік дағдысын, комму-никативтік құзіреттілігін қалыптастыру, оқушының сөйлеу мәдениетінің көркемдік дәрежесін артты-ру, тілін байытып, ой өрісін, ақыл-ой деңгейін кеңейту [7].

«Қазақ тілі» пәнін ауқымды етіп өту үшін тек оқулыққа ғана емес интернет ресурстарын,

«Мәңгілік ел» құндылықтарымен байланыстыра алуды қамтамасыз етеді. Сол кезде оқушыға берілген материал қызықтылығы кеңейе түседі. Алайда, интернеттен алынған кез-келген ақпаратты жарамды екен деп, оқу жүйесіне енгізуге келе бермейді. Алған ақпараттық оқушының сынып дәрежесі, оқу қабілетіне сәйкестігі, қашықтық оқу мүмкіндігіне сай ма? Әр сабақтың өзіндік принциптері бар. Әрине, мұғалім оқушыға жіберместен бұрын тақырыпқа сай жинап алған барлық материалды сұрыптап алады. Сұраптап алған ресурсы көп болмауы тиіс. Бұл оқушының пәнге деген қызығушылығын жоғалтпаудың бірден бір септігі.

Бұл міндетті тек COVID-19 індетімен байланыстырмай, ары қарай нығайту үшін, жаңаша әмбебап, тек Whats app платформасында, ұялы телефонмен ғана емес, одан да басқа жеке тиісті құралдар мен технологиялық көпірлердің пайда болу мүмкіндіктеріне ие.

Қазіргі уақытта Дүние жүзінің әр мектептерінің инклюзивті сыныптар ғана емес барлық балалар білім алуда [5].

Қашықтықтан білім алу бағытта білікті мамандармен оқушыларға бар жағдай жасалып, жаңа платформалар ұсынылып, көмек беріп, жағдай жасап жатыр.

Ескере кетейік, бұл оқу жүйесін сырттай оқумен салыстырудың қажеті жоқ, себебі, бұл жерде ұстаз бен оқушылар арасында тұрақты байланыс бар, күндізгі оқудың жаңаша формасы ескеріле отырып қамтылған. Нәтижесінде теориялық дәріс, күнделікті тексеру, ғылыми-зерттеу жұмыстары талап етіледі. Өкіншіке қарай, біздің ғаламторда көріп жүргендеріміз, оқулыққа бекітілген CD-дисклердегі ақпараттар педагогикалық талаптарға жауап бере алмайды. Сол себепті, қашықтан оқыту технологиясын жасақтаумен және оны әртүрлі базалық, сапалы, қосымша білім беру мақсаттарындағы әдістемелер пайдаланумен байланысты мәселелерді шешудің мәні үлкен.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, елімізде қашықтан оқыту жүйесін шектемей одан әрі кеңейтіп, оны қарқынды оң жағынан пайдалану қажеттігін көрсетеді. Бұл саналы да, жоғары, адамның жеке сапасы күшті, ойлау қабілеті дамыған, «Мәңгілік ел» құндылықтарын меңгере алатын, бәсекеге қабілетті азаматтырды тәрбиелеуге негіз болады, - деп қорытындылағым келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Ерсарина А. М. Развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан // Электронный ресурс «Открытая школа» №1 (112), январь, 2012 г.

2 Околесов О. П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. -1999. -№ 6. -С. 50-56.

3 Полат Е. С., Петров А. Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. - 1999. -№7. -С. 29-34.

4 Пидкасистый П. И., Тыщенко О. Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. -2000. -№5. -С. 7-12.

5 Журнал «Информатика и образование», № 7 -2006ж. (41-45 б).

6 Журнал «Мектеп» № 11 (6 бет).

7 Н. Ж. Құрман. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: монография. Астана, 2008

МҰСАХАН Н.,
докторант,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан
E- mail: nurken---96@mail. ru

ТҰРМАМБЕКОВ Т.
профессоры, ф. -м. ғ. д.,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан
E-mail: tore_bai@mail. ru

БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДА «ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ» ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа. Жоғары оқу орындарында физика білім беру бағыттары бойынша студенттердің физикалық есептерді шығаруда жаңа әдістерді меңгеруі және оларды қолдануы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, заман талабы негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың жаңа әдістерін айқындауды қажет етеді. Зерттеудің мақсаты студенттердің бойында сақталу заңдары негізінде есептерді шешудің «энергетикалық» әдісін қолдану қабілеттерін жетілдіру. Зерттеу барысында қолданылған әдістер: жоғары рейтингті журналдардағы ғылыми еңбектерге шолу жасау, оқу үдерісінде оқытушы мен студенттердің іс-әрекетін бақылау, әдістемелік қамтамасыз ету, тесттер, тапсырмалар құру, бақылау нәтижелерін талдау. Зерттеудің нәтижесінде оқу процесінің кезеңдері және олардың мақсаттары көрсетілген. Физикалық есептерді шешудің «энергетикалық» әдісі анықталды; осы әдісті меңгеру үшін қажетті ақпараттар келтірілді. Физикалық есептерді шешудің әдісі мен білімгерлердің бойында «энергетикалық» әдісті қалыптастыруға мүмкіндік беретін дидактикалық құралдардың мысалдары келтірілген. Зерттеудің практикалық маңыздылығы энергияның сақталу заңы, сонымен қатар, физиканың басқада тақырыптарына байланысты есептерді шешуге мүмкіндік беруімен айқындалады.

Кілт сөздер: білімгер, физиканы оқыту үдерісі, «энергетикалық» әдіс, физикалық есептер, жетілдіру.

Аннотация. Одной из актуальных проблем по направлениям физического образования в высших учебных заведениях является освоение студентами новых методов решения физических задач и их применение. Это связано с тем, что требования времени требуют определения новых методов формирования ключевых компетенций. Целью исследования является совершенствование у студентов умений применять «энергетический» метод решения задач на основе законов сохранения. Методы, использованные в ходе исследования: обзор научных трудов в журналах с высоким рейтингом, контроль деятельности преподавателя и студентов в учебном процессе, методическое обеспечение, составление тестов, заданий, анализ результатов контроля. В результате исследования показаны этапы учебного процесса и их цели. Определен «энергетический» метод решения физических задач; приведены сведения, необходимые для освоения данного метода. Приведены примеры дидактических средств, позволяющих сформировать у обучающихся «энергетический» метод решения физических задач. Практическая значимость исследования определяется тем, что закон сохранения энергии позволяет также решать задачи, связанные с другими темами физики.

Ключевые слова: обучающийся, процесс обучения физике, «энергетический» метод, физические задачи, совершенствование.

Annotation. One of the most pressing problems in the areas of physical education in higher educational institutions is the development of new methods of solving physical problems by students and their application. This is due to the fact that the requirements of the time require the definition of new methods for the formation of key competencies. The aim of the study is to improve students 'ability to apply the "energy" method of solving problems based on conservation laws. Methods used in the course of the study: review of scientific papers in high-ranking journals, control of the activities of teachers and students in the educational process, methodological support, preparation of tests, tasks, analysis of control results. As a result of the study, the stages of the educational process and their goals are shown. The "energy" method of solving physical problems is defined; the information necessary for mastering this method is given. Examples of didactic tools that allow students to form an "energy" method for solving physical problems are given. The practical significance of the research is determined by the fact that the law of conservation of energy also allows solving problems related to other topics of physics.

Keywords: student, the process of teaching physics, "energy" method, physical tasks, improvement.

КІРІСПЕ

Студенттердің физикалық білімдерінің негізгі мақсаты – физикалық мәселелерді шешу әдістерін игеру. Осы мақсатқа жету үшін жоспарланған нәтижеге әкелетін әдістің мазмұнын, яғни әрекеттер тізбегін бөліп көрсету керек. Мысалы, көптеген физикалық есептерді шешудің нәтижесі белгілі бір физикалық шаманың мәнін табу болып табылады. Қазіргі қолданыста жүрген есептер жинағындағы физикалық есептерді шешу әдістеріне жүргізілген талдау – көптеген физикалық тапсырмаларды энергияның сақталу заңын қолдану негізінде шешілетіндігін анықтауға мүмкіндік берді. Сондықтан физикада есептерді шешудің «энергетикалық» әдісі дамыды [1-2].

«Энергетикалық» әдіс – мақсатты анықтайтын әрекеттер жүйесі: дененің механикалық энергиясының өзгеруін осы өзгерісті тудырған себеппен байланыстыратын қозғалыс теңдеуін құру. Бұл мақсатқа жетудің құралы ретінде келесі ақпараттар болып табылады [3]:

- энергия-бұл жүйенің күй функциясы;
- бір күйден екінші күйге ауысқан кезде дененің энергиясы өзгереді;
- дене энергиясының өзгеруі бұл дененің жабық жүйе екендігіне және ішкі диссипативті күштердің осы жүйеде әрекет етуіне байланысты;
- дененің потенциалдық энергиясы потенциалдық энергияның нөлдік деңгейін таңдауға байланысты, ал потенциалдық энергияның өзгеруі нөлдік деңгейді таңдауға байланысты емес.

Осы құралдардың көмегімен мақсатқа жету үшін келесі алгоритмдерді орындау қажет:

1. дененің I және II жағдайларын таңдау;
2. потенциалдық энергияның нөлдік деңгейін айқындау;
3. I күйдегі дененің энергиясын анықтау;
4. II күйдегі дененің энергиясын анықтау;
5. энергияның өзгеруін бақылау;
6. бұл жүйеде дененің тұйық еместігін бақылап, денеге әсер ететін сыртқы күштердің жұмысын анықтау;
7. ішкі диссипативті күштердің осы жүйеде әрекет ететінін анықтаңыз. Егер әрекет ететін болса, осы күштердің жұмысын табу;
8. белгілі бір жағдай үшін дене энергиясының өзгеруіне сыртқы және ішкі диссипативті күштердің жұмысымен байланыстыратын теңдеу құру. [4-5].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Студенттердің физикалық есептерді шығарудың «энергетикалық» әдісін қалыптастыруға бағытталған оқу процесін жетілдіру келесі кезеңдерді қамтиды.

1-кезең. «Энергетикалық» әдістің жеке әрекеттерін қалыптастыру кезеңі;

2-кезең. Дайындық кезеңі;

3-кезең. «Энергетикалық» әдісті оқшаулануы және сіңуі өтетін әдіснамалық кезең;

4-кезең. «Энергетикалық» әдісті қолдана отырып, физикалық есептерді өз бетінше шешу кезеңі.

Әрбір кезеңнің мазмұнын қарастырайық. Бірінші кезеңнің мақсаты – әдістің жеке іс-әрекетін қалыптастыру. Студенттерді алғашқы төрт әрекетті орындауға үйретуді физиканың «Механика» бөліміндегі «Денелердің өзара әрекеттесуі», «Жұмыс, қуат, энергия» тақырыптарын оқу кезінде бастаған жөн. Осы тақырыптармен жұмыс жасау барысында мақсаттары әр іс-әрекеттің мақсаттарына сәйкес келетін жаттығулар таңдалады; осы іс-әрекеттерді орындау бағдарламасы жасалады және іс-әрекеттерді қалыптастыру үшін іс-әрекеттің психологиялық-педагогикалық теориясының заңдылықтарына сәйкес ұйымдастырылады.

Бұл әдістің басқа да әрекеттерін физиканың "Жылу құбылыстары", "Сақталу заңдары" сияқты тақырыптарын зерттеуде үйретуге болады. Осы әдістің алтыншы әрекетін қалыптастыруға арналған жаттығулардың мысалын келтірейік.

Тапсырма. Бұл денелер жүйесі келесі нақты жағдайларда тұйық екенін анықтаңыз.

Кесте 1 – Жаттығулар

1. Тепе-теңдік қалпынан шығарылған математикалық маятник тербелісі.	2. Су асты кемесі су бағанында біркелкі және түзу
3. Автокөлік жолдың көлденең бөлігінде баяулайды	4. Жебенің тік жоғары қарай ұшуы.
5. Болат шар үстелге оралып, магнитпен тартылады	6. Траекторияның ең жоғарғы нүктесінде снарядтың үш бөлікке бөлінуі
7. Ғарыш кемесі қозғалмайтын микрометеорлық бөлшектер бұлтында серпімсіз соқтығысу нәтижесінде тұрақты жылдамдықпен ұшады.	8. Хоккей шайбасының мұз айдыны қапталына соғылып, кері бағытта қолғалуы.

Студенттерге осы тапсырманың орындау бағдарламасын жасау ұсынылады. Талқылаудан кейін мұғалім бағдарламаға сәйкес кез-келген тапсырманың орындалу үлгісін көрсетеді. Әрі қарай барлық жаттығуларды орындау үшін студенттердің өз бетінше жұмысы ұйымдастырылады. Бірінші жағдайды талдау үшін тапсырманы орындау мысалы 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 - №1 Жаттығуды шешу

Әрекеттер тізбегі	Жағдайды талдау
1. Тұйық денелер жүйесінің анықтамасын тұжырымдау	Сыртқы күштердің нәтижесі нөлге тең немесе сыртқы күштер әсер ететін денелер жүйесі
2. Өзара әрекеттесетін денелер жүйесін көрсету	Математикалық маятник
3. Сыртқы күштер әсерін анықтау	Сыртқы күштер жоқ
4. Сыртқы күштердің әсер ететіндігін анықтау;	-
5. Егер әрекеттесу орын алса, онда денелер жүйесі тұйық болады. Егер сыртқы күштер әсер етпесе, онда денелер жүйесі ашық	Сыртқы күштердің әрекеті жоқ
6. Қорытынды жасау	Бұл денелер жүйесі тұйық болып табылады.

Қарастырылып отырған әдістің әрбір әрекеті нақты тақырыптарды зерттеуде қалыптасқаннан кейін, студенттерді тұтастай алғанда әдіске үйретуге болады. Ол үшін белгілі бір дидактикалық құралдар қажет, атап айтқанда проблемалық тапсырмалар, яғни энергетикалық ұғымдарды, энергияның сақталу заңдарын қолдана отырып шешуге болатын мәселелер. Мысалы, мыналар:

1. Жылжымайтын екі блок арқылы жіптің үштарына массалары m=5 кг бірдей екі жүк ілінген. Блоктардың арасына, тепе-тендік кезіндегі бұрыш 1200 болу үшін жіпке ілінген жүктің массасы

2. Массалары 7 кг және 3 кг, ал жылдамдықтары сәйкесінше 3 м/с және 2 м/с екі дене бір-біріне қарсы қозғалып, серпімсіз соқтығысады. Соққыдан кейінгі денелердің жалпы жылдамдығы (OX осі оңға бағытталған)

3. Белгілі бір ара қашықтықта массалары бірдей денелер өз-ара тартылады. Егер бір дененің массасын 300 кг-ға кемітсек, олардың тартылыс күші 15%-ке кемиді (сол ара қашықтықта). Бастапқы массасының мәні.

4. Массасы 10 т вагон 2 м/с жылдамдықпен қозғалады. Оны 3 м/с жылдамдықпен келе жатқан массасы 15 т вагон қуып жетеді. Егер соқтығысу серпімсіз болса, соқтығысқаннан кейінгі вагондардың жылдамдығы [6].

Кесте 3 – Оқу үдерісінің кезеңдері

Студенттердің физикалық есептерді шешудің «энергетикалық» әдісін қалыптастыруға бағытталған оқу үдерісінің кезеңдері. Мақсаты: Студенттердің физикалық есептерді шешудің «энергетикалық» әдісі дағдыларын қалыптастыру		
Кезеңдер	Студенттердің іс – әрекеті	Дидактикалық құралдар
1-кезең. «Энергетикалық әдістің» жеке әрекеттерін қалыптастыру	Физикалық білімге сүйене отырып, әдіс әрекетін бірнеше рет орындау	Әдіс әрекеттерін қалыптастыруға арналған жаттығулар, оқу картасы
2-кезең. Дайындық	Энергияның сақталу заңын қолдана отырып, нақты физикалық тапсырмаларды шешу	Энергияның сақталу заңын қолдануы қажет тапсырмалар
3-кезең. Әдістемелік	Есептерді шешудің жалпыланған әдісін бөліп алу («энергетикалық» әдіс)	Нақты физикалық есептерді шешу әдістері
4 кезең. «Энергетикалық» әдісті қолдана отырып, физикалық есептерді өз бетінше шешу	«Энергетикалық» әдіспен физикалық есептерді өз бетінше шешу	Проблемалық тапсырмалар
	Физикалық есептерді шешудің «энергетикалық» әдісін меңгерген студенттер	Әртүрлі физикалық табиғат құбылыстарын сипаттайтын проблемалық тапсырмалар

Айта кету керек, мәселелерді шешудің бастапқы кезеңі-«Энергетикалық» әдістің жеке әрекеттерін қалыптастыру. Бұл қызмет күрделі болып табылады, себебі оқыту үшін жеке-жеке бірнеше сабақ арнау керек.

Студенттерді оқытудың екінші дайындық кезеңінің мақсаты энергияның сақталу заңын қолдана отырып, нақты физикалық мәселелерді

шешу әдістерін жинақтау болып табылады. Бұл кезеңде мұғалім студенттердің назарын әдістің әр әрекетіне аудара отырып, есептерді шешу сабақтарын өткізеді.

Үшінші, әдіснамалық кезеңде студенттер энергияның сақталу заңын қолдану үшін нақты физикалық есептерді шешу әдістерін талдай отырып, әдісті жалпыланған түрде ажыратады.

Соңғы кезең-энергетикалық әдісті қолдана отырып, жоғарғы оқу орнындағы физиканың әр түрлі бөлімдерінен физикалық есептерді тәуелсіз шешу. Кезеңдердің сипаттамасы бар оқу үдерісін жетілдіру кесте түрінде ұсынылған.

Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеуде студенттердің әртүрлі физикалық есептерді шығаруда энергетикалық әдісті қолдану қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, зерттеу мақсаты мен зерттеу мәселесі шешілді деп айтуға болады. Атап айтсақ,

- Энергияның сақталу және түрлендіру заңының ашылуы мен қалыптасуына арналған көрнекті ғалымдардың еңбектерін талдау, энергетикалық ұғымдарды енгізу қажеттілігі туындаған жағдайларды анықтауға және энергетикалық әдістің мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді.
- Физиканың механика бөліміндегі тапсырмаларды орындау барысында энергетикалық әдістің мазмұны нақтыланды.
- Физика курсындағы арнайы бөлімдердегі есептерді шығару барысында студенттердің энергетикалық тәсілін қалыптастыруға бағытталған оқу процесі кезеңдерінің ғылыми негіздері әзірленді.

Егер студенттер физика курсының нақты тақырыптарын меңгеру кезінде энергетикалық ұғым мен энергетикалық тәсілді қолдану қажеттілігі туындайтын болса, энергетикалық әдістің әмбебаптығына деген сенімнің қалыптасуы мүмкін екендігі дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген әдіс студенттердің физикалық білімдерін белгілі бір тұрмыстық жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Azizah, M., & Winarti, W. (2019). The Rule of Contextual Teaching and Learning Approach with Problem Solving Method to Students' Critical Thinking Skills on Physics Chapter Work and Energy. Jurnal Pembelajaran Fisika, 8(1), 71–85. https://doi. org/10. 23960/jpf. v8. n1. 202008

2. Bezen, S., Bayrak, C., & Aykutlu, I. (2016). Fizik öğretmenlerinin enerji konusunun öğretimine yönelik görüşleri. Egitim Arastirmalari - Eurasian Journal of Educational Research, (64), 109–124. https://doi. org/10. 14689/ejer. 2016. 64. 6

3. SAPUTRO, S. D., TUKIRAN, SUPARDI, Z. A. I., & JATMIKO, B. (2020). Conceptual framework of critical thinking skills for work and energy tests applied to physics learning. Periodico Tche Quimica, 17(36), 798–815.

4. Крутова И. А. Обучение учащихся средних общеобразовательных учреждений эмпирическим методам познания физических явлений: автореф. д-ра пед. наук / И. А. Крутова. – Астрахань 2007. – 40с.

5. Тишкова С. А. Обучение учащихся обобщенному методу построения физической модели ситуации при изучении школьного курса физики: автореф... . канд. пед. наук / С. А. Тишкова. – Астрахань, 2006. – 16с.

6. Физикадан есептер жинағы : Оқу құралы. / Құраст. А. Т. Үргенішбеков, Ж. А. Айдарова, Т. Ж. Суханова т. б. . - Қызылорда: ASU баспа үйі, 2011. - 256 б. - ISBN 978-601-229-291-6.

УДК 811. 111

НИЕТБАЙ К. А.,
к. ф. н, доцент,
Кафедра методики начального обучения,
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент

БАЙМУСАЕВА Б. Ш.
к. ф. н., доцент,
Кафедра дошкольной и специальной педагогики
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Түйін. Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті құзыреттіліктерін дамыту мәселесі талқыланады. Коммуникативті құзыреттілік әртүрлі компоненттерді қамтитын күрделі нысан ретінде ұсынылған. Педагогикалық кәсіби шеберліктің коммуникативті компонентінің сапалық және мазмұндық жағы және болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің балалармен қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру ерекшеліктері сипатталады.

Түйін сөздер: коммуникативті құзыреттілік, сөйлеу әрекеті, кәсіби шеберлік, коммуникативті дағдылар, өнімді қарым-қатынасты қалыптастыру.

Аннотация. В статье рассмотрен вопрос о развитии коммуникативных компетенций у будущих учителей начальной школы. Коммуникативная компетенция представлена как сложное многокомпонентное образование, в состав которого входят разные компоненты компетенций. Охарактеризована качественно-содержательная сторона коммуникативного компонента педагогического профессионализма и особенностей формирования у будущих учителей начальной школы способности к продуктивному общению с детьми.

Ключевые слова: коммуникативная компетенция, речевая деятельность, профессионализм, умения и навыки коммуникации, формирование продуктивного общения.

Summary. The article discusses the issue of the development of communicative competencies in future primary school teachers. Communicative competence is presented as a complex multi-component education, which includes different components of competencies. The qualitative and substantive aspect of the communicative component of pedagogical professionalism and the characteristics of the formation of future primary school teachers' ability to productively communicate with children are characterized.

Keywords: communicative competence, speech activity, professionalism, communication skills, the formation of productive communication.

Введение

Ключевым вопросом в современном образовании является компетентностный подход. Суть компетентностного подхода заключается в том, что он имеет практическую направленность и предполагает изменение педагогического процесса вуза, проектирование содержания образования на развитие личности будущего учителя.

Изучение психолого-педагогической литературы по рассматриваемой проблеме (А. К. Маркова, И. А. Зимняя, Г. М. Коджаспирова, Е. Я. Коган и др.) позволил выделить следующие критерии профессиональной компетентности учителя начальных классов:

- общекультурный;
- общепрофессиональный;
- коммуникативный;
- личностный;
- критерий саморазвития и самообразования.

Центральным среди перечисленных критериев является, пожалуй, коммуникативный, поскольку все другие критерии в плане речевого выражения опираются именно на него. Формированию коммуникативных компетенций будущего учителя начальных классов посвящены труды таких ученых, как Леонтьев А. А. (выработка коммуникативных умений в учебном процессе) [А. А. Леонтьев, 1979], Уманский Л. И. (умение устанавливать определенные практически однозначные взаимоотношения с людьми) [Л. И. Уманский, 2001], Мудрик А. В. (формирование коммуникативной культуры во взаимоотношениях педагога и студента) [А. В. Мудрик, 2014], Кашина Е. Г. (способность учителя управлять общением детей и своими взаимоотношениями с ними) [Е. Г. Кашина, 2014], Кузьмина Н. В. (умение строить правильные взаимоотношения с детьми и перестраивать их в соответствии с возрастными особенностями учащихся) [Н. В. Кузьмина, 1990].

Проблемы профессиональной подготовки учителей начальных классов могут быть успешно реализованы на основе достижений педагогики, психологии и высокого уровня развития коммуникативных способностей будущих учителей. Нами будут рассмотрены вопросы формирования коммуникативных способностей у студентов специальности «Педагогика и методика начального обучения» в рамках языковых дисциплин. Актуальность избранной темы исследования обусловлена необходимостью подробно рассмотреть компонентный состав коммуникативной компетенции учителя начальных классов.

Проблема исследования - характеристика качественно-содержательной стороны коммуникативного компонента педагогического профессионализма и особенностей формирования у будущих учителей начальной школы способности к продуктивному общению с детьми.

Теоретической основой нашего исследования являются методологические принципы современной психологии и педагогики, такие, как: единство сознания и деятельности; общение и коммуникативные способности, их роль в жизни человека; формирование человека как субъекта деятельности и общения.

Основная часть

Термин «коммуникативная компетенция» широко употребляется в качестве показателя уровня владения языком. Автором данного термина является американский языковед Н. Хомский, который и ввел его в научный обиход. В настоящее время термин «коммуникативная компетенция» интерпретируют по-разному. Первоначально термин обозначал способность, необходимую для выполнения определенной, преимущественно языковой деятельности на родном языке. «Компетентный говорящий (слушающий), по Н. Хомскому, должен образовывать (понимать) неограниченное число предложений по моделям, а также иметь суждение о высказывании, то есть усматривать формальное сходство и различие в двух языках». [Л. Ф. Низаева, 2016, с. 933]. И. А. Зимняя определяет компетенцию как «внутренние, потенциальные, сокрытые психологические новообразования: знания, представления, программы действий, системы ценностей и отношений, которые затем выявляются в компетентностях человека» [И. А. Зимняя, 2004, с. 5, 6].

Педагоги и психологи (Ф. И. Иващенко, Я. Л. Коломинский, Н. В. Кузьмина, А. А. Леонтьев и др.) отмечали важность коммуникативного аспекта, т. е. "умение педагога устанавливать педагогически целесообразные взаимоотношения с ребенком" [Н. В. Кузьмина, 1990, с. 89].

Для формирования навыков и умений речевой деятельности будущего учителя начальных классов в условиях вуза формируются коммуникативные компетенции, предполагающие ее приоритетность в процессе всестороннего формирования и развития личности, так как, во-первых, она «влияет на учебную успешность: в процессе общения как со взрослыми, так и со сверстниками происходит обмен информацией, которую впоследствии учащиеся использует для построения логически правильного ответа на вопрос или выполнение задания»; во-вторых, «от коммуникативной компетентности во многом зависит процесс адаптации учащегося к обучению, в частности его эмоциональное благополучие в группе»; в-третьих, «коммуникативная компетентность учащихся может рассматриваться как ресурс эффективности и благополучия его будущей взрослой жизни» [В. А. Сластенин, 2000, с. 191].

Будущий специалист должен не только владеть знаниями, умениями и навыками в профессиональной сфере, но и уметь продемонстрировать эти знания, показать профессионализм, подтвердить правоту своих взглядов и идей, уметь правильно представлять результаты своей деятельности в письменной и устной речи.

Н. А. Ахметова [Н. А. Ахметова, 2001, с. 101], М. Р. Кондубаева [М. Р. Кондубаева, 2003, с. 107], рассматривают коммуникативную компетенцию как сложное многокомпонентное образование, в состав которого входят следующие компоненты компетенций: *лингвистическая* (знание явлений фонетики, лексики, грамматики, а также умение их использовать в своей продуктивной речи и понимать в речи других людей); *социолингвистическая* (умения учитывать социолингвистический контекст коммуникативного акта, специфику ситуаций общения, социальный статус партнера); *социокультурная* (знание этнокультурных особенностей страны изучаемого языка, правил речевого и неречевого поведения в типичных ситуациях и умение осуществлять свое речевое поведение в соответствии с этими знаниями), *дискурсивная* (знание правил построения связного устного или письменного сообщения); *стратегическая* (умение отбирать и использовать наиболее эффективные стратегии для решения различных коммуникативных задач); *предметная* (знание предметной информации, позволяющей учащимся порождать или распознавать высказывания).

Кроме дисциплин педагогического цикла развитию коммуникативных способностей студентов способствуют специальные дисциплины филологического направления. Под языковой компетенцией понимается совокупность знаний о языковой системе (таких ее уровней, как фонологическая, лексическая, морфологическая, синтаксическая и стилистическая) и умений пользоваться ими в ситуации вербальной коммуникации [Д. Д. Арыпбекова 2016, с. 5]. Реализации языковой компетенции способствуют занятия по дисциплине «Основы современного русского языка», на

которых студенты приобретают навыки правильного формулирования теоретического материала названных выше уровней языковой системы, усваивают лингвистические термины, учатся комментировать особенности грамматических категорий разных частей речи, проводить фонетический, морфологический, синтаксический анализы.

Приобретение студентами профессиональной компетентности заключается в овладении русским языком на таком уровне, который позволит использовать его для удовлетворения профессиональных потребностей, реализации деловых контактов и дальнейшего профессионального самосовершенствования. Цель дисциплины «Практический русский язык» — формирование коммуникативной компетенции как важнейшего средства обучения, воспитания, развития студентов, важнейшего инструмента получения профессиональных знаний будущим специалистом. «В результате изучения практического курса русского языка студент должен обладать следующими общекультурными компетенциями (ОК): способностью последовательно и грамотно формулировать и высказывать свои мысли; владеть русским литературным языком, навыками устной и письменной речи; способен выступать публично и работать с научными текстами; владеть основными методами, способами и средствами получения, хранения, переработки информации на русском языке» [Д. Д. Арыпбекова 2016, с. 6].

Занятия по дисциплине «Практический русский язык» нацелены на приобщение студентов к перечисленным общекультурным компетенциям.

Занятия по «Методике обучения грамоте» способствуют развитию навыков звукового анализа, лингвистической компетенции при комментировании механизмов чтения и письма. Изучая «Методику обучения русскому языку», студенты знакомятся с методами и приемами обучения предмету «Русский язык» и, используя их на практике, не только обогащают свою методическую копилку, но и развивают профессиональную лексику. Занятия по «Обучению литературному чтению по обновленной программе» способствуют развитию коммуникативной компетенции не в меньшей мере, чем перечисленные выше дисциплины. На занятиях по этой дисциплине обучающиеся приобретают навыки интерпретирования идейно-тематического содержания художественных текстов, анализа литературных произведений разных жанров, выявления и комментирования выразительных средств художественной речи.

В Государственном стандарте начального образования отмечено: «Содержание предметов образовательной области «Язык и литература» предусматривает применение коммуникативного подхода, направленного на развитие навыков по четырем видам речевой деятельности» [ГОСО НО, 2015]. На занятиях по дисциплинам филологического направления с целью развития всех 4 видов речевой деятельности – аудирования, говорения, чтения и письма - используются разные виды работ по развитию коммуникативных навыков: работа с иллюстрациями, фотографиями, репродукциями картин, творческие устные работы на основе личных впечатлений, устные дискуссии, устная газета (о событиях в вузе, в городе, в стране), языковые игры «Продолжи рассказ по началу», «Найди третье лишнее»), лингвистическая работа с алгоритмом, мини-изложения и мини-сочинения, творческий пересказ художественного текста от лица героя, драматизация, монологическое высказывание по тексту (выразить свое отношение к прочитанному материалу, к поступку героя) и т. п.

Заключение

Высокий уровень развития коммуникативных способностей учителя обеспечивает: реальный психологический контакт, возникающий между учителем и учащимися, преодоление разнообразных психологических барьеров, которые возникают в процессе взаимодействия педагогов и детей; перевод учащихся с привычной для них позиции ведомых на позицию сотрудничества, а следовательно, их превращение в субъектов педагогического творчества. Языковая компетенция предполагает знание самого языка, его устройства и функционирования, языковых норм, в том числе орфографических и пунктуационных. Именно языковая и коммуникативная компетенции способствуют формированию умений и навыков речевого общения. А для этого в вузе необходимо максимально использовать возможности филологических дисциплин для развития коммуникативных компетенций обучающихся.

В структуре коммуникативных способностей у будущих учителей должны присутствовать такие качества, как склонность к педагогической профессии, установка на будущую профессиональную деятельность, демократический стиль педагогического общения, педагогические способности, умения и навыки профессионального эмоционального общения с учащимися. Методисты также обращают внимание на такую сторону коммуникативной компетенции, как культура речи, утверждая, что наряду с выработкой грамматически правильной речи не менее важно формировать другую составляющую культуры речи - ее выразительность, речевое мастерство [Д. И. Назаренков, 1990, с. 60]

Использование активных методов обучения педагогическому общению и развитию коммуникативных навыков позволяет подготовить будущих учителей к профессиональной деятельности на занятиях филологического направления, раскрывает их творческие способности, придает им уверенность в общении с учениками, способствует совершенствованию личности будущего педагога.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ахметова Н. А. Модульно-рейтинговая технология обучения: Научный подход /Монография — Алматы: Ғылым, 2001.

2. Арыпбекова Д. Д. Формирование ключевых компетенций студентов на занятиях по русскому языку // Молодой ученый, 2016. - № 20. 1(124. 1). - С. 3-6. — URL: https://moluch. ru/archive/124/26667/ (Дата обращения: 7. 02. 2021).

3. Государственный общеобязательный стандарт начального образования, 2015

4. Зимняя И. А. Педагогическая психология. 2-е изд., доп., испр. и перераб. – М. : Логос, 2004.

5. Изаренков Д. И. Базисные составляющие коммуникативной компетенции и их формирование на продвинутом этапе обучения студентов-нефилологов // Русский язык за рубежом, 1990. -№ 4 (126). – С. 54-60. – URL: http://elib. pstu. ru/vufind/Record/RUPSTUbooks11939 (Дата обращения: 05. 02. 2021)

6. Кашина Е. Г. Размышления у парадного подъезда: профессиональная позиция современного преподавателя иностранного языка // Учитель, ученик, учебник: материалы VII Международной научно-практической конференции: сборник статей. Москва, КДУ. – 2014. – Т. 1. – С. 317-321.

7. Кондубаева М. Р. Проблемы многоязычного образования в условиях Казахстана. // Вестник КазУМО и МЯ им. Абылай хана. – 2003. – №1(5). – С. 105-113.

8. Кузьмина Н. В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М. : Высш. шк., 1990. – 119 с. – URL: http://window. edu. ru/catalog/pdf2txt/341/63341/33477?p_page=9 (Дата обращения 06. 02. 2021.)

9. Леонтьев А. А. Педагогическое общение. – М., 1979.

10. Мудрик А. В. Социальная педагогика. Учебник для студ. учреждений высш. образования. – Москва, 2014.

11. Низаева Л. Ф. Коммуникативная компетенция: сущность и компонентный состав // Молодой ученый. - 2016. - № 28 (132). — С. 933-935. — URL: https://moluch. ru/archive/132/37125/ (Дата обращения: 07. 02. 2021).

12. Сластенин В. А. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений. 3-е изд. – М. : Школа-Пресс, 2000. –512 с.

13. Уманский Л. И. Личность. Организаторская деятельность. Коллектив. / Избранные труды – Кострома: КГУ им. Н. А. Некрасова, 2001. –208 с. – URL: https://ras. jes. su/psy/s020595920005474-7-1(Дата обращения: 05. 02. 2021).

УДК 373. 66

НУРКЕШОВ Б. Б.,
II курс докторанты,
Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті,
Шымкент қаласы

МАМЫКОВА Р. У.
б. ғ. к., доцент,
Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті,
Шымкент қаласы

ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА STEM БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Түйіндеме. Бұл мақалада Қазақстан мектеп оқушылары функционалды сауаттылығының қазіргі жағдайы мен оны көтеру мәселесіндегі қадамдар қарастырылады. Сонымен бірге STEM сөзінің тарихы мен қолдану перспективалары ұсынылады. STEM білім беру түсінігіне шет ел ғалымдарының түрлі ойларына талдау жасалады. STEM білім беруді сыныпқа енгізуде елімізде атқарылып жатқан жұмыстар келтірілген. Мақала STEM білім берудің не үшін қажет екендігін түсіндірумен аяқталады

Кілтті сөздер: ғылыми сауаттылық, 21 ғасыр дағдылары, STEM, PISA, білім беру.

Анотация. В статье рассматривается текущее состояние функциональной грамотности школьников в Казахстане и шаги по его повышению. Также представлены история и перспективы слова STEM. Анализируется концепция STEM-образования разных зарубежных ученых. Приводятся сведения о проводимых работах по внедрению STEM-образования в классе. В конце статьи дается обьяснение о необходимости STEM-образование.

Ключевые слова: грамотность науки, навыки 21 века, STEM, PISA, образование.

Abstract. The article examines the current state of functional literacy of schoolchildren in Kazakhstan and steps to improve it. It also presents the history and perspectives of the word STEM. The concept of STEM education of various foreign scientists is analyzed. It is given how it is carried out in the country to introduce STEM education in the classroom. The end of the article explains why STEM education is necessary.

Keywords: STEM, PISA, Education, 21st century skills.

Кіріспе

Қазақстан республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 31 қаңтар 2017 жылғы халыққа жолдауындағы төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту болатын. Соған сәйкес Ел басы «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек.» - деп атап өткендігі мәлім. Себебі XXI ғасыр - білім ғасыры, ақпарат кеңінен таралып, технология дамыған ғасыр. XXI ғасырдағы білім дегеніміз - төрт негізгі құзіреттілікке ие жастарды, атап айтқанда ойлау, жұмыс істеу, өмір сүру және жұмыс жасау дағдыларын игеруге бағытталған күш. Ойлау құзіреттілігіне келетін болсақ, XXI ғасырдағы білім проблемаларды шеше алатын, мета-танымды ойлайтын және шығармашылық тұрғыдан ойлана алатын түлектерді қалыптастыруға бағытталған.

XXI ғасыр цифрлық дәуірдің басталуы - технологияның бұрын-соңды болмаған өсуі мен кейінгі ақпараттық жарылыс уақыты болды. Ақпаратқа қол жеткізу және басқару құралдары бұрын-соңды біздің өмір сүру, жұмыс істеу, дүкен жасау және ойнау тәсілдеріне ондай әсер еткен емес. Жаңа технологиялар мен құралдар күн сайын көбейеді, ал жаңа технологиялар бүгінде нарыққа шыққаннан кейін дерлік ескіреді.

Соңғы онжылдықта XXI ғасырда табысқа жету үшін қажетті дағдыларды анықтайтын өмір, мансап және оқу дағдыларын анықтайтын көптеген зерттеулер мен есептер пайда болды. Дағдылардың жіктелуінде немесе түсіндірілуінде кейбір айырмашылықтар болғанымен, көптеген ұқсастықтар бар. Көптеген зерттеулердегі жалпы дағдыларға мыналар жатады:

Шығармашылық және инновация	жаңа мәселелер мен жаңа қызметтер мен қызметтерді құру үшін жаңа ойлау тәсілдерін құру үшін білім мен түсінікті пайдалану.
Сын тұрғысынан ойлау және мәселелерді шешу	жаңа проблемалар мен мәселелерге жоғары деңгейлі ойлауды қолдану, мәселені тиімді талдауға және мәселені шешудің тиімді жолдары туралы шешім қабылдауға сәйкес ой қорытуды қолдану.
Қарым-қатынас	әртүрлі мақсаттарда және көптеген медиа мен технологияларды қолдану арқылы әртүрлі формалар мен контексттерде тиімді байланыс.
Ынтымақтастық	білім, шешім мен инновацияларды құру, пайдалану және бөлісу үшін басқалармен құрметпен және тиімді жұмыс істеу.
Ақпаратты басқару	бірнеше көздерден ақпаратқа қол жеткізу, талдау, синтездеу, құру және бөлісу.
Технологияларды тиімді пайдалану -	ақпаратты қол жетімді ету, жүйелеу, бағалау және ақпарат алмасу құралы ретінде технологияларды тиімді, тиімді және этикалық тұрғыдан анықтауға және пайдалануға мүмкіндік тудыру.
Мансап және өмірлік дағдылар	өзгеріске бейімделе алатын, жобаларды басқара алатын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, басқаларға жетекшілік ететін және нәтиже шығара алатын өзін-өзі басқаратын, тәуелсіз білім алушылар мен жұмысшылар болу дағдыларын дамыту.
Мәдени хабардарлық	мәдени айырмашылықтарды мойындау және құрметтеу және мәдени және әлеуметтік ортадағы басқалармен жұмыс жасау арқылы басқалармен жұмыс жасауда мәдени құзыреттілікті дамыту.

Ал енді еліміздің білім беру жүйесінде осы дағдларды оқушылардың бойында біз қалай қалыптастыра аламыз? Ол үшін білім беру саласындағы заман талабына сай дағдыларды қалыптастыруға бағытталған соңғы жаңалықтарды сабақта қалай қолданамыз? Білім алушының бойындағы осындай дағдылардың қалыптасқанын немесе әлі де болса жетілдіру керек екендігін қалай анықтауға болады? Бұл шолуда біз осы сұрақтарға жуап табуға тырыстық [1].

Негізгі бөлім

Қазақстан 15 жасар оқушыларының сауаттылық деңгейі.

Қазіргі таңда оқушылар негізгі міндетті білім алғаннан кейін, олар 21 ғасыр дағдыларын қаншалықты игергендігін тексеріп анықтайтын бірден бір құрал ол PISA тестілеуі. PISA - бұл әлемдегі 15 жастағы студенттердің үшжылдық сауалнамасы, олардың әлеуметтік және экономикалық өмірге толыққанды қатысу үшін маңызды білімдер мен дағдыларды қаншалықты алғанын бағалайды.



Диаграмма 1.

PISA бағалау құралы ретінде әлемнің көптеген аймақтарында қолданылады. PISA тестілеуінің жылдан жылға танымал болып келе жатқанын 1 диграммадан көре аламыз. 2018 жылғы бағалауға қатысушы мемлекеттер саны 2000 жылғымен салыстырғанда шамамен екі есеге артқаны байқалады.

15 жастағы студенттердің әр түрлі пәндер бойынша дағдыларын өлшеу арқылы PISA елдің өз болашағына қаншалықты дайындалып жатқанын көрсетеді. Білім беру жүйелері жастарды біздің қазіргі қоғамдарымыздың алдында тұрған:

тез өзгеретін еңбек нарықтары, экономикалар мен қоғамдардың үздіксіз цифрлануы, әлеуметтік мобильділік, елдердегі теңсіздіктің өсуі, үлкен халықаралық көші-қон ағындары және климат өзгерту сияқты көптеген мәселелерді шешуге қажетті білімдермен және құралдармен қаруландыруы керек (ЭЫДҰ, 2019) [2].

Соңғы зерттеулер Қазақстандық білім алушылардың нәтижелері өткен жылдардағы нәтижелерден артта қалғандығын анықтады, бұл көрсеткіштер бағдарламаға қатысудың бірінші жылымен салыстырғанда төмен болды. PISA-2015 пен PISA-2018 арасындағы айырмашылық: математикада - 37 балл, жаратылыстану ғылымында - 59 балл, ал оқу сауаттылығында - 40 балл болды.

PISA-ға қатысудың барлық кезеңінде қазақстандық балалар ЭЫДҰ-ның басқа елдеріндегі құрдастарынан бір жарым-екі жылға артта қалды. Мұны ЭЫДҰ-ның 2018 жылғы орташа балымен салыстыру дәлелдейді. Осылайша, ЭЫДҰ-ның математикадан қазақстандық студенттер арасындағы айырмашылық 66 баллды құрады (ЭЫДҰ-ның орташа мәні - 489 балл, Қазақстанда - 423 балл), жаратылыстану ғылымында 92 балл (397-ге қарсы 489) және оқу сауаттылығы бойынша 100 балл (487-ге қарсы 387)).

Қазақстандағы PISA-2018 нәтижелері бойынша оқушылардың 36% -ы оқудың екінші деңгейіне жетті, салыстырмалы түрде ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткіші 77% құрайды. Бұл деңгейде оқушылар орташа ұзындықтағы мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады, анық, кейде қиын критерийлерге негізделген ақпаратты таба алады, мәтіндер оларға нақты бағытталған кезде олардың мақсаты мен формасы туралы ой жүгірте алады. Ер балалардан гөрі қыздар жақсы нәтиже көрсетті, айырмашылық 27 балл. Бұл балл OECD орташа деңгейіне ұқсас, мұнда қыздар ер балаларға қарағанда 30 ұпайға жоғары.

Математикадан екінші деңгейге Қазақстандағы оқушылардың 51% жетті. ЭЫДҰ елдерінде математиканы меңгерудің бұл деңгейіне оқушылардың орташа 76% қол жеткізді. Мұндай оқушылар жағдайды математикалық түрде қалай ұсынуға болатындығын тікелей нұсқау бермей-ақ түсіндіре және тани алады. Мысалы, екі балама маршруттар арасындағы жалпы арақашықтықты салыстыру немесе бағаны басқа валютаға ауыстыру бойынша тапсырмалар.

Қазақстандағы математикадан бесінші және одан жоғары деңгейлерді оқушылардың 2% -ы жинады, ал ЭЫДҰ-ның орташа деңгейі - 11%. Қытай, Сингапур, Корея сияқты Азия елдерінің студенттері бұл деңгейден барынша өтті. Осы деңгейлерді аяқтаған студенттер қиын жағдайларды математикалық модельдей алады және оларды шешу үшін сәйкес есептер шығару стратегияларын таңдайды, салыстырады және бағалайды. Ұлдар қыздарға қарағанда 1 баллдық айырмашылықпен жақсы нәтиже көрсетті. ЭЫДҰ мәліметтері бойынша бұл айырмашылық 5 баллды құрайды.

Жаратылыстану ғылымында қазақстандық оқушылардың шамамен 40%-ы 2 немесе одан жоғары деңгейге жетті. ЭЫДҰ орташа мәні 78% құрады. Мұндай оқушылар таныс ғылыми құбылыстардың дұрыс түсіндірмесін тани алады және берілген білімдерді қарапайым жағдайларда келтірілген мәліметтер негізінде тұжырымның дұрыс екендігін анықтай алады. (Қыздар үшін 2 балл жоғары)

Қазақ мектеп оқушыларының көпшілігі 2-деңгейге және одан төмен деңгейге жеткен болып шығады. Бұл 15 жастағы оқушылардың оқыған мәтінді талдай және түсіне алмайтындығын көрсетеді. ЭЫДҰ градациясы бойынша бұл балалар «функционалдық сауатсыз» санатына жатқызылған. Тесттен өткен оқушылардың көпшілігі математика мен жаратылыстану ғылымдары бойынша білімінің минималды көлемін қолданбайды. Қазақстанда сауаттылықтың үш бағыты бойынша ең жоғарғы 5-6 деңгейге жеткен оқушылардың аз екендігі алаңдатады. Олардың ең үлкен санын тек математикадан байқауға болады (2%). Мұндай нәтиже болашақта оқытудың сапасын, ғылыми және эканомика жетістіктерге және елдегі инновациялық жаңалықтарға байланысты болуы мүмкін [3].

Сондықтан дамыған шет елдерде білім беру саласында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында көптеген белсенді оқыту әдістері қолданылуда. Олардың ішінде PBL, Case study, STEM және т. б.

STEM-білім беру деген не?

«STEM» термині, ғылым, технология, инженерия және математиканың аббревиатурасы, білім беру, индустрия, инновация және бәсекелестік саласындағы халықаралық дискурстың алдыңғы қатарына шықты. Термин мектеп жасына дейінгі студенттерден бастап, дипломнан кейінгі деңгейге дейін және сәйкес салалардағы мансаптарды сипаттау үшін қолданылады. Америка Құрама Штаттарындағы Ұлттық Ғылым Қоры (NSF) бұл түсінікті сипаттау үшін 1990 жылдары «SMET» терминін қолдана бастады, бірақ NSF бағдарламасының офицері бұл аббревиатура тым ұнамсыз болып шыққанын атап өтті, оның қарсылығынан «STEM» 2001 жылы дүниеге келген (Донахо, 2013; Сандерс, 2009) [4].

STEM сөзінің төрт әріпі; Ғылым, технология, инженерия және математика (Science Technology Engineering Mathematics) барлық студенттердің академиялық мансабының негізгі формалары болды; әсіресе жаратылыстану-математика.

Олар келесідей анықталады:

Ғылым: бақылау, эксперимент және өлшеуге негізделген материалдық және физикалық әлемнің табиғаты мен мінез-құлқын жүйелі түрде зерттеу және осы фактілерді жалпы сипаттау

үшін заңдарды тұжырымдау.

Технология: техникалық құралдарды жасау мен пайдалану және олардың өмірмен, қоғаммен және қоршаған ортамен өзара байланысын қарастыратын білім саласы, өндірістік өнер, инженерия, қолданбалы ғылым және таза ғылым сияқты пәндерге сүйене отырып.

Инженерлік ғылым: физика немесе химия сияқты қозғалтқыштар, көпірлер, ғимараттар, шахталар, кемелер мен химиялық зауыттар салудағыдай таза ғылымдар туралы білімді іс жүзінде қолдану өнері немесе ғылымы.

Математика: санды, санды, пішінді және кеңістікті және олардың өзара байланыстарын мамандандырылған белгілерді қолдану арқылы зерттеуге байланысты алгебра, геометрия және есептеулерді қоса алғанда, байланысты ғылымдар тобы [5].

STEM білім беру - бұл «метадисциплина» және бұл басқа пәндік білімдерді жеке-жеке беру емес, кіріктіре отырып «жаңа пән» жасау дегенді білдіреді. Бұл төрт пәнді білім беру мен оқыту парадигмасына біртұтас интеграциялау арқылы оқытудың пәнаралық тәсілі (Моррисон, 2008; Цупрос, 2008). Төрт пәннің арасындағы дәстүрлі кедергілерді жоюға бағытталған бұл интеграция енді STEM деп аталады (Моррисон, 2008). Цупрос (2008) пікірі бойынша «STEM білім беру дегеніміз – нақты академиялық білім шынайы өмір сабақтарымен ұштасатын оқытудың пәнаралық тәсілі, себебі оқушылар ғылымды, технологияны, инженерияны және математиканы мектептеп пен қоғамды, жұмысты және кәсіпорындарды байланыстыратын мәнмәтінде қолданады, және ол STEM саласындағы сауаттылығын дамытады, соның нәтижесінде жаңа экономикада бәсекеге қабілеттілік артады (Tsupros, 2009)». Браун, Рирдон және Мерриллдің (2011) айтуынша, STEM білім беру ол «мектеп деңгейінде бар стандарттарға негізделген метадисциплина ретінде анықталады, мұнда барлық мұғалімдер, әсіресе жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерия және математика (STEM) мұғалімдері, белгілі бір пәндердің мазмұнын бөлмей, біртұтас және біртекті оқыту ретінде қарастырады» [6].

STEM қалай жұмыс істейді және XXI ғасыр дағдыларын дамытады ма?

XXI ғасыр дағдылары мен STEM-нің негізгі ережелері арасында табиғи сәйкестік бар. XXI ғасыр нұсқауын жобалау бірнеше тақырыптық мазмұнды қамтитын негізгі тақырыптар мен түсініктерді анықтаудан басталады. Ғылымды, технологияны, техниканы және математиканы интеграциялау арқылы STEM оқу бағдарламасы XXI ғасырдың оқу бағдарламасының негізі болып табылатын пәнаралық оқытудың үлгісін көрсетеді. Оқушыларды болашақ өмірі мен мансабына дайындау үшін олар өмірдегі қызықты және өзекті мәселелермен күресу керек.

STEM жобалар оқушылардан креативті және инновациялық жобалар арқылы маңызды ұғымдарды игеретін, белсенді білім алушылар болуын талап етеді. Олардың мәселелерді шешу процесіне қатысуы іздену мәдениетін қалыптастырады, мұнда өзіндік сұрақтар қою және оларға жауап беру оқу процесінің басты нүктесіне айналады. Мәселелерді шешуші ретінде оқушылар ойлаудың жоғары деңгейлерін пайдаланады, өйткені олар мазмұндық білімді инновациялық тәсілдермен қолданады.

STEM оқу бағдарламасы 21 ғасырдың «төрт С-ын» қамтиды: шығармашылық, сыни ойлау, ынтымақтастық және коммуникация (Creativity Collaboration Communication Critical Thinking). Оқушылар бірлесіп, нақты мәселелерге инновациялық шешімдер жасайды және өз шешімдерін басқалармен байланыстырады. Олар өздерінің зерттеулері мен жобаларын жүзеге асыра отырып, олар оқу тапсырмаларын орындау үшін қажетті ақпаратқа қол жеткізуі, талдауы және қолдануы керек. Тапсырманы орындау барысында оқушылар уақытты басқаруды, өзін-өзі басқаратын жұмысшы болуды және басқалармен тиімді ынтымақтастықты үйрену арқылы маңызды өмірлік және мансаптық дағдыларды қалыптастырады. Тапсырмаларды орындау үшін тиісті технологиялық құралдарды қолдана отырып, оқушылар өздеріне қол жетімді цифрлы ақпарат әлеміне қол жеткізу мен басқарудың тиімді және оңтайлы әдістерін ашады. «Сандық тұрғындар» STEM сынып оқудың интерактивті қатысушысы болу қажеттілігін қамтитын және қиын орта [1].

Еліміздің ұстаздары STEM арқылы оқытуды өз сыныптарына қолдану барысында көптеген түсініспеушілікке тап болады. Себебі STEM-білім беру кең тарапты түсінік. Соның ішінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір түрі STEM-білім беру болып табылады. Цифрлық технология мен цифрландырудың қарқынды дамуына байланысты STEM-білім беру үлкен маңыздылық пен өзектілікке ие болып отыр. Басқа да заманауи инновациялық трендтер сияқты STEM-білім беру де білім беру процесінде кеңінен қолданылатын ғылыми-әдістемелік негіздемені және іс жүзінде дәлелденген платформаны болжайды. Сондықтан STEM бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын табысты ұйымдастыру үшін жалпы білім беретін мектептерде «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығының орындалуын қадағалайды (бұдан әрі-Норма). Нормадағы тізімге енгізілген дүниетану, математика, физика, химия, биология пәндері кабинеттеріне арналған демонстрациялық және зертханалық құралдар мен бағдарламаланатын робототехникалық жиынтықтар және

ғылыми зерттеулерге арналған оқу құралдары әр түрлі жастағы оқушыларға (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім деңгейіндегі) түрлі пәндік салаларда оқу зерттеулерін жүргізуге мүмкіндік береді.

Көптеген елдерде STEM білім беру келесі себептер бойынша басымдыққа ие болып отыр:

1) жақын болашақта әлемде IT-мамандарға, бағдарламашыларға, инженерлерге, жоғары технологиялық өндірістердің мамандарына сұраныс көп болады;

2) алыс болашақта жаратылыстану ғылымдарымен байланысты технология мен жоғары технологиялық өндіріспен айналысатын мамандықтар пайда болады: био- және нано-технологиялар мамандары сұранысқа ие болады;

3) болашақта мамандардан жаратылыстану ғылымдары, техника және технологиялар саласындағы білім беру салаларының кең ауқымынан жанжақты дайындық пен білім талап етілетін болады.

Осыған байланысты, жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдама ұсынылады [7].

Қорытынды

Оқушылардың бойына заман талабына сай қажетті дағдыларды меңгерту қажет және ол еліміздің болашағы. Бұл XXI ғасыр дағдыларын меңгерту мектептен басталады. Сондықтан біздің ұстаздардың біліктілігі өте маңызды. ЖОО оқытушылары мен мұғалімдердің білім беру саласындағы жаңа тенденциямен ілесе қадам басуы, жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты ұрпақ тәрбиеленетініне кепілдік береді. Көптеген өнертабыстар мен ғылыми ашылулар бірнеше ғылымдардың тоғысу нәтижесінде болып жатқан үрдіс. Сол себепті STEM білім беруді елімізде кеңінен тарату мақсатында, бұл туралы түсінік қалыптастырылды. Алдағы уақытта STEM білім беруді ұстаздар қалай түсетіндігін, оны сыныбына қаншалықты енгізіп жатқандығын зерттеу көзделіп отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 2007, June. "Apple - ACOT2 - Understanding of 21st Century Skills and Outcomes. " Understanding of 21st Century Skills and Outcomes. Apple, 2008. Web. 30 Mar. 2011. <http://ali. apple. com/acot2/skills/>.

https://www. oecd. org/pisa/publications/PISA2018_CN_KAZ. pdf

Zhaslan Nurbaev 21. 05. 2020 Associate Professor at Gumilyov Eurasian National University, participant of the CABAR. asia School of Analytics (Nur-Sultan) https://cabar. asia/ru/pochemu-kazahstanskie-shkolniki-provalili-mezhdunarodnyj-ekzamen-pisa#_ftnref3

2. Marrero, Meghan E., Gunning, Amanda & Germain-Williams, Terri (2014). What is STEM education? Global Education Review, 1 (4). 1-6.

3. White D. W. What is STEM education and why is it important //Florida Association of Teacher Educators Journal. – 2014. – Т. 1. – №. 14. – С. 1-9.

Ejiwale, Джеймс А. «Барьеры на пути к успешному внедрению STEM-образования». Журнал образования и обучения , вып. 7, вып. 2, 1 мая. 2013 г., стр. 63-74, DOI : 10. 11591 / edulearn. v7i2. 220 .

4. Жалпы білім беретін мектепте STEM бағыттары бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 32 б.

ӘОЖ 37. 016

НУРМАХАМЕТОВА Д. К.,
магистрант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ. Қазақстан

РЫСБАЕВА Г. А.
биология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Биология кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ. Қазақстан
E-mail: galiya732014@mail. ru

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.» Яғни, мемлекетіміздің экономикалық өсуін көздеу үшін білім беру бағытын заман талабына сай өзгерту, экономика мен білімнің байланысын нығайту басты назарға алынып отыр. Өйткені, білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал бүгінгі озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды талап етеді.

Кілт сөздер: Биология, Жаңартылған білім, Жаратылыстану, әдіс-тәсілдер, білім.

Аннотация. Программы обучения необходимо направлять на развитие критического мышления и навыков самостоятельного поиска. "Для того, чтобы предусмотреть экономический рост нашего государства, необходимо изменить направление образования в соответствии с современными требованиями, укрепить связь экономики и образования. Ведь система образования играет ведущую роль в социально-экономическом развитии общества, а также делает его еще более очевидным. А современная передовая экономика требует перевода образовательных целей от «знающего человека» к «творчески мыслящему, действующему, саморазвивающемуся человеку».

Ключевые слова: Биология, обновленное образование, естествознание, методы, знания.

Summary. Training programs should be directed to the development of critical thinking and independent search skills. "In order to provide for the economic growth of our state, it is necessary to change the direction of education in accordance with modern requirements, to strengthen the connection between the economy and education. After all, the education system plays a leading role in the socio-economic development of society, and also makes it even more obvious. And the modern advanced economy requires the transfer of educational goals from a "knowledgeable person" to a "creatively thinking, acting, self-developing person".

Keywords: Biology, updated knowledge, natural science, methods, education.

Кіріспе

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың, болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Тиімді әдіс- тәсілдер- сапалы сабақ кепілі. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс– тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.

«Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты. Әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды. Биологияны оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуын, үлестірмелі материалдың бо-

луын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет. Оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Негізгі бөлім

Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: "Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, езіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», - деп білім беру жүйесіне жаңа міндеттер қойған болатын. Осы міндеттердің шешімі ретінде барлық сыныптар оқытудың жаңартылған білім беру жүйесіне көшті [Арбузова, Е. Н., 2017, с. 23].

Оқытудың әдіс-тәсілдері мен артүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ену, өмірлік білімін жалғастыру - білім беру процесінің негізі болып табылады. Жаңартылған бағдарламаның мәні - баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бүл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Бұл жаңа жүйе бойынша бағдарлама әзірленіп, жаңа оқулықтар қолданысқа түсіп отыр [Верзилин, Н. М., 1983, 384 с.].

Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі пән мазмұнының спиральды берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру багдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының басты артықшылықтары:

• оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мүнда тақырыптар әртурлі деңгейде қайталанады, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсан сайын;

• әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мүнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағүрлым күрделі әрі тереңцетіліп оқылуы тиіс;

• жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек.

Бастауышта зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыратын және өмір сүретін әлем туралы жаңа «Жаратылыстану» пәні енгізілді. Бұл пәнді оқыту биология пәнінің мұғаліміне жүктеледі. «Жаратыльтстану» пәнінің мақсаты-бастауыш сынып оқушыларын әрі қарай жаратылыстану ғылымы пәндерін (биология, химия, физика) меңгеруге дайындау, күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғатта) көрген, бақылаған құбылыстары мен үдерістерді түсіндіру, сипаттау үшін алған білімдерін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру. Бұл пәннің артықшылығы: бала тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады.

Пән мазмұнындағы деректер мен білімдер жүйесі оқушылардың қоршаған әлем туралы, атап айтқанда, артүрлі денелер мен құбылыстар туралы алғашқы білімін қалыптастырады, осы буында өсімдік құрылысы өсімдік жайындағы білім берудің алғашқы баспалдағымен танысады. Пән оқушының ғылыми-зерттеу дағдысын: сұрақ қою және сол сұраққа жауап табу, зерттеу жоспарын дайындау және болжам жасау, сұрақтарға жауап табу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған [Зверев, И. Д., 1985, 191 с.].

Кез келген сабата мақсатқа толық жету үшін оған белгілі бір әдіс- тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сол себепті сабақ барысында игерген әдіс-тәсілдерімді кеңінен қолдану арқылы, оқушыларымның өз бетімен білім алуға дағдыландыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға атсалысу керек. Осы мақсатты жүзеге асыруда қолданған бірнеше әдіс-тәсілдердің тиімділігі жөнінде ой сараптадым.

«Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» модуліндегі «Ойлар бүлты» әдісінің жаңа тақырыпты бекіту, үй тапсырмасын сұрау мақсатында тиімді екендігіне көз жеткіздім. Себебі, біріншіден, жадыны дамытады. Оқушы жаңа тақырып бойынша бір түйінді сөз жазады. Кез келген сөз емес, ерекше есте қалған сөзді жазады. Кейін талқылау кезінде ол сөзді неліктен жазғанын, ол сөздің жаңа тақырыппен қаншалықты байланыстылығын өзі түсіндіреді. Екіншіден, бұл әдіс оқушының ез ісіне жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Егер оқушы бір сабақта тақырыпты меңгермеген болып, басқа сөз жазса», келесі сабақта ол сыныптастарынан қалмай, түйінді сөз жазарда ойланып жазады. Сол сөздің мағынасын өзі айтып түсіндіретін болған соң, оқушы ойланып жазады, жауапкершілігі артады.

«Мен еш уақытта өз оқушыларыма ешнәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын» — деп, Альберт Эйнштейн айтқандай, Жаңартылған білім бағдарламасының басты мақсаты — сабақты жаңа әдіс — тәсілдерді қолдана отырып, дәстүрлі сабақтан өзгеше етіп өткізу. Ал оқушылардың сыни ойлауын дамыту, айтылым, оқылым, жазылым бойынша ой-өрісін, сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің тәсілдерін қолдану көп нәтиже береді. Сын түрғысынан ойлау деген тіркесінде тұрғысынан деген термин ойдың

мәселені шешу үдерісінде шоғырлануын білдіреді. Бұл түрғыдан алғанда сыни сөзі «мақұлдау» немесе «теріске шығаруды» білдірмейді. « Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталады [Иванова Т. В., 2010, 271 с.]. Ол маңызды мәселерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Сыни тұрғыдан ойлауға оқушыны жетелеу үшін дұрыс сұрақ қоюға үйрету шарт. Егер оқушы өзі қойған сұрақтың маңыздылығын, қай дәрежелі сұрақ қойғанын анықтап, саралай алатын болса. яғни ол өзіне- өзі сыни көзқараспен қарайды деген сөз.

Сонымен қатар, жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша мұғалім оқытуда түрлі инновациялық технологиялар мен оқыту әдістемесімен қарулану керек. Яғни білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Әсіресе, дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы білім берушінің алдындағы басты назар аударатын негізгі міндеттердің бірі – дарынды балаларды анықтап, оларға адамгершілік қасиеттерді дарыту, шығармашылыққа үйрете отырып, терең біліммен қаруландыру, сол білімді өмірлік жағдаяттарда қолдануды үйрету. Бүгінгі таңда «дарынды оқушы», «дарындылық» деген ұғымдарға берілген анықтамалар бірізді емес. Бұның бір себебі, «дарындылық» ұғымын әр ғалымның әртүрлі аспектіде қарастыруы болса, екінші себеп аталмыш ұғымның кең ауқымдылығы. Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеуі арқылы қалыптасатын қасиет. Қазіргі таңда барлық оқушы дарынды оқушы. Бұл қасиетті байқап, оның бар екеніне көз жеткізіп, бойындағы дарынын одан әрі дамытуға, ұштауға, қоғамның беткеұстар азаматы болуға мүмкіндік жасау мұғалімге артылатын үлкен жауапкершілік.

Оқытушының міндеті білімді көбейту емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету және оқушының жекелей дамуы, жеке тұлғаның қалыптасуы, өзін өзі жетілдіру және қоршаған әлемді жетілдірудің инновациялық қажеттіліктерін қалыптастыру.

Қорытынды

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардьщ бойына XXI ғасырда өмірдің барлық, салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дамытуы үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Ата-бабамыз «Оқу - инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді. «Білімді болу деген сөздің мағынасы - белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек. Алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Қытай философы Конфуций айтқан «Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең-есте сақтаймын, өзіме жасатсаң-үйренемін» дегендей сабақтарымызда үйренгенін өмірде қолдана алатындай шәкірттеріміз білімді де саналы болуына өз үлесімізді қосамыз деп үміттенемін. Кез келген пәнді оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдісін жетілдіру барысында оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Сөз соңында айтарым, әр мемлекет ғасырлар тоғысында рухани жаңғырып, жаңарып отырады, жаһанданады, ғаламдық прогреске ұмтылады. Біз де өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап, жаһандық жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді меңгерген адам сонша елдің білімін игереді. Озығы мен кенжесін саралайды, керегін сараптап, мемлекет мүддесі жолында пайдаға жаратады. Яғни, елі мен жеріне сүйіспеншілігі мол, ұлттық құндылықтарға бай, рухы мықты, тілі мен діліне, әдебиеті мен мәдениетіне, тарихына, ұлттық салт-дәстүріне деген құрметі зор, ғаламдық жаһануға ұмтылысы жоғары, еліне адал қызмет ететін жас буын қалыптастыруда ұстаздарымыға зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Елбасымыз айтпақшы, «Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиіс.» Біз де еліміздің игі мүддесі үшін әлемдік прогреске қарай табандылықпен, қарқындылықпен ілгерілей береміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Арбузова, Е. Н. Развитие критического мышления и рефлексии при обучении биологии / Е. Н. Арбузова // Биология в школе. 2017. № 3. С. 23—35.

2. Верзилин, Н. М. Общая методика преподавания биологии : учеб, для студентов пед. ин-тов по биологии / Н. М. Верзилин, В. М. Корсунская. Спец. 4-е изд. — Москва : Просвещение, 1983. — 384 с.

3. Зверев, И. Д. Общая методика преподавания биологии : пособие для учителя / И. Д. Зверев, А. П. Мягкова. — Москва : Просвещение, 1985. — 191 с.

4. Иванова, Т. В. Общая методика обучения биологии в школе / Т. В. Иванова, Е. Т. Бровкина, Г. С. Калинова. — Москва : Дрофа, 2010. — 271 с.

НУРМУХАНБЕТОВА Г. К.,
п. ғ. к., доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

СУЛЕЙМЕНОВА Л. А.
т. ғ. к, аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ИНФОРМАТИКАДАН ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйіндеме. Мақалада информатика пәнінен қашықтық олимпиаданы өткізудің дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылған. Шетелде және Қазақстанда өткізілетін интернет олимпиадаларға шолу және талдау жүргізілді. Қашықтықтан олимпиадаға дайындық кезінде электрондық ресурсты құру мәселелері зерделенді.

Кілтті сөздер: пәндік олимпиада, интернет олимпиада, оқу платформасы, ғылыми-әдістемелік орталық, логикалық-алгоритмдік ойлану.

Резюме. В статье рассмотрены дидактические возможности проведения дистанционной олимпиады по информатике. Проведен обзор и анализ проводимых интернет олимпиад за рубежом и в Казахстане. Изучены вопросы создания электронного ресурса при подготовке к дистанционной олимпиаде.

Ключевые слова: предметная олимпиада, интернет олимпиада, учебная платформа, научно-методический центр, логико-алгоритмическое мышление.

Summary. The article considers the didactic possibilities of conducting a distance Olympiad in computer science. The review and analysis of the Internet Olympiads held abroad and in Kazakhstan is carried out. The issues of creating an electronic resource in preparation for the distance Olympiad are studied.

Key words: subject Olympiad, internet Olympiad, educational platform, scientific and methodological Center, logical and algorithmic thinking.

Қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру - бұл өмірдің барлық салаларында ақпараттық технологияларды пайдаланудың артуымен сипатталатын үрдіс. Білім беру саласында пандемияға байланысты оқушылар, студенттер мен мұғалімдер қашықтан білім берудің кейбір элементтерін қолданылып жатыр. Қашықтан жұмыс істеудің әртүрлі технологияларын мектептегі дәстүрлі білім беру жүйесіне ендірілу қажеттігі туындап отыр. Бұл міндет, ең алдымен, оқушылардың қашықтықтан олимпиадаларға қатысуы арқылы шешілуі тиіс. Білімді бағалаудың бұл форматы, әсіресе шеткі аймақтарда орналасқан мектептерде өте танымал болып келеді. Бұрынырақта көптеген қатысушылар өңірлік немесе аймақтық олимпиадаға қатысу үшін басқа қалаға баруларына тура келетін, енді олардың барлығы өздерінің жергілікті мектебінің қабырғаларынан шықпастан барлық қашықтағы халықаралық олимпиадаларға қатыса алады.

Интернетке қол жеткізудің арқасында барлық заманауи білім беру мекемелері білім беру сапасы жағынан тең дәрежеге ие болды. Бүгінгі күнде мұғалімнің басты міндеті оқушыны қажетті ақпаратты өздігінен табуға, оны талдауға және қорытындылауға үйрету. Мұғалім – бағыттаушы, бақылаушы, ол қажет болған жағдайларда ғана оқушыға қолдау көрсетеді. Дәл осы ұстаным қашықтан білім берудің негізі болып табылады. Қашықтан оқыту құралдарына деген қызығушылық белсенді түрде өсіп келеді. Тәжірибелі мұғалімдер үнемі қашықтан олимпиадалар, жарыстар ұйымдастыра отырып, оқушыларға білімдерін тереңдетуге көмектеседі [1].

Олимпиаданың негізгі мақсаты – оқушының қабілетін ашуды ескере отырып, логикалық-алгоритмдік және жүйелі комбинаторикалық ойлауы дамыған оқушыларды табу. Бұл әртүрлі дайын программалық құралдар мен командаларды пайдалану іскерлігінде пайда болады.

Олимпиадаға дайындау әдістемесі – оқушыларды олимпиадаға дайындау информатиканың базалық курсының жалғасы болып табылады. Дайындықтың ең тиімді түрі – сабақты олимпиада түрінде жүргізу. Стандартты емес тапсырмаларды орындау үшін мәліметтерді ұйымдастыру мен программалаудың қазіргі әдістерін білу қажет. Оқушылардың олимпиададағы нәтижесі – мұғалімдердің жетістіктерінің белгісі. Қазіргі кезде интернеттің мүмкіндіктері дамыған сайын қашықтан ұйымдастырылатын олимпиадалар қарқынды даму үстінде. Сондықтан қазіргі кезде интернеттің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, мектеп пәндері бойынша қашықтан олимпиада ұйымдастыру әдістерін пән мұғалімдері білуге тиісті және өзекті мәселе болып табылады [2].

Қазақстанда Білім Министрлігі «Дарын» ғылыми-әдістемелік орталығы арқылы жылда мектеп оқушылырына дәстүрлі пәндік олимпиадалар бірнеше кезеңмен: аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерінде ұйымдас-

тырылып өткізіледі. Жалпы пәндік олимпиадаларды өткізудің мақсат міндеттерін қарастырайық:

Мақсаты: оқушылардың барлық пәндер бойынша білім мен білік деңгейін, қалыптасқан таным түсінік, инттеллектуалдық, логикалық, аналитикалық ойлау шеберліктері мен мәселені қорытып, жүйелі түрде саралай білудегі жүйріктік пен алғырлық, тапқырлық, т. б қасиеттері тұрғысынан өз замандастары арасында бәсекеге қабілеттілік дағдыларын шыңдау. Жастардың бойындағы ынталылық, ойлылық, дарындылық, талаптылық, білімділік сынды озық қасиеттерді насихаттап, көшпілікке таныту. Сондай-ақ олимпиадалық байқау нәтижелері бойынша топ жарған жеңімпаз ретінде таныла білген талапты да, талантты жастардың халықаралық деңгейдегі олимпиадалар мен түрлі конкурстарға, жарыстарға атсалысу мүмкіндіктерін арттыру.

Міндеттері:

- оқу- танымдық және оқу-зерттеуге ынталандыру;
- оқушылардың әлеуетін шыңдау, жеке кәсіби қабілеттерін шығармашылықпен барынша жүзеге асыра білу;
- оқушылардың азаматтық толыққанды жеке тұлға ретіндегі ұстанымын орнықтыру;
- оқушылардың жаңашыл таным көзқарастарын, білімді де білікті дарынды іріктеу және қолдау көрсету;
- оқушылардың кәсіби-шығармашылық тұрғысындағы қатынасын жетілдіру, белсенділік білім беру жүйесін қалыптастыру.

Информатикадан дәстүрлі олимпиаданы әдетте программалаудан өткізгенде контестор арқылы ұйымдастырылады. Оның ерекшелігі нәтижені қатысушыға бірден жинаған ұпайын автоматты түрде шығарып береді. Оқушылардың жинаған ұпайларының кему реті арқылы орын тағайындалады. Бұл жағдайда жюри мүшелері жұмыстарды өздері тексеріп, бағалауға мүмкіндік жоқ. Жюри құрамы тек аппеляцияға келген оқушылардың жұмыстарын талқылауға, шешім шығаруға құқылы. Олимпиаданың әр кезеңінен 1-ші және 2-ші орын алғандар келесі кезеңге қатысуға жолдама алады.

Сонымен қатар, «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының жоспарына кіретін информатикаға және программалауға қатысты олимпиадаларға тоқталсақ, 16 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан «INFOMATRIX» Халықаралық компьютерлік (информатика) жобалар жарысы өтеді [3]. Оны Қаскелең қаласында орналасқан С. Демирел атындағы университет өткізіп келеді. Информатика пәнінен 32-ші Халықаралық олимпиада (IOI) шілде айында Сингапур Республикасында жоспарланған. Халықаралық жазғы компьютерлік мектеп Ресей федерациясында Судиславль қаласында өткізу жоспарланған болатын. Сонымен бірге педагогтарға да информатика және т. б. пәндерден олимпиадалар ай сайын «ПедСтарт» қашықтық олимпиадасы ұйымдастырылады.

Қазіргі кезде ҚР-да пәндік олимпиадалар, байқаулар интернет арқылы ұйымдастырылып жүр. Мысалыға, Қазақстанның интернет олимпиадалары (ҚИО) пәндік олимпиадасы. Олардың ұйымдастырылуы хабарландыру арқылы бір уақыт белгіленіп, қатысушылар тапсырыс арқылы тіркеліп, электронды поштасына тапсырмалар келеді. Тапсырманы орындап, белгіленген уақытқа дейін нәтижелер олимпиада ұйымдастырылған орталыққа жіберіледі. ҚИО олимпиадасында online-режимде пән бойынша 30 сұрақ беріледі де, оны орындауға 60 минут уақыт беріледі. Нәтижесі бойынша тіркелген оқушының электрондық пошталарына жеңімпаз болса дипломның сканерленген көшірмесі, әйтпесе ҚИО олимпиадасына қатысқаны үшін сертификат жіберіледі [4].

Ал, Ресейде мұндай олимпиадалар мен байқаулар өткізумен қатар, пәндік олимпиадаға дайындық курстары және пәнді оқыту курстары да ұйымдастырылады. Мысалы, ИнфоУрок, Пермь қаласындағы «Тризформашка» байқауына 1-11 сынып оқушылары және ЖОО-ның 1-курс студенттері қатыса алады. Сонымен қатар қашықтан программалаудан олимпиадаға дайындауды, өткізу жүйесі әлемдік деңгейде ұйымдастырылған бірнеше сайттар бар: Codeforces, «Школа программистов», Е-олимп, Informatics, т. б.

Интернет арқылы информатикадан қашықтан дайындау және өткізу ерекшеліктерін зерттеу мақсатында бірнеше танымал сайттарды қарастырып көрейік.

Codeforces платформасы. Ресейдің ақпараттық және фотондық технологиялар саласындағы 2009 жылы «Ұлттық зерттеу университеті» деген статусқа ие болған Санкт-Петербург қаласындағы ИТМО университетінде М. Мирзаяновтың жетекшілігімен ашылған.

Codeforces - бағдарламалау бойынша жарыстарға қатысатын адамдарды біріктіретін жоба [5]. Бір жағынан Codeforces бағдарламалау бойынша жарыстарға арналған әлеуметтік желі болып табылады. Екінші жағынан - бұл жарыстар тұрақты өткізілетін алаң, қатысушылардың дағдыларын, рейтингті көрсетеді, ал өткен жарыстар дайындық үшін пайдаланылуы мүмкін. Codeforces-те қатысушыларға өз бетінше тест өткізу мүмкіндігін ұсыну үшін платформаны жетілдіру, жобаны оқу контентімен толықтыру, оқу платформасы ретінде дамыту қарастырылған.

1. Келесі платформа ***«Школа программистов»***. Бұл жоба Краснояр өлкесінің оқушыларының олимпиадалық есептерді шешуге бағытталған бағдарламалау және қабілеттер деңгейін арттыру үшін құрылған. Краснояр өлкесінде олимпиадалық және спорттық бағдарламалауды

дамытуға қолдау көрсеткісі келетін осы салада қызығушылық танытатын көптеген адамдар бұл платформаны пайдалануда [6].

Сайт енгізілген тексеру жүйесі бар олимпиадалық бағдарламалау бойынша есептер мұрағатынан тұрады. Жүйеге қатысу үшін тіркелу және "міндеттер мұрағаты" бөліміне өту жеткілікті. Есептердің күрделілігі 1-ден 100-ге дейінгі санмен анықталады, осы күрделілік мәндерінен "Рейтинг"бөлімі қалыптасады.

2. Келесі қарастыратын сайт Украина елінің фонд көмегімен жасақталған. «e-Olymp» қайырымдылық қорының мақсаты - Украина мен әлемдегі балалар мен жастардың дамуына ықпал ету, информатика мен бағдарламалауды оқыту үшін қажетті оқу материалдары мен құралдарына еркін және тең құқылы қол жеткізу. Портал күн сайын жүздеген оқушылар мен студенттердің информатиканы оқып-үйренуіне, жарыстар мен олимпиадаларға дайындалуына көмектеседі. Осы жылдар ішінде тапсырмалар мен оқу материалдарының бірегей базасын жиналып, автоматты тексеру жүйесін құрылып, оқытушылардан, студенттер мен оқушылардан қоғамдастық жинап, оқуды оңай, қызықты және барлығына қолжетімді ете алды [7].

3. Москва қаласындағы көптеген университеттер мен мектептердің қолдауымен «Қашықтан информатикадан дайындау» деп аталатын білім беру орталығының сайтының басты беті 1-суретте келтірілген [8].

1-сурет. Курстар: бағдарламалау, олимпиадалық есептер, авторлық курстар

Сайттың басты бетінде

- программалау тілдерін (C++, Паскаль, Python) оқытатын электронды ресурс тест тапсырмаларымен орналасқан.

- авторлық курстар және мектеп оқулығының Python бағдарламалау тілі бөлімінің теориясы, тапсырмалары және есептерінің шығарылулары да (2-сурет) көрсетілген.

- олимпиадалық есептер, олардың теориялық түсіндірмесі мен тапсырмалары, талдауы келтірілген.

- Сириус олимпиадасының бір айдағы олимпиада кестесі мен тапсырмалары келтірілген.



2-сурет. Авторлық курс «Python тілінде программалау» видеолекциясымен.



3-сурет. Олимпиадаға дайындау есептері

Суреттен көрініп тұрғандай олимпиада есебін шығарып программасын онлайн режимде контестордан өткізу үшін міндетті түрде жүйеге тіркелу ұсынылады. Жоспарлы түрде апта сайын болатын олимпиада кестесі 4-суретте келтірілген.



4-сурет. Олимпиада кестесі мен тапсырмалары

Мұндай жоғары дәрежеде құрылған сайт жобасының команда құрамы да бірнеше университетер мен мектеп информатиктерін қамтиды

Интернеттегі программалау тілін үйрету курстарына талдау жасай келе тілді үйренуге қатысушылары ең көп болатын «олимпиадаға дайындау курстары» екеніне көз жеткіздік. Себебі, онда программалау жарыс түрінде өтіп, оны жүйе арқылы түсіндірмесін білумен қатар, қатысушылар арасында қызу талқылау болатыны уәжді жоғарылатынынын байқадық.

Қазақстанда мектеп пәндері бойынша 7-8 интернет олимпиадалар бар. Олар тапсырмалары тест түрінде беріледі. Ал информатикадан олимпиада есептеріне талдау жасалатын жалғыз сайты математика, физика, информатика пәндерін қамтиды [9]. Информатикадан программалау тілдерінен видеокурстар, олимпиада есептерін талдау әлі де Ресейлік платформалардың деңгейлеріне жетпейді деуге болады және қазақ тілінде

түсіндірмелер жоқтың қасы.

Сонымен, педагогикалық университеттер мектеп оқушыларымен байланысты күшейту үшін, дарынды жастарға қолдау көрсету үшін программалау тілдерін үйрену курстарын, олимпиадаға дайындау курстарын, видеоконтенттерді дайындау және контестор көмегімен тұрақты түрде олимпиада ұйымдастыру керектігін түсіндік.

Соңғы жылдары информатика пәні бойынша олимпиадалық тапсырмаларға қойылатын талаптар деңгейі күшеюде.

Алайда облыстық олимпиадаға келген оқушылар мен олардың жетекшілерімен пікір алысу байқатып отырғандай, мұндай талаптарды қанағаттандыратын тапсырмаларды орындау ретінің түсініксіз, тіпті кейбір оқушылар мен мұғалімдердің таныс емес екені де байқалады. Бұл жағдай оқушыларды келесі олимпиадаларға ерекше және арнайы дайындау қажеттілігін көрсетсе керек. Яғни, оларды сыныптан тыс жұмыс кезінде бірқатар қосымша материалдармен орындай білуге үйрету керек.

Қазіргі уақытта түрлі білім жарыстарында, Қазақстан намысын халықаралық ареналарда биіктерге көтере алатын білімді де талантты жастарға деген сұраныс өте мол. Еліміздің болашағы білімді, қабілетті жастардың қолында. Жастарға білім мен тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталады.

Білім беруде мектеп оқушылары арасында өтетін пәндік олимпиадаға оқушыларды дайындау оларға қатыстыру ерекше мазмұнға ие. Олимпиадаға қатысу оқушылардың танымдық шығармашылық белсенділігін, дүние танымын, өзін басқара білу және белгілі бір білім дағдыларын қалыптастыруға ізденімпаздылық пен мақсаттылыққа өзін ұстай білу сияқты адамдық қасиеттері бойына сіңіру де өте маңызды роль атқарады. Мектеп оқушыларының олимпиадасы 9-10-11 сыныптар аралығында өтіп, аудан, облыс, республика, халықаралық деңгейдегі бірнеше кезеңдерден тұрады.

Пәндік олимпиадалар төмендегі мынадай негізгі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- оқушылардың пәнге деген қызығуын арттыру;

- оқушыларды түрлі салалардың есептерін компьютерде шешуге қалыптастыру;

- мектеп оқушыларының ішінде ғылыми еңбекке бейім оқушыларды анықтау;

- жоғары сынып оқушыларына кәсіп тандауда көмектесу;

- мектепте сабақтан тыс жұмыстар, үйірмелер, факультативтердің жұмыстарын жандандыру.

Информатика пәнінен өткізілетін олимпиадалар программалау мен базалық курс бойынша өткізіледі.

Информатикадан олимпиада өткізуде программалауды тандаудың тағы бір себебі – программалауда оқушылардың алатын нәтижесі оқушы тандаған программалау тілі мен техникалық құралының түріне тәуелді емес.

Программалау курсының тапсырмалары базалық курсқа қарағанда күрделі келеді. Өйткені программа құратын алгоритмдік ойлау қабылеті жоғары болуы қажет. Олимпиадаларға ұсынылатын есептер дәстүрлі емес, яғни сабақ үрдісінде негізі қаланған бірақ терең талданылмаған есептер. Бұл есептерді шығару оқушылардың қосьша ізденуін талап етеді. Программалау - компьютер түсіне алатын белгілі бір командалар жиыны. Кез келген есеп өмірмен тығыз байланысты түрде беріледі. Осы есептердің математикалық көрінісін табу, алгоритмін жасау, программалау тілінде кодын жазып, нәтижесін алу қажет.

Бұл тақырыптарды меңгеру үшін интернет платформаларда кем дегенде 2 курс ұйымдастырылады:

- программалау тілінің негіздерін үйрену;

- олимпиадалық есептерді шығарып жаттығу.

Біз, жалпы орта мектеп оқушыларына олимпиадаға дайындауға элективті курс ретінде әдістемелік кешен дайындап, оны сайт арқылы ұсынуды және олимпиада ұйымдастыруды жөн көрдік.

Информатикадан олимпиадаға дайындық курсын дайындау үшін бірнеше қажетті контенттерді дайындау керек:

- Курсқа оқушыларды іріктеу мақсатында логикалық тапсырмалар мен тест сұрақтарын дайындау;

- Күнтізбелік-тақырыптық жоспар дайындау. Онда курстың мақсаты, міндеттері, курсқа дейінгі білуі қажетті білімдер, оларды қандай пәндерден алады және күтілетін нәтиже нақтылануы тиіс;

- Оқытылатын тақырыптардың мазмұнына сәйкес теориялық материалдар дайындау: а) видеолекциялар; б) практикалық тапсырмалар; в) өзін-өзі тексеруге пайдаланылатын тест сұрақтарын дайындау.

Бұл дайындаған жоспарға (кешенге) сәйкес курс мектеп оқушыларына элективті курс ретінде ұсынылады және 5-ші, 6-шы сыныптан бастап жоғары сынып оқушылары араласып қатыса береді. Оқушыларды курсқа таңдау үшін

олардың математикалық, логикалық ойлау қабылетін тексеру үшін тапсырмалар: есептер және тест сұрақтары дайындалады.

1. Енді, өзіміз дайындаған «Информатикадан олимпиадаға дайындау» элективті курсының күнтізбектік-тақырыптық жоспарын келтірейік.

Түсініктеме хат

Бұл курс оқушылардың Python, C++, Free Pascal программалау тілдерінде есептерді шешуде жолдарын оңтайлы таба білуіне бағытталады.

Курстың мақсаты:

- Қазіргі қоғамның әрбір мүшесінің қызметіне қажет, программалауды меңгерту, білім алушы-

ларға білімі мен біліктілігін арттыруға жүйелі жағдай жасауды дамыту;

- атақты программистердің еңбектерімен танысу арқылы тұлғаның программалау тәсілдері мәдениетін тәрбиелеу, қоғамдық прогресс, үшін программалаудың алатын орнын білу;

- оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, білімін тереңдету.

Курстың міндеттері:

- есептерді шешудің тиімді әдістерін пайдалану;

- оқушылардың олимпиадалық есептерді шешудегі бірнеше әдістерді меңгеруі;

- Python, C++, Free Pascal программалау тілдерінің басқа тілдерден айырмашылығын анықтау.

Пән аралық кіріктіру: алгебра, геометрия, физика

Тақырып жоспарының мазмұны:

Жалпы бағдарлама 34 сағатқа бөлінген. Аптасына 1 сағат

Курсты оқу нәтижесінде мынандай дағдылар меңгерілуі тиіс:

– Берілгендер түрлері және файлдармен жұмыс істеу тәсілдерін білуі;

– Массивтерді реттеу және іздеу алгоритмдерін, алгоритмдерде рекурсияны қолдана білуі;

– Интернет олимпиадаларына қатысуды, оның талаптарын дұрыс орындай алуды, WWW, FTP, Telnet, E-mail, Usenet, ISQ, IRC т. б. қызметтерімен және іздеу серверлерімен жұмыс істеуді меңгеруі [10].

Кесте -1 Курс бағдарламсының тақырыптық жоспарының мазмұны

N	Тақырыбы	Сағат саны
1	Программалау тілдерінің ерекшеліктері (Python, C++, Free Pascal)	1
2	Сызықтық программалау. Тармақталу операторлары, шартты алгоритмдер	2
3	Циклдер	1
4	Мәтіндермен жұмыс	2
5	Бір өлшемді массивтермен жұмыс. Массивтерді реттеу және іздеу алгоритмдерін меңгеру	4
6	Екі өлшемді массивтермен жұмыс	2
7	Олимпиадалық есептерді шешу және олардың түрлері, ерекшеліктері.	2
8	Ұзын арифметика. "Ұзын" сандармен жұмыс істейтін арифметикалық операциялар	2
9	Бинарлы іздеу	1
10	Динамикалық программалау	2
11	Рекурсия, орын ауыстырулар. Рекурсия ретінде берілетін математикалық функциялар. Алгоритмдерде рекурсияны қолдану білу.	3
12	Комбинаториялық алгоритмдер, орналастырулар	3
13	Графтар жайлы алгоримдер. Графта іздеу. Негізгі түсініктер. Байланыстар және байланысты анықтау	4
14	Есептеу геометриясының алгоримдері	4
	Барлығы	34 сағ

2. Енді, оқытылатын тақырыптардың мазмұнына сәйкес теориялық материалдар, практикалық тапсырмалар, видеолекциялар, өзін-өзі тексеруге пайдаланылатын тест сұрақтары дайындалуда.

Бүгінгі білім берудегі тәжірбие оқушылардың әртүрлілігін көрсетіп отыр. Білім берушінің алдындағы басты назар аударатын негізгі міндеттердің бірі – дарынды балаларды анықтап, оларға адамгершілік қасиеттерді дарыту, шығармашылыққа үйрете отырып, терең біліммен қаруландыру. Олар өздерін қызықтыратын сұраққа үнемі жауап іздеп, білімқұмарлықтарымен және өзіндік ізденімпаздықтарымен көзге түседі. Осындай білімқұмар балаларға сынып іші жалықтырып жібереді. Мұғалімдер сынып ішіндегі барлық баламен жұмыс жасауы үшін тырысып бағады, себебі бір сыныпта дарынды баламен қатар, қабылдауы төмен балаларда отырады. Оқу бағдарламасын барлығына дерлік ұғындыру, барлығымен жұмыс жасау мұғалімге қойылатын басты талап. Ендеше, осындай жағдайлар дарынды баланы жалықтырып алмау үшін арнайы жұмыс жасау қажеттігін көрсетіп отыр. Бұл мәселелердің шешімін табудың бір жолы интернет олимпиада порталдарын дайындау екендігі түсінікті.



5-сурет. Басты бет.

Біз интернет олимпиада порталын информатика пәні бойынша тапсырмалар, тест сұрақтарын дайындап базасын толтыру үстіндеміз (5-сурет). Болашақта online –тестілеуен басқа олимпиадаға дайындық және мемлекет аралық бақылауға дайындық, байқаулар ұйымдастыру, зияткерлік ойындар ұйымдастыру сияқты функциялар қосылады деп жоспарлануда. Бұл өте ыңғайлы, әрі оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де пайдалы екендігіне көз жеткізуге болады [11].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Скиена С. С., Ревилла М. А. Олимпиадные задачи по программированию. Руководство по подготовке к соревнованиям. – М. : Кудиц-образ, 2015. – 416 с.
2. Московские олимпиады по информатике. 2002 – 2009. / Под ред. Е. В. Андреевой, В. М. Гуровица и В. А. Матюхина. – М. : МЦНМО, 2009. – 414 с
3. www. daryn. kz
4. https://cdo. kz/
5. http://codeforces. com/
6. https://acmp. ru/
7. https://www. e-olymp. com/ru/
8. https://informatics. mccme. ru/
9. http://matol. kz
10. Шелудько, В. М. Основы программирования на языке высокого уровня Python: учебное пособие / В. М. Шелудько. – Ростов-на-Дону, Таганрог: Издательство Южного федерального университета, 2017. – 146 с. – ISBN 978-5-9275-2649-9
11. http://o. codeup. kz

НУРСЕИТОВА Л. О.,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

КАСИМОВА Х. И.
тренер,
ПШО Шымкет қаласының филиалы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА БІРЛЕСКЕН ОҚУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Түйін. Бұл мақалада бастауыш сыныптарда бірлескен оқу тәсілдерін қолдану жолдары және оның тиімді жақтары ашып көрсетілген.

Түйінді сөздер: мұғалім, оқушы, бірлескен оқу, топтық ереже, қолдану.

Резюме. В этой статье обсуждаются пути использования методов совместного обучения в начальных классах и показаны их преимущества.

Ключевые слова: учитель, ученик, совместное обучение, групповое правило, использование.

Summary. This article discusses ways to use collaborative learning methods in primary grades and shows the benefits.

Keywords: teacher, schoolchild, coeducation, group rule, use.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздың алдындағы басты мақсат–сапалы білім мен саналы тәрбие беру, оқушының талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Оқушыларды жан-жақты жетілдіруде танымдық баспалдақтарына жетелер дағды–машықтарды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, меңгеру, біліктілігін арттыру.

Білімалушылардың бірлескен оқу дағдысын қалыптастыру: топтық жұмысты ұйымдастыра отырып, сабақта белсенділігін қалыптастыра отырып, оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу. Ал бірлескен оқу ортасында балалар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Бірлескен оқу жағдайында олар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және жұмысқа белсенді қатысуға мүмкіндік алады. Бұл, өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. [1]

Бірлескен оқудың тиімді де қызықты болуы үшін мұғалімнің бойында төмендегідей ерекшеліктер болуы керек деп ойлаймын.

- оқушылардың бір-бірімен пікір алмасуына жағдай жасау,
- топтың әр мүшесінің өз ойын айтып, іс-әрекетке енуіне жағдай туғызып, болып жатқан іс-әрекетті бақылап, бағдарлау.
- «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деген бір жақты ой айтпау, сондай-ақ, барлық пікір дұрыс деген жалаң ойдың жетегіне де ілеспеу.
- топ мүшелерін ынталандырып отыру, жұмыстарының жетпей жатқан тұстарын толықтыруға бағдар беру.

Топтағы жұмыс балаға тек оқуға ғана емес, сонымен бірге өзін көрсетуге көмектеседі, өйткені топта мұғалімнің басты беделі және барлық сыныптың назары жоқ. Өзара сыйластық тәрбиеленеді. Барлығына деген қатынас өзгереді, достық нығаяды, тұлғааралық қарым-қатынас жақсарады, ұжымдағы психологиялық жайлылық орнайды. Білімалушы мен мұғалім арасында сенімді қарым-қатынас орнайды.

Бірлескен оқу тәсілі мынадай жетістіктерге жеткізеді:

1. Білімалушылардың оқу және танымдық қабілеттері дамиды.
2. Балалардың қорқыныш сезімі төмендейді
3. Сабақтың уақыты тиімді үлестіріледі.
4. Сыныптағы психологиялық ахуал жақсарады, жауапкершілік сезімі арта түседі.

Топпен жұмыс жасау дағдылары кейін есейген кезде де қажет болады деп есептеймін. Себебі күнделікті өмірде біз көбіне топпен жұмыс жасаймыз. Сондықтан өз пікірлерін, көзқарастарын және басқалардың ойларын дәлелдей біледі. Менің ойымша топтық жұмыс оқыту процесін байыта түседі, оқушылардың белсенділігін жетілдіреді, қызығушылықтарын арттырады. Өйткені, оқушылар топтық жұмыс кезінде ашыла түседі. Кішкентай бүлдіршіндер топтық жұмыс арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, мектепке деген қызығушылықтары арта түседі. Бір-бірімен ақылдасып, пікір алмасып, араласып үйренді. Өздерін еркін ұстап, бір-бірін бағалай білді. [2]

Оқыту үдерісінде әрдайым көшбасшы бола білетін бірден-бір адам ол- мұғалім. Ал мұғалім өзінің әрбір сабағын оқушы санасына тиімді сіңіре білуі үшін тәжірибесіне түрлі әдіс-тәсілдер енгізіп, оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндіктер жасай білуі қажет. Оқушы іздене отырып, дүниетанымын кеңейтеді, сөздік қорын молай-

тады. Өзге оқушының алдында өз қателіктерін тауып, соны түзетуге бейімделеді. Сонымен қатар оқушының ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді.

«Әр сабаққа жаңалық енгізу жұмыс тиімділігін арттырады. Сондықтан Біріншіден, ойсергектер тәсілдерінің жаңа түрлерін ұсынып тұрған жөн;

Екіншіден, топқа бөліну тәсілдерінің жаңа түрлерін ұсынып тұрған жөн;

Үшіншіден, тиімді әдіс-тәсілдер арқылы, яғни сыниойлау стратегияларының жаңа түрлерін ұсынып тұрған жөн.

Мұндай жұмыс түрлері білім сапасының көтерілуіне бірден – бір септігін тигізеді. Ал білім сапасының жоғарылауы мектепті дамыту жетістіктерінің ең бастысы болып саналады, яғни атап айтар болсақ:

- оқу сапасының жоғарылауына бірден – бір көмек

- мұғалімдердің жаңа әдіс-тәсілдермен толық жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

- сабақтардың бірсарынды, дәстүрлі әдістермен жүргізілуін болдырмауға бағытталады. [3]

Бастауыш сыныптарда білімалушылардың белсенділігін жетілдіру мақсатында мына әдістерді қолданған тиімді.

«Көршіңмен сырлас» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың өз ойын ауызша білдіруіне үйретеді. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беріңіз. Өз ойымен көршісімен бөлісіп, ақылдасуын сұраңыз. Бір-бірінің жауабын толықтырып, берілген тақырып бойынша білімдерін ортаға салуын тапсырыңыз.

«Сұраққа жылдам жауап» әдісі. Тақырыпты терең түсіну және оқушылардың назарын сабаққа аударып, ой-өрісін дамыту мақсатында төмен дәрежелі сұрақтарға толық жауап қайтару тапсырыңыз. Мысалы, «Сауле, Мақсаттың жауабы дұрыс деп ойлайсың ба?» «Самат, Гулімнің жауабын қалай толықтыруға болады?» «Арман, айтылған барлық жауаптарды қалай біріктіруге болады?» Бірлесе топта жұмыс істегенде оқушылар пікір таластырады, өз қолдарымен өздері жасайды, білгенін басқаға үйретеді, басқалардан үйренеді.

«Сұхбат алу» әдісі. Мұнда ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір- бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді.

«Қалың және жұқа сұрақтар» әдісі. Бұл әдіс топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады.

«Ақпаратпен бөлісу» әдісі. Бірінші топта ақпараттың 50 пайызы. Екінші топта ақпараттың 50 пайызы бар. Топ мүшелері бір – бірінің ақпараттарын толықтырады.

«Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі. Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және соңында мұғалім бүкіл сыныптың идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс) т. б көптеген әдіс-тәсілдерді бастауыш сыныпта қолданған өте тиімді.

Бірлескен оқу тәсілі сыныпта ынтымақтастық орнату үшін, өзара әрекеттестік орнату үшін қажет. Ол үшін топтарды дұрыс ұйымдастыра білу керек және топта жұмыс жасау ережелерін құру қажет. Сонымен қатар, топтағы мүшелер саны мен топтағы жұмыс нәтижесі топтағы бірлескен жұмысты көрсетеді. Оқушыларды топқа бөлгеннен кейін топтың жекелеген мүшелері бір-бірін құрметтей отырып жұмыстанатын дәрежеге жеткізу керек, яғни жұмыстың алғышарттарының бірі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы күтілетін нәтижеге жетуге негізделген. [4]

Мұғалім топтарға арналған ережелерді әзірлей отырып немесе топ мүшелерінің жеке ережелерін келісуі арқылы топтық жұмысқа бейімдейді. Қандай топтық жұмыс болмасын сол топты құрайтын нақты балаларға арналған ереже құрылғаны маңызды. Ережелерде адалдық мәдениетін күшейту, ұжымдық жауапкершілік белгілеу, тыңдау машықтары тәжірибесін дамыту ескерілу керек. Топтық ережені күн тәртібінде бақылауда ұстау арқылы топтық жұмыстың өнімді болуына қол жеткіземіз.

Топ жұмысына топ мүшелерінің әрқайсысы тең дәрежеде қатысуға тиіс. Бұл олардың әрқайсысы бір нәрсені істеу керек дегенді білдірмейді. Бәрінен де, міндеттер топ мүшелеріне қалай бөлінетіні туралы ақылдасып шешкен дұрыс болады. Топ мүшелері, сондай-ақ, бір-бірімен тәжірибе алмаса және басқалардың идеяларына сүйене отырып, өз үлесін қосуға дайын болуға тиіс деген нұсқауларды негізге алуы тиіс. Бұл әдісте оқушылар ұжым болып жұмыс жасауға үйренеді. Топпен жұмыс істеудің маңыздылығы:

-топ жеке адамның пікірімен санаса білуді үйренеді;

-әр оқушы өз тобының беделін, намысын қорғауға тырысады;

-бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынас орнайды, өзгенің пікірімен санаса білу, ойларын айта білу дағдысы қалыптасады.

-оқушы бойында қиял, шығармашылық дамиды;

-бойларындағы ұяңдық, жасқаншақтық сияқты психологиялық мінез кеселдерінен арылады;

-сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды.

Оқушылар топтарға бірлескен жағдайда топ мүшелерінің жеке қабілеттері мен топқа қосқан үлесі құрметтеледі, жұмыс барысында механикалық есте сақтау мен қайталау процесстерімен бірге, ақпараттар өңделіп, қорытындыланады. Топ мүшелерінің әрқайсысы басқа оқушылардың көзқарасымен таныса отырып, өзіне қажеттіні алады және оған өз көзқарастарын білдіре отырып, соны қорғауға мәжбүр болады да, өз ойларын тұжырымдап үйренеді.

Бірлескен оқу ортасында балалар әлеуметтік

және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұнда оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және жұмысқа белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Бастауыш сынып оқушылары біртекті сабақ айту мен сабақ тыңдаудан жалығады. Олардың ішкі уәжі әлсіреп, сабаққа деген ынтасы жоғалып, қызығушылығы төмендейді. Сол себепті, сабақ арасында оларды ынталандыру үшін аудиторияда психологиялық ахуал қалыптастыру өте маңызды. Кез – келген психологиялық ахуал қалыптастыру кезеңдері сергіту сәті, ойын, жарыс, топтық немесе жұптық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Қарап отырсақ осы жаттығулардың бәрі топтар арасындағы жарыс түрінде жүзеге асады.

Бірлескен топтық жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асырудың тиімді жолдары топтарға бөліну тәсілдері арқылы, ойсергектің түрлері арқылы, сыни ойлау стратегиялары арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру арқылы мектепті дамыту жоспарына біршама өзгерістер енгізілді. Қортындысынан байқағаным, сабақ барысында мұғалім берген ақпаратты барлық оқушы түгелдей меңгере бермейді, түсінбеген оқушылар ішінара қайта сұрап, немесе басқадан көмек сұрауы мүмкін, алайда өзіне сенімсіз оқушылар білуге мүлде ұмтылмайды екен. Сабақты қаншалықты қызықты әрі түсінікті етіп жүргізгенімен, оқушы өзі үдеріске қатыспағандықтан сабақ кезінде енжар отырады. Әдеттегі жаттығу жұмысын орындауда оқушылар бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсе алмайтын, топпен жұмысты орындауда еркін қимылдап, құрбыларымен әңгімелесіп жұмыс жасай алады. Сабақта тек қимылға ғана еркіндік берілмейді, оның ойлауына, идеясын жеткізуіне, ойын дәлелдеуіне еркіндік берілді. [5]

Топтық жұмыс кезінде сыныптағы қарым қатынас анағұрлым жақсы дамиды. Өйткен олар әртүрлі көзқарасты тыңдайды. Өз идеяларын ұсынып, сабаққа белсенді қатыса алады. Оқушылардың топтық оқу-танымдық жұмыстарын ұйымдастыру мәселесінде іскерлік қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған қарым-қатынас топтағы адамгершілік ахуалды қалыптастыруға, оқушының жеке тұлғалық, әлеуметтік рухани құндылық қасиеттерін, ең алдымен, ұжымшылдықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Қазіргі кезде мектеп оқушыларымен соның ішінде бастауыш сынып оқушыларымен сабақ өту барысында топтық жұмысты пайдалану өте тиімді болып келеді. Бірлескен оқу тәсілі оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, сабақты толық қанды түсінуге мүмкіндік береді.

Қорыта келе, бірлескен оқу тәсілінің артықшылығы мен кемшілігіне қайта бір тоқтала кетсем. Бірлескен оқу тәсілінің сабақ барысында әрине, тиімді жағы өте көп. Мысалы: жаппай сабақ сұрау барысында кейбір балалар түсінбей қалуы мүмкін немесе ол темперамент жағынан меланхолик болса, білетінін ішіне түйіп, тұйықтанып, халерик темперамент типіндегі балада өзін төмен санап «мен аз білімін», «менікі дұрыс емес» деген сияқты негативті пікір қалыптасып, пікірін айта алмай қалуы мүмкін. Ал, топтық жұмыс кезінде мұғалім тапсырма береді, және топтың әр мүшесі өз қызметіне қарай:

Басқарушы-топты басқарады;

Спикер-жобаны қорғайтын оқушы;

Хатшы –жазба жұмыстарын орындайды;

Суретші-топ жұмысының нәтижелерін плакатқа маркермен түсіруші,

Тайм менеджер-жұмысқа берілген уақытты қадағалап отырады әртүрлі жұмыспен айналысады.

Бірлескен оқу тәсілінің тағы бір артықшылығы, ол оқушының бойында жасырын қалған, сізге осы уақытқа дейін байқалмаған қабілетті мен өзге оқушылардан артықшылығын көруге болады. Топпен жұмыс істеу барысында оқушылардың жүзінен шуақты, жеңіске деген талпыныс пен бәсекелестікті байқауға болады.

Бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ тәрбиелеу әр мұғалімнің басты мақсаты. Ал, топтық жұмысты ұйымдастыру, соған апарар 100 қадамның бірі десек болады. Жеңіске деген ұмтылыс, өзі мүше болған топтың алдыңғы қатарда болғанын қалау, оқушыларға ерекше күш – қуат пен шабыт береді. Осы кезде мұғалімнің тағы бір міндетті, рөлі – топқа мынадай тапсырманы қосымша ретінде беру. «Топ мүшелерінің ішінде тапсырма орындамай отырған, немесе басқа сабақ кезінде көбіне сабақ айтпайтын оқушы, осы тапсырманы айтады (постерді қорғайды)» дейтін болса, топтың басқа мүшелері сол оқушыға тапсырманы айтуға барынша көмек көрсетіп, үйретіп, әлгі тұйық баланы ашады. Кейбір балалар болады, есте сақтауы, жаңа ақпаратты қабылдауы төмен. Ол балалар бір түсіндіргенде немесе мұғалім түсіндіргенде, ғылыми терминдер туралы сөз болғанда түсінбей қалып, үнемі шетте қалып қятын. Сондай оқушылар көбіне ересектердің емес өзімен қатар достарының түсіндіргенін тез ұғады.

Бірлескен оқу барысында осындай бала сыныптастарының айтқан мәліметтерін тез есте сақтап қалады және тақтаға шыққанда, сабақ айтқанда жаңағы құрдастарының айтқандары, олардың бұл оқушыға сенгенін, бүкіл топтың жауапкершілігі өз мойнында екенін түсініп, тапсырмаға мейлінше дұрыс, толық жауап беруге тырысады. Топтық жұмыстың және бір тиімділігі осында. Соңғы сөзімде айта кетер жайт, топтық жұмысты тиімді, әрі өз уақытымен қолдана білу ұстаз шеберлігіне байланысты. Бала тағдыры алдымен ата –ана, содан кейін мұғалімнің қолын-

да. Дәрігер сауатсыздығынан бір адамның өмірі құртылуы мүмкін, бұл оқығандан кейін оны ешкім дәрігер етіп жұмыс істетпесі анық. Ал, ұстаз сауатсыз болса алдында тұрған қырық баланың өміріне балта шабады. Егер бұны өзі немесе басқа адамдар байқамайтын болса, онда бүкіл қоғамның болашағына балта шабылады. Жаман оқушы болмайды, жаман ұстаз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. К. Талдыбаева «Білім беру үрдісінде жаңа технологияны пайдалану жолдары». - Алматы, 2005.
2. Бұзаубақова К. Ж. Жаңа педагогикалық технология. –Алматы, 2004.
3. Дүйсенбаев А. Қ. Педагогика. -Алматы, 2016.
4. Ж. Мұханбетов «Топқа бөліп оқыту». –Алматы, 2005.
5. Сарбасова Қ. А. Инновациялық технологиялар. - Алматы, 2006.

МРНТИ 14. 25. 09

ОНТУГАНОВА Ш. Ш.,
3 курс докторанты,
6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан
E-mail: shynara_777_777@mail. ru

ЖАПБАРОВ А.
п. ғ. д., профессор,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ МЕҢГЕРТУ ЖӘНЕ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа. Дамып келе жатқан өмір жағдайында үздіксіз білім алу қажеттігі күннен-күнге артып жатқандығы баршаға белгілі. Сапалы білім – болашақтың кепілі болып табылады. Сондықтан да, білімді ұрпақ тәрбиелеуде қазіргі таңда оқытудағы жаңа әдістер мұғалімнің өз сабақтарын оқушының тіл меңгеруі, логикасы, идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға әсер ететін міндеттерге сай ұйымдастырып өткізуін талап етіп отыр.

Бұл мақалада, іс жүзінде логикалық білімге сүйене келе, түрлі жаңа технология элементтерін пайдаланып, оқушыларды оқу материалын салыстыра, сипаттай білуге және меңгерілген білімнің негізінде ой мен тіл дамыту сипатталады.

Түйін сөздер: ой, тіл, логикалы, диалогтық оқыту, сұрақ қою.

Аннотация. Хорошо известно, что в развивающемся мире растет потребность в непрерывном образовании. Качественное образование - залог будущего. Поэтому новые методы обучения в воспитании образованного поколения сегодня требуют от учителя организации уроков в соответствии с задачами, влияющими на развитие языковых навыков, логики, идей и знаний учащегося.

В данной статье описывается развитие мышления и языка на основе полученных знаний, умение студентов сравнивать и описывать учебный материал, используя различные элементы новой технологии, на основе практических знаний логики.

Ключевые слова: мысль, язык, диалогическое обучение, опрос, развивающее обучение.

Abstract. It is well known that there is a growing need for lifelong learning in the developing world. Quality education is the key to the future. Therefore, new teaching methods in the education of the educated generation today require the teacher to organize lessons in accordance with the tasks that affect the development of language skills, logic, ideas and knowledge of the student.

This article describes the development of thinking and language based on the knowledge gained, the ability of students to compare and describe educational material, using various elements of new technology, based on practical knowledge of logic. This article describes how to teach students how to compare and describe textbooks and draw conclusions based on the knowledge gained, using various elements of the new technology, based on practical logic.

Keywords: thought, language, dialogical learning, question, developing learning.

Кіріспе.

Ой — сыртқы дүниені бейнелеудік ең жоғарғы формасы, ойлау – сананың жоғарғы көрінісі, шыңы. Логика ғылымы зерттейтін ойлау формалары және оның нәтижесінде пікір, ой тұжырымын шығару заңдары ежелгі грек ойшылдарының еңбектерінде біздің жыл санауымыздан бұрыңғы VI – ғасырда-ақ пайда бола бастады [1]. Ал сөз өнері болса – қазақ халқының дүниені, қоғамдық қатынастар мен адамдар арасындағы байланыстарды танытудағы өнердің бір түрі. Бұл ұлттық ойлау ерекшелігінің биік көрінісі, ажырамас бөлігі. Ал ұлттық таным оқушыларға тіл арқылы беріледі. Себебі, адам өзінің өмір қажетін өтеуге байланысты басқа біреулермен пікірлеседі, ой алмасады.

Ойлау мен тіл өзара терең байланыста, тіл – адам ойлауының құралы. Адам ойы сөз арқылы өрнектеледі, сөздің ар жағында ой жатады. Сөз бен ойды теңестіруге болмайды, алайда сөзсіз ойлау іске аспайды, ой айтылмай, үнсіз тұншығады.

Ой мен тілдің қарқынды дамуы баланың бастауыш мектеп шағында жүзеге асады. Бұл кезде балада қабылдау қабілеті жетіледі. Бастауыш мектеп кезеңінде сөздік материалды есте сақтау

мүмкіншілігі бірден жоғарылайды, меңгерілетін оқу материалы үнемі оқушыдан елестету үрдісін талап етіп отырады. Есте сақтау мен елестету баланың күш-жігерді керек ететін мотивтерге байланысты өзгеріп отырады.

Оқу үрдісінде ой операциялары іске асатыны белгілі. Елестету бойынша заттарды дұрыс әрі оңай салыстыра алады. Логикалық ойлауының даму ерекшелігіне ой қорытындысын жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру деген сияқты түрлері анық көріне бастайды. Оқушыларда жоғары дәрежеде, жүйелі түрде нәтижелі ақыл-ой әрекеті дамып жетіледі. Бұл өзін қоршаған орта туралы, қоғамға еніп жатқан жаңа техника туралы, танымдық қатынастарды меңгере алуынан көрінеді. Осы арқылы баланың ақылы және оның танымдық қызығушылықтары қалыптасады. Бастауыш білім беру кезеңінде оқушы алғашқы ғылыми мәліметтерді ұғынуға ынталанып, қажетті дағдыларды игереді, ойлау қабілеті мен танымы қалыптасады. Ана тілінің, математиканың, жаратылыстану пәндерінің ғылыми негізін білуге, оны өмірге пайдаланудың алғашқы элементтерін алуға дағдыланады [2].

Негізгі бөлім.

Адам ойлауына тән жалпы заңдылықтар болғанмен, жеке адамның ойлау әрекеті даралық ерекшеліктерге толы. Әрбір адам бірінен-бірі ойының кеңдігі немесе тарлығы, орамдылығы, ұшқырлығы, дербестілігі, оның логикалық жүйелігі, сыншылдығы т. б. сапаларымен ажыратылады.

Ойының кеңдігі бар адам еркін ойлайды, мәселені ескі әдетпен, үйреншікті жолмен шешпейді. Ой–парасаты кең адам мәселені түрліше әдістермен шешуге тырысады.

Ой-өрісінің кеңдігіне қарама-қарсы қасиет – ойдың тарлығы. Мұндай адам мәселені шешуге шорқақ, ойға шабан, ол баста ойына келген бір әдісті, амалды қайталай береді. Тіпті оның жарамсыз әдіс екенін байқаса да басқаша пікірмен келуге батылы жетпейді. Мұндай адам ой әрекетін өз қажетіне жарата білмейтін, енжар адам. Халық ерте замандардың өзінде-ақ ақыл-ойдың кеңдігін ерекше қастерленген. Мәселен «Ой ойласаң тең ойла, тең ойласаң кең ойла» деген мақалда не мәселені болмаса тұтас, барлық жағынан қамти ойлау керектігі, ойлаудың кең, тиянақты болуы оның белгілі логикалық талаптарға сәйкес құралуына қарай болатындығы айтылған.

Кейбір адамдар мәселенің барлық жақтарын көре біледі, оны шеше алады, ой аса сергек және белсенді келеді. Мұндай адамдар орынсыз асып-саспайды, жағдайымен санасады, осындай қасиетті ойдың ұшқырлығы дейді. Өте қиын қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шешуде ойдың ұшқырлығын сөйлеу әрекетінен, пікірінен байқауға болады. Бұған қарама-қарсы қасиет – ойдың асығыстық түрі. Мұндай адам ой жұмысына онша қиналмай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүреді. Бұл адамдар енжар ойлылыққа әдеттенген, дайын тұжырымға жармасқыш, жеңіл ойлауға, мәселені үстіртін шешуге бейім келеді.

Басқалардан көмек күтпей, мәселені өз бетімен шешу – адамның жақсы қасиеттерінің бірі. Мұндай адам алдындағы мәселені шешуде басқа біреудің амалын қайталамайды, оны қалай да өзі шешуге тырысады. Бұл нағыз шығармашылық ойдың иесі. Мектепке түскенге дейін бала ойлауы дамудың ұзақ жолынан өтеді. Ойлау бұл кезеңде нақтылы –бейнелі болып, әрекетпен әлде де тығыз байланысып жатады.

Ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сөз болмаса, адамда білім болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанда суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бірін-бірі ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз [3]. Сол себепті осы тіл меңгерту мен ойлау дағдыларын балаларда қалыптастыру маңыздылығы артады.

Балалардың ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие үдерісі шешуші рөл атқарады. Ал оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларға бағыт-бағдар беретін негізгі тұлға - мұғалім. Сонымен қатар, мұғалім оқыту мен зерттеуге ынта-жігерін салып, белсенді жұмыс істейтін және қамқорлық көрсете отырып оқушыларға ықпал ететін тұлға. Осы тұста, бала тілі мен ойлауын дамытуда мұғалімге келесі іс-әрекеттер талап етіп қойылады:

1. Балаларды белгілі ережелер (грамматикалық, математикалық) жөнінде өз

беттерінше қорытынды жасай алуға үйрету үшін мұғалім сабақта мүмкіндігінше эвристикалық әдісті, сын тұрғысынан ойлау амалын жиі пайдаланып отыруы қажет.

2. Балаларды қисынды сөйлеу қабілетін дамыту олардың ойлауын дамытуға да үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан қисынды сөйлеу қабілетін дамыту қажет.

3. Ойлау қабылдаулар мен елестердің негізінде жасалады. Сондықтан оқушыны сабақты мүмкіндігінше жақсы қабылдай алуына, елестердің тиянақты қалыптасуына жүйелі түрде жаттықтырып отыру керек.

4. Оқушылардың өз беттерінше жасаған ой амалдарын дұрыс-бұрыстығын тексерту, оқушыларды бір мәселенің өзін түрлі жолдармен шешуге үнемі бағыттап отыру (тапқыштық пен зеректік) ойлануды қажет ететін мысалдар құрастыру, есептер шығарту, шығармалар жаздыру – бала ойлауын тәрбиелеудің тиімді жолдары болып табылады[4].

Сөздің мағынасын, мәнін игеру арқылы баланың ұғымы да кеңейетіні белгілі. Сол мағына

ұғымдарды бір-бірімен байланыстырып, қарым-қатынасқа түсуі арқылы ойы дамиды. Соның нәтижесінде, өз ойына байланысты сөздерді лайықты қолдану дағдысы қалыптаса бастайды.

Бастапқы идеядан туынды идеяларды өрістете байланыстыратын және сол идеяларды оқушылардың өздері құрастырып, жандандыра алатындай етіп, жинақтап, толықтырып, тереңдетіп бере алатын, дайын білім мен идеяларды ұсынбай, сол білім мен идеяларды оқушылардың өздерінің құруына түрткі болатын мұғалім – табысты оқыту мен нәтижелі сабақтың кепілі. Жалпы, оқушыларға білім беруде мұғалімде Шульман «үш көмекші» (Shulman, 2007) деп атаған қасиеттер болса, оқыту табысты болып саналады. Яғни, мұнда: мұғалімнің көмекшілері: бас, қол, жүрек болса, ал құзырлы мұғалімдерге тән белгілер: кәсіби түсінік, оқытудың тәжірибелік дағдылары және кәсіби-өнегелілік тұтастық [5].

Ағартушы ғалым А. Байтұрсынов «жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ, олардың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолқабыс есебінде қолдану керек» деп атап кеткеніндей, түрлі жаңа технология элементтерін пайдаланып, оқушыларды ой қорытулар жасауға үйрету және іс жүзінде логикалық білімге сүйену сабақтағы басты мақсат. Ғылыми-техникалық прогресс мұғалімдер мен оқушыларға қарым-қатынастың жаңа түрлерін, абстрактілі және нақты мәселелердің жаңа шешімдерін ұсынды. Оқушыларды өз бетінше ойлауға және әрекет етуге үйрету үшін пассивті оқыту формаларынан белсенді формаларға ауысу қажеттігі артып келеді. Жалпы алғанда мектептерде оқу бағдарламасына сай берілген материалдарды оқытуда бастауыш сынып оқушыларында пайда болған зеріктіру пассивті оқытудың нәтижесі. Әрине, бұл жағдайда оқушы пәнге сирек қызығушылық танытады. Сондықтан да оқытудағы оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, тиісті сұрақ қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде түсінігін өзгертуге мүмкіндік беретін технология қажет. Мұндай технологиялардың ішінде көрнекті орынды әр оқушының өз жетістігі мен интеллектуалды қабілеттерін сезіну кезінде ыңғайлы оқу жағдайларын жасауды көздейтін танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы формасы болып табылатын диалогтық оқыту технологиялары алады. Диалогтық оқыту барлық оқушылардың үздіксіз және белсенді қарым-қатынасын қамтамасыз етеді, бұл студенттерді де, оқытушыны да білетін және білетін нәрселерді түсінетін тең дәрежеде оқыту субъектілері етеді (Лундвалл, 2010; Вера және Гил, 2015) [6, 7]. Себебі, диалогтық оқыту арқылы оқушылардың тіл меңгерту және ойлау дағдыларын дамыту және қалыптастыру жетілген, жеке тұлғаны даярлауға ықпал ететіні бұрын дәлелденген. Мұғалім қолданған әдістер интеллектуалды ойлауының дамуына әсер етуі керек. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің барлығы дерлік сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Лилтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетті. Аталған авторлардың зерттеулерінде ересектермен интербелсенді қарым-қатынас достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған.

Балаларды диалог пен дәйектеуге тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер көбеюде. Яғни, тіл мен ойды дамытуда диалогтық оқыту технологиясының маңыздылығы артуда. Негізінде, білім диалог арқылы беріледі, оқушылардың сыныптағы өзара байланыс пен келісушілікті қабылдау деңгейін білдіретін қызметтің диалогпен қалайша жанасатынына байланысты болады.

Выготский кіші жастағы балалардың танымдық даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдерісінде, яғни, анағұрлым қабілетті оқушылармен араласу және мәдениет, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы оқушыларды ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын субъект ретінде суреттейді. Сонымен қатар Выготский оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе, танымдық дамудың жақсаратындығын атап көрсеткен.

Выготский оқуда сөз, сөйлеу негізгі рөл атқаратындығы туралы пікірі тәжірибеге негізделген (эмпирикалық) зерттеулермен дәлелденген. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың ойлауына соншалықты әсер ететінін айтады. Ал Мерсер мен Ходжкинсон (2008) болса, өз зерттеулерін Барнстың ертеректегі жұмысына негіздеп жасады. Ол оқу барысындағы диалог атқаратын негізгі рөлге назар аударуды мақсат етеді.

Александер (2004) оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды. Ал Мерсер әңгімелесуді оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі деп, оны негізгі үш түрге бөліп қарастырады: 1) әңгіме-дебат; 2) кумулятивтік әңгіме; 3) зерттеушілік әңгіме [5].

Ойлаудың қамтитын шеңбері әлдеқайда мол болып табылады. Баланың ойын дамыту тілін дамытумен тығыз байланысты әрекеттер, ол үшін мұғалімдер логикалық әдіс-тәсілдер арқылы сабақ әрекеттерін ұйымдастыруы қажет.

Диалогтық оқытудың ажырамас бөлігі сұрақ қою, сұхбаттасу болып табылады. Сұхбаттасу:

• оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;

• оқушылардың басқа адамдармен түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;

• оқушыларға өз иеяларын дәлелдеуге көмектеседі;

• мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар, дұрыс қойылған сұрақ оқытудың тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсартып, кеңейте алады. Яғни, біз, оқуды дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

✓оқушылардың тақырып бойынша және сындарды сөйлеуге ынталандыратынына;

✓оқушылардың шынайы қызығушылы мен сезімдерін анықтай алатынына;

✓білімге құштарлығын дамыта және зерттеуге ынталандыра алатынына;

✓оқушыларға өз білімін басқа адамдарға сөзбен жеткізуге көмектесе алатынына;

✓оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына ықпал ететініне;

✓оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал ететініне көз жеткізуге болады [5].

Тілді дамыту жұмысын ұйымдастыруға Р. Әміров мынадай талаптар қояды:

1. Оқушылардың сөздік қоры мол, бай болуға тиіс. Сөздік қоры мол оқушының ұғымы да кеңейе береді, әрі тілі орамды болып, пікірін толық жеткізе алады.

2. Оқушылардың сөзі грамматикалық жағынан дұрыс, мінсіз болуға тиіс. Сөйлемдегі сөздердің орны, грамматикалық байланысы тілдің заңдарына сай болғаны дұрыс.

3. Оқушылар өз ойын рет-ретімен бір жүйеге түсіріп айта білуге тиіс. Бұлай дағдыланбаған оқушы әңгімелердегі оқиғаларды еске түсіруіне қарай байланыссыз шашыратып айтады да, оның мәні мүлде түсініксіз болып шығады.

4. Оқушылар ойын күмілжітпей, айқын дәл айтуға үйрену керек. Бұл үшін айтайын деген ой ұғымына мағынасы дәл келетін сөзді теріп жұмсауға, ойды білдіруге көмегі жоқ, артық сөздерден аулақ болуға, таза сөйлеуге дағдыландырады.

5. Оқушылар сөздің ішінде ойдың тірегі болып тұрған сөздерді тауып, оған логикалық екпін түсіре сөйлеуге, лепті, хабарлы, сұраулы сөйлемдерді, төл сөздерді тиісті интонацияға түсіріп сөйлеуге дағдылануы тиістілігін айтады [8].

Бұл қойылған талаптарды талдай отырып, біз ойлаудың дамуын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі оқушының ойлау белсенділігін белсендіретін проблемалық жағдай туғызатын міндеттерді алдын-ала қою керек екендігін ұғындық. Проблемада қойылған сұраққа жауап іздеу тәсілдері оқушының индуктивті және жүйелілік ретін білдіретін танымдық күш-жігерімен байланысты болатындай болуы керек. Сонымен қатар, индуктивті де, дедуктивті де логикалық үдерістер әрдайым басқа өзара байланысты ойлау амалдарының қатысуымен жүреді (салыстыру, талдау, синтез, жинақтау және т. б.).

Мұғалім сұрақ қою стратегиясын келесі қадамдарға сәйкес қолдана алады:

1. Оқушыларға материал туралы түсінік беру үшін пікірсайысты тақырыптың фактілері туралы бірнеше сұрақтардан бастау.

2. Тақырып бойынша негізгі сұрақты талқылауға бағыттау және реакцияны ынталандыру үшін қою.

3. Өтіліп жатқан тақырыпқа байланысты сұрақтар қоюды бастау.

4. Өтіліп жатқан тақырыпқа байланысты сұрақтарды талқылау.

5. Тақырып бойынша кейінгі сұрақтар туралы негізгі сұрақты қайта қою.

Қорытынды.

Қорытындылай келгенде, диалогтық оқыту технологиясы оқушылардың ойлау қабілетін дамытады, сұрақ қойылған кезде қайталанбауы үшін басқа адамдардың сөйлеуін тыңдау, қабылдау, түсіну және басқалардың ақпаратын талдау дағдыларын дамытады, өз ойын логикалық және қысқаша жеткізуге үйретеді. Өтілген тақырыпты талқылай отырып, әр оқушы өзінің ойларын қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге өзінің әңгімелесушісінің сөйлеуін тыңдауға да мүмкіндік алады. Оқушы қабылданған білім мазмұнын логикалық дұрыс және тиімді қолдану арқылы санасына орнықтырса, оқушының білімі шын мәнінде сапалы болмақ. Олардың ойлауын және тілін дамытуға игі әсер етудің басы – оқып-үйренудің қызметін дұрыс ұйымдастырып, логика элементтерін, жаңа технологияларды сол үдерісқе нәтижелі түрде қосып отыру керек. Сол уақытта кез келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындалған жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамыта түседі. Жеке тұлғаның қабілеті, ойлау дағдыларын дамытуды неғұрлым ерте бастасақ, оның қабілеті толық ашылуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Иманқұл Н. Ойлау туралы ойлау. Алматы, 1988. [3б]

2. Айдар Н. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері. http://edunews. kz/ruhanijangiru/2086-bastauysh-synyp-oushylaryny-psihologiyaly-erekshelkter. html

Жұмабаев М. Жалпы педагогика. https://bilim-all. kz/article/7450-Pedagogika

Жапбаров А. Қазақ тілін дамыта оқытудың тәжірибелік әдістері: логикалық амал-тәсілдер. 15-кітап. 2015 жыл. [124-125б]

Мұғалімге арналған нұсқаулық (МАН). «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 жыл. [38- 40б]

Lundvall, B. 2010. Ұлттық инновациялық жүйелер: Инновация және интерактивті оқыту теориясына қарай. Баспасөз 2. Ұлыбритания.

Vera, M. және Gil, J. 2015. Интерактивті оқыту технологияларын қолдану. Redhecs-Revista Electronica De Humanidades Educacion Comunicacion. Том. 20, No10: 73-91. Оңтүстік Америка. Венесуэла.

Әміров Р. С. Бірінші класта оқушылардың тілін дамыту үшін істелінетін жұмыстар. А. :1957. [246]

ӘОЖ 378. 6. 371. 13

ОРАЗБАЕВА Э. Б.,
филология ғылымдарының кандидаты,
ОҚМПУ,
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: elmiraorazbayeva@mail. ru

БЕГАЛИЕВА Р. Н.
педогогика ғылымдарының кандидаты, доцент м. а.,
ОҚМПУ,
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: rauan_narmahankyzy@mail. ru

КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада кері байланыстың классификациясы мен тәсілдері қарастырылған. Кері байланыс – нақты әрекеттер, ахуалдар, даулы мәселелер арқылы мақсатқа жетуге бағытталатын түсініктерді алу және мәлімет беру үрдісі. Ұтымды жүргізілген кері байланыс оқушының өз еңбегін бағалауына, күшіне сенуіне мүмкіндік береді, ал мұғалімнің сабақ нәтижесі бойынша нені жақсарту, өзгерту керектігіне негіз болады. Оқу-тәрбие қызметі барысында мұғалім оқушылардың білімін дамыту мақсатында психологогиялық-педагогикалық міндеттерді шешудің әдістері мен идеялар жүйесімен байыту (өз ойын жеткізе білу, зеректік, басқаларды түсіне білу, олардың жеке қабілеттілігін сыйлау және олармен жағымды қарым-қатынас).

Тірек сөздер: кері байланыс, бағалау, көңіл-күй, білім беру, тиімді сабақ, сараптама, бағалау реформасы, сұрақ қою, өзіндік оқу, комментарий, ғылыми ізденіс, өзін-өзі бағалау, нәтижелі әрекет.

Аннотация. В этой статье рассматриваются методы обратной связи по классификации и обратной связи. Обратная связь - это процесс получения и передачи информации, направленной на достижение целей посредством конкретных действий, ситуаций, спорных вопросов. Рациональная обратная связь позволяет ученику оценивать и оценивать его работу, и учитель будет мотивирован тем, что ему нужно улучшить или изменить. Обогащение методов и идей системы психолого-педагогических задач с целью развития знаний учащихся в образовательной деятельности (умение выражать себя, быть умным, понимать других, уважать их индивидуальные способности и общаться с ними).

Ключевые слова: отзывы, оценка, настроение, образование, эффективное преподавание, экспертиза, оценка реформ, опрос, самореклама, комментарии, научные исследования, самооценка, продуктивное поведение.

Abstract. In this article, we refer back to classification and feedback using feedback method. Feedback is a process of receiving and transmitting information that addresses specific issues, situations, sports issues. Rational feedback helps the teacher assess and evaluate the work, and the teacher has motivated topics that need to be improved or redistributed. Interpretation of methods and methods of psychological and pedagogical tasks to learn how to improve the education (to spend money, to think intelligently, to understand other people, to have a characteristic and to communicate).

Keywords: review, evaluation, views, training, effective learning, expertise, assessment, self-censorship, explanation, research, self-interest, production leadership.

Кері байланыс – нақты әрекеттер, ахуалдар, даулы мәселелер арқылы мақсатқа жетуге бағытталатын түсініктерді алу және мәлімет беру үрдісі. Кері байланыс мұғалімге оқу үрдісі қалай жүретіндігі және оқушының табыстары мен кемшіліктері туралы мәлімет береді. Кері байланыс өзара сыйластық пен тілектестіктің атмосферсында өтуі қажет және оқушы үшін дұрыс жауап қайтаруға немес қателіктерді жөндеуге уақыт берілуі керек. Сонымен қатар қызмет бағыттарын ауыстыруға мүмкіндік береді. Кері байланыс позитивті болуы керек, бірақ бұл оқушылар істеген жұмыстың кемшіліктері туралы білу керек еместігін білдірмейді.

«Білім жүйесі экономикалық артықшылықтармен қатар әлеуметтік пайда да береді», - делінген Мемлекеттік бағдарламада. Білім жүйесі әлеуметтік капитал құрастырудың бірден бр себепкері болады, ал мынандай игі өзгерістерден тұрады: азаматтардың билікке қатысу үлесі жоғарылайды, қоғам бірлігі өседі, қылмыс деңгейі төмендейді.

Егер де біз Қазақстанды 2020 жылы білімді ел, ақылды экономика және жоғары білікті жұмыс күші бар мемлекет деп көргіміз келсе, онда білім жүйесін дамытуымыз қажет.

Мұндай максатта оқу орындары бірінші кезекте үйрену мен үйретудің басты әдістемесі технологиясы ретінде интербелсенді әдістемені таңдауы қажет. «Неліктен интербелсенді әдіс-

оқу орындарының негізгі ұстанымына айналу қажет?» деген сұраққа жауап беру үшін бүгінгі Әлем дамуының ерекшеліктерін айқындау керек секілді.

Егер бұрынырақта ақпараттың жетіспеушілігі білім игерудің ең басты проблемаларының бірі болса (әр пән бойынша екі-үш оқулық қана, дерек көздерінің жетіспеушілігі), бүгінде, керісінше, ақпараттың адамның биологиялың мүмкіншіліктерінен (мәселен, адам миының) шамадан тыс көптігі проблема болып табылады. Қазіргі замандағы ақпараттың орасан зор мөлшері (кітаптар, Интернет тб.) адамнан бұрыңғыдай мағлұматты іздестіріп қана қоймай, қажетті мәліметті таңдауды, оны игеруді, кажетіне жаратып, пайдалануды, оны бағалауды талап етеді.

Қазіргі әлеуметтік-педагогикалық ғылым түсінігінде (ағылш. feedback

-«фидбэк»), термині жиі қолданылады. Әлеуеті жоғары мұғалім оқушыларының сабақта не үйренгеніне міндетті түрде назар аударады. Алынған білімді өлшеу жолдарының бірі тиімді кері байланыс орнату. Кері байланыс аспектілерінің бірі танымдық кері байланыс орнату. кез келген білім алу үш аспекті бойынша жүзеге асады. Бұл ақпарат сізге деңгейлі курстан таныс. Кері байланыс үдерісі де эмоционалдық, танымдық, әлеуметтік аспектілері бойынша қарастырылады. Кері байланыс деген не? Оны жүзеге асыру жолдары қандай? Танымдық кері байланыстың сабақ барысындағы өзектілігі қандай? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Барлығымыз кері байланыс алу жолдарын ұйымдастырамыз. Тиімді кері байланыспен барлық оқушыларды қамтамасыз ету маңыздылығы туындап отыр. ОЛ оқушыға не береді? Оқушы өз әрекетін реттей алады, сабақта не үшін әрекеттер жасалғанын түсінеді, өз оқуына жауапкершілік алады, болған жағдайға рефлексия жасап үйренеді, өзін-өзі реттеуге машықтанады.

Мұғалімге не береді? Мұғалім тиімді жоспарлауға, сабаққа нақты мақсат қоюға, оқушы ерекшеліктерін анықтауға, сабағына өзгеріс енгізуге мүмкіндік алады. Осыған орай сабақта танымдық кері байланысты кеңінен ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр.

Көбіне кері байланыстар эмоцияға бағытталып жатады. Мысалы: Сабақ ұнады ма? Өзіңді сабақта қалай сезіндің? Әрине осының барлығы да маңызды болғанымен оқушының өзін-өзі реттеуіне әсер ете алмайды. Оқушы тек өз эмоциясын жазады, мұғалім өз кезегінде сабағына өзгеріс енгізе алмайды. Кері байланыс оқушының біліміне бағытталмағандықтан маңыздылығы жойылып кетеді. Сондықтан кері байланыс орнату танымға бағытталуы тиіс.

Кері байланыс жасау мақсатына байланысты 3 топқа бөлінеді:

- көңіл-күй, эмоцияналдық жағдайына кері байланыс
- оқу материалының мазмұнына байланысты кері байланыс
- сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс

Көңіл-күй, эмоцияналдық жағдайына кері байланыс – көңіл-күйді, эмоцияны білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер мен бояу түстер арқылы байланыс орнатылады. Мысалы: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы». Мысалы «Алма ағашы» әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, қызыл түсті алма - мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау)

! «Смайлик» әдісі – бұл әдіс арқылы тек оқушылардың көңіл-күйін емес, сабаққа қатысуын да қадағалауға мүмкіншілік береді

Оқушының аты-жөні	күні		күні		күні	
Оқушы 1	сабақ басында	сабақ соңында				
Оқушы 2						
Оқушы 3						

! «Бір сөзбен» әдісі – оқушылардың өздеріне берілген 12 сөздің ішінен өздерінің бүгінгі көңіл күйлерін сипаттайтын сөздерді таңдап айтады.

1. Төзімсідік
2. Ашу
3. Қуаныш
4. Немқұрайлылық
5. Қанағаттану
6. Шабыт
7. Зерігу
8. Алаңдау
9. Тыныштық
10. Сенімділік
11. Сенімсіздік
12. Рахаттану

! «Менің көңіл-күйім» баспалдағы

КЕРЕМЕТ!!!

Оқу материалының мазмұнына байланысты кері байланыс - оқу барысында өтілген тақырыпқа сәйкес жүргізіледі.

! «Сөйлемді аяқта»

Оқушылар тақтада (экранда, монитора) жазылған сөйлемдердің біреуін таңдап, оны әрі қарай жалғастырып, аяқтайды:

- Мен мынаны білдім...
- Маған қызық болғаны...
- Маған қиын болғаны...
- Мен енді...
- Менің ойым мынадай...
- Мен мынаны сезіндім...
- Мен мынаны жасадым...
- Мынаған таң қалдым...
- Қолымнан мынау келеді...
- Мен мынаны жасағым келеді...

!«Білемін, білдім, білгім келеді» кестесі

Оқу материалы (ақпарат, ұғым, түсінік, құбылыс, формула, теорема т. б)	Бұрыннан білемін	Бүгінгі сабақта білдім	Тағы да білгім келеді

! Пікірлер базары

Оқушылардың әрбір шағын тобы плакатқа (флипчартқа) сабақтың өздері ең маңызды деп шешкен бір тұсын жазады. Плакаттар қабырғаға ілінеді. Әр плакаттың қасында сұрақтарға жауап беретін оқушы тұрады. Басқа топтар «Галереяны шарлау» тәсіліндегідей плакаттан плакатқа көшіп, оның төменгі жағына стикерлермен өздерінің комментарийлерін, сұрақтарын, пікірлерін, қарсы дәлелдерін, қойған бағаларын жазады. Сұрақтарға жауап беретін оқушылар ауысып тұрғаны дұрыс. Моңында топтар өз плакаттарына оралып, барлық пікірлкрмен танысады, оларды талқылайды, сұрақтарға жауап іздейді, нәтижелерін сыныпқа ауызша жариялайды.

! «Плюс – Минус – Қызығамын» кестесі

Бұл әдістің авторы Эдвард де Боно(1968) деп көрсетіледі. Алайда бұл кестені шығармашылықпен өзгертуге болады.

Оқушылар жекелей (немесе шағын топ ішінде) төмендегі кестені толтырғаннан кейін, оны талқылап, қорытынды жасаған дұрыс

«Плюс» (+)	Сабақта қызық болған, пайдалы болар деп ұйғарылған мәселер, жайттар жазылады.
«Минус» (-)	Сабақта сәтсіз шыққан, пайдасы жоқ деп ұйғарылған мәселелер мен жәйттер жазылады.
Қызығамын (?)	«Не білгім келеді?» немесе «Бұл мен үшін қызық бола ма?» деген сұрақтарға жауап келтіру

! Эдвард де Боно бойынша «Ойлаудың алты қалпағы»

- Бүгінгі сабақ тақырыбының өмірмен байланыстылығы, қажеттілігі;

- Барлық қалпақтардың пікірлерін тыңдай отырып, сабақ бойынша қорытынды ой;

- Сабақ бойыншы сын-пікір, келесі сабаққа ұсыныс;

- Сабақтағы шығармашылық жұмыс, сабақтағы жаңа ұғымдар;

- Сабақ бойынша фактілер мен цифрлар араласқан ойлар айтылады;

- Сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.

Сабақта болған іс-әрекетке байланысты кері байланыс – оқушылардың өзара қарым-қатынасы, топтық немесе жұптық жұмыс, жеке жетістіктері жайлы болады.

! «Өзін-өзі бағалау»

Оқушылар төменде берілген тұжырымдамалардың біреуін таңдап, оны түсіндіріп береді:

- Бәрін де түсіндім;
- Бәрін де түсіндім, басқаларға түсіндіре аламын;
- Түсіндім, алайда маған көмек керек;
- Маған көмек керек;
- Берілген тапсырманы орындай аламын;
- Үй тапсырмасын орындай аламын,
- Түсіндіріп бере аламын;
- Түсінбедім.

! Сабақты бағалау кестесі №1

Қызық болды	Бүгін мынаны түсіндім	Қиын болды

! Сабақты бағалау кестесі №2

Не болды?	Ұнады	Ұнамады

! Қателермен жұмыс кестесі

Қателерім	Неліктен қате жібердім?	Қалай түзетуге болады?

! «Сабақтағы жетістіктер» кестесі

Тақырып	Қуаныш	Сәттілік

! **Сабақты талдау кестесі**

Сабақтың негізгі идеясы	Сабақтағы жаңалық	Сабақта ұнаған тәсіл	Сабақтағы басты қиындық

Кері байланыс жасау тек көңіл-күй, жағдай сұрау сұрақтары арқылы өрбімейді (немесе оларды «қарапайым», «жіңішке», «оңай» сұрақтар деп те атайды): мұндайда оқушы тек ұнады немесе ұнамады, жақсы-жаман деп шектеледі. Мәселен, «Бүгінгі сабақ ұнады ма?» деген сұрақ дәл осындай репродуктивтік сипатта, демек, оқушы бұл сұраққа жауап бергенде сабақтың танымдық ойламайды, ол тек өзінің эмоционалдық жағдайын ескереді. Сократ кезінде «Ақылсыз адам жауап береді, ал ақылды адам ақиқатты іздейді» деген екен. Сондықтан да оқушыларды ойлануға итермелейтін сұрақтар қою қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Каирова Д. Т. Қалыптастырушы танымдық кері байланыс түрлерін ұйымдастырудың тиімді жолдары. Оқу құралы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016

2. Хэтти Дж. и Тимперли Х. Сила обратной связи. Обзор исследований в области образования, 2007. 77(1). 81–112-беттер www. scientific-conference.com/h/sborniki/pedagogicheskie-nauki2/853-high-qualityfeedback. html

3. Әлімов А. Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Оқу құралы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.

4. «ТӘЖІРИБЕДЕГІ РЕФЛЕКСИЯ» Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы. - Астана: ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

ӘОЖ 372. 8

ОРАЗБАЕВА Ұ.
№93 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Түйін. Мақалада "педагогикалық шарттар" және «құзыреттілік» ұғымының мәні ашылады. Отандық ғалымдардың кәсіби құзыреттілікке берген анықтамалары теориялық және тәжірибелік тұрғыдан талданды. Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің теориялық және әдіснамалық негіздері баяндалды. Әдебиеттерді талдау негізінде болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарттары әзірленді: интеграциялау негізінде пәндерді оқытудың кәсіби бағыттылығын күшейту, пәндік интеграция әдістемесін игеру, студенттердің үздіксіз педагогикалық тәжірибенің мектептегі интегративті білім беру мақсаттарын іске асыру. Интеграциялау негізінде пәндерді оқытудың оң нәтижелері көрсетілді. Болашақ педагогтың кәсіби қалыптасуында үздіксіз тәжірибенің алатын орны ерекше. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың анықталған педагогикалық шарттарының тиімділігін тексеру үшін эксперимент жүргізілді. Эксперимент нәтижелері көрсетілді.

Түйінді сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық шарт, болашақ педагог, интегративті тұғыр, пәндік интеграция.

Резюме. В статье раскрывается сущность понятия «педагогические условия» и «компетентность». Определения, данные отечественными учеными для профессиональной компетентности, были проанализированы как с теоретической, так и с практической точки зрения. Изложены теоретические и методологические основы проблемы формирования профессиональной компетентности будущих педагогов. На основе анализа литературы разработаны условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов: усиление профессиональной направленности преподавания предметов на основе интеграции, освоение методики предметной интеграции, реализация интегративных образовательных целей студентов в школе непрерывного педагогического опыта. Были продемонстрированы положительные результаты преподавания предметов на основе интеграции. Особое место в профессиональном становлении будущего педагога занимает непрерывная практика. Для проверки эффективности выявленных педагогических условий формирования профессиональной компетентности был проведен эксперимент. Результаты эксперимента были продемонстрированы.

Ключевые слова: компетентность, профессиональная компетентность, педагогическое условие, будущий педагог, интегративный подход, предметная интеграция.

Summary. The article reveals the essence of the concept of "pedagogical conditions" and "competence". The definitions given by Russian scientists for professional competence were analyzed both from a theoretical and practical point of view. The theoretical and methodological foundations of the problem of the formation of professional competence of future teachers are presented. Based on the analysis of the literature, the conditions for the formation of professional competence of future teachers are developed: strengthening the professional orientation of teaching subjects based on integration, mastering the methods of subject integration, implementing the integrative educational goals of students in the school of continuous pedagogical experience. Positive results of teaching subjects on the basis of integration were demonstrated. A special place in the professional development of the future teacher is occupied by continuous practice. To test the effectiveness of the identified pedagogical conditions for the formation of professional competence, an experiment was conducted. The results of the experiment were demonstrated.

Keywords: competence, professional competence, pedagogical condition, future teacher, integrative approach, subject integration.

Педагог мәртөбесі туралы заңнамада «педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам» деп анықтама берді [Педагог мәртөбесі туралы, 2019]. Бұл, өз кезегінде педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін қалыптастыруды талап етеді.

Бүгінгі таңда университеттің кәсіби-педагогикалық дайындығының өлшемі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі болып табылады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-бұл кәсіби қызмет жүзеге асырылатын нақты тарихи жағдаймен динамикалық, дамып келе жатқан, анықталған категория.

Бұл терминді енгізудің орындылығы оның мазмұнының кеңдігіне, мұғалім үшін "кәсібилік", "біліктілік", "кәсіби қабілеттер", "қызметке дайындық" және т. б. сияқты үлкен маңызы бар

санаттармен тығыз байланысты [Воронина Г. А., 2005].

Педагогикалық сөздікте: құзыреттілік (лат. competentia-құқық бойынша тиесілі) - 1) белгілі бір саладағы білім мен тәжірибе, хабардарлық. Кәсіби педагогикалық құзыреттілікте әлеуметтік (еңбек нәтижелері үшін жауапкершілікті сезіну), психологиялық-педагогикалық (білім беру процесін жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылыққа дайындық), әлеуметтік-педагогикалық (қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа дайындық), арнайы пәндік (оқытылатын пәнде және оны оқыту ерекшелігінде эрудициялау), жеке (Жалпы және педагогикалық қабілеттерді дамыту) құзыреттілікті ажыратады; 2) өкілеттіктер мен құқықтардың заңдастырылған шеңбері [Загвязинский В. И., Закирова А. И., 2008, 416.].

Б. А. Тұрғынбаеваның зерттеуінде «құзырлылық – өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін өмірде шешуде өолдана алуы» деп анықтама берді [Тұрғынбаева Б. А., 2005].

Отандық ғалымдар кәсіби құзыреттілігін теориялық және тәжірибелік жақтарын зерттеген. Атап айтсақ: Б. Т. Кенжебеков (болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі,), А. Н. Жорабекова (көптілді білім негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру), Ш. К. Жантілеуова, Д. П. Мучкин, Н. Н. Лобанова және т. б. ғалымдар зерттеген.

Б. Т. Кенжебековтың айтуынша, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі-«бұл адамның психикалық ерекшеліктері мен күйлерінде көрінетін жеке қасиеттердің жиынтығы, сондай-ақ маманның кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілеті мен дайындығы» [Кенжебеков Б. Т, 2005].

А. Н. Жорабекованың айтуынша, белгілі бір мамандық мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі-«бұл кәсіби білімнің, дағдылардың, іс-әрекет әдістерінің ғылыми негізделген құрамын көрсететін және тұлғаның тұтас құрылымында оның теориялық және практикалық дайындығының бірлігін білдіретін нормативтік модель» деп түсіндірді [Жорабекова А. Н., 2015].

Ш. К. Жантілеуова мұғалімнің "кәсіби құзыреттілігі" ұғымын өзара байланысты үш компоненттен тұратын тұлғаның тұтас білімі ретінде қарастырады: кәсіби білім, кәсіби шеберлік, педагогикалық қызметте жүзеге асырылатын мұғалімнің жеке басының кәсіби маңызды қасиеттері [Жантілеуова Ш. К., 2006]

Д. П. Мучкиннің зерттеуінде кәсіби-педагогикалық құзыреттілік «тез өзгеретін әлемде сәтті кәсіби-педагогикалық өзін-өзі тәрбиелеуге дайын екендігінде көрінетін мұғалім қасиеттерінің интегралды интегративті сипаттамасы ретінде» түсіндіріледі [Мучкин Д. П., 2010].

Педагогтың кәсіби құзіреттілігінің құрылымына қатысты Н. Н. Лобанова оның компоненттерін анықтайды:

- кәсіби-мазмұндық (адам тұлғасын зерттейтін ғылым негіздері бойынша теориялық білім);

-кәсіби - әрекеттік (кәсіби білім мен іскерліктер, іс-әрекетте сыннан өткен, жеке тұлға ең тиімді ретінде игерген);-кәсіби-жеке (педагогтің жеке тұлға ретіндегі ұстанымы мен бағытын анықтайтын кәсіби-жеке қасиеттер) [Лобанова Н. Н., 1997, 586.].

Сонымен, кәсіби құзіреттілік көп компонентті құрылыммен сипатталады, оған жалпы құзіреттіліктер кіреді: дүниетаным, коммуникативті, психологиялық-педагогикалық, нормативті, рефлексивті, сонымен қатар арнайы: пәндік және әдістемелік, олардың қалыптасуының әр түрлі деңгейлері бар.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі-бұл педагогтың теориялық білім жүйесін және оларды нақты педагогикалық жағдайларда қолдану тәсілдерін, мұғалімнің құндылық бағдарларын, сондай-ақ оның мәдениетінің интегративті көрсеткіштерін (сөйлеу, қарым-қатынас стилі, өзіне және оның қызметіне қатынасы, байланысты білім салалары және т. б.) қамтитын көп факторлы құбылыс.

Кәсіби құзыреттілік дегеніміз сәтті педагогикалық қызмет үшін қажетті кәсіби және жеке қасиеттердің жиынтығы. Кәсіби құзыретті деп педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты жоғары деңгейде жүзеге асыратын, даму мен тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижелерге қол жеткізетін педагогты атауға болады.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің негізгі құраушылары:

Педагогикалық құзыреттілік-тиімді оқыту мен тәрбиелеу үшін Алған білімдерді, кәсіби қызметтегі тәжірибені қолдана білу, педагогтің инновациялық қызметке қабілеттілігі;

Коммуникативтік құзыреттілік-сөйлеу дағдыларын, тыңдау қабілетін, экстраверсияны, эмпатияны қамтитын маңызды кәсіби сапа.

Ақпараттық құзыреттілік-мұғалімнің өзі, оқушылар, ата-аналар, әріптестер туралы ақпарат көлемі.

Реттеуші құзыреттілік-мұғалімнің мінез-құлқын басқару, эмоцияларын бақылау, рефлексия қабілеті, стресске қарсы тұру қабілеті.

Сондай-ақ, ғылыми зерттеулерде «шарт» ұғымына берген анықтамаларды талдайық.

Педагогикалық сөздікте: шарт - даму факторларының әсеріне қолайлы немесе кедергі келтіретін сыртқы және ішкі жағдайлар, мысалы: іс-әрекетке дайындық, ынталандырушы орта, материалдық-техникалық және ресурстық қауіпсіздік және т. б. Көбінесе шарт ұғымы кеңінен түсіндіріледі, яғни себептері, даму факторлары, технологиялары, әдістері, оқыту, тәрбиелеу және дамыту құралдары, басқарушылық қолдау және басқа факторлар [Загвязинский В. И., Закирова А. И., 2008, 306.].

С. И. Ожегов сөздігінде: «Шарт – бұл бір нәрсе байланысты болатын жағдай. Өзіне деген талап – сәттілік» [Ожегов С. И., 1935,].

Философиялық энциклопедиялық сөздікте «шарт-бұл олар өмір сүретін және онсыз өмір сүре алмайтын орта» [Губский Е. Ф., Кораблева Г. В., Лутченко В. А., 2003,].

Сонымен психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі жүргізілген зерттеулерді талдап, болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын атап өтеміз:

Бірінші шарты, интеграциялау негізінде пәндерді оқытудың кәсіби бағыттылығын күшейту.

Интегративті тұғыр – бұл білім беру процесі және педагогикалық интеграцияның нәтижесі ретінде қарастырылатын зерттеу ұстанымы (пәнаралық, пәнаралық, тұлғааралық, тұлғааралық).

Интеграциялау негізінде пәндерді оқыту оң нәтиже береді:

– білім алушылардың білімі жүйелілік сапасына ие болады, ғылымдардағы байланыстардың әмбебаптығын анықтайды;

– дағдылар жалпыланады, білімді жан-жақты қолдануға, оларды синтездеуге, идеялар мен әдістерді бір ғылымнан екіншісіне ауыстыруға ықпал етеді, бұл қазіргі жағдайда адамның ғылыми қызметіне шығармашылық көзқарастың негізі болып табылады;

– тұлғаның жан-жақты дамуына қол жеткізіледі;

– білім алушылардың танымдық үрдістерінің дүниетанымдық бағыты нығаюда;

Екінші педагогикалық шарт болашақ педагогтардың арнайы және әдістемелік дайындық процесінде пәндік интеграция әдістемесін игеруі.

Пәнді оқытудың интеграциясы болашақ педагогтарды даярлау жүйесінде оқытудың кәсіби бағытын жоғары деңгейге көтереді.

Бұл педагогикалық жағдайды жүзеге асыруда оқыту әдістемесі бойынша сабақтарда студенттер пәнді интеграция арқылы оқыту әдістемесі бойынша білімдері мен практикалық біліктері мен дағдыларын пысықтайды;

Үшінші педагогикалық шарт студенттердің үздіксіз педагогикалық тәжірибенің мектептегі интегративті білім беру мақсаттарын іске асыруға бағытталуын көздейді. Тәжірибенің әр түрінің өзіндік мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, өткізу базасы және ұйымдастыру ерекшеліктері бар.

Педагогикалық тәжірибеден өту барысында келесі міндеттер шешіледі:

– интегративті тұғыр негізінде психологиялық-педагогикалық білімді бекіту, тереңдету және байыту;

– интегративті тұғыр негізінде сабақтарды, сыныптан тыс оқыту нысандарын жоспарлау, ұйымдастыру және кәсіби біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

– интеграция арқылы оқыту бойынша озық педагогикалық тәжірибені зерделеу;

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың анықталған педагогикалық шарттарының тиімділігін тексеру үшін тәжірибелік-педагогикалық жұмыс бағдарламасы әзірленді және қалыптастырушы эксперимент жүргізілді.



Сурет 1. Эксперименттік және бақылау тобы студенттерінің арнайы кәсіби құзыреттілік компоненттерінің қалыптасуының жалпы деңгейі (қалыптастырушы кезең).

Бақылау бөлімінің нәтижелері эксперименттік топ студенттерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін 22, 3% дейін, бақылау тобы студенттерінің 13, 2% артты. Эксперимент тобында орташа деңгейде қалыптасқан студенттер саны 41, 2% – дан 67, 5% - ға дейін, бақылау тобында 42, 3% - дан 55, 5% - ге дейін өсті. Эксперименттік топта кәсіби құзыреттілік деңгейі төмен студенттер 10, 2%, бақылау тобында – 31, 3% болды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың оң динамикасын көрсетті, бұл анықталған педагогикалық жағдайлардың тиімділігін және оларды универ-

ситеттің оқу-тәрбие процесінде жүзеге асыру әдістерін дәлелдейді.

Қорытындылай келе, анықталған педагогикалық шарттар болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары болып табылады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мәселесі бойынша теориялық ережелерді зерттеу және талдау мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін интегративті көп деңгейлі жеке білім беру болып табылатын білім беру феномені ретінде анықтауға мүмкіндік берді. Жоғары оқу орнының білім беру процесінде педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігі өзін-өзі тануға және өзін-өзі сәйкестендіруге қабілетті тұлғаның субъективтілігіне бағдарлану, креативті орта құру, рефлексивті әрекетке итермелеу, білім беру процесін диалогтау сияқты жетекші педагогикалық жағдайлармен анықталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Педагог мәртөбесі туралы. ҚР Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ
2. Воронина Г. А. Методика изучения уровня профессионализма педагогов-воспитателей // Классный руководитель. 2005. - № 5. - С. 72 - 76.
3. Педагогический словарь: учеб. пособие для студ. высш. П24 учеб. заведений / [В. И. Загвязинский, А. Ф. Закирова, Т. А. Строкова и др.]; под ред. В. И. Загвязинского, А. Ф. Закировой. -М. : Издательский центр «Академия», 2008. — 352 с.
4. С. И. Ожегов Толковый словарь русского языка
5. Губский Е. Ф., Кораблева Г. В., Лутченко В. А. Философский энциклопедический словарь: более 3500 статей, раскрывающих содержание понятий всех областей философии: гносеологии, метафизики, психологии, этики, эстетики, философии права, истории и культуры и др. / под ред. Е. Ф. Губский. - М. : ИНФРА-М, 2003. - 576 с.
6. Тұрғынбаева Б. А. Мұғалімінің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория мен тәжірибе. – Алматы, 2005.
7. Кенжебеков Б. Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғылым. докт... . автореф. : 13. 00. 08. - Қарағанды, 2005. - 40 б.
8. Жорабекова А. Н. Формирование профессиональных компетенций будущего учителя на основе полилингвального подхода. : филос. докт (PhD)... дис. - Түркістан, 2015. -203 б.
9. Жантлеуова Ш. К. Формирование профессиональной компетентности студентов в процессе педагогической практики: автореф. … канд. пед. наук: 13. 00. 08. – Алматы, 2006. – 29 с.
10. Мучкин Д. П. Педагогические условия формирования профессионально-педагогической самообразовательной компетентности будущих учителей: автореф. … канд. пед. наук: 13. 00. 08. – Астана, 2010. – 26 с.
11. Лобанова Н. Н., Косарев В. В., Крючатов А. П. Профессиональная компетентность педагога. – Самара: СамГПУ, 1997. – 106 с.

ӘОЖ 372. 8:53

ОРМАНОВА Г. К.,
п. ғ. к., доцент м. а.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент

ЖУЛБЕКОВА З. Б.
магистрант,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент

«АТОМ ЖӘНЕ АТОМ ЯДРОСЫ» БӨЛІМІН ОҚЫТУДА КЕЗДЕСЕТІН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖИНАҚТАП ШЕШУДЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Түйін. Мақалада орта мектептерде физика пәнінің «Атом және атом ядросы» бөлімін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілетін қалыптастыру, дамыту мәселелері қарастырылған. Осы мақсатты жүзеге асыруда физиканың қолданбалы мүмкіндіктерін ашудың, оқушылардың өз бетінше жұмыс жасаулары, логикалық тапсырмаларды орындаудың және сапалық есептерді шығарудың маңызы қарастырылған. Сондай-ақ, оқушылардың «Атом және атом ядросы» бөлімін оқу барысында кездесетін мәселелер мен қиындқтарды шешу барысында сандық технологияларды қолдан отырып, заңдылықтардың табиғатпен етене байланысты екенін түсіндіп, күнделікті өмірден ол заңдылықтарды көріп, түсіне алу мәселелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: функционалдық ойлау, физика, атом, цифрлық технологиялар, міндеттер.

Резюме. В статье рассматривается формирование и развитие у учащихся навыков функционального мышления при обучении физике «Атом и атомное ядро» в общеобразовательных школах. Для достижения этой цели рассматривается важность раскрытия прикладных возможностей физики, самостоятельной работы студентов, выполнения логических задач и решения качественных задач. Студенты также смогут понять законы природы с помощью цифровых технологий для решения проблем и трудностей, возникающих при изучении раздела «Атом и атомное ядро», а также увидеть и понять эти законы в повседневной жизни.

Ключевые слова: функциональное мышление, физика, атом, цифровые технологии, задачи.

Summary. The article deals with the formation and development of students' functional thinking skills in the teaching of physics "Atom and atomic nucleus" in secondary schools. In order to achieve this goal, the importance of discovering the applied capabilities of physics, independent work of students, the performance of logical tasks and the solution of qualitative problems is considered. Students will also be able to understand the laws of nature through the use of digital technologies to solve problems and difficulties encountered in the study of the "Atom and atomic nucleus" section, and to see and understand these laws in everyday life.

Keywords: functional thinking, physics, atom, digital technologies, tasks.

Кіріспе

Білім берудегі қазіргі заманның талабына сай - шығармашылықпен ізденіп, жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзіретті азамат пен азаматша тәрбиелеу. Қазіргі өркениеттің дамып, ақпараттар ағыны кеңінен етек жайып отырған жағдайында мектептегі білім берудің мақсаты мен қызметі елеулі өзгеріске ұшырады. Бүгінгі қоғамдағы мектептер алдындағы мақсат – күнделікті өмірдің барлық саласында белсенді шығармашылық іс-әрекетке қабілетті еркін тұлға тәрбиелеу, яғни өз білімін өз бетінше үнемі жоғарылатып, жеке басына және қоғамға пайда келтіретін, сыни ойлай білетін тұлғаны қалыптастыру. Енді білім алушыдан аса көлемді ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны нақты өмірде қолдана білуі талап етіледі. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқыту - білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асады.

Бұл құзіреттіліктер білімді игеру үшін оқушылардың өздерінің де оқу үдерісіне белсенді түрде қатысуын талап етеді. Мұғалімдер өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне ғана емес, оқушылардың оқуға ептілігін, ынтасын дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек [3, 70 бет].

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Жолдау-

да оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және білім мазмұнының тәрбиелік әлеуетін арттыру тапсырмалары берілді. Мектептегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру барысында - белсенділік, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық, сұхбаттық, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар кешенді жүргізіліп отырса, онда білім - білік, дағдыларды игерту нәтижелі болатыны және әлемнің дамыған елдерімен бәсекелестікке қабілетті боларымыз анық.

Негізгі бөлім

Физикалық білімді жедел дамыту мен оқушыларға меңгерту барысында әр алуан көрнекі және техникалық құралдарды (модельдерді, кестелерді, тірек сызбаларды, суреттерді, жаңа технологияларды) тиімді пайдаланып, іске асыру қазіргі мұғалімдердің негізгі мақсаты болып табылады.

Физика пәнінің оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздығын арттыруға негізделген. Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар өздеріне қажетті деген білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылдық ойлауы да дамытылады.

Мектеп физика курсының соңғы бөлімі болып саналатын «Атом және атом ядросы» бөлімінде микроәлем туралы ілімнің негізгі мәселелері қарастырылады. Бұл ілімді игеру әдістемелік тұрғыдан әрқашанда біршама қиындықтар туғызып отырды, өйткені осы әрекеттің нәтижесінде классикалық физиканың негізгі түсініктері мен қағидалары туралы ұғымдарды қайта қарау арқылы жаңа түсініктер мен заңдылықтарды енгізуге тура келеді [1].

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеоқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Мектепте 9-11 сынып оқу бағдарламасында физика пәнінде «Атом құрылысы» тақырыбы негізгі кіріспе болып табылады. Ол тақырыпты қарастырғанда Резерфорд тәжірибесі аталып, зерттеу жұмыстарына, даму тарихына жете назар аударылады. Сондықтан Резерфорд тәжірибесіне тоқталмай атом құрылысын идеал модель ретінде компьютер көмегімен түсіндіріп, сол мезетте сұрақ-жауап ретінде оқушы білімін тексеріп отыру арқылы мол жетістікке жетуге болады [2].

Атом құрылысы теориясына тоқталайық. 1911 жылы Эрнест Резерфорд және оның шәкірттері қосылып альфа-бөлшектерінің өте жұқа алтын және де оның платина пластинкаларынан өтуін зерттеді. Көптеген тәжірибе нәтижесін талдай келе, 1911 жылы Резерфорд Күн жүйесіне өте ұқсас атомның планетарлық моделін ұсынады. Ұсынылған модель бойынша атом оң зарядталған ядродан және оны айналып жүретін теріс зарядты электрондардан тұрады. Ядроның төңірегіндегі мұндай электрондарды орбиталдық электрондар деп атайды, ал олардың жиынын электрондық қабықша деп атайды [3].

Олар алтын фольга атомдарымен α –бөлшектерді шашырату әдісін қолданды. Алтынды алған себептері ол өте жеңіл иленеді, сондықтан фольга қалындығын өте жұқа етіп жасауға болады (1-сурет).



1-сурет. Резерфорд тәжірибесінің анимациялық көрінісі

Тәжірибені қондырғы көмегімен жүргізіп, радиактивті перапараттан шыққан α – бөлшектердің жіңішке шоғы тежеу қабілеттілігі қалындығы 1, 6 мм болатын ауа қабатына эквивалентті жұқа фольга арқылы өткізілді. Содан кейін ол күкіртті мырышпен қапталған экранға түсті. Сол экранға

соғылғанда, α – бөлшектер қараңғыда микроскоп арқылы бақылай алатындай әлсіз жарық ұшқындарын туғызды. Тәжірибе барсының мақсаты берілген уақыт аралығында байқалатын жарқылдардың ауытқу бұрышына тәуелділігін анықтау болып табылады [4].

Тәжірибені қорытындылай келе Резерфорд өз моделін көпшілікке ұсынды. Резерфорд атомның оң зарядының ортасында орналасқан радиусы шамамен 10^{-10} м-ден өте аз көлемге жинақталған деген қорытындыға тоқталды. Бұл орталық бөлшекті Резерфорд ядросы деп аталады. Ядроны айнала әр түрлі орбиталар бойымен электрондар қозғалып жүреді. Бұл үлгі күн жүйесінің құрылымына ұқсайтын болғандықтан, оны атомның планетерлық моделі деп атаған [5].

Ядро атом көлемінің өте кішкене орталық бөлігін алып тұрады. Атом ядросының радиусы 10^{-10} м, алатомның радиусы 10^{-10} м шамасына келеді. Егерде атомның көлемін футбол алаңы аумағына дейін үлкейтіп көретін болсақ, онда атом ядросының көлемі футбол алаңымен салыстырғанда түсіп қалған шие дәніндей ғана болып көрінер еді.

Атомдар қалыпты жағдайда бейтарап болатындықтан, электрондардың заряды мен ядроның заряды бірін-бірі теңгеріп тұрады. Атомның дәл өзі сияқты оның ядросы да құрамдас бөлшек болып анықталды. Атом ядросының құрамына кіретін оң зарядты бөлшектерді протондар деп атайды. Әрбір электронның және де протонның заряды бір элементар зарядқа теңдей. ($e = 1.6 * 10^{-19}$ *Кл*) (2-сурет) [6].



2-сурет. Атомның ғаламшарлық моделінің анимациялық көрінісі

Жоғарыда жасалған тәжірибелерге сүйене отырып, Резерфорд атомның планеталық моделін жасады: ғаламшарлардың Күнді айнала қозғалатыны сияқты, электрондар ядроны айнала қозғалады [7].

Компьютерлік модельдер әдеттегі физика есептерін жаңа мазмұнымен толықтыруға мүмкіндік береді, оларды анағұрлым қолайлы, қызықты етеді. Көзбен көріп, қолмен ұстай алмайтын процестердің анимациялық моделдері есептер шығару кезінде берілген құбылысты тереңінен түсінуге мүмкіндік береді.

Мысал 1. Лайман сериясы бойынша сутектің спектр сызықтарындағы ең үлкен толқын ұзындығы 0, 12 мкм сәйкес келеді. Ридберг тұрақтысы белгісіз деп, Бальмер сериясындағы *λ* толқын ұзындығын тап.

Бұл есепті шығармас бұрын теориясына тоқталып кеткен дұрыс:

Швейцариялық физик оқытушы И. Бальмер сутегі атомының көрінетін аймақтағы толқын ұзындықтарын есептеуге болатындай етіп формула ойлап тапты. (Осыны оқушыларға айту керек). Ал 1890 жылы швед елінің физигі Ю. Ридберг Бальмер формуласын төмендегідей түрге келтірді.

$$\nu_{kn} = R\left(\frac{1}{n^2} - \frac{1}{k^2}\right) \quad (1)$$

Формуладағы: $R = 3{,}2896\,10^{15}\,Гц$ - Ридберг тұрақтысы деп аталады, *n* және *k* – бүтін сандар, $n < k$ болу керек [8].

Сутегі атомының көрінетін аймағының спектральді сызықтарының жиілігі *n=2 және k=3, 4, 5...* болғанда байқайды. Олардың жиынтығы Бальмер сериясын құрайды. 1906 жылы америка елінің физигі – экспериментті Т. Лайман ашқан және де Лайманның атымен аталатын ультракүлгін аймақтағы спектр сызықтары, яғни *n=1, ал k=2, 3, 4* сызықтары беріледі. Ал неміс елінің физигі Ф. Пашен 1908 жылы *n=3 ал, k=4, 5, 6* болатын инфрақызыл аймақтағы серияны ашты. Осы жерде оқушыларға келесі анимациялық түсірілімді көрсеткен тиімді болады (3-сурет) [9].



3-сурет. Лайман, Балмер сериялarына берілген көрінісі

Берілгені: Шешуі: $\nu = \frac{1}{\lambda}$ екенін ескере отырып

Z=1 $\frac{1}{\lambda}$ =R′$\left(\frac{1}{m^2}-\frac{1}{n^2}\right)$ формуласын қолданамыз

λ_n =1мкм=1, $2\cdot 10^{-7}$ м $\frac{1}{\lambda}$ =R′$\left(\frac{1}{2^2}-\frac{1}{2^2}\right)$

$m_Б = 2\frac{1}{\lambda}$ =R′$\left(\frac{1}{2^2}-\frac{1}{3^2}\right)$

$\lambda_{Б}$-? $\lambda_Б = \lambda_n \frac{\left(\frac{1}{1^2}-\frac{1}{2^2}\right)}{\left(\frac{1}{2^2}-\frac{1}{3^2}\right)}$.

Бальмер сериясының λ толқын ұзындығын анықтаймыз

Жауабы: $\lambda_Б$ = 0, 648 мкм.

Мысал 2. Сутегі атомы монохроматты жарық квантымен сәулеленгенде, электрон (n_1=1) стационар күйден (n_3=3) стационар күйге өтті. Бастапқы қалпына (n_3=3) үшінші күйден (n_2=2) екіншіге одан (n=1) бірінші күйге өтті. Осы ауысымдағы жұтылу және шығару E_1, E_2, E_3 энергияларын анықта.

Берілгені: n_1= 1, n_2= 2, n_3= 3

R= 3, $2\cdot 10^{15}$ Гц, h=6, $62\cdot 10^{-34}$ Дж·с

E_1-? E_2-? E_3-?

Шешуі: Сутегі атомы бірінші энергетикалық күйден үшінші күйге өткенде E_1 энергияны жұтады, оны мына формуламен анықтаймыз (4-сурет) [10].

$E_{1=} h\nu_1$





4-сурет. Энергетикалық деңгейлер бейне көрінісі

Енді жиілігін ν_1 анықтаймыз

$\nu_1 = R(\frac{1}{n_1^2} - \frac{1}{n_3^2})$. Бұл Бальмер формуласы.

Түсініктеме: Сутегі атомы үшін әртүрлі мақсатта мына формуланы қолдануға болады

$\nu = R(\frac{1}{3^2} - \frac{1}{n^2})$ n= 4,5,6 Пашен формуласы

$\nu = R(\frac{1}{1} - \frac{1}{n^2})$ n= 2,3,4 Лайман формуласы

Қазіргі есепте Лайман формуласын қолдануға болады. Бірақ бәріне ең ортақ формула Бальмер формуласы

$E_1 = h\nu_1$ $E_1 = hR(\frac{1}{n_2^2} - \frac{1}{n_3^2})$

$E_2 = hR(\frac{1}{n_2^2} - \frac{1}{n_3^2})$ $E_3 = hR(\frac{1}{n_1^2} - \frac{1}{n_2^2})$

Осыдан ауысым кезіндегі энергияларды анықтаймыз.

$E_1 = 6{,}62 \cdot 10^{-34} \cdot 3{,}2 \cdot 10^{15} (\frac{1}{1^2} - \frac{1}{3^2})$Дж = $1{,}9 \cdot 10^{-18}$Дж = 11,9 эв

$E_{2=}6{,}62 \cdot 10^{-34} \cdot 3{,}2 \cdot 10^{15}(\frac{1}{2^2} - \frac{1}{3^2})$Дж= $3{,}0 \cdot 10^{-19}$Дж = 1,9 эв

Аннотация. Современные тенденции развития общества значительно повысили требования к уровню образовательных результатов. Это требует подготовки будущих специалистов-физиков, отличающихся мобильностью, самостоятельностью, способных к сотрудничеству, способных творчески анализировать педагогические ситуации и принимать рациональные решения для их решения. Целью исследования является выявление потенциала кейс-технологий в формировании научно-исследовательских компетенций будущих специалистов-физиков и методики их реализации в образовательной практике. В ходе исследования были использованы методы: теоретические (анализ научной литературы, обобщение, моделирование, проектирование, сравнение, анализ, синтез) и эмпирические: (наблюдение, опрос, беседа, анализ документов и продуктов педагогической деятельности, педагогический эксперимент) и др. В статье обоснована системная структура кейса и определена классификация кейсов, включающая цели и задачи, обстоятельства, условия развития кейса, включая физическое, социальное и временное пространство, содержание, аналитические процедуры. Приведена модель построения кейсов к некоторым явлениям физики. Результаты исследования рекомендуется внедрять в учебный процесс по физике в высших и средних учебных заведениях, институтах повышения квалификации.

Ключевые слова: будущий физик, педагогический потенциал, научно-исследовательская компетентность, кейс-технология, профессиональная подготовка.

Annotation. Modern trends in the development of society have significantly increased the requirements for the level of educational results. This requires the training of future specialists-physicists, distinguished by mobility, independence, capable of cooperation, able to creatively analyze pedagogical situations and make rational decisions to solve them. The purpose of the study is to identify the potential of case technologies in the formation of research competencies of future physicists and methods of their implementation in educational practice. In the course of the study, the following methods were used: theoretical (analysis of scientific literature, generalization, modeling, design, comparison, analysis, synthesis) and empirical: (observation, survey, conversation, analysis of documents and products of pedagogical activity, pedagogical experiment), etc. The article substantiates the system structure of the case and defines the classification of

cases, including goals and objectives, circumstances, conditions for the development of the case, including physical, social and temporal space, content, and analytical procedures. The model of constructing cases for some phenomena of physics is given. The results of the study are recommended to be implemented in the educational process in physics in higher and secondary educational institutions, institutes of advanced training.

Keywords: future physicist, pedagogical potential, research competence, case-technology, professional training.

Кіріспе

Соңғы жылдары көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірінше, кез-келген кәсіби қызметке мамандар даярлау құзіреттілік тәсіліне негізделуі керек [1]. Алғаш рет «құзіреттілік» ұғымы кәсіби саланың нақты тапсырысы ретінде өткен ғасырдың 50-60 - шы жылдарында Англияда дами бастады.

Педагог-ғалымдар студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігін олардың болашақ кәсіби-педагогикалық қызметінің сипатымен байланыстырады [2-3]. Бұл еңбектерде ғылыми-зерттеу құзіреттілігінің құрауыштары мен олардың өзара байланысы сипатталған.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерттей келе ғылыми-зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылатындығын растайды, сонымен бірге олардың мазмұны, құрылымы, студенттерде қалыптасу жолдары ғалымдар тарапынан әр түрлі мәнде түсіндіріледі. Ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктердің әдістері мен құралдарының қалыптасуын педагог-ғалымдар болашақ физика мамандарының дайындығына ғылыми-зерттеушілік, жобалық және эвристикалық әдістердің, дидактикалық ойындардың, оның ішінде кейс-технологияларды енгізумен байланыстырады.

Кейс-технология оқу процесінде проблемаларды талдау, анықтау, балама шешімдерді іздеу және олардың неғұрлым оңтайлы түрін қабылдау мақсатында арнайы модельденген нақты өндірістік жағдайды пайдалануға негізделеді. Бұл технология, әзірлеушілердің көзқарасы бойынша, білім алушылардың ғылымда белгілі білімді ғана емес, сонымен бірге объективті жаңа білім алуды да қамтамасыз етеді [4]. Сондықтан кейс-технологияның әлеуеті оны болашақ физика мамандардың ғылыми-зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастырудың нақты құралына, олардың оқу және зерттеу қызметін интеграциялау тәсіліне айналдыруға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың жалпы және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастырудағы кейс-технологияның педагогикалық әлеуетін Г. А. Бимагамбетова, М. Б. Мурзашева, К. Д. Адилгереева және т. б. ашып көрсеткен болатын [5]. Білім беру үдерісіндегі кейс-технологияның қолдану мәселелерін шетелдік ғалымдар Chitungo, H. H. C., Silva [6], Ramankulov, S., Dosymov, Y. [7], Goertzen, R. M., Scherr, R. E. [8] және т. б. зерттеді.

Кейс-әдіс (Case-study) - нақты экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық немесе өзге де проблемалық жағдайлардың сипаттамасын пайдаланатын оқыту техникасы (ағылш. case - портфолио, чемодан, папка (біздің нұсқада - студенттердің жұмысына арналған құжаттар пакеті)); 2) жағдай, оқиға, кейбір жағдайларда - олардың тіркесі (біздің нұсқада – студенттер зерттеуі тиіс практикалық жағдайлардың жиынтығы).

«Кейс» сөзі (ағылш. - case) білімге қатысты екі мағыналық мәнге ие: оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы және нақты жағдайдың сипаттамасы [9].

Тәжірибиелер көрсеткендей, кейс-технология дүниетанымдық қызығушылықты арттыруға көмектеседі, оқу материалының түсінуін жақсартады және кәсіби жағдайлардың анализінің зерттеушілік, коммуникативтік икемділігінің дамуына ықпал ете отырып, оларды шешу бойынша шешім қабылдауды да жақсартады.

Жоғары мектеп педагогтары студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыруда қиындықтарға тап болады. Бұл қиындықтар студенттердің ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудағы кейс-технологиясының педагогикалық әлеуеті туралы білмейтіндігімен, кейстердің құрылымы мен мазмұны, оларды оқу және зерттеу мақсаттарында пайдалану технологиялары қандай болу керектігін білмейтіндігімен байланысты. Осыған байланысты болашақ физика мамандарының болашақ кәсіптік қызметін моделдейтін және оларға қажетті ақпараттық қолдау беретін, зерттеушілік сипаттағы кейстермен қамтамасыз ету проблемасы өзекті болып табылады.

Жалпы алғанда, зерттеу мәселесі болашақ физика мамандарының ғылыми-зерттеу құзіреттіліктерін қалыптастырудағы кейс-технологиялардың педагогикалық әлеуеті анықталмаған және оларды жоғары педагогикалық білім беру практикасында жүзеге асырудың ғылыми негізделген және эксперименталды расталған технологиясы аз зерттелген.

Негізгі бөлім

Ғылыми - зерттеушілік құзіреттіліктерді қалыптастыру, кәсіптік білім беруде болашақ физика мамандарының кәсіби құзіреттіліктерінің негізін құраушы құрамдас бөліктері ретінде қазіргі білім берудегі маңызды міндеттердің біріне айналып келеді.

Болашақ физика мамандарының *ғылыми - зерттеушілік құзіреттіліктерді* меңгерудің қа-

жеттілігі заманауи мұғалімнің кәсіби қызметінің сипатымен негізделген.

Зерттеушілік құзіреттіліктің мәнін және оның құрылымын талдау зерттеу құзіреттілігінің құрамдас бөліктерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

1. *Теориялық компонент* - педагогикалық зерттеудің әдіснамалық аппаратын, зерттеудің негізгі әдістерінің мәні мен технологиясын және мақсатты тұжырымдау қабілетін білуді қамтиды.

2. *Диагностикалық компонент* - зерттеу әдістері мен оларды зерттелетін мәселенің жай - күйін зерттеу үшін пайдалану, бақылау жүргізу немесе тәжірибе үшін қажетті шарттарды таңдау, диагностикалық әдістермен ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын білу.

3. *Проективті - құрылымдық компонент* - зерттеу бағдарламасын жасауға қажетті қасиеттерді құрайды. Жалпы алғанда, бұл зерттеу қызметінің мақсаттарын түсіну және оларды түсіндіру, проблемаларды көру және оқшаулау, оларды шешу туралы болжамдар жасау, гипотезалар жасау және негіздеу, олардың қызметін жоспарлау мүмкіндігі.

4. *Операциялық компонент* - зерттеудің өзін жүргізу үшін қажетті білім, білік және дағдылардан тұрады, соның ішінде педагогикалық эксперимент жүргізу дағдыларын иелену, зерттеу бағдарламасы бойынша жоспарланған іс-әрекеттерді жүзеге асыру және түзету [10].

Әдебиеттерді және әртүрлі кейстердің құрылымын зерттеу келесі жүйелік компоненттерді бөліп қарастыруға мүмкіндік береді (1-сурет): мақсаттары мен міндеттері, жағдаяттар, жағдаяттың физикалық және әлеуметтік және уақыттық кеңістігінің қоса өрбуінің шарттары; мазмұны; аналитикалық процедуралар.

Сурет 1 - Кейстің жүйелік құрылымы.

1 - суретте көріп отырғанымыздай мақсаттар мен міндеттер, жағдаят, жағдаятты дамыту шарттары, мазмұны және талдамалық процедуралар кейстің негізгі компоненттері болып табылатындығын көрсетеді. Біздің әдебиеттерді және білім берудегі кейстердің қолданылу практикасын талдауымыз, кейстің құрылымының жүйені құраушы компоненттеріне сүйене отырып, қазіргі таңдағы кейстердің бүкіл сан алуан түрлерінің спектрін жіктеуге мүмкіндік береді (1-кесте).

Кесте 1 - Кейстердің жіктелуі.

№	Негізі	Жіктелудің белгісі	Түрлері
1	2	3	4
1	**Педагогикалық мақсаттар мен міндеттері**	Негізгі дереккөздердің әсер ету дәрежесі	оқытушылық; практикалық; зерттеушілік.
		Білім беру қызметінің түрі	демонстрациялық; тренингтік; инновациялық.
		Оқудың мақсаты	талдау мен бағалауға оқытушы;проблемаларды шешуге және шешім қабылдауға оқытушы.

2	**Кейстің мазмұны**	Өлшемі	көлемдік кейс; орта өлшемді кейс; мини-кейс.
		Қосымшаның бар болуы	қосымшасы бар кейс; қосымшасы жоқ кейс.
		Жанр	кейс-әңгіме; кейс-очерк.
		Әдіснамалық бөліктің типі	сұрақ түріндегі кейс; кейс-тапсырма.
		Мазмұнды ұсыну түрлері	баспа кейс; аудио-кейс; видео-кейс.
		Құрылым	құрылымы бар; құрылымы жоқ.
3	**Жағдай немесе жағдаяттар**	Жағдаятты ұсыну тәсілі	көрнекілік оқыту жағдайлары; қалыптасу жағдайындағы оқу жағдайлары; мәселелер; қолданбалы жаттығулар.
4	**Аналитикалық процедуралар**	Жағдаятты талдау тәсілі	оқиға әдісі бойынша, рөлдік ойын; өндірістік тапсырмалар.
		Зерттеушілік мақсат	сипаттама; түсіндірме; эвристикалық; іздеу; балама; позициялық; жобалау.

Кейстердің соңғы келтірілген жіктелуі біздің зерттеуіміз үшін маңызды болғандықтан, теориялық талдау мен өзіміздің тәжірибемізге сүйене отырып жасадық.

Бірінші типке жақсы сипаттамалары бар және болашақта теорияны құру үшін қолдануға болатын кейстер кіреді. Мұндай кейстер зерттелетін жағдайды егжей-тегжейлі сипаттай отырып, теориялық білімнің қосыла өсірілуіне *(сипаттамалық)* жол бермейді.

Зерттеушілік кейстердің *екінші типі* оқылатын жағдайды *(түсіндірме)* түсіндіретін жақсы таныс педагогикалық теория болған кезде қолданылады.

Үшінші тип (эвристикалық) жаңа педагогикалық фактілерді, құбылыстарды тексеру, гипотезаны нақтылау, себеп-салдар байланыстарын орнату үшін қолданылады.

Төртінші типі, зерттелетін жағдайды осы теориямен байланыстыру қажет болған кезде, педагогикалық теорияларды тексеру үшін, осы кейстің сол немесе басқа теориямен расталғанын немесе бас тартылғанын анықтау үшін қолданылады. Кейстердің бұл түрі зерттелетін жағдайды алдын-ала талдау неғұрлым егжей-тегжейлі және терең зерттеуді, оны түсіндірудің (*іздеудің*) жаңа теориялық негіздерін іздеуді қажет ететін жағдайларда қажет.

Жоғарыда аталған кейстерді құрудың және қолданудың жалпы сипаттамаларын талдай келе, біз, физиканың механика бөлімін оқытуда бірнеше тақырыптарды қамтитын жағдаяттарды жасадық және оқу үдерісінде пайдаландық.

Мысалы Жағдаят 1:

Түркістан қаласынан Алматы қаласына тас жол арқылы автобус 855 шақырым жол жүріп барады. Ал пойыз темір жол арқылы 930 шақырымды басып өтеді. Егер автобус пен пойыздың орташа жылдамдықтары 100 км/сағ болса, онда белгіленген жерге бірінші автобуспен жетуге болады. Дегенменен пойызда сапарға шығу өте қызықты.

Қыста пойызбен жүру автобусқа қарағанда қауіпсіз болып саналады. Тас жолдарға тұз, құм салып шыққанда да автокөліктердің сырғанап кету ықтималдылығы азаймайды. Ал пойыздың рельстен шығып кету қауіпі болғанымен, салмағының ауырлығы бұл қауіпті азайтады. Қыс мезгілінде кез-келген транспорт түрінде тұрақты жылдамдықты ұстап отыру қиындық тудырады.

Менің есімім Рауан. Қыстың аязында пойызда Алматы қаласына жол алдым. Пойыз өте жай жылдамдықпен қозғалып отырды. 1 жарым тәулік дегенде әзер жеттік. Алайда, пойызда жаңа достармен танысып уақытты тиімді пайдаландық. Пойызда өте көп мәселелер бойынша тартыстық. Мәселен, станцияда тұрғанда біздің емес жанымызда тұрған пойыздың қозғалып жатқандай әсер қалдырғанын, пойыз жанындағы тас жолда кетіп баражатқан автокөліктердің пойыздан жылдам немесе жай қолғалып жатқанын анықтау сияқты мәселелерден сөз еттік. Сонда

мен Әсет есімді жігіттен сұрадым, егер пойыздың ішінде секірген жағдайда, қозғалыстағы пойыздың қабырғасына соғыламыз ба?

Әсет: - Әрине, пойыз себебі қозғалып жатыр ал біз тыныштықта тұрмыз, сондықтан соқтығамыз, деді. Сынап көру мақсатында «тамбурда» жоғары секіріп көрдік, алайда қабырғаға нелектен соқтығыспағанымызды түсінбедік.

Негіз құраушы сұрақтар:

• Физикалық тұрғыдан тасымалдаушы транспорттардың жолаушы үшін маңыздылығы қандай?

• Жол апаттарын болдырмау немесе апаттан өзін ұзақ ұстау үшін жолаушы қандай факторларды білуі қажет?

Проблемалық сұрақтар:

• Транспорттардың кез келген түрін жиі қолдану механикалық тұрғыдан адам денсаулығына кері әсер етеді ме?

• Қозғалыстың қайсы бір түрінде орын ауыстыру шамасы, жолдың ұзындығынан артық болуы мүмкін бе?

• Қозғалып бара жатқан пойыздың ішінде жоғарыдан төмен лақтырылған дене тік төмен құлайды ма? Әлде белгілі бір бұрышқа ауытқиды ма?

Пәндік сұрақтар:

• Қозғалыстың салыстырмалылығы туралы не білесіз?

• Қозғалысты сипаттайтын шамаларды атаңыз?

• Қозғалыстың қандай түрлерін білесіз?

• Жылдамдық дегеніміз не?

• Үдеу мен жылдамдықтың байланысын көрсетіңіз?

Кесте 2 - Кейс бойынша бағалау критерийлері.

Баға	Бағалау критерийлері
1-50 балл	- өз ойын нақты жинақтау; - қойылған сұраққа нақты жауап беру; - студенттің теория мен тәжірибені үйлестіріп жауап табуы.
1-40 балл	- студент материалды толық меңгерген; - мәселені шешуде теориялық материалды қолданады, алайда жауап мазмұны мен формасында аздап қателіктер бар; - жауапта кейбір қателіктер бар.
1-20 балл	- студент материалды ретсіз жеткізеді; - өз ойын дәлелдеп бере алмайды; - теориялық материалды толық ұқпаған.
1-5 балл	- студент материалды ретсіз жеткізеді; - өз ойын дәлелдеп бере алмайды; - теориялық материалды толық ұқпаған.

Механика пәні бойынша осындай бірнеше кейстер әзірленді және оқу үдерісінде қолданылды. 6В053-Физика білім беру бағдарламасы бойынша механика пәніне қатысқан 1-курс студенттерінің пәнге деген қызығушылығы жоғары деңгейде байқалды. Кейске жасалынған критерийлер бойынша алған бағаларына талдау жасасақ, орташа есеппен 20 студент 21-40 балл аралығында көрсеткішке ие болса, ал 10 студент 41-50 балл аралығында ұпай сандарын көрсетті. Осы нәтижелерге сүйене отырып біз кейс-стади әдісінің ғылыми-зерттеушілік құзіреттілікті дамыту кезіндегі педагогикалық әлеуетінің өте жоғары екендігіне көз жеткіздік.

Қорытынды

Болашақ физика мамандарының зерттеушілік құзіреттіліктерін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады, дегенмен олардың мазмұнын, құрылымын және оларды қалыптастыру әдістерін ғалымдар әртүрлі түсіндіреді. Біздің зерттеуге дейін анықталғандай, педагог-ғалымдар ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктерді қалыптастыру әдістері мен құралдарының дамуын, студенттердің дайындығына оқу процессінде арнайы модельденген шынайы өндірістік жағдайда мәселелерді талдау, анықтау, балама шешімдерді іздеу және олардың ең оңтайлы түрін қабылдау мақсатында ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктің, эвристикалық және жобалық әдістердің, дидактикалық ойындардың оның ішінде кейс-технологияларының енуімен байланыстырады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде болашақ физика мамандарының ғылыми - зерттеушілік құзіреттіліктерін қалыптастыруда кейс - технологияның дидактикалық әлеуеті айқындалды.

Кейстің жүйелік құрылымына негізделген - мақсаттар мен міндеттер, жағдай немесе жағдаяттар, мазмұны, аналитикалық процедураларды қамтитын кейстердің жіктемесі әзірленді. Кейстер құрастырылды және оқу үдерісіне ендірілді, кейстердің тиімділігі айқындалды.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. А. А. Джумашева, Б. С. Имангалиева. Мектеп физикасын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқыту барысында студенттерде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру. // Педагогикалық үздік тәжірибе мектебі: ғылыми-әдістемелік жинақ. - Орал, 2015. - 90-95 б.

2. Shektibayev, N. A., Sarybaeva, A. K., Turalbayeva, A., Anarbayev, A. K., Ramankulov, S. J., Turmambekov, T. A., ... Batyrbekova, A. Z. (2017). A model of the future teachers' professional competence formation in the

process of physics teaching. Man in India, 97(11), 517–529.

3. Aigul, M., Zhanar, A., Gulzhakhan, B., Marzhan, K., Kamshat, K., & Aymakhanov, M. (2020). Assessment of the Model of Formation of Professional Competence in the Learning Process of Medical Physics. International Journal of Instruction, 14(1), 889–906. https://doi. org/10. 29333/IJI. 2021. 14153A

4. М. Т. Бисенгожиева, Кейс-технологиясы – заман талабы. // Шетел тілдерін оқытуда инновациялық технологиялар: Ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Орал, 2016. - 207-211 б.

5. Г. А. Бимагамбетова, М. Б. Мурзашева, К. Д. Адилгереева. Биология сабақтарындағы кейс технологиясының рөлі. Қазақстан экожүйесінің алуантүрлілігінің өзекті мәселелері: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы, 28 қыркүйек 2016 ж., Е. А. Ағелеуов және А. З. Петренконы еске алуға арналған «Иванов оқулары-2016». - Орал, 2016. - 159-162 б.

6. Chitungo, H. H. C., Silva, I. N. da, Silva, J. B. da, & Bilessimo, S. M. S. (2020). Remote labs in high school: a case study in physics teaching. International Journal of Advanced Engineering Research and Science, 7(7), 238–244. https://doi. org/10. 22161/ijaers. 77. 27

7. Ramankulov, S., Dosymov, Y., Turmambekov, T., Azizkhanov, D., Kurbanbekov, S., & Bekbayev, S. (2020). Integration of case study and digital technologies in physics teaching through the medium of a foreign language. International Journal of Emerging Technologies in Learning, 15(4), 142–157. https://doi. org/10. 3991/ijet. v15i04. 11699

8. Goertzen, R. M., Scherr, R. E., & Elby, A. (2010). Respecting tutorial instructors' beliefs and experiences: A case study of a physics teaching assistant. Physical Review Special Topics - Physics Education Research, 6(2). https://doi. org/10. 1103/PhysRevSTPER. 6. 020125

9. Fedorinova, Z., Vorobeva, V., & Malyanova, M. (2015). Educational Potential of Case-Study Technology. Procedia - Social and Behavioral Sciences, 206, 247–253. https://doi. org/10. 1016/j. sbspro. 2015. 10. 018

10. Гаджикурбанова, Г. М. Анализ подходов к классификации кейсов. Мир науки, культуры, образования. 2013. - №3 (40). - С. 9-11.

УДК 37. 3. 1

РАИМБЕКОВА Г. С.,
магистр, преподаватель,
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова,
Шымкент, Казахстан

БЕКБОСУНОВ А. К.
магистр, старший преподаватель,
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова,
Шымкент, Казахстан

ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕБНО-ТРЕНИРОВОЧНЫХ ЗАНЯТИЙ В ВОДНОЕ ПОЛО ДЛЯ МАЛЬЧИКОВ 10-12 ЛЕТ

Түйін. Мақалада 10-12 жастағы балалардың су полосына оқу жаттықтыру сабақтарын ұйымдастыру шарттарына назар аударылған. Критерийлерін анықтай отырып, денсаулығы жақсы жеткіншіктерді тәрбиелеуде көңіл бөлетін қабілеттер ашылып көрсетілген.

Кілтті сөздер: су полосы, оқу –жаттықтыру сабақтары, жеткіншектер, 10-12 жастағы балалардың физикалық қдайындығы, физикалық сапаны дамыту.

Резюме. В статье уделено внимание условиям организации учебно-тренировочных занятий по водному поло детей 10-12 лет. Выявляются способности, которые привлекают внимание в воспитании здоровых подростков.

Ключевые слова: Водное поло, учебно-тренировочные занятия, юноши, подростковый возраст, физическая подготовленность детей 10-12 лет, развитие физических качеств.

Summary. The article focuses on the conditions of organizing training sessions in water polo for children aged 10-12 years. The abilities that attract attention in the education of healthy adolescents are identified.

Keywords: Water polo, training sessions, adolescence, physical fitness of children 10-12 years old, development of physical qualities.

Начнем с задач СДЮСШОР в предпрофессиональной подготовке спортсменов на учебно-тренировочном этапе. Важнейшие задачи этапа:

- сохранение и укрепление здоровья;
- повышение уровня физической подготовленности спортсменов;
- совершенствование техники и тактики игры юных ватерполистов;
- максимальное развитие аэробной и анаэробной выносливости;
- формирование стойкой привычки к систематическим тренировочным занятиям;
- расширение теоретических знаний (терминов, основ правил) по виду спорта;
- установление игровой специализации ватерполистов;
- воспитание морально-волевых и нравственных качеств, психологической
устойчивости спортсмена;
- пропаганда здорового образа жизни.

Участие в спортивных соревнованиях по водному поло является естественным компонентом спортивной подготовки на учебно-тренировочном этапе подготовки [1].

Режим учебно-тренировочной работы в УТГ 2 года обучения, к которой относятся дети 10-12 лет – 14 часов в неделю, наполняемость групп – 8 человек.

Водное поло предъявляет высокие требования к уровню развития физических, морально-волевых качеств и интеллектуальных способностей занимающихся. Юный спортсмен должен быть физически сильным, обладать аналитическим умом и нестандартным мышлением, а также обладать чувством коллективизма и взаимовыручки. Все эти способности и качества формируются в процессе систематических занятий водным поло.

Во время спортивной тренировки ватерполисты выполняют максимальное количество двигательных действий: плавают с мячом и без мяча, перемещаются под водой; часто противоборствуют с соперником за обладание мячом или выгодной позицией, выполняют передачи мяча друг другу и выполняют броски по воротам соперников, с целью решения при этом разнообразных тактических задач.

Специфика вида спорта требует от ватерполистов хорошего владения всеми спортивными способами плавания и специальными приемами игрового плавания. Водное поло – спортивная игра, прикладного характера, формирующая жизненно необходимый навык плавания, подготавливающая ребят к любым неожиданным ситуациям на воде, вплоть до спасения утопающего.

Таким образом, интереснейшая и захватывающая игра с мячом на воде, является одним из основных средств физического воспитания, которая успешно решает воспитательные, образовательные, оздоровительные задачи, а также является весьма зрелищным видом спорта [2].

Перейдем по конкретнее к планированию и содержанию учебно-тренировочных занятий в группах УТ-2 года обучения.

Каждому этапу спортивной подготовки по водному поло соответствуют определенные нормы тренировочной нагрузки. В учебной литературе, мы нашли ориентировочные максимальные нормы тренировочной нагрузки на всех этапах спортивной подготовки [3]. Данные нормы могут корректироваться на усмотрение тренера.

Еще интересные сведения, которые мы нашли в одной из образовательных программ по спортивной подготовке «Водное поло», это данные влияния физических качеств на результативность по виду спорта водное поло, сведения занесены в таблицу 1.

Таблица 1. **Влияние физических качеств и телосложения на результативность по виду спорта водное поло**

Физические качества и телосложение	**Уровень**
Скоростные способности	3
Мышечная сила	3
Вестибулярная устойчивость	2
Выносливость	2
Гибкость	2
Координационные способности	2
Телосложение	1

Условные обозначения:

3 - значительное влияние;

2 - среднее влияние;

1 - незначительное влияние.

Основная форма проведения тренировочных занятий на этапе учебно- тренировочной подготовки – групповая и индивидуальная [4]. Индивидуальна форма предполагает индивидуальный подход в обучении техническим действиям юных ватерполистов.

Важное место в учебно-тренировочном процессе отдается знаниям и соблюдению правил техники безопасности на занятиях. Общие требования порядка обеспечения безопасности, организации занятий по физической культуре и спорту определены в нормативном документе «Об утверждении Правил безопасности при проведении занятий по физической культуре и спорту». Этих правил придерживаются все учреждения основного и дополнительного образования.

В водном поло помимо общих правил есть правила, обеспечивающие безопасность при проведении занятий в бассейне:

- присутствие учащихся, проходящих спортивную подготовку в помещении ванны бассейна без тренера запрещается;

- занятия учебно-тренировочных групп осуществляется строго под руководством тренера в определенной части бассейна;

- ныряние в бассейне допускается только под наблюдением тренера;

- при наличии условий, угрожающих жизни и здоровью учащихся, тренер должен их устранить, а в случае, когда это невозможно, отменить занятие;

- тренер обязан вести наблюдение за всеми спортсменами, которые находятся в воде. При первых признаках переохлаждения вывести их из воды;

- нельзя разрешать учащимся толкать друг друга и погружать с головой в воду, громко кричать и поднимать ложную тревогу.

Программный материал для практических занятий на учебно-тренировочном этапе представлен в основных видах спортивной подготовки: общей физической, специальной физической, *плавательной*, технической, тактической и теоретической [5].

В содержание ОФП на суше входят:

- общеразвивающие гимнастические упражнения без предметов;

- упражнения на растяжку, парные и групповые общеразвивающие упражнения – в парах, тройках, группах (стоя, сидя, лежа);

- элементы акробатики, прыжки;

- упражнения для развития силовых способностей с отягощениями или тренажерных устройствах;

- подвижные игры с мячом и без, эстафеты;

- упражнения из легкой атлетики;

- езда на велосипеде;

- спортивные игры.

В содержание СФП на суше входят:

- упражнения направленные на развитие подвижности суставов (плечевых, голеностопных);

- упражнения на развитие силы мышц рук – броски набивных мячей одной и двумя руками из различных положений (стоя, сидя, лёжа);

- упражнения для развития силы и точности бросков: броски ватерпольных мячей в цель (макет ватерпольных ворот, вертикальная стенка

или деревянный щит) из положения стоя, сидя, лёжа с ближней, средней и дальней дистанции;

- упражнения для совершенствования ловли мяча: броски мяча в вертикальную стенку и ловля мяча после отскока от неё сильной и слабой рукой в положении стоя, сидя, лёжа. Пас между двумя, тремя или четырьмя игроками с ловлей мяча сильной и слабой рукой в положении стоя, сидя, лёжа.

- упражнения с амортизаторами.

Присущая водным видам спорта, плавательная подготовка [6], делится на общую и специальную.

Общая плавательная подготовка включает в себя:

- совершенствование спортивных способов плавания: кроль на груди, кроль на спине, брасс на груди, дельфин, плавание на боку;

- проплывание дистанции от 25 до 1000 м. с учётом и без учёта времени;

- проплывание от 100 до 600 м с доской, работая только ногами;

- аэробное и анаэробное плавание;

- фартлек.

Специальная плавательная подготовка включает в себя:

- плавание ватерпольным кролем на груди с поднятой головой;

- плавание тредженом на груди и спине;

- переходы от одного способа плавания к другому.

- плавание кролем на груди с мячом с поднятой головой (ведение мяча).

- старт в разных направлениях без мяча;

- изменение положения тела игрока в воде и перемещение игрока без мяча в различных направлениях;

- выпрыгивание из воды;

- выпрыгивание из воды в различных направлениях к мячу;

- обманные движения.

Техническая подготовка ватерполистов среднего звена основана на технике владения мячом [7]:

- поднимание мяча с воды снизу (кисть игрока находится под мячом);

- поднимание мяча с воды сверху, с поворотом кисти на 180 градусов (кисть игрока находится сверху мяча);

- поднимание мяча с воды различными способами при ведении мяча;

- отработка кача на месте и в движении;

- пас (кистевой пас партнёру (короткий и длинный), пас партнёру на высоком жиме, длинный пас партнёру, сильный пас партнёру, пас партнёру тычком, пас партнёру после выполнения кача;

- перемещение с мячом с качем вправо, влево, вперёд или назад с подниманием на высокий жим и последующим пасом партнёру.

- блокирование паса;

- перемещение в воде с целью перекрытия линии паса;

- ловля мяча: техника приёма высоко летящего мяча; техника приёма низкого летящего мяча; техника приёма мяча с удобной и неудобной стороны.

- броски мяча по воротам из вертикального положения тела в воде: основной бросок по воротам; основной бросок по воротам с качем; основной бросок по воротам в темп, без кача; бросок по воротам с отвала; навесной бросок, бросок по воротам через блок.

- броски мяча по воротам из горизонтального положения тела в воде: бросок по воротам тычком в движении, с подниманием мяча над водой; бросок по воротам тычком в движении; бросок по воротам переводом в движении;

- броски мяча по воротам, которые применяет центральный нападающий;

- бросок по воротам с 5-ти метров со свободного броска;

- отработка броска с пенальти;

- блокирование броска по воротам;

- блокирование части ворот при броске по воротам;

- изменение положения тела игрока в воде и перемещение игрока с мячом и без мяча в различных направлениях;

- продвижение игрока к воротам в полувертикальном положении тела в воде, с мячом в руке;

- использование ложной атаки против нападающего, владеющего мячом [8].

Тактическая подготовка юных ватерполистов.

Индивидуальные тактические действия включают отработку и совершенствование тактики игры ватерполистов согласно выбранным амплуа в нападении и защите.

Групповая тактическая подготовка:

- продолжение обучению игре в нападении и защите при контратаке. Поиск свободного игрока. Перемещение мяча по периметру. Сохранение мяча при контратаке.

- 1х0 с догоняющим игроком и без догоняющего игрока.

- 2х1 с догоняющим игроком и без догоняющего игрока.

- 3х2 с догоняющим игроком и без догоняющего игрока.

- 4х3 с догоняющим игроком и без догоняющего игрока.

- 5х4 без догоняющего игрока.

- 6х5 без догоняющего игрока.

Командная тактическая подготовка:

- игра в нападении в равных составах:

- игра в защите в равных составах:

- игра в нападении при численном преимуществе;

- игра в нападении при численном меньшинстве.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Рыжак М. М. Водное поло. История развития игры с СССР и России. - М. : ЗАО «Олимпийская панорама», 2002 - 332 с.

2. Сергей Котенко «Казахстанское водное поло сохранило традиции» - водные виды спорта – Sport. kz https://www. sports. kz/news/sergey-kotenko-kazahstanskoe-vodnoe-polo-sohranilo-traditsii

3. https://camonitor. kz/28243-kazahstanec-naznachen-glavoi-mirovogo-vodnogo-polo. html

4. Президетские тесты и многоробья. Программа для детско-юношеских спортивных школ (комплексных и специализированных), Алматы, 2008. - 77с.

5. «Об утверждении перечня видов физкультурно-спортивных организаций и правил их деятельности, в которых осуществляется учебно-тренировочный процесс по подготовке спортивного резерва и спортсменов высокого класса» от 22 ноября 2014 года № 106.

6. «ВОДНОЕ ПОЛО» Предпрофессиональная программа в области физической культуры и спорта по водному поло СПб ГБОУ ДОД «КСДЮСШОР по ВВС «Невская волна», 2014г.

7. Водные виды спорта: Учебник для студ. высш. учеб. заведений / Н. Ж. Булгакова, М. Н. Максимова, М. Н. Маринич и др. ; Под ред. Н. Ж. Булгаковой. - М. : Издательский центр «Академия», 2003. - 320 с.

8 Водное поло Программа спортивной подготовки ГБУ Республики Крым «Спортивная школа №4», Керчь, 2018г.

УДК: 159. 9. (075)

РЫСБЕКОВА А. Қ.,
педагогика ғылымдарының кандидат, доцент,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

САЙДУЛЛАЕВА Г. А.
1 курс магистранты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
E-mail: gulbahor. saydullaeva. 009@mail. ru

БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАЗАСЫЗДАНУ ДЕНГЕЙІН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Түйін. Бұл мақалада жазылған бастауыш сынып оқушалының мазасыздануы, көптеген психологиялық тұрғыдан анықталып, дәлелденген жұмыстар. Мазасыздану көп жағдайда баланың жаңа ортаға үйренумен қатар адаптация барысында жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін мазасыздық қауіптің алдын-алау жұмыстарымен жүргізіледі. Балада пайда болатын ойлар басқалардың пікірлері мен бағалауларына, негативтер туралы білуге бағынады және соны зиін сақтап мазасыздыққа алып келеді. Мектептің басталуы - бұл баланың бетбұрыс кезеңі физикалық және моральдық, соған байланысты кіші мектеп жас шамасындағы балада мазасыздықтың шығу тегі тұрғысынан осал болып саналады. Мазасыздықтың тән серіктерінің бірі - қорқыныш, оның күшеюіне байланысты пайда болатын және соның салдарынан бала невротикалық белгілері дамуы мүмкін. Мазасыз, өзіне сенімсіз, күмәнануға бейім, жасқаншақ бала басқаларға сенбейді, шешімі жоқ, тәуелді, ұсынысқа бейімділігі бар. Өзгелерден қорқады және үрей үстінде жүреді.

Кілт сөздер: Бастауыш сынып, адаптация кезеңі, мазасыздық, ырықты зейін, корекциялық-дамытушылық, жағымсыз қарым-қатынас.

Резюме. В этой статье о которой написано, тревожность младшего школьника, - это множество психологически детерминированных и проверенных работ. Тревожность в большинстве случаев реализуется в процессе адаптации ребенка, наряду с привыканием к новой среде. Тревожность, возникающая у младших школьников, проводится с профилактикой опасности. Мысли, возникающие у ребенка, подчиняются мнениям и оценкам окружающих, знаниям о негативах и приводят к тревожности, сохраняя при этом свой Зи. Начало школы-это переломный момент для ребенка, как физический, так и моральный, в связи с чем младшая школа считается уязвимой с точки зрения происхождения тревожности у ребенка младшего школьного возраста. Одним из характерных спутников тревожности является страх, возникающий в связи с его обострением и вследствие этого у ребенка могут развиться невротические симптомы. Тревожный, неуверенный в себе, склонный к сомнениям, замкнутый ребенок не доверяет другим, не имеет решения, зависим, имеет склонность к внушению. Боится других и ходит в панике.

Ключевые слова: Начальная школа, период адаптации, тревожность, либеральное внимание, корекционно-развивающее, негативное отношение.

Summary. In this article, which is written about, the anxiety of a primary school student, is a set of psychologically determined and proven works. Anxiety in most cases is realized in the process of adaptation of the child, along with getting used to the new environment. Anxiety that occurs in primary school children is carried out with the prevention of danger. The thoughts that arise in the child are subject to the opinions and assessments of others, knowledge about the negatives and lead to anxiety, while maintaining their Zi. The beginning of school is a turning point for a child, both physically and mentally, and therefore the primary school is considered vulnerable in terms of the origin of anxiety in a child of primary school age. One of the characteristic companions of anxiety is fear, which arises in connection with its exacerbation and as a result, the child may develop neurotic symptoms. Anxious, insecure, prone to doubt, closed child does not trust others, does not have a solution, is dependent, has a tendency to suggestion. He is afraid of others and goes around in a panic.

Key words: Primary school, adjustment period, anxiety, liberal attention, corectional-developmental, negative attitude.

Кіріспе бөлім

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жастардың бойында адамгершілік қасиеттердің: ұлттық мақтаныш, патриоттық сезім, адамдарға гумандық қарым-қатынас, ұлттық үрдістегі өзіндік мәдениетін сыйлауды, адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуын талап етеді. Бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының жеке тұлғасын тәрбиелеуші ретінде қалыптастырудың жаңа тәсілінің дәріптелуін, кәсіптік-пе-

дагогикалық білім берудің заман талабына сай жаңа мақсаттарын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінуін, тұлғаның қоғам дамуының белгілі бір деңгейге жетуін талап етеді [1. 288].

Қазақстан Республикасының президенті өз жолдауында: «Әлемнің бәсекеге қабілетті отыз ел қатарына қосылу стратегиясында, білім реформасы–Қазақстанның бәсекеге қабілетті ел болуын қамтамасыз ететін ең маңызды құралдардың бірі [2. 224].

Мектептегі оқыту (жаңаны тану, алынған дағдылар мен үйренулерді тексеру)әрдайым балалардың мазасыздануының жоғарылауымен байланысты екенін психологтар байқады және де кейбір мазасыздану деңгейінің жоғары шегіне жетуі оқытуды белсендіріп, оны тиімді етеді. Мұндағы мазасыздану зейін, ес, интеллектуалдық қабілетті жасаушы фактор. Бірақ, егер де мазасыздану деңгейі осы шегінен асып кетсе, адамды байбалам (паника) жаулайды. Сәтсіздікке ұрынбауға тырысып, ол қызметіне көңіл аудармай кетеді. Немесе нақты жағдайдағы жеттістікке жетуге түгелімен беріліп кеткендігі соншалық, басқа ситуацияларда ол жеңіліс табады. Осының барлығы сәтсіздік қорқынышын күшейтеді, мазасыздану жоғарылап, күнделікті кедергіге айналады [5]. Бастауыш сынып оқушыларының жас мөлшері 6 жас пен 10 жас аралығын қамтиды. Осы уақытқа дейін мектеп жасына дейінгі кезеңнен өтіп, мектеп жасындағы оқушыға өтеді. Егер мектеп жасына дейінгі уақытта бала үйде білім алса, мектепке барған уақытта өзін қолайсыз сезініп мазасыздықтың алғашқы бөлігісі орын алады.

Ғылыми тілде адаптация деп аталатын қиындығы көп бейімделу күйін 1 және 5-ші сынып оқушылары бастан өткізеді. Қиындыққа тап болған жас баланы қолдамай, проблемаларын шешуді тек өзіне қалдырар болсақ, не ұтамыз? Ештеңе де. Алайда, жаңаның қалыптасу процесі біраз уақытқа созылады, бұл көптеген жағдайларға байланысты болады. Бұл процесс 5 сынып оқушыларының кіші мектептен орта мектепке өту кезеңінде бастау алады. Адаптация кезеңі 1 айдан 1 жылға дейін созылатынын білеміз [3].

Негізгі бөлім

Оқушылардың танымдық процестерін дамытуда жүргізілетін жұмыстары арқылы зейіннің қасиеттерінде, ес пен қабылдауды, сөйлеу мен ойлауда және т. б. процестерде үлкен орын алуы тиіс. Оқытушыларға бастауыш класс оқушыларының білімнің тиімділігін, олардың даму деңгейі мен зейіннің жоғары дамығанына, әсіресе, ырықты зейіннің жоғары болуы маңызды орын алады. Балалардың санасын бақылау үшін, оқу әрекетіндегі зейінін анықтау объектісіне туралау, есте сақтау, ойлау мен сөйлеуде алдарына мақсат қойылады. Зейіннің – барлық психикалық таным процестерімен байланысты және соның көмегімен анықталады. Көбінесе өте тығыз байланыс – ырықты зейін мен ес процесінің арасында оқуға дайындығын қалыптастырудың алғашқы кезеңінде көрінеді. Оқытушы бала алдында - тек зейінін дамыту туралы ғана емес, сонымен қатар, оқыту материалдарын есте сақтау қажет деген мақсат қояды.

Мектепке дейінгі кезеңнің соңында балаларда ырықты зейін басымырақ қалыптасады және сөздік қоры дами бастайды, бұл құбылыстар әдістердің жиынтығы мен нақты қимылдары арқылы іске асады. Балаларды мектептегі оқуға дайындауда, сөйлеу процесінің дамуы, балалардың мектептегі оқу жағдайын жақсартатын бірден бір әсер болып табылады, өйткені сөз - ол мұғаліммен сөйлесу, сол арқылы білімді игеру және психикалық процестердің дамуы мен жетілуі болып табылады. Л. С. Выготский, ерікті мінез-құлықты әлеуметті дей отырып, ол бала еркінің дамуын, қоршаған ортамен байланысты деп есептеген. Негізінен, бұл жағдайды баланың үлкендермен әңгімелескенінен байқаған. Л. С. Выготский мен Л. С. Рубинштейиннің айтуынша, ерікті актінің пайда болуы, мектепке дейінгі балалардың ерікті мінез-құлқының дамуынан туындайды. Д. Б. Эльконинніңайтуы бойынша, этикалық сатының пайда болуы, ересектер мен балалардың арасындағы қарым-қатынастың өзгеруіне байланысты. Оның айтуы бойынша, мектепке дейінгі жастағы балаларда, ерте жастағы балаларға қарағанда қарым-қатынастың жаңа типі пайда болады [4. 208].

Зерттеу гипотезасы: бастауыш мектеп жасындағы балалардың мазасыздығын болдырмау бағытында әзірленген бағдарламалар мүмкіндік береді.

Зерттеуудегі әдістер: теориялық талдау психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге шолу; зерттеу әдістерін қолдану.

Әр жас кезеңдері үшін мазасызданудың тұрақты көрінісі немесе шынайы қатерсіз-ақ көптеген балаларда жоғары үрейді тудыратын белгілі бір аймақтар, ақиқат объектілер болады. Бала өзінің күшінен, қабілеттілігінен күмәндана бастайды. Бірақ мазасыздану сабақтағы әрекет қана емес, жекелеген құрылымды да бұза бастайды. Сондықтан жоғарылаған мазасызданудың пайда болуы себептерін білу, бастауыш сынып жастағы балалардың адекватты құлығының қалыптасуы және мазасызданудың төмендеуіне септігін тигізетін, корекциялық-дамытушылық жұмысты жасап шығаруға және уақытында жүргізілуге әкеледі [5].

Бастауыш мектеп кезеңінде сөздік материалды есте сақтау мүмкіншілігі бірден жоғарылайды, меңгерілетін оқу материалы үнемі оқушыдан елестету үрдісін талап етіп отырады. Есте сақтау мен елестету баланың күш-жігерді керек ететін мотивтерге байланысты өзгеріп отырады. Оқу үрдісінде ой операциялары да іске асады. Елесте-

ту бойынша заттарды дұрыс әрі оңай салыстыра алады. Логикалық ойлауының даму ерекшелігіне ой қорытындысын жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру деген сияқты түрлері анық көріне бастайды.

Оқушыларда жоғары дәрежеде, жүйелі түрде нәтижелі ақыл-ой әрекеті дамып жетіледі. Бұл өзін қоршаған орта туралы, қоғамға еніп жатқан жаңа техника туралы, танымдық қатынастарды меңгере алуынан көрінеді. Осы арқылы баланың ақылы және оның танымдық қызығушылықтары қалыптасады. Сонымен қатар бастауыш мектеп жасындағы балалардың тіл дамуы – ана тілін терең әрі ұлттық ерекшелікте меңгерілгендігі байқалады. Оқушы енді өз ойын, өз қалауын, өз сезімін ана тіліндегі сөз байлығын қолдана отырып, грамматикалық түрде өте дәйекті тұрғыда түсіндіре алады. Тіл – ойдың жемісі. Бала тілінің таза, ойының жеткілікті болуына баса назар аудару қажет. Л. С. Выгодскийдің пікірінше, мектепте оқытудың басталуымен ойлау баланың саналы әрекетінің орталығына ығысады. Ғылыми білімді меңгеру барысында жүзеге асатын сөздік-логикалық, пайымдап ойлаудың дамуы басқа да танымдық процестерді құрайды [6].

Р. С. Немов осындай анықтама береді, «мазасыздық - бұл адамның қасиеті жоғары қорқыныш және қорқыныш күйге түседі нақты әлеуметтік жағдайлардағы мазасыздық» [7. 681].

А. М. Прихожан мазасыздық деп атап көрсетеді қиындықты күтуге байланысты эмоционалды ыңғайсыздық және алда келе жатқан қауіпті алдын-ала болжау [8. 34].

Мазасыздық - қауіптің алдын-ала көрінуі. эмоционалдық күйзеліс, деп жазады В. В. Суворов. Э. Савина мазасыздықты қиындықты күту деп санайды басқалардың жағында және мазасыздықтың тұрақты тәжірибесі [9. 336]

Мазасыздыққа тән үш негізгі белгі бар – бұлар жағымсыз сезіну, тәжірибе мен соматикалық реакциялар туралы хабардар болу, осы күйге сәйкес келетін, ең алдымен, жүректің қатты соғысы. Бастапқыда З. Фрейд бейсаналық мазасыздық болжады, бірақ кейінірек ол оны қарастыра бастады психологиялық қорғаныс бойынша зерттеулер. Соңында, Фрейд ол тәжірибелі мемлекет деген қорытындыға келді саналы түрде және қауіппен күресу мүмкіндігімен бірге жүреді. Ол эгоға алаңдаушылықты орналастырады.

Баланың эмоционалдық сферасы мектепке келген кезде өзгереді. Белгілі біреулерге күш қолдану оларға зиян келтіретін жағдайлар жас студенттер арасында сақталуда бірінші сынып оқушыларының ерекшеліктері. Олар сезімтал және эмоционалды. сыртқы әлемге жауап береді [10. 16].

Зерттеу барысында Мектепке жаңадан келген бала жаңа эмоционалды тудыратын жаңа ережелерді үйренеді. Мектепке кіргенде, кіші оқушыда бар баланың өзінен шығатын «Мен қалаймын» деген екі мотивтің қайшылығы және ересектер бастамашылық ететін «міндетті» мотив пайда болады [11. 293].

Балада пайда болатын ойлар басқалардың пікірлері мен бағалауларына, негативтер туралы білуге бағынады түсініктемелер оның әл-ауқаты мен өзін-өзі бағалауына әсер етеді. Кіші оқушы тек ата-аналар мен мұғалімдердің пікірлеріне байланысты емес, сонымен қатар құрбыларының пікірінен, оған байланысты ол қорқыныш сезіне бастайды. Оқу үлгерімі мен қарым-қатынас арасында тығыз байланыс бар мұғаліммен бірге мектеп оқушысы жұмыс жасай бастайды.

Мазасыздықтың негізгі себептерінің бірі ретінде мұғалімдердің балаларға деген жағымсыз қарым-қатынасы, қақтығыстар, әдепсіз мінез-құлық және дөрекілік. Мұғалімнің әдепсіздігі мазасыз балаларға немесе кіретін балаларға әсер етеді «мазасыздық» күйі, яғни олар өздерін дәрменсіз сезінеді, қорғаныссыз, сезіне бастайды балада[12. 26].

Әдіскер мен ғалымдардың пікірлерін жинақтай келгенде мазасыздықтың негізгі себетерін қарастырып талқыланды. Бірқатар ғалымдардың пікірінше баланың ортасы әсер етіп қана қоймай, отбасының да әсері ықтималдығы анықталды. Бірақ басты рөл отбасындағы атмосфера ойнайды. Оқу үлгерімі жақсы балаларда кім саналы, өзіндік талапшылдығымен ерекшеленеді белгілерге бағытталса, айқын көріністерді де байқауға болады мазасыздық. Жақсы оқитын оқушылар өзін-өзі бағалауға байланысты мазасыздық. Көрінетін әл-ауқатқа қол жеткізіледі олар өте қиын және бұзылуларға әкелуі мүмкін, әсіресе белсенділік күрделене түседі.

Қорытынды жасай келе мазасыздық қазіргі уақытта ең қатты уайымдардың бірі болып табылады, психикалық дамудың жалпы құбылыстары. Бастауыш мектепте, мектеп мазасыздығы пайда болады, бұл пайда болуымен байланысты үздіксіз бағалау жағдайлары, бұл тек бағалауға ғана әсер етпейді дағдылар мен қабілеттер, сонымен қатар адамның өзі тұлға ретінде дамуына әсер ететін күй. Мазасыздықтың көріністері жаңаға бейімделудің тиімділігіне байланысты жағдайлардан туындайды, оқытудың сәттілігі, сондай-ақ қарым-қатынас ерекшеліктері құрдастардың әсері. Көптеген зерттеушілер мұнымен келіседі алаңдаушылықты дифференциалды жағдайлық деп санау керек құбылыс және жеке сипаттама ретінде атап кеткен. Мектептің басталуы - бұл баланың бетбұрыс кезеңі физикалық және моральдық, соған байланысты кіші мектеп жас мазасыздықтың шығу тегі тұрғысынан осал болып саналады.

Бірақ осы жас кезеңінде мазасыздық тұрақты сипат емес, және алдын-алу шараларын жүргізу кезінде болып табылады салыстырмалы түрде қайтымды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстанның ғылымы мен өмірі журналы №2 (36) 2016-288 б. http://nauka-zan. kz/wp-content/uploads/2017/12/1-k. pdf

2. Қазақстанның ғылымы мен өмірі журналы №1 (28). 2015-224 б. http://nauka-zan. kz/wp-content/uploads/2017/12/1-k. pdf

3. Орақбай Б. М. Бейімделу кезеңіндегі бесінші сынып оқушыларын жан-жақты зерттеу жұмыстарының ерекшеліктері. http://artpsy. kz/bejimdelu-keze-indegi-besinshi-synyp/

4. Төребаева К. Ж., Есенғұлова М. Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика: Оқу құралы. Алматы, 2012-208 б.

5. https://infourok. ru/mazasizdanu-degeyin-tmendetudi-psihologiyali-negizderi-2988830. html

6. Назия А. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері http://edunews. kz/ruhanijangiru/2086-bastauysh-synyp-oushylaryny-psihologiyaly-erekshelkter. html

7. Немов, Р. С. Общая психология: учебник для вузов [Текст] / Р. С. Немов - М. : Юрайт, 2011. -681 б.

8. Прихожан, А. М. Психология тревожности: дошкольный и школьный возраст [Текст] / А. М. Прихожан - СПб. : - Питер, 2009. - 34 б.

9. Ермолаева М. В. Психология развития [Текст] / М. В. Ермолаева - Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2000. - 336 б. .

10. Горшкова Анна Вячеславовна Выпускная квалификационная работа Екатеринбург 2019-16 б.

11. Тимофеева, А. Г. Проблема школьной тревожности с позиций средового подхода // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Акмеология образования. Психология развития – 2018 - №3(27). – б. 293

12. Сушкова, Ф. Уровень тревожности школьников растет [Текст] / Ф. Сушкова // Воспитание школьников №9 2014, б. 26

УДК: 374(075)

РЫСБЕКОВА А. Қ.,
педагогика ғылымдарының кандидат, доценті,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АБДРАИМ А. Ж.
I курс магистранты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
E-mail: abraim. aiana@mail. ru

ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ ОҚУШЫ ҚЫЗДАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Түйін. Мақалада қарастырылған мәселе жасөспірімдік шақтағы оқушы қыздардың педагогикалық және психологиялық ақуалы. жеткіншектік шақ бұл балалықтан ересектік кезеңге өту әр адамда әртүрлі болуы әбден мүмкін. Ағзадағы физиологиялық өзгерістер мен қоса психологиялық және әлеуметтік өзгерістер болуы мүмкін екені анық. Қыздарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің үлгілері мен әдістерін әзірлеп, оларға сипаттама беру. жасөспірім қыздардың және бойжеткендердің адамгершілік құндылықтарына бағытталған арнайы тәрбиелік-білім беру бағдарламалары. Жеткіншектік шақтың басында балалардың сырт пішіні, мінез-құлқының өзгеруі. Жасөспірімнің индивидуализмі мен тәуелсіздігі әлеуметтік қарым-қатынасқа және құрдастарымен қарым-қатынасының маңызы. Мектеп пен оқу барысы жеткіншектердің өмірінде үлкен орын алады. Жеке басындағы мәселелерін шешуде әлеуметтік психологтық-педагогтық көмек көрсету мен қатар жұмыстар жүргізілуі қажет. Адамгершілік тәрбиесі – бұл жеткіншектердің бойында жоғары саналылықты, адамгершілік сезімдерін қалыптастыру.

Кілт сөздер: жасөспірімдік шақ, жасөспірімнің индивидуализмі, психикалық процестер, өзін-өзі тану, сезімталдық, тәрбиелік ұғым.

Резюме. Проблема, рассмотренная в статье, заключается в педагогическом и психологическом развитии девочек подросткового возраста. подростковый возраст переход от Детского к взрослому этапу у каждого человека может быть разным. Очевидно, что могут быть физиологические изменения в организме, а также психологические и социальные изменения. Разработать и охарактеризовать модели и методы духовно-нравственного воспитания девочек. специальные воспитательно-образовательные программы, направленные на нравственные ценности девочек-подростков и девочек. Изменение внешнего вида, поведения детей в начале подросткового возраста. Индивидуализм и самостоятельность подростка значение социального общения и общения со сверстниками. Школа и учебный процесс занимают большое место в жизни подростков. Должна проводиться параллельная работа и оказание социальной психолого-педагогической помощи в решении личностных проблем. Нравственное воспитание-это формирование у подростков высокого сознания, нравственных чувств.

Ключевые слова: подростковый возраст, индивидуализм подростка, психические процессы, самопознание, чувственность, воспитательное понятие.

Summary. The problem considered in the article is the pedagogical and psychological development of adolescent girls. adolescence the transition from Childhood to adulthood can be different for each person. Obviously, there can be physiological changes in the body, as well as psychological and social changes. To develop and characterize models and methods of spiritual and moral education of girls. special educational programs aimed at the moral values of adolescent girls and girls. Changes in the appearance and behavior of children in early adolescence. Individualism and independence of a teenager the importance of social communication and communication with peers. School and the educational process occupy a large place in the lives of teenagers. Parallel work and the provision of social psychological and pedagogical assistance in solving personal problems should be carried out. Moral education is the formation of high consciousness and moral feelings in adolescents.

Key words: adolescence, adolescent individualism, mental processes, self-knowledge, sensuality, educational concept.

Кіріспе бөлім

Ұлттық тәрбие әр халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы, халықтың рухани қазынасы. Қазақ халқының өмір салтындағы әдет-ғұрыптары мен рухани үрдісіндегі сан қилы қырлары қайран қалдыратын болмыстарға толы. Қазақ халқының сонау түркі заманынан күні бүгінге дейін келе жатқан мұрасы – ұлттық тәрбиесі. Қай кезең болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет – өзінің өмірін жалғастырушы саналы

ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі заман талабына сәйкес, Тәуелсіздік таңына қол жеткізген шақта жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру міндеті уақыт талабымен бірге келген игілікті іс екені белгілі [1. 98,]

Жасөспірім бұл адам үшін маңыздылығы бойынша ерте балалық шақпен салыстыруға болатын кезең. Бұны, асыра айтқанда, адамның тағдыры қалыптасатын жас. Мектеп пен отбасы бірге негізгі іс-әрекет орны болып табылады. Өйткені, өздеріңіз білетіндей, жасөспірімнің индивидуализмі мен тәуелсіздігі әлеуметтік қарым-қатынасқа және құрдастарымен бірлікке деген ұмтылыспен үйлеседі, кейде "сезімталдыққа" әсер етеді. Мұның бәрі жасөспірімдер мен кезкелген мұғалім үшін мықтылықты талап етеді.

Ең алдымен педагог тәрбие басты көздері саналатын әділдік пен мейірімділік, инабаттылық пен кішіпейілділік, сыпайылық пен ибалық қасиеттерін қыз балалардың бойында тәрбиелегені дұрыс. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Біз өз қыздарымыздың тәрбиесіне аса көңіл бөлуіміз қажет. Өткені олар – болашақ жар, болашақ ана, ошақтың отын сақтаушы» деп ерекше атап өткен [2].

Сонымен, жасөспірімді тәрбиелеу қиын, бірақ өте қызықты педагогикалық міндет. Бұл кездесетін қиындықтар мен сәтсіздіктердің өте қаупі ғана емес, сонымен қатар егер сіз оны адал шешсеңіз, мұғалімнің рухани өсуіне ықпал етіп, болашақ жастарды тәрбиелеуге қосқан үлкен үлесі.

11-17 жас аралығындағы жасөспірімнің жағдайы (қазіргі зерттеушілердің пікірінше, "өсу" кезеңі. Жеткіншек шақтағы мектеп оқушы қыздардың арасындағы қақтығыс "мен бала емеспін, мен ересек адаммын! Деген ұғым қалыптаса бастайды. Әлеуметтік орта, сыртқы орта және отбасындағы үлкендердің іс –әрекеттері әсер ете бастайды.

Негізгі бөлім

Осыған байланысты ұсынылып отырған жұмыс өзекті болып табылады. Әдістемелік құрал қазақ қыздарына тән ежелден келе жатқан адамгершілік құндылықтарын, яғни сыпайылық, инабаттылық, кішіпейілділік, ардақтылық және т. с. с. тәрбиелік ұғымдарының үлгілері мен әдістерін негіздеуге бағытталған.

Зерттеу жұмыстың мақсаты – оқытушылар мен ата-аналарға жасөспірім қыздарға және бойжеткендерге рухани-адамгершілік тәрбие беруде әдістемелік тұрғыда қолдау көрсетіп, жұмысқа арналған ғылыми-әдістемелік қағидалардың жүйесін сипаттау.

Міндеттері:

– жасөспірім қыздар мен бойжеткендердің психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие берудің ғылыми-тәжірибелік негіздерін тұжырымдау;

– қазіргі кездегі идеология арқылы отбасылық тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтау;

– қыздарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің үлгілері мен әдістерін әзірлеп, оларға сипаттама беру.

Жүсіп Баласағұнда мынандай сөз бар: «Қыз баланы тәрбиелей отырып, біз тұтас халықты тәрбиелейміз». Ауылдар дәстүрлі түрде халық мәдениетінің, дәстүрлері мен ғұрыптарының ошағы, қайнар көзі. Ауылдың қыздары үлкендерді сыйлап, құрметтей отырып, кішілерге тірек болуға тырысқан. Олар өздерінің туған жерлерін сүйетін, барлық құнды қасиеттерге ие, яғни ежелгі заманнан халықтың арасында қалыптасып, қадірленетін инабаттылық, мейірімділік, еңбекқорлық, үлкендерге деген құрмет қасиеттерімен ерекше көзге түскен. Қыз балаларға балалық шақтан бастап пәктік, ар-ұят сияқты қасиеттерді бойына сіңіріліп, табиғатынан берілген әсемдік пен сұлулыққа тең келмейтін қылықтар мен әдеттерден жат ұстағаны айқын [3. 6,].

Зерттеудегі ғалымдардың еңбектері Қазақстандық ғалым-педагогтармен (Қ. Құнанбаева, Т. Садықов, Ж. Наурызбай, А. Сейбетова, Г. Ұманов, Н. Хмель, Н. Жарықбаева, С. Ұзақбаева, М. Балтабаева және т. б.) жүргізілетін теориялық-әдістемелік зерттеулердің өткізілуіне қарамастан, әлі де мәселелер жойылмай, сақталып отыр. Бұл бірінші кезекте жасөспірім қыздардың және бойжеткендердің адамгершілік құндылықтарына бағытталған арнайы тәрбиелік-білім беру бағдарламаларының жоқтығы кесірінен болып отыр. Адамгершілік тәрбиесі – бұл жеткіншектердің бойында жоғары саналылықты, адамгершілік сезімдері мен адамгершілік қағидаттарына сәйкес мінез-құлықтарын қалыптастыруға мақсатты бағытталған үрдіс [3. 9,]

Жеткіншектік жастың дамуына және оның әлеуметтік құбылысына ең алғаш Ж. Ж Руссо мән беріп қарастырған болатын. Өзінің 1762 ж. жазылып шыққан «Эмиль» атты романында (Ж. Ж. Руссо, 1981) ол адам өміріндегі бұл жастағы психологиялық өзгеріске ең алғаш мән беріп байқаған. Руссо, жеткіншектік жасты екінші рет дүниеге келу деп қарастырды. Бұл жаста өзіндік сана дамитыны туралы айтып кетті. «Эмиль» еңбегі жеткіншектік шақтың қалыптасуына үлкен түрткі болса да, өзінің тақырыбына ғылыми жаңалықты С. Холлдың «Есею: оның психологиясы және антропология, физиология, әлеуметтену, секспен, қылмыспен, дінмен біліммен байланысы» негізгі екі томдық жұмысында көрді. Бұл еңбегі ең алғаш 1904 жылы жарық көрді. Ол кең тарады. С. Холлды өтпелі кезеңнің әкесі деп бекер атамаған. Ол бұл жасқа тән концепцияларды атап қоймай, осы жастағы бірнеше мәселелер туралы да айтып кетті. Бұл мәселелер жеткіншектік шақты толық суреттейді деп айтуға болады [4].

Жеткіншектер дамуындағы ерекшеліктер әр түрлі теорияларға негіз болды. Жеткіншектік

шақтың басында балалардың сырт пішіні, мінез-құлқы ересектерге ұқсамайды. Олар көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып тентектіктер жасайды, әлі де бала бола жүріп, елеусіз есейеді. Жеткіншектің жеке басындағы басты жаңа құрылым өзі туралы «енді бала емеспін, ересекпін» — деген түсініктің пайда болып, өзіне жұрттың осы-лай деп қарауын тілейді. Мектеп пен оқу жеткіншектердің өмірінде үлкен орын алады. Оқу қызметіндегі ол қылықтардың сырттай көріну дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін. Жеткіншектер білімді, әділ, мейірімді, сабақтағы жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімдерді бағалайды. Мұғалім міндеті — оқу материалдарын қайталау арқылы мағынаны есте сақтауға үйрету болып табылады.

Бірқатар себептерге байланысты даралықты дамыту мәселесі әсіресе жасөспірімде қарқынды дамып тұрады. Ойлаудың дамуы мен психикалық процестердің интеллектуализациясына байланысты жасөспірім өзін-өзі танудың жас кезеңінде болады [5. 18,].

Өзін — өзі тану бұл адамның өзін қоршаған әлемнен оқшаулауы, өзіне ("Мен") басқа нәрсеге ("мен емес") қарсы тұруы, өзін, мақсаттарын, іс-әрекеттерін, тәжірибелерін, өзінің ішкі әлемін білуі; бұл адамның өзін-өзі тану процесі. Өзін-өзі танудың нәтижесі-бұл өзін-өзі танудың динамикалық жүйесі, өзіне бағытталған көзқарастар жиынтығы ретінде түсінілетін өзіндік тұжырымдама.

Тұжырымдамада үш құрылымдық компонент ерекшеленеді:

1) танымдық (өзі туралы идеялардың мазмұнын сипаттайды – «Мен бейнесі»);

2) эмоционалды-құндылық (тұтастай өзіне және жеке тараптарға, қасиеттерге деген көзқарасты көрсетеді; өзін-өзі бағалауы);

3) мінез-құлық (мінез-құлықтағы бірінші және екінші компоненттің көрінісін сипаттайды).

Өзін — өзі танудың маңызды механизмі бұл жасөспірімнің ішкі әлемін де, басқа адамдардың ішкі әлемін де түсіну формасы болып табылатын жеке рефлексия. Ішкі психикалық әлем жасөспірімге жаңа жолмен ашылады: өзін-өзі тану және өзін-өзі бақылау арқылы басқа адамдар туралы біліммен салыстырылады, содан кейін өзімен ішкі диалог процесінде алынған білімнің өзін-өзі талдауы мен өзін-өзі ойлауы жүреді. Нәтижесінде жасөспірім оны басқа адамдармен біріктіретін жалпы белгілер мен сипаттамалар туралы және оны басқа адамдардан ерекшелейтін ерекше және ерекше белгілері туралы білім алады. Бастапқыда жасөспірімнің жеке рефлексиясының тақырыбы жеке әрекеттер. Содан кейін оның басты бағыты мінез ерекшеліктері мен басқа адамдармен қарым-қатынас ерекшеліктері, ал өзіне деген сыни көзқарас күрт артады [6. 51,].

Қыздар көбінесе сырт келбеттерін, мінездерін, жүріс-тұрыстарын, өз кемшіліктерін асыра сілтеп айтады. Сыншылдық және өз пікірлерінің жоқтығы көбіне қыздарда көрінеді, себебі олар сырт келбетке уайымдауға бейім.

Жеткіншек қыздардағы айқын ерекшелік дербестікке ұмтылу, ата-ананың қамқорлығынан серпілу және ата-ананың тексерісінен құтылу. Сонымен қатар қыздар ересек болып көрінгенді қалайды. Шылым шегу, алкогольды сусындарды ішу, опа-далаптын шектен тыс болуы, киім үлгісіндегі өзгешіліктер, ақшаны көп құрту, ерте жыныстық қатынасқа түсу - өз жастарынын әлдеқайда ересек көрінуүшін жеткіншек қыздар осындай іс-әрекеттерге барады [7].

Осындай келеңсіз тәртіп пен мінез құлықтарға отбасының және мұғалім, психолог-педагогтардың кеңестері өте қажет. Дұрыс бағытта өзін-өзі тәрбиелеуге. Өзін-өзі тәрбиелеу жеткіншек жастағы қыздарға уақытын үнемді және дұрыс пайдалана білуді қалыптастыру қажет. Қыз баласына дұрыс тәлім-тәрбие беруде дұрыс және зиян келтіретін тұстарын атап айтып кеткен дұрыс.

Жеткіншектік шақ – болашақ туралы балалық армандардың орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларынын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын және өз ниетін практикалық іс-әрекетте жүзеге асыруға ұмтылу келіп шығатын кезең. Кәсіптік ниеттердің дамуындағы мұндай ілгерулер жеткіншектердің бәрінде бірдей болмайды; кейбіреулерінің барлық ойы қазіргімен болып, болашақ мамандық туралы аз ойлайды. Белгілі бір мамандыққа деген ынтаның пайда болуына көп жайлар: оқу, адамдар, кітаптар, кино, теледидар, экскурсиялар, себепші болуы мүмкін. Жеткіншектер көп нәрсеге ден қояды, көбіне бірнеше бағытты бағдар етіп ұстайды, бірнеше үйірмеге барып жүреді. Жеткіншектер өздеріне ұнаған кәсіптерді роммантикаға бөлейді, көптеген қиыншылықтарды аңғармайды, өз мүмкіндіктерін асыра бағалайды. Кәсіптік мүдделер мен ниеттердің қалыптасуы үшін үйірмелердегі тыңғылықты ұйымдастырылған сабақтардың маңызы зор [7].

Қорытынды жасай отырып жеткіншектер бос уақытында спорттық секцияларға қатысады, теледидар көреді және достарымен серуендейді. Жеткіншек жастағы мектеп оқушы қыздарына үлгі өнергелі тәрбиеге бейімден жөн. Сыртқы факторлардың дұрыс және дұрыс емес әдеттерін түсіндірумен қатар зиян келтіретінін түсіндіру жұмыстарын жүргізген абзал. Қыз балаға сырласы, досы анасы болған абзал, бірақ мектеп оқушы қыздар көбінесе өздерінің достары ретінде құрбыларын таңдайды және олардың сөздеріне сенімділікпен қарайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. №3 (30). 2015-98 б.

2. Назарбаев Н. А. Послание народу Казахстана от 14 декабря 2012 г. «Стратегия «Казахстан-2050. Новый политический курс состоявшегося государства» http://akorda. kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nnazarbaeva-narodu-kazakhstana-14-dekabrya-2012-g_1357813742.

3. «ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» Тәрбиелік жарасады қыз балаға. Әдістемелік құрал АСТАНА 2013-9 б.

4. https://stud. kz/referat/show/73029

5. Грецов, А. Г. Тренинги развития с подростками: творчество, общение, самопознание / А. Г. Грецов. — М. [и др.]: Питер, 2011. — 18 б.

6. В. П. Вейдт О воспитании подростков: в помощь классному руководителю: Методическое пособие / сост. В. П. Вейдт. — Калининград: Издательство Калининградского областного института развития образования, 2019-51 б.

7. Балалар үйіндегі жеткіншек қыздардың өзін-өзі кәсіби анықтау бағытындағы әлеуметтік - педагогикалық жұмыс http://www. rusnauka. com/11_npe_2014/pedagogica/6_167168. doc. htm

ГРНТИ 14. 25. 09
УДК 37. 026

САНСЫЗБАЕВА А. С.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕР ЖЕЛІСІН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада мазмұнды-әдістемелік желі ұғымы негізінде мектеп математика курсындағы теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін оқыту мәселелері қарастырылады, математикадағы теңдеулер, теңсіздіктер және жүйелер теориясының пайда болуы мен дамуының негіздемесі көрсетіледі. Жұмыста жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектеп математика курсының 5-9 сыныптарында теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін оқыту мақсаттары келтірілген. Осы мақсаттарға сәйкес мектеп математика курсында қалыптасқан теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешудің негізгі жалпыланған әдістері ерекшеленді. Сонымен қатар, қолданбалы, теориялық-математикалық және ішкі математикалық байланыстарды ашу бағыттарында мектеп математика курсының теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері желісін дамыту қажеттілігі негізделген.

Түйін сөздер: теңдеулер, теңсіздіктер, мазмұнды-әдістемелік желі, теңдеулер жүйесі, теңсіздіктер жүйесі.

Аннотация. В данной статье рассматриваются проблемы обучения уравнений, неравенств и их систем в школьном курсе математики на основе понятия содержательно-методической линии, показывается обоснование возникновения и развития теории уравнений, неравенств и систем в математике. В работе приведены цели обучения уравнениям и неравенствам и их системам в 5-9 классах школьного курса математики в условиях обновленного содержания образования. В соответствии с этими целями выделены основные обобщенные методы решения уравнений, неравенств и их систем, сформированные в школьном курсе математики. Кроме того, обоснована необходимость развития линии уравнений, неравенств и их систем школьного курса математики в направлениях раскрытия прикладных, теоретико-математических и внутренних математических связей.

Ключевые слова: уравнения, неравенства, содержательно-методическая линия, система уравнений, система неравенств.

Abstract. This article deals with the problems of teaching equations, inequalities and their systems in a school course of mathematics on the basis of the concept of content-methodical line, shows the rationale for the emergence and development of the theory of equations, inequalities and systems in mathematics. The paper presents the objectives of teaching equations and inequalities and their systems in grades 5-9 of the school mathematics course in the conditions of the updated content of education. In accordance with these goals, the main generalized methods for solving equations, inequalities and their systems, formed in the school course of mathematics, are highlighted. In addition, the necessity of developing the line of equations, inequalities and their systems of the school mathematics course in the directions of revealing applied, theoretical-mathematical and internal mathematical relations is justified.

Keywords: equations, inequalities, content-methodological line, system of equations, inequalities.

Жалпы білім беретін мектеп математика курсын оқытудың мақсаты – оқушыларға күнделікті өмірде және қазіргі қоғамда пайдалы еңбек еткенде қажет болатын және де басқа пәндерді оқып меңгеруге, білімін әрі қарай жалғастыруға толық мүмкіншілік беретін математикалық білім, іскерлік және дағдылардың негізін берік және саналы түрде меңгеріп алуын қамтамасыз ету екені белгілі. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп математика курсының дамуына әсер ететін бірнеше себептер бар, біріншісі өмірлік практика мұқтаждығы және математика дамуының ішкі өз талабы.

Мектеп математика курсында әртүрлі мазмұнды-әдістемелік желілер ерекшеленеді. "Мазмұнды-әдістемелік желі" термині, әдетте, желіні анықтайтын тиісті ұғымдарға, сондай-ақ оған тән шешу әдістеріне сүйенетін мысалдар, тапсырмалар жүйесін білдіреді [1]. Бірақ бұл терминнің орнықты анықтамасы жоқ.

Л. М. Фридман, мектеп курсының мазмұнында жеті мазмұндық желіні бөліп көрсетеді:

- сандар мен есептеулер;
- өрнектер мен олардың түрлендірулері;
- теңдеулер мен теңсіздіктер;
- функциялар;
- геометриялық фигуралар, олардың бейнелері мен қасиеттері;
- геометриялық өлшемдер мен шамалар;
- талдау элементтері.

Ол барлық мазмұн қазіргі математиканың негізгі идеялары мен әдістері жүйесінің айналасында топтастырылуы, негізделуі тиіс деп есептейді [2].

Д. Рахымбек «Оқытудың мазмұны мектепте оқытылатын іргелі ұғымдар жүйесінен құрылып, олардың маңайына онымен байланысты басқа да ұғымдар және оларды игеруге қажетті пайымдар мен амалдар топтастырылады. Сондай жағдайда оқу мазмұны өзара тығыз байланысқан және өзіндік арнайы оқыту әдістерін пайдалануды қажет ететін тұтастай құрылым құрайды, ол мазмұнды-әдістемелік желі негізінде құрылған бағдарлама деп аталады», -деп, мектеп математика курсының мазмұны *«Сан және шамалар», «Өрнек және оны түрлендіру», «Теңдеу және теңсіздік», «Геометриялық фигуралар мен геометриялық шамаларды өлшеу, «Аналитикалық геометрия және вектор», «Функциялар», «Туынды және интеграл», «Ықтималдық-статистика», «Модельдеу»* деген құрамды бөліктерден тұратынына және олардың құрылымдарына тоқталған [3. 42].

А. Абылқасымова «Қазақстан мектептерінде математиканы оқыту мазмұнды-әдістемелік желі негізінде құрылады, олар Сандар, Өрнектер, Теңдеулер мен теңсіздіктер, Функциялар, Математикалық талдау элементтері және комбинаторика, Ықтималдықтар теориясы және статистика, Геометриялық фигуралар» деп бөліп көрсеткен [4. 157].

Жоғарыда қарастырылған мазмұнды-әдістемелік желінің үш топтамасында да «теңдеулер мен теңсіздіктер» желісі айқын көрініп тұр. Сондай-ақ, аталған мазмұнды-әдістемелік желілер жалпы білім беретін мектептің математика пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында да қамтылған. Бағдарламада қарастырлатын математиканың негізгі бөлімдері: Сандар; Алгебра; Геометрия; Статистика және ықтималдықтар теориясы; Математикалық модельдеу және анализ. Мұндағы «Алгебра» бөлімінің 5-9 сыныптардағы бөлімшелері: «Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру», «Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары», «Тізбектер және олардың қосындысы» [5. 120].

Аталған бағдарламадан мектеп математика курсының 5-9 сыныптарда оқытылатын материалдарының басым бөлігі біздің қарастырып отырған «Теңдеулер және теңсіздіктер» желісіне қатысты болатынын байқауға болады. Ол өзінің мазмұны, тәсілдері, түрлері, теңдеулерді шешу әдістерімен, сондай-ақ мектеп математика курсынның басқа бөлімдерінде қолдану мүмкіндіктерімен де бай.

Сонымен, жалпы білім беретін мектеп математика курсындағы мазмұнды-әдістемелік желі – негізгі ұғымдарды, ұғымдық аппараттарды, математикалық есептердің классификациясын, оларды шешу әдістерін қалыптастырумен ерекшеленетіні анық. Және де «Математикалық идеяны немесе желіні іске асыруды талдауда:

- әр сыныпта желіні оқудың мақсаттары мен мотивтерін анықтау;
- желінің ұғымдық аппаратын ерекшелеу;
- желіні іске асырудың математикалық әдістерін, сол немесе өзге әдісті қолданудың логикалық және мазмұндық негіздемелерін бөліп көрсету;
- оқылған материалды қолдану аясын ашу;
- желінің ұғымдық аппаратын қалыптастыру құралдарын және осы аппаратты математика мен оның қолдануларында пайдалану әдістерін таңдау;
- желіні оқу барысында қол жеткен нәтижелерді бағалау жүйесін әзірлеу;
- желіні іске асыру үшін әртүрлі сыныптағы материалдар арасында мазмұнды байланыстарды орнату талап етіледі» [6. 72].

Жалпы білім беретін мектеп математика курсындағы әрбір мазмұнды-әдістемелік желінің осы талаптарға сәйкестігін талдау арқылы олардың ерекшеліктерін көрсетуге болады.

Мәселен, «Теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері» желісі бойынша б*астауышта* арифметикалық амалдардың компоненттері арасындағы қатыстарға сүйеніп, белгілі элемент арқылы белгісізді табу нәтижесінде теңдеулерді шешу туралы түсінік беріледі. Бастауышта теңсіздіктер шешу туралы мәлімет берілмейді, тек қана дұрыс теңсіздіктерге айналдыратын әріптердің мәндерін таңдап алу арқылы ғана теңсіздік және оның шешімдері туралы алғашқы дайындық жұмыстары жүргізіледі. *Негізгі мектепте* теңдеу және теңсіздік, мәндестік және мәндес түрлендіру ұғымдары енгізіледі. Оқушылар сызықтық, квадрат теңдеулер мен оған келтірілетін теңдеулерді және теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелерін шешуге үйренеді. *Жоғары сыныптарда* тригонометриялық, көрсеткіштік, логорифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері оқытылады.

А. Қ. Алпысовтың «Болашақ математика мамандарын дәрежелік функциялары бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуге тереңдете оқыту әдістемесі» атты диссертациялық еңбегінде математикада теңдеуді де, теңсіздікті де өмірде болған немесе болып жатқан құбылысты зерттеу құралы ретінде пайдалануды ұсынған. Теңдеу арқылы процестің дәл шешімі зерттелсе, ал теңсіздік арқылы белгілі бір аралықтағы қозғалыс зерттелетінін атап көрсеткен [7. 145].

Математикада теңдеулер, теңсіздіктер және жүйелер теориясының пайда болуы мен дамуы оның келесі негізгі функцияларына сүйенеді [8. 217]:

– теңдеулер, теңдеулер жүйесі – белгілі бір ортақ негізге ие шамалар тепе-теңдігінің жаратылыстану, технологиялық, әлеуметтік жағдайларының математикалық модельдері, ал теңсіз-

діктер – олардың тепе-теңдік шарттары негізінде шамаларды салыстыру процедураларының математикалық модельдері (дүниетанымдық);

– теңдеулер мен жүйелер өзінің өлшенетін компоненттері мен белгілі сандық сипаттамаларының қандай да бір бөлігінің өзара байланысы бар кез-келген тұтас жүйеде белгісіз сипаттаманы табу мәселесін зерттейді, теңсіздіктер оның мүмкін мәндерінің аралығын анықтайды (әдіснамалық);

– математиканың даму тарихында теңдеулер, теңсіздіктер, жүйелер математиканың маңызды бөлімдерінің (алгебра – XVIII ғасырға дейін теңдеулерді шешу туралы ғылым), математикалық теориялардың (Галуа өрістерінің кеңеюі, дифференциалдық теңдеулер), мықты зерттеу әдістерінің (Евклид кеңістігіндегі сызықтарды, беттерді зерттеудің аналитикалық әдісі), математика тарихындағы көрнекті нәтижелердің (Гаусс алгебрасының негізгі теоремасы, Ферма теоремасы) мазмұны болып табылады (жалпымәдени);

– теңдеулер, теңсіздіктер, жүйелер кластары зияткерлік және пәндік-математикалық жоспарлардың мазмұндық-алгоритмдік, жалпыламатеориялық және нақты-эвристикалық әрекеттерін біріктіре отырып, толыққанды математикалық оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әмбебап ортасын ұсынады (тұлғалық).

Осы аталған функцияларды негізге ала отырып, әзірленген түрлі есептерді құрастыру және оларды шешу жолдарын анықтау мәселелері ғалымдардың оқу-әдістемелік зерттеу жұмыстарында көрініс табады. Мәселен, А. Е. Әбілқасымова, Т. А. Алдамұратова, Ә. Н. Шыныбеков, Қ. Түсіпжан [9, 10, 11, 12] және т. б. ғалымдардың жалпы білім беретін мектеп математика курсындағы оқулықтары мен әдістемелік құралдарында теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелеріне қатысты ұғымдар және оларды шешу жолдары толық қарастырылған. Дегенмен, 9-сыныптағы Мемлекеттік қорытынды аттестаттауда, 11-сыныптағы Ұлттық бірыңғай тестілеуде теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелерін шешу барысында оқушылардың бірқатар қателіктер жіберетіні байқалады. Сондықтан, «Теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері» желісін бірізділікпен оқыту оқушыларға теңдеулер мен теңсіздіктерді саналы түрде шешуге, ең ұтымды әдіс-тәсілдерді таңдауға мүмкіндік беріп, мектеп оқулықтарында қарастырылмаған түрлі шешу әдістерін қолдануға жол ашады.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында жалпы білім беретін математика курсы бойынша "теңдеулер мен теңсіздіктер" желісін оқып-үйрену талаптары нормативті түрде бекітілген [13, 14]. 1-кестеде 5-9 сынып білім алушыларына қойылатын оқу мақсаттары көрсетілген.

Кесте 1 – Мектеп математика курсының 5-9 сыныптарында теңдеулер мен теңсіздіктер желісі бойынша білім алушыларға қойылатын мақсаттар

Сыныптар	**Оқу мақсаттары**
5 – сынып	5. 2. 2. 1 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу; 5. 2. 2. 2 теңдеудің шығарылуының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану
6 - сынып	6. 2. 2. 1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 6. 2. 2. 2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 6. 2. 2. 3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу; 6. 2. 2. 4 $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар; 6. 5. 1. 6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару; 6. 2. 2. 5 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 6. 2. 2. 6 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану; 6. 2. 2. 7 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 6. 2. 2. 8 сан аралықтарды кескіндеу; 6. 2. 2. 9 сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу; 6. 2. 2. 10 $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу; 6. 2. 2. 11 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6. 2. 2. 12 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 6. 2. 2. 13 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу; 6. 2. 2. 14 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу; 6. 2. 2. 15 $\|x\| > a$, $\|x\| \geq a$, $\|x\| < a$, $\|x\| \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу; 6. 2. 2. 16 екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу; 6. 2. 2. 17 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі туралы түсінігінің болуы;

	6. 2. 2. 18 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну; 6. 2. 2. 19 теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу; 6. 2. 1. 13 сандармен байланысты есептер шығаруда $\overline{ab}$ = 10a + b, $\overline{abc}$ = 100a + 10b+ c жазуларын қолдану; 6. 5. 1. 7 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу;
7 - сынып	7. 4. 2. 4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу;
8 - сынып	8. 2. 2. 1 квадрат теңдеудің анықтамасын білу; 8. 2. 2. 2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату; 8. 2. 2. 3 квадрат теңдеулерді шешу; 8. 2. 2. 4 Виет теоремасын қолдану; 8. 2. 2. 5 $\|ax\ 2 + bx\| + c = 0$; $ax\ 2 + b\|x\| + c = 0$ түріндегі теңдеулерді шешу; 8. 2. 2. 6 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу; 8. 2. 2. 7 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу; 8. 4. 2. 1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8. 4. 2. 2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу; 8. 2. 2. 8 квадрат теңсіздіктерді шешу; 8. 2. 2. 9 рационал теңсіздіктерді шешу; 8. 2. 2. 10 біреуі сызықтық, екіншісі - квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу; 8. 2. 2. 11 құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу;
9 - сынып	9. 2. 2. 1 екі айнымалысы бар сызықтық және сызықтық емес теңдеулерді ажырату; 9. 2. 2. 2 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу; 9. 4. 2. 1 мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару; 9. 4. 3. 1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 9. 2. 2. 3 екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу; 9. 2. 2. 4 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шешу;

Кестеде көрсетілген оқу мақсаттарына жету үшін теңдеу және теңсіздік ұғымын қалыптастыратын төменгі сыныптардағы пропедевтикалық жұмыстардың рөлі ерекше. Сондай-ақ, оқу мақсаттарынан теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері желісін оқытуды сүйемелдейтін төменде көрсетілген негізгі процесстердің сақталуы көрінеді:

1) теңдеулер мен теңсіздіктер кластарының, оларды шешу тәсілдерінің, шешу кезінде қолданылатын түрлендірулердің біртіндеп өсуі;

2) теңдеулер мен теңсіздіктер кластары арасында түрлі байланыстар орнату, барған сайын жалпы кластарды анықтау, түрлендірудің барған сайын жалпы тәсілдерін бекіту, шешімді сипаттау мен негіздеуді жеңілдету.

Осы процестердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде оқытылатын материал оқушыларға салыстырмалы түрде, қиындатылмай, керісінше, жаңа материалды меңгеруді жеңілдететіндей ықшамдалып берілуі керек. Осындай өзара әрекеттесуді орнату теңдеулер мен теңсіздіктер желісінде қолданылатын әдістемелік тәсілдерді, атап айтқанда, материалды оқыту кезеңдері бойынша таратуды анықтайды. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің бірі – желілерді жүзеге асыру мақсатында әртүрлі сыныптардың оқу материалдарының арасында мазмұнды байланыстарды орнату.

Әдетте, теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері желісін талдау «теңдеу» және «теңсіздік» ұғымдарының түрлі түсіндірме ұғымдарын анықтаудан және олардың мектеп оқулықтарында қолдану мүмкіндіктерінен бастау алады. Сол себепті негізгі ұғымдарға қысқаша тоқталып өтейік.

Теңдеулер ұғымын анықтау барысында «белгісіз» немес «айнымалы» терминдері қолданылады. Олардың мектеп математика курсындағы қолданысы мазмұнды желі мен оның практикалық іске асырылуында белгілі бір айырмашылықтар мен ерекшеліктер тудыруы мүмкін. Мұны мектеп математика курсының түрлі оқулықтарынан көруге болады. Мәселен, «айнымалы» термині есептерді функционалдық тәсілмен шешуде, ал «белгісіз» термині мәтіндік есептерді алгебралық әдіспен шешу және қолданбалы теңдеулер желісін шешу барысында көп қолданылады.

Сонымен, құрамында әріппен белгіленген белгісіз саны бар теңдікті *теңдеу* деп атаймыз, ал оның *түбірі* деп әріптің теңдеуді тура санды теңдікке айналдыратын мәнін айтамыз. Олай болса, теңдеуде маңызды ұғымдар – әріп және теңдік.

Санды немесе әріптік өрнектер бір-бірімен « =» белгісі арқылы байланысқан болса, онда оларды санды немесе әріптік *теңдік* деп, ал айнымалылардың қабылдайтын мәндерінің кезкелгенінде тура болатын теңдікті *теңбе-теңдік* деп атайды.

Мысал үшін $21\cdot 5-7=92+6$ теңдігі санды теңбе-теңдік, ал $(2a+b)^2=4a^2+4ab+b^2$ теңдігі әріптік теңбе-теңдік.

А. Е Әбілқасымова және т. б. авторлармен жарық көрген жалпы білім беретін мектептің 7

сыныбына арналған Алгебра оқулығында келтірілген бірнеше анықтамаларды көрсетейік.

Теңдеуді шешу дегеніміз – теңдеудің барлық түбірлерін табу немесе түбірлері жоқ екенін көрсету. Кез-келген теңдеулер ұғымын анықтау және теңдеулерді шешу әрекеттері бірдей түсіндіріледі: теңдеулерді шешу үшін, оның барлық түбірлерін немесе шешімі жоқ екенін анықтау.

Теңдеулер мен теңдіктер ұғымының байланысы өте маңызды, себебі: теңдеулер *теңдік* деп аталады, егер кез-келген сан оның шешімі болған болса.

Теңдеулер жүйесін шешу дегеніміз – оның барлық шешімдерін табу немесе оның шешімдерінің болмайтынын дәлелдеу. *Теңсіздіктер жүйесін шешу дегеніміз* – ондағы теңсіздіктердің әрқайсысын тура санды теңсіздікке айналдыратын айнымалының мәндерінің жиынын табу немесе шешімдерінің болмайтындығын дәлелдеу.

Төменде квадраттық теңсіздіктер жүйесін шешу мысалын қарастырайық. Квадраттық теңсіздіктер жүйелерін шешкенде алдымен әрбір теңсіздікті жеке-жеке шешіп алып, одан кейін олардың ортақ шешімін яғни айқасқан жиынын табамыз. Бұл айқасқан жиын берілген теңсіздіктер жүйесінің шешімдер жиыны болады.

Мысал:

$$\begin{cases} 8x^2 - 2x - 3 > 0 & (1) \\ x^2 - x - 6 < 0 & (2) \end{cases}$$

Теңсіздіктер жүйесін шешейік.

Шешуі:

$(1) \to x \in \left(-\infty,; -\frac{1}{2}\right) \cup \left(\frac{3}{4};\ +\infty\right);\ (2) \to x \in (-2;3)$

Сондықтан берілген теңсіздіктер жүйесінің шешімдер жиыны төмендегідей болады:

$$x \in \left[\left(-\infty;\ -\frac{1}{2}\right) \cup \left(\frac{3}{4};+\infty\right)\right] \cap (-2;3) = \left(-2;\ -\frac{1}{2}\right) \cup \left(\frac{3}{4};3\right)$$

Бұл шешімді төмендегідей сызба 1 түрінде көрсетуге болады.



Сызба 1– Теңсіздіктер жүйесінің шешімі

Теңдеулер және теңсіздіктер желісін талдауда 5-9 сыныптардың мектеп математика курсында қалыптасқан теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешудің төменде көрсетілген негізгі жалпыланған әдістерін ерекшелеу маңызды болып табылады:

- сызықтық теңдеулер мен олардың жүйелерін шешудің жалпыланған әдісі;
- квадрат теңдеулерді шешудің жалпыланған әдісі;
- бір айнымалысы бар рационалды теңдеулерді шешудің жалпыланған әдісі;
- бір айнымалысы бар бөлшек-рационалды теңдеулерді шешудің жалпыланған әдісі;
- бір айнымалысы бар иррационал теңдеулерді шешудің жалпыланған әдісі;
- теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешудің функционалды-аналитикалық әдісі;
- теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесін шешудің функционалды-графикалық әдісі.

Бізге белгілі жайлар: теңдеуді шешудің негізгі тәсілдері (көбейткіштерге жіктеу; алмастыру, алгебралық қосу, Виет теоремасы, аналитикалық, графикалық); теңдеулер жүйесін шешудің негізгі әдістері (алмастыру, алгебралық қосу, Виет теоремасы, графиктік, жаңа айнымалы енгізу); теңсіздіктер мен олардың жүйелерін шешудің негізгі тәсілдері (аналитикалық, интервалдар, графиктік). Осы белгілі әдіс-тәсілдерді және оларды оқыту әдістемесін жетілдіруге мүмкіндік бар ма? Әрине бар. Ол үшін, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды зерделеу барысында анықталғандай, мектеп оқулықтарында қарастырылған теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері желісін *қолданбалы, теориялық-математикалық және ішкі математикалық байланыстарды ашу* бағыттарында дамыту жұмыстарын жүргізу талап етеді. Мәселен, А. А. Сафарян [15. 343] өз еңбегінде мектеп математика курсында теңдеулер желісін дамытудың үш негізгі бағытын ашып көрсетеді:

1. *Қолданбалы бағыт.* Ол негізінен мәтіндік есептерді шешудің алгебралық әдісін жүзеге асыру кезінде ашылады. Теңдеуді нақты процестің математикалық моделі ретінде қарастыруға болатындықтан, қазіргі уақытта математикалық модельдеу тек математика қосымшаларында ғана емес, сонымен бірге мектептегі математиканы зерттеуде де жетекші орын алады, мұнда математикалық модельдеу әдісі мәтіндік есептерді шешудің құралы ғана емес, сонымен бірге оқу мақсатына айналды. Сондықтан теңдеулер мен олардың жүйелерінің қолданбалы мәні олардың математикалық модельдеуде қолданылатын ма-

тематикалық құралдардың негізгі бөлігі екендігімен анықталады.

2. *Теориялық-математикалық бағыт*. Ол екі аспектіде ашылады: біріншіден, теңдеулер мен олардың жүйелерінің маңызды кластарын зерттеуде, және, екіншіден, желіге байланысты жалпы ұғымдар мен әдістерді зерттеуде. Осы екі аспект мектеп математика курсында жүзеге асырылуда. Теңдеулердің негізгі кластары қарапайым және сонымен бірге ең маңызды математикалық модельдермен байланысты. Жалпыланған ұғымдар мен әдістерді қолдану желіні тұтастай зерттеуді қисынды түрде қалыптастырады, өйткені олар теңдеулер мен олардың жүйелерінің жеке кластарына қатысты шешімдер мен әдістерде бар жалпы нәрсені сипаттайды. Өз кезегінде, бұл жалпы ұғымдар мен әдістер негізгі логикалық ұғымдарға сүйенеді: әріп (белгісіз немесе айнымалы), теңдік, тепе-теңдік, логикалық салдар.

3. *Ішкі математикалық байланыстарды ашу бағыты.* Мектептегі математика курсы мазмұнының ішкі математикалық байланыстары теңдеулер желісін жүзеге асыруда айқын көрінеді. Бұл желі сандық желімен тығыз байланысты. Осы желілердің өзара байланысын орнату процесінде жүзеге асырылатын негізгі идея – сандық жүйені тізбектеп кеңейту идеясы. Мектеп алгебрасында қарастырылған барлық сандық аймақтар, барлық нақты сандар аймағын қоспағанда, кез-келген теңдеулерді шешуге байланысты пайда болады.

Сонымен қатар теңдеулер мен теңсіздіктер желісі функционалдық желімен де тығыз байланысты. Бір жағынан теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері функцияларды аналитикалық зерттеуге көмектеседі, екінші жағынан, функционалды желі теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелерінің мазмұнына және оларды зерттеу стиліне маңызды әсер етеді. Атап айтқанда, функционалды көріністер теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешуге және зерттеуге графикалық көрнекілікті қолдануға негіз болады.

Қорыта келе, мектепте математика пәнін жаңа талапқа сай оқытуды жетілдіру мәселелері оның бірнеше өзекті идеялық желілерінің құрылымы мен оларды оқыту әдістемелерін жетілдірумен тығыз байланыста екенін көреміз. Сондай желілердің бірі – мазмұнды-әдістемелік маңызы бар «теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері» желісі, оның материалдары жалпы білім беретін мектеп математика курсы мазмұнының ауқымды бөлігін құрайды. Сондықтан да теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері желісін қолданбалық, теориялық-математикалық және ішкі математикалық байланыстарды ашу бағыттарында дамыту мәселесі оны оқытудың әдістемесін жетілдірумен тығыз байланысты болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Лунгу К. Н. Систематизация приемов учебной деятельности студентов при обучении математике. М. : КомКнига, 2007. 424 с.

2 Фридман Л. М. Теоретические основ методики обучения математике: учеб. пособие. М. : Едиториал УРСС, 2005. 248 с

3 Рахымбек Д., Кадирбаева Р., Алимкулова Б. Математиканы оқытудағы мазмұнды-әдістемелік желілер және оны жүзеге асыру // Білім берудегі менеджмент - 2018 -№3. -Б. 42-47

4 Абылкасымова А. Е., Жумагулова З. А. О некоторых аспектах содержания математического образования в школе и педвузе// Наука и Школа -2016 - №1. - С. 157

5 Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9 сыныптарда) «Математика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар. -Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. -120 б.

Дяченко С. И. Линия задач с параметрами в школьном курсе математики // Вестник Таганрогского института имени А. П. Чехова -2010 -№ 1. – С. 72 – 77

Алпысов А. Қ. Болашақ математика мамандарын дәрежелік функциялары бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуге тереңдете оқыту әдістемесі: Дис... п. ғк. . - Павлодар, 2006. – 145 б.

Горбачев В. И. Теория уравнений, неравенств. Систем уравнений на числовых множествах в методологии теоретического типа мышления // Ученые записки Орловского государственного университета -2017 - №3. – С. 217-227

6 Әбілқасымова А. Е., т. б. Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқулық. – Алматы, Мектеп, 2017. – 272 б.

7 Алдамұратова Т. А., т. б. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған оқулық. – Алматы, Атамұра, 2018. – 224 б.

8 Шыныбеков Ә. Н., т. б. Алгебра. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. -Алматы, Атамұра, 2018. – 1926.

9 Қ. Түсіпжан Теңсіздіктер (VIII-XI): Оқу әдістемелік құрал –Астана, 2013. - 1926.

10 Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы – 2017 жыл, 25 қазан.

11 Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Алгебра» пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы – 2017 жыл, 25 қазан.

12 Сафарян А. А. Линия уравнений в школьном курсе алгебры основной школы // Вестн. Таганрогский институт имени А. П. Чехова – 2016 - № 1. – С. 343 – 346.

ӘОЖ 37. 016:54:001. 895

САПАРБЕК Ж. Ж.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

ШАҒРАЕВА Б. Б.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ОНЛАЙН ОҚУ КОНТЕНТТЕРІН ӘЗІРЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Түйіндеме. Бұл мақалада тұжырымдамалық негіздер, міндеттер, принциптер, кезеңдер және педагогикалық дизайн модельдері қарастырылған. Пед. дизайн мақсаттардан, оқу материалдарынан және білім берудің қол жетімді құралдарынан тұратын тұтас жүйені құрайды.

Түйінді сөздер: педагогикалық дизайн, оқыту, тұжырымдамалық негіздер.

Резюме. В этой статье рассматривается концептуальные основы, задачи, принципы, этапы и модели педагогического дизайна. Пед. дизайн формирует целостную систему из целей, материала обучения и имеющихся инструментов передачи знаний.

Ключевые слова: педагогический дизайн, обучение, концептуальные основы.

Summary. This article discusses the conceptual foundations, objectives, principles, stages, and models of pedagogical design. Medizin forms a coherent system of objectives, learning materials and tools available knowledge transfer.

Keywords: pedagogical design, teaching, conceptual foundations.

Көптеген оқу материалдарынының жобалау процесінің параметрлері бағдарламалау, логистика, дизайн және қолданбалы психология сияқты пәндерге ұқсас. Бұл бірнеше кезеңдерге топтастырылған, оларды шешудің нақты міндеттері мен әдістері анықталған процедуралардың тізбегі. Көбінесе сабақтың педагогикалық дизайнын жасау кезінде бүкіл процесті 5 кезеңге бөлетін жақсы құрылған ADDIE (Analysis, Design, Development, Implementation, Evaluation) моделі қолданылады [1].

1. Анализ. Дамудың маңызды кезеңдері:

- ✓ негізгі элементтер ерекшеленеді;
- ✓ оқушылардың қажеттіліктері мен мұғалімнің міндеті зерттелінеді;
- ✓ оқытудың өлшенетін және түсінікті мақсаттары тұжырымдалынады,
- ✓ мақсатты аудитория және онымен жұмыс істеу формалары бағаланады,
- ✓ күтілетін нәтижелер тізімі жасалады.

Тиімділікті арттыру үшін бұл кезең бірнеше кезеңге бөлінеді, бұл негізгі нүктелерді біртіндеп анықтау арқылы тапсырмаларды нақты тұжырымдауға мүмкіндік береді. Мұқият ойластырылған мақсаттар оқу курсының құралдарын, оны толтыру дәрежесін анықтауға көмектеседі.

Мұнда оқу процесінің тиімділігін бағалау әдістерін нақты анықтауға болады. Нақты және түсінікті қойылған күтілетін нәтижелер жаттығулардың, бақылау сұрақтарының, қорытынды тапсырмалардың мазмұны мен нысанын және оларды беру нысанын нақты тұжырымдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, олар әртүрлі авторлардың материалдары мен әдістерін бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік береді, тек ең қолайлысын таңдайды. Бұл оқушының өзіне оқу процесінде көмектеседі, ұсынылған материалдың мәніне назар аударады және мақсатқа жетуге күш салады.

Талдау жүргізілгеннен кейін оқу мақсаттарын нақтылауға болады, бұл оқу материалдарын әзірлеуді бастауға мүмкіндік береді.

2. Жобалау. Жобаның ең кең және болжанбайтын кезеңі. Осы кезде талдау сатысының барлық тұжырымдарын ескеріп, материалдың жалпы жоспары мен құрылымын жасау, жаттығулар мен бағалау схемасын, визуалды серияларды, интерфейсті және жалпы дизайнды жасау, кейде әр түрлі болатын ондаған компоненттерді байланыстыру қажет. Шын мәнінде, бірінші кезеңде анықталған тапсырмаларға әр элементтің әсерін анықтайтын белгілі бір прототип, бүкіл жобаның сценарийі жасалады.

Ол сонымен қатар бірнеше қадамға бөлінуі керек, өйткені барлық мәселелерді жүйелі көзқарассыз шешуге тырысу көбінесе сәтсіздікке ұшырайды [2].

1. Оқу құралдарын таңдау. Мұнда бәрі де мақсатты аудиторияны талдаудан және зерттеуден, оқытудың күтілетін шарттары мен формаларынан, материалдардың мазмұнынан және демонстрацияның белгілі бір әдістерінің қолданылуынан басталады. Содан кейін дағдыларды анықтауға арналған оқу тапсырмаларын және құралдарды нақтылауға, сонымен қатар курстың барлық міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін қажетті білімді анықтауға кіріспе аласыз.

2. Болашақ оқу материалдарының сцена-

рийін немесе жоспар-схемасын жасау, үлгілік экрандардың сыртқы түрін ресімдеу және бекіту, әртүрлі фрагменттердің жұмыс макеттерін пысықтау және әрбір элементті сараптамалық бағалау. Бұл кезеңдегі ең бастысы - болашақ курсқа қойылатын техникалық талаптарды нақтылау.

3. Оқу материалдарының сынақ нұсқасын дайындау, иллюстрацияларды, анимациялық эффектілерді және интерактивті элементтерді, аудио немесе бейне тізбегін таңдау немесе құру. Бұл кезеңде жеке кемшіліктерді анықтауға, оларды тез түзетуге және жұмыс сценарийіне тез өзгерістер енгізуге болады.

4. Тапсырмаларға толық сәйкестік тұрғысынан материалдарды бағалау және жетілдіру. Мұнда үшінші тарап сараптамасы және модельдеудің барлық түрлері тиімді: тест тобын оқытумен педагогикалық эксперименттен бастап, дамыған өнімнің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға арналған ми шабуылына дейін.

5. Оқу материалдарын сүйемелдеу және дамыту. Бұл қадамда сіз жасау және тестілеу кезінде туындайтын ұсақ техникалық мәселелерді шешуге, сәтті модульдерді толықтыруға және кеңейтуге, логикалық байламдарды анықтауға, жаңа нұсқалардың шығуын дайындауға немесе қолда бар әзірлемелерді қолдана отырып жаңа оқу курстарын құруға назар аудара аласыз [3, 4].

3. Әзірлеу. Кез-келген жобаның негізгі "техникалық" кезеңі, барлық жасалған материалдар жалпы құрылымда өз орнын алады, жаңа элементтермен және логикалық байланыстармен толып, бір-бірімен жөнделіп, "тегістеледі". Мұнда сіз бүкіл жобаның мақсаттары мен аудиторияның сипаттамаларына сүйене отырып, материалды ұсыну әдістерін, ұсыну тонын, стилін, жеке элементтерді ұсыну формасын таңдауды өте мұқият реттей аласыз.

Бұл кезеңде жалпы мазмұн элементтері түпкілікті ендіріледі, ең тиімді жаттығулар таңдалады, кері байланыс нысандары жасалады және материалдың дамуын тексеру (тапсырмалар мен бақылау әдістері), жеке тақырыптар немесе сұрақтар арасындағы интерфейс пен байланыстар (ауысу ережелері) жетілдіріледі. Тексеруді немесе практикалық жұмысты қорытындылауға арналған құралдарды нақты анықтауға ерекше назар аудару керек, бұл бүкіл курстың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Даму кезеңі - бұл өте ауыр, бірақ шығармашылық жұмыс, оны жасаушылардан қатаң бастапқы қондырғыларды орындау кезінде икемділікті талап етеді.

4. Жүзеге асыру. Бұл кезеңде оқу курсы оқытуды басқарудың тиісті жүйесіне (Learning Management System, LMS) немесе оқушылар материалдарға қол жеткізе алатын ресурсқа жүктеледі. Бұл кезеңнің маңыздылығы аз болып көрінгеніне қарамастан, бұл оқу материалдарының практикада қолданылуын бағалауға мүмкіндік береді. Дәл осы жерде сабақтың немесе курстың таңдалған аудиторияға жарамдылығын тексеруге, оның орындалуы мен тиімділігі туралы алғашқы мәліметтерді алуға, студенттер қауымдастығымен байланыс орнатуға болады, бұл нұсқаулықтарды, ілеспе құжаттарды және т. б. дайындауға қосымша материал береді.

5. Бағалау. Оқу курсын орындау туралы алғашқы ақпаратты жинақтағаннан кейін оның тиімділігін бағалау керек. Талдау сатысында қойылған міндеттерді іс жүзінде алынған нәтижелермен байланыстыру қажет. Оқу материалдарының өзі, оқу мақсаттарына қол жеткізу, белгілі бір типтегі тапсырмалардың орындалуы және олардың жалпы тапсырмаға сәйкестігі бағаланады. Осының негізінде курс тұтастай немесе жеке сабақтар аяқталады, оқу жұмысының нәтижелері бағаланады және оқу материалдарын түзету жолдары белгіленеді. Бұл кезең жеке блоктарға қойылатын талаптарды қайта қараумен және бүкіл курстың жаңартылған нұсқасымен аяқталуы керек [5, 6].

Мысал келтірейік, оқытуда жеке тұлғаны белсендірудің маңызды құралы оқытудың белсенді әдістері. Осындай әдістердің арасында проблемалық оқытуды атап өтуге болады. Проблемалық оқытудың сәттілігі мұғалім мен оқушылардың бірлескен күшімен қамтамасыз етіледі. Мұғалімнің негізгі міндеті - ақпаратты жеткізу емес, студенттерді ғылыми білімді дамытудың объективті қайшылықтарымен және оларды шешу тәсілдерімен таныстыру. Мұғаліммен бірлесе отырып, студенттер өздері үшін жаңа білімді "ашады", жеке ғылымның теориялық ерекшеліктерін түсінеді.

Оқушылардың ойлау қабілетін "қосудың" негізгі дидактикалық әдісі проблемалық оқыту дегеніміз - танымдық тапсырма түрінде проблемалық жағдай жасау, оның негізінде кейбір қарама-қайшылықты туындатады және осы қарама-қайшылықты жоққа шығаратын мәселемен аяқталады.

Тиісті әдістемелік тәсілдер көмегімен (қойылым гипотезаларды ұсыну, оларды растау немесе теріске шығару, жағдайды талдау және т. б.) мұғалім оқушыларды бірлесе ойлауға, белгісіз білімді іздеуге үйретеді. Оқытудағы маңызды рөл диалогтық типтегі қарым-қатынасқа жатады. Оқытудың диалогтық дәрежесі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол проблемаға жақын болады. Осылайша, проблемалық оқыту кезінде келесі екі маңызды элемент негізгі болып табылады: 1. Негізгі мазмұнын көрсететін танымдық тапсырмалар жүйесі тақырыбы; 2. Мұғалім енгізген материал болып табылатын диалогтық типтегі байланыс. Мұндай сабақ барысында оқушылар тек пән саласының мазмұнын меңгермейді, сонымен қатар оқу іс-әрекетінің компоненттерін де меңгереді. Озық педагогикалық тәжірибе, оқытудың белсенді әдістерін қолдану, оқушыға оқу іс-әрекеті процесінде жеке позициясын то-

лық жүзеге асыруға мүмкіндік беретініне сенді-реді және қазіргі заманғы білім беруді модер-низациялау мәселесінің ең сындарлы шешімі болып табылады.

1. Әдістемелік әзірлеменің мақсаттары мен міндеттері

1. Оқытудың белсенді әдістерін, атап айтқанда сабақта қолданылатын проблемалық оқыту әді-сін сипаттау.

2. Әдістемелік әзірлемені пайдалану тиімділі-гінің шарттарын сипаттау.

3. 8-сыныпта химия сабағының «химиялық формулалар», «Қарапайым және күрделі заттар», «Салыстырмалы молекулалық масса" тақырып-тары бойынша технологиялық картасын ұсыну.

2. Осы әдістемелік әзірлемені пайдалану тиімділігінің шарттары: сабақтың басында оқу-шы үшін сәттілік жағдайын жасау керек;

✓нақты проблемалық жағдайды құру үшін тиіс-ті нақты мәселені тұжырымдау қажет (сұрақтар);

✓оқушылар арасында белсенді білім алмасу болуы керек;

✓идеялар, қызмет тәсілдері;

✓топтық жұмыс технологиясын қолданған жөн;

Яғни, білім алушының қажетін қанағаттандыратын ішкі уәжі, ниеті, ұмтылысы, бағыттылығы және іс-әрекетке, мақсатқа итермелейтін түрткі деп айтуымызға болады. Сол мотивті «ояту», білім алушыға мотивация беру білікті маманның міндетінде. Мұғалім жан-жақты бола отырып, білім алушыны пәнге қызықтыруы, ұмтылдыруы оның білім деңгейінің артуына, дамуына себепші болады. Психолог К. К. Платоновтың көзқарасы бойынша жеке тұлғаның қалыптасуына когнитивтік, мотивациялық және мінез-құлықтық саласы ықпал етеді.

Әрекетті мотивациялау мәселелері бойынша зерттелген еңбектер белгілі. «Іс-әрекет жеке тұлғаны басты қалыптастыру факторы ретінде» ұғымын жан-жақты талдау педагогикалық үрдіс субъектілерін мұғалімдерді, оқушыларды мотивация сипаты бойынша А. Н. Леоньтев және басқалары, С. Л. Рубинштейн және басқаларының жұмыстары әрекеттің жеке-тұлғалық сипаттамалары бойынша саралауға мүмкіндік берді Д. Н. Богоявленскийдің, З. И. Калмыкованың, В. А. Крутецкийдің, Н. А. Менчинскаяның және басқаларының еңбектерінің маңызы зор, олар оқушылардың оқу материалын қабылдау мүмкіндіктеріндегі үзілістерді нұсқайды.

Бастауыш оқу үдерісінде ақпараттық технологияның сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылуы оқушылардың оқу-танымдық, зерттеушілік іс-әрекетінің белсенді болуына және оқушылардың жаңа білім алуда өзіндік ойлар түюде бастамашыл болуына, оқу-танымдық үдерісте зерттеушілік іс-әрекет мотивациясының өсіп қарқындауына, оқушының өз бетінше жаңа ақпараттық технологияны қолдану дағдысының қалыптасуына ықпал етеді, сенімді тірек бола алады.

Сан қырлы қызмет атқаратын электрондық оқулықтың жұмыс тәртібін бақылаумен де, бақылаусыз да ұйымдастыруға болатындығын қашықтықтан оқыту кезінен мысал келтіруімізге болады. Бұл ретте тек мұғалімнің жетекшілігімен ғана жүргізілмейтіндігін, яғни мұғалім басты тұлға еместігін байқауымызға болады. Қашықтықтан оқыту барысында білім алушылардың оқу үлгерімінің төмен түсіп кетпеуі, олардың жүйелі дамып отыруы үшін үй жағдайында да электрондық оқулықпен жұмыс істеуге мүмкіндіктері болады. Сонымен қатар, электрондық оқулық бала үшін мұғалім, қолайлы жұмыс орны және бос уақытын тиімді ұйымдастыру құралы болып, білім беру мазмұнын сапалы өзгертуге, шексіз байытуға мүмкіндік беріп отырады.

Бақылаумен не бақылаусыз жүргізілген электрондық оқу түрі баланың білім алуына шектеу болмайды, тиісінше балаларға тәрбие құралы да бола алады. Себебі, электрондық оқулық CD дискілерде жазылғандықтан балалар интернетке кіріп жас ерекшелігіне сай емес дүниелерді көруден аулақ болады.

Қорыта келе, электрондық оқулықтарды қолдану арқылы бастауыш сынып білім алушыларының мотивациясын күшейтіп, олардың білімге деген құштарлығын оята отырып, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруымызға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (Редакция 01. 01. 2016 жылы берілген өзгертулер мен толықтырулармен) ИС. – 22. 04. 2016.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

3. А. Қ. Дүйсенбаев Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. Алматы, 2015 277б.

4. Нургалиева Г. К. //Ценностное ориентирование личности в условиях информатизаций образования. А., -2004. – 311с.

УДК 811. 161. 1

ТЕМИРБЕКОВА Г. А.,
к. п. н., старший преподаватель,
ЮКГПУ,
Шымкент, Казахстан

СТЫЧЕВА О. А.
к. п. н., доцент,
ЮКГПУ,
Шымкент, Казахстан

ТРАНСФОРМАЦИЯ ТАКСОНОМИИ Б. БЛУМА В ПРАКТИКУ ВУЗОВСКОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация. Мақалада американдық профессор Б. Блум әзірлеген және таксономияда ұсынылған оқу мақсаттары иерархиясының дидактикалық маңыздылығы сипатталды - оқыту деңгейін қалыптастыруға тәсілдерді анықтайтын құрал. Қазіргі білім беру алаңында Б. Блум таксономиясын оның дидактілермен жаңартылған нұсқасында қолдану материалды игеру траекториясына нақты жоспарланған бақылауларды ұйымдастыруға және оқытушылардың жетістіктерін объективті бағалауға ықпал етеді. Мақаланың жетекші идеясы - Б. Блумның таксономиясы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында кеңінен қолданылады. Оны пайдаланудың тиімділігін авторлар студенттердің "Тіл және әдебиет" білім беру саласының жеке әдістемелерін меңгеру мысалында көрсетті. Мақалада күтілетін нәтижелерді сипаттау үшін пайдаланылатын нысаналы етістіктер білім беру бағдарламаларында, элективті курстар каталогтарында, силлабустарда баяндалған талаптарды талдау негізінде іріктелген.

Негізгі сөздер: таксономия, оқу мақсаттары, білім беру технологиялары, жеке әдістемелер, оқыту нәтижелері, ойлау операциялары, жетістіктерді бағалау.

Аннотация. В статье охарактеризована дидактическая значимость иерархии учебных целей, разработанных американским профессором Б. Блумом и представленных в таксономии – своего рода инструменте, определяющем подходы к формированию уровней обученности. На современном образовательном поле применение таксономии Б. Блума в ее обновленном дидактами варианте способствует организации четко спланированных наблюдений за траекторией освоения материала и объективному оцениванию достижений обучаемых. Ведущая идея статьи – таксономия Б. Блума находит широкое применение в профессиональной подготовке будущих учителей. Эффективность ее использования показана авторами на примере освоения студентами частных методик образовательной области «Язык и литература». Целевые глаголы, используемые в статье для характеристики ожидаемых результатов, отобраны на основе анализа требований, изложенных в образовательных программах, каталогах элективных курсов, силлабусах.

Ключевые слова: таксономия, учебные цели, образовательные технологии, частные методики, результаты обучения, мыслительные операции, оценивание достижений.

Summary. The article describes the didactic significance of the hierarchy of educational goals developed by the American professor B. Blum and presented in taxonomy - a kind of tool that determines approaches to the formation of training levels. On the modern educational field, the use of B. Blum's taxonomy in its version updated by didacts contributes to the organization of clearly planned observations of the trajectory of material development and an objective assessment of the achievements of students. The leading idea of the article - B. Blum's taxonomy is widely used in the training of future teachers. The effectiveness of its use is shown by the authors on the example of students mastering private methods of the educational field "Language and Literature. " Target verbs used in the article to characterize the expected results are selected based on an analysis of the requirements set forth in educational programs, catalogs of elective courses, syllabuses.

Keywords: taxonomy, educational goals, educational technologies, private methods, training results, thought operations, assessment of achievements.

Уровневые характеристики ожидаемых результатов, сформулированные в рабочих программах (силлабусах) базовых и профильных дисциплин в полном соответствии с задачами подготовки педагогических кадров, определяются на современном этапе с учетом задач личностно-ориентированных технологий. В свою очередь, личностно-ориентированные подходы в дидактике обеспечиваются учебными целями, систематизированными в 50-ые годы прошлого столетия профессором педагогики Бенджамином Блумом. Представленные в определенной последовательности, эти цели являются составляющими *таксономии* (гр. taxis расположение

по порядку + *nomos* закон) – так называется теория классификации и систематизации сложноорганизованных областей действительности, имеющих обычно иерархическое строение [1, с. 495].

Этапы познавательной деятельности обучающихся (восприятие, осознание, запоминание, применение) обеспечены целевыми установками, а учебные задачи – целевыми глаголами. В формате дидактических технологий обращают на себя внимание параметры, обозначенные в таксономии Б. Блума: обучающие цели разделены на три области: когнитивную, психомоторную, аффективную. Когнитивная область, в свою очередь, включает в себя шесть категорий учебных целей с внутренним дробным делением. Применительно к освоению программных дисциплин каждая из категорий существенна и важна, поскольку определяет взаимосвязь конкретных результатов обучения с мыслительными операциями, необходимыми для их достижения [2].

Таксономия Б. Блума вполне приемлема как для школьного, так и для вузовского контингентов обучаемых, поскольку дает точные представления об иерархии учебных целей (знание, понимание, применение) и обеспечивает каждый этап познания установками на дидактически грамотную организацию познавательной деятельности (анализ, синтез, оценка). Призванная оказать существенное влияние на освоение программных дисциплин, таксономия Б. Блума привлекательна для педагогов-практиков своей универсальностью, возможностью актуализации ее компонентов с учетов требований современного образовательного поля. Сегодня в вузовской дидактике идет активный процесс изучения, обновления и адаптации ее основных положений с учетом содержательного обеспечения каждого цикла образовательной программы. Отбирая и систематизируя материал для данной статьи, авторы стремились создать парадигму (гр. *paradeigma* – пример, образец) ее использования в условиях вуза – на занятиях по частным методикам, обеспечивающим эвристику образовательной области «Язык и литература» [3].

Необходимо указать на тот факт, что принцип рациональности, положенный в основу вузовской подготовки учителей, ориентирует составителей рабочих программ начинать учебно-методическое обеспечение дисциплин с постановки целей. Четко сформулированные цели позволят определить задачи, наметить этапы продвижения обучаемых к результатам освоения курса; обеспечат при необходимости своевременную коррекцию; послужат основой для создания дескрипторов и грамотной организации критериального оценивания.

В общеизвестной пирамиде, отражающей основные понятия таксономии Б. Блума, определены не только учебные цели, но и необходимые мыслительные операции для их достижения. Каждый новый уровень пирамиды, согласно таксономии Блума, базируется на предыдущем. Основа – восприятие информации, ее осознание. А главная цель («вершина») –независимое оценивание результатов – как преподавателем, так и самим обучаемым.



Покажем, как в новых условиях освоения дисциплины «Методика преподавания литературы» отражается иерархия учебных целей, обозначенная в таксономии Б. Блума:

1. Овладение знаниями о современных методах и приемах преподавания литературы для организации обучения, предполагающего использование гносеологических, развивающих и воспитательных возможностей литературы как учебного предмета.

2. Определение связей теоретических знаний с практикой; применение студентами знаний, умений и навыков, полученных при усвоении литературоведческих дисциплин, в освоении

методики их представления.

3. Участие в выработке творческого подхода к организации различных форм деятельности учащихся в условиях субъект-субъектной познавательной деятельности.

4. Анализ современного состояния организации уроков литературы, передового опыта учителей-словесников.

5. Формирование активной жизненной позиции, уважения к своей будущей профессии, осознанной любви к детям, умения общаться с ними.

6. Самооценка уровня подготовленности студента к профессиональной деятельности в условиях современной школы.

Грамотно использованные целевые глаголы помогают преподавателю преодолеть однообразие, перенести акцент с коллектива группы на личность каждого студента, учитывать его индивидуальные возможности и интересы, создавать условия для развития познавательной активности и самостоятельности. Докажем данный тезис, используя характеристики учебных целей, снабженные конкретными примерами.

Знание представляет собой освоение студентами сведений по теоретическим вопросам частной дидактики, фактов, критериев, определений методических понятий и терминов. Организуется процесс демонстрации глубины и объема изученного материала путем обращения к характеристике общедидактических принципов, педагогических технологий, требований к организации на уроке различных форм деятельности учащихся, норм и критериев их оценивания. При формулировке заданий преподаватель обращается к целевым глаголам: *обозначить, выбрать, перечислить, представить, объяснить, описать, резюмировать* и др.

Понимание предполагает преобразование материала из одной формы в другую: здесь студент стоит перед необходимостью интерпретировать, экстраполировать конкретную теоретическую информацию. Осознание целей и задач урока, специфика его дидактических этапов и структурных элементов, особенности употребления текстов научного стиля – вот примеры учебных задач, выполняемых студентами на занятиях и в ходе самостоятельной работы на уровне понимания. Студент планирует способы преобразования материала, используя для этого опорные таблицы и схемы, графики и диаграммы, он готов предположить последствия преобразований, вытекающих из усвоенных методических характеристик. При разработке дескрипторов к этой мыслительной операции уместны будут глаголы: *классифицировать, создавать, моделировать, экспериментировать, составлять, отбирать, планировать, использовать* и др.

Категория *применение* создает условия для того, чтобы студент продемонстрировал готовность к использованию освоенных знаний. Более высокий уровень владения материалом для его воспроизведения в условиях деловой игры (в аудитории) и в новых ситуациях (на практике, в классе) призван показать его готовность обращаться к дидактическим законам и методической теории в обстановке профессиональной деятельности. Здесь целевые направления предстоящей работы создаются глаголами: *разделять, сопоставлять, проверять, упрощать, группировать, сравнивать, различать, использовать, мотивировать* и др.

Перед нами уровни учебных целей, отражающие намеченные результаты познавательной деятельности. Нетрудно убедиться, что они соответствуют психологическим установкам учебной работы студента, осваивающего методический курс (воспринимать, осознавать, запоминать) с ориентиром на применение. Отсюда и созвучие формулировок, подкрепленных глаголами, выводящими на грамотную организацию рефлексии и различных видов оценивания. Далее идет процесс освоения мыслительных операций, необходимых для достижения учебных целей (анализ, синтез, оценка).

Анализ предполагает наличие у студента умений выявлять основания и причины деления информации на части. Такая дифференциация информации способствует созданию характеристик, определяющих логику ее структуры и взаимосвязь частей. Предполагается вычленение частей целого, осознание принципов его организации; разбивка материала на составляющие. Для формулировки выводов необходим поиск доказательств, в связи с чем вполне закономерно обращение к целевым глаголам. Ниже покажем примеры заданий на занятиях по методическим дисциплинам, определяющие формы реализации познавательных задач. Отметим, что в отборе примеров были использованы два основания: 1) содержательное обеспечение (дидактический материал по русскому языку, сведения по истории и теории литературы); 2) аспекты учебно-методического наполнения всех форм учебной работы студентов. Такая двуплановость примеров – яркое доказательство специфичности частных методик, осуществляющих поиск ответов на вопросы: *чему учить* и *как учить*:

- анализировать (это может быть характеристика лексико-грамматических единиц, входящих в текст-образец, рассмотрение структурных особенностей текстов – повествований, описаний, рассуждений; характеристика творческих работ учащихся, выполненных самостоятельно, с последующей оценкой);

- отбирать (например, лексику для словарно-орфографической работы, формы глагола для использования в тексте с учетом его функционально-стилистической принадлежности, предложения определенного типа и определенной

структуры для включения в разноуровневые задания);

- определять (теоретическую и практическую значимость организуемой на уроке работы; степень сложности предстоящей учебной деятельности, подходы к делению класса на подгруппы, объем и характер домашнего задания);

- подводить итоги (выполненной учениками работы, результатов суммативного и формативного оценивания).

Синтез обозначает умение комбинировать элементы так, чтобы получить целое, обладающее новизной (разработка планов и возможной системы действий, выявление связи между дидактическими этапами урока, взаимообусловленность приемов, используемых в составе конкретного метода). Приведем примеры формулировок заданий с целевыми глаголами:

- разрабатывать краткосрочные (и др.) планы;

- составлять обобщающие характеристики;

- объединять разрозненные факты и делать выводы (это может быть, например, характеристика литературного образа);

- создавать систему критериев для оценивания качества работы учащихся;

- распознавать характер допущенных на уроке методических недочетов;

- определять приоритеты в организации внеклассной работы по предмету.

Оценка заключается в выработке объективных суждений на материале имеющихся данных. Суждения студента основываются при этом на чётких критериях: внутренних (структурных, логических) или внешних (соответствие намеченной цели). Критерии могут определяться самим студентом или предлагаться преподавателем. Данная категория предполагает достижение учебных результатов всех предшествующих познавательных действий. Обратимся к примерам:

-применять дескрипторы для объективной характеристики качества профессиональных подходов к обучению;

- формулировать критерии для выявления уровня подготовленности к самостоятельной работе;

-обрабатывать результаты собственной познавательной деятельности;

- оценивать качество своей работы в процессе рефлексии;

- предлагать конкретные пути усовершенствования классно-урочной системы для эффективного освоения предметов гуманитарного цикла;

- тестировать.

В аффективной области составляющими будут следующие категории: восприятие (проявление восприимчивости к информации); реагирование (активность в выполнении заданий, участие в рассмотрении и обсуждении вопросов). Проводится также работа над знаковыми ориентациями, выводящими на понятие «оценивание» и связанными с наличием у студентов собственной точки зрения, умением ее отстаивать, проявляя убежденность, обращаясь к технологии критического мышления.

В основу освоения дисциплин по частной методике положены общедидактические принципы научности, доступности, связи изучаемого с жизнью, связи теории с практикой, последовательности и перспективности, учета возрастных особенностей обучаемых. Не менее важным является неукоснительное следование принципам логичности и рациональности, что, безусловно, и определяет отбор материала при выборе педагогических технологий. Аргументированным представляется вывод: таксономия Б. Блума – это педагогическая модель освоения теоретической информации из разных научных областей и формирования практических навыков ее использования. Она характеризуется как своевременная и актуальная, поскольку в ее основе – современный взгляд на обучение, представляющее собой не просто механическое запоминание каких-либо фактов, а целенаправленный познавательный процесс. И одним из главных условий его эффективности является высокий уровень самостоятельности обучаемого, наличие у него прочно сформированных навыков организации всех форм учебной работы и объективного ее оценивания.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Словарь иностранных слов. – 18 изд. /Под ред. Л. Н. Комаровой. – М: «Русский язык», 1998. – С. 495.

2. Блум Б. Таксономия образовательных целей: сфера познания. – Нью-Йорк, 1956.

3. Типовые программы по дисциплинам «Методика преподавания русского языка», «Методика преподавания литературы». – Астана, 2016.

4. Темирбекова Г. А. Инновационные методы преподавания русского языка: Учебное пособие для студентов филологических специальностей. – Шымкент, 2012. – 96 с.

5. www. azbyka. kz

ӘОЖ 37. 013:001. 895 (075. 8)

ТІЛЕУОВА С. С.,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Педагогика-гуманитарлық факультеті,
«Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасы,
доценті, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы»,
Ы. Алтынсарин төсбелгісінің иегері,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

БАЛАЖАНОВА Ж. Б.
аға оқытушы,
Педагогика-гуманитарлық факультеті,
«Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҒЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйіндеме. Бұл мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби және құндылық бағдарларын қалыптастырудың маңыздылығының теориялық аспектілері қарастырылады.

Кілт сөздер: педагогикалық іс –әрекет, сандық білім қорлары, ақпараттық қоғам, құндылықтар жүйесі.

Резюме. В данной статье рассматриваются теоритеческие аспекты важности формирования профессионально-ценностных ориентаций у будущих учителей.

Ключевые слова: педагогическая деятельность, цифровые фонды знаний, информационное общество, система ценностей.

Summary. This article is considered formation of theoretical aspects of valuable orientation at future teachers.

Keywords: pedagogical activity, digital knowledge resources, information society, value system.

Кіріспе

Еліміздегі білім беру реформасы әр адамның табысты жұмыс істеуіне, өмір бойы оқып-үйренуіне қажетті тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған әлемдік тәжірибеге негізделеді. Сондықтан білім беру жүйесінде кәсіби сауатты маман ұстаздарды даярлауда оларды функционалдық жағынан сауатты болып қана қоймай, кез-келген өмірлік мәселені шешуге, қойылған мақсатқа жетуге қажетті құралдар, әдістер мен жолдар таңдауда рухани және адамгершілік қуатын көрсетуге қабілетті, өзінің қоғам алдындағы парызын саналы түрде атқаруға дайын болуы тиіс.

Баршаға аян, білімнің, ғылыми дүниетанымның бастауы бастауышта болғандықтан бастауыш мектеп мұғалімдерін қазіргі сандық білім беру қорларының оқу-тәрбие процесінде белсенді іске асырылып, әрі маңызды орын алып отырған шақта артылатын міндет ауыр да, маңызды әрі жауапты. Өйткені, білім беру жүйесіндегі басты мәселелердің бірі – озық педагогикалық инновациялар мен технологияларды, соның ішінде сандық білім қорланын тиімді қолдану.

Негізгі бөлім

Жалпы педагогикалық іс-әрекеттің, қызметтің құндылығы - мектеп, арнаулы орта білім беру мекемелері, жоғары мектептердегі оқу- тәрбие процесін оңтайландыруға ықпал ететін идеялар, ғылыми тұжырымдар, алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелер арқылы айқындалады десек артық айтылмаған болар еді. .

Жалпы құндылықтар теориясы бойынша, құндылықтар жүйесі – индивидтің өмір сүріп отырған қоғамдағы идеология мен мәдениетті бейнелейді. Құндылықтар адамның әртүрлі материалдық, моральдік, саяси және рухани құндылықтарға деген қатынасының ішкі негізін көрсетеді.

Құндылықтың маңыздылығы оның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орнына байланысты.

Құндылық" терминіне философияда, әлеуметтану, этика мен психологияда көптеген әртүрлі анықтамалар беріледі. Құндылық – іс-әрекеттің әдісі мен құралдарын анықтайтын идеяның, көзқарастың және оларға сәйкес әлеуметтік психологиялық құрылымдардың жиынтығы

Қоғамдық құндылықтар біріккен, мағыналы іс-әрекет үрдісінде қалыптасады және топ мүшелерінің әртүрлі әлеуметтік объектілер мен құбылыстарға деген қатынасын анықтайды.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі басты мәселелердің бірі – мектептегі білім беруде озық педа-

гогикалық инновациялар мен технологияларды, атап айтқанда сандық білім беру контенттерін білім сапасын арттыру мақсатында тиімді қолдану. Осыған орай сандық білім беру контенттерінің көптеген түрлері білім, тірбие мекемелерінің тәжірибесіне енгізілуде.

Оқыту мен білім берудің тиімділігін арттыру мәселесі бүкіл әлемді толғандырып отыр. Ғаламдану өркениеті мен ақпараттық қоғамда қазіргі заманғы әлемде бәсекелестік жағдайына тез бейімделу қабілеті тұрақты дамудың ең маңызды факторы болып табылады.

Ақпараттық кеңістікте адамның іс-әрекетін реттейтін және жеке тұлғалық құндылықтар мен жалпы жеке тұлғаның құндылықтар жүйесін атауға болады.

Адамның ақпараттық қоғамдағы іс-әрекетінің сипатына орай құндылықтардың келесі әлеуметтік маңызды топтарын қарастыруға болады:

1. Ақпараттық кеңістікте ақпараттардың қайнар көздерін таңдауға әсер етуші құндылықтар. БАҚ пен Интернет желісі арқылы әр күні әр адамға келіп жатқан ақпараттар ағыны. Бұл ақпараттар қажетті-қажетсіз, ескірген - өзекті, зиянды- пайдалы, анықталмаған-дәлелсіз болуы мүмкін. Балаларды қажетті, пайдалы, дәлелді, өзекті, адам мен компьютерге тигізетін зиянын анықтау, ақпараттарға бағыттау бұл ақпараттық мәдениеттің қажетті құраушысы болып табылады.

2. Компьютердің маңыздылығын анықтайтын құндылықтар. Компьютердің оқу, білім алуға тигізетін пайдасын, оның танымның, білімнің құралы, білімге ұмтылу мен электронды тасымалдағыштарда- кітапхана, мұражай, энциклопедия, білім беруші бағдарламалар тсс. **Компьютердің маңыздылығын дұрыс ұғындыру**.

3. Қарым-қатынас құндылықтары. Бүгінгі таңда балалар (оқушы, жасөспірім, жастар) өз құрбы-достарымен, көбінесе, әртүрлі чаттар, форум, электрондық пошта, т. с. с. виртуалды түрде қарым -қатынас жасайды. Көптеген жағдайларда өздерінің іс-әрекетінің байыбына бармай, копмьютерлік заңсыздықтарға барады. Ақпараттық қоғамда адамның тәртібін реттейтін жалғыз механизм ол –оның құндылықтар жүйесі. Балаларға Интернет желісінің мәнін, оның жеке әлем емес, тек қарым-қатынас жаудың ыңғайлы құралы екендігін, сондықтан әдептілікті ақтау, қарым-қатынас жасау мәдениетін сақтаудың қажеттілігін айтып, ұғындыру қажет. «Компьютерді басқа адамға зияны тимейтіндей етіп қолдануы тиіс» деген ұстанымды естен шығармауды ұғындыру қажет.

4. Жеке тұлғаның ақпараттық қоғамдағы құқықтарын анықтайтын құндылықтар. Интернет желісінде авторлық құқық пен жекеменшіктілік бар. Біреудің шығармашылық жұмысын (сурет, реферат, курс жұмысы т. б.) көшіріп алып, өзімдікі деуге болмайтындығын саналы түрде ұғындыру қажет.

5. Эстетикалық құндылықтар. Әсемдік, әдемілік. Ақпаратты таратудың әдемілігі оқушының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы тәрбие жұмысының мазмұнына кіруі керек.

6. Салауатты өмір құндылықтары. Компьютермен жұмыс жасауды, қолдануда денсаулыққа зияны тимейтіндей, санитарлық нормаға сай, компьютермен жұмыс жасаудың ережесі мен талаптарды орындау - құндылықтар, олар оқушының ақпараттық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы тәрбие мазмұнының құрамдас бөлігі. Бастауыш сыныптарда компьютермен жұмыс жасаудың гигиеналық нормаларын үйрету, компьютерді пайдалана отырып, оқуға, өзбетінше шығармашылықпен жұмыс жасау құндылықтарын қалыптастыру.

Жаңа әдістерді пайдалану – бүгінгі күннің талабы. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактивті әдістер, жаңа технологиялар білім сапасын арттырудағы негізгі құрал. Заман талабына сай әрбір ұстаз сабақтарында оқушылардың біліктілігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін кеңінен пайдалануы үшін мұғалім жоғару оқу орнында алған теориялық және практикалық білім негіздері мен дағдыларын шыңдап, білімін жетілдіріп отыруы керек.

Ұстаз үшін ең басты, жоғары құндылық - кәсіби шеберлік, оған жетудің жолы, әдіс-тәсілі, құралы. Педагогикалық іс-әрекеттің құндылықтары объективті, олар мұғалімнің нақты ісінде белгілі бір нысана болып табылады.

Ұстаздың кәсіби шеберлігі студенттің білімін бақылауға ғана емес, білімді игеру кезіндегі туындайтын мәселердің оң шешілуіне ықпал жасап, қол созу. Бұл қадам ұстаздан үлкен жауапкершілік пен жоғарғы деңгейдегі шеберлікті талап етеді.

Педагогикалық – психологиялық зерттеулер жеке тұлға құрылымының алдыңғы негізгі компоненті сол жеке адамның бағыт-бағдарын, мінез – құлқын анықтайтын мотивтер (себеп-салдар) жүйесі екендігін дәлелдейді. Бірақ, құндылықтың белсенділікті арттыруы үшін ол туралы нақты түсініктердің болуы жеткіліксіз. Егер мұғалім өз жұмысының нақты мақсатын анықтай алса, сол мақсатқа жету жолында оны, іске асыру үшін тиімді әдіс-тәсіл, құралдарды тауып, қолдана білсе, дер кезінде бақылап, бағалап, өз ісіне өзі талдау жасап алса, онда құндылық мотивтердің қозғаушы күші бола алады.

Е. С. Кузьмин құндылықтар жеке тұлғамен өте тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Құндылық субъект ретінде-нысана, жеке адамның қарым-қатынасы, ал объект ретінде – ол оның бағытын білдіреді.

Құндылықтарды іріктеу, өз қалауы бойынша таңдап алу жекеленген тұлғалар мен қоғамның басшылыққа алатын мақсаттары негізінде жүргізіледі. Бұдан барып, мақсат пен мүдде бір-

лесе келіп, құндылықтардың қатынас негізін құрайды (М. Юрасова).

Құндылық тек оң белгіні көрсететін, білдіретін болғандықтан, объектіге ерекше құндылық қатынаста болды. Белгілі бір құндылық жеке адам үшін қажеттіліктің объектісі болуы үшін, мысалы, оқыту процесін ұйымдас-тырғанда жеке тұлғаға қажетті, оны ынталандырып, қызықтыратындай факторларды қарастырып, ендіру қажет.

Мұғалімнің кәсіби біліктілікті қалыптастыру мақсатында жасаған іс-әрекеті, оның жаңа, күрделі, өзіне қажетті құндылықтарды игеруімен сипатталады.

Жалпы кәсіби шеберлікке, немесе жалпы кәсіпке құндылық ретінде қарау - ол объективті және субъективті факторлардың бірлігі.

Құндылықтарға деген қарым-қатынас - субъектінің өзінің педагогикалық кәсіби іс-әрекетіне деген ең жоғарғы деңгейдегі қарым-қатынасы. Бұл процесті мотивацияның, мінез-құлықтың, көңіл-күйдің құрылымдық элементтерінен (компоненттерінен) тұратын модель ретінде қарастыруға болады. Іс-әрекет компоненті педагогикалық іс-әрекеттің құрылымдық бөліктерін белгілі мақсатта игеру барысында айқындалады.

Жиырма бірінші ғасырдың басталуы жаппай ақпараттық қоғамға көшумен сипатталады. Оған компьютерлік техника, ақпараттық технология және басқа да ғылыми-техникалық прогресс әсерін тигізуде. Қоғамды ақпараттандыру – еліміздің экономикасының, мәдениетінің, ғылымының дамуының негізгі алғышарты.

Ақпараттандырудың негізгі міндеттерінің бірі – мектепте компьютерлерді оқыту құралы ретінде қолдану болып табылады. Бұған қоса аталмыш технология түрлерін тәрбие ісінде қолданудың маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде

Инновацияларды енгізу көп күш-жігерді, білімді және қайсарлықты қажет етеді. Жаңа технологияларды тәрбие процесінде мақсатты, тиімді түрде қолдану ұстаздан жалпы білімділік пен кәсіби сауаттылықты мұғалімнің педагогикалық еңбегінен терең шығармашылықты талап етеді

Қоғамдағы заманауи ақпарттық орта - бүгінгі күнгі өміріміздің ажырамас бір бөлігі. Сол ақпараттарды ақылмен, саналы түрде қолдана білсек, әлеуметтік, шығармашылық мүмкіндіктерімізді кеңейтіп, білім, тәрбие жұмыстарында жоғары жетістіктерге жетуімізге болады

Оқытушының кәсіби педагогикалық іс-әрекеттінің мазмұнына талдау жасай отыра, оны нақты іс-жүзінде қолдана болуі, оның сол өзінің кәсіби мамандығын жетік меңгеріп, біліктілігі мен білімін жетілдіріп отыруына күрделі, жаңа мотивтер мен қажеттіліктердің қалыптасуына, дамуына әкеледі.

Мұғалімнің жұмысы өз әріптестерімен және оқушылармен өзара әрекет жасау барысында өтеді. Жас ұстазға мектепте қалыптасқан, бағдарға алған құндылықтар мен басшылардың тұлғалық позициялары мен көзқарастары әсер етеді. Мектепте қалыптасқан қарым-қатынас стильдеріне байланысты жеке мұғалімдерде, индивидуалды құндылықтар мен ұжымдық құндылықтар арасында туындайтын келіспеушіліктер мен кикілжіңдерге байланысты мәселелер пайда болады. Сондықтан жас маманға ұжым құндылықтарының жүйесін толық қолдауға, ұжым құндылықтарымен келісуге кейбір жағдайларда әріптестер пікіріне түсініспен қарауға тура келеді.

Педагогикалық ұжым бірлігінің маңызды сипаттамасының бірі - мектеп ұжымындағы мұғалімдердің құндылықтарының бірлігі. Педагог тұлғасының маңызды құрылымдылық компоненттеріне кәсіби педагогикалық бағыттылық, кәсіби белсенділік, кәсіби білімдер мен шеберліктер, кәсіби педагогикалық қабілет, ес, ойлау мен қиял, кәсіби өзіндік сана, құндылықтар қатары енеді. Тұлғаның кәсіби – педагогикалық бағыттылығы - өзіне, іс-әрекетке, балаларға деген қатынастардың ерекше ықыласымен анықталады.

Кәсіби- педагогикалық бағыттылықтың дамуы төмендегі факторларға байланысты: педагогтың тұлғалық ерекшеліктері, оның қызығушылықтары, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс, басшылар тарапынан педагогикалық іс-әрекеттің ұйымдастырылу ерекшеліктері, ұжымдағы өзара әрекеттің ерекшеліктері т. б.

Жалпы педагогикалық мамандықтың негізгі ерекшелігі мұғалімнің талаптары мен мақсаттарының оқушының мақсаттарымен, мүмкіндіктерімен, тілектерімен сәйкестігі; педагогикалық қызметті сәтті жүзеге асыру мұғалімнің педагогикалық технологияны, педагогикалық техниканы игеруімен, оның кәсіби санасынын деңгейімен байланысты.

Маман мұғалім дайындаудағы педагогикалық процестің міндеті - оқыту мен тәрбиелеуге қажетті әртүрлі педагогикалық міндеттерді шеше алатын студенттің жеке тұлғасын маман мұғалімге айналдыру.

Болашақ маман мұғалімдер даярлау бағытында, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талаптар мен міндеттерге ерекше мән беруді қажет етеді. Қазіргі ғаламтор, сндық блім беру контенттері мен қорларын сабаң беруде тәрбие жұмыстарында қолданудың маңыздылығы мен қажеттілігі артып тұрған тұста болашақ мұғалімдер даярлауда басты мақсат пен бағдар Білімнің іргетасы бастауыш сыныпта қаланатыны сөзсіз, сондықтан бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын талап та міндеттер де жоғары және жауапты. Кіші оқушылардың оқу әрекетіне тоқталсақ, олардың оқу әрекеті тек білім алумен шектелмейді. Оғанептілік пен дағдылану керек. Кіші оқушылар көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілін жақсы білмейді. Мысалы, бұлар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп

тұрады. Солай болуы осылардың жаттауға икемділігінен емес, оқуға әлі де болса төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен болады. Бұл жерде ескеретін маңызды жайттардың бірі - бастауышқа келген балалардың тәрбиесі, алғашқы білім іргетасы мен дүниетанымының әртүрлі деңгейде қалыптасуы. Себебі, көпшілік жағдайда бастауыш сыныпқа кейбір балалардың балабақшаға бармай, бірден мектеп табалдырығын аттаулары. Бұл өз кезегінде өте күрделі мәселе, осындай мәселенің шешуі алғаш ұстаздық қызметін бастап отырған жас мұғалімнің жауапкершілігіне жүктелуі ғажап емес. Бұл өз алдына қарастырып, талдау жасауға негіз болатын өзекті мәселелердің бірі деуге болады...

Бастауыш мектептегі оқу жұмысына бейімделу балада бірден қалыптаспайды және балалардың оқуға белсенділігі әр сабақта әр түрлі болатыны белгілі. Жеке пәндерден сабақтарды ойдағыдай үлгеру үшін алдымен баланың осыған ықыласы болуы шарт. Оқу ойынға қарағанда қиын болғандықтан балалардың кейбіреулерінің оқуға ықыласы төмен болады. Оларды оқуға үгіттеу арқылы тарту қиын. Сондықтан оқуға деген ықыласты тудыру үшін қалыптасқан дәстүрлі оқыту әдістерінен бөлек, қазіргі кездегі әртүрлі инновациялық технологияларды тиімді әрі шеберлікпен қолдана білу бүгінгі күнгі жас ұстаздардан талап етіледі. Жалпы бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сыныптан бастап мектеп мұғалімдері олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, күнделікті өтілетін әрбір сабақты ұтымды ұйымдастыра білу - мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Тағы бір атап өтетін басты талап, шарт - ол балаға деген махаббат, сүйспеншілік, баланы жақсы көру! (Баланы жақсы көрмесе, оған қалай білім беріп, тәрбиелейді!? Ал бөгде адамның баласын жан -тәнімен жақсы көріп, жаны ашып, оқыту, үйрету оғай шаруа емес екендігін мойындауымыз керек! Ұлы дидакт, дүниежүзілік классикалық педагогиканың негізін салған Я. А. Коменский: «Мұғалім – нұрдың қызметшісі, ол жүрегінен шыққан нұрды барлық шәкірттеріне бірдей таратуы керек» деген емес пе?) Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады.

Қорытынды

Жас ұстаз алған білімінің құндылығын бағалай отыра, жеке көзқарасы мен пікірі қалыптасқан, оны қорғай білетін, жігерлі, зерттеушілік пен болжам жасай алатын іскерлігі, білімді де білікті, көп оқитын, білімін күнделікті өзінің педагогикалық қызметінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алатын, өзінің жеке басының сөз сөйлеу, сырт көрініс, қарым-қатынас жасау мәдениетінің жоғары болуымен қоса ақпараттық қарым-ұатынас ғасырында білім рұыту тәрбие жүйесінде сандық білім беру контенттерін қолдана білу, игере білу іскерліктерін меңгеруді өзінің болашақ маман ұстаз болу бағыытында басты құндылыұретінде санаты түрде ұғынуымен ерекшеленетін маман болуы тиіс. Бұл – маман ұстазға қойылатын кәсіби талап. Бұған қоса ұйымдастырушылық, бейімділік, сараптамалық талдау жасай алатын, бағалай білетін қабілеті болу шарт. Ол өз мамандығының, яғни кәсібінің мәні мен мағынасын түсініп қоймай, ұстаздық қызметтің құндылықтары мен құндылық іс- әрекеттерін игеру іскерліктерін қалыптастыру, оқыту мен сабақ берудің заманауи технологияларын пайдалана отырып, ұлттық құндылықтарды, яғни әдет-ғұрып, салт–дәстүрлердің мәні мен маңыздылығын түсініп, өз оқушыларының бойына дарытып, сіңіре алатын, жеке басының іс- әрекетімен үлгі болатындай, білім беру жүйесінің интеграциясы мен алдыңғы қатарлы, тиімді педагогикалық іс-тәжірибелер мен инновацялық технологияларды білім беру, оқыту тәрбие беру процесінде шеберлікпен қолдана білетін маман мұғалім болуы тиіс. Бұлар – маман мұғалімнің кәсіби құндылықтары.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. -Астана, 2005 ж.
2. Нургалиева Г. К., Тилеуова С. С. Теория развития профессионального образования. -Алматы: 1999г.
3. Нургалиева Г. К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизации образования: Монография. - Алматы: 2004г.
4. О. Аяшев, Р. Қадірбаева, С. Тілеуова «Жас ұстазға – 100 бағдар»- Астана, Фолиант, 2016
5. www. nis/edu/kz
6. www. orley. kz

ОӘЖ 378. 147

ТЛЕУЖАНОВА Г. К.,
п. ғ. к., қауымдастырылған профессор,
ғылыми жетекші

БАЙМАХАН А. С.
магистрант,
Астана Халықаралық университеті,
Нұр-Сұлтан қ.

БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарына анықтамалар мен түсіндірмелер беріледі. Ғалым-педагогтардың зерттеу нәтижелері бойынша құзыреттіліктің кіріктірілген аспектілері қарастырылады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі, болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттіліктеріне талдау жасалады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру жүзеге асырудың ғылыми негіздемесі жасақталады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттіліктеріне анықтама беріліп түсіндіріледі.

Кілтті сөздер: құзырет, құзыреттілік, болашақ шетел тілі мұғалімдері, педагогтың кәсіби құзыреттілігі, әдістемелік құзыреттілік.

Аннотация. В статье даны определения и пояснения понятий «компетенция», «компетентность». По результатам исследования рассмотрены интегрированные аспекты компетентности ученых педагогов. Произведены анализ профессиональной компетентности учителя, методических компетентностей будущих учителей. Разработаны научная основа формирования методических компетенций будущих учителей иностранного языка. Определены и объяснены методические компетенции будущих учителей иностранного языка.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, будущие учителя иностранного языка, профессиональная компетентность учителя, методическая компетентность.

Annotation. The article provides definitions and explanations of the concepts of "competence", "competence". Based on the results of the study, the integrated aspects of the competence of academic teachers are considered. The analysis of the professional competence of the teacher, the methodological competence of future teachers has been carried out. A scientific basis for the formation of methodological competencies of future foreign language teachers has been developed. The methodological competences of future foreign language teachers are determined and explained.

Keywords: competence, competence, future teachers of a foreign language, teacher's professional competence, methodological competence.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында Еуропада болып жатқан (ЮНЕСКО баяндамасы, университеттік Хартия, 1988; Болон декларациясы 1999; кейінгі жалпыеуропалық келісімдер 2001-2009) жоғары кәсіптік білім берудің құрылымын, бағалау рәсімдерін және т. б. модификациялау оның нәтижелі мақсатты негізіне де әсер етті, ол кейіннен құзыреттілік тұрғысынан айқындалды [1].

«Құзыреттілік» ұғымының анықтамаларын талдау кезінде оның келесі ерекшеліктері айқындалды: кіріктірілген сипат; жеке тұлғаның құндылық-семантикалық қасиеттерімен арақатынасы; жеке тұлғаның сипаттамалары бойынша мәселелерді шешуге әлеуетті дайындық; практикаға бағытталған бағыт.

Құзыреттілік - бұл жеке қасиеттердің қалыптасқан жиынтығы. Яғни, білікті маман – бұл қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар адам, ал құзыреттілік - бұл қажетті құзыреттер жиынтығы бар жеке қасиет.

Демек, құзыреттілік - нысандардың немесе үдерістердің белгілі бір шеңберіне қатысты берілген және оларға қатысты сапалы және нәтижелі әрекет ету үшін қажет өзара байланысты жеке қасиеттердің жиынтығы деп түсініледі. Осылайша, құзыреттілік білім беру үдерісінің мақсаты ретінде әрекет етеді, ал құзыреттілік – маманның жеке қасиеттерінің жиынтығы [2].

Атап айтқанда, М. А. Чощанов құзыреттілікті үш белгінің жиынтығы ретінде қарастырады: білімнің ұтқырлығы; әдістің икемділігі (осы жағдайларда ең қолайлы әдісті қолдана білу); сыни ойлау [3, 65б]. Әдебиеттерді талдау қазіргі уақытта білім беру "құзырет" және «құзыреттілік» ұғымдарының мазмұнын анықтаудың жеткілікті қиын міндетімен ғана емес, сонымен қатар құзіреттіліктер мен құзыреттерді ажырату, жіктеу үшін негіздерді табу проблемасымен бетпе-бет

келгенін көрсетеді.

В. И. Байденко өз жұмысында [4, С. 13] кәсіби, жалпы (негізгі, базалық, әмбебап, транспәндік, метакәсіби, кәсібиліктен тыс және т. б.), академиялық және басқа да құзыреттер жіктелімінің алуан түрлілігін баса көрсетеді.

Осыған байланысты «құзіреттілік» ұғымы құзіреттілік тұғырды түсіндірудің жалпы контекстінде көп деңгейлі және көпсатылы құзыреттерді дамыту мен қалыптастырудың тиімді және мақсатты негізі ретінде анықталды. Осы тұғыр аясында білім берудің мақсаты мен нәтижесі құзыреттілік тұрғысынан анықталды.

Негізгі бөлім

Қарастырылып отырған мәселенің жай-күйін талдау, ең алдымен, ішінара қабаттасатын, салыстырмалы түрде тәуелсіз «құзыреттілік» ұғымының үш негізгі түсіндірмесін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олар келесідей: - педагогикалық, оған сәйкес құзыреттілік берілген және игерілетін оқыту мазмұны болып табылады. Осы ұстанымға сәйкес, құзыреттілік білім беру мазмұнындағы жалпы және жеке тұлғаны бөлу үшін синонимдік түрде қолданылатын «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын ажырату ұсынылады. Сонымен, «құзыреттілік - білім алушының белгілі бір салада сапалы өнімді қызметі үшін қажетті білім беру» ретінде айқындалған, алдынала берілген әлеуметтік талап (норма)».

А. В. Хуторскийге сәйкес құзыреттіліктер белгілі бір нысандар мен үдерістер шеңберіне қатысты берілетін және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажетті өзара байланысты жеке қасиеттердің (білім, дағдылар, іскерліктер, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығын қамтиды. Автордың бұл түсіндірмесінде құзыреттілік - бұл жеке сапа ретінде анықталатын құбылыс [5].

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарына берілген бірдей ортақ анықтамалар мен түсіндірмелер болмағанымен де, оларда терең қайшылықтардың да жоқ екендігін көруге болады. Бізді қызықтыратыны «Құзыреттілік – бұл нақты адамда көрінген және өлшенген құзырет» - деп авторлық бірлестікте берілген анықтама [6]. Сондай-ақ бұл анықтаманы біздер де қолдаймыз. Құзырет және оқыту нәтижесі кейбір жағдайда бір мағынада қолданылады. Біріншісі адамға қатысты айтылса, екіншісі соның көрсеткіші ретінде құжатталудағы көрініс болады. Қазіргі кезде Европада да, кез-келген елді алсаңыз да «оқытудың нәтижесі» деген терминге нақты анықтама бере алмайды. Дегенмен, бұл мәселе тудырмайды, өйткені бұл терминді қолданатындардың көбі, оны Солтүстік Европа, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка мен АҚШ елдерінің тәжірибесінен алған. Бұл терминнің мағынасы түбегейлі әлі де, өзгерген жоқ. Оқыту нәтижелері зерттеу нәтижелеріне сәйкес әдетте, төмендегіше анықталады [7, 8, 9]:

- «Білімалушыларды оқытудың соңғы кезеңінде не білетіндігін, не түсінгендігін немесе не көрсете алатындығының тұжырымдамасы»;

- «Оқу тәжірибе нәтижесі ретінде білім не білетіндігі, түсінетіндігі және не көрсете алатындығы туралы күтілетін нәтижелер туралы тұжырымдар»;

- «Оқытудың нәтижелері – оқу үдерісінің нәтижесінде студент қандай құзыреттерді игереді деген тұжырымдар»;

Жалпы алғанда оқыту нәтижесіне берілген тұжырымдар әртүрлі болғанымен де, олардағы негізгі ой біреу, ол – білім алушы оқытудың соңында меңгеретін дайындық көрсеткіші деп білеміз.

Европалық біліктілік шеңбері бойынша құзыреттілік құраушылары үш бөліктен, яғни оқыту нәтижелерінен тұрады [10]:

- білім – теориялық және практикалық;

- дағды - когнитивті (логикалық, интуициялық және шығармашылық ойлауға қатысты) және практикалық (қол еңбегі және әдістерді, материалдар мен жабдықтарды қолдану);

- эмоциональды-құндылық қатынастар – жауапкершілікте және жеке дербестікте болу.

Сонымен, құзыреттілік білім, дағды және эмоциональды-құндылық қатынастардың кіріктірілген тұтас жүйесі ретінде анықталады, бағаланады.

Сондай-ақ, бұл мәселе ғалым-педагогтардың зерттеу нәтижелері бойынша да қолдау тапқан, яғни құзыреттіліктің кіріктірілген 3 аспектіні қамтитынын көрсетеді [11]:

- когнитивтік (білім);

- операциялық *(іс-әрекет тәсілдері және осы іс-әрекетті жүзеге асыруға даярлығы);*

- аксиологиялық *(белгілі құндылықтардың болуы)*.

Аталған салалардың мазмұны ғылыми, педагогикалық еңбектерде кеңінен қарастырылған [12, 13, 14].

Олардың мазмұнында:

1. Когнитивті (танымдық),

2. Психомоторлы,

3. Аффективті (эмоционалды-құндылық) салалар ашылып жазылған.

Бір ғана когнитивті (танымдық) сала - Б. Блум бойынша: білу (білім, есіне сақтау), түсіну, қолдану, талдау (саралау), жинақтау, бағалау деңгейлері қамтылған [15].

Шынында да, кейбір авторлардың жұмыстарында «кәсіби құзыреттілік» ұғымы «біліктілік» және «кәсібилік» ұғымдарының синонимі ретінде қолданылады. Осы бағыттағы ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасай отырып, осы ұғымдардың ұқсастығының заңдылығын анықтаймыз. Егер «кәсіби құзыреттілік» ұғымын "біліктілік" ұғымымен өзара байланыста қарастырсақ, құзыреттілік ұғымының пайда болуы қызметтің өзгерістерімен белгіленген кәсіби дайындық негізіне бағдарланады.

Н. В. Кузьмина кәсіби құзыреттілікті мұғалім-

нің хабардарлығы, оның жеке басының қасиеті ретінде қарастырады, бұл басқа адамның жеке басын қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие міндеттерін нәтижелі шешуге мүмкіндік береді. Құзыреттілік тұжырымдамасы белгілі бір қызмет саласымен, бұл жағдайда мұғалімнің кәсіби - педагогикалық қызметімен байланысты. Автордың пікірінше, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі:

- мұғалімнің мақсаты, мазмұны, нысаны мен еңбек құралдары туралы арнайы білімді меңгеру;

- қызметтің дайындық, орындаушылық, қорытынды кезеңдерінде арнайы дағдыларды меңгеру;

- қызмет үдерісін жүзеге асыруға және қажетті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жеке тұлға мен сипаттың ерекше қасиеттерін игеру [16].

Н. В. Кузьмина ұсынған модель мұғалімнің кәсіби қызметінің ерекшелігіне сәйкес құрылған, ал мұғалімнің өзі модельдің құрылымдық құраушыларының бірі болып табылады. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік тұжырымдамасы, автордың пікірінше, педагогикалық мәселелерді жақсы шешу үшін ғылыми және практикалық білімді ерекше түрде құрылымдауға қабілетті педагогикалық ықпал ету субъектісі ретінде мұғалімнің идеясына бағытталған.

Н. В. Андронова мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін зерттеуде оны кәсіби білім, педагогикалық шеберлік, кәсіби ұстаным және психологиялық қасиеттер ретінде қарастырады [17].

Н. Е. Костылева мұғалімнің жеке білімін зерттей отырып, кәсіби құзыреттілікті келесі құраушыларымен ұсынды: тұлғалық-гуманистік бағдар; педагогикалық қабылдау; педагогикалық шеберлік; педагогикалық шығармашылық. Барлық осы категориялар бір-бірімен тығыз байланысты және тұтас жүйені құрайды.

Демек, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі «тәжірибені, теориялық білімді, практикалық дағдыларды және маңызды жеке қасиеттерді біріктіруге негізделген күрделі жеке психологиялық білім беру, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетті нақты жүзеге асыруға дайындығын анықтайды».

Автор «мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі құрылымындағы маңызды құраушылардың бірі кәсіби білім болып табылады. Мұғалімнің педагогикалық қызметінің тиімділігі көбінесе оның негізі оқытылатын пән болып табылатын ғылым саласындағы білімінің деңгейі мен сапасына байланысты.

Мұғалім, ең алдымен, өзінің пәнін, өзі оқытатын ғылымды, оның негіздерін білуі керек» [18, 26б.].

Е. И. Роговтың еңбектерінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі «күрделі кәсіби міндеттерді шешудің сапалы жаңа, неғұрлым тиімді деңгейін қамтамасыз ететін қызметті игеру және ұзақ орындау үдерісінде адамда болатын физикалық, психикалық, жеке және әлеуметтік өзгерістердің жиынтығы» деп түсіндіріледі [19].

Т. В. Добудько мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттей отырып, «мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі - оның педагогикалық қызметті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігі» деген қорытындыға келеді. Автор осы тұжырымдаманың мазмұнын мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің нормативтік моделімен, оның қызмет моделіне сәйкес байланыстырады. Сондай-ақ, мұғалімнің белсенділік моделі мұғалімнің (информатика мұғалімі) «бар» және «тиісті» кәсіби құзыреттілігімен байланысты екендігі туралы ереже негізделген [20].

Шынында да, педагогикалық іс-әрекетті оны жүзеге асыруды қажет ететін міндет ретінде қарастыруға болады. Ол үшін мұғалім ретінде, тәрбиеші ретінде, сондай-ақ адам ретінде және кәсіпқой ретінде мұғалімнің нормативтік моделін құру қажет.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі - тұлғаның психологиялық, педагогикалық және пәндік саладан білімділік, біліктілік деңгейін тиімді жүзеге асырудағы кіріктірілген қасиеті [21].

Кейбір жағдайларда авторлар тіпті «педагогикалық құзыреттілік» және «әдістемелік құзыреттілік» ұғымдарын анықтайды. *Бір жағынан*, *әдістемелік құзіреттілік* – бұл мұғалімнің негізгі педагогикалық қызметтерін: білім беру, жобалау, бақылау және өзін – өзі дамыту іс-әрекеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін өз пәнін оқыту әдістемесі мен кешенді әдістемелік дағдылар саласында қалыптасқан теориялық білім жүйесі, оны пән мұғалімі үшін жетекші деп бөлуге болады. *Екінші жағынан*, бұл жалпы оқу үдерісін ұйымдастыруға және оны басқаруға бағытталған әдістемелік әдістерге ие болу. Әдістемелік құзіреттіліктің/құзіреттің жеке аспектілері В. А. Адольф, Т. Н. Гущина, И. В. Дробышева, В. И. Земцова, Н. В. Кузьмина, Т. С. Полякова, Н. Л. Стефанова, Р. Р. Шахмарова зерттеулерінде қарастырылған. Жалпыланған түрде құзіреттіліктер белгілі бір кәсіби қызметті жоғары деңгейде орындауға мүмкіндік беретін білім, дағдылар, іскерліктер, дайындық, құндылықтар, дәлелденген қабілеттер ретінде ұсынылады деп тұжырым жасауға болады.

Т. Н. Гущина әдістемелік құзыреттілікті/құзыретті педагогтің әдістеме саласындағы білімін, іскерлігін, дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру және кәсіби педагогикалық қызмет әдістерінің оңтайлы үйлесімі ретінде нәтижелі кәсіби тәжірибені негізге алатын педагог қызметкердің жеке басы мен қызметінің кіріктірілген көп деңгейлі кәсіби маңызды сипаттамасы ретінде анықтайды [22].

Зерттеу жұмыстарына сәйкес әдістемелік құзыреттілік педагогикалық еңбектің іс-әрекеттік мәнін көрсетеді, педагогикалық (талдау, болжау, зерттеу және т. б.) міндеттердің қойылуын және

оны шешу әдістері мен тәсілдерінің жоғары деңгейін меңгеруді қамтиды.

Әдістемелік құзыреттілік деп, қандай да бір салада іс-әрекеттің жүзеге асырылуы туралы білімнің ерекше саласын, сондай-ақ, қандай да бір нақты іс-әрекетте әрекеттің нормативті тәртіпке келтірілгенін, оны жазбаша сипаттау, елестете алуы, көрсетуін түсінеміз.

Демек, бұл құраушы белгілі жағдайда субъектілердің өзара әрекеті ретінде педагогикалық үдерістің жалпы ұйымдастыру бағдарламасын көрсетеді (ұсынады) және тұтастай педагогикалық үдерісті «көруге», «қарап шығуға» мүмкіндік береді [23].

Н. В. Кузьминаның пікірінше, әдістемелік құзыреттілік / құзырет кәсіби-педагогикалық құзыреттілік құраушыларының бірі болып табылады. Әдістемелік құзыреттілік / құзырет білім алушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыру тәсілдерінің саласын қамтиды. Әдістемелік құзыреттілік екі деңгейден тұрады: педагогикалық және басқару қызметіндегі құзыреттілік және оқу үдерісін жоспарлау мен жүзеге асырудағы құзыреттілік [24, 24 б.].

Бірінші деңгей операциялық-құрылымдық (гностикалық, ұйымдастырушылық, конструктивті-жоспарлау) қызметтер арқылы, ал екінші деңгей мақсатты (коммуникативті, тәрбиелік, дамытушылық) қызметтер арқылы жүзеге асырылады. Әдістемелік құзыреттілік туралы айта отырып, біз оның екі құраушысын бөліп көрсетеміз: мұғалімнің дәстүрлі педагогикалық қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі; педагогикалық инновацияларды жобалау және құрастыру, яғни инновация мазмұнын кәсіби түрде таңдау, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды қолдану арқылы осы мазмұнды іске асыруды жобалау; инновацияларды іске асыру барысында алынуы мүмкін күтілетін нәтижені болжау, жобаланған инновацияның тиімділігін бағалау критерийлерін сипаттау.

Әдістемелік құзыреттілік педагогтің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің алған білім, білік, дағды синтезін қамтиды, сондықтан әдістемелік құзыреттілік педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыру – педагогикалық және психологиялық проблема. Себебі, бұл құзыреттіліктің тұтастай немесе құраушылары арқылы қалыптастыруды жүзеге асырудың ғылыми негіздемесін жасақтаудан тұрады.

О. Н. Игна зерттеуінде, шетел тілі мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігін психологиялық, педагогикалық, әдістемелік, пәндік дайындық, жеке зерттеу және кәсіби тәжірибенің нәтижесі деп түсіндіреді.

Әдістемелік құзыреттілік дегеніміз - мұғалімнің ғылыми-әдістемелік қызметінде болашақ мұғалімдердіңшет тілдік коммуникативті және мәдениаралық құзыреттіліктерін дамыту жөніндегі педагогикалық қызметінде көрінетін интегративті жеке және кәсіби сипаттамасы деп тұжырымдайды [25].

С. Н. Макеева әдістемелік құзыреттілік «бұл білім, білік және дағдыға негізделген студенттердің мәдениаралық коммуникативті құзыреттілігін, білім беру, тәрбиелеу және дамыту мәселелерін тиімді шешуге оның дайындығы мен қабілетін анықтайтын шетел тілі мұғалімі тұлғасының интегративті қасиеті» деп санайды[26].

Е. Ю. Никитина, О. Ю. Афанасьева, М. Г. Федотова пікірінше, болашақ шетел тілі мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігінің терминологиялық ұғымын талдай отырып, құбылысты «заманауи білім мен технологиялар негізінде жүктелген міндеттерді шешуге бағытталған шетел тілінде оқу үдерісін жүзеге асыру және ұйымдастыру қабілеті» деп түсіндіреді [27].

Сонымен қатар, әдістемелік құзыреттілік сипатының өзегермелі екенін атап көрсетеді, өйткені қазіргі игеріліген білім, қалыптасқан дағдылар, іс-әрекет сипаты мен жеке оқыту стилінің үнемі өзгеруімен сипатталады. Әдістемелік құзыреттілік - бұл күрделі құбылыс, өйткені психологиялық, педагогикалық және лингвистикалық сипаттағы компоненттерді қамтиды. Болашақ шетел тілі мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігі коммуникациямен және салыстырмалылықпен сипатталады. Әдістемелік құзыреттіліктің коммуникативті сипаты шынайы жағдайларға барабар коммуникативті мінез-құлық үлгілерін зерттеуге байланысты. Құзыреттіліктің салыстырмалы сипаты оның педагогикалық кәсіби дамуы барысында әрдайым жетілдіруге ашық болатындығымен анықталады [28].

Галимов А. М., Рассказов Ф. Д. «Шетел тілі мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігінің ерекшелігі» ғылыми жұмысында оқытудың интерактивті және пікірталас формаларын қарастырды. Интерактивті технологияларды қолдана отырып, ағылшын тілі сабағының құрылымын, ағылшын тілі сабағы тиімділігін арттырудың негізгі компоненттерін анықтайды [29].

Люботинский А. А. «Инновациялық білім беру жағдайында болашақ шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысында, мұғалімдерді оқытудың оқу бағдарламалары, оны жобалап оқыту кезінде инновациялық кәсіби-педагогикалық білім берудеқайта даярлау және біліктіліктерін арттыру барысында болашақ шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру моделі жасалды [30].

Жоғарыда келтірілген зерттеулерді талдай отырып, *болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігі деп, білім, білік және дағдыға негізделген білімалушылардың қазіргі*

заманғы педагогикалық технологияларды қолдану арқылы осы мазмұнды іске асыруды жобалау, шетел тілінде оқу үдерісін жүзеге асыру және ұйымдастыру қабілеті деп айтамыз. Бұл білім мен дағдылар болашақ мұғалімдердің шетел тілін оқытудың әдістемелік аспектісін жүзеге асыруға дайындығын анықтайды.

Қорытынды

Әдістемелік құзыреттілік игеріліген білім, қалыптасқан дағдылар, іс-әрекет сипаты мен жеке оқыту стилінің үнемі өзгеруімен сипатталады. Болашақ шетел тілі мұғалімінің әдістемелік құзыреттілігі қазіргі педагогикалық технологияларды қолданумен сипатталады. Ендеше, жоғарыда келтірілген ғылыми талдаулар мен зерттеулерден алынған анықтама, болашақ шетел тілі мұғалімінің педагогикалық кәсіби дамуын әрдайым жетілдіруге болатындығын анықтайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Соловова, Н.В. Формирование и оценка компетенций: учебное пособие . – Самара: Изд-во «Самарский университет», 2015. –80 с.

2 Сергеев, А.Г. Компетентность и компетенции: монография.
– Владимир: Изд-во Владим. гос. ун-та, 2010. – 107 с.

3 Чошанов, М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие . – М.: Народное образование, 1996. – 160 с.

4 Болонский процесс: середина пути /под науч. ред. д-ра пед. наук,
профессор В.И.Байденко. – М.; Астана: Исследовательский центр проблем. – 165 с.

5 Хуторской А.В. Компетентностный подход в обучении. Научно-методическое пособие. -М.: Издательство «Эйдос»; Издательство Института образования человека, 2013. - 73 с.

6 Инновации в образовании: монография /Л.В.Кожитов, С.Г.Емельянов, В.А.Демин [и др.]; Курс. гос.техн.ун-т. Курс, 2010. - 635 с.

7 John Biggs (2003) Aligning teaching and assessment to curriculum
objectives. Teaching and Learning in Higher Education: New Trends and
Innovations. University of Aveiro, 13-17 April, 2003.

8 Stoof A., Martens R.L., van Merrienboer J.J.G. Что есть компетенция?Конструктивный подход как вывод из замешательства: пер. с англ. Е.Орел.2004.87 http://www.ht.ru/press/articles/print/art26.htm

9 Adam Smith (2006) An introduction to learning outcomes, in EUA Bologna Handbook, Froment E., Kohler J., Purser L., Wilson L., article B.2.3-1. Berlin, Raabe;

10 Шалхарова Ж.С. Болон үдерісінің негізгі қағидалары (қысқаша шолу). –Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік
университеті, 2013. - 18 б.

11 http://www.edu.ru/

12 Anderson, L. W., Krathwohl, D. R., & Bloom, B. S. A taxonomy for
learning, teaching, and assessing: A revision of Bloom's taxonomy of educational objectives. New York: Longman. https://fctl.ucf.edu/teaching-resources/course-design/blooms-taxonomy/

13 Самылкина Н.Н. Современные средства оценивания результатов
обучения. – М.: Бином. Лаборатория знаний, 2007. - 172 с.

14 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, ЖШС «Жедел басу баспаханасы» 2009. - 328 б.

15 McClelland,D. C.Testingforcompetence rather thanfor "intelligence."American Psychologist,28(1).-С.1–14. https:// https://doi.org/10.1037/h0034092

16 Кузьмина Н.В. Профессионализм деятельности преподавателя производственного обучения профессиям. – М.: Педагогика, 1989. –С.156.

17 Андронова Н.В. Психологическая компетентность учителя // Гуманитарные науки и образование: проблемы и перспективы: Материалы I Сафаргалиев. науч. чтений. Сб. статей. Саранск, 1997. - С. 321-325.

18 Костылева Н.Е. Сущность и психолого-педагогические основы повышения квалификации педагогических кадров. //Наука и школа.-1997. -N6-7. -С.15-17.

19 Рогов Е.И., Моисеенко О.С. Взаимосвязь профессионально-личностной направленности будущих педагогов с их представлениями о профессии//Известия Волгоградского государственного педагогического университета. 2016. № 8 (112). - С. 69-76.

20 Добудько Т.В., Добудько А.В. Принципы формирования профессиональной компетентности будущих учителей в условиях информатизации образования/В сб. ст. «Образование. Профессия. Производство». Самара, СамГПУ, - 1999. - С. 67-70.

21 Садирбекова Д.К. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру. 6D010300. Алматы, 2018. -167 б.

22 Гущина, Т.Н. Педагогическая сущность феномена «образовательная среда»: по материалам исследования Текст. / Т.Н. Гущина // Общество. Среда. Развитие. СПб., 2011. - № 4 (21). - С. 187-190.

23 Носко И.В. Модель выпускника как основа формирования
компетенций студентов в процессе вузовской подготовки. Автор. дисс...
канд.пед.наук. – Владивосток. 2007. - 25 с.

24 Кузьмина, Н.В. Формирование педагогических способностей / Н.В. Кузьмина. - Л., 2009. - 98 с.

25 Игна О.Н. Структура и содержание методической компетенции учителя иностранного языка // Ярославский педагогический вестник. –2010. №1. –С.90 –94.

26 Макеева С.Н. Компетентностный подход к методической подготовке учителя иностранного языка // Вестник Бурятского государственного университета. - 2010. - №15. –С.201–205.

27 Никитина Е.Ю., Афанасьева О.Ю., Федотова М.Г. Методическая компетенция будущего учителя иностранного языка // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. –2013. –№12. –С.54–65.

28 Дубаков А.В., ХильченкоТ.В. Формирование методической конкурентоспособности будущих учителей иностранного языка в условиях модернизации высшего образования // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. –2014. -№10. –С.336 –341.

29 Галимова А.М., Рассказов Ф.Д. Специфика методической компетентности учителей иностранного языка // Новая наука: Современное состояние и пути развития. 2017. Т. 2, № 3. -С. 21-24.

30 Люботинский А.А., Трубицина О.И. Формирование методической компетентности у будущих учителей иностранного языка // Научное мнение. 2015. № 12-2. -С. 88-92.

ӘОЖ 377. 013

УАЛИХАНОВ Н. С.,
дене шынықтыру мұғалімі,
С. Нұрмағанбетов №72 жалпы орта мектеп,
Шымкент

ИСПАНДИЯРОВА А. М.
п. ғ. к., доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ДЕНЕ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Резюме. Мектеп жасындағы балалардың денсаулығына, дене дайындығына, өмірге қажет әр түрлі қозғалыс іскерлігі мен дағдысының қалыптасуына дене тәрбиесінің маңызы өте зор. Осы кезеңде оқушылар дене тәрбиесі және спорттық қимыл-әрекеттермен белсенді шұғылданбаса, олардың денесі жан-жақты, толық дамымайды. Дүниежүзі, Ресей және Қазақстан ғалымдарының пайымдауынша мектеп жасындағы оқушылардың қимыл белсенділігі аптасына 8-12 сағаттан кем болмауы қажет. Қимыл-әрекет белсенділігінің аздығы баланың денсаулығын нашарлатады, ағзаның қорғаныс күшін әлсіздендіреді, дене дамуын толық қанағаттандырмайды.

Кілтті сөздер: мектеп оқушылары, дене шынықтыру пәні, дене тәрбеисі, жоғары сынып оқушылары үшін дене тәрбиесі ерекшеліктері.

Резюме. Физическая культура имеет большое значение для здоровья детей школьного возраста, физической подготовки, формирования различных двигательных умений и навыков, необходимых для жизни. В этот период, когда учащиеся не активно занимаются физкультурно-спортивной деятельностью, их организм не развивается всесторонне, полноценно. Ученые всего мира, России и Казахстана считают, что двигательная активность школьников школьного возраста должна быть не менее 8-12 часов в неделю. Малая двигательная активность ухудшает здоровье ребенка, ослабляет защитные силы организма, не полностью удовлетворяет физическое развитие.

Ключевые слова: особенности физического воспитания для школьников, предмет физической культуры, физическая культура, старшеклассники.

Summary. Physical education is of great importance for the health, physical fitness of school-age children, the formation of various motor skills and skills necessary for life. If during this period students are not actively engaged in physical education and sports activities, their body does not develop comprehensively, fully. Scientists from all over the world, Russia and Kazakhstan believe that the motor activity of school-age students should be at least 8-12 hours a week. Low motor activity worsens the child's health, weakens the body's defenses, and does not fully satisfy physical development.

Keywords: physical education for schoolchildren, physical education, physical education, features of physical education for high school students.

Бала ағзасының табиғи даму шыңы жоғарғы сынып жасына келетіндіктен негізгі дене қабілеттілігі мен функционалдық мүмкіншіліктерін осы мектеп жасында жетілдіру қажет. Барлық дене қасиеттерін дамыту және тәрбиелеуге ең қолайлы, тиімді кезең – мектеп жасындағы уақыт. Онан кейінгі кезеңдерде оларды дамыту өте қиынға соғады.

Дене тәрбиесінің міндеттері мен мақсаты тек сабақ түрінде өтілетін жұмыстармен іске асырылады. Дене тәрбие сабағы мемлекеттік бағдарлама бойынша бекітіледі. Дене тәрбие сабағы өз алдына жеке пән.

Дене тәрбиесі сабақтары және спорттық жаттықтырулармен айналысқан оқушылардың бос уақыттары аз болады, олар әр минөттарын санап, қадірлеп өмір сүреді. Спортпен шұғылданатын балалар шылым шекпейді, ішімдік ішпейді, нашақор болмайды, бос уақыттарын үнемді пайдаланады, ондай келеңсіз іс-әрекеттермен айналысатын адамдардың арасында болмайды. Өйткені олардың бос уақыттары аз, адам ағзасына зиянды нәрселерді біледі, ондай әрекеттерге барса денсаулық нашарлайтынын, спортта жоғарғы нәтижеге жете алмайтындықтарын түсінеді.

Мектеп жасында балалардың ағзаларына әсер ететін дене тәрбиесі жұмыстары дұрыс ұйымдастырылса, ол оқушының дене және ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі деңгейінің көтерілуіне себеп болады. Осыған жетер жол дұрыс жоспарлануы, оқушылар белгілі білім негіздерін, әр түрлі ақпараттарды дұрыс алуы, меңгеруі, түсінуі керек. Оны түсінген оқушы өзінің дене және ақыл-ой, жұмысқа қабілеттілігі деңгейін жоғарылатуға тырысады, ұмтылады.

Дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі жұмыстары оқушылармен жүргізілетін басқа өнегелік, эстетикалық, еңбек, ақыл-ой тәрбиелерінің міндеттерін орындауды оңайлатады.

Мектеп жасындағы оқушылардың дене тәрбиесінің міндеттері:

Сауықтыру міндеттері:

1. Денсаулықты нығайту, дұрыс мүсінді қалыптастыру, ағзаның барлық жүйелері мен функцияларын дамыту, жүрек қан-айналысы, тыныс алу, орталық жүйке жүйесін нығайту, зат алмасу үрдісін белсенді ету.

2. Сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне ағзаның қарсылық күшін жоғарылату. Мүмкіншілік болғанынша дене тәрбиесі жаттығуларын, сабақтарын таза ауада өткізу қажет. Күн қызуы, ауа температурасы ылғалдылығы бала ағзасын шынықтырады.

3. Ағзаның жалпы жұмысқа қабілеттілігін жоғарылату және гигиена дағдыларын қалыптастыру. Ол міндеттерді орындау үшін оқушылар күнделікті дене тәрбиесі жаттығуларын орындауы, оқу, демалыс, ұйқы, тамақтану тәртіптерін сақтауы қажет. Осы тәртіптерге бастауыш және орта сынып жасындағы кезеңнен бастап, үйретіп қалыптастыру керек, өйткені бұл кезеңдер – бала ағзасының қарқынды дамитын кездері.

4. Жынысына, мектептегі жас кезеңдеріне байланысты дене қасиеттерін дамыту. Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың барлық дене қасиеттерін үйлесімді дамыту керек. Бірақ негізінен жылдамдық және қимыл үйлесімділігі, ептілікке басты назар аудару қажет болады. Орта сынып жасындағы балалардың жылдамдық қабілеттілігін және күш жылдамдылығын дамытуға баса көңіл бөлу қажет болады. Бірақ өте ширығып, ұзақ уақыт күш салатын жаттығуларды беруге болмайды. Жоғарғы сынып жасындағы оқушылардың күш жылдамдығы қасиетін дамытуға, жалпы және аэробты төзімділікті дамытуға көп көңіл бөлген дұрыс болады.

Жоғары сынып оқушылары қатарына 9-11 сыныптарда оқитын 16-18 жастағы оқушылар жатады. Осы жастағы оқушылардың дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- денені мақсатты түрде жан-жақты, үйлесімді дамыту; дене тәрбиесі жаттығуларын, гигиеналық және сыртқы орта әсерлерін денсаулықты нығайтуға қолдану іскерлігін, қобалжуға (стресс) қарсылық мүмкіншіліктерін қалыптастыру; жоғары денсаулық деңгейінің, жан-жақты дене дайындығының қазіргі қоғамға да, өзі үшін де қажет екенін саналарында қалыптастыру;

- негізгі базалық спорт түрлері (жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындар, шаңғы спорты, суда жүзу) жаттығуларын ары қарай үйрену, жетілдіру, жоғары қимыл ептілігіне дейін меңгеру;

- дене қасиеттерін, күшті, күш-жылдамдығын, төзімділікті, икемділікті, қозғалыс әрекеттерін тез басқара, құра алу ептілігін, ағзаның тез қалпына келе алу қабілеттілігін т. б. қасиет, қабілеттерді ары қарай дамыту;

- қозғалыс белсенділігінің, спорттық жаттығудың заңдылықтары туралы, дене тәрбиесі жаттығуларының келешек өмірлеріндегі еңбек етулеріне, әскер қатарында болатын кездеріндегі, ата-ана қызметтерін орындайтын кездеріндегі маңызы туралы, білім негіздерін қалыптастыру;

- дене тәрбиесі жаттығуларымен, өздерінің айналысып жүрген спорт түрлерімен тұрақты, жүйелі жаттығу әдеттері мен дағдыларын қалыптастыру; бекіту;

- өнегелік, көпшілдік, өмірге дұрыс көзқарас, өзін-өзі бағалай білу қасиеттерін қалыптастыру, алдыға қойған мақсатқа ұмтылушылық, өзіне сенімділік, шыдамдылық, ұстамдылық, сабырлылық қасиеттерін дамыту;

- тұлға ретінде психикалық және өзіндік қасиеттерін ары қарай дамытуға көмектесу, психикалық өзін-өзі реттеу негіздеріне үйрету. [12, 64-65 б. б.].

Жоғары сынып жасындағы оқушылардың денесінің өсуі мен даму үрдісі біртіндеп ары қарай жалғаса береді. Оқушы ағзасының мүшелері мен жүйелері бірқалыпты жағдайда дамиды. Жыныстық жетілу осы кезеңде толық аяқталады. Осы жас кезеңінде бойдың өсуі ақырындап, кеуденің кеңдігі, дене салмағы көбірек өсе бастайды. Жасөспірім ұл балалар қыздарды бой және дене салмағы жағынан қуып жетіп асып кетеді. Олардың бойлары қыздардан 10-12 см биік, салмақтары 5-8 кг артық болады. Олардың жалпы дене көлемімен салыстырғандағы бұлшық ет көлемі қыздардікіне қарағанда 13 % көп, ал тері астындағы май ткані 10% аз болады. Жасөспірім ұлдардың қыздарға қарағанда кеуделері қысқа, ал аяқ-қолдары ұзын болып келеді.

Жоғарғы сынып оқушыларының негізгі сүйектері өздерінің өсіп болу, қатаю кезеңдеріне жете бастайды. Атап айтқанда, жауырын сүйектері жігіттерде 19-20 жаста, қыздарда 18 жаста, тоқпан жілік немесе иық сүйектері 20-25 жаста қатаяды. Кәрі жіліктің қатаюы 20-25 жаста жігіттерде, 17-20 жаста қыздарда аяқталады. Шынтақ сүйегінің өсуі жігіттерде 18-20 жаста аяқталады, бойжеткендерде сәл ерте қатаяды. Білезік сүйектерінің қатаюы 14-16 жаста, саусақ сүйектері 16-18 жаста қатып, аяқталады. Жамбас белдеуінің сүйектері: ортан жілік 18-20 жаста өсуін тоқтатады, асықты жілік пен оның шыбығының сүйектері қыздарда 16-18, жігіттерде 19-20 жасқа дейін өсіп, одан әрі қарай өсуін тоқтатады. Табан сүйектерінің: өкше, бақайшақ және аяқ саусақтарының өсуі бойжеткендерде 16-18, жігіттерде 18-20 жасқа дейін байқалады. Табан күмбезі 13-17 жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан да бойжеткендерге 17-18 жасқа дейін биік өкшелі аяқ киімді киюге болмайды. Себебі ондай аяқ киімдер табан күмбезінің дұрыс қалыптаспауына байланысты аяқты тез

шаршатады. Балалар мен жастардың аяқ киімдерінің өкшесі 1, 5-2 см болғанда табан күмбезі жақсы болып, табан еттері мен сіңірлері жақсы дамиды. Осы кезеңде сүйектері қатайған жастар ағзасы үлкен жүктемелерді төзімді қабылдайды.

Сүйек аппаратының бекуі бұлшық ет, сіңір дамуымен қатар жүреді. Бұлшық еттер тез, біркелкі дамиды. Жастардың бұлшық еттерінің көлемі, күштері өседі. Осы кезең – жастардың бұлшық еттерінің күші мен төзімділігін дамытуға тиімді уақыт.

Жігіттермен салыстырғанда қыздардың иық белдеуі бұлшық еттері аздап, жамбас бұлшық еттері жылдам қарқында дами бастайды. Кеуде клеткасы, жүрек, өкпе, өкпенің ауа сыйымдылығы, тыныс алу бұлшық еттерінің күші, ауаны қабылдау көлемі де қыздарда жігіттерге қарағанда аз болып келеді. Сондықтан да, қыздардың қан айналу және тыныс алу органдарының функционалдық мүмкіншіліктері төмен болады.

Жігіттердің жүректерінің көлемі қыздарға қарағанда 10-15 %-ға үлкен, жүрек соғу жиілігі 6-8 соғу/ минут аз, жүректің жиырылу күші күшті болып келеді де, қан тамырларына көп қан мөлшерін жібереді. Сондықтан да жігіттердің қан қысымдары қыздарға қарағанда жоғары болады. Қыздар жігіттерге қарағанда терең дем алмайды, жиі дем алады. Олардың өкпелерінің ауа сыйымдылығы жігіттерге қарағанда 100 см аз болып келеді.

15-17 жас кездерінде оқушылардың сыртқы ортаны танулары толық қалыптасады. Ойлау қызметтері жоғары деңгейге көтеріледі. Олардың қозғалыс құрылымын түсіну қабілеттілігі жоғарылайды. Кеңістіктің, уақыттық қимыл- әрекеттерді жекелей ұғыну, дәл қайталау, бүкіл қозғалысты тұтас орындау мүмкіншілігі қалыптасады.

Жоғары мектеп жасында дене тәрбиесі сабақтары қыздар мен жас жігіттер арасында бөлек жүргізіледі. Олардың ағзаларының анатомиялық, физиологиялық және психологиялық өзгешеліктері, ерекшеліктері дене тәрбиесі жаттығуларын үйрету, дене қуаты қасиеттерін дамыту амалдары мен әдістерін әр түрлі түрде таңдауды, жүктемені әр түрлі беруді, сабақты бөлек ұйымдастыруды талап етеді.

Қыздарға қарағанда жасөспірім жігіттердің жүктеме көлемі мен қарқынын ұзақ, жоғары деңгейде орындауларының функционалдық мүмкіншіліктері көп. Олар үлкен жүктемелерді жүрек соғу жиілігі аз, қан қысымы жоғары жағдайда орындайды. Осы жүктемелерден кейінгі ағзаның қалпына келуі қыздарға қарағанда жас жігіттерде аз уақыт алады.

Жоғарғы мектеп жасындағы оқушыларға сабақ бергенде ең алдымен күш, күш жылдамдығы жаттығуларына, күш төзімділігіне, аэробты төзімділікке көп көңіл аудару қажет. Қимыл үйлесімділігі қабілеттілігін дамыту жаттығуларының арасынан қимыл әрекетті тез, басқаша құра алу, тепе-теңдікті ұстай, бұлшық еттерді босаңсыта білу жаттығуларына назар аударса дұрыс болады.

Жоғарғы сынып жасындағы оқушылармен өткізілетін дене тәрбиесі сабақтары көбінесе жаттықтыру түрінде жүргізіледі. Жаттығуларды ойын әдісімен орындаулар азайтылып, сабақтарда кебінесе жарыс әдістері қолданылады.

Осы жас кезеңінде олардың дене құрылыстарын, дене қуаты және техникалық дайындықтарын ескеріп, жеке тапсырма беру әдістерін көбірек қолданамыз. Қосымша жаттығулар беру арқылы олардың жаттығулар техникасын тез меңгерулеріне, дене қуаты қасиеттерін дұрыс деңгейде дамытуларына көмектесеміз.

Мектеп бағдарламасындағы оқу материалдарын үйрену және меңгеру дұрыс ойластырылып, сабақтар бір-біріне байланысты, сабақтасты болып жүргізілуі қажет.

Жоғары сыныптарда қимылды ұдайы және ауысып үйлестіретін жаттығулар, жеңіл атлетика мен гимнастиканың түрлерін жасау техникасын үйрететін, сондай-ақ бірқатар спорт ойындарының футболдың, баскетболдың, волейболдың, теннистің, хоккейдің) қимылдарын үйрететін арнаулы жаттығулар енгізіледі. Сонымен бірге санмен 9-10 сыныптарда қыздар мен жасөспірімдер жаттығулар сараланады.

Атап айтқанда, бұл сыныптарда оқитын қыздарға гимнастика енгізіледі Оқушылар сондай – ақ жергілікті жағдайларға байланысты суда жүзу және шаңғы, конки тебуге үйретеді.

Жаңа бағдарламада оқушыларға берілетін теориялық білімдердің көлемі ұлғайтылады. Мәселен, бастауыш мектепте оқушыларға мектеп оқушысының жүріп, тұру ережесінің шынығуының сымбаты туралы хабардар етеді. Жеке бас гигиенасы туралы кейбір деректер беріледі.

Мектептің жоғарғы сыныптарында оқушылар дене шынықтыру жаттығуларының ағзаға, нерв, жүрек, тамыр, тыныс және бұлшық ет жүйелерінің дамуына жсайтын ықпалын хабардар болады. 9-10 сыныптарда теориялық материал мен жалпы спорт және арнаулы жаттығуларды қамтиды.

Дене тәрбие сабақтарының негізгі міндеті қимылдың белгілі бір келісімін жасап, үйрену болып табылады. Осындай қимылдарды жасау процесінде оқушылар әрбір қимылдың оның жылдамдығының ырғағының күшінің т. б. элементтері туралы түсінік алады.

Дене шынықтыру сабақтары үйренетін қимылдардың комлексі алға қойған мақсатқа байланысты түрліше өткізіледі. Алайда ереже ретінде дене тәрбие сабақтарында түрлі кіріспе жаттығулар түрі беріледі. Содан кейін бұлшық ет негізгі топтарының жалпы серігуін қамтамасыз ететін сапқа тұру, жүру, жүгіру басталады.

Осыдан кейін бұлшық еттің жаңа қимыл комплексін жасап үйренуге қатысатын бөлігін шынықтыруға бағытталған дайындық жаттығула-

ры жасалады.

Мұның өзі таяқтан секіру, доп лақтыру, жіптен секіру, орындықтан секіріп гимнастика жасау, гимнастика тұғырларында жаттығулар жасау болуы мүмкін. Бұдан кейін сабақтың негізгі бөлігі-жеке міндетіне кіретін жаттығулардың арнаулы кешенін үйрену және орындау болады.

Сабақ әдетте ағзаны тепе-тең күйіне түсіруге арналған жай жаттығулар тобын жасаумен, жүрумен, сапта тұрып жаттығулар жасаумен, маршпен аяқталады.

Сапта және қатарда жүру, дене шынықтыру жаттығулары, қолданылмалы жаттығулары, негізгі гимнастикалық жаттығулар болып табылады. Әдетте қолданымалы сипаттағы гимнастикалық жаттығулар жеңіл атлетика бойынша үйреніп жүрген қимыл түріне жүргізуге, секіруге, лақтыруға немесе спорт ойындарының үйреніп жүрген қимылдарына – баскетболға, волейболға, т. б. сай келеді [20, 25-27 б. б].

Оқушылардың сымбатты болып, дұрыс жүріп тұруына қамқорлық жасау – дене тәрбиесі сабағы мұғалімдерінің ісі ғана емес. Мұғалімдердің бәрі оқушылардың партада дұрыс отыруын, жауап беруге қалай шығатынын тақтаның алдында қалай тұратынын қадағалап жүруге тиіс.

Үнемі ескертіп, мінін көрсетіп отыру оқушылардың сымбатындағы байқалған кемістіктерді түзеуге немесе кемшіліктің болуына жол бермеуге көмектесуі тиіс.

Барлық мектептерде дене тәрбиесі сабақтарымен қатар күн режимінде дене шынықтыру – сауықтыру шараларының тұтас бір комплексі жүргізіледі.

Мәселен, сабақ басталғанға дейін дене шынықтыруға шығады, ал төменгі сыныптарда сабақ үстінде дене шынықтыру минуттары өткізіледі. Еңбек сабақтарында ағарту гимнастика жасалынады. Үзіліс кездерінеде төменгі сынып оқушыларымен қимыл ойындары ұйымдастырылады. Әдетте олармен бұл ойындарды жоғарғы сыныптардағы ұйымдар өткізіледі. Дене тәрбиесі жалпы сабақтарынын бостылған оқушылармен жүргізілетін жұмысқа ерекше назар аударылады. Олардың сабақтары әрбір оқушының науқасының ерекшелігін ескере отырып, арнаулы бағдарлама бойынша өткізілуге тиіс. [21].

Денесінің кемтарлығы бар (омыртқасы қисайған, сымбатында міні бар, табан аяқ, т. б.) балалар аудандық балалар емханаларының жанындағы емдеу гимнастикасының сабақтарына ғана тиімді. Бұл сабақтарды мамандар мектептерде де өткізуіне болады.

Ал жүрегі, өкпесі ауыратын және дімкәс балалар категориясына жатқызуға негіз болатын басқа да науқастары бар балалар сабақтан тыс уақытта аптасына бір-екі рет дене шынықтырумен шынығады. Олармен сабақты арнаулы бағдарлама бойынша көбіне дәрігердің бақылауымен өткізеді. Егер олар жалпы сабақтарға қатысатын болса дені сау балалар орындайтын сабақ неғұрлым көп түсетін жаттығулардың орнына, оларға жаттығулардың айрықша түрін ұсынады [22, 296.]. .

Дене тәрбиесі мұғалімі, спорт түрлерінің жаттықтырушылары, сауықтыру дене тәрбиесімен, қолданбалы дене тәрбиесімен айналысатын мамандар, спорт нұсқаушылары дене қасиеттерін дамыту, тәрбиелеу амалдарын, әдістерін, әдістемелерін, әдістемелерді жас ерекшеліктеріне байланыстыруды жақсы білуі, іс-тәжірибеде қолдана білуі керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бүркітбаев Ә. «Спортың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні» Алматы, Қайнар, 1985 ж. 215-218 бб.

2. Абугалиева Б. Б. Методикалық жұмыс «Влияние физкультуры на организм человека», Семей 2015 жыл.

3. «Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы».

4. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, № 1-2, 2004 жыл.

5. Меңдалиев Б. «Балалардың қозғалмалы ойындарды қажет етуі» Бастауыш мектеп № Ц-2004ж. 25-27 б. б.

6. Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы.

7. Құранбекұлы А. Әкімбайұлы С. «Оқушылар дене шынықтыруының этнопедагогикалық негіздері» Алматы, 2000 ж. 294 б.

ӘОЖ 37. 013

УАЛИХАНОВА Б. С.,
PhD,
физика кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент

ИЗТИЛЕУОВ Н. А.
2 курс магистранты,
физика кафедрасы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда мұғалімнің функциялары белгілі бір білім мен дағдыларды берумен ғана шектелмейді: ол үшін негізгі міндеттердің бірі жас ұрпақта жаңа ойлау мен жаңа жағдайларға сәйкес мінез-құлықты қалыптастыру болуы керек. Әр мұғалімнің жұмысының тиімділігін бүгінде ол студенттерді өзіндік шығармашылық қызметке дайындай ма, жоқ па, соны бағалау керек.

Түйінді сөздер: кәсіптік құзыреттілік, физиканы оқыту, педагогикалық ЖОО-да білім беру.

Резюме. В Формировании профессиональной компетентности бідіщего специалиста функции педагога в этих условиях не могут ограничиваться лишь передачей определенной суммы знаний и навыков: для него одной из основных задач должно стать формирование у подрастающего поколения нового мышления и адекватного новым условиям поведения. Эффективность работы каждого учителя необходимо оценивать сегодня по тому, готовит ли он учащихся к самостоятельной творческой деятельности.

Ключевые слова: профессиональная компетенция, преподавания физики, образования в педагогическом вузе.

Summary. The functions of a teacher in these conditions can not be limited only to the transfer of a certain amount of knowledge and skills: for him, one of the main tasks should be the formation of a new thinking and behavior adequate to the new conditions in the younger generation. The effectiveness of each teacher's work should be evaluated today by whether it prepares students for independent creative activity.

Keywords: professional competence, teaching physics, education in a pedagogical university.

Біздің қоғамның басымдықтары мен құндылықтарының өзгеруі жағдайында мектептің негізгі мақсатын - әлеуметтік бейімделгіш шығармашылық тұлғаны қалыптастыруды анықтайтын білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойылады.

Болашақ мұғалімдерді даярлауға қойылатын талаптардың сапалы жаңартылуы болашақ мұғалімді даярлауда жаңа тәсілдер мен технологияларды іздеуге негіз болады. Демек, мұғалімнің жалпы дайындығы саласында да, жеке пәндерді оқыту саласында да зерттеулерді одан әрі жандандыру қажет.

Әрине, мұның бәрі физикаға ғылым мен жалпы білім беретін пән ретінде қолданылады, ол мектеп курстарында студенттерге әр адамға қажетті білімнің стандартты көлемін ғана емес, сонымен қатар шығармашылық іс-әрекеттің әдістерінің классикалық үлгілерін, әлемді тану жолындағы нақты мәселелерді шешудегі адам ақыл-ойының жетістіктерін беруге міндетті. оның заңдарын ашу және дамыту.

Мектептегі физиканы қазіргі заманғы талаптар деңгейінде зерттеу, ең алдымен, мұғалімдер кадрларының әмбебап дайындық деңгейіне байланысты, оның маңызды құрамдас бөлігі. Кәсіби құзыреттілік, жалпыланған жеке сапа ретінде болашақ мұғалімнің теориялық - әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық және пәндік дайындығының жоғары деңгейін қамтиды. Білім беру және педагогикалық мәселелерді шешудің негізгі құралы және кәсіби мұғалімнің қалыптасуының өлшемі.

Алайда мектептегі физика курсын оқыту практикасын және мұғалімдердің өз пайымдауларын зерделеу олардың кәсіби құзыреттілігінің, кәсіби ойлауы мен мәдениетінің жай-күйін орта есеппен жоғары баллмен бағалау мүмкін емес деген қорытынды жасауға мәжбүр етеді. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, көптеген физика мұғалімдері өздерінің кәсіби маңызды жеке қасиеттерінің даму деңгейіне қанағаттанбайды және дамытушылық оқытуды жүзеге асыруда, студенттерге жеке көзқарасты жүзеге асыруда, ақпараттық технологияларды, логияларды енгізуде, бел-

гілі бір педагогикалық жағдайларда оқытудың ең ұтымды әдістерін анықтауда, оқу экспериментін орнатуда, бағдарламалар мен оқулықтарды таңдауда, пәнаралық байланыстарды орнатуда, нәтижелі өзіндік жұмысты ұйымдастыруда айтарлықтай қиындықтарға тап болады.

Біздің ойымызша, физика мұғалімін оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру аясында даярлау процесіне тән ең маңызды қайшылықты атап өтсек. Педагогика, психология, физика және басқа ғылымдардың жетістіктерін ықтимал қолдана отырып, пән мұғалімінің осы қасиеттерін қалыптастырудың объективті қажеттілігі мен болашақ физика мұғалімінің педагогикалық оқу процесінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері мен технологиялық аспектілерінің жеткіліксіз дамуы арасында пайда болды.

Мектеп мұғалімінің дайындығы мен еңбек қызметіне байланысты бірқатар мәселелерді зерттеу О. А. Абдуллина, В. И. Загвязинский, Н. В. Кузьмина, В. А. Сластенин, А. М. Сохор, А. И. Щербаков және т. б. әртүрлі психологиялық - педагогикалық зерттеулерде кеңінен айтылды.

С. В. Анофриев, М. А. Бобкова университет әдістемесінің жекелеген мәселелерін (болашақ физика мұғалімдерін қалай оқыту керек, олардағы педагогикалық университетте белгілі бір қасиеттерді қалай дамыту керек) зерттеді. В. Н. Белоусов, Б. А. Маркушев, В. В. Смирнов, В. И. Земцова, және т. б.).

Ғылыми зерттеулердің бір бөлігі болашақ мұғалім Л. Н. Захаровтың, И. А. Колесниковтың, Н. Н. Лобановтың, А. К. Марковтың, Л. М. Митиннің, В. В. Соколовтың және т. б. кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ерекше назар аударады.

Алайда, ғылыми педагогикалық әдебиетте болашақ физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық ЖОО-ның оқу-тәрбие процесінің мүмкіндіктері жеткілікті түрде көрсетілмеген.

Мемлекеттік білім беру стандартының блоктарын құрайтын пәндер: әлеуметтік-гуманитарлық (қоғамдық блок), психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық, жалпы ғылыми (арнайы және техникалық блоктар) ұсынатын білім мен дағдыларды біріктіретін болашақ мұғалімді даярлаудың тұтас жүйесі іс жүзінде жоқ.

Осылайша, педагогикалық ЖОО түлектерінің кәсіби дайындығының маңыздылығын арттыру, студенттерді оқытудың жаңа технологияларын іздеу, педагогикалық кадрлардың сапалы өсу қажеттілігі болашақ физика мұғалімінің педагогикалық ЖОО-да кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға кең көзқарасты талап етеді, бұл өз кезегінде осы процесті теориялық негіздеу қажеттілігін тудырады.

Педагогикалық ЖОО-да физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру технологиясының тұжырымдамасы А. В. Запорожецтің А. Н. Леонтьевтің, С. Л. Рубинштейннің педагогикалық қызметінің теорияларына; Б. Г. Ананьевтің, П. Я. Галпериннің, М. С. Каганның, А. Г. Ковалевтің, А. Н. Леонтьевтің, К. К. Платоновтың, Э. С. Маркарянның тұлғалық теорияларына; О. А. Абдуллинаның, Ф. Н. Гоноболиннің, Н. В. мұғалімнің тұлғалық теорияларына негізделеді. В. В. Давыдов, Л. С. Выготский, Л. В. Занков, Ж. Пиагет, А. Н. Хузи-Ахметова, Д. Б. Эльконин, білім беру саласындағы психологиялық-педагогикалық диагностика бойынша еңбектерге; болашақ маман Н. В. Коноплина, В. С. Лазарев, Г. П. Сикорский даярлаудың психологиялық-педагогикалық проблемалары бойынша қазіргі заманғы тұжырымдамаларға баса назар аударылды.

Б. Блум, Е. Бейкерх, Б. Скиннер, Т. Сакамото және т. б. педагогикалық технологияларды әзірлеу саласындағы шетелдік тәжірибесі де ескерілді.

Ғылыми зерттеуде педагогикалық технологияның теориялық моделдеуі және педагогикалық жоғары оқу орнында физика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру технологиясының практикалық жобалануы зерттелді, бұл қалыптасу аясында мұғалімнің кәсіби дамуының қарқыны мен сапасының артуын қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі «кәсіби құзыреттілік» ұғымына қатысты әртүрлі көзқарастар қарастырылып, болашақ мұғалімнің білім беру теориясы мен практикасында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тәжірибесі жинақталған.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі туралы идеяларды талдау олардың айтарлықтай өзгеріске ұшырағанын көрсетті: педагогикалық бағдар қалыптастыру негіздерін дамытудан (А. А. Орлов, С. Т. Каргин, И. Я. Фастовец және т. б.) және дамудың жалпы кәсіби маңызды сапалар (Е. П. Белозерцев, И. А. Колесникова, А. Е. Кондратенков, Н. В. Кузьмина, Н. Д. Левитов, И. Я. Лернер, М. Н. Скаткин, В. А. Сластенин және басқалар.) педагогикалық шығармашылықтың бастауларының мәнін анықтауға дейін (В. И. Андреев, Ю. Н. Кулиуткин, В. И. Загвязинский және т. б.), мұғалімнің кәсіби қызметінің психологиялық негіздерін (Л. С. Выготский, А. Н. Леонтьев, Д. Б. Эльконин және басқалар) талдаған.

Тұжырымдамалық идеялар мен тәсілдерге сүйене отырып, физика мұғалімі қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің келесі анықтамасы берілген - бұл педагогикалық функцияларды орындауға дайындық пен қабілеттілікті анықтайтын интегративті жеке сипаттама. қоғамда белгілі бір тарихи сәтте қабылданған нормаларға, стандарттарға, талаптарға сәйкес, ойлау стилі, мұғалімнің әлеуметтік функциялары. Кәсіби құзыреттіліктің мазмұнын анықтайтын компоненттерге мыналар жатады: теориялық, практикалық, жеке.

- білім, білік, дағдыларды қалыптастыру;

- тұтас педагогикалық қызметтің үздіксіз дамып келе жатқан корпоративтік әдістерін оқыту.

Бұл курс болашақ мұғалімді мектептегі оқу-тәрбие міндеттерін ең жақсы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ туындаған қажеттілікке байланысты олардың кейінгі жетілуін қамтамасыз ететін осындай білім, білік және дағдылар көлемімен қаруландыруы керек.

Егер физика мұғалімінің моделі олардың барлығына негіз болмаса, оқытудың барлық түрлерінің арасындағы байланыс мүмкін емес. Орта мектеп үшін физика мұғалімінің моделімен жұмыс жасай отырып, біз оны екі блок негізінде құруды жөн көрдік:

1) физика мұғалімінің кәсіби қызметке дайындығы;

3) орта жалпы білім беретін мектептің физика мұғаліміне қойылатын кәсіби талаптар.

Бірінші блокқа кәсіби іс-әрекетке қажетті компоненттер: білім, білік, дағды, ойлау, зейін, жеке қасиеттер кіреді.

Екінші блок физика пәнінің мұғаліміне негізгі кәсіби функциялардың бөлігі болып табылатын білім, білік және дағдыларды игеру арқылы біліктілікті талаптарды қамтиды. Бұл талаптарды біз физика мұғалімінің кәсіби технологиялық картасына оң кәсіби қызмет үшін жинадық.

Жасалған модель педагогикалық жоғары оқу орнында болашақ физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған білім беру процесін ұйымдастыруға негіз болды.

Әрі қарай, қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі «педагогикалық технология» ұғымына, болашақ физика мұғалімінің әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық қолдану негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық процесін технологияландыру мүмкіндігіне әр түрлі көзқарастарды зерттеп, талдай отырып және іс жүзінде технологиялық заңдар негізделген. Құрылымды қалыптастырушы негіздерде кәсіби құзыреттіліктің интегралды, үздіксіз қалыптасу кезеңдері сипатталған. Физика мұғалімінің кәсіби білімінің мазмұндық компонентіне Мемлекеттік педагогикалық білім беру стандарты кіреді. Физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру технологиясының дизайны бағдарламалық-мақсаттық (В. А. Сластенин тұжырымдамасы), кәсіптік-мақсаттық (Н. А. Половникованың тұжырымдамасы) тәсілдеріне, Р. Х. Шаймарданова педагогикалық технология тұжырымдамасына негізделген. Жоспарланған педагогикалық технология үздіксіз, тұтас процесс ретінде педагогикалық процесті ұйымдастырудың келесі кезеңдерінен тұрады:

1) мақсат қою;

2) өтініш берушінің жеке басын диагностикалау;

3) жақын аралықта (1, 2 курс), аралықта (3 курс), ұзақ мерзімді (4 курста, жұмыстың өндірістік кезеңінде) болашақта оның дамуын болжау;

4) іске асыру (оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін мазмұнды, нысандарды, басқаруды, ғылыми-әдістемелік әдістер мен құралдарды анықтаудан тұрады; іс-шараларды ұйымдастыру, күштерді жұмылдыру және қойылған міндеттерді ойдағыдай шешу үшін жағдайлар жасау);

5) болашақ физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған процестің барысы туралы ақпарат алу, алынған нәтижелерді жалпылау және талдау.

Сонымен, болашақ физика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру технологиясын жүзеге асыру және мақсат, міндеттер, болашақ кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың формалары, әдістері мен құралдарын педагогикалық тұрғыдан сауатты үйлестіруді қамтитын бірқатар шарттарды орындау оның дайындығын, педагогикалық іс-әрекетке ынтасын ескере отырып; педагогикалық процесті ұйымдастырудың әртүрлі кезеңдеріндегі формалар, құралдар мен әдістер сабақтастығы, педагогикалық университетте болашақ физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдуллина О. А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. -М, 1990. -141 с.

2. Адольф В. А. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя // Педагогика. 1998. - №1. - С. 72-75.

3. Гайнетдинов М. Л., Иванов Ю. С. Компьютеризация управления в системе образования: совершенствование учебно-воспитательного процесса с помощью ЭВМ. Казань: Инкора-пресс. 1994. -78 с.

ШЕКТИБАЕВ Н. А.
аға оқытушы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті,
Қазақстан, Түркістан қ., ,
E-mail: nurdaulet_86@mail. ru_

БОЛАШАҚ ФИЗИКА ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫ

Түйін. Мақалада қашықтан оқыту бойынша болашақ мамандарды даярлау қарастырылады. Болашақ физика пәні мұғалімдерін даярлаудағы тәжірибелер қарастырылады. Маман даярлау үшін қажетті құжаттар тізбегі мен ұйымдастырылатын оқу жұмыс түрлері туралы тәжірибелер айтылады.

Түйінді сөздер: Оқыту жүйесі, әдістеме, технология, инновация, қашықтан оқыту, білім беру.

Резюме. В статье рассматривается подготовка будущих специалистов по дистанционному обучению. Рассматриваются опыты по подготовке будущих учителей физики. Рассказывается о перечне документов, необходимых для подготовки специалиста, и видах учебной работы.

Ключевые слова: Система обучения, методика, технология, инновация, дистанционное обучение, образование.

Summary. The article deals with the training of future specialists in distance learning. Experiments on the training of future physics teachers are considered. It describes the list of documents required for the training of a specialist, and the types of training work.

Keywords: Training system, method, technology, innovation, distance learning, education.

Кіріспе

Қазіргі кездегі қашықтықтан білім беру оқу орындарының ерекшеліктеріне сәйкес бір-бірінен белгілі қасиеттері бойынша ерекшеленеді. Олар: білім беру мазмұны мен деңгейі, білім алушылардың саны мен құрамы, техникалық және қаржылай мүмкіндігі бойынша болады. Қашықтықтан білім беру жүйесі дамыған елдерде мемлекет деңгейінде қаржыландыру арқылы жүргізіледі. Дүниежүзіндегі дамушы елдердің барлық жоғары оқу орындары қашықтықтан білім беру технологиясымен жұмыс жасауда. Алпауыт елдердің бірі Америка құрама штаттарында 1995 жылдан бастап жоғары оқу орындарының 58% қашықтықтан оқыту технологиясына тәжірибе жасап, бұл технологияның тиімді екенін алға тартқан. Қазірде бұл елде мыңдаған оқу орындары осы технология бойынша жұмыс жасауда.

Елімізде орын алған COVID-19 пандемия жағдайы білім беру мекемелерінде оқыту жүйесін қайта қарауға мәжбүр еткені белгілі. Десекте те мектептердегі, колледждердегі оқыту және жоғары білімді мамандарды даярлау үдерісі бір сәтке де тоқтамай форматын өзгертумен жүзеге асырылуда. Ол жүйе барлығымызға таныс қашықтан (қашықтықтан) оқыту жүйесі.

Қашықтықтан оқыту - өз бетінше білім алудың бір түрі.

Қашықтантан білім беруді В. Белла, А. Тоффлера, Р. Ф. Абдеева және т. б. өз еңбектерінде атап өткен. Қазіргі уақытта қашықтан білім беру термині нақты анықталмаған. АҚШ мамандары қашықтан білім беруді - білім бағдарламасын мынадай технологиялар арқылы жеткізуді атап көрсетеді, олар: кабельдік және спутниктi телевидение, видео және аудио жазбалар, факстар, модемдер, видео конференцияларды оқу орындарынан тыс жерлерде оқытуды.

Сонымен қатар, қашықтан білім беруді еліміздe білім беру жүйесінің бір бөлшегі ретінде және педагогикалық жүйе ретінде қарастыруға болады. Оқу орындарында оқыту күндізгі, сырттай, кешкі оқу түрі сияқты бұрыннан келе жатқан нысандармен қатар, халықаралық іс-тәжірибедегі білім беру үлгілері қашықтан оқыту және экстернат нысандарында жүзеге асырылуы заңмен бекітілген.

Алғашқы кезде «Қашықтықтан оқыту» термині негізі қызметтен қол үзбей және оқу орны орналасқан жерге адамның бармай-ақ оқуы дегенді білдіреді және жаңа ақпараттық технологияны пайдалану негізінде жүргізіледі деген пікірді бірдірген. Еліміздің «Білім туралы» Заңында қашықтан (қашықтықтан) оқыту түрі оқуды ұйымдастырудың жекелеген дербес түрі ретінде ұсынылған.

«Қашықтықтан оқыту» ұғымын кең мағынада алсақ, бұл – оқытушылар мен тыңдаушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тар мағынадағы «қашықтықтан оқыту» ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т. б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу үдерісі [1].

Қазіргі пандемия жағдайында Жоғары оқу орындарында оқитын болашақ мамандардың даярлығын стандарт деңгейінде жүзеге асыру бір қатар шарттардың орындалуын талап етеді. Біздер олардың кейбірі жөнінде төмендегі қысқаша мәлімет беретін боламыз.

Негізгі бөлім

Сонымен, қашықтан оқыту - электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы білім беру ұйымдарынан алыста орналасқан адамдардың оқу-танымдық іс-әрекеті мен дамуына нысаналы және әдістемелі түрде ұйымдастырылған басшылық жасау. Басқаша айтқанда, алыстан білім беруді жүзеге асыру.

Экстернат - ерекше санаттағы адамдарға арналған оқыту нысандарының бірі, мұнда олар білім беру ұйымына үнемі бармай-ақ, білім беру бағдарламаларын өз бетінше меңгереді және қорытынды мемлекеттік аттестаттауға жіберіледі. Оқуды бітірген соң берілген құжаттар Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде танылуы, сондай-ақ, шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар еліміздің аумағында танылуы тиіс халықаралық шарттар (келісім) негізінде жүзеге асырылады [2].

Пандемия жағдайына дейін де елімізде қашықтан оқытуды ұйымдастыру және оны жетілдіру туралы бас қосулар болған. Солардың бірі - 2001 жылғы Алматыда екі күнге созылған «Қазақстан Республикасындағы ара қашықтықтан білім беру тәжірибе сараптамалары мен даму келешегі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар. Білім берудің жаңа түріне байланысты ғылыми көпшіліктің бас қосуын Қазақстандық және Ресейлік ғалымдар біргелікте өткізді.

Негізгі мақсат: ара қашықтықтан білім беруді білім жүйесіне енгізу мәселесіне жұртшылықтың назарын аудару, Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне көтерілуіне жағдай туғызу. Аталған мақсатты жүзеге асыруда бірқатар жұмыстар өзінің жалғасын тапты.

Қашықтан білім берудің тиімді жақтары да жеткілікті. Студенттер жоғары білім алу үшін бір қаладан екінші қалаға, бір мемлекеттен екінші мемлекетке қатынамай-ақ, тұрғылықты мекен-жайларында оқуларын жалғастыра береді. Білім берудің мұндай түрі қазір Еуропа елдерінде кеңінен пайдаланылуда. Аталған білім беру жағдайында білім алушылар әлемнің кез келген жерінен білім алуында. Интернет арқылы тапсырмалар алып, дипломды да интернет желісі арқылы қорғауына болады. Бұл барып оқығаннан тиімдірек, әрі арзанырақ.

Әлемдік білім беру тәжірибесінде ара қашықтықтан оқытуды жүзеге асырудың өзіндік бай тәжірибесі жинақталған. Оған дәлел ретінде төмендегідей мәліметтерді келтіруге болады.

АҚШ-та XX ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап инженерлік колледждердің бірқатары жақын орналасқан компаниялардың қызметкерлеріне арналған оқу курстары үшін теледидарлық жүйе қолдануға кірісті. Осы курстардың тиімділігі өте жоғары болды, сапалы білім алудың ауқымын кеңейтуге ықпал етті.

Спутниктік байланысты пайдаланумен өткізілген телекурстар арқылы білім беру түрі табысты болып, өз жемісін берді, бұл үлкен масштабтарды қамти отырып, үлкен ара қашықтықты артта қалдырды. Мұндай спутниктік телекурстар АҚШ-тың барлық аймағында, сонымен қатар европалық және азиялық елдерде көрсетілді.

И. П. Подласый в обобщённом виде приводит следующие периодизации детского возраста: Психологическая Педагогическая 1. Пренатальный период 1. Младенчество (1 год жизни) 2. Период новорожденное (до 6 недель жизни) 2. Предцошкольный возраст (от 1 до 3 лет) 3. Грудной период (до 1 года) 3. Дошкольный возраст (от 3 до 6 лет) 4. Ползунковый возраст (1-3 года) Младший дошкольный возраст (3-4 года) 5 Дошкольный возраст (3-6 лет) Средний дошкольный возраст (4-5 лет) Старший дошкольный возраст (5-6 лет) 6 Школьный возраст (6-11 лет) 4. Младший школьный возраст (6-10 лет) 7. Пубертатный период (11-15 лет) 5. Средний школьный возраст (10-15 лет) 8. Юношеский период (15-20 лет) 6. Старший школьный возраст (15-18 лет) Нетрудно заметить, что основу педагогической периодизации составляют стадии физического и психического развития, с одной стороны, и условия, в которых протекает воспитание, с другой. Если объективно существуют этапы биологического созревания организма, его нервной системы и органов, а также связанное с ним развитие познавательных сил, то разумно организованное воспитание должно приспосабливаться именно к возрастным особенностям, основываться на них. Пренебрежение или игнорирование природных ступеней развития неизбежно приводит к негативным последствиям, к бесполезной растрате сил и возможностей. Всё, что делается при обучении и воспитании должно исходить из возрастной возможности ребёнка.

Все указанные возрастные стадии важны, у каждой свои особенности и возможности. Особое значение приобретают дошкольный (особенно для функционирования языка и речи) и младший школьный возраст, когда совершенствуется нервная система, интенсивно развиваются функции больших полушарий головного мозга, усиливается аналитическая и синтетическая функции коры. Быстро развивается психика. Вес мозга почти достигает веса мозга взрослого человека и увеличивается в среднем до 1400 г. Изменяется взаимоотношение процессов возбуждения и торможения, но возбуждение преобладает над торможением. По сравнению с дошкольным возрастом чувствительность к цвету увеличивается на 45%, суставно-мус-кульные ощущения улучшаются на 50%, зрительные — на 80% (А. Н. Леонтьев). Познавательная деятельность младшего школьника преимущественно проходит в процессе обучения. Хотя восприятие младших школьников отличается неустойчивостью и неорганизованностью, но в то же время остротой и свежестью, «созерцательной

любознательностью» По сравнению с дошкольным возрастом Мышление детей развивается во взаимосвязи с их речью. словарный запас нынешних четвероклассников увеличивается примерно на 3500—4000 слов. исключительно развивается умения устно и письменно излагать свои мысли. Большое значение в познавательной деятельности школьника имеет память. Его мозг обладает такой пластичностью, которая позволяет ему легко справляться с задачами дословного запоминания. Сравним: из 15 предложений дошкольник запоминает 3—5, а младший школьник — 6—8. Его память имеет по преимуществу наглядно-образный характер. Основы нравственного поведения закладываются именно в начальной школе. Хорошие результаты дает сочетание труда с игрой, в которых максимально проявляются инициативность, самодеятельность, соревновательность, организуемые учителем, самих ребят, сильна подражательность по безупречному поведению и деятельности своего учителя.

Как свидетельствует вышеприведённый педагогический материал при соблюдении возрастного индивидуального подхода с каждым возрастным периодом развивается устная и письменная речь, увеличивается словарный запас, появляется мотивация учения, формируется основы нравственного поведения. Если дошкольные стадии сообразно возрастным особенностям и сообразно задаткам, полученным от родителей, хорошо организованы родителями, воспитателями, то младший школьник, как нам представляется, может свободно изучать, помимо родного, иностранный язык и также русский. Но это зависит, конечно, от того, как были реализованы возрастные природные возможности дошкольных периодов развития ребёнка в области познания реальности, в зависимости от того, как он освоил свой родной язык, с каким кругозором знаний, умений и навыков он переходит в стадию младшего школьника.

Между языком и объективной реальностью стоит человек. Именно он воспринимает и осознаёт мир посредством органов чувств и форм логического мышления, создаёт систему представлений о мире. Пропустив через сознание, осмыслив результаты этого восприятия, человек передаёт их другим только с помощью языка. Следовательно, между миром и языком стоит мышление. Язык, будучи средством формирования мысли, теснейшим образом связан с мышлением. Любое слово обобщает, а обобщение представляет определённое знание о предмете. Так формируются понятия, категории мышления, представляющие не только своеобразное отражение мира, но и ступени его познания. Субъект, освоив одно понятие, повышает своё познание на определённую ступень. Более того, в научном познании как показывают научные изыскания профессора Исмаилова Б. И., одним из первых основательно исследовавших данную проблему в своей докторской монографии (Исмаилов Б. Язык и гносеологический образ (в свете современной науки) (7) и также отчасти продиктованные его идеями и также плодотворными идеями Тюхтина В. С., Славина А. В. и других связи языка и гносеологического образа проблема наглядного образа и его роль в научном познании, рассмотренной в кандидатской диссертации его ученика, т. е. нас, Юсупова А. Ю. (16) имеют немаловажное значение в условиях современной науки. Наглядные образы, принадлежащие к весьма абстрактной классификационной системе, в которой доминирующую роль играет вторая сигнальная система, благодаря которой сознанием, мышлением осуществляется операция « отнесения к классу», к определённому смысловому коду (16, с. 11). Такие интеллектуально наглядные образы науки – исходя из их специфики они так названы нами - строятся на основе целенаправленной интеллектуально поисковой деятельности исследователя с определённой научно заведомо заданной целью получения знаний, превратившихся в конце XX и начала XX! века в особый товар – товар стратегического назначения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Арутюнова Н. Д. Функции языка. Энциклопедия. М., 1997, с. 609

2. Анохин П. К. Опережающее отражение действительности. -Вопросы философии. 1962, №6, с97-109

3. Богатырёва И. И. К вопросу о языке животных. -Сб статей. . Язык, сознание, коммуникация. Отв. редактор Красных В. В. М., Макс Пресс, 2005, вып. 29, см. также -: http://www. booksite. ru. ;
www. zivert. ru/about/docs/trohan_book/g7. php

4. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. М., 1984, с. 318.

5. Дарвин. Ч. Происхождение видов путём естественного отбора или сохранение благоприятных рас в борьбе за жизнь. — Перевод с шестого издания (Лондон, 1872). — Санкт-Петербург: Наука, 1991

6. Демокрит», М, Наука, 1970

7. Исмаилов Б. Язык и гносеологический образ(в свете современной науки). Авт. докт. диссерт. Ташкент, 1969

8. Маркс К., Энгельс Ф. Соч., т. 3. 29
9. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. т. 19, с. 377
10. Маркс К., Энгельс Ф. Сочинение, 2-изд., Т. 20, с. 495
11. Подласый И. П. Педагогика начальной школы. Учебник. 2008 г. с. 35, 36, 43-45
12. Подласый И. П. Педагогика, 2008, с. 60-63
13. . Сираждинов С. Х., Г. П. Матвиевская. Ал-Хорезми-выдающийся математик и астроном средневековья. М., Просвещение, 1983, с. 5, 12
14. Скороходова О. И. Как я воспринимаю, представляю и понимаю окружающий мир / предисл. А. И. Мещерякова. — М. : Педагогика, 1972.
15. Степанов Ю. С. Язык и метод. М., 1998, с. 52
16. Юсупов А. Авт. канд. дисс. Ташкент, 1976, с. 1

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PHILOLOGICAL SCIENCE

ӘОЖ 81' 373. 611

БАЙЫМБЕТОВА Ж. А.,
ф. ғ. к., доцент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

МОЛДАБЕКОВ Б. Қ.
Шымкент, Қазақстан

СӨЗДЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ

Түйіндеме. Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің шығу төркіні, дамуы қарастырылады.
Кілт сөздер: морфема, түбір, эпитеза, эпентеза, протеза.
Резюме. В статье рассматривается происхождение, развитие слов в современном казахском языке.
Ключевые слова: морфема, корень, эпитеза, эпентеза, протеза.
Summary. The article deals with the origin and development of words in the modern Kazakh language
Keywords: morpheme, root, epitheta, epenesa, prosthesis.

Морфологиялық құрылымы жағынан сөздер жалаң сөздер, туынды сөздер болып бөлінеді. Түбір сөздер түбір, жұрнақ деп бөлшектеуге келмейді. Сөздің түбірі тарихи дамып отыратындықтан, олардың қатары бірте-бірте толығып, түбір сөздердің ішінде туынды сөздер болып жұмсала келіп, бірте-бірте түбір мен қосымшаға ажырамайтындай болып кеткен сөздер бар. Сол сияқты бұрын қазіргі тіркескен сөзінен бөлек қолданылған сөздердің көне замандарда бірігіп қолданылған сөздер болғандығын жиналған материалдар дәлелдейді.

Тілдегі сөздер атауыштық қызметпен бірге грамматикалық қызмет те атқаратыны белгілі. Сөздер жеке күйінде емес, өзара байланысты қолдан-ылады. Сөздің грамматикалық мағынасы оның лексикалық мағынасына да әсер етеді.

Зат есімдердің көпшілігі өздерінің лексикалық мағыналарында жұмсалып, өздеріне тән түрлену жүйелері мен сөйлемде өз алдарына дербес мүше болу қасиеттерін сақтап отырады. Кейбір зат есімдер өздеріне тән байырғы қызметтерінен жартылай айрылып, көбінесе көмекші сөздер, яғни көмекші есімдер есебінде жұмсалады. Грамматикалық сипаттары мен формалары жақтарынан өздерінің шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп кетпегендіктен, көмекші есімдерді зат есімдермен байланыстыра қарау теориялық жағынан да практикалық жағынан да қолайлы[1, 360].

Сөз, сөздің түбірі, сөздің негізі дегенде тілдің лексикасын, семантикасы мен фонетикасын, грамматикасын олардың ішкі даму заңдылығын тұтастай зерттеу қажеттігі туындайды. Бұл мәселені анықтау үшін тілдің өткені мен қазіргі тіл ерекшеліктерін, басқа тілдермен қарым-қатынасын, дамуын, байланыстыра зерттеу қажеттігі туындайды. Сөз, сөздің негізі, сөздің түбірі деген мәселелер бірде тұлғалық жағынан, бірде лексикалық, бірде мағыналары мен фонетикалық дыбысталуы, грамматикалық ерекшеліктерімен байланысты қарастырылады. Әр түрлі тұлғада қолданылатын сөздің бәрі бірден негіз немесе түбір бола бермейді. Сөз бен негіздің жігін айыру үшін қазіргі қазақ тілін тіліміздің өте ертедегі көне тарихымен байланысты қарастыру қажеттігі туындайды.

Сөз дегеніміз не, деген мәселеге арналған көптеген еңбектер жазылып, пікір-таластар өткізілгенмен бұл мәселенің күні бүгінге дейін толық басы ашылды деуге келмейді. «Сөз» дегенімізге анықтама беру үшін ғалымдар көп еңбектенді.

«Морфологическая структура слова в языках различных типов» (М-Л. 1963) деген еңбекте сөз

туралы 6 бағытта айтылған 36 ғалымның пікірі кездеседі. Сөзге анықтама берудің әр түрлілігі қай ғалымның қандай тілді зерттеуіне байланысты болуы мүмкін. Түркі тілін зерттеуші ғалымдардың сөзге берген анықтамаларынан да айырмашылықтар кездеседі. В. В. Жирмунский «Сөз өзінің мағынасы мен формасы жағынан дербес ең қысқа тілдік единица»[2, 7]десе, Н. А. Баскаков «Сөз дегеніміз – морфеманың бірлігі мен системасының көрінісі, ол морфеманың лексикалық және грамматикалық қасиетін көрсетеді, яғни лексика құрамындағы лексикалық қасиетін, сөйлем мен сөз тіркестеріндегі грамматикалық қасиетін көрсетеді»дейді[3, 76]. В. В. Севортян «сөз - деп тілдің лексика-грамматикалық және семантикалық дербестігі бар ұсақ единицасын айтамыз» деп қарастырады[4, 133]

Қазақ тіл білімінде Н. Т. Сауранбаев сөйлемдегі ойдың бөлшегі болатын белгілі ұғымның дыбыстық көрінісін сөз дейміз деген тұжырым жасайды[5, 56] Ғалым сөзді сөйлем құрамында қарап, сөйлемдегі белгілі бір ой бөлшегінің дыбыстық көрінісі деп таниды. А. Ысқақаов сөзге екі түрлі анықтама береді. Біріншісінде «Белгілі бір ұғымның (белгілі я таңбасы) ретінде қолданылатын дыбыстық комплексті сөз дейміз» дейді.

Екіншісінде, сөздер – адамның сезімі арқылы қабылданған заттардың, олардың әр алуан қасиеттерінің, саналарының, әрекеттерінің бейнесі, ол жай бейне емес, қорытылған, жинақталған алынған бейнесі деген анықтама береді [6, 6]. Сөзге берілген анықтамалар, пікірлер орасан көп. Сөзге берген ғалымдардың пікірлері мен анықтамалары әр түрлі.

А. Ибатов сөзге анықтама беруде сөздің дара түрін емес, күрделі түрі де ескерілуі керек, себебі сөздің шегін ажыратуда қиындық келтіретін, күрделі сөздердің қасиеті болмақ, екі лексикалық единицадан, екі сөзден құралған сөздер, ерекше түр-тұрпаттағы сөздер болады да, дара сөздерге берген анықтама – түсініктен мүлдем басқаша ұғым тудырады деген қорытынды жасайды [7, 20]

В. В. Виноградов сөздің негізгі қасиеті дегенде оның мағына тұтастығы мен түрлену тұтастығының бірлігін айтады. В. В. Виноградовтың осы пікірін негізге алып, Т. Я. Скорин сөзге «Слова представляет собой цельнозначимую и цельнооформленную единицу языка» [8, 273] деп таниды.

А. Ибатов сөзге берілген осы анықтамаларға қоса сөздің синтаксистік тұтастығын қосады. Яғни сөзге анықтама бергенде оның мағынасы мен түрлену қасиеті ғана емес, атқаратын қызметі де шешуші қасиеттерінің бірі болуы керек деп, сөзді лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тұтастықта айтылатын лексика-грамматикалық единица ретінде таниды [7, 21].

Сөз түбір деп танылғанда лексикалық мағынасымен қатар жұрнақсыз-ақ грамматикалық қолданыста, жалғаулар қабылдап жаңа мағынаға ие болады. Сөздің табиғатын айқындау үшін оның дыбыстық жағы мен мағыналық жағының ара қатысын айқындау қажет. Сөздің дыбыстағы жағы мен мағыналық жағы бірлікте. Дыбысталу сөздің материалдық жағын құрастырса, мағына сөздің идеялық жағын құрастырады. Дыбысталу мен мағына сөздің өмір сүру шарты. Ұғым – заттың белгілерінің ойда қорытылған бейнесі. Ұғым – сөз арқылы айтылып, сөз шындық болмысты белгілейді. Сөз бірдемені білдіру үшін дыбыстармен тіркеседі. Сөз өзінің мағынасы арқылы ұғыммен байланысты болады. сөздің мағынасы мен ұғымы тепе-тең емес. «Мағына ұғыммен бірігіп кетпейді, оның болуын аңғартады»[1, 82]. Сөздің табиғатын түсіну үшін, онымен аталатын зат пен оның білдіретін ұғымының және дыбыстық жағының ара қатынасын айқындау қажет. Сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз дыбыстық комплекстің ақиқат өмірдегі құбылыстардың бірімен белгілі бір тілде сөйлеуші коллектив арқылы белгіленген байланысы болып саналады[2, 47]. Дыбыс тіркесі мен заттың арасында ешқандай табиғи байланыс жоқ. Зат дыбыс тіркесімен белгіленгенде атауға сол заттың бір белгісі негіз болады. заттың аталуына негіз болған о бастағы белгісі уақыт өткен сайын күңгірт тартып ұмытыла бастайды. Осыдан келіп түбір сөздің этимологиясы күңгірттенеді, оның шығу тегі арнайы зерттеулердің нәтижесінде айқындалады. Кейбір туынды сөзге негіз болған белгі анық аңғарылып тұрса, кейбірі көмескі тартып, терең зерттеулерді қажет етеді. Ұғымда эмоциялық бояу жоқ, ал сөз түрлі эмоциялық реңге ие.

Сөз, оның негізі, түбір дегендер сөзжасаммен, сөйлемдегі сөздерді байланыстыратын категорияны тануға, олардың орнын анықтауда аса маңызды. Әр түрлі тұлғада қолданылатын сөздің бәрі негіз немесе түбір емес. Сөз бен негіздің жігін ажырату тіліміздің көне тарихымен байланысты. Сөз бен түбірдің жігін ашу жұрнақ пен жалғаудың, лексика мен грамматикаға бірдей қатысты категорияны таза грамматикалық категориядан ажырату тіл білімі үшін аса қажет. Сол сияқты етістік түбірі етістік деген ұғымдар бір емес. Сөз түбірі дегенді әр сөз табы тұрғысынан түрліше түсінуге болады, бұл жөнінде В. В. Виноградов сөздердің формалары немесе сөздердің түрленуі дегенді әрбір сөз табы тұрғысынан жеке алып қарау қажеттігін атап көрсеткен болатын. [9, 110].

Сөздерді түрлендіретін аффикстер мен сөзжасам жұрнақтарының арасындағы жақындық, бұл екі категорияның сөз таптарына тікелей қатыстылығын көрсетеді. А. Хасенова түбір мен сөзді тіл білімі тұрғысынан алып қарағанда бір-біріне эквивалент деп біржақты түсіну, түбір мен сөз арасында үнемі пара-парлық белгі қоюға дейін апаратынын айтады[10, 52]. Сөздің түбірі деген лингвистикалық атауды әр сөз табы тұрғысынан түрліше түсінуді қажет етеді. Сөз бен түбір деген-

ді теңдей қарастыру көп жағдайда дұрыс бола бермейтіндігін лингвист ғалымдардың негізге, түбірге, сөзге, берген пікірлері мен анықтамаларынан көрінеді Қазақ тілі грамматикаларында түбір, негіз деген мәселелер жөнінде әр түрлі ғылыми пікірлер бар.

«Түбір» сөзіне «Қазіргі қазақ тілі» 1954 атты еңбекте «Бірнеше сөзге ортақ лексикалық мағынаны білдеретен негізгі бөлшек – сөздің түбірі немесе түбір деп аталады» - деген анықтама берілген[11, 128]. А. Ысқақов «Түбір морфема – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі» деп көрсетеді. 1954 жылғы Қазіргі қазақ тілінде «Түбір мен негіздің мынадай айырмашылығы болады: түбір бірнеше сөзге ортақ (жалпы) лексикалық мағынаны білдіреді, ал негіз жекежеке сөзге тән дара лексикалық мағынаны білдіреді, түбірдің мағынасынан гөрі негіздің мағынасы анағұрлым дәлірек те, айқынырақ болады. егер негізде ешқандай мағыналы басқа бөлшек болмаса, түбір мен негізде айырмашылық та болмай, бірдей түйісіп отырады» -деген түсініктеме берілген[11, 128].

А. Салқынбай негіз жөнінде «Негіз дегеніміз – белгілі ұғымды таңбалайтын, лексикалық мағынасы бар атау сөз». Мысалы: *ай, ынта, айшық* т. б. Негіздің қосымшадан ерекшелігі – лексикалық мағынасының болуы, әр атаудың белгілі ұғымды таңбалауы. Негіз құрамына қарай екіге бөлінеді: түбір және туынды сөз - деген анықтама береді[12, 210].

Түбір мен негіз жөнінде К. Аханов түркі тілдерінде сөздің түбірі мен негіз сөз мағынасы мен формасы жағынан бір-бірімен сәйкес келе беретінін айтады. Етістіктің бұйрық райының II жақ формасы етістіктің әрі негізі, әрі түбірі ретінде ұғынылып дербес сөз ретінде танылады. Дербес сөз ретінде қолданылу түркі тілдеріндегі түбірге немесе негізге тән қасиет деп көрсетеді[13, 276]. К. Аханов түбір морфема мен сөздің негізі туралы, түбір морфема сөздердің әр түрлі лексика-грамматикалық топтары үшін бірдей ортақ морфема ретінде қызмет атқарады. Мысалы: *бас* морфемасы *бастық, басшы, баспа* т. б. деген зат есімге де, *басты, бассыз* деген сын есімге де, *баста, басқар* деген етістікке де түбір болатынын айтады. Негіздің түбірден айырмашылығы сол, ол сөздердің әр түрлі лексика-грамматикалық топтары үшін емес, белгілі бір лексика-грамматикалық тобының формаларына ортақ болады, мысалы, «*бас*» формасы жоғарыда аталған зат есімдердің де, сын есімдердің де, етістіктердің де бәріне ортақ болса, *бастықтар, бастыққа, бастығың* т. б. деген зат есімдерге ортақ негіз «*бастық*», ал *бастап, бастағаны* т. б. деген етістіктердің, формаларының бәріне ортақ негіз «баста». Ал «*басқара, басқарар, басқарып» т.* б. етістік формаларының негізі - *басқар*. Бұдан қорытынды: түбір морфема сөздердің қандай лексика-грамматикалық топқа жататындығына (қай сөз табына) қарамастан, бәріне ұйытқы болатын элемент те, негіз – белгілі бір лексика-грамматикалық топқа (сөз табына) қатысты бір сөздің әр түрлі формаларының бәріне бірдей ұйытқы. Түбір морфема сөздердің ары қарай бөлшектеуге келмейтін негізгі лексикалық мағынаны білдіретін түп бөлшегі болса, негіз түбір мен жұрнақтың қосындысынан жасалады. Негіз бір ғана морфологиялық элемент – таза түбірден де құралуы мүмкін. Мұндайда түбір мен негіз, сөз бен түбір немесе сөз бен негіз тәрізді единицалар бір-бірімен сәйкес келеді. Мәселен, от, өт т. б. деген сөздерде – дейді[13, 279].

Сонымен бұл жағдайлар сөз бен түбір және негіз дегендерді бірінің орнына бірін қолдана берудің көп жағдайда дұрыс бола бермейтінін таныта түседі. В. В. Виноградов сөздердің формалары, түрленуі дегенді әр сөз табы тұрғысынан өз алдына жеке алып қарау қажет екендігін айтқан болатын[9, 110].

Қазақ тілі грамматикаларында, түркітанымдық әдебиеттерде етістік түбірін белгілейтін анықтама бар. Ол анықтама бойынша бұйрық райдың екінші жаққа қаратылып айтылатын анайы түрі етістіктің түбірі делінеді[11, 280]. Олай болса, *барма, келме, айтпа* деген етістіктер бұйрық райдың екінші жағында айтылғанымен түбір етістік деп тануға болмайтындығы жоғарыдағы анықтаманың бір жақтылығын көрсетеді. Бұл мәселе жөнінде 2002 жылғы Қазақ грамматикасында етістіктің түбір тұлғсы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді, сондықтан оларды ажырата білу қажеттігін айтып, алғашқы пікірлер мен анықтамалардан басқаша анықтама берген[14, 49].

Түбір морфемалар сөздердің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін сөз мағынасының негізгі ұйытқысы ретінде көрінеді. Орхон ескерткіштеріндегі етістіктер түбір морфема, қосымша морфема болып қолданылған, бірақ ескерткіштердегі етістіктердің бәрі бір формада тұра бермеген. Кейде түбір тұлғалы (түбір морфема), кейде түбір мен қосымша морфемалы болып отырған. Мысалы*: ағ, ай-айт, ег-майыстыр, ет, ба-байла, інтөмен түс, іл, іч, қач-қаш, сео-сүй, көр, ті-айт, сық, сүр-қу* т. б. етістіктерді алсақ, ешбір қосымшасыз түбір тұлғада тұрып жалаң қолданылған етістіктер. Бұлар негізгі морфемалар, негізгі тұлғалар. Орхон ескерткіштерінде кездесетін *ағыт, атлат-аттандыр, есітгіл, есідің-есітіңдер, ігіл-жоғарылат, ічігір-бағындыр, йабрыт-әлсірет, иәғыт-жапқыз, иараматты- жарамады, қалдиур-қалар, еклүр-келтір, сөзлеш-сөйлес, сүле-соғыс, сүңіс-соғыс, тапла-тапта* т. б. сөздер жалаң түбірлер емес*, ақ, ат, ес, иап-жап, йаражара, қал, кел, сөз, сү-сок, тап* т. б. түбір тұлғалар мен түбір морфемалар *мен –ыт, -лат, -ітгіл, іл, -ігір, -рыт, -ыт, матты, -йур, -леш, -ле, -ла* т. б. қосымшаларынан құралған Бұл етістіктер түбір

бір морфемалар мен грамматикалық көмекші морфемалардан құралған. Біз бұл мысалдардан Орхон ескерткіштерінің екі түрлі түрін көреміз. Бірінде ешбір қосымшасыз түбір етістіктерді, екіншісінде қосымша морфемалы туынды етістік түрінде қолданылған. Орхон ескерткіштеріндегі етістіктер жалаң етістіктер болып қолданылумен шектелмейді. Ескерткіштерде біріккен, қосарланған, тіркескен етістіктер жиі ұшырасады. Ол етістіктердің құрамы түбір морфема мен көмекші морфемадан ғана құралмайды. Ол етістіктер кем дегенде дербес екі етістіктен құралған да, оларды түбір морфема, көмекші морфема деп бөлуді қажет етпейді. Олардың сөздік құрамындағы жеке етістіктер сол қолданыстағы күйінде бүтін тұлға, бүтін бір морфема ретінде танылады. Сөйтіп күрделі етістік құраушы морфемалар ретінде танылады. Мысалы: *бірүр-беріп жатқан, өлтегісін-өлмешісің, йуғчы-сығытчы(жылағансықтаған, олу-йіту, (өліп-тіріlу), істейін-етпек болып т. б.* етістіктер жеке сөз түрінде емес, күрделі, біріккен, тіркескен сөздердің құрамындағы жеке-жеке морфемалар ретінде қаралады. Бірақ бұл жердегі морфемалар туынды түбір етістіктердегідей түбір және қосымша морфемалар болып бөлінбеген.

Сонымен ескерткіштердегі етістіктердің құрамы туралы пікірімізді қортындыласақ, ескерткіштер тіліндегі етістіктер қолданылу мақсатына қарай жалаң етістіктер бірде түбір етістіктер, бірде түбір мен көмекші морфемадан тұратын туынды етістіктер болып қолданылған. Ал күрделі етістіктер екі түбір морфемадан, екі лексикалық мағынасы бар етістіктерге бір қосымшаның қайталануынан жасалып отырған. Сөздің құрамындағы түбір морфема мен қосымша морфемалардың жүйесі, орын тәртібі т. б. бірліктер кейбір сөздерде қазіргі қазақ тіліндегі сөз қолданыстан басқаша қолданылған.

*К*өне ескерткіштерде *-ін, -ып* көсемше жұрнақтарының орнына түгел дерлік *–у* қосымшасы қолданылған. «Күлтегін» ескерткішіндегі *Өлуйіту қозғантым* (*өліп-тіріліп құрадым*) деген сөйлемдердегі етістіктер осыны көрсетеді. Етістіктердің қайталанып қолданылуы жөнінде қазақ тіл білімінде мынадай да қағидалар бар екендігі белгілі. «Қазақ тіл білімінде етістіктен болған қос сөздердің барлығы да үстеулерге жатқызылады» деген пікір асығыстау шығарылған қорытынды екендігін айтқымыз келеді.

Қосымшалардың лексика-грамматикалық мағына туғызуға қатысы сөз тудыру мен сөз түрлендірмен тығыз байланысты. Сөз тудыру мен сөз түрлендіруші қосымшаладың ара жігін ажырату үшін басшылыққа алынатын қағидалар: 1)жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгерту, өзгертпеуі. 2) грамматикалық абстракция жасай алуы. 3)сөз тудырушы қосымшаның жалғанған сөзімен сол сөз табының жүйесімен құбылуы. 4) сөйлемдегі сөз байланыстырушы қызметі. 5) сөздіктерге ену-енбеуі.

Осы орайда түркі тіл білімінде қосымшалардың жіктелуінде алшақтықтар бар екендігі де ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Түркі тіл біліміндегі қосымшалар екіге бөлінеді. 1)сөз тудырушы аффикстер 2)сөз түрлендіруші аффикстер. Бұл жіктеуді жақтаушы Н. А. Баскаков. Оның жіктеуі бойынша сөз түрлендіріші аффикске жалғаулар жатқызылып, қалған қосымшалардың бәрі сөз тудырушы аффикстерге жатқызылады. Сөз тудырушыларды іштей лексика-грамматикалық, функцио-нальды-грамматикалық топқа жіктейді. Осы үлгіде аффикстерді тек екіге жіктеу Э, В. Севортян, К. М. Мусаев, Л. Н. Покровская т. б. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Қосымшаларды жіктеудегі келесі ғалымдар аффикстерді үш топқа бөледі. 1) сөз тудырушы аффикстер, 2) форма тудырушы аффикстер, 3)сөз түрлендіруші аффикстер. Бұл үлгіні жақтаушы ғалым-дар:В. Н. Хангельдин, А. А. Пальмбах, Б. А. Орузбаева, А. Ысқақов, А. Қалыбаева, А. Ибатов т. б. Қосымшаларды жіктеудің үшіші үлгісі аффикстерді қайтадан екі топқа топтастырады. Олар:1)сөз тудырушы аффикстер 2)форма тудырушы аффикстер. Бұл жіктеудің алдыңғы жіктеулерден өзгешелігі, бұрынғы сөз тудырушы аффикстер сол күйінде қалып, форма тудырушы мен сөз түрлендіруші аффикстер біріктіріліп, форма тудырушылар тобын құрайды. Бұл үлгіні қалыптастырушы белгілі түркітанушы ғалым А. Н. Кононов. Мұны жақтаушы ғалымдар: С. Усманов, Д. Г. Тумашева, қазақ тіл білімінде Ы. Маманов, С. Исаев сияқты ғалымдар болды.

Қазақ тіл білімінде. С. Исаевтың жіктеу үлгісінде сөзжасам қосымшаларының бір тармағы «функциялық қосымшалар» деп атайды.

В. М. Насилов қосымшаларды 1)сөз тудырушы, 2(сөз түрлендіруші, 3) кірістіруші аффикстер деген жіктеуін 1958 жылы-ақ жасады.

Куман тілінің зерттеушісі М. А. Хабичев қосымшаларды сөз тудырушы аффикстер, сөз түрлендіруші аффикстер, форма тудырушы аффикстер, синкретикалық аффикстер деп топтастырады. Ол синкретикалық топқа –лы, -лі, –сыз, -сіз қосымшаларын жатқызады. Бұл қосымшалар сөз де тудырады, форма да тудыратын қосымшалар деп көрсетеді. Ал –дай, -дей, -дағы, -дегі, -ша, -ше қосымшаларын форма тудыратын қосымшалардың қатарына жатқызады.

Түркі тіл білімінде сөздердің негізгі тұлғасы есім, етістік сөздер тұлғасында болатынын алғаш рет айтқан В. В. Радлов болды.

20- жылдары Жан Дени түркі тілдеріндегі негіз сөздердің көпшілігі есім сөздер болған -дейді[15, 13]. Бұл пікірді К. Гренбек те қолдай-ды[16, 8]. Э. В. Севортян бұл еңбектер есім сөздердің тек сөйлемдер мен сөз тіркестеріндегі қасиетіне көңіл бөлген, сондықтан олар есімдер мен етістіктерге мардымды жауап бере алмайтынын айтады.

П. М. Мелиоранский ежелгі негіз сөздердің

ертеде түркі тілдерінде етістік пен есім түбірлердің жігі қазіргідей айқын ажыратылмаған, қазірдің өзінде әрі есім, әрі етістік мағыналы түбірлердің кездесетінін айтады[17, 11].

Мұндай зерттеулер И. А. Батманов, Н. А. Баскаков, Г. Рамстедт т. б. зерртеулерде де айтылады.

Сөздің дамуының нәтижесінде атауыш сөздердің көмекші сөзге айналуы, көмекші қызметін атқарған сөздердің қосымшаларға айналып отыруы тілдерде кездесіп отыратын құбылыс.

Бұл процестің өту сипатына тоқалып өтейік. Мысалы, «ақырын» үстеуін алайық.

Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде «*ақырын*» үстеуіне мынадай анықтама берілген. 1. *жай, аспай-сапа. 2. Ептеп, білдірмей. 3. Байқа, абайла.* Морфологиялық құрылымы жағынан үш бөлікке бөлінеді. *Ақ*-түбірі, *-ыр* етістік тудыратын жұрнақ, *-ын* үстеу жасайтын жұрнақ. Көне ескерткіштерде бұл үстеу, *aqru - жай* деген анықтама берілген.

1. *aqru* elgin toqidi qapui – он *тихо* постучал в двер рукой(QBN, 242(2). Ол есікті қолымен *жай* тықылдатты[18, 49].

2. bu ai toldi oldurdi *aqru* silik (QBN, 79, 12). I. Этот Ай-Толды сидел *спокойно*[18, 49].

Көне ескеткіштерде «ақырын»үстеуі, *aqru - ақру* түрінде қолданылса XI ғасыр ескерткіштерінде, М. Қашқари заманында оған *–н* қосымшасы қосыл-ған. Мысалы: bulmus neniq sevar sen *aqrun* anar sevingil. Сен байлығыңның артқанын сүйесің, оған жай(азырақ) қуан[18, 49].

Түркі тілдерінің қырғыз, қарақалпақ тілдерінде «ақырын» башқұрт тілінде «akrin», татар тілінде *әкрең*, хақас тілінде *ағырың* болып қолданылған.

Қазіргі қазақ тіліндегі *ақырын* сөзі *-ы-н* аффикстері арқылы етістіктен жасалған туынды үстеу.

Ғалым Б. Сағындықұлы ілгері заманда түбіртектердің лексикалық немесе грамматикалық мағынасын негізінен дауыссыздар сақтап қалғандығын айтады. «Ақырын» сөзінде –ын аффикстері үстеу жасайтын жұрнақ, сөздің түбірі *ақр-ақыр* эпентеза құбылысының әсерінен *ақыр* сөзне айналған. *Ақыр* сөзінің түбірі *қор* сөзі. Үнемдеу заңының әсерінен «қр» болып эпентезаға ұшыраған. Түбіртек жасауға қатыспайтын протеза «а» дыбысын алып тастасақ көне түркі тілінде «қор» сөзі «азаю», бәсеңдеу деген мағынаны білдіреді. Мысалы:

1. asiv tut ja *qor* jas – извлекай пользу или же имей *убыток*[18, 458].

2. Jana *qorqa* tusar ne bulmas – он снова терпит убыток и ниего не приобретает[18, 458].

3. baru artti soqluq *qoradi* sevine – увеличилась жадность – *уменшилась* радость[18, 458].

Ақырын үстеуі үш дыбысты «қор» бітеу уыны СГС түбірінен тарихи дамудың нәтижесінде «ақырын» үстеуне айналған.

Ақырын үстеуін талдасақ, қосымшадан бастап талдау арқылы *–ын* үстеу жасайтын жұрнақ, *-қыр, -қор* сөзінен дыбыстық *ы/о* алмасудың нәтижесінде жасалған, *а* дыбысы протезаның әсерінен қосылған. Біздің пікірімізше, *ақырын* үстеуінің түбірі *қор* СГС, формасы іштей бөлшекетеніп, СГ - *қо* әуелгі түбрден (түбіртектен) пайда болған.

Ақыры сөзінің тарих бойында даму, өзгеру процесінің сипатын қарастырып көрейік. Бұл үстеуге қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама берілген. 1. *соңы, кейінгі, ақырғы кезі*. 2. *түбі, арты*. 3. *ақырында, ақыр аяғында, ең соңында*. Ромбиктен кейінгі:1. *ең аяғы, керек десең*. 2. *сабыр ет, тәубе қыл*. Морфолгиялық құрылымы жағынан екі бөліктен тұрады. *–ы* 3 - жақтың жалғауы, *қыр, -қор, ы/о* дыбыстық алмасулар. *Қор* сөзі *азаю* деген мағынаны білдірген. Үнемдеу заңының ықпалымен *о* дыбысы *ы* дыбысына айналған. Нәтижесінде, *ақыр* үстеуінің түбірі *қыр* көне түркі тілінде *бәсеңдеу, азаю, кему* болса, *ақыр* үстеуіне Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде *соңы* деген анықтама берілген. Олай болса, *ақыр* үстеуінің мағынасы қолданылу ыңғайына қарай бірде мезгілдік, бірде себептік мағынада қолданылатын шылау.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөз, түбір, негіз олардың түбірі, астапқы қолданысы жөнінде осындай әр түрлі пікірлерді ескергенде, бұл мәселелерді қазақ тіл білімі тұрғысынан қамтып, әлі де зерттей түсу тіл білімінің маңызды міндеттерінің бірі екендігі даусыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абрамян А. А. «Значение как категория семиотики» «Вопросы философии», 1865, №14, -82 с.

2. Жирмунский В. М. О границах слова. Морфологическая структура слова в языках различных типов. М-Л. 1963. -293 с.

3. Баскаков Н. А. Морфологическая структура слова в тюркских языках. Морфологическая струтура слова в языках различных типов М-Л, 1963, -76 с.

4. Севортян Э. В. Морфологические строение слова в связи с другими его характеристиками Тюркологический сборник. М., 1972. -132-134 с.

5. Сауранбаев Н. Т. Қазақ тілі. Алматы. 1953. -15 б.

6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі, Алматы. 1991. - 6 б.

7. Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. Алматы. 1983. - 21 б.

8. Скорин П. Я. К вопросу о границах слова. – Морфологическая структура слова в языках различного типа. М-Л., 1963. -17 с.

9. Виноградов В. В. «Вопросы теории и история языка» М., 1952. - 81 с.
10. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы. 1971. - 52 б.
11. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. 1954. -128 б.
12. Салқынбай А., Қазіргі қазақ тілі, Алматы. 2008. - 210 б.
13. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы. 1993. -279 б.
14. Қазақ грамматикасы, Астана. 2002. - 49 б.
15. Deny J. Gramaire de la langue turqye Paris 1920. -13 с.
16. Gronech K. Der turkische sprachbau Kobenhavn. 1936. - 8 с.
17. Мелиоранский П. М. Памятник в честь Кюль - Тегина. СПб. 1899. -11 с.
18. Древнетюркский словарь. Изд. «Наука», -Ленинград. 1969. – 49 с.

ӘОЖ 81:39

ҚҰРБАНОВ А. Г.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

АСАН Н.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

КІСІ АТТАРЫНЫҢ ПРЕЦЕДЕНТТІК ЭТНОЛИНГВИСТИКАСЫ

Түйіндеме. Бұл мақалада қазақ тіліндегі есімдердің прецеденттік этнолингвистикасы қарастырылады.

Кілт сөздер. Қазақ тілі, этнолингвистика, оқу.

Резюме. В данной статье рассматривается прецедентная этнолигвистика имен на казахском языке.

Ключевые слова. Казахский язык, этнолингвистика, изучение.

Summary. This article examines the precedent ethnolinguistics of names in Kazakh.

Key words. Kazakh language, ethnolinguistics, study.

Қазақ тіл біліміндегі *тіл* мен *мәдениет* сабақтастығына негізделген қағидаға сәйкес жүргізіліп жатқан зерттеулерде мәдениеттің өзі метатіл деп анықталып, оның коммуникативтік, кумулятивтік, әлеуметтік қызметтерін талдауға қазақ тіл білімінде ерекше назар аударылуда. Осы тұрғыдан қарағанда, мәдениет метатілін этномәдени негізде сипаттайтын өзекті арнаның бірі жалқы есімдердің (антропонимдердің) лингвомәдени, әлеуметтанымдық жүйесі.

Тарихи дереккөздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, фразеологиялық, паремиологиялық, прецеденттік жүйедегі тілдік деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі - қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің негізгі арқауы.

Ұлт тарихындағы маңызды оқиғалар тілдің құжаттық, мәдени танымдық қызметінің негізінде фразеологиялық, паремиологиялық жүйеде, көне мәтіндерде тарихи есімдер арқылы таңбаланып, халық жадында сақталады. Ерекше ұлттық мазмұндық сипаттағы, мәдени ақпараттық мәні басым бұл атаулар тіл білімінде *прецеденттік* деп анықталып, тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастырылады. Мысалы, *Ердің соңы – Есет, пірдің соңы – бекет, Асан қайғыға салыну.*

Тіл арқылы мәдениетті тану қызметіне байланысты зерттеуші Г. Мәдиева бұл атаулардың мәнін төмендегідей бағалайды: «К ядерным элементам национальной когнитивной базы относятся прецедентные имена, которым принадлежит одна из ведущих ролей в накоплении и передаче культурной информации, понимании определенной ситуации и целого комплекса ассоциации, которые возникают при актуализации прецедентного имени в речи» [1, 122 б.].

Прецеденттік антропонимдер халқымыздың ұшқыр ойы мен даналығынан туған бай ауыз әдебиеті мен шежіре тарихынан алынған фольклорлық мәтіндерде тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, наным-сенімге қарай бірнеше топқа бөлініп қарастырылады. Мысалы, мифтік бейнелер: *Әзірет әли,* пайғамбарлар *(Дәуіт, Мұса, Сүлеймен), Қанбақ шал, Қыдыр ата;*

Ел аузындағы есімдер: *Асан қайғы, Аяз би, Қорқыт, Қобыланды, Толағай;*

Қасиетті пірлер мен әулиелер: *Бибі Фатима, Қожа Ахмет Иассауи, Ұмай ана;*

Тарихта болған тұлғалар: *Абылай хан, Қасымхан, Есет батыр;*

Әдеби мәтіндердегі персонаждар: *Дайрабай, Мырқымбай* (Б. Майлин), *Судыр Ахмет* (Ә. Нұрпейісов);

Ойдан шығарылған аттар: *Алтай, Қамбар, Шығайбай, Тоңқылдақ* т. б. ;

Осы тектес антропонимдер мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, қанатты сөздерде, бата сөздерде, нақыл сөздерде көптеп кездеседі.

Мысалы: *Түгел сөздің түбі бір,*
Түп атасы Майқы би

Майқы би – ел билеген көсем, басынан сөз асырмаған шешен. Аңыз бойынша Орманбет би қайтыс болған соң қазақтарды үш жүзге бөлген осы Майқы екен. Жұрт оны «Қарқуардай Майқы» деп, таңның атысы күннің батысы талмай шырылдайтын құсқа теңеген. «Майқы айтты» деген сөздің көпшілігі халық даналығына айналып кеткен.

Аяз би, әліңді біл,
Құмырсқа жолынды біл. [2, 73 б.].

Аяз би - Жаманұлы данышпан, шешен, ертедегі кейіпкері, атақты Майқы бидің қабырғалы биінің бірі. Бірде Құмырсқа батыр екеуі Майқы бидің алдын кес кестей беріпті Сонда Майқы би:

Билер, бүгін Майқының алдын кесесің,
Ертең жұртың төбесін тесесің.

Майқының да айтатын кебі бар,
Айтуға аузының да ебі бар.
Аязби, әліңді біл
Құмырсқа, жолынды біл деген екен.

Бұл мақалдың философиялық мәні қандай да болмасын биікке шыққан адамның, бақ-дәулетке мастанбай, тура жолдан таймай, таза ақырын жүруге тиіс.

Ұмайға табынса, ұлды болар.

Түркі жұртында *Ұмай* - жер ана нәрестелердің қамқоршысы, шаңырақтың, ошақтың киесі қолданушысы деген түсінік бар. Сондықтан бала көтермеген әйелдер *Ұмай* анаға жалбарынып, бала сұраған. Көне ескерткіштерде *«Ұмай текті шешем қатып құтына, інім Күлтегіннің ер атағы шықты»* деген сөйлем кездеседі. Сәбиді шомылдырып, сылау кезінде *«Менің қолым емес, Ұмай ананың қолы»* деп кие тұтып, табынған.

Қайда барсаң да Қорқыттың көрі.

Қорқыт VIII ғасырда жасаған мәшһүр ақын, күйші, ойшыл, данышпан адам болған. Қорқыттың әдеби-музыкалық мұрасы тек қазақ халқы емес, бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ асыл қазына. Қорқытқа байланысты аңыз әңгімелер, жырлар «Қорқыт атаның кітабы» деген шығармада толық берілген.

Қайда барсаң да Қорқыттың көрі

Бұл мақал Қорқыт бабамыздың мәңгі жасауды армандап, ажалдан қашып, дүниенің төрт бұрышын кезген көрінеді. Өлімен қалай қашса да, алдынан қазулы ор шыға берген. Қайда барса да *«Қорқытқа қазылып жатқан көр»* деген сөзді естіген. Осыдан *«Қайда барсаң да Қорқыттың көрі»* деген нақыл сөз шыққан.

Кез келген атауды, қалай болса солай атауға болмайды. Егер халық қабылдап мақұлдап, бойына сіңіріп алса ғана дұрыс атау деуге болады. Уақытша ғана аталған атаулардың мәні жоқ, елеулі әлеуметтік оқиғамен байланысты атауларды, халық қабылдайды. Әлеуметтік оқиға және сол оқиғадағы тарихи тұлғаларына байланыстыра кісі есімдерін қойяды. Мысалы, *Жеңіс, Кенес, Батыр, Мырзат, Шынғысхан, Жәнібек* т. б.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы ғажайып сырлы атаулардың бір саласы фольклор кейіпкерлерінің есімі. Халықтың ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыз, өлең, жыр үлгісіндегі көптеген кейіпкерлердің есімі беріледі. Олар *Қожанасыр, Алдаркөсе, Ер Төстік, Балуан Шолақ, Ходжа Насредин, Қанбақ шал, Алпамыс батыр, Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш-Баян сұлу* т. б. Бұл есімдер кейіпкерлердің мінез-құлықтарын, образдарын көрсетеді. Мысалы: *Қожанасыр* десек, осы есімді кісі аңыздағыдай аңқау, аққөңіл. Сонымен аңқау, сенгіш адамдарды кейде *Қожанасыр* деп те атайды. Ал қу, айлакер адамды *Алдаркөсеге* теңейді. Қазақ халқында махабат символы деп *Қыз Жібек пен Төлеген* немесе *Қозы Көрпеш-Баян сұлу* осы ғашықтардың есімдерімен байланысты айтады.

Ономаст-ғалымдар жалқы және жалпы есім арасында болатын ауысу заңдылығын тілге тән құбылыс ретінде зерттеп, оны онимизация және деонимизация тәсілі негізінде қалыптасқан деп қарастырады. Осымен байланысты Т. Жанұзақ, Қ. Рысберген көркем әдебиеттегі басты кейіпкерлер дің жалқы есімдерінің жалпы мағынаға ие болуын тілдің танымдық қызметімен байланыстырады. Мысалы, *Қарабай, Қарынбай, Шығайбай, Мырқымбай, Қожанасыр, Жантық* тағы басқаларды мәдени таңба ретінде прецеденттік ұғым беретін атаулар деп қарастырылады.

Түркі халқының, оның ішінде қазақ халқының поэтикалық шығармаларындағы прецедентті есімдерін қарастырған Г. А. Қажығалиева, Г. Б. Мадиева, Г. К. Исанғалиева, С. К. Иманбердиева. Орыс тіл білімінде Ю. Н. Караулов, Ю. А. Сорокин, В. Г. Костомаров, И. В. Захаренко т. б. зерттеулер жүргізіп отыр.

Прецедентті есімдер жөнінде Ю. Н. Карауловтың айтуынша: «Сонымен қатар прецедентті мәтінді (есімдерді деп атау С. Иманбердиванікі) тек көркем шығармамен байланыстырып зерттеу дұрыс болмас, өйткені мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, олар көркем шығармаға түспес бұрын миф, аңыз, әңгімелерде қолданылды, екіншіден қазіргі кезде көркем шығармамен бірге діни, сонымен қатар халық ауыз әдебиеті (ертегі, мақал-мәтелдер, т. б.) және тарихи- философиялық пен саяси публицистикалық шығармалар да прецедентті мәтін қатарына жатады деді.

Осындай прецеденттік мәтіндердің мазмұнының астарында тарихи тұлғалардың, мифтік бейнелердің аттарында, яғни антропонимдерде ұлттық болмыс пен мәдениет сақталған. Осы тектес атаулардың тағы бір тобы – поэтонимдер.

Тіл білімі көлемінде поэтикалық антропонимия немесе ономопоэтика - әдеби көркем туындылардағы жалқы есімдерді (поэтнонимдерді) зерттейтін ономастиканың бір тармағы.

Ономопоэтика жалқы есімдердің құрылым принциптерін, мәтіндегі қолданыс, сондай-ақ автордың стилін, дүниетанымын, мақсатын айқындайды. Поэтикалық ономастика нысаны сатиралық шығармалардағы кейіпкер аттары арқылы бейнеленген каһармандар мен кейіпкерлердің тарихи дәуірдің даму мен әлеуметтік мәнін ашуда қаншалықты рөл атқаратын зерттейді.

Жекелеген шығармалардағы персонаж аттардың сөз төркінін ашуға көңіл бөлген ғалымдар Р. Әміров, Е. Жұбанов, Х. Нұрмұханов, Ф. Мұсабаева, А. Мұқатаева, Г. Қортабаева, Қ. Жаппарова т. б. Сондай-ақ профессор М. Балақаевтың газет-журнал беттеріне сатира мен юмор жанрында қолданылатын кейіпкер атттары туралы жарияланған мақалалары бар.

Сатира (мысал, мысқыл, өлең, сықақ әңгіме, повесть, романдар, фельетон) мен юмор (пародия, эпиграмма, юморесека) жанрында ұшырасатын кейіпкер табиғаты, әдетте өзінің образдылығы, мәнерлігі және ылғи ауыс мағынада қолда-

нылатындығымен ерекшеленеді. Өйткені сатира, юмор - әрі көңілді, жеңіл, қуаныш, ренішке бейім өнер болғандықтан, оның әрбір кейіпкерлерінде эстетикалық, эмоциялық т. б. ақпарат болады. Біз үшін оның маңыздысы оның ұлттық сипатында, арнайы зерттеуінде құрамында дене мүшелерінің атаулары (соматика) бар кейіпкер аттары талданған. Яғни осы бас-көз, бет-ауыз, тіл-жақ мұрын, қол-аяқ т. б. атаулардан Г. Қортабаеваның зерттеу нәтижесінде 250-астам сатиралық юморлық поэтнонимдер жасалған [3, 75 б.].

Осы мәселеге қатысты зерттеушілер поэтонимдердің мынадай белгілерін атап көрсетеді: жасалу жағынан туынды, яғни жазушылар оны дайын үлгіде жасайды; белгілі бір суреткердің шығармашылық, стилдік, эстетикалық танымына сәйкес жасалады; кейіпкерді сипаттайды; көркем тілдің жемісі т. б.

«Сатиралық кейіпкер аттарын «ойдан шығарылған», «қиялдан туған», «жасанды» аттар, оның астарында деп санайды. Жалпы алғанда, ұлттық болмысты сипаттайтын тіл мен мәдениет сабақтастығында көрініс тапқан мұндай атаулардың қолданысынан қазақи мінез, әзіл-қалжың, салт-дәстүр, тарихы саясаты, мәдениеті көрінеді. Сондықтан да *Қожанасырдан* бастап, кейінгі *Дайрабай*, *Мырқымбай*, *Судыр Ахмет*, *Қарақатын* т. б. сияқты поэтонимдердің мәдени-танымдық қызметі өз жалғасын табуда.

Қорыта келгенде, прецедентті есімдер дегеніміз поэтикалық шығармалардағы, фольклордағы келтірген кейіпкерлердің есімдері. Прецедентті есімдер біздің мәдениетімізде, әдебиетімізде, тарихымызда ерекше орын алады және антропонимдердің этномәдени, әлеуметтік аспектісін мазмұнды сипаттайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Г. Б. Мадиева Теория и практика ономастики. – Алматы: Қазақ университеті, 2003, – С. 28-29.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977 82 б.
3. Қортабаева Г. Қ. Соматикаға қатысты сатиралық юморлық поэтноимдердің тілдік табиғаты. Академик Ә. Т Қайдар және тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Дайк Пресс 2004. –36 б.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ
НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ
ART SCIENCE

UDC: 94(574)

KARAZHIGITOVA K. N.,
Candidate of pedagogical sciences, docent
South Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent, Kazakhstan

NURMANOVA ZH. K.
Candidate of pedagogical sciences, senior teacher,
South Kazakhstan State Pedagogical University,
Shymkent, Kazakhstan
E-mail: zheniskul-kolbai@mail. ru

ETERNAL COUNTRY IS THE SUPPORT OF THE COUNTRY OF INDEPENDENCE

Түйін. Бұл мақалада нағыз қаһармандардың нақты ерліктері туралы айтылады: тарихи тұлғалар, өз өмірін қию арқылы даланы қаншама қырғыннан құтқарған біздің ата-бабаларымыз, әрбір дала қазақтарының оты сөнбеуі үшін, тарыдай шашылған қазақтардың бытырауына себепкер де болды. Қазақ халқының жері оның кең жері мәңгілік. Біздің тарихымыз Мәңгілік - ал ел Мәңгілік. Елбасымыз айтқандай. N. Ә. Назарбаев, «Тәуелсіздік - бұл халқымыздың азаттық пен тәуелсіз дамуы үшін күрестің ғасырлық тарихының нәтижесі». Тәуелсіздік бізге оңайға соқпады. 30 жыл ішінде халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін көптеген қадамдар жасалды. Қысқа уақыт ішінде үлкен қалалардың салынуы көрегендіктің, тамаша саяси шешімнің және біздің президенттің еңбегінің дәлелі.

Түйінді сөздер: тарихи, ата-бабалар, дала, тұлға, күрес, ғасырлар, адамдар.

Резюме. В данной статье рассказывается о настоящих подвигах настоящих героев: исторических личностей, наших предков, которые ценою своей собственной жизни спасали от набегов родную степь, чтобы не погас в печи каждого степного казахаогонь, чтобы навсегда поселился на его необъятной земле, народ и мой земле всего казахского народа. Наша история Вечна – и страна Вечна. Как сказал наш Елбасы. Н. Ә. Назарбаев, "Независимость - результат многовековой истории борьбы за свободу и самостоятельное развитие нашего народа". Независимость пришла к нам не просто. За 30 лет было предпринято огромное количество шагов, направленных на улучшение благосостояния народа. Строительство больших городов за короткое время – это есть свидетельство дальновидности, блестящего политического решения и заслуга нашего президента.

Ключевые слова: исторический, предки, степь, личность, борьба, многовековой, народ.

Summary. This article tells about the real exploits of real heroes: historical figures, our ancestors, who at the cost of their own lives saved the steppe from the raid, so that the fire would not go out in the furnace of every steppe Kazakh fire, so that the people and my land of the entire Kazakh people would settle forever on its vast land. Our history is Eternal - and the country is Eternal. As our Elbasy said: N. A. Nazarbayev, "Independence is the result of a centuries - old history of the struggle for freedom and independent development of our people". Independence did not come to us easily. For 30 years, a huge number of steps have been taken to improve the welfare of the people. Building large cities in a short time is a testament to foresight, brilliant political decisions and merit of our president.

Keywords: historical, ancestors, steppe, personality, struggle, centuries-old, people.

Mangilik - El is the unifying force of the country, an inexhaustible source of energy. It is an unshakable ideological position not only of the Strategy "Kazakhstan-2050", but also of the state of Kazakh-

stan in the XXI century! New Kazakhstan Patriotism is an Eternal Country! It is a great value of the whole society of Kazakhstan. Both reverence for our past history, pride in our present happiness, and confidence in a prosperous future are embodied in the powerful notion of an eternal country. Patriotism means respecting the great heritage of our ancestors, preserving it, contributing to its development and passing it on to the next generation, this is the essence of the work of all Kazakhstanis! The origin of the idea of the Eternal Country goes too deep. Were the free-flowing writers of independent Kazakhstan able to convey to the readers the noble thoughts and dreams of the ordinary people? The object of study of this work is the study of such issues, the period before the independence of the Kazakh people. [9, 246 6].

13 centuries ago, Tonykok abyz wrote "The dream of the Turkic people - Eternal Country. This shows that our national idea has its roots in ancient history. What unites the national idea is the unity of the country. The national idea of unity, and discord in tasqan never non-realized. Our main treasure to the next generation - should be unity of the country. We must be able to instill this national historical value in every young person [5. 95 p.].

In this regard, the people's hero Baurzhan Momyshuly said: "Our history is rich in heroes, our people highly valued heroism, considered it a symbol and example of citizenship and personality. Heroism and bravery will remain a tradition from generation to generation. The descendants of the people who did not know the past, did not receive education and guidance, are widows, the future is unstable. Our Kazakh people are a heroic people. " [p. 1, 137].

At the same time, no one doubts that the idea of the Eternal Nation is rooted in the history of the Kazakh people. If we talk about the deep-rooted history, we Kazakhs are a people who have experienced many hardships: famine, war, alienation, loss of our language. This is the proof of the Eternal Nation. However, it is a great honor for us to be able to survive to this day, without blaming anyone for the difficulties we have faced for 555 years. This is evidenced by the fact that the history of our country with equal windows, spacious, high shanyrak and the formation of the Kazakh nation, which began with Kerey and Zhanibek, who laid the foundation stone of the eternal country, is an eternal country. It is no exaggeration to say that the Eternal Land began at this time.

In order to make the Kazakh land, which is in the top ten in the world, the Eternal Nation, our heroes faced the Dzungars, Karakerei Kabanbai, Kanzhigaly Bogenbai, Shapirashty Nauryzbai were able to defend the Kazakh land and become a people's stronghold. Not only did the artificial famine kill many Kazakhs, but it also led to the disintegration of the Kazakhs, who were cruel and greedy to each other, ate each other's flesh, reduced the number of Kazakhs, and spread to other countries [2, 140b].

The period when the great dancers Tole, Kazybek and Aiteke lived is a special period in our history, which has many lessons and is an example for the country. They were able to show foresight and organizational skills by remembering the people who were torn apart by the war, by following the decisions of a just government, by looking to the future and burning hope [1, 204b]. Although the dancers did not read much, legends and genealogies have survived to the present day, revealing the richness of weaving, wisdom, high civic virtues, and rich spiritual treasures.

However, the role of judges is mainly to ensure justice in society, i. e. the judiciary. At one time, there was a danger of losing our traditions, customs, language, which were our main wealth. Hard to such critical periods in the country, the nation's heroes on horseback, to remain the nation took to the field, the fight against the forces of the forearm, a poet in the literature - writers project the tip of the pen.

